



Академик, жазушы
Зейнолла Қабдоловтың 95 жылдығына арналған
«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:
ДӘСТҮР ЖӘНЕ САБАҚТАСТЫҚ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференциясының жинағы

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ДӘСТҮР ЖӘНЕ САБАҚТАСТЫҚ» АТТЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
АКАДЕМИГІ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ, ҚР МЕМЛЕКЕТТІК
СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ, ҒАЛЫМ, ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ
ҚАЙРАТКЕРІ ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 95 ЖЫЛ ТОЛУЫНА
АРНАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

**Ақтау
14 желтоқсан 2022 жыл**

ӘОЖ 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)
К69

Есенов университет президенті Б.Б. Ахметовтің
жалпы редакциялауымен
Редакциялық алқа:
А.А.Сейдалиев, А.М. Джанисенова, Н.С. Қамарова

К69 Көрнекті ғалым, жазушы, академик Зейнолла Қабдоловтың туғанына 95 жыл толуына орай «Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабақтастық» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2022. – 259 б.

ISBN 978-601-226-198-1

Жинаққа көрнекті ғалым, жазушы, академик Зейнолла Қабдоловтың туғанына 95 жыл толуына орай «Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабақтастық» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енгізілді. Ғылыми мақалаларда Зейнолла Қабдолов тағылымы, қазіргі әдеби процесс, әдебиет теориясы және фольклортанудың өзекті мәселелері, әдеби тіл және қазіргі қазақ тілінің мәселелері, пәнді оқытуда жаңа технологиялардың әдістемелік жүйесі туралы айтылған. Ғалым мұрасы жаңаша бағаланып, жаһандану дәуіріндегі әдебиеттану мен әдеби тілдің жаңа арналары және оны оқыту мәселелері, бүгінгі құндылықтары мен маңызды мәселелері бойынша жаңа бағыттар, ғылыми негізделген ой-пікірлер мен жаңаша көзқарас, тұжырымдар сараланып, өзекті мәселелер зерделенген.

Жинақ зиялы қауым өкілдеріне, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналады.

ӘОЖ 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-226-198-1

© Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және
инжиниринг университеті, 2022

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПРЕЗИДЕНТІ АХМЕТОВ БЕРІК БАҚЫТЖАНҰЛЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

Құрметті конференцияға қатысушылар! Ардақты ағайын! Қадірлі зиялы қауым!

Қазақстан Республикасы Ұлттық Академиясының академигі, Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері Зейнолла Қабдоловтың туғанына 95 жыл толуына орай «Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабақтастық» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қош келдіңіздер!

Зейнолла Қабдоловты Маңғыстау жұртшылығы да, Есенов университетінің ұстаздары мен білім алушылары да зор құрметпен еске алады.

1956 жылы шыққан тырнақалды туындысы «Өмір ұшқынынан» бастап оқырманына жол тартқан көркем туындылары – әдебиетіміз үшін құнды дүние болып қала береді. «Әдебиет сынды ар ісінің» алдындағы абыройлы қызметін атқарған жазушы өз шығармаларымен ұлттық рухты шыңдады, өз дәуіріндегі жалынды жастардың үлкен мақсаттағы өмір жолын жас ұрпаққа өнеге ете білді. «Менің Әуезовім» роман-эссесі заман тақырыбын тереңнен тартып, бейнелеген, тарихи шындықты үлкен ауқымды көрегендік тұрғыдан жинақтап берген бірегей туынды ретінде барша оқырман жүрегіне жол тартты. Мемлекеттік сыйлыққа ие болған роман Қабдоловтың көркем прозадағы көп жылғы шығармашылық ізденісінің бірі ретінде әдебиет тарихында ойып тұрып орын алды. Ғылымға бет бұрған жастарға тәлім-тәрбиесін аямай, бағыт-бағдар көрсетіп, көптеген ғылым кандидаттары мен ғылым докторларына жетекшілік жасады.

Әдебиеттану саласында іргелі зерттеулер жүргізіп, мазмұнды монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдарын құрастырып, өзіндік ғылыми мектеп қалыптастырды.

Күні бүгінге дейін еліміздің жоғары оқу орындарының филология, қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары студенттері басшылыққа алатын оқулық – «Сөз өнері». Бұл оқулық біздің оқу орнымызда да кеңінен қолданысқа ие болған.

Бүгінде көрнекті ғалымның еңбектері қазақ ғылымына ғана емес, тұтас Түркі әлеміне ортақ рухани қазына ретінде бағалануда. Конференцияда академик Зейнолла Қабдолов туралы орамды ойлар, ұтымды ұсыныс-пікірлер, әсерлі естеліктер айтылады деп ойлаймын.

Конференция жұмысына сәттілік тілеймін, келелі ойлар мен пайымды тұжырымдар жасалар ғылыми конференция қабдоловтану және жалпы қазақ әдебиеттану саласындағы тағы бір табысты қадам боларына сенем!

ШАПАҒАТЫ МОЛ АКАДЕМИК

Қадыр Жүсіп

Академиктің шәкірті, Каспий өңірі Академиясының Академигі, филология ғылымдарының докторы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, -Атырау қ., Қазақстан

Академик-жазушы Зейнолла Қабдолұлының жазушылық, ғалымдық, ұстаздық жұмысы туралы көптен жазылып келеді. Оның елу, алпыс, жетпіс, жетпіс бес жасқа толған, сексен, сексен бес, тоқсан мерейтойларында және бақиға аттанғаннан кейінгі жылдарда жарияланған ғылыми мақалалар мен шәкірттерінің, замандастарының жазған Зейнолла Қабдолұлының жазушылық, ғалымдық, ұстаздық портреттері және естеліктері том-том болып жарық көруде. Бұл жазбалардың бәрінде оның проза жанрында, әдебиеттану ғылымында, ұстаздық саладағы қалдырған мұрасы мен әдебиеттегі, әдебиеттану ғылымындағы орны, ұстаздық ұлағаты жан-жақты бейнеленеді.

Зейнолла ағамыздың жастық кезде асқаралы армандары болғаны сөзсіз. Оның басты алдына қойған мақсаты – қазақ әдебиетінде қолдан келгенше ұстазы Мұхтар Әуезовше еңбек етіп, іс тындыру. Оның алдында ұстазының бір-біріне байланыстыра атқарған үш салада еңбек ету мақсаты тұрды: жазушылық, ғалымдық, ұстаздық. Шәкірт еш жалтақсыз осы үш бағытта толғанды. Зейнолла ағамыздың ғұмырының ондаған жылдары легінде қанша тонна қағаз аударып, қағаз бетінде қанша километрге созылатын жазу жазғанын, алдына қандай міндеттер қойып, қандай арман-мүдделеріне жеткенін бүгінгі күні анық біліп отырмыз. Бұлардың бәрі ғалым жазушының ел алдындағы, халық алдындағы, әдебиет тарихындағы бедел белгіге жеткізді, тарихта өз атын алтын әріппен жазып кетті. Оның ғұмырнамасынан жақсы білетініміз: ол академик-жазушы, ғылым докторы, профессор, бүкіл республика жасамыстары мен жастарының ұстазы, Қазақстан халық жазушысы, Қазақстан республикасы мемлекеттік, Пен-клуб, Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтарының иегері, ұлан-ғайыр марапаттары қаншама! Бұл дәрежелердің бәрінің басы 17-18 жасында Алматыға келіп, ҚазМу-ге оқуға түсуден, ұстазы ұлы Мұхтар Әуезовтен басталады. Оның содан кейінгі бүкіл өмірі Республикамыздың астанасы Алматыда өтті. Бірақ ол бір сәт те кіндік қаны тамған жерін ұмытқан жоқ. Туған топырағы көз алдында тұрды. Мұнайлы өлке оның балалық шағының белгісі – майлы құмында жалаңаяқ қалдырған ізі жатқанын кім білмейді?

Кешегі бала – бүгінгі ұлы ғалым-жазушы, беделі бүкіл республиканы дүбірлетіп тұрғанда, туған жеріне қайта-қайта қарайлап, оның жайын ойлады. Өлкесіне қандай көмек беру туралы толғанған-ды. Ол ойларын біз әрбір көркем очеркінен, ел болашағы туралы толғанысты философиялық мәнді жазбаларынан білеміз. Атыраудың экономикасы, халқының тұрмыс-тіршілігі, білімі, ғылымы оны қатты толғандырды. Толғанып қана қойған жоқ, қолдап еңбек етті. Облыс басшыларының алдына түбегейлі мәселелер қойып, көпшілік қатысқан жиналыстарда, активтерде, салтанаттарда сөйледі. Ақыл-кеңестерін берді, ел атқамінерлерімен қоян-қолтық араласып, бірге ел аралады. Халық тұрмысымен танысты. Оны жақсартудың шараларын қолма-қол орындаттыруға тырысып, белгілі уақытта орындалғанын өз көзімен көрді.

Ел тіршілігі жөнінде бір мысал келтіргенді жөн көреміз. 1993 жылы еліміз жаңа ғана егемендік алып еңсемізді жаңа ғана көтермекші болып, ұмтылыс жасап жатқан шақта жетпестік бір жағынан қысса, Қызылқоға, Жылыой аудандарындағы тасқын судың салдарынан мыңдаған үй суға шайылып қалып, қақаған суықта аспан астында жалаңаш қалған халыққа Зейнолла ағамыздың жаны шырқырап, көзіне жас алғанын қасында жүріп, өз көзімізбен көрдік. Сондағы ағамыздың ұйқысыз күндері мен түндері, күрсіністері көп болды. Сол шақта ұлы ұстаз бүкіл облыс, аудан басшыларын тасқын зардаптарынан халықты аман алып қалуға жұмылдырды. Қаламын қоя салып, көптеген айлары мен күндерін Атырауда өткізіп, ат үстінде жүрді.

Ат үйірін сағынса,
Артқы аяғын қағынар.
Ер үйіріп сағынса,
Ер-тұрманын тағынар, -

деген мақалдың мәні қандай тамаша! Бұл мақал елді сағынған адамдардың жан-дүниесін көрсететіні сөзсіз. Ал үйірін сағынумен қатар, ел тағдырына күйіну мен елінің басында қиын іс түскен жағдайда зәредей де болса көмек ету үшін қопарыла аттану «ер-тұрманын» тағынудан гөрі басқаша болар.

Республикадағы Атырау үлкен бір облыс болса да, елдің шетінде екендігі әркез көрініп отырады. Ол Совет үкіметі кезінде қалай болса, егемендік алған кезімізде де солай. Мәселен газет-журналдар мен хаттар бұрын қалай кеш жететін болса, бүгінгі күні де солай. Астанада басылған кітаптар мен көптомдықтардың жұрнақтары ғана жетеді. Тіпті облыс жайындағы хабарлар да басқа облыстарға қарағанда сирек беріліп, газеттерде облыс өмірі туралы мақалалар да басылмайды. Жергілікті авторлардың жазғандары орталық баспаларда кейін ысырылып тасталады. Ірі қалаларда республиканың батысынан барған мамандардың да жұмысқа қабылдануы сараң. Бұған ешкім таласа алмайды. Бұл – шындық. Бұл кері кеткен әдет Қазақ елі аман болса, неше ғасырға созылатынын құдайдың өзі біледі.

Зейнолла Қабдолұлы өзінің туған жерінің республиканың шетінде болғандықтан, бәрінен шетқақпай жатқандығын білді. Бұған жаны ауырды. Жастарға демеушілік жасауды армандады, білім-ғалымға ұмтылдырғысы келді. Артында ботасы қалған аруанаға ұқсап, кейіндегі туған жеріне көп қарайлады.

Елуінші жылдары мұғалімдер дайындайтын институт ашылғанын, оның 1956 жылдан бастап жоғары білімді мұғалімдер дайындайтын мемлекеттік институтқа айналғанын жақсы білді. Бірақ бұл кезде ағамыз ҚазМу-де еңбек жолын жаңа бастаған жас мұғалім ғана болатын.

1956 жылы ашылған филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөлімі жұмыс істей бастады. Бұл кезде сол кездегі ел «көсемінің» «орыс тілінсіз коммунизм орнату мүмкін емес» деген сөзінен кейін, 1967 жылы ол бөлім жабылып қалғанын да Зейнолла аға жақсы білгенмен, зығырданы қайнағаннан басқа ештеңе істей алмады. Ұлттық тілдің басына төнген қауіп бүкіл республиканы жайлап алған еді. Тек сексенінші жылдардың бас кезінде өзінің ел басшысы О.Көшеков досы Атырау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тұрған кезінде институттағы қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін аштыру жөнінде Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетіне және Министрлер Кеңесіне хат жазып, өзі хат талабының орындалуына мұрындық болғандығын жақсы білеміз. Соның нәтижесінде институтта 1984 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерін дайындайтын бөлім қайта ашылды. Бұл кезде Атырау, Орал, Ақтөбе, Маңғыстау облыстарының мектептерінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен маман емес адамдар сабақ беріп, бұл пән мұғалімдерінің жоқтығынан сауаттылық, көркем әдебиетті сүюге баулу мәселесі төмендеп, құлдырап кеткен болатын. Бөлім ашылғанда алғашқы жылы 25 шәкірт қабылдап, одан кейінгі жылдары студент санын көбейту көзделді. Сонымен, 1988 жылдан бастап, алғашқы түлектер бітіріп шықты. Сонымен бірге, осы мамандық бойынша сырттай оқу бөлімдері ашылып, облыста мемлекеттік тіліміздің бағы ашылып, басына шырақ жағылды. Бұл игіліктің алғашқы кілтін ұстатқан адамдар облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Оңайбай Көшекұлы мен академик Зейнолла Қабдолұлы екенін Атырау халқы жақсы біледі және ол үшін осы күнге дейін оларға дән риза. Осы әрекеттерінен бұл адамдардың болашақта Қазақстанның егемендік алып, қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілетінін болжап білгендіктері көрінгендей.

Қазақ филологиясы мамандықтары ашылысымен, Зейнолла Қабдолұлы институттың кейінгі тіршілігін көзінен таса еткен жоқ. Әдейі іссапармен келіп, студенттермен, институт

оқушыларымен кездесулер өткізді, филология мамандығының бастамасында алғашқы адымдарына жолбасшылық жасап, дәрістерін оқыды. Студенттерге білім беретін маман оқытушылардың қатарын көбейтуге, олардың ғылыми ізденістеріне жол ашып, ғылыми дәрежелерінің өсуіне қамқорлық жасады. Мамандық ашылған 1984 жылдан бастап, ҚазМУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасына Атыраудың тұңғыш рет ғылыми ізденушісі қылып институттың аға оқытушысы Қадыр Өтегенұлы Жүсіпті қабылдады. Бұған дейін институтта педагогика және психология пәнінен дәріс беріп жүрген қазақ тілі мен әдебиетінің үлкен маманы, терең білімді ұстаз, Ленин орденінің иегері, оқу-ағарту ісінің үздігі, Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген мұғалім, педагогика ғылымдарының кандидаты Сабыр Қазыбайұлы және филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілінің үлкен маманы Күсекен Шәукенұлы жұмыс істейтін.

Қ.Ө.Жүсіп төрт жыл ішінде тақырып бойынша ғылыми ізденістерін тәмамдап, Атыраудың төл перзенті, талантты ақын Жүмекен Нәжімеденовтің поэзиясынан «Жүмекен Нәжімеденов лирикасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады. Бұл – институттың филолог ғалымдарының ғылыми дәрежесін көтерудегі алғашқы адым болды. Алғашқы кандидатқа ғылыми жетекшілікті Зейнолла аға өзі жасады. Сонымен бірге алғашқы әдебиетші-ғалымға өзінің кеңесшілігімен Жүмекен Нәжімеденовтің бүкіл поэзиясы бойынша докторлық диссертация қорғауды ұсыныс етті. Ғылыми жұмыстың дәмін татып, ақын поэзиясына қызығушылығын, ізденісін тоқтатпаған ғылым кандидаты Жүмекеннің бүкіл поэтикалық шығармашылығын докторлық диссертациясының зерттеу аясы етіп, «Жүмекен Нәжімеденовтің ақындығы» тақырыбында 1996 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғады. Сөйтіп, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде тұңғыш докторлық дәрежесі бар ғалым пайда болды.

Қадыр Өтегенұлы Жүсіп талантты ақын Жүмекен Нәжімеденовтің поэзиялық шығармашылығын зерттеп, ғылыми айналымға түсіруге 15 жылын арнады. Осы уақыттар ішінде Зейнолла Қабдолұлы өз шәкіртінің жұмысын жіті қадағалаумен болды. Зейнолла Қабдолұлы бұрынғы институт, қазіргі университеттің тағдырына біте қайнасып, оның өміріне араласуын тоқтатқан жоқ. Ең алдымен, институтқа университет дәрежесін алып берді және оның аты ұлы ғалым, Атырау елінің біртуар перзенті Халел Досмұхамедұлының атымен аталуына күш салды. Атыраудың маңдайалды тумалары академик, заң ғылымының докторы, профессор Салық Зиманұлы мен академик филология ғылымдарының докторы, профессор Зейнолла Қабдолұлының туған жерге деген перзенттік жұмыстарының нәтижесінде қазір Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университеті кәрі Каспий жағасында білім қара шаңырағы деген атқа ие болып, ғылыми еңсесін биіктетуде.

Университет статусын алған жоғары оқу орны мектеп мұғалімдерін дайындаумен қатар, басқа да мамандық салаларын көбейтті. Мысалы, заңгер, қаржыгер, шетел тілі аудармашысы, ауыл шаруашылығы қызметкері, журналист, актер, дизайн, туризм саласының қызметкерлері дайындалуда.

Зейнолла Қабдолұлы Атырау және көрші облыстардағы журналист кадрлардың жетпестігін жіті ескеріп, өзі бас болып, 2001 жылы журналистика мамандығын ашып берді.

Филолог кадрлардың ғылыми дәрежесін көтеруді жалғастыруды ешқашан есінен шығармаған академик ҚазМУ-дің республика бойынша филолог-ғалымдар дайындайтын ұстаханасы болып есептелетін өзі басқарып отырған Қазақ әдебиеті кафедрасынан Атырау университетінің әдебиетші оқытушылары Айсұлу Садықова, Гүлнар Жұмабаева, Айкүміс Қыдырбаева, Жайлы Балтоғаева, Маржан Ершуова, Гүлзира Аяпова, Баязи Әбдешов, Бибігүл Қайыржанова, Сәуле Дүтбаева және басқалардың кандидаттық диссертацияларын қорғап, филология ғылымдарының кандидаттары ғылыми дәрежелерін алуларына көмектесті. Сөйтіп, университеттің қазақ әдебиеті кафедрасының ғылыми ахуалы артты.

1999 жылы Атырау облысының әкімі болып тағайындалған Иманғали Тасмағамбетов облыс мәдениетін, ғылымын өрге бастыру мақсатында 2000 жылдан бастап,

Атырауға көшіп келіп, еңбек етуге академик Зейнолла Қабдоловты, жазушы-композитор Ілия Жақановты, домбыра оркестрінің дирижері Шамғон Қажығалиевті, дүлдүл күйшілер Әзидолла Есқалиевті, Қаршыға Ахмедияровты, күміс көмей әншілер Сәуле Жанпейісованы, Ғафиз Есімовті шақырып, әрбіреуін көрнекті баспанамен қамтамасыз етіп, барлық жағдайларын жасаған еді. Солардың ішінде Зейнолла Қабдолов, Қаршыға Ахмедияров, Ілия Жақанов Атырау университетіне жұмысқа келді. Зейнолла аға сол келген күннен бастап филология бөліміне «Әдебиет теориясы», «Сөз өнері: зерттеу мен зерделеудің методологиясы» пәндерінен 2004 жылы сырқаттанып қалғанына дейін дәрістер оқып, университеттің барлық қоғамдық жұмыстарына белсене араласты. Профессор-оқытушыларының алдында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу тәсілдерінің құпия сырларына қанықтырды, көптеген насихат-кеңестер беруге бағытталған кездесулер өткізді. Университетшілік ашық лекциялар өткізіп, жоғары мектепте дәріс оқып, тәжірибе сабақтарын жүргізудің әдіс-тәсілдерін үйретті.

Зейнолла Қабдолұлы университетке ҚазМУ-дің, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғалымдарының келуін өзі бас болып ұйымдастырып, ғылым докторлары Әбдуәли Хайдаров, Бабаш Әбілхасымов, Тұрсынбек Кәкішев, Қабиболла Сыдықов, Жанғара Дәдебаев, Зейнол-Ғабден Бисенғалиев, Сейіт Қасқабасов және басқа ғалымдардың, Әбдіжәмил Нұрпейісов, Әбу Сәрсенбаев, Хамит Ерғалиев, Зейнолла Серікқалиев, Есенжол Домбаев, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Шерхан Мұртаза, Темірхан Медетбек сияқты жазушылардың келуіне мұрындық болды.

Университет жанынан педагогика ғылымының кандидаттарын дайындап, қорғаттыратын ғылыми кеңес, филология, философия, тарих, биология, педагогика мамандықтары бойынша аспирантура мен магистратура ашуға белсене қызмет етіп, қамқорлық жасады.

Ұлы ақын-жазушылар Махамбеттің, Абай Құнанбаевтың, Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мүсіреповтің, Әбдіжәмил Нұрпейісовтің мерейтойларына байланысты салтанатты жиналыстар мен конференцияларға белсенді араласып, ғылыми, терең, мәнді баяндамалар жасады, ұлы жазушылар туралы естеліктер айтты.

Ұлы ақын бабамыз Махамбет Өтемісұлының – 200 жылдығын өткізу туралы ақсақалдар алқасының төрағасы болып, университет ұйымдастырған ақын рухына арналған «Елдік пен ерліктің өшпес рухы» атты халықаралық ғылыми практикалық конференцияда бас баяндама жасаумен бірге, үш томдық конференция материалдарының редакциясын басқарды.

Академиктің университет студенттерінің алдына талай рет шығып сөйлеп, егемендік алған еліміз туралы, отансүйгіштік, адамгершілік, ұстаздық жайында сөйлеген сөздері үлкен ұлағаттылығымен көрінді.

Университетте ҚазМу-ден қол үзбей төрт-бес жыл бойына тек көктем айларында еңбек еткен академик Зейнолла Қабдоловты университеттің профессор-оқытушылары мен студенттері ұлы Мұхтар Әуезовтің шәкірті деп, ғұлама ғалым, зергер жазушы, кемеңгер ұстаз деп бағалайды, және оның өзінің туған жеріне, соның ішінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне тигізген шапағатын ешқашан ұмытпайды және оның рухына бас иеді.

ТАЛАЙДЫ ТАҢДАНДЫРҒАН ТАЛАНТ

Жұмат Тілепов

филология ғылымдарының докторы, профессор, -Алматы қ., Қазақстан

Құрметті әріптестер! Академик-жазушы Зейнолла Қабдолұлы туралы естеліктерді үлкен тұлғаға деген құрметпен айтамыз

Барлығы да күні кешегідей. Зекеңнің көзі тірі уақыты. Кітаптары шығып жататын. Араға он жыл салып жететін мерейтойлары кезегімен келіп тұратын. Мерзімді баспасөз, радио мен теледидарлардағы тілектес інілері мен қарындастары сұхбат алатын. Алдындағы ағалары мен апаларынан бастап, қолына қалам ұстаған үлкенді-кіші әріптестері Зекең туралы ой толғайтын. Бірі кісілік, азаматтық парасатын айтатын. Бірі - ғұлама ғалымдығын, бірі - табиғатта өте сирек кездесетін ұлағатты ұстаздығын, бірі - адам жанының қоғам, мемлекеттік құрылыстың іс-әрекеті, мінезі арқылы өзгеруі, жаңарып жаңғыруын айнытпай түсіретін сөз зергері екенін барлық ықылас-пейілдерімен мөлдіретіп келіп жазатын. Ақындар жыр арнайтын. Мұның барлығы сан қырлы талант иесі Зекеңнің азаматтық болмысына, қабілет-дарынына деген елінің, сол елдің сөзін ұстаған, билік тізгінін ұстаған жандардың сүйсінісінен, талант табиғатына деген таңданысынан туындайтын-ды. Шынында да Зекең, Зейнолла аға Қабдолұлы талайларды таңдандырып өткен, табиғатта өте сирек кездесетін тарлан еді ғой.

Табиғаты дархан Тәңірінің қолы берейін дегенде береген ғой. Ол қанша сақи болмысты болса да, мүмкіндігі шектеулі адам емес. Қазынасы да көп. Базынасы да өлшеусіз. Бірақ ол мөлшерсіз қазынаның иесі бола тұра, үнемі жер басып жүрген пенделеріне оңды-соңды бақыт- байлығынан үлестіре бермейді. Барлықтың, бақыттың ең қастерлісі қабілет, дарын болса, оған дегенде тіптен аса мұқият. Бәлкім, ойын баласының ойыншығы секілді бағасын тез жоғалтпауы үшін де дарын аталатын ерекше қасиетті ұлы жаратылыс пендесіне сирек сыйлайтын болса керек... Дегенмен, қалай болғанда да, күйбендескен көптіктің үнемі назары сынық боп, тірлігі қоңыр төбел тартып, жүдей бермеуі үшін жаратушы ұлы күш адамдар ортасына сол көптік тек шүйіркелесіп жүруі үшін ғана емес, кеңістік дүниесіне жанар кеңірек ашып қарап, кемелділікке талпынуы үшін ара-тұра өзінің сүйікті құлдарының бойына жан иесін сүйсінтер біраз қасиеттер лап отыруға пейілді... Анау өткен ғасырдың алғашқы таңымен бірге оянып, елді оятуғ бар қажыр-қайратын жұмсаған, алдарына ұлы реформаларды жасауды мақсат етіп қойған Алаштың көшбасшыларын былай қойғанда солардың қадір-қасиетін қапысыз таныған Қаныш Сәтбаев, Мұхта Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Қалибе Қуанышбаев, Ахмет Жұбанов, Қажым Жұмалиев, Әлкей Марғұлан Серке Қожамқұлов, Ғарифолла Құрманғалиев, Манарбек Ержанов, Жүсіпбек Елебеков, Бауыржан Момышұлы, Тайыр Жароков, Мұхаметжан Қаратаев, Елубай Өмірзақов, Әбділда Тәжібаев, Әбу Сәрсенбаев, Әлжапар Әбішев, Дихан Әбілов, Ғали Орманов, Зейін Шашкин, т.т. ғылым мен білімнің, өлең мен өнердің өресін өсіріп, өрісін кеңейткен осынау әрқайсысы кез келген сыншыл жұрттың құрметіне лайықты жандардың алғашқы екеуінен өзгесі ол уақытта тірі болатын. Сосын соларға жалғас келе жатқан қажыр-қайраты ересен тағы бір шоғыр топ бар-ды. Солардың қатарында ұстазымыз Зейнолла Қабдоллов ағамыз да бар болатын. Осы кісілерді көреміз, тәрбие-тәлімдерін аламыз деп ойлаған біздің қуанышымызда шек жоқ. Бұл 1964 жылдың күзі еді. Біз сол замандағы республиканың маңдайына ұстаған жалғыз университеті - КазГУ-дің бірінші курсына жаңа қабылданған су жаңа студенттері болатынбыз. Ол уақыттағы жоғары оқу орындарының оқушылары ауыл шаруашылығы деген еңбек семестрінен тыс қалып көрген емес. Біздерді де «Горный гигант» аталатын совхоздың тау алабындағы алмасы мен алмұртын жинауға жіберген-ді. Жұмыс десе білегін сыбанып тұрған жастарға мұндай шаруа дүниенің рахаты емес пе? Жинадық та тастадық. Содан бірінші курстың бірінші лекциясына келіп отырған бетіміз. Старосталарымыз

Амантай Сәтбеков пен Райхан Есенбекова: «Қазір Қабдолов ағай келеді, тыныш отырыңыздар», - деп, бәрімізді тәртіпке шақырып, аудитория ішін жым- жырттыққа бөлеп қойған. Содан демімізді ішімізден алып, бірінші сабақты жүргізуге тиіс ұстазды күтіп отырмыз. Бір уақытта біз отырған дәрісхананың есігі оқыс жұлқа ашылған да емес, созылаңқы баяу ашылған да емес, әлденендей бір кербез қалыппен ашылып, ішке орта бойлыдан сөл қалыңқы, жарқыраған бота көзді, жылы жүзді ер адам еніп келе жатты. Біздер орнымыздан дүрк көтеріліп, есендесу рәсімін жасадық. Келген кісі бәрімізді бұрыннан білетіндей, басын изеп, сұлу жымияды. Жанарым нұрлы.

Менің ойыма осыдан бір жылдай бұрын «Жұлдыз» журналында жарияланған «Жалын» романы оралды. Мына кісі - соның авторы. сосын «Жайық қызы» дейтін керемет ән өлеңі болатын. Оны біз бастауыш сыныпта жүрген уақыттан бері білетінбіз. Оның, үстіне орта мектепте С. Қирабаев, А. Нұрқатов секілді ағаларымызбен бірігіп жазған «Қазақ әдебиеті» оқулығын оқыдық. Сонда қалай болғаны, біз бұл ағайды жігіт ағасы мөлшерлі ересек, бәлкім егде адам шығар деп ойласақ, тіптен жап-жас қой. Бағана, алма жинау кезінде жап-жақсы достасып қалған Қайсар Жорабеков, Сайын Кереев, Мақсұт Әндіжанов дейтін жолдастарым: «Бұл ағайдың «Ұшқын» деп аталатын анау-мынау романға бергісіз повесі бар, «Жалын» романы соның жалғасы; автор студент жастар өмірін де, атақты Ембінің жұмыскер мұнайшыларының жанқияр тірлігін де керемет біледі. Жазушылар одағында хатшы болған, Орталық Комитетте істеген, «Жұлдыз», Қазақ әдебиеті» секілді әруақты басылымдардың бас редакторы болған. М. Әуезов сынды ақыл-ойдың алыбына шәкірт болып, ол кісінің өмірден өтер алдындағы қаламдастарына бақұлдасып жазған соңғы хатында ендігі жерде әдебиеттің шаңырағын көтерісіп, рухын биіктетеді деп үміт ететіндердің санатында оның да аты аталған. Бұл тегін емес. Өзі ғылым кандидаты, доцент. «Жанр сыры», «Адам» деп аталатын да кітаптары бар», - деп, маған «сен біздерді кім оқытқалы тұрғанын ұқтың ба?» дегендей болған. Бірақ ұстазымыздың дәл қанша жаста екенін сол білгіштердің өзі білмейді екен. Сол жылы ағай отыз жеті жасқа қарай адымдап бара жатыпты. Ал өңі тым жас. Ептеп маңғаздана басатыны болмаса, жүрісі тіптен ширақ. Осы қалпын алғаш көрген біздің курстағылардың көбісі бұған таңғалысып, біразға дейін айтып жүрдік. Тегінде, жұрттың солай айтып, солай ойлауына, сол біздің курсқа дәріс оқуға келгенге дейінгі уақыттың ішінде ағайдың нардың жүгі секілді қыруар қызметтерді атқарғандығы себепкер болған шығар деп ойлаймыз. Алғашқы сабағын лектор студенттердің аты жөнін журнал бойынша түгендеуден бастады да, одан әрмен оқымақ пәннің табиғатын түсіндіруге арнады. - Әдебиетті біреу от, біреу су дейді. Осы сөзді айтып жүрген жан- дардың да өз қисыны бар шығар. Өйткені от пен су күллі тіршіліктің мәні мен мағынасы ғой. Ал, шындығында, әдебиет - ардың ісі, Адам бойындағы ең қастерлі қасиет - ар, арлылық болса, әдебиетті сол ардың туын көтеруге лайықты адамдар жасайды.

Зекеңнің қазақ әдебиеті туралы Пәкстанда өткен әлемнің әр қырынан жиналған қаламгерлер форумында сөйлеген сөзі оның халықаралық дәрежедегі биік мінберлерден қазақ елінің атынан сөйлеуге лайықтылығын көрсетіп қана қоймай, әлемнің әр алуан талғамдағы әрқилы жазу, ойлау машығындағы сөз зергерлерін де риза етіп, таңдандырғанды. Риза болғандықтары сол, залдағылар «Қабдолов, Қазақстан» деп шешен сөзін аяқтағанда қол соғып, қошеметтеген. Ол онда қазақ ренессансы туралы толғана келіп, Абай мез Әуезовтің әрқайсысының шығармашылығы орыс әдебиетінде А. Пушкин, Л. Толстой сынды даналар қарымымен қатарлас екендігін жеріне жеткізіп тұрып айтқан. Алдын ала ағылшын тілінен баста бірнеше негізгі тілдерге аудартып апарған, жиын кезінде сол тілдерде оқытылған бұл сөздерінен соң академик-жазушы бүкіл сол форумға келгендердің назарында болған. АҚШ секілді алып елдің өкілі қазақ елін, қазақ әдебиетін біз жаңа таныдық қой деген лебіздер айтқан. Зейнолла ағаның қандай мінберге көтерілсе де тыңдаушылары селқос қалдырмайтын, тауып айтатын жүйріктігін білетін замандастары оның ел өміріндегі ең бір елеулі сәттерде, жауапты кезеңдерде сөз алуын қалайтын. Мәселен, оның 1994 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушыларымен және студенттерімен Қазақстан Республикасының Президенті кездесуге

келген кезде ұжымның атынан сөйлеуі де, 1997 жылы еліміздің астанасы Алматыдан Ақмолаға (қазіргі Астана) көшірілу салтанаты тұсында алматылықтар атынан «көш көлікті болсын» айтып, лебіз білдіруі де – соның дәлелі.

Көбінесе сырт қауым Зейнолла Қабдолов майын тамызып әдемі сөйлейтін шешен болғандықтан, өзіне сөз берілген жердің бәрінде де жұрттың құлаққұрышын қандырып, сөйлей беретін шығар деп ойлайды. Шындығында олай емес. Мысалы, 1997 жылдың желтоқсанында халық жазушысы, академик З. Қабдоловтың 70 жылдық мерейтойы республика көлемінде атап өтілді. Келушілерде де, құттықтаушыларда да кемдік жоқ. Оның үстіне сол жылы мерейтой иесі ұлы ұстазы Мұхтар Әуезов туралы романын аяқтап, ол кітап болып жарияланып, халық соны оқып, әбден риза болысып, риясыз көңілмен сүйсінісіп жүрген кез. Кітапханалар, оқу орындары, еңбек ұжымдары шақырады. Бәрі де лебізін тыңдағысы келеді. Әсіресе, өзі қабырғасында студент болып қабылданып, академиктікке, халық жазушысы дәрежесіне жеткен дінің ұстаздары мен студенттерінің той үстіндегі ғұлама лебізін естуге деген құмарлығы ерекше. Атақты оқу орнының биология факультетінің корпусындағы ең үлкен мәжіліс залында сан ұлттан құралған тілектес жұрттан ине шаншарға бос орын жоқ. Біраз адам орын болмағандықтан түрегеліп тындауда. Адам демімен, жалт-жұлт еткен прожекторлар сәулесімен зал ысып кеткен. Қарапайымдылығымен ер қатар-құрбыларын тандандырумен келе жатқан Сәуле апай, мерейтой иесі – жарының жанына бармай, көпшіліктің арасынан келіп орын алған. Төрде отырған Әбдіжәмил Нұрпейісов, Тұрсынбек Кәкішев сияқты тілектес достары Зекеңнің қасына келіп отырғанын қалап, шақырып еді, соған қарамастан апай сол жерде отырып қалды. Бұл кісі де «Апыр-ай, қазір Зекеңе сөз бергенде қалай сөйлер екен?.. деп отырған сияқты.

Бір кезде Зекеңе сөз берілді. Зекен орнынан тұрды. Өртүрлі мамандықтағы, әралуан жастағы, әрқилы ұлт өкілдеріне бұл кісі қай тілде, қалай тіл қатар екен деп зал жым-жырт бола қалған. Жоқ, Қазтуған жырау айтқандай, «сөйлесе қызыл тілдің шешені, бұл жолы өзіне қол қусырып қызмет етіп отырған халқына: «Я вас люблю», - деді де, үш дүркін басын иіп, тағзым етті. Бар болғаны осы. Зал осыған қатты риза болды. Қол соғып тұрып алды. Көреген жанның бұл қылығын да халқы көшеліліктің, көсемдіктің белгісі деп қабылдады.

Арада бес жыл өткенде өзінің жарты ғасыр ұстаздық еткен университеті озық ойдың иесі - Ғалым ағасын, қабырғалы қаламгер ағасын орталарына ала отырып, 75 жылдығын өткізуге дайындық жұмысын жүргізіп жатты. Бұл әңгіме Зекеннің қулағына жетті. Ол университет ректоры Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұловқа жолығып: «Жетпіс беске келу, қартаю, сол да той ма, тойдың керегі жоқ», - деп өз ойын білдіреді. Сол сөзін «Қазақ әдебиеті» газетінен сұхбаттасуға келген Еркін Жаппасұлына да қайталап айтады. Газет жетпіс беске келіп отырған ел ағасының бұл сөзін халыққа жеткізеді. Бірақ той өтті. Елдің ықыласы өзіне әбден ауғанын көргеннен кейін мерейлі жасқа келіп отырған ағамыз шегіншектей бермей, халқының дегеніне көнді. Ол той үстінде сөйлеген сөзінде, бұл басқосуды 75 деген жастың қарасын көрмей о дүниелік болған Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, Мұхтар Омарханұлы Әуезов, Сәбит Мұқанұлы Мұқанов, Ахмет Қуанұлы Жубанов, Кажым Жұмалыұлы Жұмалиев, Бауыржан Момышұлы сынды қазақ жұртының ғылымы мен білімі, өнері мен әдебиетінің ешін бастап, өркенін өсірген ағалары мен өзінің Мүсілім Базарбаев, Айқын Нұрқатов секілді құрдастарының рухына көрсетілген құрмет деп біліп, қабылдайтыны жайында толғанып тұрып айтты. Ал бұл сөздер, шындап келгенде, мерейтой иесінің жан дүниесінен хабардар етер ой толқындары болатын. Мұндай сөзді тек ет жақынының ғана қайғысына қамықпаса, өзгелердің мұны мен қасіретіне, қуанышы мен бақытына ортақтығы жоқ адам айта алмайды. Бұл сөздерде халқының тағдырын өз өмірінен жоғары қойып, бүкіл саналы ғұмырын сол үшін арнаған абзал қандастарының жете алмай кеткен арман-мұратын, жасай алмай кеткен жасын ойлағанда қамығып кететін аса терең ойлы азаматтың бүкіл кісілік болмысы жатыр.

Менің ойыма Зекеңнің ертеректе айтқан бір сөзі оралды.

1991 жылдың желтоқсаны. Зекең әлденедей бір шаруаның ретімен академияның Әдебиет және өнер институтына келді. Ол кезде аталмыш мекеменің басшысы академик Серік аға Қирабаев болатын. Сол кісіге кіріп шықты. Өзі асығыс. Университеттегі лекциясына кешікпеуі керек екенін айтып, далаға беттеген. Өңі тым солғындау көрінді. Сонда өзін күтіп тұрған дарынды шәкірті, бұл күнде марқұм болып кеткен Әуез Бейсебаевтың көлігіне келе жатып: «Бүгін мен ұлы Мұхаң, Мұхтар Омарханұлының жасынан бір күн асып барамын. Өмір ғой... Бірақ мен, Мұхаң жасынан асып бара жатқаным кінәлі болмасам да, біртүрлі өзімді жайсыз сезініп, қатты ыңғайсызданамын», - деп айтқаны бар-ды.

Демек, Зекеңнің ел алдына шығып тұрып айтқан бұл сөздері - оның жетпіс бес жылдығын тойлап жатқан халыққа не айтсам екен деген кезде, тауып айтып тұрған әңгімесі емес, қаламгер-ғұлама тұрғысында өзінің өмір туралы, заманы, ілгерілі-кейінді буынның тағдыр-талайы жайлы қашаннан бері жанын мазалап жүрген жүрек түбіндегі сыры екендігінде дау жоқ.

Жиналған ел дүркірете қол соғып жатыр. Нұсқалы сөз күтіп отырған жұртты той иесі бұл жолы да риза етті.

Зекеңнің көп үмітін ақтамаған, елдің күткен жерінен шықпаған жері болып көріп пе еді? Өзіне-өзінің көңілі толмаған тұсы көп болар, бірақ оған ілгергі толқынның да, кейінгі буынның да өкпесі болмауға тиіс. Ол ең алдымен адам бойынан, сол адамның жақсы қасиетін іздеп тауып, соны елге, жұртқа, қала берді әлгі адамның өзіне айтуға асығып тұратын. Қаламгер әріптестері туралы жазған тұста, халық жазушысы, ақкөкірек асқақ ақын Мұзафар аға Әлімбаев жазғандай, «жігерлендіріп жазатын». Шығармашылық орта, соның ішінде ақын-жазушылар қауымының арасы күнде жайма-шуақ болып тұра бермейді. Бірақ сол ортада да ол осы пейілімен, осы қасиетімен сыйлы болатын. Ол көп шәкірт тәрбиеледі. Көп адамның әдебиет пен ғылымға келуіне себепкер болды. Бойында оты бар жандардан көмегін аяған емес. Ғылым кандидаты, ғылым докторы дәрежесін алу үшін жазылған талай диссертация иелерінің ғылыми жетекшісі болды. Ұзақ жылдар әл-Фараби атындағы Қазақ университетінде кафедра басқара жүріп, әдебиеттану ғылымы бойынша докторлық, кандидаттық қорғататын кеңестің төрағасы болды. Республика Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы филология бойынша ғылыми дәреже беретін кеңестің мүшелігін де қоса атқарды. Академия президумы мен Жазушылар одағының елеулі мәселелер шешілетін алқалы жиындарының да оның пікірімен әріптестері санаса білетін. Абыройы мол болатын. Бірақ оның сол абырой-атағын пайдаланып, бұра тартқан тұсы болды дегенді естімеппіз. Оның талайды таңдандыратын осы қасиеттері еді ғой.

Бір жолы жұмыстан бір мезгілде шығып қалыппыз. Мен көлік ұстадым. Ойым: ағаны үйіне жеткізіп салу. Сол күні ол ұлттың ұстазы Абайды еске ала отырып, өлім туралы әңгіме қозғады. Кейбір шәкірттерінің кісілікке жараспайтын қылықтарын сөз етті. «Сонда солар мені күреске шақыра ма екен?.. Қазір солардың өздері де сол қылықтарына ыңғайсызданатын шығар деп ойлаймын. Адам қандай жағдайда да ар мен абыройды көңілінен таса қылмауы керек қой. Маған мына кісінің бүкіл тірлігі өлімге дайындық секілді болып көрінеді. Абыройлы өлімге..»

Өлім демекші, Зейнолла ағаның ол дүниеге аттану сапары да кісі таңғаларлықтай болды емес пе? Екі жылға жуық төсек тартып жатты. Оның алғашқы он шақты айында ес-түссіз... Дәрігер ағайындар да, тілектес қауым да аянып қалмаған шығар. Сирек жаратылатын қасиет иесі Сәуле апа қасында. Содан Зейнолла аға ана дүниенің есігінен аттап тұрып, бері қайтты. Бұл ретте халықтың біртуар ұлы Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетовтың қажыр-қайраты, Зекең сынды ел ағасының ауруының бетін қайтарудағы сіңірген еңбегі ерекше болды... Сөйтіп, бір жылдан астам уақыт сөзі мен ойы айқын, баяғы сау кезіндегі Зекең қалпына жақындаған ұлы азаматтың хал-күйі зерделі көкіректерге үміт сәулесін оралтты. Тілектес жұрт аяғын басып, тау суындай тасқындап сөйлеп тұрған дүлдүл жүйріктің баяғы қалпын қайта көрсек деп ынтықты. Ақи-тақи жазылатынына

сенді. Үміттері ұзарып, бүкіл ел, осы кісі біледі-ау деген жандардан: «Зәкең қалай екен?»- деп сұрастырып жатты. Шәкірттері қаламдас достары абыз ағамыздың саулығына жәрдем болар ма екен деп, өздерінің тілектестігін ел атынан бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеткізумен болды. Әйтсе де туралап келген өлім кімді болса да алмай қоймайды екен. Ақыры алып тынды. Халық, Оңайбай Көшеков атамыз айтқандай, “мың жылда био туао азаматымыздан айырылдық деп күңіреніп кетті. Зекеңнің тәрбиесін көрген қаламдас інісі Әбіш Кекілбаев жазғандай, қабырғалы жұрты “қанаты қайырылғандай күйге түсті...” Әйтсе де бір жай көңілге медеу - ол дүниеге талай алыптарды әкелген қазақ атты халық аман - есен тұрған жерде Зекеңді ел болып іздейтіндігі. Ал ел іздеген ердің өмір жасы әмәнда ұзақ. Олай болса, бүгінгі таңда туғанына сексен бес жыл толып отырған, өмір бойы елді таңдайтып өткен тарлан таланттың талай мерейтойының елдік деңгейде тойланарына күмән жоқ.

АБАЙТАНУ: ӨЛЕҢ МЕН ӨНЕРДЕГІ РУХ ЖӘНЕ З.ҚАБДОЛОВ ТОЛҒАМДАРЫ

Зинол-Ғабден Бисенғали

филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: zinolgabden@hotmail.com-Алматы қ., Қазақстан

Абайтану іліміндегі А.Байтұрсынұлы мен З.Қабдолов зерттеулерінің жалғастық сипаты мен ерекшеліктері, тәжірибелік мәні арнайы зерттелген емес. Сондықтан да бұл тақырып А.Байтұрсынұлы және З.Қабдолов шығармашылығы үшін ғана емес Абайтанудың өзегіндегі жаңа ойларға, зерттеулерге негіз боларлықтай жұмыс.

А.Байтұрсынұлы Абай шығармашылығын оқу мен зерттеудің кейбір мәселелерін 1913 жылдан бастап айтқанмен оның «Ұлттың рухани көсеміне» айналуы кейінгі көптеген зерттеушілердің еңбектерінің нәтижесі.

«Ақжол» газетінің 1923 жылғы 4 ақпандағы санында жарияланған мақаласын Мұхтар Әуезов те Ахметтің демейді, «Ахаңның елу жылдық тойы» деп атайды. Бұл да кегін емес: Мұханның өз сөзімен айтқанда «қазақ халқының рухани көсеміне» деген құрметі, ылтифаты».

Солардың бірі ретінде оның бастауында тұрған М.Әуезов пен оның әріптес шәкірті З.Қабдоловты де айтуға болады. Ол Абай шығармаларын, әсіресе, өлеңдерін зерттеуге қыркыншы жылдар соңында келген. «Абайдың лирикалары» атты алғашқы зерттеулерінің ғылыми ортады жоғары бағаланған. Алайда қарасөздеріне арналған еңбектері Абайтанудың алғашқы жылдарында көп қозғалған, қарастырылған емес. Сондықтан да мына еңбек қарасөздер туралы зерттеулерге айрықша мағына қосады деп айтуға болады.

Зерттеудің ғалымдар мен Абайтануға ықыласты көпшілік назарын аударар тағы бір тұсы – Абай қарасөздерінің бейнелеу өрнегіне, құрылымына, құрлысына байланысы болмақ. Онда автор қысқа қайырылған мағыналық шағын мәтіндер астарындағы пікірлерді оқырмандардың өздеріне қалдыратындай. Тақырыпты ғана бастап, әрі жалғастыруды, тереңдетуді соларға ұсынатындай. Дәл осындай шығармашылық мақсатты тәсілді З.Қабдолов М.Әуезовке арнаған роман-эссесінде қолданады.

Бүгінде қазақ қоғамы ғана емес, көптеген елдер мен халықтар назарын аударған роман-эссе, XX ғасырдың ұлы қаламгері М.Әуезов туралы бойғандықтан да, құрлысы мен құрылымында заманауи жаңа сипатты белгілер мол. Оның негізі – қарасөздерде. Ұлы Абай қолданған шағын мазмұндық ойларды түптей ұғуда көмегі мол, құпиясы, жұмбағы бар тәрізді үлгілерде.

Мұнда өзекті күрделі тақырыптарды бейнелеуде ұлы ақын жиі қолданған салыстыруларда бір жұмбақтар байқалатындый. Мазмұн мен ойды қозғайтын сезімдердің шынайы өмірмен байланысының нәтижелерін құбылтады., тереңдетеді.

М.Әуезов айрықша бағалаған тұлға А.Байтұрсынұлы еді. Ол қазақ елінің заманауи тарихи-әдеби шындықтарын қазақ ұлты алдындағы ірі мәселелермен қатар қозғап, заманы

мүмкіндік берген деңгейде шешімдерін іздеп замандастары мен артынан ерген іні, шәкірттеріне азаттық пен бостандық жолдарының басты бағыттарын нұсқайды.

Әрі бұл мәселелердің ұлттық рух туралы екенін абайлап та, астарлап жазады. Ойларын ашық жазуға бұрынғы патшалық Ресей мен кейінгі Кеңес үкіметінің отаршыл сұрқия саясаты мүмкіндік бермеді. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлы оны Абайтану ілімінің негізгі бағыттарын көрсетіп берген «Қазақтың бас ақыны» (1913) мақаласында күрделі мазмұндарға көшіреді(2). Ұлттық рух туралы ойлар өнер атаулының, қай ұлт болса да негізінде болатынын көрсетеді. Бұл ойларды кезінде қазақ зиялы қауымының бәрі мойындады, қолдады деп айтуға болмайтын шығар. Бірақ, М.Әуезов Абайтануға баратын басты жолды дұрыс айқындап, әлі елге белгісіздеу, бәлкім көпшілік көңіл аударма қоймаған, жаңа ілімнің, ұлттық рухтың қоғамдық сана үшін маңыздылығын «қайран еліне, қазағына» түрлі мазмұнды мәндермен жеткізді.

Оны З.Қабдолов: «Абайдың ұлт ақыны екендігі мұнымен де бітпейді. Абайдың ұлт ақыны екендігі сол өз өлеңдеріндегі ұлттық ерекшеліктердің бүкіл адамзат мәдениетіндегі биікке көтеріліп, бірлікке ұмтылуында жатыр,- деп анықтай түсе..., оны тереңірек түсіну үшін Абай өлеңдерінің мазмұны мен пішініне назар аудауымыз керек» - деп айқындайды. (Көзқарас».

«Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық – Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес. Оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда...Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынады»-деген А.Байтұрсынұлының өзі Абай шығармалары ұлттық рухының мазмұны мен мәніне жету үшін он жылдай толғаныс үстінде жүрген екен.

Әлихан Бөкейханұлы Абай өмірі мен шығармашылығы туралы «Семипалатинский листок»та жарық көрген мақаласында осы ерекшелік, туралы жаза келе А.Байтұрсынұлы мен Абай таныстығы туралы күрделі ойларын байқатады. Содан бастап олардың шығармаларының өзегіндегі басты идея ұлттық рух болғанын жазды ол.

Одан бері ғасырдан артық уақыт өтті... Аз мерзім емес. Осы міндеттерді орындауға ол жылдарда қиындықтың көп болғаны шындық. Бірақ қазақ қалмгерлері шығармаларындағы ұлттық рухтың эстетикалық биік деңгейде көрінуіне 20 ғасыр басындағы қазақ қоғамдық санасы мен әдебиетінің аса көрнекті өкілдері Ә.Бөкейханұлы, Х. Досмағамбетұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Қ.Жұбанов, М.Тынышбайұлы, М.Әуезов, С.Садуақасұлы, М.Дулатұлы, Ж.Ақбайұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ғ.Қарашұлы, т.б. қоғам қайраткерлері - Алаш ұранды әдебиет өкілдері үлкен еңбек сіңірді

Бүгінгі абайтанушы ғалымдардың көптеген еңбектерінде ұлттық рухты тану және көркем әдебиетте бейнелеу басты темірқазыққа айналды. М.Мырзахметов, Ғ.Есім, Т.Жұртбай, А.Исмақова, Ж.Дәдебаев, З.Бисенғали т.б.

Алаш ұранды әдебиеттің көрнекті өкілдері мен олардың шығармаларын жүйелі түрде жоғары және орта мектептерде оқытуды проф. Р.Нұрғали ҚазҰУ-да 1987 жылдан бастап қолға алды.

1997 жылы "Санат" баспасынан жарық көретін "Әуезов және Алаш" атты көмекші оқу-құралы сол кезден басталған ойлардың жалғасы ғана: «Өнердегі ұлттық рухқа арналған еңбегімді "Әуезов және Алаш" - деп атауға бел байладым", - деп жазады қаламгер. Қазақстан ғылым академиясының іргетасын қалаушылардың бірі академик М.Әуезовтің ғылыми-педагогикалық жұмыстарын абайтануға байланысты маңызды мәселелерге арнағанын атап көрсетеді. Оның қазақ фольклорына, қазақ әдебиетінің өткен тарихы мен даму үдерісіне, туысқан қырғыз халқының атақты «Манас» жыры мен ұлы Абайға, күллі туысқан халықтар әдебиетіне арналған зерттеулері осы арналы ойларға бағытталған. Сондықтанда олар қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарға қосылған асыл қазына болды. Бұл осы тақырыпты тереңдей деректі, дәйекті зерттеудің нәтижелері.

М.Әуезовтің кеңес үкіметінің кесір идеологиясына байланысты ашық айта алмаған ой-пікірлері мен идеялары күрделі мазмұндарға көшірген зерттеулері бүгінгі егемендік аясында күн өткен сайын жарқырап көріне бастады.

Қазақ халқының классикалық өнер мен өлең мұрасын түсіну және әрі қарай дамыту А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ оқығандарынан басталуға тиіс деп жазды М. Әуезов «Ахаңның 50 жылдық тойы» атты мақаласында: «Бірақ Ахаңның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңіндегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті сарыны болып, Арқаның қоңыр желімен бірге есіп шалқып жатыр» (5.14)

А.Байтұрсынұлының 50 жылдығына арналған мақалаларда С.Сейфуллиннің, Т.Шонанұлының, М.Дулатұлының, Ж.Аймауытұлының т.б. зерттеулерінде ғалымның осында айтылатын ойлардың жалғасқанын аңғару қиын емес.

Әлихан Бөкейханұлы Абай туралы ақынның көзі тірісінде 1903 жылы жазған. 1905 және 1907 жылы жарияланған мақалаларында Абайдың балалары – Ақылбай, Турағұл, інілері Шәһкәрім, Кәкітайлар, досы – Көкбай т.б ақындармен жақсы таныс болғанын, маңызды тарихи деректерді солардан алғанын жазады. Оларда Ә.Бөкейханұлын ерекше қадірлеп, құрметтеген.

А.Байтұрсынұлы көркем шығарма, өлең жазатын адамның ерекше ұш қасиетін атап көрсетеді. «Сөз жазатын адам әрі білімді, әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек.

1. Сөздің шырайлы, ажарлы болуы – ой шеберлігінен.
2. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек.
3. Мағынала маңызды болуына білім керек.

Осы үшеуінің де Абайда барығын шығармаларын талдауда көрнекті қазақ ақындарына кездесетінін З.Қабдолов та «Сөз өнері» атты теориялық монографиясында атап айтады.

Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңдері толық. Абай шығармаларының асыл болуы, әр нәрсенің түбін, тереңін табуына байланысты деп қарастырады. Асылын тануынан. Арғы тегінен, асылынан бастауынан. Мәселен, басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғаны даусыз».

Дәл осы тақырыпты тереңдей зерттеген академик Заки Ахметов Абайдың әлем әдебиетінен алған мұралары туралы маңызды ойларды ақын аудармалары туралы зерттеулерге айрықша мән беруден бастаған теріс болмас еді деген пікірлерден бастайды. Ғалым әдеби процеске енді жаңа ғасырда өзгеше, жаңа концепциямен қарау қажеттігін айрықша ескертті. "XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің мәселелері" атты ғылыми-теориялық конференцияда З.Ахметов "XX ғасыр басындағы әдеби процесс және теориялық, методологиялық мәселелер" тақырыбында баяндама жасады. Мұнда арнайы айтылған мәселе - көркем шығармашылыққа байланысты байымдауларды ресми идеологиямен байланыстыра бермеу. Әдебиетімізге қосыла бастаған талантты тұлғалар мен олардың шығармалары XX ғасыр басындағы әдебиет тарихы туралы қалыптасқан пікірлерді түбегейлі өзгертеді».

Ойшыл суреткерлері бар қазақ әдебиетінің XX ғасырдың орта тұсындағы кемелденуін тек қана дәстүр жалғастығымен де түсіндіруге болады. Бірақ әлем әдебиетімен байланыстарды ескермеу заман талабына сай келмейді. «Әлемдік әдебиеттің даму заңдылықтарын салыстыра, салғастыра тереңдей талдау, зерттеу нәтижелерін шебер пайдаланған ғалымдар соларға сүйене заманауи қорытындылар жасайды». XX ғасырдағы әдебиетіміздің кейбір ерекшеліктері туралы З.Қабдолов байқаған кейбір негізгілері А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов. М.Дулатұлы зерттеулерінде басталған талдауларда дәйекті түрде көрсетілген. Абай өлеңдерінде бейнеленген озық ойлардың ақынның қабылдауының дара өрнектері екенін аңғару қиын емес деп жазады қаламгер.

«Мен бір жұмбақ адаммын мұны да ойла деп» ұлы ақын тектен тек айтпаса керек! Абайды тану оқырманға байланысты - деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай ақынның сан түрлі жырларынан ұлттық рухтың дара бейнелерінен анық көруге болады.

Бұл қазақтың 20 ғасырдағы ұлы перзенті А.Байтұрсынұлының ұрпақтарына аманаты, өсиеті!

Қазақ мектептері мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жазуда, оқытуда А.Байтұрсынұлы шығармаларын насихаттауды қолға алу керек. Басты мақсат - қазақ халқы ұлттық танымының мәнін, ерекшелігін, болашақ үшін маңызын ұлттық рухты қалыптастыруға арнау керек! Оны әдеби шығармалар мен өнер туындыларында бейнеленген көркем мазмұнның алтын арқауына айналдыру қажет екенін Зейнолла Қабдолов жиі айтатын. Бұл қазақ елі оқырмандары эстетикалық әсерлерінің бағытын өзгертіп, өркениетті елдер классиктерінің шығармаларын жаңаша зерттеу ізденістер әлеміне сәйкес заманауи байламдарға жеткізеді деп отыратын.

Классикалық мәдени мұраларын насихаттауды тұрақты түрде ойламаған мемлекет оны болашақ жоспардарына енгізуді құнттай бермейді. Бұл өте өкінішті әрі қауіпті бағыт. Өйткені мұндай мемлекет жастары мәдени мұраларындағы адамзат қоғамы туралы гуманистік ойларының тарихы мен көркем мазмұнындағы пәлсапалық өрнектерді ешқашан ұға алмайды. Ең өкініштісі осыны ескермеуге, мән бермеуге дайын тұрады. Көбіне бейкүнә тәрізді көрініп, беймаралдаққа бастайтын осы құбылыс өте қауіпті. Оның ақиқатқа апарар жол емесі анық.

Академик жазушы, белгілі Абайтанушы З.Қабдоловтың «Парасат» журналына берген сұбхатында Абай шығармашылығындағы ұлттық рухты ақын парасатымен байланыстырады: «Абайсыз баратын жаңа ғасырда Абай парасатын еркін баурап, сана-сезіміңе терең сіңіріп алмай тұрып, жаңа ғасырға құр далақтап дабырамен баратын қазақ не қасиет бар?

Парасат байлығы деген осы. Қазаққа тек осы байлық – парасат байлығы ғана керек. Өзге байлықтың бәрі өзінде – елінде, жерінде – тұнып тұр».

А.Байтұрсынұлының ұлттық рухқа жолы оңай болмағанын айта келе З.Қабдолов қазақ елінің саяси әлеуметтік халінің өте ауырлығын байқаған парасатты тұлға өз басына төніп келе жатқан қауіп түнегінен ығысқан жоқ, - деп атап көрсетеді.

Бұл туралы ұлы Әбіш Кекілбайұлы: «...Ахмет Байтұрсынұлының ендігі тағдыры қыл үстінде тұрған халқының қамын ойлап, жанкешті жолға түсу мен азаматтық кемелділіктің мұншама шырқау биігіне көтерілуінің сырын тек тумысынан ерек қабілет пен абзал жүрекке ие азаматтың айрықша ыждаһаты мен мігірсіз ізденістерінен іздегеніміз орынды. Ол бір басының тәуекелімен бүкіл бір ұлт тәуекелінің түгел оянуы түрткі болды. Ол бір өлеңінде «Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп, бітпейтін жүрегімде бар бір жарам, алданып жегеніме оны ұмытсам, болғандай жегенімнің бәрі харам» - деп жазған.

Қазақ мектептері мен жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдарында, оқулықтарда Абай шығармаларын насихаттауды ерте қолға алдық. Басты мақсаты қазақ елін сауаттандыру болды. Бұл мақсатты Ә.Бөкейханұлы, Х.Досмұхамедұлы т.б саяси күрес жолындағы қайраткерлер түгел қолдады. Мұнда көрнекті қаламгерлер мен қоғам қайраткерлерінің де үлестері болды. қосты. М.Әуезов, Б.Кенжебаев, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, Қ.Жұмалиев, А.Нұрқатов, т.б. үлестері болды.

Әлихан Бөкейханұлы мен А.Байтұрсынұлы қазақ халқы ұлттық танымының мәнін, ерекшелігін, болашақ үшін маңызын айта келе З.Қабдолов оның бүгінгі және болашақ үшін ерекше маңызы Абай шығармаларында бейнеленген көркем мазмұнда екенін ескертеді. Бұл қазақ елі оқырмандары эстетикалық әсерлерінің бағытын өзгертіп, өркениетті елдер қатарына тез жеткізеді деген ойларға сенеді. Алайда Кеңес үкіметі отарлық саясатының сұрқия тәсілдері оған еш мүмкіндік бермегенін көрсетеді.

Отарлық қамытын киген елдердің мәдени мұраларын насихаттауды ойламаған отаршыл мемлекет оны болашақ жоспардарына енгізуді қолдамақ түгіл ойланған да емес. Отар елдер мәдени мұраларындағы адамзат қоғамы туралы гуманистік ойларды, пәлсапалық өрнектерді жоққа шығаруға, теріс көрсетуге ұмтылды. Ресми үкімет бет алған отаршыл бағыттарынан қайтпады. Тіпті орыс әдебиеті класситері А.Пушкин мен Ю.Лермонтов шығармаларынан кедейлер күресі туралы ештеңе таба алмай ілік іздеп,

оларды оқытуға, зерттеуге алғашында тиым салды да көп кешікпей амалсыз бұл ойлардан бас тартты. Алайда отарар елдерінің сауатты парасатты қайраткерлерін азаттық пен еркіндік аңсаған ойларын қудалауды үдетті. Абайтануды оқытудың қиындыққа ұшырауы осындай саяси күрес мәселелерімен тура байланысты еді.

Бірақ осы мәселенің бұлардан басқалау да бағыттары бар еді.

Абайтануды зерттеуші Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов пен Б.Кенжебаев, Ж.Аймауытовтарды ХХ ғасырдың басында қудалаудың астыртын бағыттары сұрқия зорлықтарға толы болды.

Абайтануды қолға алған ғалымдар ақын шығармашылығының өзегіндегі ұлттық рух бейнелеріне соқпай өте алмайды. Тіпті «Абай жолы» эпопеясында М.Әуезов бойын билеген сезімдер туралы толғамды ойларын уақыт-кеңістік әлемінде бейнелей алған жоқ. Оның басты себебі кеңес идеологиясының кесірлерінен сақтану еді.

Дүниетанымдық ойларында үкімет саясатын ескермеудің салдарларын жақсы білетін қаламгерлер оған қарсы күресудің небір әдістерін де тапты. Мұндай тәсілдерді өздерінің дара ойларын жеткізуде талантты қаламгерлер сәтті қолданған

З.Қабдолов «Менің Әуезовім» роман эссесінде ұлы ұстазы М.Әуезов те қолданған осындай тәсілдердің кейбірін пайдаланады. Оны қаламгер көркем мазмұнда, мәтінде ғана емес, роман құрылымында да шеберлікпен қолданады.(18) Әрі осындай тәсіл қаламгердің көптеген шығармаларында кездеседі. Мәселен, роман-эсседе көптеген тараулар, дәлірек айтқанда шағын тараушалар, өте шағын үлгіде, екі үш сөйлемдермен ғана беріледі. Мұндай үлгіде берілетін мазмұнды роман-эссенің көптеген беттерінен көруге болады.

* * *

Мәселен, З.Қабдолов:

«Абайдың ақандығы» мақаласында: «Абай өзінің бір өлеңінде (Өлсем орным қара жер) былай жазады:

Соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Осы екі жолда ақын өмірінің ащы шандығы жатыр».

Ақын өлеңдері туралы басты ойдың дара көрінісі, осы өте шағын үлгіде, автордың мақсатын аңғауға болатын маңызды тарауша ретінде берілген...

Дәл осындай шағын үлгі келесі бөлікте де қолданылған:

* * *

«Ол халқының жарқын келешенгіне сенді және оның кетігін тауып қаланар кірпіші – жастар деп білді. Ақылы мен өсиетін соларға арнады. Бір өлеңінде:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексемедім., десе

Келесі бір өлеңінде: ...Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та бар қалан! –

деп тоқтайды...

Қазақ халқының алғашқы ағартушылары Ш.Уалиханов пен Ы.Алтынсариннің игі мақсатын ілгері жалғап, прогресшіл идеяланын одан әрі өрістеткен мұндай тамаша түйінді кеменгер Абай ғана жасай алды »

(Бұл үзінділер З.Қабдоловтың 1950 ж. жазған мақалаларынан және З.Қабдолов «Менің Әуезовім»роман-эссесінен)

Мұндай шағын үзінділермен аталған роман-эсседе жиі ұшырасады. Мысалдарды өте көп келтіруге болады.

Өмірінің қиын бір шақтары туралы жоғарыда аталған роман эсседе М.Әуезовтің өз аузымен айтылған мына үзінділерді келтірген. Ташкент қаласында өткен Азия, Африка жазушылары бас қосқан мәжілістегі кездесулерде: «Ташкент менің қуанған кезімнің де, қураған кезімнің де куәсі», -деп ерекше тебіреніске толы сөздер айтады...

Камерун жазушысымен әңгімеде: «бодандық құрымай өмір де өнер де болмайды» дейді. Бұл отаршылық жайында қаламгер ашық айтқан пікірлердің бірі болатын. Өзі отар елдің қаламгері бола тұра (Қазақстан да осы кезде Ресей отарының бірі еді.), мұндай пікірді шетелдік жазушыға айтулың өзі қаламгер ерлігінің бір көрінісі тәрізді.

* * *

Романнан тағы бір үзінді: «...Мұхаң маған бір қиын сұрақ қойды.

«Өзің білесің, мен Құнанбайдың аузына «Адамның құны не болса, міні де сол болады» деген сөз салдым. Соңғы бірер жылда, әсіресе маған Лениндік сыйлық бергелі өз елімізде де, шет елдерде де тек қана менің шығармаларымның құны туралы айтылады, жазылады. Ал енді менің шығармаларымның міні, демек суреткер ретінде менің өзімнің мінім туралы сен не айтар едің?»

Сонымен талайдан іңдеткен пікірі болса да, жас жазушы батапқыда алып тұлғаның алдында жалтақтай жүрексініп, тұтыға тосылып қалады. «Ашық айт!» деген соң ғана ойындағысын жайып салады.

Айтсам,.. Сіздің қазіргі мініңіз біреу-ақ..., Жазғаныңызды қолмен емес, машинкаға айтын жаздырасыз. Менің ойымша, көркем шығарманы, орысша айтқанда «диктовкамен» жазуға болмайды, Тек қана қолмен жазу керек. (Осының әсері «Абай жолында бар ма екен?.. - З. Б.)

Бәлі, сен батыл да айттың, батыл сөйлеп ақыл да айттың. Жалғыз-ақ соған өкінбе!..»

Осымен ұлы жазушы мен шәкірті арасындағы шағын диалог бітеді. Бірақ, қазір біз бұған өкінеміз...тек біз үшін ғана емес. Өнер сүйетін барша адамға маңызы зор бұл диалог осымен аяқталады. Ұстаз бен шәкірт бұл туралы ешкімге айтпай кетті...

Бір қызық ой З.Қабдолов Абай ақындығы, шығармашылығы туралы зерттеулерге қырқыншы жылдар соңына таман кіріседі. Мектептің соңғы жылдарынан бастап өлең жазып, ақындар айтысына араласып елге таныла бастаған қабілетті талапкер, Абай шығармашылығы мен өлеңдері туралы Әуезов лекцияларын тыңдаған талантты жас, ұстазының жетекшілігімен «Абайдың лирикасы» тақырыбында студенттер шығармалар жарысында қатысып, Қазақстанда үздік танылып, бүкілодақтық студенттер жарысында, Мәскеуде, жоғары орын алған. Талапкер неге осы тақырыпты, Абай шығармашылығын әрі қозғамады, тереңдемеді екен дегендер... ойлантады.

Бұл тақырып Абайтануда кең көлемді, мол қазына іспетті. Биігіне көтерілу қаншалықты қиын болса. тереңіне бойлау да соншалықты. Мұны сыры шексіз, таусылмайтын асыл мұра деп сол жылдарда З.Қабдоловтың өзі де талай жазды. Ендеше неге осы тақырыпқа, ақын өлеңдерінің құпияларына тереңдемеген?

Сірә, «дарияның тұсынан құдық қазбас болар» демекші ұлы ұстазының зерттеу еңбектерінің басты арнасы болғандықтан., тоқтаған болар деп ойладым. Әрі тап осы жылдары қаламгер роман жанрымен шұғылдана айналысып, «Ұшқын», «Жалын» атты роман жазады және т.б. шығармашылық мәселелері көбейе бастайды...

Көрнекті қаламгер Т.Әлімқұловтың Абай шығармашылығына арналған «Жұмбақ жан» монографиясы бар. Зерттеу - сөз құдіретіне бас иетін көрнекті қаламгердің ұлы ақын шығармашылығы туралы ой-толғаныстарынан, оның өлеңдері мен сан мәрте сырласуынан кейінгі тебіреністерінің түйіні іспетті шығарма.

Әрі ол толғаныстардың негізі Мәскеу қаласында, сол жылдарда әлем және орыс классикасымен жете танысу арнасында дүниеге келген. Қаламгердің Абай шығармаларының поэтикасы туралы ойларының сілемдері бақалатын зерттеулер. Мұның бәрі «Жұмбақ жанда» анық көрінеді...Бұл жұбақты қаламгер де шеше алмаған.

Ұлы Абайдың өзі де «Менде бір жұмбақпын» дейді ғой.. Ұлы ақын шығармашылығындағы «жұмбақ жан» туралы көптеген қаламгерлердің талдаулары мен толғамдарарын оқи отырып, зерттеушілер поэтикалық сан қырлы сырлы сөздердің сан қилы иірімдеріне жолыққан. Жолығу емес—ау осы бір қиын түйінге тап болған. Мұнда Абай тап болған қабат-қабат ой мен толқулы сезім тереңіне тартады. Күрделі ой түбіне жету мүмкін еместей көрінеді. Толқыған ойлар әлемі, тебіреністері терең түңғиыққа тірейді.

Аттап өте де, бұрылып кете де алмайсың. Ерекше күш, қуат сұңғыла сезімталдық, талант қажеттігін көресің. Сондай қайрат пен күш, қуат іздейсің..т.б.

Абай ойларының дара өрнектері оның қарасөздеріне тіпті мол. Қағазға көшкен ойлардың бейнелі кейіптері де аз емес. Интертекстерге ауысқандары да бар. Оған Абай шығармашылығымен жете таныс, ойланған адамдар жете алады.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын мұны да ойла.
Соқтықпалы соқпақсыз жерде өзтім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма...,-
дейді ақын.

Абайды әркім түсінеді десек, сірә, қателесетін шығармыз. Оның өлеңдерін әр оқыған сайын соны ой, әсерге жолығып жұмбақ сезімдер тасқынына килігесің..., толқисың, тебіренесің. Ақын сезімі мен жүрегін тербеп ойын қозғаған толқулар арадағы ғасырлардан өтіп оқырманға жеткендей. Ой толқындарының қуатты ағысы жүректі қозайды.Терең ойларға тартады. Мұның табиғатын айқындау үшін ерекше қабылет керек шығар. Сондықтан Абайды ұғу ғана емес, терең түсіну қажет.

Абай әлеміне енудегі келесі қадам - оның қарасөздері. Өйткені оны ұқпасаң ақын өлеңдеріндегі қабат-қабат сезімдер шұғыласына оранған ойларды тарату қиын. Бір ұшын ұстасаң екінші тармағы жаңа әсерлер әуеніне алып кетіп тосындау толқуларға бастайды. Бәлкім сондықтан болар ақынды айрықша түсініп оқитын адамдардың жас шамасы да, дүниетанымы да орта жастағыларға сәйкес келеді...

Қарасөздерде ұшырасатын діни, арабша, түркілік тіл оралымдары кеңестік идеологиядан үрейленген зерттеушілер мен сыншыларды шошытты. Оның өрнегіндегі ойларда қайшылықты пікірлер тәрізді көрініп, толғаныстарды бейнелеген сезімдер табы күрделі толқуларға киліктіреді. Осылармен қабаттасатын поэтикалық оралымдардың тосындығы, тілі мен архитектурасының сонылығы т.б. бейнелеу құралдарының көзтанысты мәтіндерден басқалығын көрсетті. Сондықтан да оған екінің бірі тәуекел етіп бара алмады.

3.Қабдоловтың Абайтану туралы ойларына, тіпті жазу, ойлану барысында бұрқ етіп бойын билеген сезімдерге лайықты пішім табуда қарасөздер әсер, ықпалы аңғарылады. Көркем ойларға тамызықты солардан табатындай...

Қаламгер қарасөздер үлгілерінен байқаған жаңа тәсілдерді кейініректе қолданған, әсіресе - «Менің Әуезовімде». Зиялы қауым жақсы білетін ойларды қайталамаған, оның есесіне оқырман ойлануына бағыт сілтейтіндей үлгілерді қолдаған.

Демек, қоғамдық өмірдегі қарпайым оқиғалар ортасындағы түрлі адамдар мен мінездердің тіршілік түйіндерін, тірліктерін бейнелей келе тарата жазуда синтиздік түрлерге сүйене жеткізуді ойланғандай..

Зейнағаның қарасөздерге байланысты дара ойлары бар. Бұл шығармалардың нақты сюжетке құрлылмағандығын айта келе оларда көркем мазмұнға байланысты бейнелеулерде ерекше еркіндіктің барлығын айтады. Онда адам образдарының сирек кездесетіні айтылады, автордың, баяндаушының сезім ойларының басымдығын атап өтеді.

Замана ағартушылық ойларына арналған үгіт, насихат, нақыл сөздерде де көп кездесетінін айтады. Жанрлық бағытта оқырманға, тыңдаушыларға өнеге берерлік философиялық шолуларға шомылған публицистикалық толғамдар екенін ескертеді.

Ойлана қарағанда бұлардың ақын өлеңдеріндегі ой-пікір сезімдердің жалғасы не солардың бастауы тәрізді сипатының барлығы да сезіледі. Көбіне өлеңдерде бейнелеп жеткізе алмаған күрделі ойлардың тереңдеуі тәрізді сезіледі.

Абай бұл сөздердің бастауында –ақ « осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін..., кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедедім де,ақыры осыған байландым..» бұдан Абай қарасөздерінің мақсатын аңғару қиын емес.

Бұл сөздердің өзіндік ерекшеліктері де бар: «көлемі шағын, бірақ мазмұны бай, сөзге сараң, мағынаға терең болып келеді».. Бірақ Абай қарасөздерде нақты ойын белгілі бір жүйемен жан-жақты ашпайды. Ол құбылтып тереңдетеді... Тіпті өзімен өзі кеңесіп отырғандай, ара-тұра тыңдаушымен, оқушымен сырласатындай кейіпте жазады. Сұрақ та қояды.., оны оқушы өзі тарататындай жолды да нұсқайды...

Осындай түрлі мақсаттар мен қаптаған ойлар жетегінде жүргендіктен болар, бұлардың құрлысы мен пішімдері де өзгелеу...мұқият ойланып – толғанып айтты дегенен гөрі ауызша айтылатын, сурып салма ойларға бейімдеу...тәрізді.

Бұл шығармалардың, Абай қарасөздерінің шетелдік ғалымдар тарапынан көп аударылып, талдауға ұшырауын осы қасиеттерінің себептер мен негізіндегі философиялық ойлардың қазақ халықының дүниетанымен де түсіндіруге болатындай. Мәселен, Абай туралы "Abai. Zwanzig Gedichte" ("Абай. Двадцать стихотворений") атты кітап жазған Леонард Кошутты (Leonhard Kossuth (Германия) айтуымыз керек. Оған Қазақстанда белгілі әдебиеттанушы, публицист, аудармашы Г.Бельгер көмектескен. Абай шығармаларын неміс тіліне аударуда, басып шығаруда еңбектенген Alles Druckbar баспасын атап айтуға болады. Абайды қазақ тілінен тікелей неміс тіліне тәржімалаған аудармашы-лингвистер Альмагамбет Туреханов и Тансулу Рахымбаевлар. Аударманың әдеби редакциясын белгілі неміс қаламгері, драматург Анна Цукерман (Германия) жасаған.

Познан университетінің профессоры Хенрик Янковски(Польша) Абай қарасөздерін қазақ тілінен поляк тіліне аударған. «Abai Kunanbaiuly. Slova».(Abai Kunanbajuly. Słowa. Przełożył Henryk Jankowski. Nomad Investments Ltd: Ałmaty, Warszawa, Monaco, Genewa, HongKong. [Transaltion of Abai's Words; prefaced by Rollan Sejsenbajew, 4–15, Mansur-MaciejJachimczyk, 16–37, and Henry kJankowski, 38–47]).

Абай қара-сөздерін ағылшын тілін аударуда, тарату мен насихаттауда Кембридж университеті баспасын айтуымыз керек. Жолма-жол аударма жасауға, әрі лингвистикалық, этнографиялық және тарихи түсініктемелер жасауда көмек көрсеткен аудармашы және өнертанушы Асия Багдаулетқызымен тарихшы және әдебиеттанушы Зифа Алуа Ауэзова, аудармашы журналист Роза Кудабаяева, абайтанушы-ғалым Гүлзия Қамбарбаева, және тәржімашылар Миргуль Кали и Гаухар Халықдың еңбегін атауға болады.

Бұларға Әйгілі ағылшын ақыны Шон О'Брайен (Великобритания) Абай өлеңдерін аударумен айналысады, ал Абай қарасөздерін тәржімалауда белгілі шотландиялық жазушы, ақын Джон Бернсайд (Великобритания) еңбектенді.

Абайды жапон тіліне аудару енді басталды. Онымен айналысатын арнайы топ жасақталды, оған Қазақстандық, Жапондық мамандар енді. Мәтіннің әдеби нұсқасын Токия университетінің шет тілдері маманы, профессор Сакай Хироки (Япония), және қазақ әдебиетін зерттеуші Микия Нишимура, аудармашы, жапон-қазақ тілдері сөздігінің авторы Шигенобу Масуджима Абай өлеңдері мен қарасөздердегі көркем бейнелерде де айналасы мен маңында болып жатқан, өтіп жатқан өмір құбылыстары мен түрлі оқиғаларына сол сәттегі көқарастарын жекізуге ұмтылы деп ойлауға да болатынына деректер келтіретін тәрізді. Маңындағы оқиға, тартыс т.б. орай дара сипатты оқиға, құбылыстарда адам қоғамдық қатынастарында орны бар, мәні көріне бастаған күрделі мәселелермен қабаттастыратындай. Бірақ ол ойларды Абай қара сөздерінің бәріне қатысты айтуға болмайтын да шығар. олар негізінен өмірдегі күнделікті қарапайым мінез әрекеттерімен болмаса әрекетсіздігімен қоғамдық мәні зор күрделі әселелерді қазақ қоғамының түрлі топтары қалай қабылдағанын көрсетеді деген тәрізді пікірлері ойлантады. Тіпті сауаттылардың өзі оның ғылымдық мәнінің тереңіне бойлап, Абай айтқан пәлсапалық пікірлерге бара бермейтінін байқатады.

Абайдың халықты өнер-білімге, еңбекке шақырып қандастарының ой-санасын қозғауға, ойлануға, әрекетке шықыратын сөздері пішімдерінің пәрменділігі мен қажеттігі туралы біраз ойлар айтылады т.б.

Абай қарасөздерінде қазақтың мұң-зарын, бейнеті мен қасіретін көріп отырып былқ етпейтін елдің би-болыстар мен атқамінерлерінің дүнеқоңыздығын ашып көрсетеді. Бұл

жерде Абай қазақ ортасындағы әр алуан надандық мінездердің надандығын малмен жаппақ болған және озбырлықтарын ұрлық пен өтірікті, қулық пен сұмдықтарды азайтпағынын сынға алады. Қалың бұқараны сауатсыздықта, надандықта қалдырып отырған осылардың өтіріктері мен озбырлығы екенін айтады. Бұлар елдің өнер білім алып сана сезімінің оянуына басты кедергілер екені айтылады.

З.Қабдолов Абайдың ҚС «он бірінші», «жиырма бірінші» сөздерінде ауылдағы құркеуде байлар мен ұлықтардың арамзалық, жауыздық әрекеттерін әшкерелейді. Жалған мақтанға мәз болып, ұрлық қулығын тимағандарды әшкерелейді: «Осы елдің үнем қылып жүргені немене? Екі нәрсе. Әуелі ұрлық ұры ұрлықпен мал табам деп жүр. Мал иесі артылып алып, тағы да байимын деп жүр. Ұлықтар алып берем деп, даугерді жеп, құтқарам деп ұрыны жеп жүр. Қарпайым жұрт ұрлық айтып мал алам деп, ұрыға атымды сатып пайдаланам деп, не өткізбесін арзанға түсіріп алам деп жүр. Екінші бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып бүйтсең бек боласың, бүйтсең көп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр. Кім азса мен соған керек боламын деп, к... қыздырып алып, өзін біраз ғана азық қылайын деп жүр.

Ұлықтар «пәлі-пәлі» бұл табылған ақыл деп, мен сені бүйтіп сүйеймін деп, ананы жеп, сені бүйтіп сүйеймін деп мынаны жеп жүр...».

Осы сөзде баяндалатын оқиғаларды З.Қабдолов сол кездің шындығы қаз қалпында, айқын баяндалып отыр дей келе. «...бірақ бір айта кететін нәрсе, Абай өз ортасының жоғарғыдай жиіркенішті қылықтары мен мінездерін дәл көрсетіп, ащы тілмен түйрей сынаса да өз пікірінде дұрыс байлау шығара алмайды... Ұрлық жоғалса, «бай барын бағып, кедей жоғын іздеп, ел секілденіп талапқа, тілеуге кірісер еді. Енді жұрттың бәрі осы екі бүлік іске ортақ, мұны кім түзейді? Анттың, серттің, адалдықтың, ұяттың бір тоқтаусыз кеткені ме? Ұрыны тыю оңай бола еді, бірақ осы бұзақының тіліне еретұғын, азатұғын байларды кім тыяды? – деген ақын ойларына назар аударады.

З.Қабдолов 80-жылдардың орта тұсында ұрлықтың да зорлықтың да шығар жері, «қайнар көзі» болып отырған байлар екенін сол қанаушы топ құрымай халыққа жарық жоқ екенін Абай айта қоймады дегендей пікірлерге де тоқталады. Әрі мұндай қайшылықтардың Абай қарасөздерінде ғана емес, бүкіл шығармашылығына тән екенін де айтады.

Бірақ, жалпы алғанда, Абай қалың қазаққа үстемдік жасаушыларды емес, ауыр еңбек пен жоқшылық жанын жеген көпшіліктің, сәл-пәл қарсылық көрсетсе жолсыз жаза көргендердің мұңын жырлап, оларды әркез қолдағанын, көмектескенін айтып өтеді. Солай айтып та жазып та келдік. Бірақ Абайдың өскен ортасы мен өмір сүруінің бөлек екенін. Тамақ табу, тіршілік үшін қайшылығы өте мол мына жалғанда азап көргендердің қасіреті бөлек болғанын да білеміз. Қиындық пен қайғыға батқан көпшіліктің жыртығын жамай алмайтынында ақын анық білген. Осы ойлардың жетегінде жалғыздық көргенін, жалғыз болғанын түсінудің өзі Абай үшін қаншалықты азапты болғанын оның шығармашылық жолы мен өлең, толғауларынан айқын көруге болады.

Мәселен З.Қабдолов «Жиырма екінші» қарасөзінде кейбір ойларын ашық айта алмағаны күрделі ойларға тереңдеудің қиындығы мен қалың бұқара мінезі мен азабы арасындағы қайшылықтарды көре тұра араласа алмаудан, деген тәрізді пікірлер айтады: «Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлеймін деп ойладым. Байды қадірлейін десең, бай жоқ. Бай болса өз басының, өз малының еркі өзінде болмас па еді? Ешбір байдың өз малының еркі өзінде жоқ.» т.б.

Ұлы ақынның айтқанымыздай, кейбір сөздерінде – оның қалың елдің ауыр тіршілігін тілегінен айыра алған жоқ. Бұған оның қарасөздері де айғақ

«ұры, залым, қуларға жеміт болып жүрген шын момын байларды аямасаң, хәм соның тілеуін тілемесең болмайды. Содан басқаны таба алмадым («Жиырма екінші сөз».)

«Байлар, олар өздері де бір күн болса да, дәулет қонып дүниенің жарымы басында тұр. Өзінде жоқты малымен сатып алады... Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білімі-ұяты, ары, жақыны - бәрі мал болған топас, надан байлар мен би-болыстардың «ақыл үйренетін,

насихат тындайын деген ойы» жоқ екенін («Сегізінші сөз) Абай жақсы түсініп, қарасөздерінде өзінің ғылымға, өнерге, еңбекке шақырған ағартушылық пікірлерін, үгіт-насихаттарын халық бұқарасына арнады.

«Жетінші сөзде» «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар –тәннің құмары...Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болас, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып, қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, даусына ұмтылып, оден ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?» бұл «немен?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық бермейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен», деп туатынын айта кеп, адамдарды соңғысына шақырады. Надандығымызды білімділікке бермей таласқанда өлер-тілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз» («Жетінші сөз»), бұл дұрыс емес, білмегенді үйрену қорлық емес, қайта жалықпай іздену керек; «...естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе дүниедегі жақсы, жаманды тануындағы сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» – деген ақылын айтады.

Ал, адам білгенін, ұққанын ұмытпай ойына қалай тоқып алу керек екенін «Отыз бірінші сөзде» айтады, біз соны түгел келтірелік; «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі көкірегі байлаулы берік болмақ керек. Екіншісі, сол нәрсені естігенде, я көргенде ғибрәттану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек, үшінші, сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайталап ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші, ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер». Абайдың бұл айтқандары күні бүгінге дейін мәнін жоймаған, адамға үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие берер, оқуға, оқып білгенді көңілге тиянақтап тоқуға үйретер құнды пікірлер.

Абай өзінің «Жиырма тоғызыншы сөзінде» қазақтың кейбір ескі мақалдарын қатал сынға алады. Шынында да көнелеу мақал-мәтелдердің ішінде бір кезде билікші таптың тілек-мүддесінен туған, адамды адастыратын, зияндылары толып жатыр. Ақын жұртшылыққа соны әшкерелеп, мұндай сөздерге «сақ болу керектігін» түсіндіреді. Сөйтіп, оның бұл арада айтар пікірлері де халықты еңбекке баулыған үгіт-насихаттарына тоғысады: «жарлы болсан арлы болма» деген мақалға қарсы шыққан Абай – «Ардан кеткен соң, тірі болып жүргені құрысын». Егер онысы жалға жүргенде жанынды қинап, еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол ар кететұғын іс емес, тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек, ол - арлы адамның ісі»- дейді. Немесе, «сұрауын тапса адам баласының бермейтіні жоқ», деген мақалдың да нағыз кертартпа, теріс пікірден туған нәрсе екенін ашып, бұл жерде де көпшілікті еңбекке тәрбиелейтін қорытынды шығарады: «сұрауын табамын, қалауын табамын,- деп жүріп, қорлықпен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой...

Қысқасы, Абайдың ғақлия-қара сөздер өз дәуірінің ақиқат шындығынан туған, танымдық, эстетикалық, тәрбиелік мәні зор шығармалар. Түрі көркем, тілі де әсем, мазмұны терең, идеясы көбіне халық тілегімен қабысып жатқан туындылар. «Әкенің баласы - адамның дұспаны, адамның баласы – бауырын»; «көңілдегі керікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады»: биік мансап - биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшын қыран да шығады» дегендер, немесе:

Бақпен асқан патшадан,
Мимен асқан қара артық.
Сақалын сатқан көріден,
Еңбегің сатқан бала артық!-

деген сияқты «Отыз жетінші сөз» талай тамаша нақылдардың жұртшылыққа соншалық кең, мол тарап, тіпті мақалға айналып кетуінің өзі, әлгі айтқанымыздай, Абай ғақлияларының құнды қасиетіне саяды.

Абайтануда пайдаланылған шығармашылық тәсілдер туралы жаңа пікірлер - қоғамдық сана мен мерзімді баспасөз, ғылыми зерттеулер мен еңбектерде сөз бола бастаған зманауи мәселелерге тура қатысты.

Көпшілік зерттеулерде айтыла бастаған ой-пікірлерді жүйелі талдауларда байсалды қол жеткізілген жаңа ой мен пікірлер нақты деректі талдауларға сүйенуден. Әрі бұл пікірлер бұған дейінгі зерттеулер мен ізденістердің қорытындыларына мұқият талдаулар негізінде пайда болған.

Мәселен Абайдың кейбір қарасөздерінде тұспалдай айтылатын ойларда оны оқырман тарапынан тереңдетуге, жалғастыруға жаңа жолдар мен бағыттар да көрсетіледі.

Ол оқырмандар тарапынан өзінше ойларға шығуға мүмкіндіктер жасайды. Абай қарасөздеріндегі көптеген негізгі ірі ойлардың келесі бір сөздерде қайталанатыны да сондай көрініп тұрған бағыттарды жалғастырудың қажеттілігінен болса керек. Сірә, қоғамдық сана көңілін ауара бастаған осындай ойлардың сан-алуан шешімдерінің барлығын ұлы Абай да байымдаса керек. Бірінші қарасөзінде айтатындай: « Ақыры ойландым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бер қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ».

Академик З.Қабдоловтың Абай қарасөздеріне арнаған аз-кем талдауларында ұлы ақын айтқан осындай ой-пікірлерді мұқият ескерген сияқты. Өйткені, қарасөздер өмір, адамзат қоғамы туралы талай күрделі мәселелерді бастайтыны айқын. Ал оған жауапты әр оқырман өзі, өз бетімен табатын болса, қаламгердің ұлы мақсатына жеткені.

З.Қабдолов ұзақ жылдар ойында жүрген ұлы қаламгер туралы романы, «Менің Әуезовім» роман-эссесінде қазақ романы үшін жаңа соны тәсілді қолданған.

«Мен бұл тақырыпқа кітап жазбақ болып толғанғалы қашан!..Иен ұзақ толғандым. Неге?

Әуезов туралы жазбаған адам жоқ.Басқаларын былай қойғанда, орысша. Қазақша екі том естелек шықты. Бәрі жазған: жабыла, жамырай жазған. Бірақ көбінікі - көбік, саф таза толқын – ой, сыр толқыны, сезім толқыны тумаған. Сондықтан олардан Мұханның бейнесі көрінбейді. Тұлғасы танылмайды; көп сөздің, кейде тіпті бос сөздің бетінде авторлардың өз тақиялары ғана қалқып, өз тымақтарының төбелері шошаңдай береді...

Ал мен көрінген жұртша емес, өзімше тек қана өзімше жазуым керек. Ол үшін жаңа сыр ашу аз, соны ұтымды жеткізетін тың түр табу шырты!

Бұл қыннаң қиыны...

Сонымен, міне, не де болса нар тәуекел, туынды Әуезов туралы: Менің Әуезовім», роман эссе.»

Өте қызықты сезім мен ойларға, тіпті қаламгерлің шығармашылық зертханаға да бастайтын бұл әңгімені осымен тоқтайық.., қазақтырса З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман эссесінен оқып алуға болады.

Біз үшін аса маңыздысы осы романдағы тосын пішімді қаламгер, З.Қабдолов қайдан алды? «Орыс әдебиетіндегі классиктер туралы жазылған шығармалардан алды ма?

Жоқ! Олай емес екенін қаламгер роман-эссесі бастауында –ақ ашық айтады..: өзге емес, өзімнің тек қана өзімше таныған, өзімше білген, өзімше бас иген Әуезовім.

Демек менің романымдағы Әуезов – сенің не оның емес, менің Әуезовім.»

Роман-эссенің құрлысы мен құрылымы біз көрген шығармалардың ешқайсына ұқсамайды. Онда тарауша ретінде бөлектеп жазылған беттер баршылық. Оны романның әр бетінен кездестіруге болады.

Ендеше соны тосын түрге жолды З.Қабдоловтың қайдан тапқаны алғаны туралы мақалада біршама айтылды.

Қайталап жатпайық, жиырма бірінші ғасырға жаңа романмен жол салған Ұлы М,Әуезовтің ұлы шәкірті, қазақ әдебиеті теориясына да мүлде жаңа сипатты зерттеу, оқулық жазған қаламгер, аса көрнекті жазушы, ұлы ұстаз З.Қабдолов болатын.

Зерттеу нәтижелерінде Абай қарасөздерінде қолданылған жаңа әдіс-тәсілдерді жиырмасыншы ғасырдың сауатты әлем оқиғаларынан хабардар ұрпақтарына өз ойлары мен толғамдарын жеткізу үшін ұлы Абай қолданған тәсілдерді З.Қабдолов шеберлікпен пайдаланған. Философияға толы көркем үлгіде жазылған, күрделі шығармаларында жаңарта, жаңа сипатта көрсетеді. З.Қабдолов өнегесін үлгі ретінде ұсынамыз.

Бұл қолданыстарды абайтануға байланысты дәрістер мен практикалық өзге де мақсаттарға одан әрі ұштауға болады деген ойдамыз.

АКАДЕМИК З.ҚАБДОЛОВТЫҢ КӨРКЕМ СӨЗІНІҢ ЛИНГВОСИНЕРГИЯСЫ

Манкеева Жамал Айтқалиқызы

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері
ф.ғ.д., профессор,-Алматы қ., Қазақстан*

Өткен ғасырдың аяғынан басталған тіл білімінде ғылыми парадигманың гуманистік бағытқа бұрылуы, атап айтқанда, функционалдық, когнитивтік, динамикалық парадигманың өріс алуы дүниені тану кіндігінің мәртебесін адамға қарай ойыстыруға негіз болған антропоэзектік бағыттың дамуына жол ашты. Осыған орай индивидке тән тілдік қабілет туралы ұғым да кеңейіп, тереңдей түсіп, адамның тұлғалық тұтастығында қарастырыла бастады. Сөйлеу қызметі, тілдің өзі адамдардың қарым-қатынасында бір индивидтің екіншіге ақпарат беруі деп емес, социумның өзін қоршаған әлемдегі бағдарын белгілейтін жүйе, «әлем бейнесі» ретінде түсініледі. Демек жеке адамның «ғалам бейнесін» қалыптастыратын өзекті ұғым тіл арқылы когнитивтік бірлік ретінде тұтас ақпараттық-коммуникативтік кеңістікте айқындалады.

Осымен байланысты орыс тіл білімінде қолданылатын дискурс сөзі әуелде «речь» деген ұғымды беріп, «мәтін» ұғымының синонимі іспетті ұғынылғанмен, бірте-бірте мәні кеңейіп келе жатқанын атап өткен жөн. Солардың негізгілерін сараптай келіп, дискурсты тек мәтін деп қана емес, оны түрлі экстралингвистикалық жағдаяттарға сәйкес (дүниетаным, пікірлер, тұжырымдардың арнайы шаршы топ алдындағы зерттеу тілі ретінде дәріс тілі сияқты адресаттық мақсатта қолданылуы т.б.) туындайтын күрделі коммуникативтік құбылыс деп түсінеміз.

Сонымен, дискурс – мәтін түзуші (автор, адресат) – мәтін – қабылдаушы (адресант) тұтастығында қарастырылатын, яғни мәтін түзуші тілдік тұлғаның «таным әлемі» ескерілетін мәтін, тілдік тұлғаның қасиетін көрсететін тілдік бірлік, эмпирикалық тәжірибелердің жиынтығы. Атап айтқанда, дискурста тілдік тұлғаның мынадай ерекшеліктері байқалады: 1) сөйленіс деңгейі; 2) ұлттық таным деңгейі; 3) сөз қорыту, түсінік, ұғыну, сезіну деңгейі; 4) қоғамдық ойының сипаты; 5) интеллект деңгейі.

Міне, көрсетілген деңгейлерге ие бола алатын сөз иесі ғана тілдік тұлға дәрежесіне көтеріліп, тұлға әлемі жан-жақты ашылады, «жеке тіл әлемі» пайда болады.

Демек, адам болмысындағы танымдық ақпараттың мәні коммуникативтік актінің көрініс ретінде сөзде (мәтінде), дискурста ашылады. Бұл арада коммуникацияға қатысатын жеке тұлғалардың шығармашылығы – тілдік санада биологиялық, әлеуметтік және мәдени синтездің тұтасуынан қалыптасатын ментальділіктің тіл арқылы бейнеленетін коммуникативтік әрекетінің көрінісі. Себебі, ментальдық – тек психофизикалық күш емес, немесе статикалық сипатта ғана сақталатын адами, ұлттық құндылықтар жүйесі ғана емес, олар адам санасының терең құрылымдарында тіл әлеуеті арқылы құралған ғаламның бейнесі. Бұл түпмәннің «дәнінен» коммуникация барысында өсіп шығатын ұғым мазмұны ана тілі арқылы сананың дүниетанымдық құрылымы этномәдени социумның барлық мүшелеріне жақсы таныс тілдік, символдық, аксиологиялық құбылыстармен ұқсастыру

(ассоциация) қабілеті арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан антрополингвистикалық бағыт ұстанған қазіргі тіл білімінде сөйлеу қызметі психикалық құбылыс деп саналғанмен, бірақ сөз бұл әрекетке мәдени, әлеуметтік мән беретін бастау екені атап көрсетіледі.

Осымен байланысты белгілі тіл тұлғаларының сөзін тек көркем дискурсқа ғана қатысты бағаламай, публицистикалық, ғылыми, іскери, саяси, т.б. дискурс түрлеріне тікелей қатысты тіл – адам, тіл-қоғам, тіл-мәдениет, тіл-ұлт т.б. контекстер тоғысындағы тілдегі адам әрекеті мен болмысының функционалдық, прагматикалық, танымдық, шығармашылық сипатын тұлғалық, феномендік тұрғыдан айқындаудың өзектілігі ерекше. Бұл бағыт сөздің коммуникативтік қызметін талдайтын лингвистикалық, филологиялық әдістеме шеңберінен асып, интеграциялық, адамтанымдық меженің «тіл – таным өзегі» деген қисынына сай өріс алуда. Ал оның лингвофилософиялық қағидасы іспетті рухани көсеміміз А.Байтұрсынұлының: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген тұжырымы белгіленіп, қазіргі тілді зерттеудің антропоөзектік бағыттың бағдары ретінде айқындалып отыр.

Олай болса, сөз құдіретінің коммуникативтік болмысын зерттеуші, танытушы тілдік тұлғаның көзқарасы мен танымдық әлемін адресантқа (аудиторияға, дәріс тыңдаушыларға, зерттеушілерге т.б. шаршы топқа) аңғарту, ықпал ету, экспрессивті тұрғыдан санасына әсер ету, рухын көтеру т.б. мақсаттағы тілдік тұлғаның «өзіндік ғаламын» оның мәтін (сөз) арқылы жеткізудің қазығы ретінде қазақ сөзі құдіретінің әлеуетін қалай анықтаймыз?

«Тілде құдірет, сөзде кие бар» деп ұққан қазақ халқы сөзді «өнер» деп танып, оны қашанда жоғары бағалаған. Қазақ сөзінің қолданысын өрнектейтін сөз айшығын, мазмұнындағы әлеуеті мен қуатын ашу тілдік тұлғадан сөздің тылсым күшін жаратылысынан тамыр тартқан ерекше қабілетімен сезінетін айрықша зерденің табылуын қажет етеді. Бұл – кез-келген тұлғаның ойынан табыла бермейтін дара қасиет. Осындай сөздің табиғатын тіл иесінің болмысымен тығыз байланысты түсіндіруге еңбектері, ерекше сөзі дәйек болатын санаулы сөз зергерінің бірі – академик Зейнолла Қабдолов.

Сөзі өнер деп ұққан ата-баба тілінің «сөз әлемін» игеріп, танытуға, жетілдіруге бар ғұмырын арнаған ұлағатты ұстаз, бірегей болмысты ғалым З. Қабдоловтың қазақ сөзінің көркемдігі мен қазақтың шешендік өнерін, сөз шеберлігін танытқан еңбектері қазақ руханиятында өзінің тың тұжырымдарымен айрықша орын алып, зиялы қауым тарапынан ғана емес, сөз қадірін түсінетін кез-келген қоғам мүшесі, тіл иесі тарапынан да жоғары бағасын алғаны белгілі.

Қазіргі қоғамдағы қиын да күрделі мәселелердің күрмеуін шешуде сөз киесі, дархан болмысы арқылы қисынын табатын «Жаңа Қазақстан» құрудың мазмұнын белгілейтін төл мәдениетінің қазығы ретіндегі қазақ сөзінің рухани мұрагерлік құдіретін көркемдік санада жаңғырту, ел игілігіне жарату, рухын көтеруге ықпал ететін З. Қабдолов тектес тұлғалардың тілін жаңаша танудың өзектілігі артып отыр.

А. Байтұрсынұлы көрсеткендей: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарар. Мұның барын жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадырынша жарайды [1, 242]. Ақаңның: «тілдің міндеті ...жарар» дегені – тілдің ішкі мүмкіншілігін аша білу, ал «жұмсай білетін адамы болса» дегені – тілдің қолданыстық үдерісінде жеке адамдардың шығармашылығының маңызы деп түсінеміз. Бұл мәселе қазақ филологиясында лингвостилистика, лингвопоэтика мәселелері ретінде Қ.Жұмалиевтің, Р.Сыздықтың, Қ.Өмірәлиевтің, Х.Нұрмұхановтың еңбектерінде қаламгер тілінің жалпы сипаты мен шығармашылық ерекшелігін бейнелейтін көріктеу амал-тәсілдерін шебер қолдануға байланысты сөз болғаны белгілі. Ал сөз құдіретін талдауға қатысты сөз зергері Ғ.Мүсіреповтің «Сөз сөзге жарығын түсіреді» деген қағидасынан қазіргі адамтанымдық бағытқа байланысты бастау көздерді байқауға болады. Сөйлеу тілдің әрекет үстіндегі көрінісі мен сөздің табиғатын сөз иесінің болмысымен тығыз байланыста зерттеуге мүмкіншілік беретін сол тілді тұтынушы этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының асыл қазынасы, тарихи-мәдени ақпаратты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, сақтаушы, іске асырушы және қайта құрушы құрал ретіндегі тілдің өз

бойындағы ішкі әлеуеті. Оған мүмкіншілік беретін тілді, тіл иесінің сөзін адами, әлеуметтік, биопсихикалық, когнитивтік құбылыс ретінде танытын жаңа парадигма – лингвосинергетикалық парадигма. Былайша айтқанда, адам болмысы мен әрекетіне сәйкес тұтастықтың өзегін іштей ұйымдасқан қуат, ақпарат көзі ретінде оны одан әрі дамытып, өзгеруге апаратын сөз арқылы тануға болады.

Тіл біліміне жаратылыстану ілімдері саласынан ауысқан синергетика терминінің ұғымына сай (грек. *synergikos* – «біріккен әрекет», «ықпал», «жер»); тілдік жүйенің синергиясы бір-бірімен тығыз байланысты екі бастаудан (генерация (жасампаздық) және диссипация (шашырату, тарату) тұрып, тілдік-ақпараттық кеңістіктің ұлғайтушы және таратушы көзі ретінде танылады. Осы екі көздің диалектикалық бірлік және тіл иесі әрекетіне орай тілдің даму үдерісі туғызған флуктуация (тербеліс, ауысу) ықпалымен хаостық сипатқа сай жаңару құбылысы тілдің коммуникативтік мәнін жаңа деңгейге көтеріп, оның қалыпты жүйесін қалыптан тыс, ашық, динамикалық күйде жаңғыртады [2, 12-13].

Оның бастау көзі ретіндегі В. фон Гумбольдттің «тілді адам рухын бейнелеудің тәсілі, сөйлеуді рух қызметін көрсетудің түрі» деп санаған тұжырымына сай академик З. Қабдолов шығармашылық тілі толық зерттеу дәйегі бола алады.

Жалпы В. фон Гумбольдттің қолданысындағы «рух» сөзінің ұғымы табиғатқа, адамға әсері бар сырттан келетін тылсым күш емес, тіл иесінің, тұлғаның жан дүниесіндегі ішкі қуаты, ақыл-ойымен байланысты екені белгілі. Сол ішкі рухани күш арқылы тұлғаның бейнелеуіштік, танымдық, шығармашылық қабілеті тілде бекітіліп, сөздің синергиясын күшейтеді. Сондықтан В. фон Гумбольдт тіл мен рухтың тіркесін адамның сөйлеу қызметімен байланыстырып, тілді әрекет («энергия») деп анықтайды [3].

Осы тұрғыдан қарастырылатын академик З.Қабдолов сынды тұлға тілінің құрылымындағы элементтердің бір бүтінге айналуы олардың іштей реттелетін, коэволюциялық дамуына, синергиялық болмысына байланысты. Тілдік жүйеде қалыптасқан коммуникативтік бағыттан тыс бифуркация деп аталатын синергетикалық үдеріс айтулы тұлғалардың сөзінде жаңа сапалық мәннің күшеюін көрсетеді (жаңа дискурс, жаңа қолданыстар, авторлық, экспрессивті метафоралар, перифраздар т.б.).

Сонымен, сөз әлеуетін танымдық, шығармашылық ашық жүйеде анықтап, сөз құдіретін танытуда сөз бойындағы синергиялық желінің жасампаздыққа жалғастырған академик З.Қабдоловтың шығармашылық тілін лингвосинергетикалық парадигмада кешенді сипатта қарастырылуының болашағын бағдарлаймыз.

Бұған дәйек болатын тыңдаушыны я оқырманды рухтандырушы көркем, поэтикалық, танымдық сөз қуатының синергиясын ашқан заманауи қазақ шешендерінің сапындағы сөз зергері З.Қабдоловтың «қасаң академизмнен аулақ» (баспагер С.Әбдірайымов сөзі), қалыпқа сыймайтын, ашық жүйедегі еңбектері («Сөз өнері», «Көзқарас» т.б.), түрлі шаршы топ алдындағы сөздері. [4] Ал олардың нақты ғылыми-талдамалық үлгілері болашақтың еншісінде деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынұлы. А. Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017.
2. Манкеева. Ж. Қазақ сөзінің синергиясы. – Алматы, 2021.
3. Гумбольдт В. О размышлении строения человеческих языков и влияние на духовное развитие человеческого рода. – М., 1964.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002; Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы; Қабдолов З. Арна (зерттеу-сын-эссе). – Алматы: Жазушы, 1988 т.б.

ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ ҚАРАҚАЛПАҚ ХАЛҚЫНА БЫҚПАЛЫ

Шийрин Смамутова

*Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті, қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының философия докторы (PhD)
Нүкіс қ., Өзбекстан*

Зейнолла Қабдоловты қарақалпақ ғалымдарының білмейтіні аз. Әр сөзін әдемі өрнектеп, сөздің майын ағызып, балын тамызып сөйлейтін ақынжанды, біртуар ғалым жайлы тамаша естеліктері аз емес. Қарақалпақ әдебиетінің көрнекті әдебиетші ғалымдары академик Х.Хамидов, А.Дәулетов, профессор Қ.Оразымбетов, К.Алламбергенов, Қ.Жәрімбетовтар кемеңгер ғалыммен дастархандас болып, оның әдебиет жайлы шешіле сөйлеген шешендігін жыр етіп айтып отырады. Әдебиеттің сөз өнері екендігін З.Қабдоловтан артық мөлдірете жеткізген адам жоқ екендігін мойындайды.

Ұстаздық пен ғалымдықты, зерттеушілік пен сыншылықты қатар дамытқан ұлы тұлғаның шығармашылығымен, адамилық болмысымен оқушылық дәуірден таныспын. Өзім қарақалпақ қызымын, кең байтақ қарақалпақ даласының қазақтар тығыз орналасқан ауылында туып-өскендіктен қазақ сыныбында оқыдым. Қазақ тілі менің екінші ана тіліме айналды. Қазақ әдебиеті мен мәдениетіне ғашық болып өстім. 8-сыныпта қазақ тілі және әдебиеті пәнінен пән олимпиадасына қатысып, жүлделі орынға ие болғаным бар. Алғашқы жетістігіме баладай қуанған қазақ тілінен дәріс беретін ұстазым Балтабай аға Айдаралиев қолыма З.Қабдоловтың «Сөз өнері» атты кітабын сыйға тартты. Содан бастап, Зейнолла Қабдолов менің рухани серігіме, ұстазыма айналды.

З.Қабдоловтың мектеп қабырғасында жүріп халық ақындарының айтысына қатысқаны, өз қабілетін ғылыми - зерттеу жұмыстарында сынағаны туралы мәліметтерді оқып қанаттандым. Мен де оқушылық дәуірден өлең, публицистикалық мақалалар жаза бастадым. Жазушының «Ұшқын», «Жалын», соңынан 1974-жылы «Біз жанбасақ» деген ортақ атпен қайтадан шыққан кітабын жастана оқыдым. Мұнайлы өлкенің мол тынысы, қажырлы адамдары, қиындыққа мойымайтын жігері, қатыгез табиғаттың шыңырауында қазына көзін табушы нағыз батыр адамдары маған етене жақын адамдардай сезілетін.

Зейнолла Қабдолов ағамның дидарын көру бақыты маған студент дәуірімде бұйырды. Өткен ғасырдың 80-90 жылдары қазақ ғалымдары біз оқыған Нөкіс педагогикалық институтының қазақ филологиясы бөлімі студенттеріне келіп лекция оқу дәстүрі бар еді, Одақ ыдыраған соң бұл үзіліске түсіп қалды. Зейнолла ағайдың қоңыр әдемі дауысы, күлімдеген жүзі көз алдымда. Оның лекциясын тындап отырғанда бүкіл аудиторияның атмосферасы өзгеріп шыға келетін, Алматы көшіп келгендей жайраңдап сала беретінбіз, қазақ даласын кезіп кететінбіз... Аузынан төгілген сөз емес, сұлу саз сияқты жанымызды тербейтін. Сырттай етене таныс, шығармаларына сусындап өскеніммен ауылдан шыққан ұяң қыз болғаным үшін, елпілдеп жанына барып, жақын араласпағаным әлі өкінемін. Ағайымызды әлі талай көреміз ғой, лекцияларын тындаймыз ғой деген ой болатын, бірақ алғашқысы да, соңғысы да сол боларын білсемші, әттең...

Зейнолла Қабдолов – жазушы, ғалым, теоретик, талай ғылыми-зерттеу еңбектері мен оқулықтардың авторы, ғылым докторы, тәжірибелі ұстаз ретінде ғана емес, азаматтықтың биік идеалы ретінде санамызда қалды. Оның ұстаздары Мұхтар Әуезов, Қажым Жұмалиев жайлы марқайып, мақтанып айтатын салмақты пікірлері үлкен тәрбие екен. Жақсының жақсылығын айту, ұлыларын ұлықтау нағыз азаматтың ісі деп ойлаймын.

Сөз зергерінің «Әдебиет теориясының негіздері», «Жанр ерекшелігі», «Сөз өнері» атты еңбектеріне осы күнге дейін үніліп, су астынан маржан іздегендей құныға оқимыз. Еңбектерінің қай-қайсысы болсын, көркем әдебиет туындылары іспеттес өз ішіне тартып, сені олжасыз қайтармайды. Жаңа бір тың пікірлер мен идеяларға жол сілтеп отырады, ғалымның жазғанының, еңбегінің құны осы емес пе?...

Зейнолла Қабдоловтың «Жебе» деп аталатын жеке томдығында әдебиеттің теориялық мәселелері, шеберлік жайлы зерттеулері мен талдаулары, толғаныс, тебіреністері, тұстастары мен ұстаздарға арналған естелік-сырлары, замандас тұлғасы жайлы парасатты ойларын тамаша өрнектейді. Сол арқылы өзінің де сол ұлылардың сапына қосылғанын іспен дәлелдеп тұрған сияқты. «Менің Өуезовім» атты шығармасының болмысы да ерекше. «З.Қабдоловтың әсемдік әлемі сұлу, әдемі, келісті. З.Қабдолов әлемінің эстетикалық категориялары – еліміздің мәдени-әлеуметтік құндылықтарының асыл қорына қосылған мазмұнды да мәнді интеллектуалдық байлық».

Бір кездері ұлылар тұрып лекция дәрістерін оқыған мінберге қазір біз көтерілдік. Зейнолла ағаймен үзеңгілес, замандас болған, тіпті оған шәкірт тұтынған біздің ұстаздарымыз Ж.Қайырбаев, Е.Мергенбаев, Қ.Жұмажанов, Қ.Аралбаевтар да бүгін арамызда жоқ. XX ғасырдың осындай ұлылар жиналған үлкен керуені бабалар кеткен ұлы керуенге ұласты.

Біз қазір жаңа ғасырдың жаңа адамдары, ғалымдарымыз. Көшіміз де көлігіміз де жаңа. Бізге тарих қалай баға береді, әрине, ол келешектің еншісінде. Бірақ, сол бұрынғы ұстаздар бастаған дәстүрді жалғастыру, екі халық, ұлт арасындағы достық, әдеби байланыстарды нығайту, келешек ұрпаққа аманаттау борышымыз екенін сезінемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дәдебаев Ж. З.Қабдоловтың әсемдік әлемі. III Қабдолов оқулары. Қазіргі әдебиеттану мен фольклористиканың теориялық және методикалық мәселелері. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.

2. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. Екінші том. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2003.

ZEYNOLLA KABDOLOV'UN NÂZIM HİKMET ÇEVİRİLERİ

Лютфие Гювенш

Erciyes Universitesi PhD докторы, түрік тілі мен әдебиетінің профессоры, Түркия

Sanat, toplumun anlayış ve zevkine göre yaratılır. Buna paralel olarak sanat eseri, kendisini yaratan toplumun anlayışını ve zevkini yansıtır. Sanatın önemli bir dalı olan edebiyat da toplumu anlatır, topluma ayna görevi görür. Edebî eserler, onları yaratan toplumun özelliklerinden ve şartlarından ayrı düşünülemez. Edebî eserleri ortaya koyan yazarlar da içinde yaşadıkları toplumdan etkilenir, toplumu yansıtan metinleri kaleme alırlar. Yazarlar, her sanatçı gibi hassas insanlardır. Diğer insanların göremediklerini görür, hissedemediklerini hissederler. Bazen toplumun diğer fertlerinin de gördüğü, hissettiği ama dile getiremediği şeyleri dile getirirler. Bazen de toplumun sorunlarını anlatarak bunlara çözüm ararlar. Yazarlar, yaşadıkları dönemin olumlu veya olumsuz yanlarını, gelişmelerini hem kendi çağlarına hem de kendilerinden sonraki çağlara eserleri vasıtasıyla aktarırlar. Bu açıdan edebiyat ürünlerinin konusu toplumdaki her şey olabilir. Bu konular arasında politika ve ideoloji de vardır.

Türk edebiyatında tarih boyunca birçok yazar, toplumun sorunlarını eserleri vasıtasıyla ortaya koymuş, bu sorunlara çözüm aramaya çalışmış; dolayısıyla da sosyal konuları ele alan metinler yazmıştır. Bu metinler aynı zamanda politik ve ideolojik özellikler taşır. Böyle metinleri ortaya koyan yazarlardan biri de Nâzım Hikmet'tir. Nâzım Hikmet hayatı boyunca edebiyatçı ve sanatçı olduğu kadar politik kişiliğiyle de ön planda olmuştur.

Nâzım Hikmet, 1902'de Selanik'te dünyaya gelmiş, 1920'de bir gazetenin düzenlediği yarışmada "Bir Dakika" adlı şiiriyle birincilik kazanmıştır. İstanbul'un işgal altında olduğu günlerde Türk milletinin direnişine destek olan şiirler yazmıştır. Kitapları çok sayıda dile çevrilen Nâzım Hikmet, Türkiye dışında pek çok uluslararası kongreye de katılmıştır. Siyasi görüşlerinden

dolayı hayatının uzun yıllarını hapiste ve yurtdışında geçirmiştir. 3 Haziran 1963'te kalp krizi sebebiyle vefat etmiş ve öldüğü Moskova'da toprağa verilmiştir.

Nâzım Hikmet, ilk şiirlerini hece ölçüsüyle yazmıştır. Moskova'da yaşadığı yıllarda özellikle "gelecekçilik (fütürizm)" akımının önemli isimlerinden Mayakovski'nin etkisiyle serbest biçimde, toplumsal içerikli şiirler yazmaya başlamıştır.

Onun şiirleri, sadece içerik özellikleriyle değil, biçim özellikleriyle de geleneksel Türk şiir anlayışından farklılık gösterirler. "835 Satır" adlı şiir kitabı edebiyat çevrelerinde büyük şaşkınlık yaratmış, dönemin ünlü şairleri Ahmet Haşım, Yakup Kadri gibi kişiler Nâzım'dan övgüyle söz etmişlerdir. O, 1936'ya kadar yayımlanan kitaplarıyla Türk şiirinde köklü değişiklikler yapmış; çağdaş Türk şiiri içinde geleneksel şiir anlayışını -Divan ve halk şiiri özelliklerini- eritmeyi başarmıştır. Nâzım Hikmet, yaşadığı topluma her zaman duyarlı bir şair olmuştur. Türk Kurtuluş Savaşı yıllarında Kuvayı Milliye Destanı ile işgale karşı çıkan ulusal güçlere destek vermeye çalışan, vatansever Türk halkının büyük kahramanlığını anlatan Nâzım; halkının ekonomik, sosyal, siyasi vb. sorunlarıyla da ilgilenmiş ve toplumu ilerletmeyi, haksızlıklara karşı çıkmayı amaçlayan eserler de kaleme almıştır. Toplumu ilerletme, insan haklarına dayalı bir sosyal düzen oluşturma fikri onda çok ileri bir noktaya taşınmış, toplum için kendini feda edecek dereceye ulaşmıştır. O, kendisine bu işlerden vaz geçmesini söyleyen arkadaşlarına "Kerem Gibi" şiirini yazarak cevap vermiştir. Toplumun karanlıklarının aydınlığa çıkması için aydın insanın yanması gerektiğini söylemiştir. Şiir şu şekildedir:

Kerem Gibi
Hava kuşun gibi ağır!
Bağır
bağır
bağır
bağırıyorum.
Koşun
Kurşun
erit-
-meğe
çağırıyorum...
O diyor ki bana:
- Sen kendi sesinle kül olursun ey!
Kerem
gibi
yana
yana...
«Deeert
çok,
hemdert
yok»
Yüreklerin
kulakları
sağır...
hava kurşun gibi ağır...
Ben diyorum ki, ona:
- Kül olayım
Kerem
gibi
yana
yana.
Ben yanmasam
sen yanmasan

biz yanmasak,
nasıl
çıkarsın
karan-
lıklar
aydın-
lığa
Hava toprak gibi gebe.
Hava kurşun gibi ağır.
Bağır
bağır
bağır
bağırıyorum.
Koşun
Kurşun
erit-
meğe
çağırıyorum...

Şiirin adı Kerem İle Aslı hikâyesine dayanmaktadır. Bu klasik aşk hikâyesinde Kerem, yıllarca Aslı'ya kavuşmak için acı ve sıkıntılara katlanır. Tam kavuştuğunu sandığı düğün gecesinde Aslı'nın giydiği gelinliğin sihirli olması nedeniyle düğmelerini çözemez. Bundan dolayı çok üzülür, "ah" çeker ve bu ahın ateşiyle Aslı'ya kavuşmadan yanarak kül olur. Nâzım bu hikâyeyi hatırlatarak toplumda istenen adalet düzeni kurulamasa bile Kerem gibi yanmaktan söz etmiştir. Aydın insanlara toplumun mutluluğu ve refahı için kendini feda etme fikrini vererek toplumun uyanması ve haksızlıklara başkaldırması için çağrıda bulunmuştur. Ona göre insanlığın aydınlanması için bazı aydınların çeşitli zorluk ve sıkıntılara katlanması gerekmektedir. Ama bazı aydınlar bu zorluk ve sıkıntılara yabancıdırlar. Şiirde geçen "o diyor ki bana" ifadesinde geçen "o" ülkenin sorunlarını bilen ancak sessiz kalmayı tercih eden aydınlardır; şairin bu işlerden vaz geçmesini söyleyen arkadaşlarıdır. Fakat Nâzım toplumu uyandırmayı ve mücadeleye çağırmayı hayatı boyunca kendisine görev edinmiştir. Zaten gerçek hayatı da hapisanelerde ve gözetim altında geçmiştir. Kerem Gibi şiiri serbest nazım tekniğiyle yazılmıştır. Şiirin hem şekli hem de konusu orijinaldir. Bazı kelimeler tekrar edilerek (ağır, bağır, yana yana) şiirde hem ahenk sağlanmış hem de anlam güçlendirilmiştir. Bu şiir yenilikler açısından zengin olduğu kadar klasik Türk edebiyatına ait özellikler taşıması açısından da önemlidir: Şair Fuzuli'nin mısralarını hatırlatması, Kerem ile Aslı adlı halk hikâyesine yer vermesi gibi. Bu şiirde "hava kurşun gibi ağır" olmasına, "yüreklerin kulakları sağır" olmasına rağmen şair umutludur. Gökyüzünde güneş yoktur, bazı aydınlar ülkenin sorunlarına duyarsız görünmektedir ama aynı zamanda hava "toprak gibi gebe"dir. Yani şairin savunduğu fikirlerin hayat bulması ve doğması çok yakındır.

Nâzım Hikmet'in Türk Edebiyatı yazarları arasındaki etkisi büyük olmuş, kendisini izleyen genç şairler de serbest şiire yönelmişler, onun şiirlerini örnek alan eserler kaleme almışlardır. Nâzım Hikmet Türk Edebiyatı dışında da etkisi büyük olan bir şairdir. Ondan etkilenenlerden biri de değerli Kazak sanatçısı ve yazarı Zeynolla Kabdolov'dur.

Kabdolov nesir türünde çok sayıda eser yazmıştır. Onun 1967'de ödül kazanan ve Kazak Edebiyatına damga vuran Sönmeyen Ateş adlı oyunu çok beğenilmiştir. Bu eser, yarattığı Kaben, Sardar, Taiman gibi karakterlerle sosyal mesajlar vermiştir. Kabdolov'un Kaben karakteri, toplumu için kendini feda etmeye hazır olan aydın insanın temsilcisidir. Sardar ise bir petrol işçisi olarak Kaben'in yanında olumlu bir karakterdir.

Bu oyunun başında açış konuşması Nâzım Hikmet'in Kerem Gibi şiirinin serbest çevirisidir.

“Мен жанбасам лапылдап,
Сен жанбасаң лапылдап,
Біз жанбасақ лапылдап

Аспан қалай ашылмақ?"

“Ben yanmasam

Sen yanmasan,

Biz yanmasak,

Gökyüzü nasıl açılacak?"

Kabdolov bu çeviriyi serbest biçimde ve olması gerektiği gibi anlam çevirisi yoluyla yapmıştır. Sözlük anlamı dışında metnin anlamına göre yaptığı tercüme, eserinin verdiği mesaj bakımından da isabetli olmuştur. Bu eserin Kaben karakteri çerçevesinde verdiği mesaj, insanın sadece hayatta kalmak için değil, insana layık bir hayat yaşamak için yollar araması, her zaman uyanık kalması ve durup dinlenmeden bunun için mücadele etmesi gerektiğidir. Ona göre “Göğüsler tutkulu ateşle heyecanlandırılmalı, enerjiyle kıvılcımlanmalı, amaç için uğraş verilmelidir. Her kişinin, ışığın yanması, parlaması için sadece bir defa yanmaya ihtiyacı vardır. Bu karakterin olmadığı yerlerde, gelecekle ilgili hiçbir şey olamaz.” O, insanın hayatta iz bırakması için de, hayatının anlamlı olması ve toplumun değişmesi için de mücadele etmesi gerektiği fikrindedir. Eğer mücadele olmazsa, insan kendisinden sonraya iz bırakmazsa yaşaması ve ölmesi arasında fark yoktur. Şu mısralar bu fikri ifade etmektedir:

“Ұйықтап өтсең өмірінде,

Ұйқың ешбір қанбаса

Тірлігіңне, өлгеніңне,

Ешбіріңіз қалмаса?"

“Hayatını uyuyarak geçiriyorsan,

Uykun eğer kanamıyorsa

Yaşaman ne, ölmen ne,

Hiç izin kalmasa?"

Zeynolla Kabdolov, Nâzım Hikmet'ten önemli bir çeviri daha yapmıştır. Bu da 1935 yılında şehir tiyatrolarında sahneye konan “Unutulan Adam” adlı oyundur. Bu çeviri de insan ve toplum hayatı için önemli mesajlar içeren bir metindir. Unutulan Adam, çok başarılı ve ünlü bir doktordur. Genç karısı onunla parası için evlenmiştir ve onu asistanı ile aldatmaktadır. Doktorun kızı ise evli bir adamdan hamile kalır ve gayrimeşru çocuğu doğurmak istemeyerek babasından kendisini küretaj yapmasını ister. Doktor küretaj sırasında yanlışlıkla kızının ölümüne sebep olur, vicdan azabı çekerek kendisini ihbar eder ve hapse girer. Hapisten çıktıktan sonra kendisinin unutulduğunu acı şekilde fark eder. Hatta onu her gün tıraş eden berber, ameliyat ettiği hastalar bile kendisini tanımamışlardır. Doktor, bütün bunları ölen kızıyla konuşur gibi anlatmış ve şu cümleleri söylemiştir: “Herkes unutmuş beni, unuttu kızım. Unutulmuşum; ne çabuk! Kitapçı camekânlarına baktım. Yalnız birinde tek bir kitabım duruyor. Onu da kitapçı orada unutmuş kızım!”. Unutulan Adam, toplumun unuttuğu bir doktorun dramıdır. Ama toplumdaki insanlara şöhretin, malın mülkün, mesleklerin kalıcı olmadığı; herkesin ve her şeyin unutulmaya mahkûm olduğunu anlatır. Tarih içinde binlerce yıldır milyonlarca insan var ve yok olmuş, hayatlar son bulmuş ve unutulmuştur. Yok olmak ve unutulmak aslında her insanın yüzleşmesi, kabul etmesi gereken bir gerçektir ki bu eser bize bunu hatırlatır. Meşhur sözdür: Sizi tanıyan son insan öldüğünde hiç yaşamamış olursunuz!

Bir edebî metin mutlaka başka metinlerle ilişkilidir, kendisinden önce yazılmış metinlerden izler taşır, etkilenir. Kendisinden sonraki metinlere de ışık olur. Sonuç olarak; Nâzım Hikmet ve Zeynolla Kabdolov iki büyük edebiyatçı, iki büyük fikir adamıdır. Kabdolov'un bu çevirileri metinler arası etkileşim bakımından çok önemli olduğu gibi iki kardeş halk olan Kazak ve Türkiye Türklerinin etkileşimi bakımından da önemlidir.

Dinlediğiniziçinteşekküderim.

ІРІ ҒАЛЫМ ІЗДЕРІ

Нағбду Қамарова

*Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан*

Зейнолла Қабдолов десе, ұлттық әдебиеттің тарихы мен теориясының аса күрделі мәселелерін түбегейлі зерттеген ғалым, біртуар тұлға ойға оралады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның Халық жазушысы Зейнолла Қабдолов ұзақ жылдар әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің әдебиет кафедрасын басқарды. ҚазҰУ-мен З.Қабдолов есімі қатар аталады. Себебі саналы ғұмырын осы оқу орнының қарыштап дамуына арнады. Ғылыми-зерттеу еңбектерінен басқа «Ұшқын» және «Жалын» романдары мен «Адам» (1964), «Сыр» (1975) атты сырға толы әңгіме-очерктер жинақтарын, қазақтың М.Әуезов атындағы академиялық және бірнеше облыстық театрлардың сахналарында қойылған «Сөнбейтін от» драмасын дүниеге әкелді. 1972 жылы «Жалын» романы Бүкілодақтық жүлдеге ие болды. 1994 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстанның Халық Жазушысы» атағына ие болды. 1998 жылы «Менің Әуезовым» романы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Қаламгерлігі өлең жазудан басталған Зейнолла ағаның «Жайық қызы», «Туған ел» сияқты лирикалық өлеңдері әнге айналып, сол кездегі қалың көпшіліктің аузынан түспейтін әуен боп қалыптасты. Өмірінің соңына дейін ҚазМҰУ жанындағы филология ғылымының докторы дәрежесін беру жөніндегі тұрақты диссертациялық кеңестің төрағасы болды. Аударма жұмыстарымен де айналысып, А.С.Пушкиннің, Н.Гогольдің жекелеген шығармаларын, Л.Кассиль, В.Добровольский, В.Закрутиннің романдарын, А.Островскийдің, М.Горькийдің, Н.Хикметтің пьесаларын аударды.

Жазушылық, ғалымдық, ұстаздық жемісті еңбегі үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамоталарымен, «Құрмет Белгісі», Халықтар Достығы, «Парасат» ордендерімен және медальдармен марапатталды. ВЦСПС пен КСРО Жазушылар одағы, Қазақ ПЕН-клубы және Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Бірінші дәрежелі сыйлықтарының лауреаты. Қазақстан және Қырғызстан республикаларының ғылымына еңбегі сіңген қайраткер деген құрметті атақтарды иеленді. Көркем шығармалары бірнеше шетел тілдеріне аударылды.

Әдебиетімізді әлемдік деңгейге көтерген халқымыздың саңлақ суреткері, ғұлама ғалым М.Әуезовтің өмір жолы мен шығармашылық өнерін зерттеп, дәріптеуге сан жылғы ғалымдық ізденісі мен жазушылық еңбегін, күллі ұстаздық ғұмырын арнаған академик-жазушы Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі қазақ әдебиетіне қосылған қомақты дүние. Роман-эссеге арқау болған шындық құбылыстар автордың атынан баяндалады. М.Әуезовтің өмірлік мақсат-мүддесі анық, айқын: - ел мүддесін қорғау; - ұлттың рухани құндылықтарын сақтау, байыту, уағыздау; - ұлттық әдебиет мамандарын даярлау. М.Әуезовтің өмірі көпқырлы: а) қилы кезеңдерді бастан өткерді; - қуғын көрді; - азап шекті; - мұратына жетті... М.Әуезовтің қызметі көпсалалы: - жазушы; - ұстаз; - ғалым; - қоғам қайраткері. М.Әуезовтің өмірі мен қызметінің қырлары, салалары автордың көргендері мен сезгендері, көңілге түйген ойлары мен сырлары негізінде суреттеледі.

Жанры да, жарығы да бөлекше роман-эссе «Менің Әуезовім» болды. Жоғары мектептегі қызметінде де үздік жетістіктерге ие болды. Бірнеше ондаған ғылым кандидаттары мен докторларын дайындады. Академик З.Қабдолов қай еңбекті жазса да, жазып болдым, жарыққа шығардым деп жылы жауып қоймай, үнемі ізденіс, тынымсыз еңбектену үстінде жүрді. Сонау жетпісінші жылдарда басылған еңбек арада кейде үш, кейде алты-жеті жыл салынып, өзгертіліп, толықтырылып басылғандығы белгілі. Ұзақ жылдар бойғы ізденістің қорытылған нәтижесі көрініс тапқан бұл еңбекте кемеңгер ұстаз, ақыл-

ойдың кені ғұлама ғалым, көркем сөздің хас шебері М.Әуезовтің әдеби бейнесі мен адамгершілік тұлғасын жан-жақты жарқырата таныту мақсатын биік деңгейде орындаған. Кейіпкері тарихи тұлға болғандықтан көркем шығарма жанрын өмірлік деректерге сүйеніп жазылатын роман – эссе деп анықтап алуы ірі тұлға болмысын әрі ғалымдық көзқарас, әрі жазушылық дүниетаным тұрғысынан сомдауға көп мүмкіндік берген. Содан болар мұнда көркем әдебиетте қалыптасқан белгілі соқпақтардан бөлек жаңаша әдіс, тың болжам, батыл ой түйіндеулер көбірек орын алған. Әуезов өмірінің жарқын шақтары мен бұралаң соқпақты кезеңдеріне жете қанық, әрі оның көркем дүниелерінің тылсымына терең бойлаған жазушы бұл шығармада баяндайтын оқиғаларды асқан сарабалд көңілмен сұрыптайды. Бала Мұхтардан дана Мұхтарға дейін қалыптасу кезеңдеріндегі ең маңызды мәселелерді қамтиды. Бітімі өзгеше бұл туындыда эссеист өзінің аңғарғанын, көрген-білгенін, сезген-түйгенін ешбір бүкпесіз қаз-қалпында баяндай отырып, өмір материалын өнер дүниесіне айналдырады. Дәл осы шеберлік оқырман көкейіне қонып, көңілін қозғап, таным көкжиегін кеңейте түседі. Академик ғалым сөз өнерінің теориясы мен әдіснамасы саласында өзіне дейін болған, бар тәжірибелік пайымдаулардың, теориялық қисындар мен қағидалардың, сондай-ақ талдау мен жинақтаудың, байқау мен бағалаудың, саралау мен даралаудың, ойлау мен ой дамытудың барлық ұстанымдарының, әдістері мен тәсілдерінің толық білгірі ғана болып қойған жоқ, оларды өзінің зерттеу еңбегі үдерісінде асқан шеберлікпен пайдалана отырып, әдебиеттің теориясының негізін жасады, ой қорытудың, пікір түйудің, әдіснамалық ұстаным қалыптастырудың үздік үлгісін қалдырды, өзі жасаған заң аясында әдебиеттің ғылыми және практикалық мәні айрықша зор түйінді, іргелі мәселелерін ешкімге ұқсамай, дара шешті, айрықша сапалы жаңа білім берді.

Ғылыми зерттеу саласында аса жемісті еңбек еткенін атап айтуымыз керек. Ұлттық әдебиетіміздің келелі мәселелерін кеңінен сөз ететін, қазақ әдебиетінің ірі жетістіктері болып танылған «Жан сыры» (1964), «Әдебиет теориясының негіздері» (1970), «Жебе» (1977), «Мұхтар Әуезов және оның әсемдік әлемі» (1986), «Сөз өнері» (1976, 1982, 1992, 2002), «Арна» (1988), «Көзқарас» (1996) сынды еңбектері оқытушылар мен студенттердің, жазушылар мен журналистердің, жалпы оқырман қауымның қажетті кітаптарына айналды. Зейнолла Қабдолов табиғат сирек жарататын дарқан дарынды шығармашылық тұлға еді. Зейнолла Қабдоловтың қазақ ғылымы мен білімінің қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде басталған және жарты ғасырдан астам уақыт бойы сонда жалғасқан ұстаздық және шығармашылық еңбек жолы мазмұнды да мағыналы, жемісті де жеңісті, қалың қазақтың кісісі мен кішісі бірдей ғибрат тұтатын, үлгілі де өнегелі, жарық пен сәулеге, нұр мен сырға бай базарлы да баянды жол болды. Осы жолда З.Қабдолов албырт ассистенттен парасатты профессорға дейін, балаң байым белесінен дана ғалым тұғырына дейін өсіп-өркендеді, балапан қауырсынды талапкерден Халық жазушысы биігіне дейін көтерілді.

Ғалым М. Әуезов шығармашылығына бастар алғашқы танымды оның дүниеге келіп, өмір сүрген дәуірі мен туып-өскен топырағының табиғатынан, жағырапиялық бейнесінен бастайды, одан әрі біртіндеп Абай өмір дерегімен байланыстыра әңгімелейді. З. Қабдоловтың сыни пайымдарының ең бір биік, ең бір шоғырлы көрінетін тұсы - «Әуезовтың әсемдік әлемі» талдау үстінде айқын аңғарылады. Заңғар тұлғаның сұлу сөздің, арлы сөздің шынайы шебері екенін дәлелдеу үшін З. Қабдолов бірнеше амал-тәсілдерді таңдап алғандай көрінеді. Әуезовтың әсемдік әлемін ғалым - әдебиетші З. Қабдолов бірден ден қоймайды. Әуелі Әуезов сипаттаған, Әуезов әшекейлеген Семей өңірінің әсем табиғатына зер салудан, тамсанудан бастайды. Не бір сұлу салыстыруларға жүгінеді. Түп түркінін Абай - Мұхтар сабақтастығынан бастап, ақырындап тарата келе қос алыптың шығармашылық туыстығына, өзара туыстығына назар аудара толғанады. «Сіз кенет, - дейді автор - әз ағаның туған топырағын аңсап Семей астыңыз да, Қарауылдан бір-ақ шықтыңыз дейік. О, ғажап, төңірегіңіз түгел сыбыр қаға сыр шертіп, ағылтегіл ән салып қоя береді. Кәрі Шығыстың қара тастарына дейін тіл бітіп, сөйлеп кетеді. Мұхтар бетін жуған қасқа бұлақтар сылқ-сылқ күледі. Кез келген қалтарыстан ұлы жазушының қайталанбас

қаламгерлік қажырымен жасалған тірі қаһармандар шыға келетіндей жан-жағыңызға елең ете қарайсыз» [1, 46] - деп толғанады.

Әдебиет теориясының ұлттық негіздегі алғашқы бастаулары А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы», Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы», Е. Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» еңбектерінде көрініп, өзінің тарих алдындағы алғы шарттарға сай өсіп-өркендеу және жеке ғылым ретінде туу, даму жолындағы жаңа қадамдар жасауға бет алды. Бұл ірі еңбектерден соң әдебиет теориясы мәселелерінде қомақты да салмақты еңбектердің бірі әрі бірегейі – З. Қабдоловтың «Сөз өнері» («Әдебиет теориясы негіздері»). «Сөз өнері» әдебиет әлемінің бар сырын ашып, сөз өнерінің басқа өнер салаларынан артықшылықтарын дәйекті пікірлерімен дәлелдейді, әдеби туындыдағы эстетикалық пайымға да диалектиканың жан-жақтылығымен қарайды. Ондағы жүйелі теория, нақты айқындаулар, дәлелді, негізгі толғам, тұжырымға жол ашады. Бұл еңбек бірнеше рет жарық көрген және де өзгертіліп, өңделіп отырған. Бұл оқулық «Сөз өнері» деген атпен толықтырылып, өңделіп бірнеше рет басылып шыққанына қарамастан, оған деген сұраныс өте жоғары болды. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы жарық көргенде де жұртшылық жамырай таратып алып кетті.

З.Қабдолов әуелі әдебиеттің өзін, сосын әдебиеттің барша қадір-қасиетін, жарқырап көрінетін нақты – әдеби шығарманы, ең соңында даму, құбылту үстіндегі әдебиетті – әдеби процесті қарастырады. Бұл автордың алдына қойған: біріншіден, «әдебиеттің теориясын оның практикамен байланыстыру», екіншіден, «теориялық толғамдарды жазушылық шеберлік мәселесімен, қажет жағдайда қаламгерлік өнердің қиын иірімдерімен ұштастыра, көркем творчествоның психологиясымен байланыстыра жүйелеу» мақсатындағы екі өзекті міндеттің екеуін де ойдағыдай жүзеге асырып шығуына қолайлы жағдай жасаған. З. Қабдолов әдебиеттің қоғамдық мәнін, халықтық, ұлттық сипатын оның қондырмалық сипатынан өрбітеді. Сол арқылы әдебиеттің әлеуметтік сипаттарының тектік бірлігі мен түрлік әр алуандығын – өзара байланыстарын саралап түсіндіреді. Автордың әдебиеттің мұндай өрелі категорияларын өзара сабақтастыра қарауы аталмыш ұғымдарды бұрынғы оқулықтарда ұшырасып жүрген схоластикалық түсініктемелер мен екіұштылықтарынан арылтып, ғылыми негізге орнықты, логикалық дәлелі дәйекті, көңілге қонымды анықтамаларға ие еткен.

Әсемдік – сөз өнерінің аса айрықша және маңызды сапалық қасиеттерінің бірі. Сөз өнеріндегі әсемдіктің тегі мен түрі, тарихи даму заңдылықтары, құрамдас бөліктері, қоғамдық мәні, мәдени-әлеуметтік қызметі – сөз өнері туралы ғылымның, басқаша айтқанда, әдебиеттанудың бірден-бір зерттеу пәні. Сөз өнерін, жалпы өнер жайын зерттеуші ғалымдар әсемдік пен әдемілік туралы ойларын біздің дәуірімізден бұрынғы ғасырлардан бастап таратады. «Адам баласының, соған сабақтас көркемдік пен көріксіздік, ерлік пен ездік, жақсылық пен жамандық, білімдарлық пен надандық туралы талаптары тіпті б.э.б. 3-2 мыңыншы жылдарда туып, тұрлаулы ұғымға айнала бастаған» [2, 58], - деп жазады З.Қабдолов. Әдебиеттегі әсемдік пен әдемілік туралы талаптар мен ұғымдар ерте-ертеден бүгінгі заманымызға дейін ұдайы даму үстінде. Бірақ әдебиеттегі әсемдік пен әдемілік туралы талаптар мен ұғымдардың дамуы бір басқа да, сол даму негізінде жасалған теория бір басқа. З.Қабдолов әдебиетке, жалпы өнерге тән әсемдік пен әдемілік хақындағы қағидалардың ерте дәуірден бүгінге дейінгі даму заңдылықтары негізінде қазақ сөз өнерінің жаңа теориясын жасады. Әдебиеттану - табиғаты тамаша ғылым. Оның ерекшелігі негізіндегі жарығы пен жылуында. Әдебиеттануға әркімнің де таласы бар. Оған біреу талантымен келеді, біреу талабымен келеді, енді біреу әуестікпен келеді. Содан олардың әрқайсысы өз көзіне лайықты жарық, өз көңіліне лайықты жылу тауып алған болып жүреді. Бірақ олардың табиғаты өзгермейді: талант талантын ашады, талапты талабын ұштайды, әуесқой әуесқой қалпын сақтайды.

«Әдебиеттегі әсемдік пен әдемілік туралы талаптар мен ұғымдар ерте-ертеден бүгінгі заманымызға дейін ұдайы даму үстінде. Бірақ әдебиеттегі әсемдік пен әдемілік туралы талаптар мен ұғымдардың дамуы бір басқа да, сол даму негізінде жасалған теория

бір басқа. З.Қабдолов әдебиетке, жалпы өнерге тән әсемдік пен әдемілік жақындағы қағидалардың ерте дәуірден бүгінге дейінгі даму заңдылықтары негізінде қазақ сөз өнерінің жаңа теориясын жасады» [3, 170], - деп бағалайды белгілі ғалым Ж.Дәдебаев. Әдебиетті әдебиеттанудан немесе әдебиеттануды әдебиеттен бөліп қарау қандай қолайсыз іс болса, әдебиет пен әдебиеттануды эстетикадан тыс қарау да сондай парықсыз, тіпті жарықсыз талпыныстардың қатарына жатады. Өйткені көркем әдебиет қаламгердің өмір шындықтарына эстетикалық қатынасының нәтижесі болса, әдебиеттану әдебиеттенушының әдебиетке деген эстетикалық қатынасының көрінісі. Сондықтан да эстетиканың басты категорияларының қасиеттері түгелдей әдебиеттану категорияларына да тән. Олар эстетика үшін де, әдебиеттану үшін де әдебиеттің көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін, көркемдік-эстетикалық даму заңдылықтарын зерттеу мен зерделеудің негізі болып табылады. З.Қабдоловтың әсемдік әлемінің категориялары - өмір шындығынан өнер туындасын жасау заңдылықтарының ғылыми таным тұрғысынан пайымдалған көрінісі. Соған орай З.Қабдоловтың әсемдік әлемінің категориялары мен өмір шындығынан өнер туындысын жасау заңдылықтары өзара тығыз байланыстағы процестер қатарына жатады. Бұл ретте мынаны ескеруге тура келеді: өмір шындығынан өнер шындығын жасау заңдылықтары - біздің санамыздан тыс тыс тұрған объективті құбылыс. Адам санасы, зерттеуші зердесі бұл заңдылықтарды тану жолында ұдайы қызмет етеді. Жеке суреткердің әсемдік әлемі жалпы емес, жалқы құбылыстардың қатарына жатады. Сөйте тұра оның болмысын жалпыдан бөле-жарып алып тану мүмкін емес. Жекенің - жалпыға, жалпының жекеге қатынасын, жекенің табиғатындағы жалпының жайын, жалпының құрамындағы жекенің халін тарихи таным аясында таразылағанда ғана дәйекті тұжырымдар жасауға болады. З.Қабдоловтың әсемдік әлемінің категорияларына келетін болсақ, олардың болмыс-бітімі тектес басқа құбылыстардың ешбіріне ұқсамайды, жалқы сипатымен ерекшеленеді: жалқы, дара, дамиды, толысады, жетіледі. Сондықтан оларды тарихи ұстаным тұрғысынан қарастыруға тура келеді. Тарихи ұстаным тұрғысынан қарастыру құбылысты жеке-дара алып пайымдау дегенді білдірмейді.

«Зейнолла – педагог-ғалым. Оның шәкірттері біреу де емес, бір ВУЗ-дың жеткіншектері. Түбі олардан біреу шыға ма, ол бота тірсек бозбаланың маңдайына ғана емес, ұстаздың еңбегіне, береріне де байланысты...» деген жазушы Ғабит Мүсірепов сөзі ұлы тұлғаның бірнеше мыңдаған шәкірті республиканың түкпір-түкпірінде, шетелдерде ұстаз алдындағы парызын өтеп жүргенін – халқына, еліне адал еңбек етіп жүргенін көрсеткендей. Абзал ағаның дәріс берген шәкірт-ғалымдары бүгінде ұстаз еңбегін ғылыми жетістіктерімен дәлелдеуде. «...Зекеңнің әрбір сөзі, әрбір сөйлемі айтулы зергердің қолынан шыққан мінсіз алтын бұйымдай сәуле шашып, жаныңа нұр сеуіп тұрады. Зекеңдей ұстазы бар біз бақытты буынбыз. Зекеңдей перзенті болу біздің халқымыздың бақыттылығы» [4, 45], - деп әдебиет зертеушісі Қабболла Сыдиқыұлының айтып кеткен сөзі Зейнолла ағаның ағалық ақылы мен шығармашылық өнегесі, адамгершілік қасиеті бәрімізге үлгі екенін айтқандай. Алаштың мақтан тұтар ардағы Зейнолла Қабдолов аға саналы ғұмырын, білімі мен білігін ел игілігіне арнады. Ұлы ұстазымыздың әдеби толғамдары – баға жетпес құнды дүние Бөлекше бітімімен, ақыл-ой даналығымен, адами парасаттылығымен кеше ғана арамызда жүрген биік тұлғаның жарқын бейнесі бәріміз үшін де аса қымбат та қадірлі. Өзінің осынау баға жетпес еңбектерінің арқасында ғылым жолындағы дара тұлғалардың бірі болумен қатар, болашақ ұрпақ үшін, тарих үшін қалдырған әдеби ұстанымдары үшін халқының қалаулы азаматтарының бірі, білім-ғылым жолындағы беделді, биік тұлға ретінде әрдайым жанымызда, жадымызда жүреді. Біз бүгінде ұлы ұстазымыздың толғамдарын, саиқалы ойларын өз шәкірттеріміздің саналарына сіңіріп, Қабдолов салған сара жолмен әдебиет теориясының негіздерін оқытып келеміз. Қазақ барда Қабдолов есімі мен еңбектері мәңгі тірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қабдолов З. Арна. Алматы: Жазушы, 1988. - 256 б.
2. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. Екінші том. Сөз өнері. – Алматы, 2003.- 352 б.
3. Дәдебаев Ж. Өнері де, өнегесі де әдемі. // Кітапта: Бүтін бітім. Астана: Фолиант, 2012. 560 б. – 162-184-бб.
4. Сыдиықұлы Қ. Таңдамалы шығармалары. 1-том. Алматы: Арыс, 2007. – 381 б.

ТАБАНЫ ЖАЛПАҚ ТАРЛАНБОЗ

Серік Негимов

филология ғылымдарының докторы, профессор, -Астана қ., Қазақстан

Сөз саңлағы, ел арасындағы жас жеткіншектердің жетекшісі һәм тәрбиешісі академик-жазушы Зейнолла Қабдолов – ұлт руханиятының көрнекті қайраткері. Еліміздегі ғылым мен білімнің бірден-бір қарашаңырағы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жарты ғасырдан астам ұлы Әуезов дәстүрін сәтімен мықтап жалғастырған Зекеңдей кемел оқымысты-ұстаздың мыңдаған шәкірттерінің бірі ретінде бірауыз лебіздімді білдіре кеткенім жөн болар. Сарыарқаның сары белінде туып, «нартәуекел» деп айтулы да атақты университеттің табалдырығынан аттап, қазақ елінің аймандай, игі, ізгі жақсы-жайсаңдарынан лекция тыңдап, ой, сезім, сыр толқындарына зейін қою айрықша бақыт қой. Иә, сол бір балауса шақта, эпос тілімен айтар болсақ, «маңдайы күндей балқыған, көзі судай толқыған», ой-қиялы теңіздей шалқыған ардақты ұстаз Зекеңнің әдебиеттің қисын-қағидаларын терең талдап-түсіндіріп, тамылжыта жеткізуі шамырқанған шалқар шабытқа ұласып-ұштасып кетуші еді. Бір мезетте күміс көмей шешен дауылша үдеп, сөз меруерттерін құйқылжытып төгетін. Қасым Аманжоловтың:

Қалтылдақ қалпақ киген ғасырлардың,

Қыз мінез қылтыңына бас ұрмадым.

Аламын ауыр ойдан ауыр сөзді,

Мақта емес, ми болғасын басымдағым, –

деген шумағын жан-тәнімен мақамдап, көсіліп, мәнерлеп буырқана сөйлегенде, аудитория тербеліп кететін-ді. Аспаннан шұға жауғандай, жүрек шіркін нұр мен сырға бөленгендей болушы еді. Қайран, қызыл тілдің қуаты-ай, шешеннің сөзі – семсердің жүзі ғой. Табиғат Зекеңді сөз зергері етіп жаратқан. Оның үстіне ақыл-ойдың жарық жұлдызы, ұлы суреткер Әуезовтің шәкірті. Ол «Менің Әуезовім» роман-эссесінде Шыңғыс Айтматовты «Күллі дүниенің құпия-сырын андаған көсем көкіректегі көреген көзге» теңейді. Шын мәнінде, өзі де ақылдың, ойдың, жақсының көзі. Әуезов кемеңгерлігі туралы толғаныстарында «Әдебиет – ардың ісі», «Ұстаздық – ұлы нәрсе! Ұстаздық ету – өзіңнің уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау», «Әуезовтің әр лекциясы – бір-бір оқулық, бар лекциясы – ұлан-ғайыр ұлы мектеп», «Шешендік–шексіз білімнен, терең ойдан, асқан парасаттан туатын ұлы нәрсе!», «Суреткерлік шеберлік әр сөздің орнын табу» дейтін түйдекті, түйінді пайымдаулары – білім, сана, ұғым, талант дүниесін нұрландыратын рухани құндылықтар. Академик З.Қабдолов «Әуезовтің әсемдік әлемі», «Арна», «Көзқарас» дейтін еңбектерінде ұлт әдебиетінің эстетикалық бағыты, көркем творчество психологиясын, жазушы шеберлігін, Абайдың ақындық даралығын, «Алыптар тобының» тағылымын, рухани қабілетін, сөз құпиясын зерделейді. Әсіресе, ұлт тарихындағы ұлы туынды ретінде қабылданған «Абай жолы» эпопеясы – ұлттық дүниетанымның, ой-сананың миуалы жемісті бақшасындай, ізгілік пен рухани сұлулықтың шарайнасындай, ақындық даналық пен нәзік сыршылдықтың телегей-теңізі іспетті. Ендеше, «Әр сөзде бір сыр, әр сырда бір мұң, әр мұңда бір мағына» барлығын барынша барлап бақылайды. Эпопеяның жан толқытарлық полифониялық табиғатына, атап айтқанда, сұлу да сиқырлы тіліне үңілгенде образ тағдырын шешетін, жазушының стилін айқындайтын таңғажайып пейзаждық көріністерді, тасқа тіл бітірген суреткер шеберлігін дәйекті мысалдармен дәлелдейді.

Академик З.Қабдоловтың «Сөз өнері» деп аталатын кесек монографиясында әдеби туындының көркемдік кестесіне, суреткер шеберлігіне, «Сөзбен сомдалған тұлғаның» табиғатына қатысты құнды пікірлер қозғайды.

«Жазушы – деп жазады ол, – өзінің сөз қорын байыту үшін, жалпыхалықтық тілдің телегей теңіз бай қазынасын мүмкіндігінше молырақ игеру, оның қилы-қилы, қиын әрі қызық құбылыстарын жете түсінуі, әр сөздің мәні мен мағынасындағы ұлан-ғайыр өзгерулер мен өңдеулерді, құбылтулар мен құлпыруларды дәл аңғара білуі қажет» деп жазушының шеберлік әлеміне барлау жасайды. Және де жазушы тілі дәлдікке, ықшамдыққа, сұлулыққа негізделуі шарт деп шегелеп айтады. Ғалым сөздердің көп мағыналылығына, сырлы астарға, «әдеби тілдің сыртқы әрі немесе ішкі нәрі» ретінде қызмет атқаратын синонимияға, омоним, антоним сөздерге, плеоназмға, архаизмдерге, неологизмдерге, сондай-ақ айқындау, кейіптеу, пернелеу, алмастыру, ұлғайту, кішірейту, қайталау, дамыту (түйдектеу және баяулату), сөз орнын ауыстыру, сөз тастап кету, егіздеу сияқты бейнелегіш-суреттегіш құралдарға ой сәулесін түсіреді. Зерттеушінің пікірінше, тілдің көріктеу құралдарының бәрі – бірімен-бірі өзара тығыз байланыстағы, қарым-қатынастағы, аралас-құралас жатқан және жарыса қолданылып, бірін-бірі демеп, толықтырып жатқан нәрселер.

Шынында да, бірімен-бірі іліктесіп, сабақтасып, ұштасып, үйлесіп жатқан мәнерлегіш-суреттегіш құралдардың арасында «Қытай қорғаны», «Абылай аса алмас асу» бел жоқ. Әдебиет теоретигі З.Қабдолов «Образ» ұғымын екі мағынада алып тексереді. Біріншісі – көркем бейне ретінде. Екіншісі – суретті сөз ретінде. «Әкем Қабдол асқан домбырашы адам еді. Әрі әнші, сері кісі болатын. Қырық күй білетін... «Қыз Жібек» дастанын бастан-аяқ жатқа айтатын» деп толғанады Зәкең. Өнерпаз тектілігінің төркіні қайдан бастау алады десек, тұқымынан екен ғой. Оның «Жайық қызы», «Туған ел» тәрізді сұлу ырғақты сыршыл өлеңдеріндегі мына бір шумақ көркемдік қисынымен өзгешеленеді: Ажары атқан таңдай ару жастың, Қасы бар қанатындай қарлығаштың. Жанары жан біткенді елжіреткен, Болсайшы бәрі сондай қарындастың. Зейнолла Қабдолов аударма өнерімен де шұғылданады. Л.Кассильдің, В.Добровольскийдің, В.Закруткиннің романдарын тәржімалады. А.Островскийдің «Ұшынған ақша», М.Горькийдің «Күн перзенттері», Н.Хикметтің «Елеусіз қалған есіл ер» сияқты үздік классикалық драмалық шығармалары республикалық, облыстық театрларда З.Қабдоловтың аудармасымен қойылды. Жазушының «Ұшқын», «Жалын» романдарының басты тақырыбы – біздің заман шындығы, зиялылар өмірі, замандастардың тағдыр-тіршілігі, биік тұлғасы. Оның қаламгерлік қолтаңбасына тал жібектей таза айшықты, оралымды тіл, лирикалық сипат, жылы юмор тән. 1995 жылы Пәкістан мемлекеті «Әдебиет, мәдениет және демократия» деген тақырыпта Халықаралық, яғни, дүниежүзілік деңгей-дәрежедегі ғылыми конференция өткізді. Әлемнің алты құрлығынан немесе жүзден аса мемлекеттен үш жүзден астам ғұламалар, әйгілі ақындар, айтулы жазушылар, өресі биік суреткерлер қатысты. Сонда асыл ұстаз, абыз аға Зәкең қарқаралы көштің басшысындай жол-жоба көрсетіп отырды. Ғылым-білім, ақыл-ой бәсеке-жарысқа түскен ұлы жиын-мәслихатта академик жазушы Зейнолла Қабдолов былайша толқындата өрнектеді: – Қазақ әдебиеті – дүниежүзіндегі ең күшті әдебиеттердің бірі, – деді Зейнолла Қабдолов. – Мұның даму тарихы терең әрі күрделі. 150 жылдығын биыл бүкіл әлем тойлаған Абай поэзиясы қазақтардың сөз өнеріндегі дәуірлеу кезеңін бейнелесе, 21 айдан кейін 100 жылдығын күллі адамзат атап өткелі отырған Әуезов прозасы – қазақ ренессансы. Сіздер нақты да затты түсіне түсу үшін аналогия келтірсем: Абай – Гете мен Пушкин деңгейіндегі ұлы ақын болса, Әуезов – Бальзак пен Достоевский дәрежесіндегі кемеңгер жазушы... Одан әрі академик-жазушы осы әдебиеттің кешегі, бүгінгі қайраткерлері оны қазақ халқының ақыл-ойына, ар-ожданына, автопортретіне, паспортына, көркем тарихымен сұлу шежіресіне қалай айналдырғанын керемет сыр ғып шерткенде жүзден астам елден келген зал толы интеллектуалдар – ақын-жазушылар мен ғалымдар қазақ ұлтына, оның тамаша әдеттері мен мәдениетіне деген іңкәр сезіммен қайта-қайта қол соғып, ұйып тыңдады. Осыған мерейленген Қазақстан делегациясының тебіренісін Марфуға ақын өлеңмен кестеледі: Келісіп келбетіңе маңғаздылық, Теңіздей тереңдікпен таң қалдырып, Тобына қосылғанда тұлпарлардың, Құйындаттың, ізіне шаң қалдырып. Тым жарық жұлдызына теңеп көктің, Сезімімді сәбидей өбектепін.

Қазағымның жерінде таулар қанша, Көзіме Сізді тау деп елестеттім! Жүрекке тұна түсіп тұнық ойың, Толқыдық, тілектес боп күніменен... Тебіреніп тастадың тыңдаушыңды, Ұлы Абайдың төгілген тіліменен. Халқымның тыңдағанда сүйікті ұлын, Жұрт сезінді Тереңдік, Биіктігін!.. Пәкістанның елінде тебірендік, Тұрғандай төбе көкке тиіп бүгін... Қайран, сұңғыла ақындық-ай! Тарлан таланттың шоқ шашқан шабытын жеріне жеткізе сипаттаған қайран ақынның күдіретті тіліне не жетеді.

БІР МАҚАЛАНЫҢ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫ **(Ә. Кекілбаевтың «Дүние ғапыл» жыр жинағына алғысөз)**

Ғарифолла Әнес

филология ғылымдарының докторы, Қуғын-сүргін құрбандары музейінің аға ғылыми қызметкері, anes_gk@mail.ru-Алматы қ., Қазақстан

Талант атаулының бәрі – ақын
З. Қабдолов

1999 жыл. Жыл ортасы ауа заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш ағаның 60 жылдық мерейтойы туралы ойласа бастадық. Әбекең бұл уақытта еліміздегі билік иерархиясында бесінші адам, Мемлекеттік хатшы... Қаламгерлік қайраты мен қайраткерлік даңқы шоң Шыңғыс аға Айтматовпен, көзі тірі классик Әбдіжәмил Нұрпейісовтармен қатар аталады. Том-том болып кітаптары шығып жатыр. Мерейтойлық мақалалар да әр жерден, там-тұмдап көріне бастаған кез.

Сірә да данагөй Әбекеңнің ұсынысы болса керек, 1997-1998-1999 жылдары күллі республика көлемінде дүбірлі іс-шаралар тоқтаусыз өтіп жатты. 1996 жыл жабыларда Қазақстан Республикасы Президентінің «1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялау туралы» арнайы Жарлығы шықты. Мемлекеттік комиссия құрылды, төрағасы Әбіш Кекілбаев, комиссияның жауапты хатшысы белгілі жазушы Әлібек Асқаров. Көппен бірге сол беделді комиссияның жұмыс тобына еніп, мүшесі болдық. Ал 1998 жыл осы ретпен «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» жарияланды. Менің ойымша, осы жылы саяси-идеологиялық, ұлттық-руханияттық тұрғыдан қыруар шаруалар атқарылды. Біз әңгіме қылып отырған 1999 жыл болса «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» деген ұлағатты ұранның аясында өтуде. Әбекең Алаштың Бас идеологы болып тұрған жылдары арнайы «Мәдениетті қолдау жылы» да аталып өтіп, оның соңы ұлттық мемлекет құру жолындағы батыл қадам – әйгілі «Мәдени мұра» бағдарламасына ұласқаны, әрине, басқа бір ұзақ әңгіменің сорабы.

Кімнің алғаш аузына түскенін білмедік, бірақ кейін қайталана-қайталана ел аузында мәтелге айналып кеткен: «Біз бұл өмірде Әбішпен замандас болғанымызға, тарихтың тап осы бір ұрымтал тұсында бірге жасасқанымызға бек бақыттымыз» деген сөздің шын мәнінде мақтанышпен еске алынар кездері-тұғын. Аяулы абыз ағамыздан көрген шарапатты жақсылығымызды жайып салып, жария естелік айтар кез әлі келмеген сияқты болады да тұрады. Десек те, санадағы сансыз сәулелі сәттерден үш-төрт жағдай жатсам-тұрсам есімнен кетпейді. Алғашқысы – 1994 жылы осыдан екі жыл бұрын дүниеге келген балапан «Арыс» қоры баспагерлік қадамын бастаған тұстағы, құданың күдіреті, қарлығаш кітабымыз алақандай «Бекет Ата» болып кіндігін кескендегі аян-баян. Оның беташар сөзі Үндістан сапарының алдында аяғын үзеңгіге салып тұрған Әбекеңнің қаламынан айналдырған бір-екі сағатта жыр болып құйылған «Ел иесі, Жер киесі» еді... Шағын ғана төрткүл блокноттың оннан аса парағына мөлдірей төгілген маржандай түпнұсқа-қолжазбасы тәберік ретінде сандық түбінде әлі сақталып келеді. Оны тіптен Әбекеңнің Ақтаудағы музейіне өткізудің өзіне мынау жалған тірлікте көзің қимайды екен... Жоғарыда айтылған үш жылдағы комиссия жұмысы барысындағы Әбекеңнің сөйлеген, жазған-сызған қағаздарын жинақтап, 260 беттік «Үш белес» атты авторлық кітабын қолына ұстатқаным,

ол да бір көңіл марқайтар сәт, ұмытылмас күндер-тұғын. Бүгінде жалпы қарасы жиырмадан асып жығылған энциклопедияларымыздың да жолын ашып, ақ батасын берген қайран Әбекең еді. Ол күндерден көкейге мәңгілікке қонақтаған, ұмытылмас ескерткіш – Зейнолла аға-Сәуле апай, Әбіш аға-Клара апай, Ғарифолла-Бағдан жұптары мен Қадыр ақын ағаның Оралда, Қырымбек Елеуұлының құрметті қонағы болған жылға бергісіз апталық қонақтығымызда, «Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия» кітабының таныстырылымындағы ұмытылмас сәттер...

Хош, сонымен 1999 жылға қайта оралсақ. Күндіз күлкі, түнде ұйқы қашты. Жақсылыққа – жақсылық; оны ұмыту адамдыққа жата?!.. Жұлдызы жарқырап туған, төрт құбыласы түгел Әбекеңе не сыйларсың?!.. «Тентектің жиғаны – шоқпар» дегендей, шынында да, кітап болмаса, Алматыда қалт-құлт етіп жүрген сен бейбақта басқа не бар?!.. Ия, кітап! Бірақ, Әбіш ағам сол таршылық заманның өзінде кітабын шығара алмай, болмаса, таратып, сата алмай жүрген көп ақын-жазушының бірі емес... Тоқта-тоқта, ақын... поэзия...

Анда-санда Әбекеңнің берекелі дастарқанына (шындығында Айсәуле апамыздың берекелі дәмі) тап келгенімізде, иін тірескен мол тағамнан өзінің сүйікті асы – үлпершекті қос бөтеке-бүйректі қарпып жеп, айналасынан «өз батам – өзіме» деп кешірім сұрап, кабинетіне асығар еді. Үлкен апамыздың бапталған шайына әбден бой үйретіп алған біз болсақ, қысыр әңгіме тиегін ағытып, бұйырған шайды сораптаймыз кеп, сораптаймыз. Осындай бір маңдай тершіген отырыстың бірінде мен Клара жеңгейден Әбекеңнің әлі күнге дейін өлеңнен суымағанын, тіптен соңғы кезде «жастық шалығын» қайта тауып, жаңа жырлар жазып-жазып тастай беретінін біліп алған едім. Міне, қызық!.. Міне, сенсация!..

Бұдан үш мүшел бұрынғы балаң Әбіш әдебиет табалдырығын «Алтын шуақпен» аттағанын біреу білсе, біреу білмейді. Сонау 1962 жылдан бері қаншама су ақты, қаншама ақын дүниеге келіп, дүниеден қайтты... Әйтсе де Әбекеңнің осы биттің қабығындай шағын жыр жинағының өзі сыншы-әдебиетшілердің назарынан тыс қалған емес. Академик Серік Қирабаев: «Өлең өрнектері мен көркем бейнелерден алынатын ләззат, оқырманды ойға бөлейтін танымдық талғам мен одан туатын тобықтай түйін – бәрі жарасым табады. Жиырмадан жаңа асқан жас жігіттің бұл саладағы ізденістері оның болашағын айқындағаны даусыз. Онымен тұстас жас ақындардың көбі-ақ бұл жаста ондай биікке көтеріле алмағаны анық» десе, сыншы Бақыт Сарбалаев: «Алтын шуақ» автордың ғана емес, жастықтың лебізі. Осы өлең жинағымен-ақ өлең өлкесінен өз орнын алды, бүгінгі күні де өз орнын алып отыр. Өйткені жақсы жыр жадау тартпайды, жылдар жылжыса да жат болмайды. Олай болса, «Алтын шуақтағы» өлеңдер осы қазірде жазылғандай; олар шуағын шаша береді, оқырман жұртшылықпен жүздесе береді. Аталған «Алтын шуақтың» құндылығы да сонда, ол кезінде қазақ әдебиеті үшін, қалың оқырман қауым үшін Әбіш Кекілбаев атты күйіп-сүйетін, ойлы, сезімтал жас ақынды ашып берді. Алдында шешеннің тілі күрмеліп, ердің қолы қалтырайтын ақиқаттың көзіне тура қарай алатын, тура қарай бастаған ақынмен таныстырып қойған жоқ, табыстырып та жіберді» деп толғайды...

Сонымен, Әбіш ағам екеуіміздің ортамызда бірнеше айға созылған келісу мен келіспеу шарты басталды. Бір шүкірлігі, әйтеуір, керісу болмады. Өндіріске дайындалып жатқан қолжазбаны қайта-қайта тоқтатып, қайтарып алатын сәттегі Әбекеңнің уәжі біреу-ақ: «Менен ақын жасамай-ақ қойшы!» Әрине, мен де түсінем, көркем сөзі мен көсем сөзінің өзі жыр болып төгілетін жазушы өзін Қадыр, Тұманбай, Фариза ... сынды есімдері бас әріппен жазылатын Ақындармен қатар қойғысы келмейді. Өлеңді өзі үшін жазды, өзінің жүрек жарасына дәру іздеді; шерін тарқатты, қуат алды. Ал мен «сол өсекші-өлең» жолдарын елге таратпақпын, жалпақ жұртқа жарияламақпын.

Жайма-шуақ қыркүйек те артта қалып, мазасыздау жауынды қазан есікті қақты. Келісу мен келіспеудің итжығыс болып тұрған кездерінде бұл шарасыз жайттан Зекеңді құлаққағыс қылғанмын. Сол кезде, одан бұрын да һәм кейін де аяулы ұстазымыз, академик-жазушы (Зекең марқұм осылай атап, жазғанды қатты ұнататын, үнемі ескертіп отыратын) Зейнолла Қабдолов «Арыс» қорының қоғамдық негіздегі құрметті төрағасы еді. Бұл бір ресми, болмаса айлық-пұлды дәреже емес, абыз ағаның ақылғой кеңестеріне мұқтаж кездегі

арқа сүйегеніміз еді. Бар ғұмыры адам атаулыға тек жақсылық тілеп, таусылмас мейірімін шашып өткен абыз Зекеңнің абырой-беделі асқақтап тұрған кез, бюрократтық жүйенің небір зілмауыр емен есіктері қашанда академик-жазушының алдында ескертусіз-ақ айқара ашылып тұратын... Кез келгенге елп етіп елең ете қоймайтын Зекең «Әбіш ағамыздың жаңа жыр жинағын шығарсам» деген ниетіме ерекше ықылас білдірді. Өзі де «Жайық қызындай» әсем жыр жазған, қазақ өлеңінің құрылыс-құрылымын, көркемдігі мен сұлулығын майын шағып зерттеген ағамыз қызушылығын баса алмаса керек, ақыры қолжазбаны сұратып алды. Түн ішінде телефон шалды: «Мен кітапқа алғы сөз жазам. Қарсылығың жоқ па?» Қарсылығы несі?! Академик-жазушының көңілі түсіп, толқып, толғанып, беташар сөз жазам десе... Бір жақсысы – ол кездің хат-қағазы қолға қолжазба күйінде тиеді. Зекең де маржандай, бірақ сәл майда жазуымен хаттап, қол қойып берді. «Таланттың тағы бір қыры» («Дүние ғапыл хақында») деген төрт бет жазбаның соңына «Зейнолла Қабдолов, академик-жазушы. 15.10.99. Алматы» деп қолын қойған. Ия, бұл қолтаңбалы жазба да – сағымды жылдардың естелік-ескерткіші, сағынышты жәдігер. Бірі кем дүние де...

Алғысөздің негізгі лейтмотиві – ақындық табиғаты. Ол жазады: «Әбіш өзінің ақындығына, яки өлеңге кәсіп деп қарамаған, қасиет деп қараған. Өзінің құдай берген талантының бұл қырын жетілдірем деп жік-жапар болмаған, ұстартам деп қырнап-сырлаудан бас тартқан, сол әуелгі төлтума табиғи күйінде, сол баяғы көрген жерден көз арбап, көңіл баурайтын дәстүрлі қалпында қалдырған. Өйткені ол сөз өнеріндегі маманданған жанрым поэзия емес, проза деп білді. Сондықтан оның іргелі, күрделі туындыларының бәрі өлеңмен емес, көркем қарасөзбен жазылды. Алайда Әбіштің қарасөзінің өзі өлеңше оқылады. Оның прозасының өзі поэзия. Мұның себебі де сол әлгі айтылған туасы, табиғи қасиетінің, яки ақындығының айрықша нұрлы, сырлы көрінісі».

Ұстаз Зекең өзінің шәкіртін мойындап, жоғары бағалайды: «Әбіш Кекілбайұлы – талант! Үлкен талант! Ал нағыз талант – бәрінен бұрын ақын. Әбіш те әдебиетке өлеңдетіп келді. Мұнысы заңды еді. Егер ол тумыстан ақын болмаса, әдебиетке өлеңсіз келсе, қазіргідей жан-жақты, көп қырлы – әрі саңлақ суреткер, әрі ғұлама ойшыл, әрі сұңғыла шешен, әрі көреген көсем ... болмас еді. Осылардың бәрінің төркіні ақындықта жатыр».

Әр нәрсенің ақыры, қайыры бар. «Көне дәптерден» алынған жырлар «Бисмиллаһ ир-рахман ир-рахимді» «Таңғы кәлимамен» ашылып, «Көне дәптерден» төгілген жырлар «Фи судурин нәси. Минл жиннәти уән нәс. Әумин!» деп түйінделді. Қазақ поэзиясына өзіндік үнді, толайым түсті «Дүние ғапыл» жинағы келді. Ортақ қазанға ойлы олжа салынды. Сырт көзге білдіртпегенімен бұл тосын сый-сияпат Әбекеннің де көңілінен шықты. Академик-жазушы ағасы төгілдіріп алғысөз жазды. Алғыр әкім Иманғали інісі арнайы ұшақпен Маңғыстауды дүбірлеткен тойшы қауымды түгелімен, мерейтой иесімен қоса алдырып, Атырау төрінде «Дүние ғапылдың» ұлан-ғайыр тұсаукесерін жасады.

Ия, «Кекілбайұлы – қаламгер ретінде де, қайраткер ретінде де қанатты Кісі. Мұның тамыры да ақындықта жатыр», дейді ұлы Зекең. Ал Зейнолла ұстазымыздың қаламгерлігі мен қайраткерлігі, ең бастысы Ақындығы туралы дәм бұйырса бұл жазбамыздың заңды жалғасы да жазылар. Сөзімізді нағыз Ақын Тұманбай Молдағалиевтің «Зейнолла аға!» өлеңіндегі мына жолдарымен аяқтағымыз келеді:

«Дүр ғалым деймін, жазушы деймін дарынды,
Кәдімгі Мұхтар Әуезов тектес алымды.
Ол сөйлеп кетсе, сөзіне сендіре алады
Патшанды, пайғамбарыңды.
Әдебиеттің әл-Фарабиі, білгіші,
Тарланбозымның талайға жетті үлгісі.
Отызға толмай ойшылдар тобын көбейткен,
Ұстазым менің бұл кісі».

ҰМЫТЫЛМАС ДӘРІСТЕР

Бауыржан Жақып

Қазақстан Жазушылар Одағы басқарма төрағасының орынбасары, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Алматы қ., Қазақстан

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – қазақ еліндегі киелі шаңырақ, талай марқасқалар дәріс беріп, талай таланттылар түлеп ұшқан ұлы орда. Оған ешкімнің дауы жоқ.

Біз университет есігін 80-ші жылы аштық. Сондағы атынан ат үркетін Ұстаз – академик – жазушы Зейнолла Қабдолов болатын. Ол кісі «Әдебиет теориясы» пәнінен дәріс беретін. Бірақ дәл сол жылы журналистика факультетіне Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған елу жасқа, Зекең өзі ертіп келіп, қазақтың көрнекті ақыны Қадыр Мырзалиевті таныстырды. «Сендерге «Әдебиет теориясын» осы Қадыр ағаларың оқиды», – деді. Қадыр аға сабақты өте қызық өткізетін. Ақын-жазушылар тағдыры жайлы, әдебиет әлемінің небір құпия-жұмбақтары туралы, шығармашылықтың теориясы мен тәжірибесі хақында өте әсерлі баян ететін.

Бірақ біз кейде филология факультетіндегі Зейнолла ағай лекциясына да қатысып жүретінбіз.

«Асылы, жер бетінде университет секілді қастерлі орын сирек. Университет – адамдар зердесінде ұшқын атып, жалын шашып, мәңгілік маздап тұрған Прометей оты. Бұл аз. Университет – елдің есеюі. Қазақ университетінің білім мен тәрбие, ғылым мен мәдениет тарапындағы өлшеусіз қасиеттерінің үстіне айрықша бір аяулы жайы бар: заманымыздың ұлы жазушысы Әуезов Мұхтардың жарты ғұмыры осында өтті.

Қазақ университетінде біз де оқыдық. Бірақ, біздің бүгінгі шәкірттерден бір айырмамыз, аздап мақтаныңқырап айтсам, артықшылығымыз – Мұхтар Әуезовтің лекциясын тыңдағанымыз дер едім. Несін айтасыз, ғажап еді ғой!...». Бұл шашын толқындата артқа тараған, отты жанары ұшқын атып, ерекше мейірім сәулесін шашып тұратын, аса ажарлы да бөлек бітімді Зейнолла Қабдоловтың өз сөзі. Бүкіл ғұмырын Қазақ университетіне, қазақтың талапты жастарының жолын ашуға арнаған асыл ағаның алдын көріп, ақыл-кеңесін тыңдағанымыз үшін біз де бақытты ұрпақ екенбіз. Біз – Зейнолла Қабдоловтың шәкіртіміз! – деп біз де өз артықшылығымызды жасқанбай айтатын болдық. «Асылы, Жан-Жак Руссоның байлауы дұрыс. Ұстаздық – ұлы нәрсе! Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзіңнің уақытыңды аямау!», – деген қанатты сөзін жиі қайталайтын. Қазақ ұлттық университетінің кейінгі жылдары сөзімен де, ісімен де мәртебесін биіктетіп, абыройын асқақтатқан тұлғалардың бірегейі де Зейнолла Қабдолов екенін айтуымыз керек. «ҚазҰУ Бұл – мен үшін атамның атынан кейінгі ыстық атау. Осы сөз не көзіме түссе, не құлағыма тисе болғаны, жүрегім елжіреп, көкірегім күйге толып қоя береді. ҚазҰУ – өзінен бөлініп шыққан көп институттар секілді отау емес, орда», – деген сөзінің әр әрпін қалдырмай, тайға таңба басқандай етіп айтушы еді. Енді бірде: «Шырақтарым, әдебиет дегеніміз – ардың ісі», – деген терең мағыналы ойын сөз өнерін төңіректен келген әрбір шәкірттің құлағына құюшы еді. Әдебиетке деген неткен тазалық, неткен қастерлеу десеңізші! Асыл Зекең әр лекциясында әлем, орыс әдебиетінен небір мысалдарды, ұлы Абайдың: Сылдырап өңкей келісім Тас бұлақтың суындай...

...Жас жүрек жайып саусағын,

Талпынған шығар Айға алыс.

немесе, Махамбеттің:

Ах, Арқаның қызыл изені-ай,

Басы бір күрдек, түбі арал,

Қыдырып шалар аруана,

Кәрісі кімнің жоқ болса,

Жасы болар диуана.
Бір сынаған жаманды
Екінші қайтып сынама.
Тіріде сыйласпаған ағайын,
Кұм құйылсын көзіңе,
Өлгенде бекер жылама!

- деп төгілте бастап, Қасым, Мұқағали, Төлеген, Қадыр, Тұманбай, Сағи, Жүмекен, Фариза, Мұхтар өлеңдерінен ғажайып шумақтарды үзілдіріп үзбелеп, тізілдіріп тізбелеп жатқа оқығанда, поэзия деген сиқырлы әлемнің тұңғыығына әр шәкірт жүрегі сүңгіп кететін еді-ау! Сырбаз сөйлейтін, сымбатты жанның әр сөзі тасқа басқандай сұлу көрінетін. Тілінен бал тамызғандай бипаздап бастап, кейде жарасты әзіл-қалжыңмен аудиторияны дүр сілкіндіре күлдіретіні және бар. Шешеннің шешені еді. Кейіннен университетке оқытушы болып, кандидаттық диссертациямды Зекең өзі жүргізген Кеңесте қорғадым. Зекеңнің соңғы докторантының бірі болғанымды да мақтан тұтамын. 80-ші жылдың аяқ шені. Ұлы ұстаз «Әдебиет теориясы» пәнінен дәріс береді. Мен жүргізген «Әдебиет және журналистика» пәні ол кісінің сабағымен қапталдаса жүрді. Зекеңнің лабораториялық сабақтарын жүргізетін қазіргі Астана қаласы әкімінің орынбасары Ермек Аманшаев екеуіміз 204-дәрісханада емтихан алып отырмыз. Жауабы әлсіздеу болған 2-3 студентке «3» деген баға қойып қойғанбыз. Аудиторияға Зекең кіріп келді. Орнымыздан ұшыптұрдық.

– «Иә, емтихан қалай өтіп жатыр, – деп ведомостықа үнілді де, қабағы түйіліп кетті.

– Лекцияны академик Қабдолов оқыса, бұл балалар қалай үш алады!», – деді.

Біз үнсіз, кінәлі адамдай басымызды төмен салбыраттық. Зекеңнің сол сөзінен кейін «3» деген бағаны қоймайтын болдық.

2001 жылы 38 жасымда факультет деканы болып тағайындалдым. Сонда мен отырған кабинетке, Зекең әрдайым бір соғып өтуші еді. Қасында міндетті түрде бір-екі адам жүреді. Есікті айқара ашады да: «Әулие аттаған оңбас», – деген!» деп бүкіл оқытушы, студенттерге естірте, сөйлей кіретін. Қазір ойласам, мен Абай, Мұхтар елінің перзенті болғандықтан ба, менің абыройымды көтеру үшін айтады екен-ау, ұлы ұстаз!

Бір есте қалғаны – Зекеңнің ұстаздық қызметіне 50 жыл толуы КазГУ-де ерекше аталып өтті. 15-қабаттағы мәжіліс залы халыққа лық толы. Академик-жазушыға сол күні айрықша құрмет көрсетілді. Зекеңді жақсы көретін шәкірттерінің өзі қаншама десеңізші! Мәжілісті сол кездегі университет ректоры Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов жүргізді. Академиктер Серік Қирабаев, Сейіт Қасқабасовтар, жүзінен ерекше шуақ төгілген Сәуле апа Зекеңнің қасында төрде отыр. Бір мезетте Төлеген Әбдісағиұлы Қырғыз мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің деканы, профессор Жылдыз Бақашеваға сөз берді. Қырғыз ағайындар Зекеңнің шәкірті екендігін айтып, зор ілтипат көрсетті. Ректорымыз ғажайып ақынжанды азамат, Жамбыл – Жәкеңнің тікелей ұрпағы. Өзі ерекше шабыттанып тұр.

– Енді біздің журналистер не дейді екен? – деп, мені ортаға шақырды. Ол жерде сөз сөйлеп тұрып алу артық еді. Мен бірден «Бәйтерек» деген Зекеңе

арналған өлеңімді оқыдым:

«Ұшқын» болып ұштың да,

«Жалын» болып лауладың.

Әуелеп бір ұшқанда,

Әуезовтен аумадың.

Төбіреңттің Каспийдің

Толқын-толқын тауларын.

Өрімтал жас өскіннің

Жан-жүрегін жауладың.

Ақ самалдай аңқылдап,

Тербеп шабыт орманын.

Найзағайдай жарқылдап,

Ақ жаңбырдай жауғаның.
Күннің алтын нұры боп,
Күміс шыққа аунадың.
Махамбеттің сөзіндей,
Ағыл-тегіл сауладың.
Ұлы Абайдың өзіндей,
Аулақтан ой ауладың.
Мұхтар болып мұңданып,
Сәбит болып сыр бағып,
Ғабит болып шыңдалып,
Ғабиден боп нұрланып.
Қайсар жырдың күймесін,
Қасым болып таныттың.
Өлең сөздің түймесін,
Әбділда боп ағыттың.
Мөлдірлікке құлшынып,
Өстік біз де көктедік,
Зеңгір көкке шаншылып.
«Айналайын!» – деп келіп,
Құштың бізді қаусырып.
Атбегілер сипаған,
«Құлын!» көрсе, кекілден.
«Айналайын!» – деп келіп,
Сүйдің менің бетімнен.
Ардақты аға, сол сөзбен,
Сыйладыңыз бар бақты.
Сол сөзіңіз біздерге
Қанат беріп, самғатты.
Айдынына ойыңның
Аққу менен қаз қонып,
Жүріп келе жатасың.
Үнін естіп қайыңның
Сұлу, сырлы саз болып,
Кіріп келе жатасың.
Өлең сөзбен айшықтап,
Қара сөзбен жырладың.
«Адамның кейбір кездерін».
Зейін қойып тыңдадым,
Зейнағамның сөздерін.
Түн ұзақ та, күн – қысқа,
Басыңды бұлт шалмасын.
Сізге арнаған Шыңғыс та
Күздің «Қызыл алмасын».
Сыбдырласқан өзді-өзі
Жапырағың жетеді.
Сіз кіргенде КазГУ-ім,
Жарық болып кетеді.
Күннің түскен шуағы,
Бәйтерегім, теңселме.
Биік болып тұрады,
Өзіңменен еңсем де...

Зал ду ете қалды. Зекеңнің үлкен көздері төңкеріліп, ғажайып бір сүйсініспен маған қарады. Факультеттің атынан қылыш сыйладым. «Қылыш», – дей беріп едім, академик Қасқабасов «Махамбеттің жебесі», – деп түзетті. Сол сыйды Зекеңе беріп едім, ол кісі орнынан тұрып, айналып–толғанып, бетімнен сүйді.

Мен орныма барып отыра беріп едім, залдағы жұрт шулап қайта ортаға шығарды. Салт бойынша қару бергенде, сатып алу керек екен. Зекең қалтасына қол салды да, маған ақша ұстатты. Не керек, өлеңді аудитория керемет қабылдады. Кейіннен Зекең Атырауға барғанда, актерлер сол өлеңді жатқа оқыпты. Келген соң Зекең бір жолыққанда : «Атырауда сенің өлеңіңді оқыды. «Сен кіргенде ҚазГУ-ім, Жарық болып кетеді» дегенді «Жап-жарық боп кетеді» деп қате оқыды. Қойшығұл Жылқышиевке айттым: Бауыржанның өлеңінің бір сөзін де өзгертпей оқындар дедім. «Жап-жарық» – деген лап етіп жанады да, тез сөнеді. Ал «Жарық» дегеннің сәулесі ұзаққа барады, – дедім», – дегені бар.

Зекең дүниеден өткеннен кейін, Сәуле апайдың «Көрген түстей, сағымдай» деген күнделік-кітабы 2009 жылы жарық көрді. Сонда мынадай жолдар бар: «12 желтоқсан ... Бұл күні таңертең атасын құттықтауға Абылай атаанасымен келіп, Бауыржан Жақыптың Зекеңе арнаған «Бәйтерегін» жатқа айтып берді. «Сен кіргенде ҚазГУ-ім жарық болып кетеді» деген жолдарын естіп, босады... (147-бет). Абылай немересі сол ұзақ өлеңді ылғи жатқа айтып жүреді.

Ағамыз дүниеден озғанда, қайғырып жазған өлеңім «Ғұлама» деген атпен «Қазақ әдебиетінде» жарық көрді. Ұстазды жерлеп келгеннен кейін «Ритц-Паласта» оқығанда, тебіренбеген жан қалмады. Жүректен шыққан сөз жүрекке жететіні рас-ау!

Әр дәрісімізді Зекеңнің «Адам», «Өмір ұшқыны», «Ұшқын», «Жалын», «Жанр сыры» «Сыр», «Жебе», «Әдебиет теориясының негіздері», «Әуезовтің әсемдік әлемі», «Сөз өнері», «Арна», «Көзқарас», «Менің Әуезовім» кітаптарын жаңа буын, жас толқынға зейін қоя оқуға ұсынамыз, Зекең жайлы естеліктер айтамыз. Академик-жазушы Зейнолла Қабдолов бүкіл қазақ халқының рухани әлемін байытып, өз соңына мол әдеби мұра қалдырып кетті. Оның роман, повестері, драмалық шығармалары, публицистикасы, сыни еңбектері, әдебиет теориясын негіздеген іргелі еңбектері бүгін де, ертең де ескірмейтін, көнермейтін асыл қазына. Сондықтан да «Қазақ энциклопедиясы» баспасы Зекеңнің таңдамалы туындыларын көптомдық етіп көпшілік оқырман назарына ұсынып отыр. Алғашқы томда қаламгердің «Ұшқын» романы мен «Қабеннің құбылысы» драмасы, екінші томда «Жалын» романы мен «Сәнбейтін от» драмасының сахнаға лайықталған нұсқасы, үшінші томда болашақ ақын, жазушы, сыншы, драматург, журналист болатын жастардың қолға ұстар әліппесіндей «Сөз өнері» еңбегі, төртінші томда Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов және Махамбет Өтемісұлы, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов шығармалары туралы іргелі ғылыми зерттеулері, бесінші томда ғылыми зерттеу және әдеби-көркем сыни мақалалары жинақталған. Келесі томдарда «Менің Әуезовім» романы мен көсемсөзі, пьесалары топтастырылып жария көрмекші. Зекеңнің қаламынан шыққан дүниелерді әдебиетсүйер қауымға, жас ұрпақ, жаңа буынға жарқ еткізіп, жаңғырта қауыштырып отырудан жан-дүниеміз байыған үстіне байи түспек. Бұл – біздің шәкірттік парызымыз. Ендеше, академик-жазушы Зейнолла Қабдолов лекциясы жалғаса бермек...

ӘҢГІМЕ - ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

Гүлзира Аяпова

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Филология ғылымдарының кандидаты
Атырау қ., Қазақстан*

Поэзиядан бастап, парасатты прозаға ауысып, драматургияда жалғасын тапқан З.Қабдоловтың шығармашылық жолы одан әрі әдебиеттану ғылымы сынды кең арнаға айналғаны белгілі. З.Қабдолов «Жанр сыры» атты монографиясына кейіннен «Шеберлік мектебі» деп басқаша атау беріп, «Жебе» [1] кітабына енгізген. Мұнда қазақ әдебиетіндегі

әңгіме жанрына, оның жалпы жай-күйіне, теориялық мәселелеріне тоқталған. Сондықтан да аталған зерттеу еңбекті ғалымның әдеби қисын туралы ойына (шеберлік мектебіне) кіріспе ретінде бағалап алдымен зерделеуді жөн көрдік. Себебі, «Жанр сыры» - ғалымның тұңғыш рет жарық көрген көлемді зерттеуі. Бұл қазақ әдебиетіндегі шағын жанрлық форманың ерекше бір құнды түрі – әңгіменің көркемдік-идеялық табиғатын ашатын алғашқы монографиясы [2,168].

З.Қабдолов «Шеберлік мектебі» («Жанр сыры») монографиясына эпиграф ретінде дүние жүзі әдебиеті классиктерінің бірі Сомерсет Моэмнің әңгіме туралы әйгілі анықтамасын берген.

Еңбектің құрылысына назар аударайық:

Кілт (кіріспе орнына)

I тарау. Сыр (көркем әңгіменің тарихы мен теориясы)

II тарау. Шындық (көркем әңгіменің қазіргі хал-жайы)

III тарау. Ой. (көркем әңгіменің кейбір келелі мәселелері)

Түйін (қорытынды орнына)

Ғылыми еңбектің көкейге қонымды, тап-тұйнақтай архитектуралық құрылысын тегін келтіріп отырған жоқпыз. Кіріспе бөлімде әдеби шығарманың алдына қояр басты мақсаты – адам бейнесін жасау екендігі, жалпы прозаның ең жинақы жанры – әңгіменің кейбіреулер ойлағандай оңай жанр еместігі, көптеген қаламгерлеріміздің тісі батпай жүргендігі, сондықтан да бұл бағытта жеткен жетістіктеріміз бен «әттеген-айларды» саралау көзделгені сөз болады. Зерттеуші қазақ әдебиетінде әңгіме аз жазылмағанын, бірақ көбіне нашар жазылатындығын тілге тиек етіп әңгіме жазу мәселесін көтереді.

Зерттеуші сонымен бірге әңгіменің шеберлік мектебі екендігін баса көрсетеді. Атақты суреткерлердің бәрі де әуелі әңгіме жазып, шыңдалу мектебінде бағын сынағандар. Қазақ прозасында М.Әуезовтен бастап С.Мұқанов, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин шығармашылықтарын әңгіме жанрынан бастағаны белгілі. З.Қабдолов ұлтымыздың кеменгер жазушылары Б.Майлиннің, М.Әуезовтің, Ғ.Мүсіреповтің әңгімелерін талдап, жаңадан қалам тартып жүрген прозаиктерге үлгі ретінде ұсынады. Ол үшін «Шұғаның белгісі», «Қорғансыздың күні», «Талпақ танау» сынды классикалық әңгімелері алынған.

Тіл шеберлігі, суреттеу мәнері, кейіпкердің сомдалуы, бейнелеу құралдарының қолданылуы бүге-шігесіне дейін нақты мысалдармен дәйектеледі. Кейіпкер сөздерінің мәні, портрет пен адам характерінің ара қатынасы, мінездеу тәсілдері, табиғат көріністерінің оқиғалар өрісінде өзара біте қайнасуы шеберлік ерекшеліктері тұрғысында қарастырылады.

«Шұғаның белгісіндегі» Шұға мен Әбдірахман, «Қорғаныздың күніндегі» Ақан болыс пен Қалтай, «Талпақ танаудағы» Есен қарт бейнелерін ашу үшін қандай мінездеулер мен детальдар қажет болғандығы сараланады. Жазушы сөз өнерінің шебері болуға тиіс. Шеберлікті игеру жазушының басты ерекшелігі екенін ұсынады. Әңгіме жазу – шеберлік мектебінен өту деп түйіндейді автор негізгі нысанасын.

Еңбектің «Шындық» атты тарауында көркем әңгіменің 50-жылдардағы хал-жайына, болмыс-бітіміне талдау жасалады. Автор талдау нәтижелерін былай ұсынады:

- 1) Халықтың әңгіме жанрын қызыға оқуы, замандас тұлғасын көргісі келетіндігі. Осыған байланысты баспасөз беттерінде бұл жанрға кең орын берілуі;
- 2) Әңгіме жанры төңірегінде сыншылар пікір таласының тууы;
- 3) Әңгіменің көп жазылып жүргендігі [1,101].

Жалпы, сынның тұтасқан қорытындысы – қазақ әңгімесінің оқушы талғамы мен талабынан төмендігі. З.Қабдолов сол кезеңдегі әңгіме тақырыбына қатысты сыншылар тұжырымының дұрыс-бұрыстығын да саралауға талаптанған. Атап айтқанда, Н.Ғабдуллиннің «Әңгіме жанрын сөз еткенде» атты мақаласына көзқарасын білдіреді. «Әңгіме шындықты танытады деу жеткіліксіз. Әңгіме шындықты қалай танытады? Гәп сонда ғой. Осы арадан келіп бір үлкен, бір күрделі мәселе алдымызға тартылады. Ол – ұнамды кейіпкер проблемасы» дейді З.Қабдолов. Одан әрі ұнамды кейіпкер сипатына нақтылы мән дарытады: «Өзі өмір сүрген дәуірдің ең үлкен шындығын бойына жиған, өзі

тіршілік еткен елеулі ортаның ең жақсы қасиеттерін бойына сіңірген күрделі де кесек образ-типтік тұлға болып табылса керек». Бұл-әдеби қисын. З.Қабдолов осы қисын сипатына орай қазақ әңгімесі оған қандай үлес қосып отырғандығына жауап іздейді. Зерттеу нысанасына елуге жуық әңгімелер ілігіп, егжей-тегжейлі қарастырады. Бұл орайда зерттеуші мынадай ерекшеліктерді атап өтеді: біріншіден, автордың көпшілігі өңшең жастар; екіншіден, әгіме тақырыптарының көпшілігі тың; үшіншіден, әңгімелерден байқалған жақсылық-нақтылық; төртіншіден, әңгімелерде өміріміздің күнгей жақтарымен қатар көлеңкелі тұстарының да қаламға ілігуі; бесіншіден, идеялық-көркемдік қасиеттері айұын әңгімелердің тууы.

Жалпы, қазақ әңгімелерінен байқалған осындай белгілерді айта келіп, Ә.Нәбиев, Қ.Исабаев, С.Шаймерденов, З.Иманбаев, Н.Ғабдуллин, Т.Ахтанов, С.Адамбеков, М.Сүндетов, Ш.Құмарова, С.Мұратбеков, Қ.Ысқақов және т.б. қаламгерлер шағын жанрдағы туындыларын талдайды. М.Әуезовтің «Қараш-қараш» атты кітабындағы әңгімелерді автор шын мәніндегі көркем дүниелер деп бағалап, психологизм, нәзіктік, сыршылдық, шыншылдық, шеберлік сынды үлгі тұтынатын қасиеттерді нақты көрсеткен. Ә.Сәрсенбаевтың «Офицер күнделігі» атты кітабындағы от ортасында жүріп жазған он төрт шығармасын жоғары бағалайды. Зерттелеген кезең жылдарындағы әңгімелер жетістігі ретінде бес қасиет айтылғанымен, алайда олар әлі жеткіліксіз екендігі де сөз болады. Бұл ізденіс кенделігінің белгісі деп біледі. Әңгімелер оқылмайды, оқырман көңілі толмайды. Мұның басты себептері де аталған. Зерттеуші қазіргі қазақ әңгімелерінің кемшілігі неде, соған шолу жасап өтеді. Бұл орайда Қ.Исабаевтың «Баян», «Қазақ вальсі», «Эльбаның ашуы», «Шаруа бақыты» әңгімелері мен С.Алдабергеновтің «Алға» жинағындағы әңгімелердің тілі сынға алынады. Көптеген сөйлемдері орашолақ құрылып, сөздер дәл орнын таппай тұратынын дәлелдеп көрсетеді. «Тағы бір кемшілік – сөз кедейлігі», дейді автор. Мұны З.Иманбаевтың «Бастама» атты әңгімелер жинағымен дәйектейді. Ғалым-сыншы бір ғана «бұлт» сөзі жинақтағы табиғат суреттерінің – пейзаждық баяндаулардың кез-келгенінде қаптап жүретінін қынжыла атайды. Әр жерден үзінділер келітіріп, кітаптағы тіл жұтаңдығына оқушының көзін жеткізеді. Үшінші кемшілік – оқиға жасандылығы. Мұны З.Иманбаевтың «Кешкі әбігер», С.Алдабергеновтің «Туралық», М.Қошқыұловтың «Кім кінәлі» сынды әңгімелеріндегі оқиғалармен дәлелдейді.

Еңбектің «Ой» аталатын тарауында «Көркем әңгіменің кейбір келелі мәселелері» айдарымен әңгіме жанрының теориялық қисындарына назар аудартады. Әңгіме не үшін жазылады? Әдебиет теориясында көркем шығарма оқушыға ой салу үшін жазылады делінген. Ал оқырман қызықтырған нәрсені ғана оқиды. Демек, оқушыны қызықтыру керек. Сонда жазушы оқушысын қызықтырамын деп қолдан жасалған оқиғаларды жаза беруі керек пе? З.Қабдолов бұл сұрақтарға байланысты суреттелген оқиғадағы адам мінезі, адам тағдыры көрікті, көрнекі бейнесімен даралануы керек деп талап қояды. Сөйтіп, образды көркем әңгімедегі басты мәселе деп жоғары бағалайды. З.Қабдолов әр шығарма өз жаңалығымен ерекшеленеді дейді. Әр жаңа әңгіме оқырманға өмірдің, адам характерінің бұрын ешкімнің қаламына ілінбеген сырлы құпиясын ақанда ғана құнды болмақ. Автор жазушылар үшін қажетті шеберлік критерийлерін атап өтеді. Бұл мәселеде ол бейне бір дәріс беруші ұстадай көзге шалынады: «Жазушылық шеберліктің критерийлері көп, - дейді, автор, - көркем тіл, оларды оның даму заңдарын терең білу, шындықтың ең керекті құбылыстарын таңдау, суреттілік, жинақтау, идеялық тазалық, композициялық және сюжеттік тартымдылық» [1,135].

З.Қабдолов тақырып таңдау мәселесіне де ерекше мән береді. Жазушылардың тақырып таңдаудағы кемшілігіне де пікірін ұсынып отырады. «Тақырып – шебеолікпен шектелген жөн» деген пікірі тек сынауға арналған қасаң пікір ғана емес, әдебиетіміздің өркендеуіне үлес қосатын талаптардың бірі болып табылады. Себебі, көркем шығарманың жазылуы, тууы ең алдымен тақырыптан басталады. Жазушы оқырманға жеткізер ойын екшеп, қорытып жалпы шығарма желісімен терең байланыстырған өмір құбылысын тақырып ретінде ұсынады. Өйткені, «бәрінен бұрын тақырып пайда болады. Тақырып пайда

болады да жазушыны азапқа сала бастайды. Тақырып санаға сіңіп, ойға орныққан сайын, адам, зат образдары, болашақ пейзаж жұрнақтары туып тұтаса береді» [1,141].

С.Баязитовтың «Қызғалдақтар гүл ашқанда» жинағынан «Махаббат» атты әңгімесінің сюжетін талдау арқылы әңгімелердегі типтік кемшіліктерді атап өтеді. «Сюжеттің бірден-бір міндеті – әңгімедегі геройлардың характерлерін ашу, өзара қарым-қатынасын көрсету. Ал «Махаббатта» суреттелген оқиға бұл жұмысты атқармайды» деп автор шорт кеседі. Сюжеттің даму кезеңдерін сатылай келтіре отырып, конфликт, тартыс мәселелеріне де назар аударады. Себебі, шығармадағы екі топ адамдар арасындағы тайталас, жанжал емес. «Ол – адам мен адамның қарым-қатынасындағы, адамның ой-санасындағы, дүниеге көзқарасындағы, тіршілігі мен тағдырындағы тартыс. Бір адамның басында қарама-қарсылық болса, онда да тартыс бар. Адамның жеке өз басы, өзімен-өзі алысуы, өз ұғымын өзі жөндеуі, не жөндей алмау – мұнда да толып жатқан сырлар бар», деп өте ұғынықты тәптіштейді. Бұл орайда неміс жазушысы Стефан Цвейгтің «Бейтаныс әйелдің хаты» әңгімесін саралай келе, қаламгер қызығатын үш асыл бар деп анықтама бере отырып, тақырыптың ерекшелігі, сюжеттің қызықтығы мен композиция әсемдігін байланыстыра отырып, тұтас талдау жасайды. Сонымен бірге ғалым көркем әдебиеттегі детальға да жоғары мән береді. С.Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романынан, Ғ.Мүсіреповтің «Ананың анасы» әңгімесінен мысалға келтірілген детальдар көз тартады. Сонымен бірге С.Сарғасқаевтың «Шабыт» әңгімесіндегі детальға айнала алмаған суреттемеден үзінді келтіреді. Деталь бола алмау себебін де аша кетеді. Бұл сөйлемдер көп айтылған, әсері аз сөздерден, «тозған детальдардан» құралған деп түсініктеме береді. Жалпы, З.Қабдолов еңбегінде әңгіме туралы жан-жақты қарастырып, қазақ әдебиетінің тұтас бір кезеңі болған елуінші жылдардағы шағын жанрдың көркемдікпен жазылуына, түрленуіне, жаңаша сипат алуына сындарлы ой айта білген.

Еңбекке қорытындыны академик М.Қаратаевтың пікірмен келтірсек: «Бұл монография кезінде әдебиеттану ғылымында белгілі бір жанрдың теориялық мәселесін арнайы тақырып етіп алған алғашқы ғылыми еңбектің бірі еді. Әрине, мұны мен қазақ әдебиеттануына қатысты айтамын. Ол тұста жазушы Антоновтың «Мен әңгіме жазамыны» мен «Әңгіме туралы хаттарын» былай қойып, тіпті қазіргі Нанов, Шубин, Ромонец сияқты ғалымдардың тиянақты зерттеу кітаптарының әлі жарық көрмегенін ескерсек, З.Қабдолов қозғаған проблема орыс әдебиеттануы үшін де тың, маңызды мәселенің қатарында болғанын түсінеміз» [3,168].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қабдолов З. Жебе Алматы Жазушы, 1977.-380.
2. Қабдолов Жанр сыры Алматы, ҚМКӘБ, 1964.-172.
3. Қаратаев М. Көргенім мен көңілдегім Алматы Жазушы, 1966.-348.

3.ҚАБДОЛОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ

Дильназ Көптілеу

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің студенті-Қызылорда қ., Қазақстан. Ғылыми жетекшісі: Түтебаева Ж.М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің оқытушысы,-Қызылорда қ., Қазақстан

«Теңдесі жоқ кемел суреткердің қаламынан аз да болса саз болып, қапысыз сомдалған, қыздың баласындай сүйкімді, Қызырдың алақаны сипағандай, жан-жүрегінді елжіретіп қоя берер абзал да әсем прозалық шығармалары мына дүниеде талайды тамсантип, мәңгі қалмақ...»

Ә. Кекілбайұлы

Зейнолла Қабдолов – жазушы, әдебиет зерттеушісі, ұстаз, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақ және Қырғыз Республикаларының еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

Зейнолла Қабдоловтың аты жазушы Мұхтар Әуезовтің атымен қатар аталады. 1945 жылы мұнай саласында әке жолын жалғау үшін келген бозбала Алматыда М.Әуезовпен танысады. Тау-кен институтындағы сабағынан шығып, қазіргі ҚазҰУ-дағы М.Әуезовтің дәрісін тыңдауға жиі келіп жүреді. Кейін біржола мамандығын өзгертіп, жазушы-ғалымға шәкірт болады.

Зейнолла Қабдолов 1950-2006 жылдары қазіргі әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінде қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, оқытушы болды.

"Өткен ғасырдың елуінші-алпысыншы жылдары Мұхтар Әуезов пен Зейнолла Қабдолов еліміздің білім ошағының қарашаңырағы – Қазақ мемлекеттік университетінде қатар еңбек етті. Сол білім ордасында бірі аға, бірі іні болып 16 жыл өмір сүріпті. Бұл жылдар ақиық жазушы М.Әуезовтің қаншама жылдар жанын жеген қуғын-сүргін, өсек-аяң, ізін анду, қудалау, уәжді сөзін теріске жору секілді жаманшылықтан құлағы тыншып, бірыңғай шығармашылыққа бет бұрған жұлдызды жылдары еді. Зейнолла Қабдоловтың да "Ұшқын", "Жалын" секілді романдары жарияланып, қоғамда үлкен ой тудырған, елдің аузында жүрген кезі болатын", - деп жазған Мырзатай Жолдасбеков.

Тұңғыш көлемді шығармасы «Өмір ұшқыны» 1956 жылы қазақ, 1958 жылы «Искра жизни» повесі орыс тілінде жарық көрген.

Мұнайшылар өмірінен жазылған 1964-2002 жылдары әдебиеттану ғылымы мен теориясын зерттеу, орта және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар жазу ісінде де жемісті еңбек еткен. Оның «Арна» зерттеу-сын-эссесі, «Жанр сыры», «Сөз өнері» монографиялары, «Жебе» әдеби толғаныстар мен талдаулары, «Көзқарас» талдаулар мен толғаныстары, «Әдебиет теориясының негіздері» атты еңбектері студенттер мен мұғалімдердің және жазушы-журналистердің қажет кітаптарына айналды. Ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаздың "Әдебиет теориясының негіздері" атты монографиялық зерттеуі отыз жылдан астам уақыттан бері сөз өнерінің сыры туралы қолдан түспес оқулыққа айналды.

1970 жылы филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қазақ әдебиетінің теориялық мәселелері тақырыбында диссертация қорғаған. 1972 жылы профессор атағы берілді. Саналы ғұмырында Зейнолла Қабдолов қазақ тілінде әдебиеттің теориялық мәселелерін жан-жақты қарастырып, "Сөз өнері" зерттеу еңбегін жазды. Бұл еңбегі қазірге дейін филология факультеті студенттерінің білім көзіне айналып отыр. Сондай-ақ "Әдебиет теориясының негіздері" еңбегін жазды.

З.Қабдолов «Әдебиет теориясының негіздері» зерттеуінің «Бастау» атты алғысөзінде: «Қазақтың әдебиет тану ғылымы туу, қалыптасу дәуірінен өткелі қашан! Бұл ғылымды бүгін де жас деуге де болмайды, бұл ғылым қазір жан-жақты даму, үздіксіз өсу, өркендеу кездерін бастан кешіріп отыр. Өлгі күнге кенжелеп келе жатқан сала – әдебиет

теориясы»,- деген екен. Зерттеуші әдебиет теориясына қатысты еңбектер жазып жүрген қазақ ғалымдары Қ.Жұмалиевтің, М.Қаратаевтың, З.Ахметовтің зерттеулерін де атап өтеді. Әсіресе, әдебиет теориясынан Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» мен Е.Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» зерттеулерінің оқырманға берері мол екені айтылады.

Көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлінің «Иірім» атты шығармасында Зейнолла Қабдолов туралы жазылған естелігін оқып едім. Өз естелігінде Қадыр Мырза Әлі ұстаз туралы былай деп тебірене жазады: «Университетте оқып жүрген кезімде сабағына ықыласпен барып, лекцияларын сүйсіне тыңдаған, тыңдап қана қоймай, құлағымызға құйып, көңілімізге тоқыған бір ұстазым сол Зейнолла Қабдолов. Басқасы басқа, ең бастысы – Зекеңе сөз өнері қонудай қонған. Ағамыздың тауып айтқан тіркестері, тамаша тұжырымдары бірден қанатты сөзге айналып жүре береді. Оның «Ғабитті мақтамау керек, Ғабитпен мақтану керек» деген сүбелі сөзі әдебиетшілер арасында ғана емес, жалпы мәдени ортада ауыздан түспейтін мағыналы мәтелге айналды.

З.Қабдолов А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыштағы» тіл тазалығы туралы тұжырымдарына тәнті болады, тура қазіргі уақытты айтып отырғандай деген ой айтады. Қазақ өлеңінің құрылысын талдау мақсатында кеңестік тұста біраз теориялық еңбектер жазылды. Сол еңбектерді салыстыра оқысаңыз, көптеген пікірлер, тұжырымдар А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» кітабындағы жіктеулерден алысқа кетпегенін байқаймыз. Ол туралы З.Қабдолов: «Қазіргі қазақ өлеңінің теориясы Ахаңды аттап аяғын нық баса алмайды. Өлең кестесін айшық деп атаған Ахаң оның ішкі сыры мен сыртқы түрін түрлеп-түстеп шығады. Қазақ өлеңінің құрылысын талдап-тексергенде оның жүйесін, ырғағын, ұйқасын сипаттай келе, айшығын әрлеп, шумағын түрлеген Ахаң атауларын пайдаланбайтын бір де бір зерттеуші жоқ. Ахаң қисындары тәжірибеге осылай көшіп отыр», - дейді.

З.Қабдолов А.Байтұрсынұлының талғамалы бунақтар, таңдамалы бунақ деген терминді алғашында ол не екен деп таң қалғанын жазады да, орысша баламасын іздегенін айтады. «Әдебиет танытқыштағы» талғамалы бунақтар дегені – цезуралар екен де, таңдамалы бунақ дегені – клаузула екен ғой деп, соншалықты сұңғылалықпен А.Байтұрсынұлының әлемдік терминдерді қазақы қалыпқа түсіріп, қазақы ұғым бергеніне бас иеді. Зейнолла Қабдолов 1990 жылы жазған «Ахаңның әдеби қисындары» деген еңбегінде А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» кітабына нағыз әдебиет теоретигінің көзімен қарап, санадан өткізіп, қазақ әдебиеттануының теориясы осы бағытта жазылған әлемдік талдаулардан еш қалыспайтынын дәлелдеп айтады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. "Әдебиет теориясы (1960-70 жж.). Классикалық зерттеулер 15-том
2. <https://www.tarbie.kz/11028>
3. <https://turkystan.kz/article/57295-s-z-nerini-sa-la-y/>
4. https://adebiportal.kz/kz/news/view/qabdolov-qalyptagan-adebiet-teoriiiasynyn-negizderi_23926

ТАҒЛЫМЫ МОЛ ТАЛАНТТЫ ҰСТАЗ

Ақмарал Смайлова

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы, Қызылорда қ., Қазақстан

Филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Халық жазушысы Зейнолла Қабдолов 1927 жылы желтоқсанда Атырау облысының Доссор кентінде дүниеге келген. Әкесі Қабдол әнші, күйші және ертегіші болғаны белгілі, ол таңнан таңға дейін көптеген қаһармандық эпостар мен дастандарды жатқа айта алған. Бір кездері ол бүкіл Атырауда танымал болған Науша-

серенің қолында болып, тәрбие мен орындау сабақтарын алған. Мұның бәрі оның ұлы Зейноллаға әсер етпей қоймады.

Мектептегі және студенттік жылдары ол әдебиетке деген сүйіспеншілігін және көркем шығармашылыққа деген құштарлығын көрсетті. 1945 жылы Алматы тау-кен институтына оқуға түседі. Осы университетте оқумен қатар, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі белгілі жазушы, ғалым, профессор Мұхтар Әуезовтің дәрістеріне қатысады. Оның өмірінде Мұхтар Әуезов, оның дәрістері үлкен рөл атқарды және ол политехникалық университеттен ҚазМУ-ға ауысып, оның шәкірті болды. ҚазМУ-ға қалай ауысқаны жөнінде «Менің Әуезовім» роман-эссесінде егжей-тегжей баяндап береді.

Жарты ғасырдан астам уақыт бойы еңбек еткен білім ордасы ғалым үшін «әкеден кейінгі екінші қасиетті инстанция» болды. Осы уақыт ішінде ол әдебиет теориясы, көркем шығармашылық психологиясы және жазушының шеберлігі туралы онмыңдаған дәрістер оқыды.

З.Қабдолов сонымен қатар орта және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар жасауда, әдебиеттану мәселелерін зерттеуде жемісті жұмыс істеді. Ол көптеген сыни және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазып, орта мектепке арналған қазақ әдебиетінің оқулығын дайындады.

Оның шығармашылық және ғылыми қызметі Қырғызстанмен тығыз байланысты болды. Оның қырғыз ғылыми кадрларын даярлауға қосқан үлесі зор. Ол қырғыз әдебиетінің классигі Шыңғыс Айтматовтың жақын досы болған. Ш.Айтматов өзінің «Қызыл алма» атты әйгілі әңгімелерінің бірін З.Қабдоловқа арнады және Қырғызстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері атағына ие болды.

Сол университет оны үлкен әдебиет әлеміне алып келді. Жас жазушы өзінің алғашқы өлеңдерін, «Ант» әңгімесін республикалық басылымдарда жариялап, Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданған кезде небәрі 20 жаста болатын. Бұл үлкен жетістік және ерекше беделдің белгісі болатын. 8 жылдан кейін оның «Өмір ұшқыны» әңгімесі мен «Жалын» романы жарық көрді. Біраз уақыттан кейін шыққан екі романды біріктірген "Бостандық жанып жатқанда" дилогиясы Зейнолла Қабдоловтың әдеби қоғамдастық тарапынан көркемдік талантын сөзсіз мойындаған кезеңдік жұмыс болды.

З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» романында Мұхтар Әуезовтің әдеби бейнесі үздік шеберлікпен сомдалады. Ол осы романы үшін 1998 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы иегері атанды.

Академик-жазушының «Менің Әуезовім» роман-эссесінің тақырыбы мен басты сюжеті қазақ әдебиетінің классигі, заңғар жазушысы, академик Мұхтар Әуезовтің өмірбаянына, тағдырына, қаламгерлігіне, ұстаздық қызметіне негізделіп жазылған көлемді прозалық туынды. Мұхтар Әуезовтің дәрісін тыңдап, сүйікті шәкіртіне, дос-інісіне айналған Зейнолла Қабдолов ұзақ жылдар бойы ұстазының еңбегін, әр жанрдағы, әр жылдардағы шығармашылық мұрасын жинап, зерттеп келді. Романда ұстазының жан дүниесі, болмыс-бітімі, ұстаздық еңбегі автор көзімен бағаланып, авторлық баяндаумен ашылады. Романның негізгі оқиғалық арқауы – М.Әуезовтің 1930-60 жылдар аралығында Қазақ Ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында ұстаздық қызмет еткен кезеңінен бастау алып, шегіністер арқылы, кейіпкерлер диалогы арқылы ұстаздың осыған дейінгі тағдыр белестеріне де шолу жасалады.

Мұхтар Әуезовтің балалық шағы өткен туған жері – Шыңғыстау, Бөрілі өңірінің табиғаты, атасы Әуездің, немере ағасы Қасымбектің болашақ жазушыға әсер еткені, хакім Абай және оның ақындық аясы, оған үлгі болған Алаш арыстары, яғни оның ұлттық дүниетанымын оятып, тағылым ұсынған ұлы ұстаздары туралы ой-толғамдар кеңінен ширатылып жазылған. 1920-1930 жылдар арасында етек алған тарихи, саяси оқиғалар, сол тұстағы жазушының қудалауға түсіп, азап шеккен кезеңдері, барлығы романда терең суреттеледі. Алты тараудан тұратын роман әсерлі баяндаумен оқырманды өзіне елітеді. Романда кездескен эпизодтардың барлығын да автор бірде өз көзімен көргендей, бірде шегіністер арқылы іштей сабақтасып жатыр.

Романда өмірбаяндық сюжеттер мен авторлық толғаныстар үндестік тауып, тұлғаның бүкіл ғұмырын терең толғаныспен суреттеген. Образды, көркем, суреткерлік шеберлікпен Мұхтар Әуезовтің болмыс-бітімін, адами тұлғасын дәл әрі нақты жеткізе білген.

Ғалымның еңбекқорлығын, шәкірт тәрбиелеуге деген құлшынысын жарқын тұлғасы қанша науқастанып отырса да М.Әуезовті айта бастағаннан-ақ қатты толқып, өңі жарқырап шыға келетінінен байқауға болатын. Қабдоловтың Әуезовке деген құрметі, шәкірттік махаббаты ерекше тын. Оның дәрісін тыңдау үшін университеттегі ең үлкен дәріс залы таңдалып, филология факультетінен басқа журналистика, тарих факультетінің де студенттері бірге отыратынбыз. Онымен қоса, басқа да жоғары оқу орындарының педагогтары мен тіл білімі зерттеушілері де ғалым дәрістерін жібермей, іздеп келіп қатысып отыратын. Сол кездері академиктің соңғы шәкірттері біздер болған екенбіз. Басқа оқу орнынан келіп отырған әдебиеттанушы оқытушылар бізге қызғана да қызыға қарайтын. Ғалымның әрбір дәрісі құнды ақпараттарға, терең сезімге, махаббатқа толы болатын. Жүйелі сөздері жүректен шығып үлкен толғаныспен тыңдаушыларын баурай ала жөнелетін. Ол талантты жазушы ғана емес, сонымен қатар көптеген жас жазушылардың тәлімгері бола білді.

ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ ТАҒЫЛЫМЫ

Нұрхан Диана,

*М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің
3-курс студенті. Қызылорда қ., Қазақстан*

Ғылыми жетекшісі: Махамбетәлиева Р. - Қызылорда қ., Қазақстан

Қазақ сөз зергерлерінің бірі, әрі ойшыл, әрі шешен академик Зейнолла Қабдолов біздің өлкеміздің ұлы мақатанышы. Ширек ғасыр бойы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық мемлекеттік университетінің әдебиет кафедрасын басқарып, бірнеше жыл «Жұлдыз» журналы мен «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы міндеттерін негізгі қызметімен қоса атқарған. З.Қабдоловтың осындай қоғамдық жауапты қызметтер атқара жүріп, қазақ әдебиетін өркен-детуге, жас таланттарды тәрбиелеуге қосқан үлесі ұшан-теңіз. Жазушының қаламынан туған “Үшқын”, «Жалын», «Менің Әуезовім» романдары әдебиетіміздің алтын қорынан орын алған туындылар болды. «Жалын» романы 1970-1971 жылдары қазақ, орыс тілдерінде жарық көрген. Бұл роман жұмысшылар табы туралы ең үздік туындылар жөнінде КСРО Жазушылар одағы жариялаған бүкілодақтық байқауда арнаулы сыйлық алған. Республика сахналарында кеңінен қойылған “Сөнбейтін от” драмасы, “Адам”, “Сыр” атты очерктер жинақтары кезінде әдеби сыннан да, қалың жұртшылықтан да жоғары бағасын алды.

Жазушының “Менің Әуезовім” романы 1998 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Тұңғыш көлемді шығармасы «Өмір ұшқыны» 1956 жылы қазақ, 1958 жылы «Искра жизни» повесі орыс тілінде жарық көрген.

Мұнайшылар өмірінен жазылған 1964-2002 жылдары әдебиеттану ғылымы мен теориясын зерттеу, орта және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар жазу ісінде де жемісті еңбек еткен. Оның «Арна» зерттеу-сын-эссесі, «Жанр сыры», «Сөз өнері» монографиялары, «Жебе» әдеби толғаныстар мен талдаулары, «Көзқарас» талдаулар мен толғаныстары, «Әдебиет теориясының негіздері» атты еңбектері студенттер мен мұғалімдердің және жазушы-журналистердің қажет кітаптарына айналды. Ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаздың «Әдебиет теориясының негіздері» атты монографиялық зерттеуі отыз жылдан астам уақыттан бері сөз өнерінің сыры туралы қолдан түспес оқулыққа айналды.

Ұзақ жылдар бойы З.Қабдолов өзі дәріс алып, аялы алақанның, ыстық лебізінің шапағатын көрген ұстазы — ұлы Мұхтар Әуезовтың ғылым ордасындағы киелі орнын жоғалтпай, Әуезов кафедрасының ісін жалғастырып, отын өшірмей келген.

ЮНЕСКО көлемінде әлемдік деңгейде аталып өткен М.Әуезовтың 100-жылдық мерейтойына арнайы жазылған «Менің Әуезовым» атты роман-эссесінде ұлы қаламгердің ұстаздық феноменін таныту арқылы оның әдеби бейнесін жасау тәжірибесін жаңа сапаға көтерген. Эссе әдебиетіміздің алтын қорына құнды қазына болып құйылды.

Аударма жұмыстарымен де айналысып, бұл салада да аса жемісті еңбек етіп, А.Пушкиннің «Балықшы мен балық» ертегісін, Н.Гогольдің мақалалары мен хаттарын, В.Добровольскийдің «Сұр шинельді үш жігіт», В.Закруткиннің «Судағы станица» романдарын, А.Островскийдің «Ұшынған ақша», М.Горкийдің «Күн перзенттері», Н.Хикметтің «Елеусіз қалған есіл ер» пьесаларын қазақ тіліне аударған.

З.Қабдоловтың Отан алдындағы елеулі еңбегі жоғары бағаланып, «Ха-лықтар дос-тығы», «Құрмет», «Па-расат» ор-дендерімен, көпте-ген ме-даль-дар-мен және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет гра-мота-лары-мен ма-рапат-талған. Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Бірінші дәрежелі сыйлығының лауреаты атағын иеленген.

Алматы қаласындағы мекен-тұрағы болған Желтоқсан көшесіндегі 132 үйдің қабырғасы-на мемориалды тақта орнатылып, қаладағы көшелердің біріне жазушының есімі берілген.

Жазушы туралы жылы лебіздерге тоқталар болсам, бәрі де ұлт мақтанышын үлгі тұтады. «Теңдесі жоқ кемел суреткердің қаламынан аз да болса саз болып, қапысыз сомдалған, қыздың баласындай сүйкімді, Қызырдың алақаны сипағандай, жан-жүрегінді елжіретіп қоя берер абзал да әсем прозалық шығармалары мына дүниеде талайды тамсантип, мәңгі қалмақ...», - деп кезінде жоғары бағасын берген абыз жазушы Ә. Кекілбайұлының сөзі өміршеңдігімен құнды.

«Атырау жұрты Зейне ағандай заңғар жазушыға жерлестігін мақтан тұтатын еді... Сол әзиз жан, жанашыр аға, даңқты жазушының артындағы мол мұрасын біздер мәңгі медет тұтамыз», - деп бағалайды Аслан Мусин. «Адам баласының ананың ақ сүтінен кейінгі қарыздар бейіл кешері – Ұстаз! Жұмыр басты пенденің жанын нұрландырар ұғымның ұлысы – Ұстаз! Өмірде ұқсағымыз келіп тұрар ұстаз еді, Зекең! Өнерде ұқсағымыз келіп тұрар ұстаз еді, Зекең!», - дейді ғалым Құлбек Ергөбек.

Дуалы ауыз сөз зергері, ел ағасы З.Қабдолов айтқан өнегелі уағыздар ұлтты елдік пен бірлікке үндейді. Қазақ қауымының рухани өмірінде азаматтық пен кісіліктің, кішілік пен зиялылықтың орасан үлгісі бола білген осынау аяулы тұлғаның ардақты бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады.

2-СЕКЦИЯ. ҚАЗІРГІ ӘДЕБИ ПРОЦЕСС, ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ЖАНАТ ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Латипова И.К.

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 2-курс магистранты- Ақтау, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: Қамарова Н.С., ф.ғ.к. .Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры, Ақтау, Қазақстан*

Қазіргі қазақ поэзиясындағы өзінің сара жолын даралығымен, көркем шеберлігімен анықтап алған ақындардың бірі – Жанат Әскербекқызы. Бала шағынан бастап-ақ өлең сөзге әуес болып, әдебиетті жанымен сүйіп оқиды. Шығармашылық ғұмырында поэзиямен ғана шектеліп қалмай, аударма саласында да елеулі еңбек етіп, шетел шығармаларын төл тілімізге тәржімалаған. Ақынның қазақ әдебиетіндегі алар орны ерекше.

Жанат Әскербекқызының өлеңдерінде ерте замандардан бері сақталып келе жатқан асыл мұрамыз – қазақ фольклорының сарындары, халық ауыз әдебиетіндегі батырлар мен әйелдер образдары, көне ертегілік, эпсаналаық сипаттаркөптеп кездеседі. Оның ақындық шеберлігі мен ойының ұшқырлығын, таным-түсінігінің кеңістігін танытуда ақын поэзиясындағы фольклор поэтикасын зерттеудің маңызы зор.

«Жалғыз тал» деп аталатын шығармасында ақынның терең психологиялық хәлі, ішкі сезімдері, толқыныс пен толғаныстары бір-бірімен астасып жатыр. Ағашты киелі санау, оны қастерлеу – қазақ халқының танымында ежелден бар түсінік. «Өмір ағашы», «Өлім ағашы», «Әлем ағашы», «Бәйтерек» сынды ұғымдардың барлығы – ертедегі мифтік әлемнің жемісі. Тірі жанның ізі баспайтын ай далада жалғыз ғана талды ерекше суреттей отырып, көне мифтік ұғымдар мен түсініктерден нәр алғандай.

Ақынның өлеңге тірек еткен дала, ағаш компоненттері – халқымыздың қастерлі ұғымдары. Жанат Әскербекқызы жалғыз тал бейнесі арқылы жалғыздық азабын, әкесінің жалғыз ұл екенін қатар ала отырып, параллелизм тәсілі арқылы жапандағы ағашпен іштей тілдеседі:

Жалғызтал!

Жалғыздық деген зарлы жыр еді,

Әкем де менің жалғыз ұл еді.

Күдігін шайған сенімді үміттің

Шырайы қанық алқызыл еді...

Жалғызтал!

Жалғыздық қазір атыңда ғана,

Жалғызбын деуге дәтің бара ма?!

Көк терек пенен ақ қайыңдардан

Атың да оқшау... затың да дара [1, 10-11].

Мұның өлеңмен ақтарып, сырын талға айтқан ақын жүрегі кімді де болса, елжіретпей қоймайтыны анық. Ақын жалғыз талды ешбір ағашпен теңестірмей, керісінші, оның бағасы өзгелерден жоғалары, басқалардан биік екенін аңғартып тұр. Шығарманың идеялық мазмұнына терең көз жүгірте отырып, автордың айтпақ ойын ұғынып, өзің де бір сәтке жалғыздық әлемге тап болғандай күй кешесің. Сол үшін де ақын өлеңі қарапайым сөзімен, жылы лебізімен, әсерлі сөз қолданысымен ерекшеленіп, көркемдік шеберліктің шыңына шығып тұр.

«Жанат Әскербекқызының шығармашылығында – фольклорлық метафора, меңзеу, тұспалдау тәсілі шеберлікпен қолданылады. Ақын дерексіз ұғымдарды заттандырып, жалқы ұғымдарды жалпыландырады. Өзі суреттеп отырған оқиға-образдың өзегіне терең бойлап, оның арғы, бергі тарихын тануға ұмтылады» [2, 177]. Ақын поэзиясында туған

жерге сүйіспеншілік пен құштарлық, елге, жерге деген риясыз махаббат пен шексіз құрмет анық сезіледі. Өлеңдерінің бір ерекшелігі – өзінің өмірінен алынған тағылымды тағдырының көрінісі. Тақырыптық жағынан да алып қарайтын болсақ, қаланы емес, даланы жырлау сипаттары басымырақ. Фольклордың ерекше бір жанры ретінде ертеден қалыптасқан арнау өлеңдер де аз емес. Мәселен, сіңлісі Ләззатқа арналған «Жұбату» өлеңінде Жаратқаннан амандық тілеп, сабырлыққа шақырады:

Фәни мен бақи – екі өмір,
Екі әлем, егіз екі өңір.
Қамыға бермей, қатайып,
Қалқам-ау, сабыр ете біл!
Кеуденде жүрер бір арман,
Қуаныш сыйлар күн алдан.
Бірі кем дүние...барына
Амандық берсін Бір Аллам! [1, 29]

Фольклорлық сана бойынша, бүкіл әлемді жаратқан бір Алланы ешбір пенде көзбен көрген жоқ. Оның бейнесін тіпті елестетудің өзін күнәға санап, дүниедегі бар ізгілік пен жақсылықтың атауымен атаған. Пәк, кіршіксіз, өте мейірімді, кешірімді Алла есімі поэзияда өте жиі қолданылады. Ерте замандарда туып, қалыптасып, халықтың құлағына сіңіп кеткен «Құдайдың құлағына шалынсын», «Алланың көз оң болсын», «Алла қолдасын», «Құдай жеткізер» деген сөздер Жаратушы мына дүниеде болып жатқан барлық нәрсені біліп, көріп тұрады деген қорқыныш пен үрейден туындаған. Аллаға жалбарыну мен Одан көмек сұрау, амандық сұрау тілектер мен ғұрыптар да адамзат қоғамы қалыптасып бастаған кезден-ақ пайда болды. Осындай көне заманнан бері келе жатқан таным-түсініктің бүгінгі күнге дейін біздің санамыздан жоғалмай келе жатқанына тағы бір дәлел. Керісінше, Алланы тану және оны көркем поэзияда жырлау қазіргі қазақ ақындарының шығармашылығында жиі кездесетіні рас.

«Фәни» сөзі ақын поэзиясында жиі кездеседі. Келесі бір өлеңінде ол фәни-жалған деген тіркесті қолдана отырып, мына дүниенің уақытша екенін жазады:

Фәни – жалған, жүрекке сыр жасырып,
Сол сырының салмағы жырға асылып.
Тыншытпастан жанымды, күні-түні
Сілкілеумен мазамды жүр қашырып [3, 69].

Жанат Әскербекқызының өлеңінің атын «Жұбату» деп атауында да ерекше мән бар. адамға көңіл айтып, оның қайғысын жеңілдету мақсатында жылы сөздер айту үрдісі – ежелден бар ізгі дәстүр. Жұбату тұрмыс-салт жырларының біріне жатады. Жұбату жанры халық ауыз әдебиетінде түрлі үлгілерде – мақал-мәтел, нақыл сөз түрлерінде кездесе береді. Қазіргі ақындар жұбату дәстүрін өлең арқылы кестелі сөз марандырман жеткізеді.

Поэзиядағы фольклор сарындарының тағы бір сипаты ретінде түрлі аспаптарды жырға қосуды айтуға болады. Мәселен:

Қобызым менің жоғалған...
Қосбада ма екен?
Баланып күшім қалды ма босағаға бөтен...
Аспандап ұшқан алты қаз тағдыр оғынан
Талайлы бір сәт туғанда тасалана ма екен?
Бақсының сарыны –

Аспан астындағы бұл сарын, [1, 40]– деп жырлауы ақынның халық ауыз әдебиетінің мол мұраларынан сусындап өскені байқалып тұр. Бақсының сарыны – нағыз фольклорлық сарын. Оның өлеңде қолданылуының өзі күнделікті тыныс-тіршілік пен әдепкі ұстанымнан бөлек, ерекшелікке меңзеп тұр. «Бабалар сөзінің» 93-томында мынандай түсініктеме береді: «Бақсылар да ақын, жырау, сал-серілер сияқты фольклор жасаушылардың байырғы өкілдерінен саналады. Бірақ бақсының аталған тұлғалардан алабөтен айырмашылығы бар.

оның негізгі міндеті көркем шығармашылықпен айналысу емес, белгілі бір дүниетанымға негізделген діни культті атқару болып табылады» [4, 55].

Ақынның қобыз аспабын аса қастерлеп, оның қасиетін іздеуі де бекер емес. Қобыз Қорқыт заманынан бері әлі күнге дейін қазақ халқы үшін қадірі аспаптардың бірі болып саналып келе жатыр. Қобыздың үні қазақ әдебиетіндегі талай ақын-жазушылардың шығармаларына арқау болғаны жасырын емес. Жанат Әскербекқызы өзінің шығармаларында қобызды, бақсының сарыны, аңыздық әңгімені қатар ала отырып, өлеңнің фольклорлық поэтикасын биік деңгейге көтереді.

Жанат Әскербекқызының қаламынан шыққан әрбір туынды – ақынның ішкі жан дүниесінен ыққан бағалы мұра. Мазмұндық, идеялық, тақырыптық, стильдік, көркемдік тұрғысынан да алып қарасақ, ақынның әрбір шығармасы терең ой мен көркем танымға негізделген. Жанат Әскербекқызы поэзиясында кездесетін фольклорлық сарын мен оның поэтикасын зерттеу және талдау – қазіргі әдебиет пен фольклордың өзара үндесітігі мен сабақтастығын, бір-бірінен ажырамас байланысын нақтылап берері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әскербекқызы Ж. Қаз қанатындағы ғұмыр: Өлеңдер мен поэма. – Алматы: «Жазушы», 2007. – 240 б.
2. Қазіргі әдебиет және фольклор. – Алматы: «Арда», 2009. – 480 б.
3. Әскербекқызы Ж. Көк түріктер әуені: Өлеңдер. – Астана: Елорда, 2002. – 88 б.
4. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2013. Т.93: Магиялық фольклор. – 432 б.

Х. ЕРҒАЛИЕВТІҢ «КҰРМАНҒАЗЫ» ДАСТАНЫНДАҒЫ ҚҰРМАНҒАЗЫ БЕЙНЕСІ

Бисекешова Р.,

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4-курс студенті - Ақтау қ., Қазақстан
Ғылыми жетекші: Каримсакова Б.А. «Қазақ филологиясы» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры м.а - Ақтау қ., Қазақстан*

Бүгінгідей түрлі мәдениеттер тоғысындағы жаһандану үрдісіне бағыт бұрған заманда ұлтымыздың рухани өресін биіктеткен тұлғалардың қалдырған мұрасына қайта үйілу оның тағылымдық мәнін қайта зерделеу – заман тудырып отырған қажеттілік.

Заманының заңғар ақыны қазақ әдебиетіне өзінің дара ізін қалдырған Хамит Ерғалиев - қазақ оқырмандарына кең тынысты, этикалық үн туындыларымен барынша танымал болған суреткер. Кезінде академик жазушы З.Қабдолов «Хамит Ерғалиев - жапанға біткен жалғыз қайың емес, қазақ әдебиетінің құнарлы топырағында заманымыздың нұр шұғыласына белене жайқалып өскен көк ормандай көп қайыңның бірі. Демек, Хамиттің қадір-қасиетін сөз ету қазақ әдебиетінің қалаулы сипаттарын байыптау екеніне дау болмаса керек», - деген болатын [1].

Хамит поэмалары тақырыбы жағынан жан-жақты. Халқымыздың өткені мен бүгінгі өмірде ақынды қызықтырмайтын, ақындық шабытын шақырмайтын оқиға жоқ. Мұның өзі заңды да. «Өткенді білмей тұрып, бүгінгіні түсінбейсің, ертеңгіні болжай алмайсың», – деген Горький. Халқымыздың азаматтық тарихындағы елдік пен ерлік шежіресін жырлағанда ақын оны бүгінгі күннің рухани қажеттілігі мен ертеңгі күннің биік талап-тілегі тұрғысынан бейнелеуге ұмтылады.

Әдебиет майданында жүрген қырық жылға жуық уақыт ішінде ол отыздан астам кітаптың авторы атанды. Әдебиетіміздің алуан түрлі мәселесіне жан-жақты қатынасып, қоғамдық ой айтуда, қаламдастары туралы пікір қозғауда да білек сыбанып еңбек етіп жүр. Алуан тақырыптағы өлеңдерімен қатар ақын қазақ әдебиетінің қорына халқымыздың өткені мен бүгінгісін паш ететін «Әке сыры», «Жас ана», «Үлкен жолдың үстінде», «Біздің

ауылдың қызы», «Сенің өзенің», «Оралдағы отты түн», «Құрманғазы», «Аңыз ата», «Жылдар, жылдар», «Күй дастан» поэмалары сияқты толыққанды, күрделі туындыларды өмірге әкелді.

Ақын бұл поэмаларында еркін, азаптан азат өмірді аңсаған жылдар, жандардан бастап, сол өмірді өз қолдарымен жасаған адамдарға дейін қастерлейді, ағынан ақтарыла шындық шежіресін жасайды. Халқымыз бастан кешірген қилы-қилы мезгілдердің қай тұсынан алынған қаһарман болмасын автор оқырманын соны жітік тануға, сүйеге ынтықтырады, қимыл-әрекетіне қызықтырады. Қаһармандар жағына белсене шығып алып, олардың жауларымен іштей сіз де күресесіз, қызынасыз. Сөйтіп отырып, сол тұстағы халықтың хал-ахуалымен танысқаныңызды аңғармай да қаласыз. Біздіңше, бұл эпик ақынның ауқымы молдығын, шеберлігін аңғартады. Ақын қаламынан ұзақ жылдар бойы өніп отырған осы дастандарға жеке-жеке тоқталайық. Ақынның шоқтығы биік дастандарының бірі - «Құрманғазы». Күй атасы атанған Құрманғазы бейнесін ақын өнеріне тән өзіндік әлемінде ашуы жаңашылдық, яғни Құрманғазы бейнесін қарапайым қоғамнан тыс асқақ күйлерімен қатар алып сипаттаған. Күйшінің жұтаң өскен балалық шағын «Ақсақ киік» күйімен болашағына сапар шектіріп, кейіпкер атынан сөйлейді.

Кел маған

Қарғамай кел!

Түнейік бір.

Сен өлмей жүрегімде шошы да жүр!

Бұйырсын жайлауыңа менің жаным,

Кел, менің құшағыма күй болып кір! [2]

Автор үлкен шығарма жазар алдында көп ізденіп, көп толғанып, үлкен әзірлік жасайды. Ол «Құрманғазы» дастанын жазу үшін де оның кім екендігін жете зерттеп, көңіліне тоқып, санасына құйып алды деуге болады. Құрманғазы - өзіне қарсы соққан дүлей боранға бой бермеген, қатал заманның заңына қасқая қарап тұрған, қайсар да дарынды адам. Таусылмайтын кектен, буырқанған ызадан оның құдіретті күйлері туған. Сан тұлғаны шындық күйінде шынайы жеткізу үшін ақын көп ойланды, көп толғанды, ұзақ жыл бойы жан-жақты зерттеп, ойы бір арнаға тоғысқанда барып, шығармасын жазуға кірісті.

Хамит Ерғалиевтің «Құрманғазы» дастаны-қазақ әдебиеті тарихында өте жоғары бағаға ие болған дастандардың бірі. Автор дастанды оңай жаза алған жоқ. Себебі күйші өмір сүрген кезеңнен мәлімет аз еді де, халық арасында, ол жөнінде әңгімелер әр түрлі болатын. Тіпті кейбіреулері бір-біріне қайшы келіп жататын. Алайда қаламгер Құрманғазы Сағырбаев өмірінен жақсы хабардар болған. Балалық шағынан күйші туралы көп естіген Хамит Ерғалиев «Жақсыдан шарапат» кітабында сол кезді еске алады: «Туып-өскен жер табаны біздің ауылға Құрманғазының Азғырынан да, кейінгі қонысы Сахмадан да әлдеқайда жақын Қабылан дейтін күйші жаз айларының бірінде біздің үйдің қонағы болды. Кешкілікте малды жайлап болған соң жиналған қанаттас ауыл адамдары есік-төрі үлкен кісілерден ауыспаған алты қанат үйдің іргесін айнала түргізіп сыртқа да тығыз орналасқан. Ел ағасының еркесі - мен ғана аспалы шамның астында, Құрекең шәкірті кәрі Қабыланның қарсы алдында жаңағы бала Құрманша жатып алсам керек. Ол сәттегі менің ұғымымда домбыра ұстағанның бәрі дерлік атын ауызға алмай күй шертпейтін Құрманғазы - осы кісі. Қабылан Құрекеңнің қай күйі қандай жағдайда туғанын ауызекі айтып отырып тартатын кісі екен. Түннің бір уағына созылған қақтығыс-соқтығысы мол тарих пен кеудеңе тура сөйлеп сұғынатын сиқырлы саздарға мен де көзімді бір ашып, бір жұмып ұйып қалыппын» - дей келіп, балалық шағындағы естеліктерімен тоқталып қалмай, одан әрі күйші өміріне тереңдей ізденеді: «Шайтани аралында жерленді деп жүрген Құрманғазы зиратын мен 1952 жылғы сапарымда қалмақша Күрлік, қазақша Албасты төбе деп аталатын биік жотаның басындағы көне қорымнан тауып қайттым. Оған мені Құрекеңнің көзінің тірісінде көріп қалған Ыбыр аға Досәлиев бастап апарып, құлыптасын көрсеткен». Одан әрі күйші зиратының қасындағы үлкен жолдан өтіп бара жатқан жолаушылардың тоқтап, аттан түсіп, жаяулатып жүретінін, және зират басындағы дінгекке байлаулы ақша салынған

түйіншектер көргенін айтады. Оның үстіне топырақ арасынан түрлі нәрселер - құран сүресі жазылған қағаздар, ескі ақшалар тапқанын да әңгімелейді. Міне, осындай жағдайларды басынан өткеріп, барлығын ой елегінен өткізіп, шындықты шындай түскен автор, өте құнды шығарманы халыққа ұсынды. Байқап отырғанымыздай, кейіпкердің көңіл-күйі, ішкі толғанысы асқан шеберлікпен берілген.

Шығарманың арнауы, прологы мен эпилогы «Қозыбақ сазы», «Ақсақ киік», «Ерегіс», «Келін жолы». «Тұтқын», «Сот алдында», «Қайран шешем», «Бұрқасын», «Айжан қыз», «Құтқару», «Ұстаз», «Абақтының алдында», «Қызыл қайың қонағы», «Жатақтағы жақсы кеш», «Арман ағысы», «Шалғайдағы шапқын», «Сарыарқаға сапар», «Көбік шашқан» [3] деген жеке-жеке тараулардан тұрады. Олардың барлығында да күй атасы Құрманғазының бастан өткізген, өзі куә болған оқиғалар шынайы, кейіпкерінің көңіл-күйі, ішкі сезім иірімдерімен үлкен толғаныспен баяндалады.

Дастан барысында халық өкілі Құрманғазы бала кезден бастап, өмірінің ақырына дейін қалың бұқараның басындағы қиындықтың бәрін көреді. Автор «Пролог орнына» тарауында уақыт тынысымен таныстырса, «Ақсақ киік», «Қозыбақ» тарауларында алдағы қилы тағдырлар мен түрлі тартыстарға жол ашады. Бай малын бағып жүрген бала Құрманғазы «Ұзақ» күйін аңсары ауып, қурай ызыңына құлақ түріп, өз басының халін түсінгендей болады. Аяғына оқ тиіп, ақсаған киіктің де өз тағдырына ұқсастығын сезеді.

«Ерегіс», «Келін жолында», «Тұтқында» тарауларында оқиға ширыға дамиды. Құрманғазы елді зар илеткен Әбубәкір Ақбаевтан өзінің сүйген жары Әуесті арашалап алады. Бірақ Дөңбай қажының қарадойыр тобы Құрманғазының үйін ойрандатып кетеді. Ал, Құрманғазының қатты күйінген ағасы Бейғазы қажының бір үйір қысырағын айдап әкетіп, кедейлерге береді. Дастанның одан әрі қарайғы оқиға желісінде осы қақтығыста үстем тап өкілдерінің кісі өлтіргені Құрманғазы мен Бейғазының қолға түсуі, Ақбаев үйіндегі сот шырқықан оқиға желісімен беріледі. Тағдыр талқысына шираған ағалы-інілі екеу соттан именбей, халықтың қолдауымен негізсіз жаладан босанып шығады. Өздерінің жеңіліс тапқанынан өшіккен қанышерлер Құрманғазыны Астрахань түрмесіне айдайды. Атақты күйші түрмеден қашып шығып, адай елінде атақты Мамырайдың Айжан қызы ауылында боп, ат мініп, шапан киіп қайтады. Енді оқиға қайта өрши түседі. Келсе, інгендей боздап анасы жалғыз қалған, алты айлық ұлы менсүйікті жары Әуесті патша шабармандары алып кеткен. Осындай жағдайларды көп көрген Құрманғазы шын күреске ұмтылады. Осы тұста күйшінің «Қайран шешем» күйі дүниеге келеді.

Содан бала-шағасын тұтқыннан босатып алған Құрманғазы Жиделіден хан ордасына қарай ығысады. Бұл жерде ауқатты адамдар тұқымымыз деп бүркеншік жалған атпен жүреді. Мұның астарында үлкен сыр бар еді. Жас жігіт бұрын жеңіліс тапқан көтеріліс басшылары Исатай мен Махамбеттің ерлігін елге жария етіп, халықты сұлтандармен күреске шақыратын «Кішкентай» деген күйін шығарып, өлең арнап, оларды елге жариялағаннан соң, үлкен думанда өзін сездіріп қойып, ұлықтар қолына түсіп, қайта қамауға алынады.

Дастанда тараулар өзара тығыз байланыста дамиды. Қайрат, жігер қайтадан қамауға алынған күйшінің еңсесін баса алмайды, керісінше, кеудедегі ыза мен ашу күй болып жатады. Ақын кейіпкерінің бірбеткейлігін, сөзге беріктігін, өжеттігін суреттеу арқылы оның өз маңындағы адамдардан ерекше екенін аша түседі. Құрманғазы жауларының алдында жартастай биіктүр.

Автор күйші портретін жасауда асыра сілтеп, орынсыз дәріптемейді. Адамға тән қасиеттер арқылы ғана оның мүсінін шебер бейнелейді, «сом жігіт», «жебелі қара мұрты, қара сақай», «мұзбалақ, дөң қыраны», «ала көз, алпамсадай, қабақты жан» деп қана бет пішінін суреттеген. Күйші тұлғасын жасауда ақын адамдық қасиеттерден алыс кетпейді. Құрманғазы - құшағы ашық, елжіреп тұратын, қағылез, достыққа әзір, бауырмал жан. Ал керегінде қатал да бола алады. Айбарлы да сұсты, өнеріне сай қайраты бар, тұлғасына батырлық, ерлігіне серілігі сай кесек адамды көреміз.

Қорыта келе ақын поэтикасындағы күрделі тақырыптардың дүниетанымдық тұрғыдан көркем бейнелеу үлгісін ғылыми саралау – бүгінгі қазақ поэзиясының бастау көздерін анықтауға негіз болады. Соны ізденістер арқылы ақын өлең сөздерін жетілдіріп, рухани әлемімізді жаңа әдіс- тәсілдермен, бейнелік оралымдармен, жаңа сөз тіркестерімен образдық үлгілермен толықтырған. Х.Ерғалиевтің поэтикалық әлеміндегі бейнелі суретті образдардың мәні қазақтың ғана емес, жалпы адамзаттық ақыл-ой дүниесімен астасып жататындығымен құнды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қабдолов З. Жанр сыры. Алматы, 1964 ж.
2. Ерғалиев Х. Екі дастан. Алматы, 1949 ж.
3. Ерғалиев Х. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1954 ж.
4. Ерғалиев Х. Құрманғазы. Москва, 1954 ж.
5. Ерғалиев Х. Құрманғазы. Поэма. Алматы, 1962 ж.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА – КӨСЕМСӨЗ ШЕБЕРІ

Туралы И.,

«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 2-курс магистранты - Ақтау, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С., ф.ғ.к. Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры, Ақтау, Қазақстан

Публицистика – өте күрделі жанр. Оның мақсаты – өз заманының барлық мәселелерін қозғап, жаңашылдыққа ұмтылу, ұлы өзгерістерге жетелеу. Өз миссиясын орындау жолында ақиқаттың ақ тұлпарына мініп, елдің мұңымен, халықтың санасымен, ұлттық жанымен сабақтасып жатады. Ұлт көшбасшысы, әдебиеттану ғылымының негізін салушы Ахмет Байтұрсынов публицистика ұғымына «көсемсөз» деген атау берген. Өркімнің қолынан көсемсөз жазу келе бермейді. Оған шеберлік пен таным керек.

Қазақ публицистика ғылымында елеулі е

ңбек еткен ақындардың бірі де бірегейі – Фариза Оңғарсынова. Фаризаның көсемсөздеріне арқау болған тақырып –тәуелсіздік тұғыры мен азаттық идеясы. Өзінің тұғырлы шығарашылық ғұмырында «Тәуелсіздік жолында», «Санаға сілкініс керек», «Өлең, қайда барасың?», «Жыр және сын мәдениеті жайлы», «Қазақтың ақын қыздары», «Халық аманатын арқалау оңай емес», «Марат туралы сөз», «Достарым сиреп барады», «Жезқазған», «Бәрі өзімізден», «Махамбет тойы елге сын», «Кие-жырдың шапағаты», Қайран менің Тұмағам», «Қайран, Қарекен», «Ол бір жарқын жігіт еді», «Суреткер», «Бақыт деген осы», «Журналист қыздар», Сөз сайыста – қыздар!», «Ел мен жерді басындырмаймын», «Бесіңді түзе!», «Тәуелсіздік жайлы тасқын жыр», т.б. көптеген мақалаларды жарыққа шығарды.

«Тәуелсіздік жолында» атты мақаласы қазақ халқының сан мың жылдар бойы аңсаған, арман етіп, соған жету жолында жанын тәрк еткен, қиыншылық пен түрлі өзгерістерге толы жылдарынан сыр шертеді. Қазақ елі ғасырлар бойы егемендігін алу үшін күресіп келді. Сол үшін де Тәуелсіздік біз үшін – өте қасиетті, қастерлі, қадірлі ұғым. Мақала өте көлемді. Оның құрылымы «Далада да, қалада да сергелден», «Өтпелі кезең өткелдері», «Өмір арбасы алға жылжи берді», «Күдік пен үміт», «Саяхат сахнасындағы соқтығыстар», «Мені елдің жайы қатты алаңдатады» атты бөлімдерден тұрады.

Фариза сөз басын 1994 жылғы Қазақстан жағдайынан бастайды. Сол кезеңде елде аласапыран кезең болып, теңгенің құлдырап, доллардың бірнеше есе өсіп, жұртты әбден әуреге салған кез болды. Халық кеше ғана еркіндік алған ұлттық валюта – теңгенің қадірін әлі түсініп те, білім те үлегрмеген сәтінде, мемлекетте түрлі саяси жаңалықтар мен өзгерістер орын алып жатты. Соның бірі жекешелендіру саясаты еді. Фариза Оңғарсынова осы жағдайды мақалада ащы сөзбен, өткір тілмен жеткізе білген: «Жекешелендіру

науқанының ауылдағы халыққа әкелген азабы баяғы кеңес өкіметінің коллективтендіруінен кем түспеді. Жекешелендірудің қырық қабат қыртыстарын түсініп алғандар сатылатын объектіні жабық аукционға салып, келіскен адамдарына у-шусыз бере салатын айла тапты» [1. 209]. Ауылдағы көптеген орындар жеке адам меншігіне айналған соң, қарапайым халықтың көбі жұмыссыздыққа ұшырады. Ел наразылық тудырса да, саясаттың қитұрқы істері тоқтап қалған жоқ. Ауылдан сән кетіп, адамдар мүсәпір халге түсті. Фариза осы шындықты ашық айтып, 1994 жылдардағы қазақ халқының жағдайын ашып көрсетеді.

«Саяхат сахнасындағы соқтығыстар» бөлімінде адамдардың саясатқа бір табан жақындап, бас-басына билікке ие болғысы келетінін ашық жазады. Ол кезеңде саясатқа ұмтылғандардың пиғылы халықтың тұрмысын түзеп, жағдайын жақсарту емес еді. Әркім өзімен ойлас адам тауып, топтасып, бір-бір партия құрып, тек қарын қамын ойлаумен болды. Билік тарапынан рухани байлыққа бастайтын жұмыстар жүргізілсе де, олардың ешқайсысы жемқорлықты тамырымен құрта алмады. Қолына билік тиіп, қызмет алғандардың төрткүл дүниені ұстап тұрғандай, өзінен басқаны өзгені көрмес менмендік халықтың жанын жеп, жағдайын төмендетіп, әр кезде наразылықты тудырып отырды. Фариза Оңғарсынова бұл туралы: «Соңғы жылдары – нендей құпиясы бар екенін кім білсін – талай кемшілік пен қайшылыққа ұйытқы болған әкімдер мен министрлер жазаланбайтын болды...» [1. 209], – деп жазады. Осылайша ақиқат пен шындық үшін күрескен Фариза тәуелсіз халықты биліктің ығына жығып берген шенеуліктерді қатты сынады.

Мақалада ұлт мәселелерінің барлығы болмаса да, ең негізгілері туралы ой қозғалған. Соның ішінде тіл мәселесі де кенде қалған жоқ. Қазақ тілінің мәртебесін арттырып, ұлттың жаны – ұлттың тілі екенін анық айтқан қазақ зиялыларының ұстанымдарын алға тартты. Екітілділікті жою керек екенін, жас мемлекеттің жалынын өзге елдің әсерінен сөндіріп алмауымыз қажет екенін қайталап өтеді. Тіпті публицист-ақынның соңғы бөлімді «Мені елдің жайы қатты алаңдатады» деп атауының өзі оның жүрегінің тек қазақ деп соғып, ұлт десе, шарадай жаны жүрегінен шығып кетердей жанашыр, риясыз көңілі көрініп-ақ тұр. Қандай ауыр қиындыққа тап болдық десек те, Қазақстан – тәуелсіз, егемен мемлекет. Фариза жазған 1994 жылдардағы тауқымет ұлы тұғыр – Тәуелсіздікке қол жеткізу жолында көрген қасіреттің қасында түк емес.

Фариза Оңғарсынованың халықтың мақсат-мүддесімен ұштасып жатқан тағы бір мақаласы – «Санаға сілкініс керек». Тақырыбының өзі оқыған адамды елең еткізеді. Адамның санасы өзгермей, халықтың санасы өзгемей, ұлттық өзгеруі, жаңа арнаға бет бұруы, өзгерістерге дайын болуы, дамуы, жаһандануы мүмкін емес. Мақала 1989 жылы «Лениншіл жас» газетінде жарияланды. Автор мұнда әрбір облыс, қалалардағы қолында билігі бар, лауазымы жоғары, қызметі де жоғары адамдарды сынға алады. Мақаланы тақырыбы – қазақ жеріндегі ұлттық кадр мәселесі. Билікке қолы жеткендердің көбін адал жолдан аттап өткен лайықсыз адамдар деп таниды. Автордың мақалада мыналарды қозғайды:

1) Кадрлық мәселее жүйесіздіктің орнауы. Билік басына қызметкерлердің жергілікті жерден таңдап алынбай, республиканың әртүрлі басқа өңірлерінен шақырылуы көптеген қателіктердің орын алуына себеші болды.

2) Облыстардағы билік басында отырғандардың адамгершілік қасиеттерден алшақ, тым тәкәппар мінездері қарапайым халықты менсінбеушілікке итермелеп тұр. Өзінің қара басының қамынан басқа ештеңе қызықтырмай, өзімшілдіктің шекақарасынан асып кете алмағандардың жоғары лауазымдарға адамдық өресі жетпейді.

3) Қолында билігі бар, қызметте отырғандардың өз орнына лайықсыз болуының екінші себебі – сауатсыздық. «Сауатты болу» деген ұғымның астарында үлкен ән жатыр. Жазу-сызудан бөлек, адамға е алдымен, ой сауаттылығы қажет. Жоғары қызметтегілер тура билік айта алмаса, әділеттілік орната алмаса, елдің айтқанына дұрыс үн қата алмаса, нақты жауап бере алмаса, мұндай кісі қалай сауатты болмақ? Елде білімсіз қызметкерлердің қаптағанын Фариза анық жазып көрсетеді.

4) Сауатсыз, білімсіз, тәкаппар адамдардың билікке келуіне жағдай жасап, көмек қолын созатын – олардың таныстары, туған-туысқандары. Қазақтың туысқандық пен таныс-тамырластық мәселесі – ұлттың жауы. Ерте кездерден-ақ осы мәселе адал жолда аяққа қақпан болып келе жатыр. Ынтымақты елдің бірлігін ыдыратып, дамуын тәжеуілдететін де – осы. Таныс-тамырмен келгеннің қайсы бірі биліктегі лауазымға лайық дейсіз? Әрине, бір-бірінің қателігін көрсе де көрмегендей өте шығатын мұндай адамдар халыққа жаны ашымайтыны рас.

Автордың көтерген мәселесі сол кездері республика бойынша түрлі партияларда да, комсомолдарда да айтылып жүрді. Мақалада кадр мәселесінің өршіп тұрған аймақтары ретінде Маңғыстау облысы, Алматы облысы, Жамбыл облысы, Шымкент облысы көрсетілген. «Азаматтарымызды қорғай алмаймыз. Халық үндемейді. Әрине, мұның екінші жағы да бар: халықтың мәніс біледі деген ойлылардың пікіріне құлақ салып жатқан басшылар жоқ. Дегенмен, босқа күйіп кетіп жатқан азаматтар туралы өз ойларын айтып, арашалау деген біздің халық арасында бұл күнде ұмытылып барады. «Ойбай өзімізге бір пәлесі тиіп кетер» деп жан сауғалауға жаппай бой үйретіп бара жатқандаймыз» [2, 3]. Жан-жақтан келген қызметкерлердің көпшілігінің ішкі түкпірінде, көкейінде «уақытша» деген ұғым тұрады. Олар елдің қамын, халықтың тұрмысын жақсартуды ойламайды. Уақытша қызмет жасай тұруды көздеп, төмен пиғылды ниетте болды. Алдымен, таныс-тамыр, басқа да жолдар арқылы биліктегі лауазымды қызметті қолына алады да, елдің жалақысынан бірнеше есе көп ақшаны иемденіп, тұрмыстық жағдайын түзетуге асығады. Осының бәріне қолы жеткеннен кейін, ештеңеге бас қатырмай, алаңдамай Мәскеуге тарта жөнеледі. Ең соңында зардап шегетін – қарапайым халық. Тауқыметін де, бейнетін де көріп, зардабын тартатын – халық. Фариза республикада орын алып жатқан осы мәселені жараның орнын дәл таныған секілді дөп басады. Мұның салдары – бүлінген ел ен бұзылған шаруашылық.

Мақаладағы айтылар ой – қазақтың еліне, жеріне жаны ашитын, жағдайын түзеп, Мәскеуге кетіп қалмайтын, жүрегінде иманы бар, елім деп еміренген ұлттық кадрларды дайындау қажеттілігі. Болашақты ойласақ, ертеңгі күннің жарқырап атуын тілесек, елге қызмет етуді мақсат ететін, адал басшыларды дұрыс таңдай білуіміз қажет. Сонда ғана халық биліктегілердің жіберген қателіктерінен зардап шекпейді.

Фариза осы мәселелерді қозғау арқылы халыққа ақиқатты көрсетуге ұмтылады. Өз заманының шындығын жаза отырып, халықтың саяси өмірі мен қоғамдық-әлеуметтік жағдайына да терең тоқталады. Сөздің қадірін түсініп, халықтың зәру мәселелерін шығармаларында терең қозғай білген Фаризаның публицистикаға сіңірген еңбегі зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Фариза Оңғарсынова: Толық шығармалар жинағы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2016. Т 9. – 320 б.
2. Оңғарсынова Ф. Санаға сілкініс керек // Лениншіл жас. – 1989. – 17 тамыз.

А.БАҚТЫГЕРЕЕВА ӨЛЕҢДЕРІНІҢ СТИЛЬДІК

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТАЛДАУ

Нурова А.Ж.

КЯЛ-21-1М оқу тобының магистранты- Қызылорда, Қазақстан
Ғылыми кеңесші Айтбаева А.Е. Қорқыт ата атындағы ҚУ Aiman_aitbaeva@mail.ru
Қызылорда, Қазақстан

Әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің ұлттық болмысты айшықтап тұратын мінез-құлығы – әдеби шығармадағы ұлттық мінез деп танылады. Ол кейіпкер өз туындысы арқылы өзін белгілі бір халықтың азаматы екендігін және өзінің психологиясынан хабар

беретіндігін, сонымен қатар, жазу мен көркемдеудегі өзіндік стиль ерекшеліктерін анық көрсетеді.

Сондай-ақ, адамның ұлттық мінезі, ұлттық болмысы – сол адамның руханиятынан, саяси және әлеуметтік жағдайының бағдарынан толық мәлімет беріп тұрады. Әр ұлттың қалыптасуы мен сол халықтың әдеби туындыларын бөлек қарастыруға болмайды. Сондықтан да шығармада ұлттық мінез бен ұлттық болмысты көрсету үшін сол халықтың салт-дәстүрі, дүниетанымы, сол уақыттағы экономикалық жағдайы мен ұлт психологиясын білу керек, сусындау керек.

Бұл жөнінде З.Қабдолов: "Ақын өмірге өз халқының көзқарасымен қарап, әр нәрсені ұлттық психологияға сәйкес құбылыстай сезініп, толғанғанда ғана ұлттық сипатты бейнелеп беруі мүмкін"[1] деген ой айтады. Бұл дұрыс та. Мысалы, "Игорь полкі туралы жыр" орыстардың, "Махабқарата" Үндістан халқының, "Нибелунга туралы жыр" немістердің, "Манас" қырғыздардың, "Ер Тарғын" қазақтардың дүниетанымын, мінез-болмысын айқындайтын шығармалар болып табылады. Сонау ғасырлардан бері қазақ әдебиетінің шоқтығы биік туындылары қазіргі уақытқа дейін өз тұғырында десек, артық айтқандығымыз емес. Сол межеден шығып жүрген әдебиет майталмандарының басым көпшілігі ер адамдар екендігіне таласымыз жоқ. Десе де, әдебиетке өз еңбектерімен, өз шығармашылықтарымен танылып, оқырман жүрегіне жол тауып жүрген әйелдер шығармашылығы да аз емес. Солардың бірі де бірегейі – 1944 жылы 23 тамызда Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданында дүние есігін ашқан қазақтың, Жайықтың ақ шағаласы атанған ақын қызы – Ақұштап Бақтыгереева.

Қазақ поэзиясында өзіндік орны, қолтаңбасы бар қаламгер әрқашан осы замандағы қоғамды, адамды толғандырып отырған әлеуметтік құбылыстарды өз туындыларына арқау етіп, елдік мақсат-мүдде тұрғысындағы тақырыптарды тілге тиек етеді. Қазақтың белгілі ақыны Ақұштап Бақтыгерееваның таңдамалы өлең-жырлары, балладалары, шетелдік ақындардың туындыларынан аудармалары, өзінің өмірден түйген ой-толғамдары мен өмірдің кейбір қарын аштырар қылықтарына қатысты жазған қайрау өлеңдері мен мақала, шағын әңгімелері бар. Осыншама туындыларында ақын, қазақ менталитетіндегі, салт-дәстүріндегі, тарихындағы үндерді де қосып өткен. Қазақ халқының әдебиеттегі ұлттық мінезі Ақұштап Бақтыгерееваның шығармашылығында толық суреттелген. Бақтыгерееваның шығармалары поэтикалық қуатымен, тілінің шырайлылығымен қазақ поэзиясына жаңа өрнек алып келді деп айтуға да толық негіз бар.

Ақұштап Бақтыгерееваның көп шығармалары лирикалық сарында жазылған. Бұл – заңдылық. Себебі, қазақ әйелінің оның ішінде қазақ ақын қызының ғұмыры сыршыл сезімге толы болады. Десе де, қазақ қызы дегенде қайсарлық қасиеттің де шет қалмайтынына тарихтың сарғайған парақтары куә. Ақын өз халқының болмысын суреттеп тұрады деуге енді толық негіз бар. Лирикалық сарын мен өжеттілікті, қайсарлықты бір арнаға тоғыстыра алу тек қазақ қызының қолынан келер іс шығар. Оған дәйек ақынның «Анаға жазған хаттардан» деген өлең жолдарындағы тармақтар:

Біз – үшеуміз, сен жалғыз арқалаған,

Бізге сенен сусын боп нәр тараған.[2]

Бұл өлең жолдарындағы алғашқы тармақ «сен жалғыз арқалаған» тіркесі арқылы ана тағдырын, әйел адамның бар ғұмырының жеңіл, жақсы болмағандығын, осы уақытқа дейін өмірден талай теперіш көріп жеткендігін тілге тиек етіп, екінші тармағына ана мейірімі, шексіз махаббатын суреттейді. Бұл – қазақ қызының өлеңдегі ұлттық мінезін айшықтап тұрған өлеңнің бірі. Ақындар дүниедегі заттар мен құбылыстардың сапасын, қасиетін, мөлшерін салыстырып және қарама-қарсы қою, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, білім мен білімсіздік сияқты кереғар ұғымдарды көрсету арқылы философиялық ой түйінін, өмірге деген көзқарасын өз халқының ұлттық мінезін көрсетеді.

А.Бақтыгереева шығармашылығында сын есімнен келетін антонимдік қатар ақынның туындыларының сәнін келтіріп, айтар ойларын нақты әрі түсінікті етіп, шендестіре қолданады. Ақын шығармашылығында ұлттық мінезді айқындаушы болып

негізгі рөлді алып тұрған осы қарама-қарсы мағынадағы дос пен қас және өлім мен өмір, сондай-ақ күн мен түн және сор мен бақ сөздері десем де болады.

Ақынның Жайыққа арналған өлеңдерінде етістіктер әр түрлі формада келіп, баяндау, суреттеу қызметінде жұмсалған. Олар түбір күйінде, есімше, көсемше, тұйық етістік түрінде және жіктелген формада кездеседі. Ашық рай формасындағы етістіктер –ып, -іп, -п көсемшелер актив қолданыста болып, поэтикалық бейнені айқындай түседі.

Қандай тілде болсын фразеологиялық единицалар астарлы, образды мағынада қолданылады. Олардың қай-қайсысында да мәнерлеп, бейнелеп айту қызметі күшті. Ақұштап Бақтыгереева поэзиясында да осы қолданыстар жиі орын алып жатады.

Кей күні тыныштық таппаған,
Кеудемде ұлиды ақ боран.

* * *

Ақ пейіл кендігіне бас ұрамын,
Өлшеусіз еңбегінді жасырар кім?![2]

Осы сынды «ізімді жасырып, жігерім құм болды» деген фразеологиялық тіркестер ақын шығармашылығында кездеседі.

Тілдегі сөздердің өзара тіркесу қабілеті бірдей емес. Қайсыбірі кез келген сөзбен тіркесіп білгілі бір ұғымды білдіруге бейім болса, енді бірі аз ғана сөздермен одақтасып, сонымен ғана тіркеседі. Тіркесу қабілеті әр түрлі. Ал әртүрлі сөзді, тіпті мағыналық тұрғыдан үйлеспейтін сөздің мағынасын өлеңге сыйдырып қою – үлкен өнер.

Ақұштап Бақтыгерееваның шығармашылығында ең басты жетістік көркем ой мен көрікті де сұлу ұйқастардың үндестігі. Олардың ой түйіндеулері қаншалықты салмақты болса, поэтикалық тілі де соншалықты бай, соғұрлым кең. Сырты сұлу суық сөздер емес, сырлы да мағыналы сөз ақын өлеңдерін одан әрі ажарландырып қана қоймай, одан әрі мазмұнын байыта түседі. Қорыта айтқанда, көркем ой, көрікті тіл, ақылды пайым ақынның ішкі жандүниесінің, ақынның қырағылығының, ой жүйірігінің көрінісі болса, шынайлық пен шындық өмір тәжірибесінің, ақындық-азаматтық мұраты мен ұстанымының, рухани дүниетанымының көрініс нәтижесі. Ақұштап ақын: «Ақ айдын айырбас боп тас қалаға, Тұрсам да жайлы баспанада. Парлатып көздің жасын Жайыққа ұшқан, Мен, апа, секілдімін ақ шағала»[3] жырлағандай, оның поэзиясы көркем ой мен көрікті тіл жымдасып ақынға тән келбет түзеген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қабдолов З. Көзқарас.-Алматы: Жалын,1997
2. Бақтыгереева А. Сүмбіле.,1990
3. Бақтыгереева А. Жайық қызы.,1980

АРХЕТИП – КӨРКЕМ БЕЙНЕ БАСТАУЫ

Кемалова С.М.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 2-курс магистранты- Ақтау, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С. -Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университетінің профессоры, ф.ғ.к.- Ақтау, Қазақстан

Архетиптің көркем әдебиетте пайда болуы – қызық құбылыс. Әдебиеттегі архетип, архетиптік образ бен символ, архетиптік желі сияқты ұғымдар зерттеушіні терең ойландырады. Әлем ғалымдарының аталмыш тақырып аясында жүргізген іргелі еңбектері кейінгі жылдары ғана орыс тілді аудиторияға қолжетімді бола бастады дейді ғалым Шәкір Ыбырайов. Қазақ тіліне аударылған Ю.Б. Боревтің «Эстетика» атты еңбегі арқылы бізге де біршама мағлұматтар жетті. Бұдан бөлек отандық әдебиеттануда шығармашылық процестегі ойлау табиғаты мен «бейсаналық» туралы алғаш рет ғалым Мақпал Оразбек «Автор мен шығармашылық процесс» атты монографиясында (2006) біршама сөз қозғады.

Ғалым авторлық позиция турасындағы зерттеу жұмысында архетип, символ, мифтік образдар арқылы суреткер санасындағы эстетикалық дарашылдыққа көңіл аударған. «Көркем туындыда, жалпы, көркем мәтін табиғатында автордың шығармашылық тұлғасын тану аса шетін құбылыс екенін мойындай отырып, оны авторлық позиция мәселесімен тығыз қарым-қатынаста қатар алып қарау автор мен қаһарман арақатынасы туралы аса күрделі зерделеу объектісін алдыңғы кезекке шығарады [1, 75]» дейді ғалым. Бүгінде ғылымның түрлі салаларының шекарасы жойылған. Автор мен қаһарман арақатынасына басқаша көзқараста қарайтын кез келді. Ғалымның зерттеу жұмысын негізге ала отырып, біз өз ой-тұжырымдарымызды ұсынғымыз келеді.

Кейіпкер, қаһарман немесе образ арқылы тек сол суреткердің, оның өмір сүріп отырған заманының ғана емес, тұтас ұлттың, тіпті адамзаттың мәселелерін анықтауға болады. Оның жүріп өткен жолын анықтап, барар жеріне болжау жасауға мүмкіндік ашылады. Себебі, адамзаттың белгілі бір «дағдарыс» кезеңдерінде ғана бой көтеретін образдар бар. Сәйкесінше, барлық мифке ортақ «хабаршы» архетиптік образынан кейін «табалдырық», «қақпа» кездесетіндігіндей, келесі кезеңде қандай образдың пайда болатынын айтуға болады. Ол образдар арқылы келе жатқан кезеңнің қандай екендігін, қандай «әрекеттер» арқылы жол табуға болатынын сараласақ, шешім табу әлдеқайда оңайға түсер еді.

Ендеше, алдымен бас қаһарманға қысқаша шолу жасап көрсек. Орталық кейіпкердің яғни өзділік (самость) архетиптік образының сипаттары бас қаһарманға келеді. Бас қаһарман турасында әдебиеттану терминдер сөздігінде: «Әдеби қаһарман – әдебиеттің идеялық-эстетикалық рөліне сай бейнеленетін тұлға. Ол қатардағы кейіпкерлерге, персонаждарға қарағанда бас кейіпкер, жан-жақты сомдалған толыққанды образ саналады, эпостық және әдеби эпикалық шығармаларда негізгі қаһарман ретінде жағымды түрде бейнеленеді... Ол – автордың идеясын жүзеге асыратын бейне... Ол заманның, уақыттың бағыт-бағдарын, арман-мұратын танытушы образ ретінде көрінеді» [2] деп жазылған. Бұл жерде «қаһарманның негізгі рөлін «қатардағы кейіпкерлерге персонаждарға қарағанда» анағұрлым жауапты образ, әрі автордың идеясын жүзеге асырушы, ауыр жүк көтеретін бейне екені анық көрінетіні [1, 76]» рас. Осы орайда ғалым М.Оразбай басын ашып анықтайтын бір мәселені көтереді. Ол – қаһарманның «тұлғаға», яғни автордың рухани тұлғасына – шығармашылық тұлғаға қатыстылығы. Әлбетте, көркемдік әлемдегі бас қаһарманды «тұлға» деп, ақиқат өмірдегі жеке адамның тұлғасына тиесілі категориямен тең дәрежеде қарауға немесе онымен салыстыруға болмайды. Ғалым бұл жайында: «нақты өмірдегі тұлға тарихта, қоғамда атқарған қызметіне, өзіндік орнына қарай саяси тұлға, тарихи тұлға, қайраткер тұлға т.б. ретінде бағаланатыны шындық. Ал көркем шығармадағы қаһарман – ол көркем образ, көркем бейне» екендігін айтады.

Бұл орайда әдеби шығармаларда бейнеленген тарихи тұлғалар турасында айта кетуіміз керек. М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абай, Құнанбай, І. Есенберлиннің тарихи романдарындағы Абылай, Кенесары, Бату хан т.б., М. Мағауиннің «Аласапыран» романындағы Ораз-Мұхаммед хан, Ә. Кекілбаевтың «Үркер» романындағы Әбілқайыр хан, С. Жүнісовтың «Ақан сері» романындағы Ақан сері, Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе», «Жұлдызды көпір» романындағы Демежан, Қ. Жұмаділов «Тағдыр» романындағы Демежан, Р. Отарбаевтың «Шыңғысханның көз жасы» романындағы Шыңғыс хан – бұлардың барлығы өмірде болған тарихи тұлғалар, алайда, көркем шығармада – көркем образдар ғана.

Проза жанрындағы кейіпкер мәселесін зерттеген В.И. Белецкий: «Көркем шығарманы біз «қаһармансыз» немесе әрекетсіз бейнелер арқылы ойлай алмаймыз. Лирикада қай жағынан болса да бізге өзінің ішкі әлемін танытуға тырысушы басты қаһарман – ақын болып табылады. Эпоста – міндетті түрде бір немесе бірнеше қаһарман; көбінесе біреуісі басты ойды жеткізуші ретінде бірінші орында жүреді, ал қалғандары оған қатыстылығы тұрғысынан құрылады» [3] – деп жазады.

Демек, фольклордан бастау алып жатқан, архетиптік образдар мен желілерге табан тіреген көркем туындының барлық жанрында қаһарман автор үшін ең негізгі мәселе және «автордың ой дүниесін жеткізуде өзімен қатарлас, бірге әрекет етуші бейне (лицо) болып табылады [1, 77]». Ғалым Мақпал Оразбек бұл пікірінде кейіпкердің автормен қатарлас, бірге әрекет етуші бейне екендігіне назар аударуы тегін емес. Бұл мәселе әдебиеттану ғылымында ертеде бас көтеріп, түрлі ғалымдардың зерттеу нысанына айналған. Архетип пен шығармашылық шеберхананы біртұтастықта қарау маңызы осы жерде бас көтереді.

Шығармашылық процесс барысында кәдімгі күнделікті күйбең тіршіліктен алыстаған автор шығарма мазмұнына әбден енген кезде, шын мәнінде бас қаһарман мен кейіпкерлер өміріне айрықша психологиялық күймен ауысады. Ал ол кезде автор кейіпкермен санасуға, олардың тіршілігіндегі әрқилы жағдайларды түсінуге мәжбүр. Тіпті, көп жағдайда автордың сана-сезіміне толық енген, психикалық сеніміне кірген қаһарман мен кейіпкер еркіндік алып, өздері қалаған әрекеттер жасауға да мүмкіндік туады. Өйткені «Қаһарман дегеніміз индивид, өзінің еркіндігіне орай характері мен ерік-жігері жетерлік уақыттың барша ауырлығын көтере алады. Тіпті әділеттілік пен тең прованы жүзеге асырса да, оның іс-әрекеті дарашылдық әміріне тікелей қатысты болып табылады» [4].

Гегельдің бұл пікіріне сүйенсек, «көркем шығармада автор өзі жаратқан кейіпкерлерінің еркін өмір сүруге толық құқы бар екенін және оған толық жағдай жасап беруі тиіс [1, 78]» екенін анықтаймыз. Индивид қаһарман «дарашыл әмірін» өз еркімен жүргізе алатынына мән беруіміз керек. Себебі, «көркем әлемді рухани жақтан еріктілікте жаратқан автор онда тіршілік ететін кейіпкерлерін орынсыз тізігіндеп, өз ырқынан шығармаған жағдайда жасанды схематизмге ұрынып, адам баласының рухани жандүниесіне әсер етерлік шынайы эстетикалық туынды тудыра алмай, құрғақ үгіт пен дидактикаға құрылған жалған шығарма тудыраы сөзсіз [1, 25]. Өлбетте, бұндай шығарма өміршең болмасы анық, авторға да абырой әкеле қоймайды. «Керісінше қаһарман табиғатына автор тарапынан жасалған қиянат көркем дүниенің табиғатын бұзып, оқырманның рухани әлемін лайлайды» [1, 26]. Сөзіміздің дәлелі ретінде кеңестік қоғамдағы жалған идея мен жалтақ позицияны ұстанған қаламгерлердің көптеген шығармаларын, автордың қатаң бақылауында болған қаншама кейіпкерлерді айтуға болады.

Осы ретте «автор мен қаһарманның күресі» немесе «кейіпкердің авторға бағынбауы» атты ұғым алдымыздан шығады. Франциялық философ, әдебиеттанушы, семиотик Роллан Бардтың «автор өлімі» концепциясы да ұғыммен астасып жатыр деген ойдамыз. Ғалым «Семиотика» атты еңбегінде автор өлімін мәтіннің жазылу процесі, оның қайнар бастауына үнілу арқылы түсіндіреді. Бұл түсіндірудің негізгі қағидаттарынан Роллан Бардтың архетиптік қабатқа сілтеме жасап тұрғанын анық байқауға болады. Мысалы, әдебиеттанушы мәтін авторы сипаттағанда: «ол бұрын жазылған және бірнеше рет көшірілген нәрсеге мәңгі еліктеп тұрады» [5] – дейді. Немесе мәтін табиғатын ашуда: «...өмір кітапқа еліктейді, ал кітаптың өзі таңбалардан тоқылып, қайсыбір баяғыда ұмытылған нәрсеге еліктейді және осылай шексіз жалғаса береді» [5, 59] - деп жазған. Яғни, үздіксіз қайталана беретін архетиптік образдарға, желілерге сүйенеді деген сөз.

Кейіпкердің «еркіндік» сұрауы жайында ғалым Мақпал Оразбек: «автор қиялында әбден пісіп-жетілген қаһарман ендігі жерде рухани-көркемдік кемелдікке келуі арқасында толық еркіндікке қол жеткізіп, авторды үнемі өзімен санасып отыратын шығармашылық тұлғаға айналдырады және шығармада өмір сүрудің ерекше формасына сай кейіпкер өзінің табиғи болмысымен уысында ұсытайды. Тіпті өзінің «жаратушысын» жетектеп отыратыны да шындық. Бұл автор мен қаһарманның (кейіпкердің) арасында үзілмейтін, бірін-бірі толықтырып отыратын психикалық күрделі құбылыс» [1, 26] - деп атап өткен.

Ю.Б.Боревтің 100 жаңа оқулық аясында аударылған «Эстетика» кітабында көркем шығармашылық, шығармалық үрдіс, көркем образ турасында тың ойлар айтқан. Ерекше көзге түскен ұғымдарының бірі – «өздігінен қозғалу». Ғалым көркем образдың өзіндік логикасы болатынын және өздігінен қозғалу қасиетіне ие екендігін айтады. Ол өзінің ішкі

заңдылықтарымен дамиды. Ю.Б. Боровтің: «Суреткер образдың ең бастапқы өлшемдерін белгілейді, бірақ белгілеген соң, көркем шындыққа озбырлық жасамаса, ештеңе өзгерте алмайды» [6] – деуінің себебі, «автор өлімі» концепциясымен ұштасып жатыр. Ғалым бұл жерде шығарманың негізінде жатқан «өмірлік материал» суреткерді соңынан ертіп, кейде ұмтылған нәтижелерге жеткізбейтінін меңзегісі келіп тұр. «Толстойдың ішкі мақсаты оны сөзсіз Каренина жағында болуға мәжбүр етті, алайда көркемдік ойлау логикасы «Анна Каренинаның» авторын түпкі ойда мүлде болмаған нәтижелерге алып келіп, автор белгілі бір мағынада «бәріне де жаны ашиды» [6, 100]. «Евгений Онегин» туындысында кейіпкер Татьяна Пушкиннің ырқынан тыс «тосыннан» күйеуге шыққан. «Кенеттен» Эмма Бовари улану туралы шешім қабылдаған. «Тургенов үшін Базаров бейнесі мен «Әкелер мен балалардың» бүкіл проблематикасын түрлендірген идеялық қорытындылар күтпеген жағдай» болғаны анық. Осылардың барлығы Ю.Б. Боров айтқан мінездің өздігінен қозғалу логикасы болып табылады. Бұл құбылысты ата-ана мен баланың қарым-қатынасы арқылы түсіндіруге болады. Перзент әке-шешесіне қалай қарайтын болса, шығармалардың кейіпкерлері де авторларға солай қарайды. Өмірге әкелгені үшін, тәлім-тәрбие беріп, қалыптастырғаны үшін борыштар. Сол үшін құрметпен қарайды, пікірін бағалайды. Алайда, толық тұлға болып қалыптасқан соң, әрбірі «өздерінің ішкі бір логикаларымен дербес әрекет ете бастайды». Сөйтіп, кей кездері өз шешімдерін қабылдап, ата-ананың ырқынан тыс әрекеттерге қадам басады. Яғни, қалыптасқан кейіпкерлер автордың ықтиярын назарға алмайды.

Ю.Б. Боров жалпы өнер туралы сөз қозғағанда оның жалпыадамзаттық қайнар көздерін көрсетіп берген. Олар:

- өмірлік материалды әсемдік заңдарымен көркем игеру барлық құбылыстарды олардың эстетикалық құндылықтары, адамзат үшін маңызды тұрғысынан қарастыруды тадап етеді;

- ұлы туынды жалпыадамзаттық проблемаларды алға тартады;

- суреткердің жеке тұлғасының өзінде жалпыадамзаттық бастаулар бар [6, 127].

Жеке тұлғадағы жалпыадамзаттық бастаулар дегеніміз диссертациялық жұмысымыздың нысаны – архетиптік образдардың табиғатына келеді. Осы орайда, жеке ұлтқа тән, адамзатқа ортақ архетиптік образдар жайлы айта кеткіміз келеді. Ғалым Ю.Б. Боров «ұлттық тәжірибе – қайталанбастылығымен қайталанбалы. Ол халықтар жалпыадамзаттық ортақ заңдармен өмір кешетіндіктен де қайталанбалы. Жалпыадамзаттық заңдар – әр халықтың тарихында жекелей көрінетіндіктен де қайталанбалы емес» деп тұжырым жасаған.

Ғалым Мақпал Оразбек: «... архетип көркем әдебиетке, ақын-жазушылардың шығармашылығына тікелей қатысты екенін байқаймыз. Шығармашылық психологиясын зерттеуші ғалымдар көркем шығарманың тууын, идея мен символдардың жанды суретке айналуын, адам санасының терең түпкірінде жасырын жатқан, күллі адам баласының жаратылысында туа біткен кескін, бейнелерден іздейді [1, 8]» - дейді. Бұл пікір К.Г. Юнг пен оның шәкірті Э. Нойманн айтқан: «Бағзы [первобытный] образ немесе архетип – адам немесе демон кескінді фигура, бұл тарих қойнауында пайда болып, үнемі қайта туындап отыратын процесс барысында творчестволық фантазияның (шығармашылық қиял) өзін-өзі танытуы» [7]» деген сөзіне саяды. Ғалым шығарманы дүниеге әкелуші автордың шығармашылық процесс барысында өз психикасында бұрыннан бар бағзы архетиптік образдар елесі негізінде өзі де ойламаған кездейсоқ, бірақ нақты әрі жаңа образдарды да кемелділікпен бейнелейтінін айта келе, Юнгтің «шығармашылық процесс кезіндегі автордың көптеген зерттеушілер шешімін таба алмай жүрген «жұмбақ» күйін, оның творчестволық тұлғасындағы «архетип образдардан бастау» алып, соның ырқында барлық басқа дүниені ұмытып, о баста өзі ойламаған кейіпкерлерді тудырып, сұмдық ситуацияларды кейіпкерінің бейсаналық ырқында суреттеп кететінін» түсіндіріп береді.

Авторды зерттеу үшін ол тудырған көркем туындыдағы көркем бейнелерді зерделеу керек. Қаламгер шығармасында бейнеленген архетипке жіті назар салу арқылы көркем туындының идеясы, нақты ойы айқындалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Оразбек М. Автор және шығармашылық процес: монография. – Алматы: Атамұра, 2003. – 488 б.
- 2 Әдебиеттану терминдер сөздігі / құраст. З. Ахметов. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 3 Белецкий А.И. Избранные труды по теории литературы. – М.: Просвещение, 1964. – 480 с.
- 4 Гегель Г.В. Эстетика: в 4 т. – М.: Искусство, 1968. – Т. 1. – 312 с.
- 5 Барт Р. Избранные работы: семиотика, поэтика. – М., 1994. – 454 с.
- 6 Борев Ю.Б. Эстетика / ауд. Ә. Бөпежанова, Қ. Аманжол. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 408 б.
- 7 Юнг К.Г., Нойманн Э. Психоанализ и искусство. – М.: Рефл-бук, Ваклер, 1996. – 304 с.

СЫР СҮЛЕЙІ С.БЕКШЕНТАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМ МЕН ЗАМАН ЖӘНЕ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯ

Оралова Г.С.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті. Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау мамандығының 2-курс магистранты - Қызылорда, Қазақстан Ғылыми жетекшісі: Тарганова Н.А- «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры- Қызылорда, Қазақстан

Сыр елі – өнер мен мәдениеттің тамыры тереңге жайылған қасиетті ел.Сыр елінде шайырлар, сүлейлер, ақын-жыраулар желілі жырларын паш еткен өзіндік дүниетанымы мен ұстанымы бар небір саңлақтардың өнері өрлеу дәуіріне ұласқан. Осы орайда еліміздің өткенін түгендеп, ертеңіне баянды етер Сыр сүлейлерінің жырларының маңызы айрықша болып отырғанын айта кету орынды.Сыр елінде туып осы елде танымал болып, Сыр сүлейі атанған Сейітжан Бекшентайұлы шығармаларындағы отаршылдық саясат, Кеңес билігі, саяси әлеуметтік жағдайлар мен діни-ағартушылық идеяны ұлттық әдебиетте жаңаша пайымдау негізінде қайта талдау қажет. Әдебиеттану ғылымында ұлттық өнердің дамуында өлке, өңір әдебиетінің орны ерекше. Атақты Балқы Базар, Тұрмағамбет, Дүр Оңғар, Шораяқтың Омары т.б шығармаларының маңызы мен мәні терең болған. Қазақ әдебиеті деп аталатын үлкен өнердің құрамдас бөлігі Сыр сүлейлері кейінгі ұрпаққа терең толғау, ойнақы терме, эпикалық дастан, аталы нақыл сөз қалдырған. Сыр елінде танымал болып, жасампаздықпен болашаққа көз жіберіп, ой түйген, әдеби үрдісті үлгі тұтқан жүзден аса ақын-жыраулар болған. Солардың бірі-біз сөз еткелі отырған Сейітжан Бекшентайұлы. Он үш жасынан ақындығымен елге танымал, ескіше сауаты бар, философиялық ой-толғамдарға толы діни тақырыптағы өлеңдері мен ақыл-нақылға құрылған толғаулары, айтыстары жетерлік. Ақын жырларында басты назар аударатын мәселе – өмір, адам, заман. Ол адам өміріне сипаттама бере отырып, адам өмір сүрген заманына сай болу керектігін түсіндіреді. Өмір кезеңдеріне тоқталып, әрбір кезеңнің құндылықтарына мән береді. Оқырманын алға ұмтылып, өмірдің мәнін түсінуге үгіттейді. Ақын адамзат тарихының қарама - қайшылықтардың күресі мен бірлігі тұтастығындағы философиялық заңдылығы аясында жырлаған шығармаларында адамды жаратушы Алла деп, тіршілік қозғалыстарын үйлесімді тұрғысында бейнелейді. Мұхаммед пайғамбардың өсиет хадистерінде: « Кімде-кім өз ісіне және өзімен Алла тағаланың арасындағы қарым-қатынасты Алланың қалауына сай етсе, онда Алла тағала оның халықпен ара қатынасын да

оның ризашылығына сәйкестендіреді. Алла оның ашық істерінің бәрін дұрыс етеді», - делінген [2, 81] Сейітжан ақынның көркемдік-эстетикалық талғамы Ислам тарихындағы көрнекті қайраткерлердің де, қарапайым халықтың да Жаратушының құдіретімен ғана тіршілік қозғалыстары жүйесіндегі саналы, өмір сүру ұлағатын дәйектейді. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ даласындағы өзгерістер халықтың тұрмысы мен рухани өсуіне әсер етті. Патшалық Ресей әмірімен қазақ халқының ұлттық сипаты бұзыла бастады. Замана зарын дер кезінде көре білген ақындар келер ұрпаққа өсиет болатындай дидактикалық жырларын арнады. «Дидактика» деген термин үлгілі, өнегелі, өсиеттік сарында жазылған шығарма», - деп түсіндіреді [3.80] әдебиет зерттеуші ғалым. Біздіңше, Сейітжан ақын ұстанған бағыт, өз заманының қажетіне жарайтын дидактикалық шығармалар арқылы ағартушылық идеяны насихаттау болған деп бағалаймыз. Ақынның дидактикалық өлеңдерінде діни-мұсылмандық ағартушылық идеясы байқалады.

Ажалға ара тұрмайды, Тағдырың мойын бұрмайды. Жисаң-дағы миллион пұл, Санаулы сағат ғұмырың. Бұл дүниеден көшкен күн, Ағайын, туған қарындас, Қатын балаң қалар тұл, Бұл тірліктің қадірін біл. [1, 45]

Толғау өлеңде халыққа үгіт сөзін тұспалдап бере отырып, өсиеттік ойларын діни – ағартушылық сипатта береді. Өлеңге мән беріп қарасаңыз ақын айтар ойын Исламдық таныммен берген. Ақын ағартушылық ұстанымын ұрпақ тәрбиелеуге іздейді. Ұлтымыздың келешегін ойлау арқылы жастарға білім-ғылым, өнерді игеру керектігін ғибратты насихаттармен береді. Ғибраттық өнегелі өлеңдерінде адам тәрбиесі оның жан – дүниесін, сезімін оятады. Ол ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөліп, қасиет тілегін Пайғамбарлар хадистерінен алады. Білім – ғылымды игеріп, оны адам игілігіне жұмсауды жырмен өрнектейді. Мұсылманша сауатты ақын ғылым-білім туралы Құран аяттарынан мысал келтіреді. Сейітжан ақын дүниетанымы мұсылмандық бағытта болған.

Мұсылман болсаң, бір кідір, Ықыласпен тыңда азамат, Насихат сезім емес жыр Болмасам да жаттадым, Тағдыр жетіп өлгенше, Айтатын терме бір сыдыр [1, 44]

Келтірілген үзіндінің түйіні- адамзаттың мұсылман қағидаларды есте сақтауды, адам мен қоғам байланысын ақындық түйсікпен сезінген. Осындай өмірлік мәселелерді көтерген ақын діни-ағартушы ойымен ұштастырған. Тәрбиенің бастау бұлағы Исламдық таныммен түсінген ақын өмір мен өлім табиғатын жырға қосады. Ресейдің отарлық саясаты қазақтың тілі мен ділі, дінін құртуды жоспарлады. Сейітжан ақын танымында мұсылман діні жойылса, адамның иманы жойылады деп дидактикалық өлеңдерінде діни-ағартушылық идеяны қуаттады. Ресей патшасының саясатын халыққа өлең тілімен жеткізуге қызмет етті. Ол өзі аңдаған мәселелер адамгершілік, адам мен заман, діни ой-сананы бұқараға айта білді. Адамзатты дұрыс жолға меңзейтін, рухани күші дінді және өлең өнерін бүкіл мұсылман халқына арнады. Ақынның көп өлеңі «Бісімілла – рахман – рахимнан» басталуының өзіндік мәні бар. Бісімілләсіз іс қылмайтын ақын калиманың мағынасын да, шариғаттың шарттарын да, имандылық иірімдерін де жыр арқылы түсіндіріп, насихаттайды. Сейітжан ақынның ел ауызында қалған, тауып айтқан, қиыннан қиыстырған суырыпсалма шумақтары да аз емес. Ақын шығармашылығын зерттеу жұмысы 1994 жылдан бастау алып, оған Н. Керейітбаев, Ә. Қоңыратбаев, Байғұлыұлы, Ә. Наурызбаев, К. Есжанов, М. Сәлменбаев тағы басқа зерттеушілер атсалысты. Сейітжанның ғазалдарын біздің күнге жеткізген Торғайлық Жүсіпбек Салықов, бестөбелік Нағашыбай Мұңбаев, ақынның шәкірті болған жітіқаралық 92 жасында қайтыс болған Бақтылы Қоғабайқызы, ырғыздық Әбдіқапар Омаров, қармақшылық Шәни Кәрімовтер зеректік қасиетімен жарты ғасырдан артық уақыт естерінде сақтап келіпті. Шайырдың артында «Халыққа істе қызмет», «Сыр берме, қызыл тілім», «Көз жұмып бұл дүниеден өткендер көп», «Не қызық, ах Дариға өтті бастан», «Тарылды заман, тарылды», «Онымда асық ойнадым», «Терме» (Ғұмырың өтті Сейітжан), «Жігіттік», «Насихат», «Қорық Құдайдан», «Сайра, сайра, қызыл тіл», «Қасиет-нама», «Кел, ғазезім, көңілім», «Түсейік жолға адамдық», «Қорқыт», «Марал ишан» (дастаннан үзінді) және бізге жетпеген көптеген өлең-толғау, ғазалдары қалды. Ол – ақынның өлмес мұралары.

Кезінде Сыр бойынан Ақтөбе, Торғай, Ресейдің бір шеті Троицк қаласынан бастап қазақтың астанасы болған Орынборға дейін ақын жырлары жатқа айтылды, термешілер мен жыршылар домбыраға қосып орындаған. Қарасу, Бестау, Жайылма, Қарабатыр ауылдарының біраз адамы Сейітжанның арқасында хат танығаныда рас.

Сейітжан – ең алдымен философ, оның үстіне Құранды да, дін мен шарият туралы қасиетті кітаптарды да үніліп оқып, имандылық туралы қалам тербеген діндер ақын. Алған бағытынан қайтпаған, Құдайсыздардан қорқып жазым – жаңылдым деп, өтірік айтпаған. Алла бір, пайғамбар хақ екендігін айтып, көпшілікті Құдайдан ұялуға, харам іске бармауға, кісі ақысын жемеуге, жаманшылық қылмауға үндейді.

XIX ғасырда қазақ елі отаршыл елге айналып, жер қайғысы, ел қайғысы мен қатар тіліне, дініне қауіп-қатер төнгенін түсінген қазақ халқы тебіреніске ұшырады. Осы тұста ақындарда діни әуен мен ағартушылық әуен тоғысты. Қазақ әдебиеті тарихында діни-ағартушылық ағым осы кезеңде қалыптасты. Бұл оқиға ұзақ уақыт айтылмай келгені, қазақты ұлтшыл, алашыл деп діншіл «бисмилла деп сөз бастаған, Алланы ауызға алған деп айыптаған», - деп ой түйген Т.Кәкішев [3,75] пікірін ескерсек, Шортанбай Қанайұлынан басталған діншілдік пен оның өкілдері мен шығармалары туралы ашып айта аламыз. Осы тұста С.Бекшентайұлы шығармаларында Діни – ағартушылық ұғымының дүниеге келуі тікелей отаршылдық орыстандыру саясатына байланысты болғаны анық.

Қазақ әдебиеті тарихында діни-ағартушылық бағытында мұсылманшылдық саласындағы усули жадидін жақтаған. Осы әдіс нәтижесінде діни сабақтармен қатар өзге пәндер оқытыла бастаған. Сейітжан бала оқытып ел арасында білімге ынта-жігерді арттырып, сауаттылыққа балаларды баулиды. Ұлттық сананы ояту арқылы ынтымақ пен бірлікке ұмтылған. Елдің ұлттық болмысын сақтау ниетінде туындаған бұл жайтты тарихшы ғалым М.Қойгелдиев: «өз ретінде бұл әдісті империялық күштер алып кетіп, мемлекеттік саясаттың құрамына айналдырды. Басқаша айтқанда, «панисламизм» мен «пантюркизм» идеясы саналы түрде ұлт-азаттық қозғалысқа қарсы қойылған құйтырқы күрес әдісі болды», - деп [4, 4] тұжырымдаған Сейітжан ақынды қазақ психологиясының өзгеріп, менмендік пен өсек-өтіріктің өршуі, халық ұйыған дін, имандықтың аяқ асты болуы қатты ойландырады.

Ләйлеһәйлли Алла, Нұрмұхаммед Расул Алла Назарың сал біздің қалге, Қалай болар заман алда [1, 30], -

деп аһ ұрып, күрсініп шарасыздықтан шығар жол іздейді. Рухани пәктік пен қайырымдылықты уағыздайтын діни санаға қаратып жырлаған. С.Бекшентайұлы поэзиясының тақырыптың, идеялық сипаты ауқымды. Ақын поэзиясындағы замана, Ресей отаршылдығы және адамгершілік пен имандылық, өнер-білім, діни – ағартушылық, ғибраттық өсиеті туралы пікір айтудың жауапкершілігі өте үлкен. Олай дейтініміз, оның адамзат баласын тәрбиелеудегі озық ойлары, кейінгі ұрпақ тағлым алатын ұлағатты Сыр сүлейлеріне ортақ тақырып болса, ұлт бірлігін арттырудағы идеясының ақиқатын ашу, болашақ бағыттарын айқындау бізге үлкен міндеттер жүктеді. Сыр өңіріндегі ақындар поэзиясындағы фольклоры үлгі мен ислам мәдениетінің ықпалының ақын поэзиясындағы көрінісі көркемдік ойлау негізінде айқындалды. Әдебиет пен өнердің киелі бесігі Сырда небір саңлақ, өнер тарландары тәлімдік, тағлымдық және рухани дамуда өзіндік ерекшелігімен танылған.

Сейітжан ақын ғасыр тудырған заман өзгерістерін жөнге салуды азаматтық борышы санаған. Адам санасына әсер ету арқылы замана туралы ойларын түйіндеген. Заманды түзететін келер ұрпақ екенін түсінген ақын біріншіден, білім мен ғылымды игеру қажеттігін ғибрат, өсиет арқылы халық санасын оятуды көздеген. Ел егемендігін алып, еңсесін көтерген тұста Сейітжан ақын шығармашылығын зерттеп, зерделеудің жады жаңғырып келеді.

Ақын өзі жасаған дәуірінің шындығын түгел қамтып, замана талабына толық жауап бере білген. Өзі өмір сүрген кезеңдегі халық тұрмысы, қоғамдық қайшылықтар, әлеуметтік жағдайды барынша мол қозғайды. Халқымыздың мұң-мұқтажы, талап – тілегін суреттеген

көркем туындылар халық санасының оянуына ықпал жасады. С. Бекшентайұлы ұлттық көркемсөз дәстүрін дамытуда маңызды көркемдік талаптарға жауап беретін әдеби мұраларының мәні зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сейітжан ақын өлең, толғаулары. – Алматы: Арыс, 2006 - 104 б.
2. Мұхаммед пайғамбардың өсиет-хадистері. – Шымкент: Азиат, 2005-96 б
3. Кәкішев Т. 4 том Санадағы жаралар. – Алматы: Жазушы 1992 – 174 б
4. Қойгелдиев М. Қазақстан XX в. сборник статей – Алматы, 1993 -144 стр.

НАНЫМ-СЕНІМНІҢ ҒҰРЫП ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Нағашыбаева М.Е.,

7M02301 «Қазақ филологиясы» ББ 2-курс магистранты,

А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан

Көне наным-сенімдердің күні бүгінге дейін мұрты бұзылмай сақталуы мүмкін емес. Көне наным-сенімнен қалыптасқан салт-дәстүрлердің өзгеруіне әртүрлі діндердің араласуы себеп болады. Бірақ та, тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаев айтқандай, бүгінде «түбіміз – түрік, дініміз – Ислам» деген оймен де санасқан жөн. Дінде ұлт болмайды, ұлтта дін болады. Қазақ халқы сан ғасырлық тарихында бірнеше сенімді басынан өткерді. Бірақ, барлығында өзіндік болмысына, ұлттық салт-дәстүрлеріне лайықтап алды. Бүгінгі қоғамда «мына әрекетің дінде жоқ», «мына әрекетің салт-дәстүрге лайықсыз» деген сөз жоқ. Қазақтың кешегі көне заманнан бері үзілмей келе жатырған салт-дәстүрі бүгінде Ислам дінімен астасып, біте қайнасып кетті. Ислам діні келмеген уақытта да түркілік таным өзге ұлттардан ерекше болған. «Өмір» деген араб сөзі тілімізге енбей тұрып, біздер, яғни, көне түркілер «өмірді» не деп атадық? «Төрткүл» сөзінің мәніне толық үңіле алып жүрміз бе? Міне, осындай заңды сұрақтар қою арқылы біз өзіміздің ұлттық болмысымызды анықтаймыз.

Бір өкініштісі, бүгінде мұсылман болуды араб дәстүрлерін білумен шатастыратындар көбейді. Араб дәстүрлерімен сіңісіп, ертеден жасасып келе жатқан бір-екі салт-дәстүрімізді атап кетсек. Солардың алғашқысы – «азан шақырып, есім қою». «Халқымыздың бұл әрекеті Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) тәрбиелік мәні зор сүннеттерінің бірі. Ол өзінің немересі хазреті Хасан (р.а.) туылғанда құлағына азан шақырып, ат қойған» [1, 6].

Одан кейінгі салт-дәстүріміз – баланы сүндетке отырғызу. Мұсылманшылдықтың бір белгісіне айналған бұл салт-дәстүрдің бүгінде ер баланың парызы іспеттес екені белгілі. «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сүндетке отырғызуға аса мән беріп, оны «жаратылыстың талабы» деп санаған» [1, 6].

Өзіміздің ұлттық салт-дәстүрлеріміздің қадіріне жетіп, дер кезінде бағалаған жөн. Салт-дәстүрдің озығы да, тозығы да болады. Содан өзімізге керегін жиып алатын болсақ, әлемдегі дамыған елдердің біріне айналарымыз сөзсіз. Салт-дәстүрдің баға жетпес құндылығы жайлы айтылған бір-ақ ауыз сөз бар. «Кезінде вице-министр болған Нағашыбай Шәйкенов деген білімдар адам «Халықтың салт-дәстүрі заңнан биік» деп отыратын [2, 6].

Бұл мақалада бірнеше салт-дәстүр алынып, өткен мен бүгінгі күнде нендей өзгеріске ұшырағаны салыстырылды. Қазақ халқында бала өмірден келгенінен бастап әр есею кезеңіне өткенін ерекшелеп, салт-жоралғысын жасау қалыптасып, дәстүрге айналған, мәдениетті қалыптастырған. Солардың алғашқысы шілдехана. Бала өмірге келгенін тойлау мерекесі. Бұл мерекенің шілдехана деп аталу себебі «қырық» сөзімен тікелей байланысты. Көне наным-сенім бойынша жас босанған әйел мен бала әлі екі дүниенің ортасында жүреді-мыс. Оларды жын-періден қорғау үшін 3 күннен 40 күнге дейін той созылған. Яғни о дүниедегі баланы тірілердің мекеніне әкелу және соны тойлау сәті. С.Торайғыровтың

«Шілде» өлеңі: «Түскендей әуе жерге қырық күн күн шілде». Мифопоэтикалық түсінікте сакралды «қырық шілтен» тіркесі бар. Яғни қырық шілтен – батырларды қорғаушы, жебеуші, сақтаушы қайырымды образ. Олар пірдің қызметін атқарады. Яғни аруаққа табынушылық заматта (анимизм) қалыптасқан түсінік бойынша, ата-анасы өз баласын «қырық шілтенге тапсырдым» дейді. Шілдехана атауы да баланы шілтендерге «аманаттау» нұсқасында жұмсалып, әрі баланың тілі шықпай, өз-өзін қорғай алмағандықтан, қырық шілтенге «қарап қоюы» мақсатында болған.

1. Шілдехана – («чил» - қырық) баланың қырық күн о дүниелік болған жанын тірілер дүниесіне әкелу сәтінің ширегіндегі ғұрып.

2. Шілдехана – қырық шілтен («чил» - қырық; шілде~шілтен) пірге баланың өмірін «аманаттау» мақсатында жасалған.

«Қырқыннан шығару». Қазақ әуелден символиканы, сандық ұғымды ерекше жақсы көретін халық. Бала өмірге келгеннен кейін қырық күн өтісімен, қырық бір қасық су құйылған ыдысқа жуындырады. «Бұл – ресми дәстүр. Оған үлкен әжелер, әйелдер қатысады, кәде беріледі, дастархан жайылады. Сәбидің қарын шашы алынып, оны сәбидің өзінің киіміне матаға орап тігіп қояды. Мұндағы мақсат ертеде сурет болмағандықтан баланың сәби кезінен ескерткіш ретінде сақтаудан шыққан» [3, 12].

Адамның өмірге келуі мен өмірден өтуінде де үлкен мән жатыр. Ежелден бері адамның дүниеге келген кезін «қырқыннан шығару» деп атаса, өмірден өткен шағын «қырқын беру» деп атаған. Бұл жердегі басты дүние – ата-бабамыздың «қырық күннің» мәнін қалай түйсінуінде болып тұр. Қырық күнде бала өмірге икемделіп, қоршаған ортаға бой үйрете бастаса, өмірден өткен адам да қырық күннен соң, арғы дүниеге бейімделіп, сол дүниенің адамы болады деп түсінген. Жалпы қазақ халқының танымындағы «қырық» санының киесі мифологиялық көзқарастан қалыптасқан. Биологиялық тұрғыдан сараласақ, бала дамуының физиологиясына сәйкес туғаннан ет сүйекке толық бітіп, қатып, бала мойнын ұстап бастайды, бала иммунитеті қоршаған ортамен танысады. Бұл ата-бабаларымыздың табиғатқа жақындығын байқатады. Қырық күн бойы тек тұзды су мен күміс тиын салып баланы жуындыратын. Қазір заманның дамуына байланысты калий перманганаты, кір сабынмен жуындыру ғұрыпқа енді.

Бесік жыры – отбасылық ғұрыптық фольклорға жатады. Ананың балаға айтқан әлдіі психология, этнография, мифология, мәдениетпен тығыз байланысты, Бесік жырында баланы «күн», «ай», «жұлдыз», «жарық» сынды аспан денелеріне теңеу анимистік көзқарастан, ал «құлыным», «қошақаным», «қозым» сынды теңеулер тотемистік көзқарастың дәлелі.

Айым болып тудың ба?

Күнім болып тудың ба?

Бұл дүниеге келген соң,

Сұрауы бар судың да? [4, 21].

Тұсау кесу – баланың енді қадам басып, қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым. Ала жіппен, көк шөппен, ішекпен кесіледі. Ала жіппен сегіз санына ұқсатып байлайды. Бұл шексіздіктің белгісі. Бұр ғұрып тәңіршілдік заманынан бастау алған. Тұсау кесетін адам:

Қаз-қаз, балам, қаз балам,

Қадам бассаң, мәз болам.

Қаз-қаз, балам, қаз балам.

Тақымыңды жаз балам.

Күрмеуіңді шешейін,

Тұсауыңды кесейін,

Қадамыңа қарайық,

Басқаныңды санайық,

Қаз-қаз, балам, жүре ғой...

Балтырыңды түре ғой.

Тай-құлын боп шаба ғой,
Озып бәйге ала ғой.
Қаз баса ғой, қарағым,
Құтты болсын қадамың!
Өмірге аяқ баса бер,
Асулардан аса бер.
Жүгіре қойшы, құлыным,
Желбіресін тұлымың.
Елгезек бол, ерінбе,
Ілгері бас, шегінбе. [4, 27].

Қорыта келгенде, ұлттың басты белгісі – ұлттық руханияттың, ұлттың сана-сенімінің болуы. Ал ұлттық руханияттың өмірдегі көрінісі – салт-дәстүрлер. Салт-дәстүрлер – адамның өмір сүру формасының басты мазмұны. Халықтың ұлттық болмысы, ерекшеліктері, арманы, мақсат-мүддесі өнер тілімен барынша айқын өрнектеліп, рухани өмірдің негізін құрайды. Салт-дәстүр заманға қарай бейімделе де, жоқ болып кете де алады. Оны тек сақтап сол ұлт өкілдерінің қолынан ғана келеді. Бүгінде әрбіріміздің бойымыздан бабалардан мұра болып қалған ұлттық салт-дәстүріміздің, төл мәдениетіміздің, сөздік қорымыздың молдығы көрініс табады. Ғылыми мақала ұлттық салт-дәстүрлеріміздің бүгінгі заманға сай қаншалықты өзгеруін анықтауға арналған. Жалпы алғанда, ұлттық салт-дәстүрлерімізді жаңғыртып, мағыналы түрде қолдана білсек, төл мәдениетімізден, ұлттық болмысымыздан, ана тілімізден ажырамасымыз сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өмірбек Оңғар қажы. Салт-дәстүрлеріміз Исламмен біте қайнасқан. – Үш қоңыр 2013. – 20 қыркүйек, № 38. – 8 б.
2. Кенжеахметұлы С. Салт-дәстүр заңнан биік. – «Ана тілі», 2010. – 18-31 наурыз, № 11-12. – 6 б.
Салт-дәстүр. «Бала тәрбиесі», 2006. – № 2. – 48 б.
3. Әмірова Б.Ә. Салт-дәстүрлер этникалық жансақ нанымдарды қалыптастырушы ұлттық құндылықтар. – «Қайнар» университетінің хабаршысы = Вестник университета «Қайнар» 2005. – № 2/1. – б.
4. Кенжеахметұлы, С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Атамұра, 2015.- 224 б.

АҢЫЗ ӘҢГІМЕЛЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ, ҒИБРАТТЫҚ МӘНІ

Оразбекқызы М.,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты.

e-mail: orazbekovna18@bk.ru- Қызылорда қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Оралова Г.С., - филология ғылымдарының кандидаты,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры.

e-mail: gulzi-oralova@mail.ru Қызылорда қ., Қазақстан

Аңыз – халық ауыз әдебиетінің рухани, шағын көлемді жанрларының бірі. Қай халықтың болмасын өзіндік әдеби жанрлары, аңыз шығармалары болады. Аңыз-әңгімелерде сюжеттік желі сан түрлі болып келеді, әдетте аңыздарда түрлі оқиғалар, кейіпкер аттарының, елді мекен, жер-су атауларының, мезгіл мөлшерінің деректілігі басым, оқиғасы қызықты келетін жанр. Аңыздар қандай да бір ұлттың болмысына, халықтық ерекше дәстүрлеріне қарай түрлі елеулі оқиғаларға, ел тарихындағы тұлғаларға, қасиетті жерлерге, наным-сенімге сай өрбіп, танымдық сипатта тәрбиелік мәнде ғибраттылықпен өрбіп отырады.

Аңыз-әңгімелерді мазмұнына, тақырыптарына қарай жүйелеу, жіктеу орыс фольклортану ғылымында ХХ ғасырдан басталады. А.П.Андреев орыс фольклорындағы аңыздарды «тарихи және жергілікті аңыздар» деп екіге бөледі. Осылай бөлуді Т.М.Акимова қолдай келіп: «Тарихи аңыздарға халық өміріндегі елеулі тарихи уақиғаларды жатқызуға болады. Ал жергілікті аңыздарға қалалар мен селолар, олардың аталуы, салынуы, атақты адамдары жайында баяндалатын әңгімелер жатқызылуға тиіс», – дейді [1, 138].

Аңызды мазмұндық, тақырыптық тұрғыда жіктеп, жүйелеуде отандық, шетелдік әдебиеттанушылар біршама еңбек етіп, өздерінің ғылыми тұжырымдарын қалдырған С.Н.Азболов, В.Е.Гусев, В.К.Соколова, М.В.Храпченко, Г.Н.Потанин, А.И.Никифоров, П.Г.Богатыров, М.В.Седова, Е.Испулатов, И.Лоренов, Т.М.Акимова, В.В.Бартольд т.б. өз еңбектерінен, қазақ ғалымдарының А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Е.Ысмайылов, Р.Бердібай, Ш.Уәлиханов, Ә.Қоңыратбаев, С.Қасқабасов, Б.Адамбаев, Ш.Ыбыраев, Ә.Марғұлан, М.Қаратаев, М.Ғабдуллин ғалымдар еңбектерінен аңыздар жайлы пайымдауларды кездестіреміз.

Аңыздар жайлы ғылыми зерттеулер, әсіресе мәдениет пен әдебиеттегі киелі жерлер, көрнекті тұлғалар жайлы аңыз әңгімелерді жанрлық, тақырыптық, мазмұндық, мәтіндік, тіл білімі тұрғысынан зерттеу еңбектер ауқымы әлі де болса жинақтап, талдап зерттеу қажеттігін туындатады. Аңыз әңгімелер күрделі зерттеу нысанына айнала қоймаған, жекелеген мақалаларда сөз болып жүрген өзектілігі айқын мәселелердің бірі. Ғылыми-теориялық тұрғыдан келгенде зерттеу еңбектердің ауқымы әлі де болса аздық етеді. Бұған дейін күрделі зерттеу нысанына айналмаған десек те, жекелеген мақалаларда сөз болып жүрген ғылыми мәселе екенін білеміз.

Қазақ аңыз әңгімелерінің ұшқыр қиял, тосын ғажайыптар, ертегі сипатында келетін тұстары кездеседі. Осы секілді сипаттар танылғанымен аңызда кездесетін жер-су аттары, белгілі бір тұлғаға қатысты шындық сақталады. Әдебиеті мен мәдениеті, тарихы ұқсас халықтар арасында ұқсас аңыздар кездесіп жатады. Алайда тақырып, атау бір болғанымен идеялық жағынан, сюжеттік элементтері жағынан өзгешеліктер болады. Аңыз әңгімелер ауыздан ауызға тарағандықтан, жеткізуші тарапынан пайымдар қосылып, өзгерістерге түсіп, түп нұсқадан алшақтап жатқанымен, сюжет, негізгі идея сақталады. Аңыз әңгімелер жанрлық жағынан қара сөзбен жазылатын шағын көлемді эпикалық жанр түрі. Аңыздарда өмір шындығы тапқырлыққа құрылып, ондағы оқиға, кейіпкерлер, олардың әрекеті қысқа баяндалып, жинақталып беріледі. Ертегі, тарихи жырлар құрылымынан айырмашылығы да ұзақ баяндаудан, бірнеше оқиғалар түрінде, кейіпкерлер арасындағы тартыс, сюжет қоюлығы бола бермейді. Аңыз-әңгімелер құрылымы шағын, тұщымды, ойлы, тағылымды болып жасалады.

Аңыз-әңгімелерді тақырыбына қарай бөліп жүйелеу мәселелерін фольклористер С.Н.Азбелев, В.Е.Гусев, В.К.Соколов пікірлерінен аңғаруға болады. В.К.Соколова тек «тарихи және топонимикалық» деп атауды жөн көреді. Аңыздарды бұлай жүйелеуге қарсы ғалымдар де бар. Мәселен, А.И.Никифоров мифтік (тәңір, әулие, жын, т.б.), натуралдық (өсімдік, жануарлар, т.б.) және тарихи (уақиғалар, жер-сулар, халықтың шығу тегі, т.б.) аңыздар деп бөлу орынды десе, К.В.Чистов тарихи аспан дүниесі, халықтың шығу тегі, жан-жануарлар, жер-сулар туралы аңыздар деп жіктеуді ұсынады. Қазақ әдебиетінде аңыз әңгімелерді жинау, зерттеу ісіне алғашқылардың бірі болып Ш.Уәлиханов қызығушылығын танытқан. Ғалым жіктеуі бойынша аңыз әңгімелер екіге бөлінеді. Олар-тарихи адамдарға қатысты аңыздар және тарихи оқиғаларға қатысты құрылған дейді.

Қазақ әдебиет тарихын зерттеуші М.Әуезов қазақ ертегілерін талдап оларды: ертегі, аңыз ертегі, күй аңызы деген топтарға бөлген. Сонымен бірге түркі халық ауыз әдебиеттерінде кездесетін прозалық үлгідегі аңыз-әңгіме, эпсана, хикая деп аталатын терминдерді аңыз деген ұғыммен атайды. Аңыздарды: «Тарихта болған адамдар жайында айтылған, халық шығарған көркем әңгіме», – деп бағалаған [2, 96]. Қазақ халық ауызы әдебиетін зерттеп, жинаушы, арнайы оқулық жазған М.Ғабдуллин аңыз әңгімелерге былайша анықтама берген: «Оқиғасы реалды өмірден алынып, болмысы шындық негізінде

ауызша шығарған қазақ халқының көркем шығармаларының елеулі жанры – аңыз-әңгімелер», - дейді [3, 56]. Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, Е.Ысмайылов, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов фольклор шығармаларын талдағанда аңыз әңгімелердің ерекшелігіне қарай жүйелеп, жіктеп, сол тұрғысындағы көзқарастары мен дәйектемелерін беріп отырады.

Аңыз әңгімелер халық үшін қызмет жасап, олардың өмірге деген көзқарасын, рухани танымын, даналық ойларын, тәрбиесін қалыптастырып, дамытатын жанр түрі. Бастауы көне дүние әдебиетінен табылатын аңыз әңгімелерде тарихи факт, әр түрлі қоғамдық жағдайлар, халықтың арман-тілегі танылатын заманның өмір шындығы суреттелген, алуан тақырыпты туындылар. Ұлттық жад, ұлттық сананы қалыптастыруда аңыз-әңгімелердің танымдық құндылығы жоғары. Өлкелік әдебиет, өлкелік тарихты сөз еткенде туған жер тағылымдарын ұрпақтарға таныту маңызды. Олардың тәлімдік мәні де айқын. Аңыз құрылысынан ұлттық әдет-ғұрып, салт-сана, ұлттық болмыс, өлке тарихы, адамгершілік ізгі қасиеттер, тұлалар т.б. тақырыптар аңыз сюжеттерінде кездесіп жатады, олардың рухани әсерлілігі де асқақ леппен көркемделіп келеді.

Сыр өңірінде де ел аузына жатталып, тараған аңыздар жетерлік. Сыр өңірінде туған аңыздардан ұлттық мінез, ұлттық болмыс, танылады. Тақырып жағынан топтастырсақ, жер-су аттарына байланысты туған аңыздар, қасиетті жерлерге байланысты аңыздар, шешендік дауларға, тарихи оқиғаларға байланысты аңыздар, діни-ағартушылық бағыттағы аңыздар, әули-әмбиелерге қатысты аңыздар, күй аңыздары т.б. Сыр аңыздары ішінде «Қорқыт» туралы аңыздар көптеп кездеседі. Сонымен қатар, «Барсакелмес» «Оқшы ата», «Қармақшы», «Жанкент», «Бегім ана», «Бестам», «Бесарық», «Қорасан ата» т.б. секілді өлке тарихын, жер-су аттарын танытып, тарихын зерделеуге жетелейтін аңыздар мол ұшырасады. Мәселен мына бір аңызда қыз баласын құрмет тұтып, төріне отырғызып, сыйлап өсіру тәлімі танылады. Бұл аңыздың берер ғибраты екі жағын да тең ойлайтын, жұртына тілекші болатын, дүниеге ұрпақ әкелетін қыз баланы құрметтеу сезімі сезіледі. «Бесарық» деп аталатын аңыз желісінде ертеде қарақалпақ елінің Баян атты қызы ұзатылады. да, жыл өткен соң әкесінен сылдырап ағып жатырған бес өзенді еншісіне сұрайды. Дәстүр бойынша қыз төркін жұртынан, әкесінен еншіге сұрағаны берілетін болған. Солай ол өзен бойын сол елдегі руларға бөліп береді, жағалай отырған ел өсіп өнеді [4].

«Жанкент» туралы аңыздардың бірінде «Санжар хан айналасындағы нөкерлерінің өтірік сөздеріне сеніп, ашуға мініп, кінәсіз, адал болған Бегім сұлудың оң қолын шауып, оң бұрымын кесіп, оң танауын ашуға мініп аяусыз жазалайды, Бегім сұлудың әкесі-Қарабура әулие кісі болады. Аңыз оқиғасы бойынша Жанкент әміршісінің бұл әрекетіне налыған қыз әкесі Қарабура Бегім сұлу ақ болса елінді жылан жайласын деген қарғыс айтып, қызы ақ болса, зиян келген барлық дене мүшесі қалыпқа келуін тілейді. Қыз денесі қалыпқа келіп, адалдығы дәлелденіп, назаланған әке Санжар ханды қарғайды. Қарабура әулиенің қарғысы қабыл болып, аспаннан іші улы жыланға толған мес түсіп, ханды нөкерлерімен бірге, түгел елін жойып жібергендігі баяндалады. Күнәден пәк қыз құсқа айналып, аспанға ұшып кетеді де, қонған жеріне керемет мұнара орнапты делінген [4]. Миф элементтері аралас келетін бұл аңыздың да берер ғибраты бар. Мифтік шығармалар жер бетіндегі пайда болған тау-тас, жан-жануар, жәндіктердің кейбір қасиеттеріне байланысты туындап отырады. Халықтың жақсылық жасасаң-өзіңе, жамандық жасасаң-өзіңе деген ойларымен үндесіп, халықтың «Ашу-дұшпан, ақыл-дос, ақылыңа ақыл қос» дегеніндей, аңыз ғой деп қарамай, ақиқатын танып, қай істе де сабырлы болуды, ақ қараны ажыратып, дұрыс пайым жасауды меңзеп, мысал еткен насихаты танылады.

«Барсакелмес» туралы да аңыздар көптеген орыс ғалымдарының зерттеулеріне негіз болды. Мысалы, Николай Рерих «Азия жүрегі» атты кітабында да Барсакелмес туралы баяндайды. Кітапта аралдың «Барсакелмес» аталуына бірнеше отбасының осында қоныстанып, кейіннен жоқ болып кетуі негіз болғаны туралы айтылады. Аңыз-әңгімелер жайлы бірсыпыра зерттеулер бар болғанымен, аңыздардың шығу тарихы, ондағы қиял-

ғажайыптардың орын алуы, тылсым дүние сырлары туралы ғылыми-теориялық тұрғыдан келгенде зерттеу еңбектерінің қажеттілігі туындайды.

Аңыз-әңгімелерде ұлтымыздың рухани құндылықтары мол ұшырасады. Өскелең ұрпақты рухани сусындатып, туған жерінің тау-тасын қадірлеуге, бойларына құрмет сезімін, қонақжайлық қасиетін, салты мен дәстүрін, әдет-ғұрыпын, адами ізгілік қасиеттерді дарытып өсіруде аңыз-әңгімелердің берер насихаты мол. Әрбір өлкенің қасиеттеріне байланысты туған аңыздарда келер ұрпақтың туған жерінің тарихын, ата-бабаларын, олар атқарған қоғамдық пайдалы еңбектерін, елдік, ерлік істерін, отансүйгіштік болмыстарын қалыптастыруға ықпал етері сөзсіз. Аңыздар ойдан ой туғызады, сюжеті қызықты, тартымды болып келетіндіктен, қабылдауға да жеңіл ықпал етеді. Сонымен қатар, аңыз-әңгімелер құрылысындағы тұспалдап айтылатын ойлар, нақыл сөз, мақал-мәтелдер, шешендік тапқырлықтар тыңдаушысын ерекше әсерге бөлейді, ой қорытуға жетелейді.

Аңыз-әңгімелердегі ғибрат алатын, тәрбиеге толы, тағылымы мол тұжырымдар қазіргі заман тілегімен үндесіп жатыр.

Аңыз-әңгімелерде келетін тапқыр ой, мақал-мәтелдер тыңдаушының ойлы, зерек болуына, таным көкжиегінің кеңеюіне ықпалы мол.

Атақты батыр әрі шешен Жәнібек Шақшаұлы Төле биден ақыл сұрай келіп:

– Түзу мылтық, ұшқыр құс, жүйрік ит, мақтаншақ жігіт, ұрыншақ ат жидым. Бозбала болып ерлік қылайын ба, үлгі алып билік құрайын ба? Елінде көрің болса, жазулы тұрған хатың, жайлаған көңіліңнің алдында болса, ерттеулі атың деуші еді, ақыл сұрай келдім, – дейді.

Сонда Төле би:

– Өгізді орға салма, қанатың талар, наданға көзіңді салма, сағың сынар. Досыңа өтірік айтпа, сенімің кетер, дұшпаныңа сырынды айтпа, түбіңе жетер. Жал-құйрығы қаба деп, жабыдан айғыр салма, жаугершілік болғанда, жағдайлап мінер ат тумас. Қару жисаң – мылтық жи: жаяу жүрсең – таяқ, қарның ашса – тамақ. Ит жүгіртіп, құс салсаң, әуейі боларсың. Әйел алсаң көріктіге қызықпа, тектіні ал. Мақтаншақ жігіт жисаң, ұятқа қалдырар. Ұрыншақ ат жарға жығар. Тұмау түбі құрт болар, тұман түбі жұт болар, ақылдың түбін құт болар. Елге бай құт емес, би – құт. Қабырғадан қар жауса, атан мен нарға күш, ел шетіне жау келсе, қабырғалы биге күш. Қарап отырғанша, бір нәрсеге жарап отыр. Кәсіп болмай, нәсіп болмас. Менен ақыл сұрасаң, айтарым – осы, – деген екен [5, 23].

Қазақ аңыздарындағы тарихи тұлғалар, жер-су атауларының шығу тарихынан, күй аңыздарындағы тұтас ойлар мен түйінді пікірлерден, тың сөз саптауларынан халқымыздың даналығын, сөз зергері, тарихты танытушы екендігін тани түсеміз. Тәлімдік мәні зор аңыз-әңгімелерді рухани құндылықтар ретінде келер ұрпаққа жеткізіп, аңыз-әңгімелердің қалыптасып, дамуын зерделей түсіп, өлкелік аңыздардың ұлттық сипатына ғылыми тұжырым жасау ісі әдебиеттану ғылымына қосылар мол қазына болып табылары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Акимова Т.М. Семинар по народному творчеству. – Москва: Издательство 1958, 320 бет
- 2.Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы. Ғылым, 1971, 328 бет
- 3.Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Санат, 1996, 368 бет
- 4.Сыр бойындағы сакралды ескерткіштер: Мифтер, аңыздар, хикаяттар. – Қызылорда: Тұмар, 2019, 432 бет
- 5.Төрекұлов Н. Қазақтың 100 би-шешені. – Алматы: Қазақстан, 1995, 384 бет

Ф. ОҢҒАРСЫНОВА «САЙРАҒАН ЖЕТІСУДЫҢ БҮЛБҮЛЫМЫН» ПОЭМАСЫНДАҒЫ АҚЫН САРА БЕЙНЕСІ

Рымбаева А

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4 курс студенті - Ақтау қ., Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: Каримсақова Б.А., - Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инженеринг университеті, - «Қазақ филологиясы» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры м.а. - Ақтау қ., Қазақстан*

Қазақ әдебиеті тарихында өз бағасын алып, өзіндік айқын қолтаңбасымен ерекшеленетін Қазақстанның Халық жазушысы, қоғам қайраткері, көрнекті ақын Ф.Оңғарсынова поэзиясы хақында әдебиетші-ғалымдарымыздың өздерінің ғылыми талдау-тұжырымдары, бағам-байлаулары баршылық. Ақын лирикасын зерттеген З. Мүтиевтің сөзімен айтсақ, “Ф. Оңғарсынова поэзиясының табиғатын тану алыптардан бастау алады” [1,24].

Әдебиет атты әлемде әрбір суреткердің қызыға, қызықтыра жырлайтын өзіне етене жақын тақырыбы болатыны белгілі. Сол арқылы оның авторлық идеясы, дербес көзқарасы аңғарылып жатады. Ф. Оңғарсынованың шығармашылығындағы басты тақырыптардың бірі – әйел тағдыры, әйел жолы. Әйел тәкаппарлығының, әйел жанының азаттығын өз халқының өткен тарихынан іздестіру – Фариза поэзиясының өзгешеліктерінің бірі. “Оңғарсынова лирикасындағы өзгешелік сол – ондағы әйелдер образы типтік дәрежеге дейін көтерілген бейне саналады. ...Суреткердің қаламынан туған әйел тағдыры, оның өмір түйткілдерінен сыр тартқан сан қилы поэтикалық дүниелердің ауқымы да қомақты” [2,11].

“...Шынымды айтсам, мен жалпы әйел тағдырының жүгі көбірек, қиынырақ дер едім. Ал нағыз өнердің шытырман жасы, тіпті суреткерлік табиғаты әйелге бұйырса, ол екі есе қиын. Тағдыры өнермен байланысты әйелдер жайлы ойланатыным да осыдан болар. Қазақ әйелінің бойындағы адам таңғаларлық ғажайып қасиеттер кім-кімді де табындырады деп ойлаймын. Ал, заманның қаталдығына, қыз жолының жіңішкелігіне қарамастан, қазақ қызының қабілетін, өнерін халыққа таныта білген Сара, Майра, Диналарға гимн жазса да артық болмас еді” [2,189], – деген Фариза қазақтың біртуар талантты да қайраткер қыздарына арнап бірнеше поэмалар жазды. Соның бірі – атақты “Жетісудың бүлбұлы” – Сара Тастанбекқызының өмір тарихын, өнер жолын арқау еткен “Сайраған Жетісудың бүлбұлымын” поэмасы.

Поэмаға негіз болған бас кейіпкер – Сара Тастанбекқызы тарихта болған, 1878-1916 жылдар аралығында өмір сүрген айтыскер ақын. Туған жері – Алматы облысының Қапал ауданы. Руы – Найман. Сара әкесінен ерте айырылады. Өзінің қысқа ғұмырында тауқыметтің талайын көріп, әлеуметтік теңсіздіктің тәлкегіне ұшыраған Сараның шығармашылық жолы тым ауыр да күрделі. Сараның өмір жолы, оның жеке өмірінің кейбір сәттері жөнінде “Сара Тастанбекқызының өмірбаяны мен творчествосы туралы деректер” деп аталатын жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған шағын зерттеу еңбекте біршама мағлұматтар беріледі. ХІХ ғасырда өмір сүрген қазақтың аяулы ақын қызы Сараны біреулер тарихи тұлға десе, екіншілері – Сара көркем бейне, жиынтық тұлға деседі. Дегенмен, Сараның өмірде нақты болғандығын дәлелдейтін жайт – оның өлеңдері. Осы тектес даулы сұрақтар “Біржан-Сара” айтысының айналасында да өрбіді. “Біржан - Сара” айтысының өмірде нақты болғандығы, я болмағандығы турасында қазақтың академик – жазушысы С. Мұқанов былай деп жазады: “Сараны Біржанның іздеп баруы анық. Біржанның Нұржан деген ағасының баласы Ахметжанды мен қартайған шағында көрдім. Ахметжан: “Мен Біржанға атқосшы болып барып ем, Сараны көрдім, айтысқандары рас”, – дейтін. Халық әдебиетін жинаушы, Біржан мен Сараның айтысын алғаш рет баспаға берген Жүсіпбек Шайқұлисламов бұл айтысты Сараның аузынан жазып алдым дейді” [3,29].

Ал біз сөз етіп отырған Ф. Оңғарсынова поэмасындағы Сара бейнесі мүлде бөлек көркемдік арнада ашылады. Ф. Оңғарсынованың поэзиясындағы қазақ әйелдерінің

суреттелуінің өзіндік ерекшелігі бар. Оның “әйелдері” әр дәуірдің, әр кезеңнің өкілдері болып келгенімен, олар іштей өзара бір-бірімен біртұтастық табады. Ол тұтастық – олардың мінездерінен байқалады.

Сараны өзінің өнердегі ұстазына айналдырған ақын “Бұралаң жол, бұрқасын өткелімен, Сендік тағдыр менің де тағдырымдай”, – дей келе өткелі көп өлең өлкесінде өз өмірі мен кейіпкерінің өміріндегі ұқсастықты аңғартады. Шынында да, поэмадағы Сара ойларынан, Сара сөздерінен лирикалық қаһарманның тұлғасын көру қиын емес. Яғни, ақындық “мен” Сара бейнесі арқылы көрініс табады. Осы орайда неміс философы Ф. Ницшенің: “Лириктің образдары ақынның өзінен басқа ешкім де емес, бұл тек оның әрқилы формада объективтенген тұрпаты” – деген пікірі ойға оралады. Сара қыздың тағдыры ақын үшін поэма арқауы ғана емес, лирикалық кейіпкер өмір сүрген қоғамды, ондағы адамдарды танытудың өзіндік тәсілі де.

Айттысам ақ бұлақтай ақтарылам,

Кешпеймін біреулердей жыр жылымын, – деп айбынды үн қатқан лирикалық қаһарман жырға, сөз өнеріне қатаң талап қояды.

Жыршы емес, елдің жүгін тарта алмаса,

Таңдайға алмас сөзді арқандаса.

Іштегі буырқанған жай тасқынын

Жасқанып, ақтара аламай жалтаңдаса – дейді. “Айтпаса, сөздің атасы өледі”. Ақын болып тұрып халықтың жүрегіндегі сөзді жеткізе алмаса, жырына елдің мұңын ортақтастыра алмасаң, сенің ақынмын дегенің де құр бекершілік. Ақын “таңдайға алмас сөзді арқандатумен” осы айтпақ ойын көркемдеп, аз сөзге көп мағына дарыта түскен. Поэманың басында ақын Сараның жыр туралы найзағай жарқылындай өткір пікірлері айтылса, екінші, үшінші бөлімдерде Сара қыздың туған жер туралы толғаныстары сөз болады. “Жер жәннаты Жетісудың” сұлулығы Сара шабытына шоқ тастайды. “Жаңғыртып жоталарын, Шырқаймын күз басынан. Жаныма от аламын, Найзағай сырғасынан”, – деп туған жерін жырға қосқан ақын қыздың қиялы алыстарды шарлайды.

Шынында да, ақынның лирикалық кейіпкер – әйелдерін үнемі бір кейіпте көру мүмкін емес. Және олар өз басының тыныштығын ғана ойлап, бір сарынды өмірді ұнататын, бейғам жандар емес. Қажет кезінде қолына қару да алатын, дауды шешер билік те айтатын өресі кең, өр мінез иелері. Осындай қасиеттердің кейбірін автор ақын Сараның бойына да дарыта көрсетеді. Сараның сол ауылдың белді бір байының жылқысын ұрлаған кедей жігітке байдың өзінен кешірім беруді сұрап, тұтқыннан босатуын өтінгені поэманың төртінші бөлімінде сөз болады.

Байеке, жаралғансыз нық тұғырдан,

Ел билер ерлер ғана жұртты ұғынған.

Ұрлаған бір жылқыны мен төлейін

Жігітті босатыңыз тұтқынынан [4, 10].

Поэмада автор кейіпкер сөзіне аса мән берген. Автордың ақын Сараның аузына салған осынау намысты, қайратты сөздері кез-келгенге жараса бермейтін, санаулы жандардың ғана еншісіне тән батыл ойдың жемісі. Кейіпкердің характерін ашу мақсатында топ алдындағы көпшілікке бағытталған сөздерін молынан пайдалану арқылы Сара образын айқындауға тырысады. Өз басының бостандығын қорғай алмаған Сара азаматтың ары тапталғанда жаны күйіп, араша тілейді. Бұл да ақын жырларына тән “Батылдық” мотивінің бір көрінісі. Қажет жерінде бұқпантайламай, бой көтеретін осы сипат ақынның барлық поэмаларына ортақ. Адамзат өмірінің мәңгілік еместігін, тіршіліктің тұтқасы сыйластықта екендігін айтқан асқақ үнді Сара ақын бостандықты жыр етеді:

Ел бастап, ат мінгенмен кем күн бүгін,

Жарытпас, сезе алмаған ел тірлігін.

Бостандық – тұңғыш байлық бұл далада,

Жігіттің қайтарыңыз еркіндігін [4, 10].

“Біреу бай, біреу жалқы күн кешетін бұл заманда басты байлық-бостандық” деген ойды қуаттайды. “Бақ деген, байлық деген жанға қонақ, Шығады ажал бір күн алдан орап”, – деп, халық аузындағы “Дүние ойлап тұрсам шолақ екен, адамдар бір-біріне қонақ екен”, – деген өмірлік пәлсафаны жаңашылдықпен жалғастыра жырлайды. Поэmanın келесі бөлімінде Сара қыз өмір жайлы, оның сан алуан құбылыстары: алауыздық пен татулық, махаббат пен жауыздықты жырға қосып, үлкен бір философиялық ой түйіндейді. Бұл бөлім тек құрылысы жағынан ғана емес, мазмұны тұрғысынан да халыққа ақыл-өсиет, нақыл түрінде айтылатын толғау жанрына жақын, жыраулар поэзиясымен үндесіп отырады.

Қызы едім Тастанбектің, атым – Сара,
Дарамын туа біткен ақыл – сана,
Еркінмін, нәзік жанмын, тәкаппармын –
Осылай тәлім берген ақылшы ана, -

деген үзіндіден аңғарылатын еркелігімен қатар ер мінезді Сара қыздың да еркіндігі ұзаққа бармайды. Өзі өмір сүріп отырған уақыттың басты трагедиясы – қалың малға ол да тап келеді. Өзінің ықтиярынсыз күйеуге бермек болған аға-жеңгелеріне деген Сара қыздың наразылығы поэmanın алтыншы бөлімінде сөз болады. Тайғақ тағдырлы қазақ қызының басына қалың мал қамытының киілуімен, бәрін жазмышқа сүйей салып, ең бастысы малды ауыл болса болды деген сол кездегі қараңғылықты, надандықты ақын жыр-жебемен аяусыз жаншып отырады. Қазақ қызының басына уақыт салған салмақпен қоса “Байтал шауып бәйге алмас” деген шынжыр ұғымның аяқтан шалуы – міне осылардың барлығы Сара образы арқылы ашылады.

“Не дейміз?” “Жазымыш қой!” Жыла, жаным!

Жаны – жат, керең кеуде – бұл адамың.

“Жақсы ауыл?” Ауыл жақсы қай кезде де,

Қажетсіз ақ ордалы құдаларың! [4, 14].

Ән мен жырдың думаны, Сара өз бақыты үшін күресе біледі.

“Таңдаймын қалауымды! Еркімді бер,

Табамын дала кезіп, құздарды аттап!” деп эпостық шығармалардағы аруларға тән ірілік көрсетеді [3, 160].

Сара ақынның бары да, бақыты да – өлеңдері. Үш жүзге даңқы жайылған ақын кәріге де жасқа да жырларымен жылылық таратты

Келер жас ой тереңнен шашса жақұт

Жоқ менде басқа тілек, басқа бақыт, - деп келер ұрпақтан жылымшы, жасық жыр емес, отты жыр күтеді. Ақын кейіпкері жастығына қарамай, парасатты терең ой айта біледі. Поэмадағы Сара қыз тек өнерімен ғана бағалы емес, оқырманына айналасында болып жатқан ірілі-ұсақ қоғамдық маңызды істерге араласа білетін ақыл иесі ретінде де танылады. “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын” поэмасы тек қана ақын қыздардың өмірін өрнектеумен ғана емес, замана сипатын дәл бере білуімен де құнды.

Қазақтың ақын қызы, “Жетісудың бұлбұлы” – Сараға арнаған Фариза поэмасы тағдыры өнермен егіз қазақ қыздарының ғана өмір жолын арқау еткен жоқ, жалпы “тайғақ тағдырлы” қыз тағдырына арналды. Поэма сонысымен құнды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мүтитегі З. Ф. Оңғарсынованың лирикасы. Филология ғылымының кандидаты ғылыми атағын алу үшін дайындалған диссертация. Алматы. 2000.

2. Қабош Б. Қазіргі қазақ поэзиясының түрлік – бейнелілік ерекшеліктері. Кандидаттық диссертация. Алматы. 2006.

3. Қазақ поэзиясының антологиясы. (XX ғасырдың бас кезі). – Алматы: Ғылым, 1992. – 488б.

5. Оңғарсынова Ф. Екі томдық шығармалар жинағы. 1- том. Алматы: Жазушы. 1987.

ӨТЕГЕН АҚЫННЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ

Жаксылыкова М.,

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті Магистранты,
Қызылорда қ., Қазақстан*

Өтеген Күмісбаев елімізге танымал ақын болды. Лирикаға толы нәзік жырлары жырсуіер қауымның көңіл түкпірінен орын тауып, талайдың жүрегінде ән болып тербетілді. Ол көрнекті шығыстанушы ғалым еді. Оның ғылым жолындағы сүбелі ізденістері, қол жеткізген табыстары ұшан-теңіз. Қазақтың сүлей ақыны Т.Ізтілеуов шығармашылығын егжей-тегжейлі зерттеп, шығыс поэзиясы мен қазақ ақындық дәстүрі арасындағы Алтын көпірге айналды. Ол тамаша аудармашы болатын. Оның аударма саласында да атқарған еңбегі өз бағасын алды. Сонау кеңес заманында Шығыс шайырларының інжу-маржандарын қазақ тіліне аударып, қазақ поэзиясында жаңа қырынан танылды. Ол ұлағатты ұстаз болды. Оның алдынан жүздеген шәкірттер түлеп ұшып, тәуелсіз еліміздің ғылым-білім, дипломатия саласында қомақты қызметтер атқарды

Белгілі шығыстанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Өтеген Күмісбайұлы еліне алдымен ақын ретінде танылды. Ол «Тұңғыш» атты алғашқы жинағынан «Гүлсана бағы» жыр кітабына дейінгі көркем шығармашылық жолында белгілі ақын ретінде, «Жапырақтар түсіп жатыр» туындысынан «Тіршілік тоқтамайды» кітабына дейінгі әр алуан жанрдағы прозалық кітаптарында қара сөздің кесте тіккен шебері ретінде танылды. Оның бірсыпыра туындылары орыс, ағылшын, поляк, украин, қырғыз, башқұрт, т.б. тілдерге аударылса, өзі әрідегі Әмір Хұсрау Дехлеви, берідегі М.Рыльский, Р. Ғамзатов, Қ.Құлиев, Вс.Рожественский сынды әлем оқырмандарына белгілі әдебиет алыптарының шығармаларын қазақша сөйлетті. Ол ғылыми жолда да сол әлем әдебиетінің небір жұлдызды тұлғаларын өмірге келтірген парсы әдебиетіне аса іңкәр болатын.

Оның Тұрмағамбет Ізтілеуовтің «Рүстем-Дастанынан», «Абай мен Шығыс», «М.Әуезов және әлем әдебиеті», «Қазақ әдебиеті және Шығыс», «Иран әдебиетінің тарихы» секілді іргелі еңбектерінің өнбойынан – шығыстық ренесанстың биік тұғырнамалы шығармаларымен қазақ әдебиетінің рухани байланыстары жайын ашсам деп еңбектеніп өткен және сол жолда елеулі табыстарға жеткен ғалымдық, азаматтық болмысын танимыз.

Ардагер азаматтың жиырма жылдық өмірі М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қабырғасында өтті. Ол академик Зәки Ахметов, әдебиет тарихының терең білімпазы, ұлттық академияның мүше-корреспонденті Әнуар

Дербісәлиннің қарамағында қызмет етті. Академик Серік Қирабаевтың институт директоры кезінде директордың орынбасары, филология ғылымдарының докторы атағына диссертация қорғататын мамандандырылған кеңестің ғалым-хатшысы болды. Сол уақыттың өнбойында оның біреумен сөзге келіп, қабақ шытысып жатқан жайсыз кезін көрмеппіз. Осы мінезімен ол өмірден өткенге дейінгі қызмет еткен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің әр алуан басшылық қызметінде жүрген кезінде де айнымағаны даусыз. Оны сол жайсаңдығы үшін де әріптестері ерекше сыйлайтын.

Бір сөзбен айтқанда, ол өзінің барша саналы өмірін халқына қызмет етуге арнады.

Жазмыш кесімі, тағдыр ісі десек те, қатарды ойсыратып, орнын үңірейтіп, ортамыздан аяулы, абзал азаматтарды алып кететін құшағы салқын өлім қисынына жан көндігуі мүмкін емес. Бүгін де сондай бір хал. Өтеген, Шығыс поэзиясының хош иісті хошуақ лебізін қазақтың жусан жұпарлы даласына жалғаған шұғылалы ақын Өтеген Күмісбаев өмірден озды. Тағы да сол, жазмыш бұйрығы...

Бұл заманда өскіндері өркенге құлап, «Батыс-Шығыс» деп айшықталатын әлем-дүниеге тамырын терең жібере бастаған Қазақ әдебиетіндегі Жаратқанның жаһан кеңістігіне өріс кеңейтсем деген елеулі талпыныстар өткен тарихтардан бастау алып жатыр. Бұл талап – өзімізде барды өзгеге ұқсатып ұсыну, өзге әлемнің құнарынан талғап-таңдап сусындау мақсаты ғой.

Өтеген Күмісбаев, сонау өзі әдебиет табалдырығын аттаған XX ғасырдың екінші жартысында осы бағытты алғаусыз өмірлік нысана, шығармашылық мұрат етіп таңдаған сияқты. Бұл тағдырлы таңдау бағдарында, жарық жұлдыздар сипатты Абай, М.Әуезов, Т.Ізтілеуов, Қ.Шаңғытбаев сынды өнеге мысалдары түр еді оның маңдай тұсында. Сол жолда, ақын поэзиясынан бөлек, «Терең тамырлар», «Абай және Шығыс», «М.Әуезов және әдебиет әлемі» атты ғылыми кітаптар өмірге келді.

Р.Ғамзатов, Қ.Құлиев, Вс.Рожественский өлеңдері қазақ тілінде, тағы бір қырында сөйледі. 500-ден астам ғылыми, зерттеу мақалалары жарық көрді. «XIX-XX ғасырлардағы қазақ және парсы әдеби байланыстары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғалды. Әлем әдебиеті мен мәдениетіне қазақ топырағынан тартылған алтын көпір сондай жауһарлармен кемелдене түсті. Бұл үдерістегі Ө.Күмісбаев арқауы аса елеулі құбылыс еді. Кейінгі, ғылым жолына түскен ізбасарларына, ілім-білім қуған қазақ жастарына бұл еңбектер – мол мағлұматты, болмысы терең қазына-кеніш ретінде енді.

Шығыстану ғылымына келуі, өзінше бөлек бір қызық әңгіме болған. 1960 жылдары ҚАЗМУ-дің филология факультетінде оқып жүргенінде араб тілі мен әдебиетіне деген ерекше қызығушылығы болды. Араб тілі мен әдебиеті Өтеген ақынның шығыс әлеміне бетін бұрғызып, шығыс шығармаларына деген ішкі шырайын тудырып, шығыс жұлдыздарына деген ілтипатын арттырды. Бұрын араб ақындарының өлеңдерін орысша аудармасынан оқыса, араб тілін үйрене бастағаннан кейін, араб шығармаларын түп нұсқадан оқи бастаған. Араб ақындарының өлеңдерінің шуағы ақындыққа жетелеп, Өтеген 1964 жылы «Тұңғыш» деген өлеңдер жинағын шығарды. 1964-69 жылдары Қазақстан Жазушылар Одағының көркем әдебиетті насихаттау бөлімінде қызмет атқарды.

Сонымен қатар, «Егеменді Қазақстан» газетінің әдебиет бөлімінде қызмет етті. 1969 жылы ҚР Ұлттық Ғылым Академиясы, М.Әуезов атындағы әдебиет институтында кіші ғылыми қызметкер ретінде жұмысқа қабылданды. Ол кезде оны жұртшылық ақын ретінде танығанмен, оның негізгі ойы ғылыммен шұғылдану болатын. Академияда бір жылдай жұмыс істеді. Бір күні институттың директоры Мүсілім Базарбаев ақын ағамызды кабинетіне шақырады. Ол кісі Қазақстанның екі рет сыртқы істер министрі болған, жиырмамыншы жылдардағы қазақ әдебиетін, дәлірек айтатын болсақ, Шәкәрім мен Мағжанды зерттеп, докторлық қорғаған адам болатын. Мүсілім ағамыз: «Мәскеуге оқуға барасың ба?» деді. Ол кезде 22-23 жастағы бойдақ кезі. Осы бойдақтықты қимады ба, білмеймін, Өтеген ақын бірден жауап бере алмайды. Мүсілім ағамыз: «Мәскеудің Шығыстану институтынан шақырту қағаз келіп отыр. Бұл шақырту бойынша біз Мәскеуге бір жас маманды оқуға жіберуіміз керек. Осыған сені таңдадық» деген. Өтеген: «Бір күн ойланып көрейін» деген. Ертесіне келіп, келісімін береді. Мүсілім ағамыз: «Кіммен ақылдастың?» деді. Өтеген: «Жүріп жүрген қызым бар еді, сонымен ақылдастым. Қалыңдығым: «Үлкен кісілер, сенім артып, жіберіп отырса, барғаның жөн» деп отыр. Қабырғаммен кеңесе келе барсам барайын деген шешімге келдім» деген. Сонымен Өтеген Мәскеуге аттанып кетеді. Алғашқыда, Шығыстану институтына машықтанушы-зерттеуші болып жұмысқа қабылданады. Бір жылдан соң осы институттың аспирантурасына түседі. Аспирантурада оқып жүріп ғылыми жұмысының тақырыбын «Тұрмағанбет Ізтілеуов және оның Рүстем дастаны» деп бекіттірген.

Шығыстану институтының «Иран әдебиеті бөлімінде» жұмыс істей жүріп, шығыс әдебиетінің тұңғығын зерттей бастайды. Ақынның ғылыми жұмысына ұлты әзірбайжан, профессор Газенфор Әлиев деген жігіт жетекшілік жасады. Жетекшісі оған ағылшын, араб, парсы тілдерін оқып үйренуім керектігін айтты. Араб тілінен Юрий Николайвич Ансец деген Польша университетін бітірген кісі сабақ берді. Ол атақты Юрий Крачковскийдің шәкірті болатын. Ал, парсы тілінен Кирина Николаевна Юрома деген ғылым кандидаты дәріс берді. Осы кісілерден екі жылдай уақыт сабақ алып, араб және парсы тілдерін меңгеріп шығады. Мәскеуге өзімен бірге елден Рүстем дастаны, Ләйлі Мәжнүн, Сейфул-Мәлік, Шахнама туралы жиырмаға тарта қисса-дастандарын ала барады. Осы қисса-дастандарды ғылыми сүзгіден өткізіп, мақалалар жазып тұрады. Тырнақ алды алғашқы

ғылыми шығармасы ретінде Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанына қатысты зерттеуді айта аламын. Ол кезде Шәкәрімнің атын атуға, оның шығармасын оқуға тиым салынған кез болатын. Осыған қарамастан, Мәскеу мұрағаттарынан Шәкәрім шығармасы жөнінде каталогтарды қарап шығып, оның «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын тауып алады.

Шәкәрімнің бұл дастанын Мұхтар Әуезов 1922 жылы Ташкентте «Шолпан» журналында ескі араб әрпімен басып, жариялаған екен. Кейін, 1935 жылы Сәкен Сейфуллин алғы сөз жазып, бұл дастанды жеке кітап етіп шағарған. Осы дастандағы стиль, мақам, сипат, теңеу мен оқиғалар өрісін өзге «Ләйлі-Мәжнүн» дастандарымен салыстырып, сондай-ақ, бұл дастанның қазақтың эпикалық жырларына әсерін талдай келе орыс тілінде ғылыми мақала жазады. Шәкәрім жөнінде айтуға тиым салынғанмен, ақынның батылы жетіп, автордың ойлау жүйесі мен көркемдік тілі жөнінде кеңірек тоқталып, ғылымдағы алғашқы қарлығашын ұшырды. Сол жылдары Мәскеуде өткен конференцияда бұл жөнінде баяндама жасады. Конференцияда ақынның бұл зерттеуіне ғалымдар ерекше қызығушылық танытты. «Шәкәрім деген қандай ақын? Неге бұл дастанды жырлаған?» деген сұрақтар қойды. Ақын: «Қазақ халқында сондай бір жақсы дәстүр бар, өзге елдің ғибратты, гуманистік тұрғыдағы жыр-дастандарына қазақы рең, түс бере отырып, өз тілінде жырлайды. Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны осы сипатта жазылған шығарма» деп жауап берген. Шәкәрім дастанының кіріспесінде мұндағы оқиғалар өрісін Физули деген парсы ақынының шығармасынан алғанын айтады. Физулидің «Ләйлі-Мәжнүні» мен Шәкәрімнің дастанында сюжеттік ұқсастық бар ма? деп салыстырып көргенінде, Шәкәрімнің оқиғаларға өз ойынан ештеңе қоспастан, дастанды тек қазақы теңеу, ұқсас, ритмика, сөз тіркестер, мақал-мәтелдер, мақамдармен жырлап шыққандығына тәнті болады, зерттейді.

Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүні» жөніндегі бұл мақаласы сол кезде Мәскеуде шығатын «Простор» журналында жарияланды. Екі-үш айдан кейін Өтегенге бір хат келеді. Хаттың кімнен жіберілгенін қараса «Ахат Шәкәрімұлы Құдайбердиев» деп жазылып тұр. Ахат ақынға жазған хатында: «Өтеген сенің Шәкәрім туралы мақалаңды оқып қатты риза болып отырмыз. Шәкәрім туралы қорықпай жазған алғашқы ғалымдардың бірісің. Бұдан кейін Шәкәрім туралы тереңірек жазамын деген ниетің болса, оның мынандай еңбектері бар. Маған хат жазып хабарлас» деп, жазыпты. Жалпы, мен ғылымға Шәкәрімнің шығармасын зерттеу арқылы келдім десем болады. Тұрмағамбет Ізтілеуовтың «Рүстем» дастанын да зерттеуім, мені биікке шығарды. Бұл дастанды зерттеп жүргенімде мен әдебиеттің керемет сырларына қанықтым деп айта аламын» деген екен.

Өтеген 1973 жылы жоғарыда айтып өткен тақырыбы бойынша кандидаттық диссертация қорғады. Сол жылдары КСРО Жазушылар Одағының Қазақ әдебиеті бөлімінде консультант болып жұмыс жасап жүрген Тәкен Әлімқұлов деген азамат Өтегенді шақырып алып: «Өтеш, мен елге қайтпақпын. Менің орныма сен жұмыс істе» деп өтінді. Өтеген ақын аспирантураны оқи жүріп, осы қызметті қатар алып жүреді. 1974 жылы елге оралып, әдебиет институтында қызметке орналасады. Осы институтта жүріп «Рүстем дастаны» деген кітабын шығарады. Бұл кітаптың артынша «Қазақ-араб әдебиетінің байланысы» деген кітабы жарық көреді. Өтеген осылайша шығыстану ғылымына келеді.

Белгілі шығыстанушы ғалым, ақын Өтеген Күмісбаев ұзақ жылдар бойы Шығыс әдебиеті мен мәдениетін зерттей жүріп, сол елдердің әйгілі сөз зергерлерінің шығармаларын қазақ тіліне тәржімалау ісінде де көп тер төккен азамат. Төменде ғалымның парсы әдебиетінің классигі Фирдоуси өміріне қатысты еңбегін оқырман назарына ұсынып отырмын.

“Шахнама” деп аталатын кітабым дүниеге оңай келген жоқ, шырағым. Осы шығармама отыз бес жыл өмірім кетті. Шаштарым ағарып, тістерім түсіп, белім бүгілгенше жаздым. “Шахнама” заманның қиын уақытында туды, бұл да бір іштен туған перзентім еді ғой, ұзақ тербеттім. Ел араладым, қариялардан дастандар тыңдап, құлағымға құйдым. Көне кітаптардың беттерін аштым, өзіме керегін алдым

Қорыта келгенде ғылымға қосқан өлшеусіз үлесі зор тұлға. Шығыс шайырларының інжу-маржандарын қазақ тіліне аударып, қазақ поэзиясында жаңа қырынан танылды. Өткен ғасырдың 80 - жылдары қазақ телеарнасында өзі жүргізген «Шығыстың жеті жұлдызы» атты бағдарламасы арқылы қазақстан халқын Әлем мойындаған Фирдоуси, Рудаки, Хафиз, Омар Хайям, Сағди, Руми, Науаи шығармашылығын халыққа таныстырған. Өзінің замандастары ғана емес, өкшесін басып келе жатқан іні-қарындастарының есінде. Ақынның ғылым жолындағы сүбелі ізденістері бен бүгінге дейін қол жеткізген табыстары ұшан-теңіз. Қазақтың сүлей ақыны Тұрмағамбет Ізтілеуов шығармашылығын егжей – тегжейлі зерттеп, шығыс поэзиясы мен қазақ ақындық дәстүрі арасындағы Алтын көпірге айналды.

Шығыс дастандары мен қазақ дастандары арасындағы тамырластықты тануға ұмтылып, Абай, Шәкәрім, Хафиз арасындағы сабақтастықты зерттеген көптеген оқулықтары жарық көрді. Қазақтың тіл меңгерудегі ынта-жігері де талайды тәнті еткен. Араб, парсы тілдерін үйреніп, оны жетік меңгеруге деген ұмтылысы ерекше еді. Парсы ақындарының өлеңдерін қазақ тіліне түп нұсқадан аударып, бұлбылдай сайрататын. Ақын аударған шығыс жырларын тыңдаған жан өзін Фирдоусидің жалынды жырларын жанымен ұғып, шабытқа бөленетініне еш күман жоқ. Ақынның талмай ізденген талпынысының нәтижесінде дайындаған еңбектері жарық көріп, қазақстан ғылымының дамуына үлкен үлес болып қосылды. Көпшілік шығыс ақындарының өлеңдері осы еңбектері арқылы бірінші рет қазақ тіліне аударылды. Қазақ ұлттық университетіне сіңірген еңбектерін де атап айтсақ артық емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Күмісбаев Ө. Ақ шолпан:Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1971. – 87 б.
Күмісбаев Ө.Ақбота: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1974. – 71 б.
2. Күмісбаев Ө. Алақан:Өлеңдер. – Алматы, 1966. – 95 б.
3. Күмісбаев Ө. Ауғанстан достық құшағында /Ө.Күмісбаев.- Алматы: Қазақстан, 1988.- 168 б.
4. Күмісбаев Ө.Ауылдан шыққан жол: Әңгімелер. – Алматы, 1975. – 176 б.
Күмісбаев Ө. Екі перне /Ө.Күмісбаев.- Алматы: Жазушы, 1980.- 156б.
5. Күмісбаев Ө.Жапырақтар түсіп жатыр: Повесть және әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1969. – 92 б.
6. Күмісбаев Ө. Ортақ арна: Әдеби-сын мақалалар. / Ө.Күмісбаев.- Алматы: Жазушы, 1985.- 176б.
7. Күмісбаев Ө. Тіршілік тоқтамайды: Повестер, әңгімелер. / Ө.Күмісбаев.- Алматы: Жазушы, 1982.- 176 бет.
8. Күмісбаев Ө. Шығармалары. Екі томдық / Ө.Күмісбаев; Жауапты ред. Б.Кәрібозұлы. - Астана: Фолиант, 2008.- (Сырдария кітапханасы)
9. Күмісбаев Ө. Шығыс шайырлары: Шығыс ақындары поэзиясының антологиясы / Ө.Күмісбаев; Ред. Күлімбетов Ә.- Алматы: Қазығұрт, 2011. - 224 б.

ЗАР ЗАМАН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АҚЫРЗАМАНДЫҚ МОТИВТЕР

Бүркітбаева А.С.

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
«Қазақ филологиясы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а.
Ақтау қ., Қазақстан*

Қоғамда болып жатқан өзгерістерге өзіндік көзқараста болған және сол бағытта жырлаған ақындарды М.Әуезов «Зар - заман» жыршылары деп атаған болатын және әдебиеттану тарихында да олар осылай айтылды. М.Әуезов жүз жылдың дәуір атаған зар заман әдебиетіне байланысты бірнеше тұжырым жасады, осы концепциясын негізге алуға,

алдағы зерттеу жұмысының негізгі объектілері етуге маңызды нұсқау бола алады деп есептейміз.

1. зар заман әдебиетін туғызушының бірі-жырау. Оның қазақ әдебиетіндегі орны, өлеңі несімен ерекше, жыраудың атқарған миссиясы деген мәселені қамтиды;

2. Жазба әдебиетке ауысу себептері. Ол әдебиеттің жалпы әдебиеттен айырма, өзгешелігі сөз етілді;

3. Тарихи жыр-зар заман әдебиеті тұсында туған түр екендігі, оның мәні, мазмұнын теориялық жақтан талдады.

4. зар заман кімнен басталып, кімнен аяқталатынын атап көрсетті;

5. Зар заман әдебиетінің негізгі сарындарына айғақтар тапты;

6. зар заман әдебиетінің жанр, түр, өлең үлгісі жағынан зерттеу жүргізді;

7. зар заманның қай ақынында қай сарын басым болғанын саралады;

8. Бұл әдебиеттің даму себептерін атап, 3 кезеңге бөлді;

9. Басқа зерттеу, ізденіс міндеттерді тұжырымдады.

«Қазақ әдебиетінің» энциклопедиялық анықтамалығында зар заман тұсынан қазақ әдебиетінің жазбаша сипат алатындығы, қазақ халқының шұрайлы жерлерін тартып алып, ұрпағын аздырып, дінінен аулақтату сияқты империялық пиғылдың жүзеге асуына қарсылық ретінде зар заман ақындарының қайраткерлік поэзиясы өмірге келгендігі айтылады [1, 241 б.].

«Зар заман»—бұл белгілі бастау бұлағы бар, даму арналары, қалыптасу жолдары, тәмамдалар тұсы айқын, қоғамдық ойдағы және әдебиеттегі құбылыс. Ол заманға көңіл толмаушылықты өткен дәуреннің артықшылықтарын жырлау арқылы ұлт тағдырымен сабақтастыра отырып бедерлейді [2, 4 б.].

Бұл термин алғаш 1927 жылы енгізілген еді. Поэзиядағы зар заман құбылысының қалыптасу арнасы бастауын көне әдебиеттен алады. Ескі жұртты егіліп аңсау сарыны ертедегі арабтың бәдәуи ақындарында да жиі кездеседі екен. Зерттеуші, филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Омарұлы, қазақтың «зар заман» ағымынан кеңпейілдіктің, қырғыздың «замана» ағымынан (олардың әдеби ағымы осылай аталады) кекшілдіктің, қарақалпақтың осыған ұқсас өлеңдерінен шарасыздықтың белгілері байқалатынын, бірақ бәрінің өзегінде де отаршылдыққа деген өшпенділік, ешкімге бас игенді қаламайтын ұлттық ұстаным атойлап тұратынын айтады.

Әдебиеттанушы ғалым Х.Сүйіншәлиев зар заман ағымының туып қалыптасу процесіне жан-жақты талдау жасай отырып, жоңғар шапқыншылығы кезінде ақтабан шұбырынды атауы қалған болса, патша отаршылдығы дәуірінен зар заман ағымының қалыптасқанын, тар заманды ашына жырлаған ақындар санатында Дулат пен Шортанбайды атап көрсетеді [3, 4 б.].

Қазақ әдебиетіндегі зар заман поэзиясы жөнінде салмақты пікір білдірген академик С.Қирабаев. Ғалым М.Әуезов атаған зар заман ақындарына өзіндік анықтама береді. Зар заман сарыны Шортанбай, Мұрат, Нарманбет ақындардағыдай Махамбет пен Ыбырайда қайталанбайтынын, бұл Махамбеттің жеңіліс тапқан сәттердегі элегиялық жырлары ақынның күрескерлік рухын сөндіргенін, ал Ыбырайдың халық отаршылықтан алып шығатын бірден-бір жол-білім жолы екенін үгіттеуден туған сарын екенін баса көрсетеді. Зар заман ақындарына М.Әуезов Асан қайғыны, Бұқар, Махамбет, Шортанбай, Мұрат, Нарманбет, Шернияз, Досқожа, Күдеріқожа, Ыбырай Алтынсарин, Базар жырау, Ығылман, Алаша Байтоқтарды атайды. Ғалым Б.Омарұлы бұл ақындардың өлеңдеріндегі үндестік сарынына қарап барлығын бірдей зар заман өкілдеріне жатқызу олардың шығармашылық табиғатын жете бағамдамау деген пікірін айтады.

Осылайша зар заман өкілдері ретінде Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Шоқанұлын атайды. Біздің пайымдауымызша, М.Әуезов жіктеген жоғарыда аттары аталған ақындарда пессимистік көңіл-күй сәтіндегі өлеңдері «зарлау» мағынасында ұғынылған болуы мүмкін және бұл шартты атау ғана деп ойлаймыз.

Ал зерттеуші Шәкір Ыбыраев зар заман поэзиясы туралы ой-пікірін фольклор дәстүрімен сабақтастырады. «Болашақты сүреңсіз етіп, ақырзаман түрінде елестету зар заман ақындарынан үлкен орын алатын тақырып... Бұл, біздіңше, кертартпа реакцияшыл романтизм де емес, халықты апарып тұңғыыққа батыру да емес, қоғамды артқа тартып, жолына тосқауыл қою да емес, бұл біржола бодандыққа түскен елдің өз өткені, болашағы, тағдыр-талайы туралы ащы зары болатын» [4,167 б.].

Зар заман әдебиетін оның тұлғалы өкілі Шортанбай шығармашылығымен байланыстыра зерттеп, ғылымдағы бұл ағымның айналымға енуіне едәуір үлес қосқан ғалымның бірі-Қанипаш Мәдібай. Ғалым «қазақ әдебиетіндегі айрықша көзге ұрып тұрған ағымды біртұтас құбылыс ретінде» қарау керектігін айтады [5, 10-11 бб.].

Әдеби шығармалардағы діни мазмұндағы образ, мотивтер, идеялар жөнінде зерттеу еңбегін жазған А.Жақсылықовтың зар заман ағымындағы ақындарға беретін бағасы-зар заманды стильдік ағым деп тануы. Сондай-ақ ғалым зар заман поэзиясының эстетикалық құндылықтарын да атап өтті. Зерттеуші аталған кезең ақындарының бұрынғы жыраулар шығармашылығынан эстетикалық тұрғыдан айырмашылығы бұлардың бүкпесіз уағыз бен кемел көрегендік бағытын ұстанып, жеке тұлғасын, өзіндік «менін» оқшаулай түсуінде деп түсінеді [6, 237 б.].

Поэзиядағы зар замандық көңіл-күй кеңестік дәуірге дейін жетті. Мұның соңғы сарындары Албан Асан мен Нарманбеттің елең толғауларында айқын байқалады. Аталған ағымның кең тараған тұсы М.Мырзахметов ұсынған отаршылдық дәуір әдебиетінің мерзіміне орайлас келеді. Біздің дипломдық жұмысымызда да негізгі мақсатымыз-«зар заман» атауын М.Әуезов ұсынған қалпында сақтап, әдебиеттану саласында нақты зерттеулердің берік түпқазығына айнала беруіне ықпал ету. Қазақ әдебиеті тарихында өзгеше әуен, ерекше сарынды«зар заманшылармен» бірге қайғы-мұңға толы көңіл-күй мен елең-алаң заманның алуан әрекеттерін бейнелеген түрліше образдар келді. Ой ортақтығы, шығармашылық бітімі ерекше «зар заманшылар» бірі-қазақ өлеңін түр жағынан байытса, екіншісі-мұсылманшылық шарттарын поэзия тілінде өрнектеді, үшіншісі-суырып салма ақын, т.б. «Зар заман» ақындарының шығармаларының дені зардан тұрады деу қате пікір, идеялық-стильдік, тақырыптық-мазмұндық ерекшеліктері бойынша олардың поэзиялық туындыларын әлі де жете зерттеуге болады. Зар заман ағымының жоғала бастауына әсер еткен мынадай факторларды атар едік. Біріншіден, қоғамдық-саяси жағдай өзгерді. Жаңалыққа ұмтылыс кезеңі, ояну дәуірі халықтың көңіл-күйін басқа арнаға бағыттады. Ескілікті естен шығарып, көненің қадірін ұмыттырған, келешекке құштарлықпен ұмтылдырған һәм ізгілік пен игіліктен үміттендірген заман келді. Зар айтудың дәурені өтті. Екіншіден, поэзия, қазақ жыры жанрлық, түр өзгешеліктері жағынан дами, жаңара түсті. Абайдың поэзияға әкелген жаңалығы рухани дүниедегі төңкеріс болды. Осылайша зар заман ағымы кідіріссіз дамыған қазақ поэзиясына жол ашты. Зар заман ағымы жоғалғанмен, зар заман поэзиямыз баға жетпес құнды қазынамызға айналды.

Зар заман кезеңінде өмір сүрген ақындарда еркіндік пен бостандықтың, дәстүр мен европалық метрополиядан еңген жаңа тәртіптердің шегінен шиеленісуі байқалады. Олар ХІХ ғасырдағы қазақ өміріне тән барлық құбылыстарды аяусыз сынайды. Әлеуметтік, үйлесімділік уақыты ретінде өткен дәуірді идеяландыра отырып, бүгінгі заманның келешегінен де үмітін үзіп, түңіледі, шығармаларында сары уайымға салыну, қайғы – мұңға берілу сарыны да байқалады. Асан қайғының көрегендікпен болжаған дәуірі де осы кез еді.

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң тозып жаман болар,
Қарағайдың басына шортан шығып,
Бабалардың дәурені тамам болар.
Ол күнде қарындастан қайыр кетер,
Ханнан күш қарағайдан шайыр кетер.
Ұлың, қызың орысқа бодан болып,
Қайран есіл ел-жұртым сонда не етер?

Мұрат ақын «Үш қиян», «Сарыарқа», «Әттең, бір қапы дүние-ай» толғау дастандарында қазақ жерін отарлаушыларды батыл әшкерелеп, озбырлық саясатқа қарсы шығады. Ұланғайыр даласына қол салған патша әміршілеріне қарсы кеудесін кернеген өшпенділік сезіммен толғанады.

Бұқар жыраудың заманға берген бағасы төмендегідей:

Әй, заман-ай, заман-ай,

Түсті мынау тұман-ай.

Істің бәрі күмән-ай,

Баспақ-тана жиылып,

Фани болған заман-ай.

Құл-құтандар жиылып,

Құда болған заман-ай.

Арғымағын жоғалтып,

Тай жүгірткен заман-ай

Шортанбай заманға қарата риторикалық сұрау қоя отырып, өзі сипаттама береді.

Мына заман қай заман!?

Азулыға бар заман,

Азусызға тар заман.

Тарлығының белгісі:

Жақсы жаннан түңілген,

Жаман малға жүгінген,

Мұның өзі зар заман.

Зарлығының белгісі:

Бір-бірлерін күндеген,

Жай-жайына жүрмеген,

Мұның өзі тар заман

Тарлығының белгісі:

Мұсылманнан хал кетті,

Тәңірім болғай демесін!

Қорыта айтқанда, Зар заман тақырыбы кеңестік кезеңде де, тәуелсіздік туы көтерілген соң да талдап-таразылаудан, зерттелуден кенде болған жоқ. Жекелеген ақындардың әдеби мұрасын зерттеу тақырыбы етіп алған, қазақ тарихының ақтандақ беттеріне үңілген, рухани өсіп-өркендеуіміздің даму заңдылықтарын саралаған, өлең сөздің жоқ-жітігін түгендеген ғалымдардың бағалы ой-пікірлері ғылыми еңбектің мән-мақсатын, жаңаша бағыт-бағдарын айқындауға септігін тигізді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық.-Алматы: Аруна, 2005.-576 б.
2. Омарұлы Б. Зар заман әдебиеті. Монография (генезис, типология, поэтика).- Астана: Елорда, 2005.-372 б.
3. Сүйіншәлиев Х. Алғы сөз (құрастырушылар)// XIX ғасыр әдебиеті. Хрестоматия.- Алматы: Ана тілі, 1992.-224 б.
4. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы.-Алматы: Ғылым,1993.-296 б.
5. Мәдібай Қ. Зар заман ағымы.- Алматы: Қазақ университеті,1997.-160 б.
6. Жақсылықов А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. Типология, эстетика, генезис.- Алматы: Қазақ университеті,1999.-422 б.
25. Ежелгі дәуір әдебиеті / Құр.: А. Қыраубаева. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б.

Х.СҮЙІНШӘЛИЕВТІҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Қайрат А.Қ.,

*Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау мамандығының 2-курс магистранты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті-Қызылорда қ., Қазақстан*

Қазақ әдебиеті жанрының жілігін шағып, майын ішкен талай тарихтан орын алған әдебиеттің жанашырлары мен сол жолда қажырлы еңбек етіп келе жатқан жандарды айтуға болады. Қазақ әдебиетінің тарихының өзін бірнеше бөліп қарастыруға болады. Әр кезеңнің өз қаламгерлері мен дүлділдерінің аттары бүгінде әдебиеттанушы ғалымдардың еңбегімен танылып, талай кедергілер мен талай дүрбелеңнен сары майдай сақталып, бүгінгі оқырманға жол тартып келеді. Әдебиет әлемі, мөлдір шыныдай таза кірлемеген сара сөздермен дара жолдардан жинақталады. Әр ғасырды жырлар әдебиеттің бөлімінен тұратын бөлімдері бар деп атауға да болады. Сол әдебиет әлемінің төрінен, бүгінде тарих төрінен ойып орын алған аты дара, жаны таза, тек халықтың қамы үшін қаламымен сыр шерткен, ұрпаққа аты жетіп отырған тау тұлғаның бірі де, бірегейі – Ханғали Сүйіншәлиев жайлы сыр шерту мәртебесі бұйырған екен. Әдебиет әлемінің тарихын, шығу төркінін, кезеңдерін жік-жігіне ажыратып, әр тарауын таразыға сала отыра, қазақ әдебиетін біздерге яғни қазақ халқына оның ішінде әдебиет сүйер қауымға ажыратып берген дей аламыз. Ендеше әдебиет жанашыры Ханғали Сүйіншәлиевтің өмір жолына тоқталып кету біздер үшін ұрпақтық міндет. Ханғали Жұмашұлы Сүйіншәлиев Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Тайпақ ауылында дүниеге келген болатын. Мектеп қызметкері болып қызмет атқарып, білім ордасымен өмір жолын байланыстыра білген. Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Көрнекті қазақтың ғалымы, ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Ханғали Сүйіншәлиевті білмейтін қазақ кемде-кем болар. Әдебиет оның ішінде қазақ әдебиеті тарихын көп жылдар зерттеп, зерделей түскен тау тұлғаның еңбегі ерен. Қаламынан шыққан туындыларының өзі бір төбе. Тарау-тарау болып, бүгінде оқырманның алдында жатқан жайы бар. Жазған еңбектері мен жазған кітаптарына тоқталатын болсақ, елуден астам кітап шығарып, төрт жүзге жуық мақала жазылып, оқырманға жол тартқан. Бұл еңбектерін жазу әлбетте оңайға соқпай, сыншылдар мен көреалмаушылық пен кереғарлық көздер табылса да кедергіде өтіп, өзінің білімімен сенімділігіне сеніп, еңбектерін ерен еңбекпен алып шыққан болатын. Қазақ әдебиетінің керегесін кеңейтіп, шаңырағын мықтап берді. Қазақ әдебиетін зерттеу жолында тыңғылықты істер мен ізденімпаздылықтың арқасында жаңаша жол сала отырып, сөйтіп қазақ әдебиетіміздің ежелгі дәуірін жеке пән ретінде ретінде негіздеп берді. Бұл туындыда әдебиет дәуірінің талай ғасырлық сырларымен жырлары тамаша суреттелген. Тыңғылықты да, танымды етіп жазылған. Заман талабына сай етіп жинақталып баяндалған.

Зерттеуші қаламгердің әдебиетті зерттеудегі негізгі басты мақсаты әдебиет кезеңдерінің ара жігін ажыратып, саралап беру еді. Әр дәуірдегі әдебиет қайраткерлері сол дәуірдің сұранысы аясында бағаланады, оның қоғамдық ойға, санаға қосқан үлесін анықтау үшін өз дәуірінің негізгі мәселелерін ұғынуды қажет етеді. Әдебиет тарихы өткен дәуір жазушыларының қолынан шыққан көркем шығармаларды талдап, поэзиямыздың қалыптасуына үлес қосқан ақын-жазушылардың шығармашылығын зерттейді. Бірақ әдебиет тарихы көркем шығармалар мен жазушылардың ғасыры бола алмайды. Оны әдеби ағымдардың жинағы деп қарау да орынсыз. Өйткені, әдебиет тарихы күрделі де жарқын процесс. Ол сан алуан идеяларды, көркемдік ағымдарды, белгілі бір қарама-қайшы топтар, жанрдың тарихи нормалары, әдеби стильдер, өсу, кемелдену, әдіс-тәсілдердің қалыптасу кезеңдері, көркем сөз өнерінің даму кезеңдері, тілдік құралдарды жетілдіру жолдары, т.б. тарихи заңдылықтарын ашады. Белгілі бір тарихи кезеңдердегі көркем шығармалардың негізгі тақырыбы болып табылатын біртұтас көзқарасты айқындау үшін сол халық әдебиетінің даму үрдісі мен ішкі сырын белгілі бір дәрежеде ашу қажет. Үнемі ізденісте

толғанып жүретін Ханкеңнің қаламынан осы мәселелердің тыңғылықты зерттелгенін көре аламыз. Ғалымның еңбектеріне тоқталатын болсақ, 1967 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» атты зерттеуінде әдебиет бастауларының түп-төркіні көне дәуірлерде жатқандығын айтса, 90-жылдарда жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихында» ХІ ғасырлардағы сына жазулардан басталғандығын көрсетуге болады. Жалпы бізге қазақ әдебиеті кезеңінің дәуірлеу кезеңдерінің үш тобы белгілі.

1. Хронологиялық;
2. Азаматтық тарихпен орайлас;
3. Әдебиеттің өзіндік көркемдік дамуына қарай.

Осы үш топты басшылыққа ала отырып, жұмыстың нәтижелі шығуына барын сала білген. Үш топты біріктіру арқылы әдебиеттің жаңа кезеңіне жаңаша леп, жаңаша бағыт, жаңаша шабыт ала келген.

Ұстаздық жолында шәкіртті білімімен сусындата жүріп, зерттеу жұмыстарының жүйелі болуын қолға ала білген. Осы тұста Ханғали Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиеті кезеңдері» атты еңбегінен қысқаша шолу жасап кетейін. «Түркі ұлыстардан шыққан тұңғыш оқымысты, әдебиетшілер өздері қай ру, қай ұлыстан шықпасын, өз шығармаларын сол кездің ортақ әдеби тілінде, өз тұсындағы барлық түркі елдер тайпасы қолданған тілде, көне таңба үлгілерінде жазған. Сондықтан, ерте дәуірге жататын кейбір жазба деректер мен көне ескерткіштер, әдеби еңбектер қазіргі Орта Азия мен Қазақстан елдеріне ортақ мұра болып танылады». Иә, осы тұстан өткен ғасырдағы әр ру, әр тайпа қандай еңбектерін жазып, жарыққа шығарса да, тек ортақ тілде жазып, жарыққа шығара білген. Тілді құрметтеуді ерте заманнан қолға алынып, құрмет тұтқандығын көруге болады.

Сондықтан да ру, тайпа болса да, сол замандарда жазылған құнды дүниелердің барлығы ортақ тілде болғандықтан қазақ елінің де ортақ мұра, сарқылмас қазына екендігін автор алға тартып, көрсете білген. Туындылардың тарауын тармақтайтын болсақ, әдебиеттің бастауының түп-төркіні сонау көне дәуірден бастау алатынын сондай-ақ, әдебиеттің сол замандардан құндылығын жоймағандығын айта түскен. Ханағаның бұл зерттеулерді жазу барысында үлкен сыр жатқандығын көруге болады. Тіл жоғалса, әдебиеттің өмірі қысқа болатындығы мәлім дейік. Әдебиет кезеңдерінен де тілге аса құрметтілік пен ізеттіліктің иісі аңқып тұрады. Тілдің тарихына алаңдаушылық білдіруі мен қоса, тілдің тазалығына мән бергендігін оқырман толығымен көре алады. Әдебиеттің өміршеңдігімен тарихының басты тақырыбы тіл екенін Әдебиеттің шығу тарихы сонау Бұқар жыраудың тұсынан ХІІІ-ғасырдан бастап оқытылып сондай-ақ, бастау алғандығын мақтана айтуға болады. Әлбетте өткен замандағы әдеби жәдігерлерімізді зерттеу, зерделеу сол заманда мүмкін бола қоймады. Сол кезеңнің әдеби құндылықтарын зерттеуге көптеген әдеби зерттеушілер зерттеуге барлары мен ғұмырларын арнай білді. Соның ішінде әр зерттеуші әр түрлі кезеңге бөліп қарастырады. Осындай дәйек айта отырып, Ханғали Сүйіншәлиевтің әдебиет тарихын зерттеуде өзіндік стилі мен зерттеу қарқыны болды. Әдебиеттің әр кезеңін тарау-тарауға бөлгенде арнасына айналып толығып, тұтас әдебиет тарихын құрай білетіндігі анық байқалады. Дереккөздерге сүйенетін болсақ, әдебиеттің тереңгі тарихына үңіле түскен. Әдебиеттің тарихының ара-жігін ажыратып алу мақсатымен айналыса отырып, содан кейін кезеңдерге бөлген. Екі мыңыншы жылдары шыққан он томдықта қазақ әдебиетінің тарихын көне грек тарихшысы Геродоттың деректеріне сүйене отырып, біздің жыл санауымызға дейін үш мың жылдай бұрын өмір сүрген сақтардың қаһармандық дастандарынан бастаған. Әдебиеттің тереңіне бойлау арқылы Орта Азияға ортақ әдебиеттен қазақ әдебиетін бөліп ала білгендігінен үлкен көрегендікпен шеберлікті көреміз. «Әдебиеттің даму кезеңдері» еңбегінен тағы бір тарауына шолу жасайтын болсақ, сол әр заманның зертеуші ғалымдарының еңбектеріне жоғары баға бере отырып, кеңінен тоқтала кеткен. Сондай-ақ, қазақтың зерттеуші ғалымы Шоқан Уәлихановтың еңбектерін зерттеу арқылы өзінің зерттеу еңбектеріне шабыт қоса білген. «Тіпті, ХІХ ғасырдың өзі де соншалық қысқа, 5-6 жазушының творчествосы (Махамбет, Ыбырай, Абай, Шоқан т.б.) идеясы жағынан талданып, әдебиеттің тек санаулы өкілдері ғана қысқаша баяндалып жүрді.

Жоғарыда аталған Х.Сүйіншәлиев зерттеулері нәтижесінде соңғы жылдары қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірлері, XVIII ғасыр өз алдына жеке пән болып қалыптасты». Міне, әдебиеттің кезеңдерін зерттеу арқылы әдебиетке тың жаңалықтар қалыптастыра білді.

Қазақтың әдебиетінің жанашыры Ханғали Сүйіншәлиевтың еңбектерін зерттеу арқылы әдебиеттің өзіндік сырына әбден қаныға түсуге болады. «Біздің халқымыз ақындық дарыны өшпейтін өскелең өдебиетке бай, реалистік әдебиеті бар халық», -деп Шоқан Уәлиханов айтпақшы, профессор Х.Сүйіншәлиев қазақ әдебиеті тарихының VIII-IX ғасырлардан басталып, үздіксіз дамып келе жатқанын айқын дәлелдей алған, шынында да үздік ғалым. Ғалым ұрпаққа азық болар қаншама зерттеу жұмыстарын жазса да, еш тоқталып қалмай зерттеу жұмыстарын үздіксіз жазып отырған. Әдебиет кезеңдерін зерттеп қана қоймай, әдебиеттің ескерткіштерін де қолға алып, таңғажайып туындылар тудыра білген профессор деп те мақтана да, марқая айтып келеміз. Сенімен қазақ халқы мақтанып, айтып тауыса алмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Біздің ардагерлер: Сүйіншәлиев Х.Ж. //ҚазМУ хабаршысы. Информ.сер.-Алматы, 1994.-104-105 бет.
2. Сүйіншәлиев Х.Ж. // Оразаев Ф. Қазақ өдебиетін зерттеушілер.- Алматы, 1991.- 102-104 бет.
3. Сүйіншәлиев Х. Қазақ өдебиеті. Оқулық. Алматы, 1991 жыл

АҚШАГҮЛ РАМАЗАНОВА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АРНАУ ӨЛЕНДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Каджанова А.,

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 2-курс магистранты- Ақтау, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С., ф.ғ.к. -Ш.Есенов атындағы Каспийтехнологиялар
және инжиниринг университетінің профессоры,-Ақтау, Қазақстан*

Арнау жыр жазбаған ақын кемде кем шығар. Арнау жырлары дегеннің өзі – шығарманың белгілі бір объектіге бағыттталып шығарылуы. Бұл арнау жырын анықтауда басты белгісі болғанымен, мұнымен қатар арнау жырларының өзіндік құрылысы, өлең өлшемдері объектіні қамту ерекшелігі болады. Арнау жырларының шығу тегі мадақ жырларымен тығыз байланысты болғанын бұл жанрды арнайы зерттеген орыс ғалымдары да баса айтады. Адамзат тарихында қоғамдық құбылыстардың белгілі бір зандылықпен іске асатынын ескерсек, қазақ халқының мадақ жырлары мен ежелгі рим, грек. орыс одаларының түп төркіні де бір екенін көреміз. Мысалы, ежелгі қоғамда мадақ жырлары (ода) адам өміріндегі ерекше оқиғаларды, адам батырлығын, мінез ірілігін. табиғаттың ерекше құбылысын мақтауға арнаған. Ежелгі грек ақыны Пиндардың осы тұрғыдан өлеңдері кейін көп халықтың лирикаларына арқау болуы да сондықтан шығар. Ал бұл құбылыс ежелгі Римде мемлекетті, оның басшысы Августы мақтау түрінде көрініс берген. Бұл құбылыс Орхон-Енесей жазуларындағы Білге қаған, Күлтегін жырларындағы қағандықты, қағанды мақтаумен астарласып жатқандығы тарихи шындық.

Француз халқындағы ХҮІ ғасырларда ерекше көрініс тапқан одалар мен ХҮ ғасырдан бастап өзінің жаңа даму сатысына көтерілген жыраулар шығармаларындағы мақтаулар тікелей байланысты болмағанымен, генетикалық жағынан арнау өлеңдерінің әр елде өзіндік көрініс беруі екені даусыз. Мұндай мадақтау өлеңдері шығыс поэзиясында "қасыда" түрінде көрініс берді. "Қасыда" дегеніміз - бірнеше бәйіт бір ұйқаспен жазылатын өлең түрі, мақтау жыры. Бұл өлең түрі кезінде Фердоуси, Науаи, Мактымқұлы, Низами және т.б. шығармаларында кеңінен қолданылды. Ерте дәуір әдебиеті мен одан кейінгі кез арнау өлеңдерін саралап қарастырсақ, арнау өлеңі өзінің құрамына мадақ жырларын да, аңсау түрінде жазылған өлеңдерді де, сатиралық

тұрғыдағы шығармаларды да, ағартушылық тұрғыдағы ірі шығармаларды да қамтығанын байқаймыз.

Ф.Брокгауза мен И.Ефрон құрастырған «Энциклопедиялық сөздікте» [1] арнау жанры «философиялық толғаныстан бастап, сатиралық суреттеуге дейін» кең ұғымдағы мағынаға ие екенін айтады. Бұл арнау жанры өзінің таңдап алған тақырыбы, арнаған адамына, табиғатқа байланыстылығы жағынан сан алуан екендігін, оның әртүрлі түрлерінің көптігін көрсетеді. Бірақ бұл жерде «жанрдың ой түйюі» деген мәселе ұмытылмауға тиіс. Егер олай жасамасақ кез келген арнау сөзін арнау жанрының объектісі ретінде қарауға тура келеді. «Жанрлық толғаныс» арнау жанрының тарихи-әдеби процесс кезінің әртүрлі сатысындағы жанр түріндегі көкейкестілігін көрсетеді.

Арнау жанры бұрын-соңды әдебиеттану ғылымында негізінен дәстүрлі лирика жанрының бір түрі ретінде қарастырылып келеді. Бірақ солай бола тұрса да ешкім арнау жанрының «философиялық-теориялық, дидактика-публицистикалық, махабаттық-достық-сатиралық» табиғатын жоққа шығармайды. Ал арнау жанрының табиғатының тақырыбының өзгеруіне негізгі себеп әлеуметтік жағдай екенін барлық зерттеушілер мойындайды. Бұл мойындау ерте кезден бүгінгі күнге дейін арнау жанры жеке объект ретінде сөз болғанын көрсетеді.

Арнау жанрының табиғатын анықтауда А.Квятковский «монологтық поэзияның ежелгі жанры» [2, 96] деген пікір айтады. Бірақ бұл тұжырымды автор «Хат формасы» түрінде түсіндірмек болуы жанр жоғалады деген ұғымға алып келген. Арнау жырының монологтық түрде өріс алуы түркі халықтары, соның ішінде қазақ жыраулық поэзиясында ерекше дамығанын орыс зерттеушілері көрмейді немесе көргісі келмейді.

Қазақ фольклористикасы мен әдебиеттану ғылымына тән арнау жанрын оның мазмұнына қарай жүйелеу Г.Н.Поспеловтің пікірімен үндестік табуы қай халықтың болсын рухани дүниесін жүйелеу ұлттық ерекшелікпен қатар, көркем шығарманың табиғатының ортақтығына қарап та бағаланатынын көрсетеді. Ғалымның айтуынша «шығарманың жанрлық ұқсастығын оның мазмұнының аясынан іздеу керек» - дейді. Сондықтан да оның пайымдауынша, «белгілі бір тұлғаға шығарманың бағытталуы тек сыртқы белгі ғана» дейді. Г.Н.Поспелов: «Послание – это мотивировка лирической медитации, начинающейся с обращения к тому или иному лицу. Это обычно лишь внешний вид для высказывания, сам по себе еще ничего не говорящий о том, с чем и для чего поэт к кому-то обращается. Такой прием мотивировки может быть применен в разных жанрах - в оде, элегии, романсе, лирической сатире, эпиграмме и т.д.» [3, 15].

Ақынның мақсаты елдік ұстанымды ту ету, ұлы дала төсінде дәстүрі бұзылмаған, іргесі берік ел болып қала беру екені белгілі. Ақшагүл ақынның өлеңдерінің бір арнасы – арнау өлеңдер. Олардың әрқайсысы белгілі бір адамға, көрнекті тұлғаларға, өнер адамдарына, ақындарға арналған. Әр өлеңнен философиялық ой көреміз. Атап айтқанда, ол үшін Әбіш, Фариза, Оңайгүл, Светқали сынды тұлғалар көркем ойдың келісті үлгісі екені көрінеді. Өлеңмен арнау, халықпен сырласу – Ақшагүл Рамазанова шығармашылығының сүйікті жанрына айналған. Ақын жүрегінен жалын боп атқан жыр оты жыр сүйер қауымға мұқалмас қайрат қосты.

Ақшагүл ақынның «Ініме тілек» өлеңінде бауырына деген бауырмалдығы, сыйластығы, сүіспеншілігі айқын көрінеді:

Қазақтың түгел жігіті,
Бірі де ағам, бірі інім,
Бабамның білте үміті,
Жақсыдан қалған құлыным!...
Мінезден таппай олқылық,
Жігітте болу демек сын,
Айтардай ауыз толтырып,
Болғанға Інің не жетсін,
Болмағай жаным асылық,

Бал-балдың тінтіп бар құзын,
Қаратау қалған жасырып,
Жалаудан қалған Жалғызым!.. [4, 96],

– дей келіп, інісінің атадан жалғыз екені айтып, жанына жалау тұтады. Өлең ары қарай былай жалғасын табады:

Таппадым қалқам мініңді,
Мінезде мүлдем қағыс қап,
Бағасы бөлек Інімді,
Талғатжан кеткен табыстап...
Масайрап бүгін Қаратау,
Маңында қалқам күліп тұр,
Тауларым басты шұлғындар,
Қасиет бойда тұнып бір,
Жалаудан қалған үлгің бар...
Жайсаңдық жаным жолдас-ау,
Жүресің қалқам тек күліп,
Тегінде сірә болмас-ау,
Тегінде қалған Тектілік!
Шайырың бүгін гүлденген,
Шахардан артық қарашы,
Іргеміз бөлек жүргенмен,
Бір Шалдың біздер баласы!.. [4, 96]

Бұл арнау өлеңде ақын інісінің жайсаңдығын, мінсіз мінезін, әкесінің тектілігі інісіне берілгенін шабыттана жырлайды.

Ал ақынның «Қашаған ата» өлеңі өзінің айтуы бойынша 1980 жылы Алматыда қазақ поэзиясының падишасы Фариза апайдың үйінде қонақта отырғанда туған екен.

Күн үшін құйрық-бауыр асамадың,
Ешкімге жағымпаздық жасамадың.
Жырдағы желіп келген жүйрігім ең,
Ақпа бұлақ арқалы Қашағаның! [5] -

деп басталатын өлеңде жыр жүйрігінің бірбеткей мінезін, ақпа-төк жырларының қуатын жырға қосады.

Арнау жырларының жанрлық табиғаты айшықты, көркемдік деңгейі биік болады. Бұл тұста туған жырлар нағыз дәуірге, қоғамдық өмірге байланысты болып, нақтылы объектілерге бағытталады, шешендік пен шеберлік те тығыз ұштасқан болады. Ғалым Б.Кәрібозұлы арнау өлеңдерді «Характердің көрінуіне тікелей қатысты жанрдың бірі – арнау өлеңдер. Себебі өлеңнің көпшілік жағдайда екінші жақтан өзінің арналған нысанынан басталуы, содан кейін затқа не құбылысқа сипаттама жасалуы, олардың өзіндік ерекшелігі болып табылады» [6, 211], - деп сипаттайды. Осы орайда ақын А.Рамазанованың арнау өлеңдер жазудың шебері екенін атап өттік. Арнау өлеңдерінде характер жасау шеберлігі тек өзіне ғана тән ерекшелігімен көрінеді.

Қазаққа батты-ау қазаңыз!
Ардақты аға! Өз Абыз,
Қош кетті-ау күндер сазы аңыз,
Алаштың ұлы ең, Айбарлы!
Халқыңа батты-ау ҚАЗАҢЫЗ!...
Жігерді қайрап жаныр күн,
Тап өзіндей едің-ау Тәңірдің!
Қазақтың айтып болмысын,
Құндылықтарымды таныр кім?! [7]

Әбіш ағаның қазасы жанына батқан Ақшагүл ақын жоқтау жырын осылай айшықтайды.

Халқыма біткен Өз әнім
Таусылар ма екен? Аза мұң!
Қабырға сөгіп қайғырды-ау!
Қарға тамырлы ҚАЗАҒЫҢ!
Биік ұстап өзіңнен Ар-Күнәні
Тірлікте адамдығың Қалғымады
Жалғаншыны барасың жарқ еткізіп,
Ақ сөйлер, Алашымның Арғымағы!
Тау құздың жылағандай мұз бөктері
Қайғырып, бар Қазағың сіз кеткелі... [7]

Ақын бұл қайғы бүкіл қазақтың қайғысы екенін жеткізеді.

«Дегенмен осы дәуірдегі арнау өлеңдері өзінен бұрынғы дәуірлердегі тектес поэзияның сипатын дәстүрлі тұрғыдан танытумен бірге, өзіндік ерекшеліктерімен де көзге түседі. Ең алдымен, арнау жырларының жерлік, дәуірлік сипаты өте айшықты болып, әр туындының тарихи артқы көрінісін тануға зор мүмкіндік берді» [8], - деп баға береді қазіргі ғалымдар.

Қорыта келгенде, ақынның арнау өлеңдерінен өзінің отбасына, замандас достарына, алдыңғы буын ағаларына, халқына деген шынайы махаббатын көреміз. Тау биіктігімен, теңіз тереңдігімен көрікті десек, Ақшагүл ақын жанға жақын жырларымен сүйікті, өлеңдерімен көрікті.

Ақын Ақшагүл Рамазанова – қазақ поэзиясында арнау өлең жазудың да шебері. Арнау жазудағы ақынның өзіне тән қолтаңбасы, айтар тартымды ойы, оны жеткізер өзіне тән стилі мен сөзі, өзіне тән сөйлеу ерекшелігі бар. Арнау жазбаған ақын кемде кем. Бірақ А.Рамазанова арнаулары өмірдің нақ өзі болып көрінеді. А.Рамазанованың арнау өлеңдерін оқи отырып, ақынның өмірді, адамдарды танудағы сезімталдығын, ойлай білу, жаза білудің ерекше қабілетін байқаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Энциклопедический словарь. – Т. I-а: Алтай – Арагвай / Издатели: Ф. А. Брокгауз, И. А. Ефрон; Под ред. И. Е. Андреевского. – СПб.: Семеновская Типолитография (И. А. Ефрона), 1890. – 485 с.

2. Квятковский А.П. Словарь поэтических терминов Изд. стереотип. URSS. 2020. 240 с.

3. Поспелов Г.Н. Лирика: Среди литературных родов / Г. Н. Поспелов. - Москва : Изд-во Моск. ун-та, 1976. - 208 с.

4. Рамазанова А. Қыз көктемнің жүрегі. Өлеңдер топтамасы. Алматы: Үш Қиян, 2018. – 272 б.

5. Рамазанова А. Қашаған туралы өлең. <https://www.facebook.com/profile.php?id=100004369458752>

6. Кәрібозұлы Б. Сырлы сөз сипаты: (Ғылыми монография) / Б.Кәрібозұлы; Жауапты ред. З.Қабдолов.- Алматы: Қазақ университеті, 2003.- 281 б.

7. Рамазанова А. Өбіш ағаны жоқтау. <https://www.facebook.com/profile.php?id=100004369458752>

8. Ысқақұлы С., Орнықбайұлы Ә., Жарылғапов Ж. Арнау өлеңдердің сатиралық сипаты. ҚарМУ Хабаршысы, № 4, 2018 <https://articlekz.com/article/29977>

ӘСЕТ ӘНІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Далубай А.,

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ I-курс магистранты- Ақтау, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Каримсақова Б.А., -Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және
инжиниринг университеті, «Қазақ филологиясы» кафедрасының қауымдастырылған
профессоры м.а., ф.ғ.к.-Ақтау, Қазақстан*

Әсет Найманбайұлының ақындық өсу жолы мен XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиеттің ішкі мазмұн, сыртқы түр және көркем сөз айшықтары мен идеялық ой-танымдары үлгісінде қалыптасып, XX ғасыр басындағы әдебиеттің жаңа дәуірін шығармашылықпен өркендеткен Әсет ақынның поэтикасындағы шығыстың қисса жанры, ән-өлеңдері мен айтыс саласындағы мол мұраларының әлі де болса, толыққанды, әрі толымды түрде жиналып, жан-жақты ғылыми зерделеніп, сол кезеңдегі әдебиет тарихынан өзіндік бағасын алып, әдеби процестегі өз орнын тауып, түрлі әдеби-ғылыми жинақтарға енбеген ақынның артында қалған туындылары баршылық. Солай бола тұрса да, осы кезеңге дейін Әсет мұрасы әдебиет тарихын зерттеушілер тарапынан алдымен - таптық идеология тұрғысынан, кейін - импровизациялық дәстүр тұрғысынан біржақты қарастырылып, ақынның шығармашылығы толық зерделеніп, қарастырылмай келді.

Қазақ әдебиеті тарихындағы Әсет Найманбайұлының туындылары, шығармашылық өмір жолы мен әдеби мұралары жайлы бүгінгі күнге дейін басылған 200-ден аса үлкенді-кішілі материалдардың қоры бар. Әсет Найманбайұлының әдебиет тарихындағы шығармашылық ғұмыр жолы қазақ әдебиеттану ғылымында Б.Ысқақовтың «Әсет әрі өнерлі, әнші, әрі халық ақыны» [1,4] атты мақаласында алғаш рет жеке зерттеу объектісіне айналып, онда Әсет шығармашылығы ғылыми зерттеу нысанына алынды. Бұдан соң С.Мұқанов 1942 жылы жарыққа шығарған «Қазақтың XVIII – XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты зерттеу еңбегінде Әсет ақын шығармашылығын жан-жақты саралап жазды [2, Б 202-206]. Абай тағлымының Әсет Найманбайұлы шығармашылығына әсері, Әсеттің Абай мектебі шәкірттерінің қатарында екендігі жайлы М.Әуезовтен басталған ғылыми концепция кешегі кеңес дәуірінің түрлі саяси-идеологиялық кезеңдерінде әр қилы ой-тұжырымдар тудырғаны аян. Бұл салада зор ғылыми еңбектер атқарған абайтанушы ғалым Қ.Мұхамедхановтың 1995 жылы жарық көрген 4 томдық «Абайдың ақын шәкірттері» ғылыми зерттеу еңбегінің 3 томында Әсет ақынның қазақ әдебиеті тарихында алатын орны түбірлі дәйектеліп, тұжырымдалды. Ұлт әдебиеті тарихындағы саяси-әлеуметтік, азаматтық, көңіл-күй, табиғат, ғашықтық-интимдік, философиялық, т.б. да лирикалық өлең өрнектері тыңнан туып, әдеби өмірге келді. Осындай өзінің тақырып ауқымы кеңіп, саяси-қоғамдық мәні тереңдеген ақындық поэзиямыз турасында А.Байтұрсынұлы: «Өлеңнің өзі де қазақта екі түрлі болған бірі әнді болған, екіншісі мәнді болған, әнді өлеңнің сөзінен де әніне көбірек құлақ салған. Сондықтан әнді өлеңді айтушы, әннің ажарлы болу жағына тырысып, сөздің ажарлы болу жағына онша ыждахат қылмаған. Ал мәнді өлеңде жұрттың құлақ салатыны ән емес, сөз болған соң, айтушы сөздің ажарлы және мағыналы болу жағына көп тырысқан [3, 225 б],- деп жазғаны ұлттық әдебиетте әнді өлеңнің сөз мәні турасындағы ең алғашқы терең пікір болуымен құнды.

Әсет Найманбайұлының әнді өлеңдерінің идеялық-мазмұндық сипаттарының оның мәнді өлеңдерінен кем емес екендігі белгілі. Міне, осындай Абай мен оның ақын шәкірттері үлгісіндегі ақынның отаршылдық әділетсіздікке қарсы интеллектуальды күресте әнмен біте қайнасқан азаматтық лирикасындағы саяси-әлеуметтік идеялары арқылы өз кезінде ел ішіне кең таралған Әсет Найманбайұлының артында қалған әдеби мұрасы біршама.

1889 жылдары ақын Абайдың жанында болып, тәлім-тәрбие алады. 1889 жылы Абайдың алдын көріп, тағылымын алған, жұрт жиылған алқалы жиындарда «Абай тек өлеңші емес, өрнекші де ғой» деп есімін қадірлеп, ақтық өлеңі «Соңғы сөзінде»:

Абайдай арт жағына сөз қалдырып,
Жақсы еді-ау, әттеген-ай, өлу деген![4,55 б]-

деп Абайды пір тұтқан ақынның шығармашылық өмір жолында хакім Абайдың ақын шәкірттері қатарында орыс, шығыс әдебиетін Абай жолымен халықтық тұрғыда меңгереді. Ән мен өлеңді халықтың рухани қазынасы деп біліп, осы ел жүрегіне сіңіру үшін халық сүйетін әуендерді әулетте шырқаған Әсетті халқы да қастерлеп, ақын өлеңдері мен әндерінен рухани нәр алды. Сөйтіп, есімі елге жайылған Әсет ақынның әкесі қайтыс болған кезде шешесі Кермеқастың өтінішімен әнші-ақын Еміл-Барлық, Тасты, Жарбұлақ, Ұзынбұлақ, Алакөл атырабын жаз жайлап, қыс қыстаған атақты Қанағат болыс Сүлейменұлының басқаруындағы Қарағаш болысының жеріне көшіп келіп, осы өлкеде тұрақтап тұрып қалады. Осы уақыттан бастап Әсет ақынның 1916 жылы Қытайға өткенге дейінгі кезеңі А.Жұбанов айтқандай: "Ақындығы әншілігінен кем болмай" қос өнерде қияға самғаумен өтті. Кезінде Арғын-Найман бас қосқан Көктұма сиязында Абайдың ұсынысымен 37 болыстық үстінен билік айтатын Төбе-би сайланған, өз ортасынан ақылымен, ойымен, ел мүддесі жолындағы игілікті істермен асып, ел құрметіне бөлінген Сүлеймен бидің ұлы Қанағат болыс та әкеге тартып туған парасат иесі болған. Ол халықтан шыққан өнерпаз жандарға барынша қамқорлық жасаған. Осы Қанағат болыстың ауылында Әсет ақын Қаракерей ішінде Жаңбыршы руының Дәулетбай атасынан шыққан Жылқышы деген саятшы, аңшы адамның Тәтіжан деген қызына үйленеді. Ақынның Тәтіжанға үйленген кезі де Қарқаралы маңынан Мақаншы өңіріне біржола көшіп келген кезеңіне тұспа-тұс келеді. Әншінің "Мақпал" әні өзінің осы сүйген жарына арналған деген дерек бар. Әсеттің әйелі Тәтіжан мен Қанағат болыстың інісі Жағыпардың Зағипа есімді әйелі-апалы-сіңілі кісілер. Оған қоса Әсет Қанағатпен түйдей құрдас адамдар. Ал болыстың Байділда деген ел сүйген сері ұлы Әсетті өзіне ұстаз тұтып, ақынның соңына ерген сенімді ізбасар серігі болған. Әсет ақынның Қанағаттың әкесі Сүлеймен би 1904 жылы қайтыс болғанда оның қыздарының атынан шығарып берген жоқтауы да бар.

1898 жылы тамызда үш жүздің халқына сауын айтып, ат үстінде табақ тартылған елге әйгілі Жақанбайдың асында Әсеттің күллі Орта жүз атынан сөз сайысына түсуінің өзі-ақ халықтың ақынға деген зор сенімінің өлшемі болды.

Жігітке қисық қылық мінменнен тең,
Бойыңа жараспаса сынменен тең.
Қолы сараң надан бар, көңлі қарау,
Жүрегі оның қараңғы тұлменен тең.
Күлдіргі, қалжыңға ұста тәуір жігіт,
Көңілдің бақшасында гүлменен тең.
Сасқан жерде ойланып тапқан ақыл,
Заты жалған болғанмен шынменен тең
Ақылына жарасқан жақсы жолдас,
Кіндігіңнен тараған ұлменен тең-

деп сынды этнопедагогикалық тағлымы терең ақын сөздері айқын аңғартып тұр. Кезінде қазақ ән өнерінің майталмандары Кенен Әзірбаев, А.Жұбанов, Ілия Жақанов т. б. Әсеттің әншілік, сазгерлік өнердегі асыл бағасын берсе, Әсет әндері жеке жинақ ретінде жарыққа шықты [5,33].

Абайдың ұстаздық тағылымынан нәр алған, қазақ елін өзінің ақындық, әншілік өнерімен таң қалдырған Әсет ақын 1916 жылғы дүрбелең заманда Қытай жеріне өтеді.

Ақындық кемеліне келген Әсеттің көлемді эпикалық туындылары, бірнеше ән-өлеңдері мен айтыстары Қытай жерінде дүниеге келді. 1916 жылы Тарбағатай, Алтай, Іле өңірлеріне барған Әсет сондағы ел ортасында өнер көшін өрістеткен. Алтай жерін аралай жүріп түйген ойының нәтижесінде атақты «Салиха-Сәмен» дастаны туды. Бұл дастанға негізінен Алтайды мекендеген халық тарихы мен Алтай табиғаты арқау болған.

Бүгінде Әсет ақынның әдеби жұртшылыққа таныс бейнесі қазақ елінің алғашқы тәуелсіз мемлекеті Алашорда өкіметінің әскерін жасақтау мақсатымен 1918 жылы Қытайға

барған А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Р.Мәрсеков сынды Алаш арыстарының Шәуешек қаласында Қанағат болыс бастатқан ұлтжанды, зиялы қауыммен өткізген жиыннан соң фотограф Мұқаметжан Әбдумсәрімұлы Юсупов түсірген сурет арқылы бізге жетті [6,166]. Міне, осының өзі-ақ Әсет ақынның шығармашылық ғұмырында ұлт тағдырына қатысты қоғамдық-әлеуметтік істерден де шет қалмағандығын дәлелдейді.

Алғашқы әдебиет алыбы-алаштың өмірден ерте озған поэзия дүлдүлі – Сұлтанмахмұттың жазған - сызғандарының бірін қалдырмай кітап етіп шығару үшін алашына әдеби сауын айтса [7,18 б], келесісі - өнері әл әзір Жетісу мен Шығыс /Шыңжан мен Семей/ қазақтарына ғана өте мәшһүр Әсет талантына тәнті болып, өнер тақырыбына арналған Абайдан кейінгі поэтикалық қуатты өте жойқын әншіні, өнер адамын бағалаудың хас үлгісі іспетті «Әнші» өлеңін 1928 жылы жазды. Сонымен, қазақ поэзиясындағы ақынға бас ию дарынына әдеби тағзым етудің поэзиялық салты Әсет есімін поэзия құлагерінің 1928 жылдағы басылып шыққан жинағына енген әйгілі «Әнші» өлеңімен алты алашқа әдеби танытуынан бастау алады [8,22]. Ілиястың 1920 жылдары Жетісу өңіріне фольклор жинауға аттанған экспедицияның басы-қасында болып, жиналған материалдармен бірге Әсеттің өлеңдерін де бастырмақшы болуы белгісіз себептермен аяқсыз қалып, ақынның Әсет мұрасын жариялау турасындағы ізгі арманы тек, 1968 жылы ғана жүзеге аса алды. Құрастырушылар Балтабай Адамбаев пен Сейділда Ордабаевтар негізінен Ілияс жинаған материалды басшылыққа алды. Біз бұл арада Әсеттің ақындық атағынан гөрі әншілігі қазақ жұртына бірінші болып танылғанын тілге тиек еттік. Қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқановтың пікірі де осыған келіп тоғысады: ”Адалын айту керек,бұл ақын адам...халықтық музыкадағы атағы зор...” [9,63 б]. Сол себепті де, сөз қадірін, өнердің парқын білетін Ілияс өзінің біз сөз еткен әдеби туындысында Жетісу жұртшылығының Ә.Найманбайұлын бірінші кезекте әнші деп тануын өз шығармасының тіліне басты негіз етіп алған. Халық аузынан түспей жүрген Әсеттің әсерлі әндерінен тұрпаты бөлек, ақынның поэтикалық қуаты мол сырлы өлеңдерінің дүйім жұртқа танылып, оқулыққа кіруіне, Сәкен Сейфуллиннің 1931 жылы ЖОО қазақ әдебиетін оқыту үшін құрастырған «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» оқулығына енген салт-дәстүрлік қоштасу өлеңінің классика үлгісі ретіне бір ауыздан баланатын бәрімізге белгілі Әсеттің Кемпірбаймен арыздасуы дәлел болады [10, Б132-133]. Ақынның кейбір өлеңін тап сол 20-шы жылдары ел аузынан алғаш жинап жазып алушы қазақ фольклоры мен әдебиетінің жанашыры Әубәкір Диваев болғандығы бәрімізге белгілі ақиқат.

Ұлттық ғылым акедемиясының қолжазбалар қорындағы Әсет Найманбайұлына қатысты ел аузынан жиналған әдеби материалдың ең ертеректегісі кеңес үкіметінің Жетісу өңіріне Ә.Диваевтың қатысуымен ұйымдастырған 1920 жылдарғы фольклорлық экспедициясы әкеп тапсырған ҰҒА орталық ғылыми кітапханасындағы 783 бумадағы төрт дәптерде Әубәкірдің қолымен жазылған “Әсеттің өлерде айтқаны”, “Өкіну” және “Тағы бір толғауы”, “Әсеттің бір жиналыста айтқаны” сияқты бірер өлеңі сақталған [11, Б 82-83].

1988 жылғы Әсет Найманбайұлының шығармалар жинағына жазған алғысөзінде Б.Нұржекеев Әсет ақын шығармашылығындағы терең мәнді бұл бетбұрысты кезең тарихын: «С.Бегалиннің айтуынша Жақсылық Төленов деген кісі кезінде Әсеттің сырласы болған,біраз уақыт қасында бірге жүрген.1945 жылы сол кісі С. Бегалин мен М.Әуезовке Абай мен Әсеттің қалай жолыққанын әңгімелеп берген. Ал ол Ж.Төленов мұны Әсеттің өз аузынан естіпті.Сол естелікке сенсек, Абай Әсеттің әнін ғана тыңдаған,алып барған адам оны әнші деп қана таныстырған,сондықтан Абайдың: «Біздің әншілердің үнінің зор, тынысының кең екенін мақтан көріп, әнді барынша өңеші қызарғанша айқайлап әсерлендірмекші болады. Ол ән емес, айқайға айналып кетеді», -деуі, ал Әсеттің: «Маған Абайдың осы сөзі өмірлік сабақ болды» - деуі де шындыққа жанасатын секілді» [12,9 б] - деп жазған еді. Сонымен Абай тағлымынан нәр алған Әсет ақынның өмірдегі інілік ізеттіліктің, өнердегі адамдық биік парасаттылықтың, бауырмалдықтың абзал азаматтықтың үлгісі болған, әдебиет тарихында тағылымдық мәні солмайтын 1895 жылғы

арқаның аты әйгілі Кемпірбай ақынмен қоштасуы осы Абай алдын көргеннен соңғы жылдардағы Әсет ақынның әдеби үлгі өрнегі.

Белгілі әдебиет зерттеушісі Қайым Мұхамедқановтың: “Әсет – нағыз сегіз қырлы өнерпаз. Ол ақындық өнердің өрен жүйрігі, суырып салма ақпа ақын. Табиғи тума, қабілеті күшті, дарынды ақын. Қолына домбыра алғанда, қолма-қол нәсерлете жыр төксе, домбырасымен қоса, қағаз бетінде қаламы да қатар жүйіткітін сауатты саңылақ ақын.

Әсет өзінің әрбір өлеңіне арнап ән шығарып, өлең-жырын шаршы топта домбыраға қосып шырқап айтатын, әйгілі әнші ақын” [13, 28] - дегенінде көп мән бар. Өйткені, өлең тармақтарындағы ұйқас сандарының үйлеспеуін, қайырмасына салып нәшіне келтіріп шырқау үшін шумақтардағы буын саны үйлесіп тұруы көп қиындық келтіреді. Әнді айтатын әншісінің дауыс тынысына өте көп күш, ауыр салмақ түсіреді, әрі қалауыңа салып, созып айтуға онша көне бермейді. Осыны өз шығармашылығында ақынның үнемі ескеріп отырудың нәтижесінде оның стильдік өлең құрастыру өлшемі (версификациясы) туған.

Атым - Әсет, ұраным-арғын шордан,
Құт дария қырандай шықтым молдан.
Қазіреттің қасында шәкірт едім,
Адастырды осы өлең орта жолдан.
Жезге айырбас алтынды қылмағанда,
Көңілім тумас па еді сол күнде оңнан?
Ғалымдықтан айрылып мақұрым қалып,
Арман еттім артынан ақыр соңнан [4,60 б].

Ақынның “Атым - Әсет, ұраным - арғын шордан” өлеңін поэзия тілімен жазған ғұмырнамалық монологы деуге тұрарлық.

Әдебиет өнер жарысы оған әр ақын өз қалам қарымы тұрғысынан келеді. Әсеттің шығармашылық бағын ашқан ғұлама Абайдың өлеңмен жазған, шымбайына батыра, намысын жани айтқан әдеби сыны болды. Осы сын Әсеттей саңлақ ақынға өлмес ән, өшпес туындыларын тудыруға септігін тигізді. Әсет - әлі талай құпияларын, шығармаларының түгесілмес, таусылмас идеясын сөздерінің терең де, түпсіз қатпарын өз зерттеушілеріне араға уақыт салып, бірте-бірте қазақ әдебиетінің әр дәуірге аяқ басқан сайын тылсымы мен сырын ашып, соны жаңалыққа айналып отыратын поэзия тарланы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ысқақов Б. Әсет әнші, әрі халық ақыны / Социал Қазақстан, 1936, 26 маусым, 4б.
2. Мұқанов С. Қазақтың XVIII –XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер.-Алматы, Қазмемкөркемәдеббас, 1942, -272 б.
3. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы 1 том. -Алматы, Алаш, 2006,-408б.
4. Найманбаев Ә. Шығармалары: Өлеңдер, айтыс-қақтығыстар мен дастандар. - Алматы: Жазушы, 1988.-304 бет.
5. Найманбаев Ә. Инжу-маржан. Әндер жинағы /Құраст.Қ.Жүзбасов. -Алматы: Өнер, 1992, -144б
6. Бафина Никар. Асыл ағаларды суретке түсірген кім?/ Қазақ әдебиеті №20,1990,18 мамыр, 16 б.
7. Аймауытов Ж. / кітапта: Сұлтанмахмұт Торайғыров Шығармалар жинағы, 1 том,-Алматы, Ғылым, 1993, -280б
8. Жансүгіров І. Сағанақ өлеңдер жинағы. -Қызылорда, Қазақстан баспасы, 1928 . Жансүгіров І. 5 томдық шығармалар жинағы. 1 том, Алматы, Жазушы, -328 б.
9. Мұқанов С.Абайдың шәкірттері туралы/Абай, 1992, №4, 63б.
10. С.Сейфуллин. Шығармалар Т.6. Қазмемәдеббас,Алматы,1964,-456б.
Әсет пен Кемпірбай ақынның қоштасуы //Таң, 1925, №1, Б110-112.

11. ҚРҰҒА ОҒКҚ №783бума, №4 дәптер, Б 82-83.
12. Найманбаев Ә. Шығармалары: Өлеңдер, айтыс-қақтығыстар мен дастандар. -Алматы: Жазушы, 1988.-304 бет.
13. Мұхаметқанов М. Ақын Әсет. //Қазақ тілі мен әдебиеті,1958, №9, Б 38-41.

Б.МҰҚАЙ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ӨЗІНДІК МАҢЫЗЫ

Ж. Толетова,

Қазақ тілі мен әдебиеті магистрі, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті, -Ақтау, Қазақстан

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыздың бойымызда мәңгі қалуы үшін келер ұрпаққа жақсы тәрбие беруіміз керек. Рухани жаңғырудың негізі - ана тіліміз, ұлттық тарихымыз бен салт-дәстүр, жоралғыларымызға құрметпен, халықтық қасиеттерімізді сақтап, келер ұрпаққа лайықты табыстаудан басталмақшы. Баққожа Мұқайдың драматургиясының идеялық-көркемдік ерекшелігін тануда бүкіл драматургиялық шығармаларын әдебиеттану тұрғысынан талдап, заман үндестігін,көрерменге берер рухани әсерін,тарихи және заманауи тақырыптарды игерудегі жетістіктерін сараптау қазіргі ұлттық әдебиеттану ғылымында өзекті болып табылады.

Қазіргі қазақ драматургиясы - халқымыздың ХХ ғасырдағы әдебиетінің дамуының заңды жалғасы.Драматургия-көркем әдеби тектік жанрларының өнернамалық жүйесі.Қазақтың сөз өнеріндегі дәстүрлі негізгі әдебиет шығармалары мен фольклорлық мұралары негізінде қаланған ұлттық сөз өнерінің бұл саласы қазақтың рухани мәдениетінің әлем өркениетіндегі көрнекті орнын да танытып келеді.

Қазақ топырағында драматургияны дамытқандар қатарында Жүсіпбек Аймауытов,Сәкен Сейфуллин,Мұхтар Әуезов,Бейімбет Майлин,Ілияс Жансүгіров,Сәбит Мұқанов,Ғабит Мүсірепов,Жұмат Шанин пьесалары ұлттық классикалық дәстүр жолын қалыптастырды және басқа да кейінгі толқын драматург қаламгерлер шығармашылығы арқылы жалғасты. Әдебиеттану,теартану,өнертану тұрғысында жазылған қазақ зерттеушілерінің еңбектері осы саладағызерттеулер жүйесін құрайды.

ХХ ғасырдағы әдеби үдерістегі ұлттық әдебиет алыптарының драматургияны құрайтын шығармашылығы көрнек өнері туындыларына тән ортақ көркемдік-эстетикалық дүниетаным болмысын дәлелдеді.Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» кітабында «Айтыс-тартыс»тақырыбымен берілген драматургияға байланысты айтылған бағалау да сахналық қойылымның көру,қабылдау аясындағы танымдық-эстетикалық табиғатын түсінуге бағдарлайды: «Уақиға көз алдымызда болып,адамдардың тіршілік жүзінде айтысып-тартысып өмір шеккенін көреміз.Тіршілік майданында адамдардың ақылы жеткенше амалдап,қайратына қарай қару қылып, алысқаны, арбағаны, қуанғаны, жылағаны,ойнағаны,күлгені, жауласқаны,дауласқаны бітискені, жарасқаны, өмір жүзіндегідей көрініп,көз алдымыздан өтеді».

Еліміздің әр аймағында жазылған қолжазба пьесалар ХХ ғасырдың басында, 1910-1915 жылдар аралығында өмірге келді.Қоғам дамуымен бірге ілгері басып, ұлттық өнерімізбен қанаттаса отырып,белгілі бір дәрежеге көтерілді,Бұл пьесалар қолжазба түрінде таратылып,алғашқыда сауыққой өнерпаз жастардың күшімен ойын-сауық үйірме кештерінде бірнеше рет көрсетілгені бүгіндері анық болып отыр.Қолжазба түрінде ол пьесалар заман тынысын,дәуір жағдайын, көкейкесті мәселелерін, кезеңнің толғақты сырларын дер кезінде өткір қозғады.Алғашқы пьесалар авторлары қатарына-Ишанғали Мендіханов,қызылжарлық Бекмұхамед Серкебаев,Семейлік Көлбай Төгісов, Алматылық А.Лихановтарды т.б. жатқызамыз.Қазақ халқы үшін ХХ ғасыр-ұлттымыздың оқуға,білімге бет бұру заманы болды. Мұсылманша оқу орындары-мектептер мен медреселер діни сабақтармен қатар есеп,жағрапия,тарих,ана тілі шетел тілдері де қоса оқытылды.

Казан,Орынбор ,Петербург, Уфа қалаларындағы баспаханалардан қазақ тілінде біршама кітаптар шықты.

Соңғы жылдары қазақтың драмалық фольклорын арнайы зерттеуші Қ.Бижанов шағын айтыстарды драмалық жанрға жақындататын өзіндік бірнеше белгілерін атап көрсетеді.Ал,арнайы ғылыми айналымға,нысанаға алынып зерттеу ісі ХХ ғасырдың 50-жылдарынан басталады.Осы уақыттан бастап диссертациялар қорғалып,монографиялық еңбектер жарыққа шыға бастады.ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы қазақтың белгілі ғалымы, жазушы-драматург, тарихшы, сыншы, алаш қайраткері Қ.Кемеңгерұлының қаламынан «Алтын сақина», «Парашылар», «Ескі оқу» пьесалары туды.Негізінен, Қ.Кемеңгерұлының қайраткерлігі, шығармашылығы,еңбектерінің жиналуы, жариялануы турасында қазақтың белгілі ғалымдары Р.Рүстембекованың, Д.Қамзабекұлының еңбектерінің орны жоғары.Қаламгердің драматургиялық шеберлігі жайында Б.Сұлтанованың кандидаттық диссертациясында арнайы сөз болады.

Тәуелсіздіктен алған ширек ғасырдан астам уақыт ішінде қазақ әдебиетінде драма жанры да – тәуелсіздік жырларында театр сүйер қауымды жаңа шығармаларымен қуантып,отандық драматургияның дамуына өзіндік үлес қосқан ,уақыт пен замана сырын шертіп,жанды бейнелерге көрермендер мен оқырмандардың назарын аудартқан дүниелер екендігін айту лазым.

Баққожа Мұқай-қазақ әдебиетінде өзіндік із қалдырған,тамаша туындыларымен оқырмандардың жүрегіне жол тауып өткен көрнекті жазушы, драматург, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері. Шығармашылығының өнімді бір саласы-драматургиялары.Оның оннан астам драмалық шығармалары Қазақстандағы және шет елдердегі театрларда қойылған.Драматург қаламынан «Қош бол,менің ертегім», «Иірім», «Тоят түні», «Ерулік», «Раушан гүлі», драмалары, «Сергелдең болған серілер» комедиясы, «Заманақыр», «Өмірзая» трагедиялары, «Дүние кезек», «Тойы көп үй» трагокомедиялары дүниеге келді.

Драматург шығармаларының өзегі, негізгі тақырыптары бүгінгі күн шындығы, замандастарымыздың бойындағы түрлі адами қасиеттер мен көріксіз қылықтар,жақсылық пен жамандықтың мәңгі бітіспес күресі болып келеді.Автор нені жазса да, қандай мәселеге қалам тартса да, өмірдің өз шындығын көрермен назарына ұсынып,ойлы оқырманның талқысына салады.Оның кейіпкерлері де көрерменнің көз таныстары, арамызда жүрген қарапайым тіршілік иелері болғанымен, әрқайсысының өз тіршілігі, өмірлік ұстаған қағидасы мен ой-тамымы көрініп отырады. Жазушының пьесаларында қазіргі заманғы отбасылық-тұрмыстық өзекті мәселелер драмалық, трагедиялық, комедиялық сипаттар тұтастығымен бейнелеген.

Суреткердің «Қош бол, менің ертегім» атты драмасы жасөспірімдердің толысу кезеңіне арналып, өмірге деген көзқарасының қалыптасуына өздері өскен ортаның ықпал етіп, келешекке бағыт беретін көзқарас пен танымның орын алуының уәжділігін алға тартады.Орманшы ата-әжесінің аулына келіп,жазғы демалысын өткізіп жатқан Нұрбек есімді суретші жас бозбала омарташы Қожабектің қызы Маржанмен танысады. Жастардың көңілдері жарасып, жастық романтикаға ұласады. Ел тарихы мен аталар аманаты жақсы сезірген олар кешегі азамат соғысында қаза тапқан қызыләскердің қабірінің басына ескерткіш қояды. Екеуінің де армандары асқақ, болашағы зор. Өмірге сергек қарайды, айналадағы болып жатқан оқиғаларға сын көзімен қарайтын жалынды жастар.

Шығармадағы негізгі тартыс – табиғатты аялап,орман күзеткен омарташы Әли ақсақал мен орманды отап,ағашын құрылысқа заңсыз пайладанбақ болған, оған Әли ақсақалдар қарсы болған соң,ақыры орманды өртеп тынған Асан секілді жеке басының қамын ойлаған адамдар арасынада өрбиді. Мұндай тартысты жеке бас мүддесін ойлаған рухани қорқаулар мен елдің жайын,туған табиғатты аялаушы көзқарастың арасындағы тартыс деуге болады.Мұрат пен Маржан секілді жастар лбразы да отанының болашағын ойлайтын,ертеңгі қоғамның тірегі болатын азаматтар ретінде шынайы сомдалған.

Қаламгердің жастар тақырыбына жазған тағы бір шығармасы – «Раушан гүлі» деп аталатын бір актілі драма. Пьесаның оқиғасы мектептің 9-сынып оқушыларының арасында өтеді. Қатысушылар – тоғызыншы сыныпта оқитын оқушылар Сәуле мен Сайран, олардың сынып жетекшісі, химия пәнінің мұғалімі Гүлсім апай мен Сайранның студент ағасы Дархан. Бір сыныпта оқитын Сәуле мен Сайран өзара достық қатынаста болып, жақсы араласып, сыйласып тұрады. Сәуле – ашық, көңілді, ерке қыз. Оны Сайран жақсы көргенмен, көңілін ашып айта алмай жүреді. Сайран – оқу озаты, жуас оқушы, Сәулені жақсы көреді. Алайда оның өз ағасы Дарқанмен арада сезімі бар екенін пьесаның соңында байқап, көңілі түсіп кетеді. Дарқан – Сайранның қалада оқып жатқан студент ағасы, ауылға каникулға келіп жатыр. Сайран Сәулеге Дарқанның атынан өлең жазып жібереді, әйтсе де оны өзі жақсы көреді. Дарқан мен Сайран – бір үйдің балалары, олар анасымен бірге тұрады, әкесі кезінде бұларды тастап, анасымен ажырасып кеткен.

Б. Мұқайдың драмалық шығармалары өмірдің түрлі көріністерін бейнелеп, адам тағдырын, замана жайын тереңнен толғаған, солардың персонаждардың қимыл-әрекеті мен ой-танымы көрінетін сөзі арқылы көрермендер мен оқырмандарға ой салатын дүниелер болып табылады. Қаламгердің шығармаларының тақырыптары әр алуан, көбінесе өз кезеңінің, яғни кеңестік кезеңдегі қоғамдық өмір мен замандастарының тіршілігінің түрлі тұрмыстық түйткілдерерін бейнелейді. Солардың ішінде біз айтып өткен балалар мен жасөспірімдерге арналған пьесаларының да өзіндік маңызы жоғары.

ҚАДЫР ӘЛЕМІ – МЕЙІРІМДІЛІК ӘЛЕМІ

Қасен А.Ә.,

7M02701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты; - Ақтөбе қ., Қазақстан, Ғылыми жетекшісі: Н.Ә. Сәдуақас, ф.ғ.к., доцент, Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, k.aisanka_93@inbox.ru, - Ақтөбе қ., Қазақстан

Адам әдебиетке сұлудың бұрымындай өрілген екі мақсатпен келеді: бірі - өзінен бұрын ешкім айтпағанды айту; екіншісі - өзге ешкімге ұқсамай, тек өзінше айту. Осы екі мақсат орындалған жерде ғана шын мәніндегі әдеби туынды бар. Шын мәніндегі әдеби туынды дегеніміздің, Леонид Леонов айтқандай, мазмұн жағынан жаңалық ашу, пішін жағынан өнер табу болатын себебі де сондықтан. Қазақ әдебиетін жасасып, тыңнан түрен салғаны деп Қадыр Мырзалиевті айтсақ болады деп ойлаймыз. Қадыр – философиясы терең ақын. Ә. Нұршайықов атамыз былай деген екен: «Ақындардың бәрі ой толғайды, бірақ ойшыл ақындардың бәрі бірдей философ бола бермейді. Сен рйламаған ойын, рқымаған кітабың жоқ, ендігі философ ақындардың бірегейі едің»[1].

Қадыр Мырзалиевтің «Бұлбұл бағында» мынадай бір сырлы шумақ бар:

Жүйрік арман қуып жете қалсаң-ақ,
Жалт береді,
Соның өзі бір сабақ!
Осалдар жүр өзін жұрттан артық деп,
Ал мықтылар өзін жұрттан кем санап [2]!
Тап-таза шындық!

Алдымен, азамат ойдың ешқашан арманы таусылмақ емес. Ардан туған адам әрқашан арман қуады және арман қуудан жалықпайды, туғаннан өлгенге дейін қуады және сол арманның шегіне жетпейді, жетсе де жеткенін сезбейді. «Арманым жоқ дейтіндер» қателеседі, яки өтірік айтады. Адамның арманы болмаса, ертеңі болмағаны; арманы бітсе, ертеңі бітеді, мақсаты түгесілгені; арманның таусылған жері – адамның өлген жері. Саналы кісіге мұның өзі сабақ екені рас.

Содан соң, осалдардың өзіне-өзі қарық боп, өз деміне өзі буланып, күпсіп жүретіні, ал мықтылардың өзіне-өзі өңі толмай, өз ісіне өзі разы болмай, өзін-өзі сынап, мінеп жүретіні және рас. Айтатыны жоқ, осалдық деген де бір бота тірсек бозбалашылдық.

Осалдар өпірем, өрекігіш, бойлауық, күпілдек келеді. Осалдығын сонымен жасырмақ болады. Онымен де қоймай, осалдық омыраулап, мықтылықты біраз көзден тасалап, ықтыра алмаса да бұқтыра тұруы мүмкін. Бірақ мықтылық деген – мықтылық, түбінде осалдық атаулының бәрін көне томдай қопара құлатып, сілкініп шыға келетіні сөзсіз.

Осындай мықтылық иесінің бірі – Қадырдың өзі. Дәлірек айтқанда, Қадірдің қадірі – мықтылығында.

Мықтылығының бір дәлелін З.Қабдолов былай көрсетеді: Қадыр өлең өлкесіне күйдеңсіз, кібіртіксіз, тіпті ешқашан ешбір жаттығу жасамағандай бірден кәнігі шебер қалпында келді. Мұны біз тұңғыш рет қазақ университетіндегі Әуезов аудиториясында танып-білген едік.

Қадыр атамыз балалар әдебиетінің керемет шебері. Шебер болатын себебі ақын жеңіл әзілді суреттей отырып кейіпкерлерінің шынайы бейнесін көз алдымызға келтіретінін айтуға болады.

Мысалы «Әттеген-ай» деген өлеңіндегі мына бір баланың орнында кез келгеніміз болғанымыз әбден ықтимал:

«Ойнадым, ойнадым,
Ойынға тоймадым.
Шегім де бұралды,
Сонда үйге оралдым.
Мен жоқта үй іші
Екі рет шәй ішіп,
Тамағын пісіріп,
Табаққа түсіріп,
Өздері тойыпты,
Маған аз қойыпты.

Ет екен демедім,
Өкпелеп жемедім.
Ал апам күлді де,
Майлы шек, тілді де
Қалдырмай жеп қойды,
— Тәтті екен! — деп қойды.

Өйтерін білмедім,
Өйтерін білгенде
Өзім-ақ жейтін ем,

— Аз емес! — дейтін ем» [3]! Өлең жолдарына үңіле отырып қай дәуір, қай жыл, қандай уақыт болса да «баланың аты бала» болады екен ғой деген ойға келесің. Себебі дәл қазіргі заманда да бала мен ананың ас үйдегі көрінісін осы өлеңнен көріп отырмын.

Ал енді мына бір өлеңінде:
«Қанкөбелек ойнадық,
Қызығына тоймадық.
Біз айналдық,
Бізбен бір
Жатты дала айналып.

Екі көзге жас тұнған,
Болып кетті тас тұман.
Қара жер зыр жүгіріп
Қашты аяқтың астынан.

Рас біздің сөзіміз,

Сөзімізге сеніңіз.

Сенбесеңіз,

Өзіңіз

Шыр айналып көріңіз!» [3], - ақынның балалық шағындағы шыр көбелек айналып ойнаған ойын әлі күнге дейін бала біткеннің зор рахат алып, қуана ойнайтын ойыны емес пе?!

Ақынның «Қояным» деген өлеңінде де мейірімді кейіпкер суреттеледі. Қоянның көзіндей үлкен кең жүрек бала ақынның боямасыз портретін береді. Өлеңге құлақ түрелік:

«Бір қоян асырап келемін,
Оған мен көп уақыт бөлемін.
Өзі бір сүйкімді,
Бар менің
Сол үшін шығарған өлеңім.
Кісіге қараған кезінде
Бір үрей тұрады көзінде.
Су жүрек деп оны сөгер ем,
Қорқам ғой кейде мен өзім де!
Күшігім
Өзі адамға үйірсек,
Өліп-өшіп ойнайды.
Қикуласып жүгірсек,
Қашып жүр деп ойлайды.
Қуып жетіп қалғанда
Білмейді не істерін.
Балтырыңнан алғанда

Батырмайды тістерін» [3]. Автор суреттеп отырған қоянын «батырмайды тістерін» деп жамандыққа қимайды. Қаламгер қандай мейірім иесі болса кейіпкері қоян да сондай мейірімді, сүп-сүйкімді. «Балтырынан тістемегеніне» балаша қуанып оқырман да отырады.

Сонымен Қадыр Мырзалиев – мейірімге толы өлеңдердің авторы. Әдебиет үшін өлшеусіз үлес қосты деуге әбден болады. Себебі «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп» деген сөз тура Мырзалиев шығармашылығына қатысты дер едік. Ол кісінің өлеңдерінен мейірім, жылы шуақ, бақыт, қуаныш, сүйіспеншілік желі есіп тұрады. Қадыр атаның балаларға арнап жазған әзілге толы өлеңдерін оқи отырып екі езуің жиылмайды екен. Ойымызға жаздың алаңсыз шақтары, қыс айларының қызықтары, мұзға барып сырғанақ тепкен сәттеріміз, отбасында болып жататын қызықтар, т.б. тәтті сәттердің елесі сықылықтайды. Өлеңдерінің астарында балада ғана болатын аңғалдық, шынайылық лебі бар. Ақын жанының қаншалықты нәзік екендігін өлең жолдарынан сезіндік.

Әдебиеттің тамаша салаларының бірі балалар әдебиетіне деп қалам тербеген нәзік жүректі Қадыр атамyzдың өлеңдері өміршең болатынына күмән келтірмейміз. Әріп танып енді оқуын бастаған баладан еңкейген қарияға дейін өлеңдерін оқыса қыран-топан күлкіге қаларлықтай Қадырда нағыз юмор бар дегіміз келеді. Сондықтан да ақынның бұл өлеңдерін түгел бір отбасы сүйсініп оқитындай дәрежеге көтеруіміз керек. Бала тәрбиелеп отырған отбасының кітапханасында Қадырдың шығармашылығы болуға тиісті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы. «Алматыкітап баспасы», 2009
2. Мырза Әли Қ. «Күміс қоңырау». Таңдамалы туындылардың көп томдығы. – Алматы, 2001.
3. Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 445 б.

ПОЭМА ЖАНРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ СИПАТЫ

Медетбаева Н.

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 2-курс магистранты- Ақтау, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С., ф.ғ.к.-Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университетінің профессоры,-Ақтау, Қазақстан*

Қазақ әдебиетінде ежелден бері өзіндік даму сипатымен дараланған синергетикалық жанрдың бірі – поэма. Посткеңестік, посткоммунистік дәуірдегі қазақ қаламгерлері поэманың мазмұны мен пішініне қатысты қандай жаңашылдықтарға қол жеткізді? Бұл сұрақтарға толымды жауап табу үшін ең әуелі поэма жанрының жаңашылдықтарына мән беру керек. Поэма – әлем әдебиетінде ежелден қалыптасып, жан-жақты салалана дамыған, әрі әдебиеттану ғылымында біршама кешенді зерттелген жанрлардың қатарына жатады. Қазіргі қазақ поэмасы да дамудан кенде емес. М.Жұмабаев, І.Жансүгіров, Қ.Аманжоловтардың ізгі дәстүрін жалғастырған бүгінгі поэма шеберлерінің қарымы бұған дәлел бола алады. Поэзия жанрына жатады дегенімізбен, поэманың ұзақ та қысқа өлеңдерден, лирикалық балладалардан айырмашылығы – көлемділігінде, қамтитын оқиғаның ауқымдылығында, нақты құрылған идеясы мен сюжеттік жүйесі болуында. Сонымен бірге поэманың өзіне тән ырғағы, ұйқасы, мазмұны, түрі, динамикасы болатындығын да ескерген дұрыс.

Поэма туралы анықтамалардың өзі де сан алуан, әрі бірізді емес. «Сюжетті поэма оқиға желісін ширақ өрістетіп, кейіпкерлердің іс-әрекетін бейнелеуге негізделеді, ал сюжетсіз поэмада лирикалық сарын басым болады, көлемі жағынан шағындау келеді. Поэманың алғашқы нұсқалары деп ауыз әдебиетіндегі уақиғалы жырларды айтуға болады. Олардың баяндау тәсілі, кейіпкерлер бейнесін суреттеу өзгешелігі де ауыз әдебиеті дәстүрлерімен тығыз байланысты» [1, 168]. Поэманың жоғарыда біз прототеті ретінде алған эпостық поэмадан өзге де түрлері болғандықтан және олардың біріне тән анықтаманың екіншісіне қатысты дәлме-дәл келе бермейтіндігін де ескергеніміз жөн. Осыған байланысты, нақты сипатын ашатындай, дәл анықтамасы жасалған деп айта алмаймыз. Поэманың негізгі құндылығы – оның көлемінде емес, өлеңмен жазылғандықтан, поэзияға тән ұтқырлық пен айқындыққа құрылған көркем поэтикасында, оқырманға әсерлілігінде деп қарастыруға әбден болады.

Поэманың барлығы сюжетті бола бермейді. Қазақ әдебиетіне тән толғау жанрының кейбір көлемділерінен лирикалық сезім басты орынға шығатын, аз көлемді сюжетсіз поэма сипаты көрініс тауып жататындығын айқын аңғарамыз. Бұл Қазақ хандығы тұсында өмір сүріп, шығармашылығымен танылған көптеген ақын-жыраулар толғауларына тән құбылыс.

Поэма жанрының теориялық негіздері жөнінде академик Зейнолла Қабдолов мынадай тұжырым жасайды: «Поэма – ...өмірде болған, не болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын көлемді, желілі, эпикалық не лирикалық сипатты өлеңмен суреттеу. Поэмалар түрлі-түрлі: сюжетті поэмалар да, сюжетсіз поэмалар да болады. Поэмаларда жасалатын адам образдары да әралуан: эпикалық образ да, лирикалық образ да, реалистік образ да болады. Поэма – қазіргі қазақ поэзиясындағы мол өркендеп, кең өріске шыққан шешуші жанрлық түрлердің бірі» [2, 313]. Поэма жанрын ұлттық әдебиетіміз ауқымында жіктеп, саралауда әлемдік әдебиет теориясының зерттеу үрдісін көзжұмбайлықпен қотара салуға болмайтын көптеген жағдаяттар болса, соның бірегейі – жоғарыда атаған, ұлттық әдебиетімізге ғана тән толғаулар мен дастандардың, қиссалардың болуы дейміз. Поэма жүгін көтеріп тұрғандықтан, Еуропа әдебиетінен келген балладалардың да ара-жігін ажырату кейде қиынға соғып жатады. Авторлардың да балладалық деңгейдегі жүк көтеріп тұрған туындысын поэма дей салатыны ара-тұра көрініс тауып қалып жататынын көріп жүрміз.

Поэманың ерекше бір түрі – сюжетсіз поэмалар. Сюжетті поэмадан ерекшелігі – сюжетсіз поэмалар адамдардың араларындағы тартысты емес, сол тартыстардан

туындайтын нәтижені образдап көрсетеді. Дегенмен, сюжетсіз поэма жазу – бұл кез келген ақынның қолынан келе бермейтін, үлкен шеберлікті қажет ететін күрделілік. Қаламгер кейіпкер күресінің нәтижелерін ықшам әрі қызықты етіп бейнелей алмаса, ой қайталаушылыққа ұрынып, шығармасы жалаң схема қуушылыққа айналады да, сенімсіз, өлі туынды болып шығады. Жалпы поэма дегеннің өзі сюжеттердің шеберлікпен қиюласқан тізбегі екендігін мойындағанмыз жөн.

Поэма да өзге жанрлар тәрізді қоғамдық сана сұранысына бейімделетіні, қоғамдық көркем ойлаудың сөз арқылы сыртқа шыққан көрінісі іспетті болғандықтан, қазіргі күні постмодерндік көңіл-күйді танытатын туындылар да көптеп ұшырасып жатады.

Ал поэмадағы психологизм қалай көрініс табады? Психология – бұл адам жанын тереңірек тануға, іс-әрекеттің мәніне үңілуге мүмкіндік беретін әдебиеттің маңызды қасиеті. «Психологизм» терминінің екі түсіндірмесі бар. Кең мағынада термин білдіреді әдебиет пен өнердің адам өмірін, кейіпкерлерін жаңғыртуға арналған жалпы қасиеті... Бұл тәсілмен психологизм кез келген әдеби шығармаға тән. Тар мағынада психологизм дегенді білдіреді жеке шығармаларға ғана тән ерекше қасиет. Осы тұрғыдан алғанда, психологизм психикалық қозғалыстарды дұрыс және айқын бейнелеуге мүмкіндік беретін ерекше әдістеме, форма.

Көптеген психологизм зерттеушілері әдебиеттегі психологизм – динамикалық, аналитикалық, синкреттік болып бірнеше түрге бөлінетінін дәлелдеп келді. Бұлардың бәрі көркем шығармаға тән бейнелеу құралдары. Дүние жүзінің әдебиетінің ішінде қазіргі қазақ әдебиеті де адамның жан дүниесіне терең үңіліп, оның ішкі қалтарыстарын, психологиясын көрсету жетпісінші, сексенінші жылдардағы прозадағы ерекшеліктердің бірі. Дүние жүзі әдебиетінде көркемдік шеберліктің бұл саласындағы табыстар Лев Толстой есімімен байланысты. Ресей әдебиетінде соңғы жылдары психологиялық талдау басты бағытқа айналды. Мұндай шығармаларда оқиға шиеленісуінен гөрі психологиялық қақтығыстар бірінші тұрады. Психологиялық тартыс арқылы кейіпкердің ішкі тебіренісі беріліп, жан сыры ашылады, адам мінезі дамиды. «Әрбір әдеби туындыда, фольклорлық жыр үлгілерінде, Орхон Енисей ескерткіштерінде де психологизм ұғымы табылған. Біз психологизм ұғымын әдебиеттен бөліп қарай алмаймыз, себебі психологизм әдебиет пен психология ғылымын жалғастырып тұрған дәнекер ұғым десек те болады. Бұл әлемде барлық ғылымдар бір-бірімен тығыз байланыста, ал психология ғылымы әдебиетпен жақынырақ байланыста. Себебі көркем шығарманың негізгі объектісі адам болып табылады. Адамның қайғырғаны, күлгені, күйіп-піскені, жүріс-тұрысы, мінезқұлқы бәрі де көркем шығармада ап-айқын беріледі. Бұл қасиеттер мен сезімдер берілмесе, сол көркем шығарманы оқып отырған оқырман кейіпкерді тани алмайды, оны сезіне алмайды, себебі оқырман көркем шығарманы оқып жатып, кейіпкер қуанса – қуанады, қайғырса – қайғырады» [3], - деп жазады Г.Сабаева. Психологизм мен реализм арасында өткел жоқ, бір-бірімен байланысын үзе алмайтын ұғымдар. Адам жандүниесінің негізінде адам бет-пердесі ашылады, демек, адамды жақыннан тани аламыз. Реализм – шындықтың негізгі бастауы.

Терең психологизммен жазатын ақын Мағжан Жұмабаев. Мағжанның «Батыр Баян» поэмасында кездесетін психологиялық сарындар болып отыр. Әрине, әдебиетте поэма жанрында психологиялық аспектілер терең суреттелмейді. Мағжан Жұмабаевтың таланты мен дарыны поэмада психологизм ұғымын суреттеуді алып келіп отыр десек, қателеспеген болар едік. «XX ғасырдың басындағы Мағжан Жұмабаев поэмаларының ішкі мазмұнын ашуға шығыстан келген сюжеттер ғана емес, өмірдегі болған, шындық оқиғаларда романтикалық сарында қызмет еткен. Ақын осы әдіспен белгілі бір қоғамның өзі таныған бейнесін көркем шындық биігіне көтере, үлкен Полотонда суреттеді. Автор бас кейіпкер іс-әрекеті арқылы өзінің эстетикалық принциптерін алға тарта отырып, өзінің қоғаммен қарым-қатынасын танытады. Бұған дәлел – поэмалардағы негізгі сюжетпен қатар дамып, ақын ой-арманын танытатын лирикалық толғаулар. Кейбір туындыларда ақын өз

кейіпкерімен ажырамастай бірігіп, біртұтас образға айналған» [4, 9]. Бұл пікірге толықтай қосылуға болады.

Илияс Жансүгіровтің кейіпкер мінезін сомдауы ерекше. «Құлагер» поэмасын оқып, кейіпкерлердің тұлғасын тану оңай. Дегенмен, поэманың желісіне еріп отырып, олардың жеке қасиеттерін, мінез-құлықтарын аңғармай қалуыңыз да мүмкін. Өйткені, шығармадан бас алмай оқысаңыз, өз тұңғығына алып кетеді. Ендеше, осы «Құлагер» поэмасындағы автордың кейіпкердің мінезін беру ерекшелігін талдайық.

Ақандай осы тауда сері жүрген,
Су ішіп, тауда шие теріп жүрген.
Қайыңдай мінсіз, таудай таза жігіт,
Көң-қоқыр, былапыттан жеріп жүрген [5].

Көркі келісті, мінезі мінсіз азаматтың тазалығын осы шумақтан көреміз. «Ақан кім?» деген оқырманның сұрағына мына жоолдар жауап бергендей болады.

Жүйрік ат, сонар саят, қыз-қырқынмен
Өмірді өткізген жан өз ырқымен.
Өмірдің ащы емес, тұщысында
Қызықтап жігіт ойын, қыз күлкімен...

Кісі емес көп қатынды үйірлеген,
Болған жоқ бір пендеге тию деген.
Текті құс тазалықты қолына ұстап,
Арманы-ақ сұлулықты сүю деген [5].

Поэманың «Ақан» бөлімінің осы бір шумақтары Ақанның толық болмыс-бітімін суреттеп тұр. Автор мыңнан шығып, жүзден озған сандақ деп беруінің өзі де тегіннен-тегін емес. Көп сұлудың арманы болған, жүрген жерін думанға бөлейтін қасиетімен дараланғанын көрсетеді. Пендеге артық сөзі жоқ, сұлулықты жаны сүйген Ақан мінезінің жайдары, жайсаң екенін айтады.

Естігем бұрын даңқын Көк неменің,
«Алтайдың жүйрігі онан жоқ», - дегенін.
Жолықпай иесіне жүрген болса,
Осы жол Көк шолакты бөктеремін!..

Мына тұстан сұм Батыраштың ашушандығын, қызуқандылығын байқаймыз. Бұлан-талқан болған Батырашты көкжалға балап, оны ашудың қысқанын көрсетеді. Батыраш ақ отауға кірген сәтте жатқан Ақанды у тілімен шағып-шағып алады. Автор осы кезде Ақанның да мінезді екенін мына жолдарда көрсетеді.

Ақанға батып кетіп шалдың сөзі,
Аңырып алғашқыда қалды да өзі;
У тілмен алды шалды шағып-шағып,
Шап берме, оның-дағы от мінезі, -
деп оның да қатты мінезден құр еместігін айтады.

Ат жарысы басталған сәтте тынымсыз Батыраштың күйін автор былай берген:
Түтігіп, қап-қара боп тұрды Батыраш
Жалғыз-ақ «Қап! Қап!» болып айтқан сөзі.

Осылай айтпағанмен ішінен сыр,
Томсарып Батыраш кеп толғатып тұр.
Кек қайнап, ыза кернеп, жауыққандай,
Қалып тұр қаны қашып, сүлдесі құр.

Бұл жолдардан тақымын қысқан Батыраш «Қап! Қап!» деп ернін тістелеп, ашуға булығып тұр еді...

Осы секілді аз ғана кейіпкердің әр сәттегі мінезін бере білген ақынның шеберлігінде сөз жоқ шығар. Өлеңмен өрілген сюжетті оқиғаға мінезді таныту аса қиын. Шығармаға өң, нәр, реңк беру үшін осындай шеберліктер Ілияс қаламында бар [5].

К. Мырзабеков қай тақырыпты жырласа да, өлеңдерінің өн бойында махаббат ізгілігі мен ұлттық нақыш, ұлттық бояу әсем өрнек тапқан. Академик С. Қирабаев: «Қазақ халқының ұлттық ой-санасының жүдеп бара жатқанын көрген зиялы азаматтар 60-70-жылдардан бастап, халық тарихының оқиғалары негізінде ұлттық сананы оятып, тәрбиелеуге көркем әдебиетті пайдалану мақсатын қойған еді», - дейді [6, 224]. Сол зиялылардың қатарындағы К. Мырзабеков «Көктем көкжиегі», «Революция перзенттері», «Дәуір-дастан» атты жинақтарында өткен тарихқа көз жіберіп, бүгіннен ой толғайды. «Дүрбелең» дастанында халық батыры – Амангелдінің және оның төрт сарбазының Торғай дуанына шабуыл кезіндегі көзсіз ерлігін ерекше екпінмен, айрықша пафоспен жырласа, оның заңды жалғасы ретінде отан соғысы тақырыбында «Сарыөзек сағыныш» атты поэмасы «орнында бардың отын маздатып, азамат өсірген Анаға арнап» жазылған [7, 138].

...Ана мен бала. Бала мен Ана екеуі,

Соғыстан кейін «Сарыөзек» еді мекені.

«Сарыөзек» дейді сарғайған шөлден жылғаны.

Сағынған жандар сарыөзек болып өтеді [7, 138], -

деп, алғашқы шумағынан-ақ қасіретті сағыныш лебі ескен поэма ең әуелі

Адамдар тағдырын арқау еткен. Соғысқа аттанған әкені сағынған қасіретті ана мен шер көкірек баланың жан-дүниесін ақын сезімталдықпен жырлаған. Сағынышпен тербеліп, сағынышқа құндақталып, оралмас жанды іздеген ана жалғыз ұлы Кемешті адал болуға тәрбиелейді. Сан мыңдаған ана мен баланың тағдыры жинақталып келіп, поэмада тұтастай бір кезеңнің шындығы типтік түрде жасалған. Өмір шындығын негізге ала отырып, ақын сол бір ауыр кезеңді үлкен тебіреніспен өрнектейді. Поэманың мазмұнында бірнеше рет қайталанатын сағыныш сөзі романтикалық серпінмен туындының көркемдік мәнін аша түскен. Сағынышты бейнелейтін сары түс поэманың атауы болып, оның көркемдік-идеялық мәнін ашады. Ана мен баланың тұрағы – «Сарыөзек» деген мекен, сондай-ақ, ақын жырлағандай екеуі де «сарыөзек» болған сағынышты жандар. Жарын сағынған ана, әкесін сағынған бала – бұлар қазақ поэзиясында жырланбаған тағдыр емес. Кеңшілік поэмасында екі тағдыр өзгеше өрнекпен бейнеленіп, оқырман жанын тебірентер кейіпкерлерге айналған. Соғыс салған тауқымет мыңдаған адамдар тағдырын ойрандады. Сондай ойрандалған тағдырдың бірі ақынның «ФЗО-ға кеткен жеңешем» поэмасына арқау болған. Сүйген жары майданнан оралмаған он тоғыз жасар жеңгенің жанындағы күйзеліс пен қасіретті ақын жете сезініп, бейнелеген. Лирикалық қаһарман ойы, жеңгесіне деген ерекше ілтипаты

...Жеңешем менің бойжеткен қыздай әлі де,

Жолына тағдыр қалайша тұрмақ көлденең.

Жеңешем менің жер басып жүрер болса егер,

Отауын іздеп осылай қарай жол шегер.

Жеңешем менің көкемнің ғана теңі ғой,

Көкемнің орны кімменен оған өлшенер [7, 138]

деген жолдармен берілген. Кеңшілік поэзиясына тән риясыз сезім, нәзік сыршылдық поэмадағы лиризмді күшейтіп, романтикалық сипатын арттырған. Ауыр тарихи кезең сол уақыт құрбандарының отбасына, туған-туысқандарының жүрегіне айықпас жара салғаны, көңіліне қаяу түсіргені, тағдыр тауқыметі ақын өлеңдерінде құрғақ баяндауға бой ұрмай, ой сүзгісінен өткізіліп, лирикалық кейіпкердің ішкі жан әлемімен әсерлі өрнектеледі. А.Блок: «Лирикалық ақын неғұрлым күшті болған сайын өлеңде оның тағдыры соғұрлым толығырақ көрінеді», - дейді [8, 514]. Олай болса, біз Кеңшілік ақынның өлеңдерінен өзімен қоса сонау соғыстан кейінгі ауыртпашылығы мол кезеңде жыртық иін, аш құрсақ болып өскен

құрдастарының ой-арманын танытқан, қияға құлаш ұрған романтиканы кексеген бауырмал, адами бейнелерін айнытпай танимыз.

Ақынның танымы мен суреткерлік шеберлігі ұлттық үрдіспен біте қайнасып, күллі поэзиясына желі болып тартылған. Ж.Жақыпбаевтың атап өтер тағы бір қыры өзі нысана еткен құбылысты шашауын шығармай жинақтап, салмақты сөздермен нақыштай білуінде. Сөзбен сурет сала отырып, астарлы ой түйе білетін ақын қарапайым іс-әрекеттің өзіне мән бере қарайды:

Жатты-ай бір-екі торғай ен тоғайдың,
Ені жоқ бұтағы үшін шырылдасып.
... Қыран жай қалықтайды, көлеңкесі
Жерменен қой үркітіп жүгіреді... [9, 86].

Адам болмысы мен табиғат көрінісін салыстыра суреттеу, жан-жануарлар іс-әрекетімен ленде тіршілігінен үндестік табу - ақынның қолданар көркемдік тәсілдерінің бірі. Адамның бір мезеттегі көңіл-күйіне табиғат құбылыстарынан ұқсастық іздеу сәтті бейнелеуге ұласқан. Ғашық жандардың әдеті ғой деп көктемгі, Сарғалдақ сонда қып-қызыл болып кеткен-ді [9, 11]. Туған дала бітімі мен болмысын бейнелеуге ақынның өзіндік сөз өрнектері молынан ұшырасады. Оған ақын өлеңдерінен көптеген мысалдар келтіруге болады.

1980-жылдардағы қазақ лирикасына жүйелі талдау жүргізген Т.Шапаев қазақ поэзиясының ұлттық сипатын сөз ете келіп: "Дала – халықтық болмыс, ұлттық рухтың символы болса, ауыл оның тіршілікке, мазмұнға толы және бір жанды, тол көрінісі. Дала-ауыл. Шынына келеек, поэзиямыз үшін бұл тақырып бөліп-жарып, жіктеп-жіліктеуге келе бермейтін тұтас ұғым. Сол дала, сол ауыл бүгінде ұлан-асыр поэзиялық тебіреністер арсеналына айналды", - деген тұжырым айтады [10, 135]. Ж. Жақыпбаев поэзиясында да сол дала, ауыл бейнесі жырланады. Жырланғанда жай ғана жырланып қоймай, ақындық даралықпен және асқақ шабытпен жырланады. Ақынның поэтикалық әлемінде туған даланың тұтас бітімі Сарноқайға жинақталып, сол арқылы көрінеді. "Сарноқайға сәлемдеме" өлеңдер топтамасында дала бітімі халық тіршілігімен тұтаса бедерленген:

Шыңдарында шынар да, қыран да көп,
Жер жүзінде көркі бар тұрар бөлек...
Көбейсе егер көңілді күн алдағы,
Ерке жүрек жыршының бір арманы –
Бұзбай жармай көрсету дүниеге
Қой, жылқылы көгілдір шығарманы [11, 57 б.].
Ақын тілінде туған дала бітімі асқақтап, ерекшеленіп кетеді:
Ақ тастары кем емес

сұлтандардың тағынан, Салт аттылар қаптаған
Сауық, сауық тойын сағынам. ... Айдарбектің ақ жары - бабаң өнер көрсеткен
Колизейі

Көшпенді, көзсіз елдің бағзыдан...

Өлеңдегі ұлттық мінез поэзиялық туындының өн-бойынан байқалып отырады. Поэзия зерттеушілерінің мына төмендегі тұжырымдарына назар салайық: «Өлеңдегі ұлттық мінездің бейнеленуі ұлттық мінез туралы философиялық трактат не психологиялық талдаулар емес, оған ақынның не оның лирикалық кейіпкерінің әр түрлі жағдайда жасаған қарым-қатынасы, берген бағасы, айтқан сыны күйінде келеді. Ұлттық мінез – ұлттанудың ғана емес, әдебиеттанудың да ерекше категориясы және өлең өрімінде ақын тұлғасымен, бейнесімен тығыз байланыста болатын субъективтілік сипаты басым ұғым. Ақын неғұрлым ұлы, талантты болған сайын, оның шығармашылығындағы ұлттық мінез соғұрлым анық та айқын білініп отырады» [12, 70 б.].

Бұл тұжырыммен келісе отырып, сонау фольклорлық мұраларды, жыраулар поэзиясын, одан бергі дәуірлердегі поэзиялық шығармаларды, ұлы Абай, Мағжан, Қасым, Мұқағали мұраларын ауызға алуымызға болады. Және өзіміз сөз етіп отырған Ж.

Жақыпбаев поэзиясын да ерекшелеп тұрған ұлттық мінез туралы жүйелі де нақты дәлелдерге сүйенген мысалдарды ұсына аламыз.

«Той қылған көпке інінің ерлігі дұрыс, Көмектеп, көптеп көрсетер елдігін ұлыс. Риясыз думан өткізу ендігі бір іс". Осыны ойлап сақалы, белдігі күміс -Жол жорға мініп, келеді жазулы хаттар -Төкаппар, шешен, бөрідей азулы қарттар баяғы...[9, 136].

Келтірілген үзіндіде бейнелі тілмен бедерленген ұлттық ерекше мінез бар. Күллі ақындық болмысымен қазақ қалпында қала білген Мұқағали Мақатаев белгілі дәрежеде қазақ поэзиясы үшін құбылыс еді. Халықтың шын қасиеті, төл мінезі, сәбидің жүрегіндей таза болмысы оның жырларының құдіретін арттыра түскен болса, Ж.Жақыпбаев өлеңдерін де ерекшелеп тұрар осындай қасиеттер деп айтуымызға негіз бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев). – Алматы: Ана тілі, 1996. – 384 б.
2. Қабдолов. Сөз өнері: Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1982. – 358 б.
3. <https://articlekz.com/kk/article/22227>
4. Балтоғаева Ж. «Мағжан Жұмабаев поэмаларының жанрлық-көркемдік ерекшеліктері»: Диссертация. – Алматы: 2003. – 140 б.
5. https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/26337/
6. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Қысқаша очерк. - Алматы: Білім, 1998. - 224 б.
7. Мырзабеков К. Менің мұңым - махаббат. - Алматы: Атамұра, 2003.- 192 б.
8. Мопассан Г. Поли. собр. соч. 12-ти томах, т. 2. - М.: Госиздат, 1950.- 408 с.
9. Жақыпбаев Ж. Ләйлә. - Алматы: Жалын, 1981. - 135 б.
10. Жақыпбаев Ж. Көктемгі хаттар. - Алматы: Жалын, 1992. – 187 б.
11. Жақыпбаев Ж. Шұғының гүл төркіні. - Алматы: Жалын, 1984. – 806 б.
12. Кәрібозұлы Б. Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты. - Алматы: Ғылым, 1997. -152 б.

ЖЫР ДҮЛДҮЛДЕРІНДЕГІ «МЕННІҢ» КӨРІНІСІ

Мұрат А.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 4-курс студенті- Ақтау қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Бүркітбаева А.С., Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, -Ақтау қ., Қазақстан

Ақын да, жырау да – өз дәуірінің перзенті. Әрине, ХІХ ғасырда жыраулардың орны ақындармен алмасады, әйтсе де жыраулардың тілінде ақынға тән лиризм (Бұқар, Үмбетей толғауларындағы сыршылдық), ақындардың желдіртіп, жырауларша толғау айтып, көсілетін тұстары болған. Осы арада әдебиеттегі, поэзиядағы лирикалық кейіпкердің көрінісіне назар салайық. Ақындық поэзиядағы «меннің» қолданысын саралаудың маңызы зор деп білеміз. Зерттеуші Л. Тимофеев «лирикалық образ арқылы нақты адамның жан тебіренісін көре отырып, оның осы толқуына себеп өмірлік биографиясын да түйсінуге» болатындығын [1, 350 б.], зерттеуші Г. Поспелов «лирика – ақын жүрегіндегі эмоциялық көңіл-күйді жеткізуші, ал эмоциялық ойлау – медиативті (толғаныс) тіл» [2, 106 б.] деген анықтама береді.

Осы арада ақындық поэзиядағы «меннің» көрінуін саралап кетуді жөн санадық. Зерттеуші Т. Тебегенов ақындық поэзиядағы автор тұлғаның айқындалуына қатысты «меннің» 3 түрде көрінетіндігін айтады [3, 65 б.].

а) шығарма иесінің өзінің тұлғасын, яғни лирикалық «менін» айтуы;

б) шығарма иесінің өзіне-өзі мінездеме беруі;

в) шығарма иесінің туындысында оның өмірбаяндық кезеңдерінің көрініс табуы. Біз өз зерттеуімізде ғалым Т. Тебегеновтың бұл саралауын негізге ала отырып, поэзиядағы ақындық «меннің» көрінуін былайша бөліп қарастырдық.

1) Махамбеттен бастап дараланған ерлік «мен».

2) Перзентінің қазасына қайғырған ақындардың элегиялық «мені». Элегиялық «меннің» айрықша көрінуі Батыс өлкесі ақындарының жырлары негізінде қарастырылады.

3) Ақындық талантты білдіру үшін қолданылатын шығармашылық «мен». Ақын – көркемдік тіл қуаты құнарлы, сөзі шымыр, ойы алдаспандай өткір творчество адамы. Ақынның жұрты алдындағы беделі қандай? Осы мақсатта біздің қарастырған элегиялық «мен» туралы таратып айта кетейік.

1) Ақын жүрегіндегі жан толқынысын, шерлі мұңын жеткізеді.

Аралбай:

Еңсесі кеткен жүйрікпін

Еріксіз шауып бұланған.

Қайғы толса қалыбыңа,

Ұшқындап шығар зыбаннан

Ғалым Б. Кәрібозұлы лирикалық және ақындық «меннің» бір ұғым еместігін көрсете келе, біз саралаған шығармашылық «меннің» «ақындық көңіл-күйге, түрлі психологиялық сәттер мен сезімдерге негізделіп дүниеге келетіндіктен, онда жалпылық сипат басым, жеке ақынның ғана емес, адам баласының барлығының басында болатын жағдайлар жырланатындығын» айтады [4, 23 б.]. Зерттеуші Б. Кәрібозұлы біздің зерттеуіміздегі шығармашылық және элегиялық «менді» біртұтас ақынның ішкі сезімін, толқынысын танытатын тұтас лирикалық «менге» сыйдырып отыр.

Қайғының кара қамытын жамылып, өлімнің ащы уын ұрттаған Аралбай ақын – қайғышыл, баласын жоқтаған пенде. Өзін «ботасы өлген боз мая, тұлыбына келіп ыңыранған», «лағын түзде қалдырған ақ киік», «елсізде қалып ыңыранған қартайған арыстан», «жапырағы жерге төгілген жаһандағы бәйтерек», «адыра қалып сөгілген ақ сауытқа» теңейді. Мұнда Аралбай ақын түрікменнің ұлы классик-ақыны Мақтымқұлы жырларымен үндеседі. Сәттіғұл ақын «Жібек баулы сұңқарым, қолымнан кетті шығынып», «жел жағымның панасы, құлады қоршау қорғаным», «қақыраған кемедей, тарқады құрсау шеңберім» деп береді.

Олай болса, Батыс өлкесінің ақындары Сәттіғұл, Аралбай, Түмен жырларында перзентін жоқтау, ұлының қазасына қайғыру ерекше қапаланып, қиналыспен жырланатындығын ескере отырып, бұл өлеңдерді жанрлық көркемдік тұрғысынан тұтас «элегиялық қайғы-мұң циклды жырлар» деп топтастыруымызға болады. Әлем әдебиетіндегі классикалық жанрлардың бірі ретінде элегия алғаш гректерде пайда болған. Зерттеуші З. Қабдолов элегияны «мұң, сыр аралас назды сарынға» жатқызады.

Ақынның тіршілік иелерін жалғыз, сыңарынсыз алуы оның ішкі жан-дүниесін көрсетеді. Мұны жұмысымыздың осы бөлімшесінде айтылатын ақындық «меннің» 2-түріне, элегиялық «менге» жатқызамыз. Орыс зерттеушісі М. Палкиннің «Лирика как искусство стихотворного слова» (Москва, 1986), Н. Мазепаның «В поэтическом поиске» (Киев, 1977) еңбектерінде «образ-переживание», яғни, «уайымшыл – образ» жөнінде айтылады.

Бұлайша ұлының қазасына егілуіне тоқтау айтып, сабырға шақырған замандасы Қашаған «тура құрық келген күн, ...тататын дәмі таусылса, жалғыз деп кімді ескерер, өлімге қатты налиды, кейбір де кейбір пенделер» деп жұмыр басты пенденің бәріне ерте ме,

кеш пе, өлімнің хақ екенін басу етіп, сабырға шақырады. Қайғы құшқан ақын шебер импровизациямен өз хал-сүйінішін жеткізеді.

Мұндай жоқтаудың жанындағы ең жақын адамның қазасына қайғырып, зарлы мұңға басуы қазақ әдебиетінде көнеден бар дәстүр. Халықтың ұғымында ғұрыптық-салт ретінде өлген адамды жерлеу рәсімі, оны жоқтау Ш. Уәлиханов зерттеуінде таралып айтылады. Ең әйгілісі Орта жүзде, Айғаным Уәлиеваның 1833 жылы шешектен өлген үлкен ұлы Мамекені жоқтап жылауы және кейіннен суырып салма деген атағы шыққан әнші әйел 14 жасында өлген күйеуін жоқтап айтқан жылауы. Кейін бұл дәстүр сөз өнерінің иелері – ақындардың перзенттерін жоғалтқанда, ішіндегі ащы мұң-зарын өлеңмен шығаруға ұласқан. Діни терминологияда бұл жұбаныш – утешение, яғни адам баласының қайғырған, я болмаса теріс эмоцияларға берілген кезінде діннен таяныш іздеу, Аралбайдың «өздеріндей ағаны, келген күні тәңір айдап, бір көруге іңкәр» болуында замандасы Қашағаннан демеу, жұбаныш дәмекені. Бұл жағдайда ақындар психология тілімен түсіндірсек, «эмоциялық тапшылыққа» ұшырайды. Сонда Қашаған ақын ажалға пенде баласының бәрі жететіндігін, тек уақытымен келгей деп тілек етуі, тататын дәмі таусылса, жалғыз деп ескермес Алланың құдіретіне көндігумен жұбатады. Бұл – Қашағанның жұбанышы. Аралбайдың қайғысын сейілетін сабырлы сөз. Қапа құшағына оранған досына жұбату айтып, тоқтау салады. Азалы үн қосып, жүрекжарды ықыласын білдіреді.

Қазақ әдебиетінде туған перзентін жоқтаудың үлгісі Ұлы Абайдың Әбішті, Әбдірахманды жоқтауында көрінеді деп айта аламыз. Ақынның жан қайғысынан тұтас елдің аза тұтқан суреті көз алдына келеді, өйткені қайғыны бастан кешкен жанның жанына барып, тоқтау айтып, сабырға шақырудың өзі ерлік бола-тұғын. Бұған әдебиетте де көптеп мысал келтіруге болады. Базар Оңдасұлының «Төребайды жұбатуы», Бұдабай Қабылұлының «Әлмембеттің баласы өлгенде көңіл айтқаны», Түменнің Сәттіғұлды жұбатуы т.б. Батыс өлкесінде баласының өліміне қатты қайғырған Аралбай, Сәттіғұл, Түмен ақындарды айта аламыз. Ақындардың мұңын шағып, ішіндегі қайғысын шығаратын сенімді серігі – домбыра болған. Ақындар иллюзорлық бақытты о дүниеден іздейді.

Сәттіғұл ақын:

Жәннәтте алтын кесе толы шарап,
Жайнап тұр және тәтті хұрмалары,
Мінуге пырақтар тұр алтын ермен
Киюге және әзір күлләлары

Бұлайша о дүниеден әдемілік, сұлулық, дәмді ас, қайырлы құтты мекен іздеу Аллаға ғашықтық, Жаратқанның жіберген ісіне қарсылық білдірмеу, осылайша қамкөңіл жүректерді сұлулықпен, бауырмалдықпен «Адамзаттың бәрін бауырым деп» жылыұшырау арқылы адамдар өздерін де, өзгені де жұбатқысы келген тәрізді.

Шал ақын да «өткен қайтып келмейді, алғанын құдай бермейді» деп шындықтың бетін ашып береді, жанның кеудеге қонақ екенін ескерте келіп, дүниеге қызығып малданған кейбір пысықтардың көкейіне ой сәулесін түсіргісі келеді.

Бір құдайдан тілеймін әуелі иман,
Иманымнан айрылсам көрге сыйман.
...Біреуге ерте келеді, біреуге кеш,
Ертелі кеш өлімнен қалмады һеш...

Міне, моралист, дініне берік ақынның ұсынатын өнегесі. Бұ дүниелік өмірдің қызығын сезіне отырып және сол сезінуді, айналасынан көрген өнеге мен ғайбат мінез-құлықты өз жырларымен көркем беруі арқылы тірліктегі мың күндік сыйластыққа ештеме жетпейді деген түйінге келеді. Бәрі де айналып келгенде имандылық, адамгершілік гумандық қасиеттердің адам бойында көрініс беруін жырлауымен құнды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тимофеев Л. Советская литература. – Москва: Советский писатель, 1964. – 524 с.

2. Поспелов Г. Теория литературы. – Москва, 1978. – 351 с.
3. Тебегенов Т. Ақындық поэзиядағы фольклор мен әдебиет дәстүрі. Әдеби процесс. Авторлық поэзия. Ақындық өнер психологиясы: Филол. ғыл. д-ры дис. автореф. – Алматы, 2002. – 65 б.
4. Кәрібозұлы Б. Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты: Филол. ғыл. д-ры дис. автореф. – Алматы, 1997. – 23 б.

Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙ-ТОЛҒАМДАР

Сауяева В.С.,

*«Фил-21-Ім» оқу тобының магистранты- Қызылорда қ., Қазақстан
Ғылыми кеңесші: Айтбаева А.Е., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
aitan_aitbaeva@mail.ru-Қызылорда қ., Қазақстан*

Жастайынан өз заманының шындығын сыни мақалалар мен очерктерде бейнелеген Әбіш әлемі – философиялық толғамдарға толы. Ол әр кейіпкерінің бейнесін асқан шеберлікпен суреттеді. Кейіпкерлерінің мінез-құлқы мен өмірі арқылы адам бойындағы сезімді қара сөз құдіретімен жеткізді.

Ағылшын әдебиет сыншысы В.Ирвиннің Ә.Кекілбаев туралы былай дейді: «Ә.Кекілбаевты түсіну ол көп жағдайда ол жеткізген дәуірдің дәмін түсінуді білдіреді». Демек ол - халық жанын түсіне білген, өзі өмір сүрген кезеңдегі халық философиясын меңгерген жазушы.

Атақты қазақ жазушысы Әбдіжәмил Нұрпейісов Ә.Кекілбаевқа «Терең психологиялық талдаудың адам өмірінің әлеуметтік аспектілерін философиялық түсінумен ұштастыруы оның әңгімелерін шынайы етеді» деп жоғары бағасын береді.

Қаламгер әлеуметтік және экономикалық мәселелерді тереңінен зерттей отырып, ел болашағы мен көп ұлтты мемлекеттің әл-ауқатын, тыныс тіршілігін өз шығармаларына арқау етті, ел мен жердің мүддесі, халық тағдыры олардың тұрмыс тіршілігін еш уақыт назарынан тыс қалдырмады. Оның шығармашылығында айтылған ұлттық болмыс: мәдениет пен сөз мәйегі, тіл мен әдебиет, дін мен діл, тұрмыс-салт пен тарихи дәстүр, елдің болашағы басқа да сан алуан құбылыстар автордың дүниетанымдық көзқарасындағы ерекшеліктерінің күре тамырын зереледі. Қаламгер туындыларын психологиялық-философиялық деңгейінде байыптап-бағдарлау халық пәлсапасының тартымдылығы және дүниетанымын көрсете келіп, халқымыздың өзіне тән ерекшеліктері арқылы әлем дәрежесіндегі мәдени ғаламшарынан орын алды. Неміс кітап баспасы Әбіш Кекілбаевты «Жиырмамыншы ғасырдың ең көрнекті жазушысы атты кітапқа енгізді. Жазушы Бексұлтан Нұржекеев: «...Оның тұңғығы терең, ойлы сөздерінен ерте есейген, жастайынан көсемдікке, әсемдікке құмартқан, қарттың даналығын бала жастан бойына дарытқан, бай қазыналы да қызырлы етіп, тәңірім терезесін теңдей биік етіп жаратқан», -деп баға берген. Жазушы мемлекет ісіне араласа жүріп, қоғамдағы маңызды оқиғаларға үн қосып, саяси мәселелерге қалам тартты.

Оның қаламынан «Күй», «Шыңырау», «Ханша Дария хикаясы» повестері мен «Аңыздың ақыры», «Елең-алаң», «Үркер» романдары, «Абылай хан» драмасы, әсіресе, Тәуелсіздік жылдарында жазылған публицистикалық шығармалары қаламгердің ой жүйріктігі мен тарихи танымын танытты. Қоғамдық істерінде ел тағдырына, қоғамда болып жатқан оқиғаларға бейтарап қарай алмайтын еді», - деп жазады замандастары өз естеліктерінде.

Ә.Кекілбаевтың шығармашылығында халық аңыздарына, ежелгі аңыздарға жүгіну арқылы уақытты философиялық тұрғыдан түсінуге ұмтылыс болғаны сөзсіз. Жазушының тарихи шығармаларының өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының аяқ кезінде жазылуының да өзіндік себебі бар, өйткені осы кезеңнен бастап, кейінгі онжылдықтарда

тарихи тақырыптың қазақ әдебиетінде үлкен бір толыққан кезеңі болды. Қаламгердің тарихи тақырыпта жазылған шығармаларының бір ерекшелігі – жазушы кейіпкерді оқиғалар желісінен жалаң алмайды, автор өзіне тән байсалды баяндау арқылы психологиялық, философиялық тереңдікті танытады. Тарихи тұлғаларды бейнелеуде кейіпкерлерінің моральдық бейнесін жасауға, ел аузындағы аңыз шежірелерден бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерін көтеруге баса көңіл көлді. Әлеуметтік белсенділігі қажет болып тұрған тұста оның тұтас қоғам мен тарихи оқиғаларға, халқымыздың рухани мерейіне қатысты көптеген іс шараларды жүзеге асыруға көмектеседі.

Ә.Кекілбаевтың жазушы ретіндегі ең сүйікті тақырыптарының бірі — әділет пен сүйіспеншілікке, адамшылық пен қайырымдылыққа қарама-қарсы суреттелген көпшілікті өлшеусіз қасірет-қайғыға, алапат ойран-сұмдықтарға бастайтын шегі-шеті жоқ билік пен қарақан басының қамын күйттеген сол билік иесінің ештен кеш болса да, райынан қайту кезеңі, рухани қайыршылық көріністері оның көпшілікке белгілі «Ханша-дария хикаясы» повесінде жан-жақты сипатталады. Бұл повесть Шыңғыс хан туралы көне аңызға құрылған: өз кеудесінің желіне өзі семірген Ұлы әмірші таңғұт елін түп-түгел қырып тастаса да, осы елдің ханшасы Гүрбелжін сұлудың аппақ тәнінен сусындай алмай, ақыр соңында әйел қолынан мертігеді. Автор көне аңызға философиялық мән-мағына қосып, өркөкірек адам рухының қайсарлығын дәріптейді: халықтарды қанға бояған айналасына қаһар шашқан әміршілердің әлсіздігін жер бетіне зұлымдықтың ұрығын еккен әрбіреудің Әлінің қылышынан бәрібір қашып құтыла алмайтынын, ондай қанқұйлы жауыздарды аспандағы алла емес, адам қолының өзі жазалайтынын айтады.

«Аңыздың ақыры» романының оқиғасы да Самарқан шаһарының жолбасшылары туристерге күнде айтып беріп жүрген, Темірланның сүйікті тоқалы Бибі ханым салдырған атақты ғимараты жөніндегі хикаяға негізделген секілді.

...Ұлы әмірші алыс жортуылға аттанып кеткен. Ерін сағынған жас әйел қосағы қайтып оралғанша, ғажайып күмбезді көк мұнара салғызуды ойлайды. Осы мұнараны салушы жас шебер сұлу ханшаға өлердей ғашық болады да, егер тілінен бал татқызбаса, мұнараның күмбезі әрі қарай қаланбайтынын шарт етіп қояды. Бұған ашуланған ханша қиқар шеберге өзінің ең сымбатты күнін сыйлыққа ұсынады. Бірақ анау қасарысып көнбейді. Бұл кезде әмірші де жауын женіп, атының басын кері бұрған екен дейді. Әмірші астана жұртына келмес бұрын жас ханша жас шебердің тілегін орындауға ыңғай танытады. Әйелі салдырған ғажайып мұнараға әміршісі бек риза болады, бірақ ханшаның бетіне түскен ыстық таңбаны көріп, қаһар шашады. Ханша «қылмысын» мойындайды, шебер дарға асылады...

Автор бас кейіпкеріне басы жоқ, аяғы жоқ қара бояуды баттастырып жаға бермейді, оның іс-әрекеттерін төтелеп даттай да бермейді, автор адамшылық қасиетті, адамның жеке басын аяққа таптайтын зорлық пен зұлымдықтың, билік құмарлықтың шірік философиясын әшкерелеуге назар аударады. Қаншалық қаһарлы, қайратты болғанмен, Әміршінің өзі де, шынтуайтқа келгенде көрсоқыр, қатыгез догманың кесік құлақ құлы, ол өз ниетіне өзі кіріптар болған біреу. Ол өзгелерді қайғы-қасіретке ұшыратумен бірге, өзі де шектеусіз биліктің құрбаны болады.

Әміршінің күйреуі - романның соңында заңды құбылыстай әсер етеді. Өйткені ол өзінің бойындағы барша қайрат-жігерін, ақыл-парасатын, әуре-сарсаңға толы тынымсыз өмірін түгелдей өзімшілдік пен өркөкіректікке, өзгеден артық туысын дәлелдеуге жұмсайды. Автор осы күйреудің философиялық, әлеуметтік адамшылық негіздерін жан-жақты, нанымды суреттейді.

Ә.Кекілбаевтың еңбектерінде тағы бір тән қасиет көрінеді - уақыт пен адамды философиялық тұрғыдан түсінуге ұмтылыс: оқырманды бүгіннен өткенге алып тастау (ежелгі аңыздарды енгізу) және оны қайтадан қазіргі уақытқа қайтару емес, баяндау барысын ұстану, оқуды талдау, өмірді және өзіңізді жақсы түсіну.

Жазушының сыршыл көркем туындылары әлемге мәшһүр аңыздар мен әміршілердің табиғаты мен құдіретті ойларын, сол замандағы тұрмыс-тіршілік пен өмірді суреттеп,

көруге, көкірек көздерінен өткізуге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан алғанда Әбіш Кекілбаев – қазақ әдебиетіне философиялық үдеріс енгізген жазушы. Сонымен қатар, шығармаларында психологизм элементтері де мол.[2]. Жазушының сыршыл көркем туындылары әлемге мәшһүр аңыздар мен әміршілердің табиғаты мен құдіретті ойларын, сол замандағы тұрмыс-тіршілік пен өмірді суреттеп, көруге, көкірек көздерінен өткізуге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан алғанда Әбіш Кекілбаев – қазақ әдебиетіне философиялық үдеріс енгізген жазушы. [2].

Қазақ әдебиетіндегі көркем очерктің лирика-философиялық түріне қалам сілтеген жазушыларымыздың бірі - Әбіш Кекілбаев. Оның көркем очерктерінің негізіне қарапайым қазақ аулының адамдарының тұрмыс-тіршілігі, өмір шындығы, адамдар арасындағы әр алуан қарым-қатынастар, бауырмалдық жарқын қасиеттер, адамгершілік биік парасат, өзгеріске толы өмір суреттері арқау болады.

Әбіш Кекілбайұлының қай көркем очеркіне зер салсақ та байқалатыны, өзіне тән философиялық өрнегі мен тарихи өрімі қатар жүреді. «Сайранқұмарлық санаға тұсау» атты философиялық ой-толғамдарға толы көркем очеркінде автор Адам концепциясы, рухани ізденістердің жемістері, қоғам проблемалары, қоғамдық сана, әдебиет пен мәдениетті саясаттандыру, электронды революция мәселелеріне жан-жақты тоқтала отырып, сараптама жасайды. Автордың телевизор экранының қаншалықты зиян әкеліп отырғандығы туралы ой-пікірлері орынды: «Тұтынушы қоғам идеологтары экран арқылы тарайтын «мәдениет» жұрнақтары сол жүйесіз түрінде, үздіксіз қалпында жас жеткіншектің әлі қалыптасып болмаған санасына орасан зор информация мен әр алуан көріністерді боратқан үстіне боратып, оның көкірегінен ата-аналары, жанашыр ағайын-тумалары, ойда жоқта оқып қойған әдеби кітаптары мен мектептегі ұстаздары құлағына құйып баққан «мәдениеттің ежелгі» дәстүрлеріне тән моралистік уағыздардың бәрін қуып шықпақтың аса күрделі стратегиясын жасақтап шығарды» [3,17 б], - деп ой қорытқан қаламгер телевизор экраны, адамзаттың көп ғасырлық әлеуметтік, рухани тәжірибесінің бәрін айырбастай алмайтынын, теледидар экрандарындағы жүйесіздік рухани әлсіреуге әкелетінін болжаған очеркші рухани кемелдік, биік сананың қалыптасуын тежейтін де осы теледидар екенін ашық дәлелдейді.

Қазақ мәдениетінің тарихы, ұлт тарихы, мемлекет, қоғам тарихы екенін очеркші философиялық толғамдарымен түсіндіре отырып, өсімдік, жануарлар дүниесі де адамзаттың бір бөлігі екенін, оны адамның ұмытпауын тілеген автор бүкіл планета тағдыры мен адамдар тағдыры бірлікте, бір-бірінен бөлуге болмайтынын жан-жақты дәлелдеп, жарыспалы дамыған елдер мәдениетін салыстырған тұстарының танымдық қасиеті мол шыққан. Әр елдердегі мәдениет, тарих, әдебиет дамуын шымыр да шыншыл кескіндеген очеркші жаны рухани таза ұрпақты тәрбиелеудің, адамгершілігі мол азамат өсіру үшін де кешегі, бүгінгі рухани мұрамызды дұрыс жеткізгенде ғана ертеңгі күні бүгінгімізден де күйзелмейтінімізді аңдатқан. «Айналаң – алтын бесігің» атты лирика-философиялық очеркі мынадай лирикалық шегініспен басталады: «Жылдар шіркін құба жонның құланындай зымырап өтіп барады. Арман сабаздың көбейе түспесе, азая түсер түрі жоқ. Абай айтқан «сағаттың шықылдағы» да бұрынғыдан гөрі жиірек соғып, қаттырақ естілетіндей. «Алдағы жолың, арттағы жолыңнан аз болмаса, көп емес», деп үсті-үстіне қайталап тұрғандай» [3,69 б],- дей келе, өзінің байыз таба алмаған көңілін, алаңдаушылығын білдірген автор бақыттың соғыстан кейін де дұшпаны көп болатыны жайлы ой толғайды. Қазақстанның көп қалаларының экологиялық жағдайына шын алаңдаушылық білдірген публицист көп дерек, фактілерге сүйене отырып, күллі ұлттың бүкіл интеллектуалдық потенциалы жиылған, ғылыми-әлеуметтік ортаның шоғырланған астарындағы экологиялық жағдайына алаңдаушылық білдіріп, басқа аймақтардың қарқ болып тұрмағанын да қатты сынап өткен. Республиканың он пайыздай жерінде таулы аймақтар да кен, түсті металлургия, химия өндірістері орналасқаны, суды сұраусыз пайдаланатын қазақтың, жерді де бей-берекетсіз құнарсыздандырып жатқандығын автор философиялық толымды пайымдаулар арқылы жеткізеді.

және бұл очерктердің танымдық концепцияларды, әлем, қоғам, адам заңдылықтарын түсіндіруге ұмтылыс жасайтынын сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кекілбаев Ә. Заманмен сұхбат. – Алматы: 1996 ж.
2. Кекілбаев Ә. Ұйқыдағы арудың оянуы. – Алматы: Қазақстан, 1979.
3. Дүйсенбаева Ж. Әбіш Кекілбаев шығармасындағы тарихи тағлым.- Алматы: 2007.
4. Дүйсенбаева Ж. Ә. Кекілбаев прозасы. Халықтық аңыздар және көркемдік шешім: канд. диссертация. – Алматы, 1999.

ҚАБИБОЛЛА СЫДИЫҚҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ «АҚБӨБЕК-ҚАЙЫП» ТАҒДЫРЫ ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР

Сәрсенқызы А.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 2-курс магистранты- Ақтау, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С., ф.ғ.к.-Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры,-Ақтау, Қазақстан

Қазақ халқының ұлы тарихына көз тастайтын болсақ, арманына жете алмай, махаббат жолында құрбан болған талай ғашықтардың хикаяларын көреміз. Еңлік пен Кебек, Қалқаман мен Мамыр, Жібек пен Төлеген, Қозы мен Баян, Естай мен Қорлан – бәрі де шынайы сезім тұғырына көтеріліп, тіпті жалғыздық пен өлімге де қасқая қарсы тұра алған адал да ержүрек кейіпкерлер. Қазақ халқы бір-бірін ессіз сүйген ғашықтар оқиғасын сан ғасырлар бойы ұмытпай, жадында сақтап, әдебиет сахнасына шығарды. Солардың бірі – XIX ғасырдың екінші жартысында Маңғыстау өңірінің киелі топырағында ғұмыр кешкен Ақбөбек пен Қайып оқиғасы.

Кедей руының шонжары Итбайдың Есбергеніне айттырылып қойған аққұба қыз Ақбөбекті өнерлі жігіт Қайып ұнатып қалады. Бұл тілегіне қыздың іштей қарсылығы жоқ. Қосылуға басты кедергі – Қайыптың жарлы отбасыдан шыққандығы, Ақбөбекке берер қалың малының жоқтығында. Бірақ махаббат пұлмен өлшенбейді ғой. Сондағы нақ қарсылық көрсеткен қыздың әке-шешесі еді. Әулеттен қыздың ағасы ғана бұларға қолдау танытқан. Есберген ауылынан қанша рет Ақбөбекті алып қашса да, Қайыпқа ғашығымен қосылу бақыты бұйырмай-ақ қойды. Көптеген қиындықтарға қарамастан, қос ғашық бір-бірін ессіз жақсы көріп, өмір бойы сүйгенін аңсап өткен.

Ақбөбек Есжанқызы 1864-1938, Қайып Қорланұлы 1857-1918 жылдар аралығында өмір сүрген. Ақбөбектен 7 жас үлкен Қайып одан 20 жыл бұрын дүниеге салған. Өмірдің тауқыметін көп көріп, жарлы отбасында дүниеге келгені үшін ғана ғашығына қосыла алмай, махаббат оның бағына емес, мұңына айналады. Ақбөбек те ғұмырының соңғы минуттарына дейін жүреkteгі сезім қайғысымен қиналып өтеді.

Аспанда бір жұлдыз бар темірқазық,

Бәйгеден ат келеді бауырын жазып.

Бөбегім, тамағыңнан бір иіскетсең,

Болады Қайыбыңа алты ай азық [1, 203] – деп жырлаған Қайып ақын сүйген адамына талай жыр арнап, сезімін өлең өрнектерімен әсемдеп жеткізген. Ақбөбек пен Қайыптай шынайы сүйе білудің өзі ғажап емес пе! Сондықтан да олардың есімдері жылдан-жылға жетіп, тарихтың сарғайған қағаздары мен әдебиеттің асыл беттерінде сақталып, қазақ әдебиетінің махаббат сахнасынан орын алды.

Ақбөбек пен Қайып туралы әлі күнге дейін ел аузында көптеген әңгімелер айтылады. Солардың барлығын жинақтап, жазбалар мен деректер есебінде сақтап, қос ғашықтың махаббат ғұмырын келер ұрпаққа жеткізу мақсатында зерттеулер жүргізген тұлғалардың бірі де бірегейі – Қабиболла Сыдиықұлы. Зерттеулерінде хикаяның жалпы мазмұны мен Маңғыстау жерінде өткен оқиға екенін білгенмен де, көп нұсқаларда оқиғаға қатысты нақты

жер атаулары мен жыл-айларда, уақыт кезеңдерінде ауытқулар кездесіп жататындығын жазады. Қабіболла Сыдиықұлы зерттеулерінің көптомдығының 4-томын «Ақбөбек пен Қайып туралы жазбалар» деп арнайы бөлімге бөліп, тың деректермен толықтырған.

Ақбөбек пен Қайып туралы жазылған жазбалар мен мақалалар және де бірқатар деректер легін тізбектеп көрсетеді. Фариза Оңғарсынованың «Ақбөбек жырлары», Б.Адамбаев пен Уәйіс Қайралаповтың «Ақбөбек» поэмасы және Берік Қорқытовпен бірлесе жазған «Ақбөбек» драмасы, Ә.Спановтың «Ақбөбектің аңызы мен ақиқаты» атты мақаласы, т.б. көптеген соңғы жарты ғасыр ішінде жарық көріп, баспа беттеріне жарияланған материалдарды атап өтеді. Бұдан бөлек осы оқиғаға қатысты Серікбаев Ыбырайдың Киев Мырабаевқа жолдаған жазбасын, т.б. хаттарды дерек ретінде келтіре отырып, Ақбөбек пен Қайып туралы естеліктердің аз емес екенін айғақтайды. Зерттеуші Қабіболла Сыдиықұлы өзге деректерді жинақтаумен, зерттеумен қатар, өзі де түрлі мақалалар жариялап отырған. «Ақбөбек-Қайып оқиғасы» атты мақаласы 1971-1974 жылдары «Жұмысшы», «Коммунистік жол» газеттері мен «Маңғыстау» кітабында жарық көрді. Жалпылай айтқанда, Маңғыстау ғашықтарының махаббат хикаясы ғасырлар бойы халықты тамсантап, зерттеушілерді қызықтырмай қоймаған. Әдебиет өкілдері мен ауыл ішіндегі қарияларға дейін аузынан тастамай, жылдар бойы айтып келген. Мұның барлығы – адал махаббаттың жаршысы болып дүниеден өткен Ақбөбек пен Қайыптың сезім отынан алаулаған, миллиондаған жүректі елжіреткен риясыз махаббат хикаясының ұлы аңызға айналуында.

35 жыл ғұмырын Ақбөбек пен Қайып тағдырын зерттеуге арнаған Қабіболла Сыдиықұлының әдебиетке сіңірген еңбегі орасан зор. Ғалым зерттеулерінің қол жеткізген нәтижелерінің қазақ әдебиетіне қосқан үлесі мол. Көптеген уақыт бойы белгісіз болып келген Ақбөбек пен Қайып ұрпақтарымен Қабіболла Сыдиықұлы өзі жеке кездесіп, әңгімелескенін көптомдық зерттеулерінде жазады: «Ақбөбек немересі Әбілшемен 1971 жылы, Қайып баласы Сахибергенмен, немересі Әбдісаматпен (Әбсаматпен) 1986 жылы кездестім. Тәжікстанда тұратын Әбдісамат үйінен Қайып әншінің сол жақта ұстаған домбырасын әкеліп, Маңғыстаудың өлкетану ммузейіне табыс еттім» [2, 290]. Сол арқылы осы күнге дейін айтылып келген қос ғашық хикаясының түрлі нұсқаларында уақыт кезеңдеріндегі қателіктерді түзетіп, оқиғаның нақты қай уақытта болғандығын анықтау мүмкіндігі туды.

Ақбөбек пен Қайып десе, бірден ойымызға Маңғыстау өңірі орала кетеді. Алайда, олардың өмір жолы тек Маңғыстау өлкесімен байланысты емес екенін, Қайыптың Бесқалаға, одан соң тәжік жеріне, ал Ақбөбектің Иранға кеткеннен кейінгі өмірінен де деректер келтіріп, немересінен, баласынан естіген ақпараттарды қағаз бетіне түсіреді. Сонымен қатар, Ақбөбек пен Қайыптың жақындарынан дүние салған және көз көрген тірі ұрпақтары туралы қысқаша мағлұмат беріп, деректер түйінін жасайды. Қайыптың жерленген жерге, зират басына барып, құран бағыштайды.

Қабіболла Сыдиықұлы Есжан ауылы мен Қайып ауылының қоныс-мекендеріне қатысты және олардың ру, ата-тек пен ұрпақтарына қатысты, Қайыптың Ақбөбекті қанша рет және қалай алып қашқандығы туралы мәліметтерді, екі ел арасында болған дау-дамайлар мен соттағы мәселелерді, қос ғашықтың, Есбергеннің, Қалидың өмірде қандай адам болғандығы туралы, Қайыптың Ақбөбекке арнаған ән-өлеңдері мен арнаулары туралы нақты зерттеу нәтижелерінен толық дәйектер келтіреді. Ғалымның қол жеткізген тың деректері әдебиет үшін де, тарих үшін де аса маңызды. Себебі бұл жерде тек қана қос ғашық тағдыры емес, сонымен қатар ел тағдыры да қоса қарастырылады.

Ақбөбек пен Қайыптың өмірі мен хикаяның барысын зерттеу арқылы халықтың өткен ғасырлардағы таным-түсінігі мен құндылықтарын тануға болады. Сол арқылы олар өмір сүрген кезеңнің әлеуметтік-тұрмыстың халінен де хабардар болуға мүмкіндік бар. Мәселен, Қабіболла Сыдиықұлы көпшілік осы күнге дейін Қайыптың Маңғыстаудан кетуін сол өңірдегі аштықпен байланыстырып келген ой-пікірін жоққа шығарады. Өнерпаз жігіт өлең айтып, тиын тауып болса да, күнелтер еді. Ғалымның жазуынша, Қайыптың бұл

әрекеті оның ішкі сезімімен байланысты: елге келемеж болмай, тағдыр талқысына түсіп, жүдеп кеткен аппақ көңілінің ластанып, өз елінде бас көтеріп жүріге шама-шарқысы болмады. Сол себепті, басқа жерге кетіп, біраз жылдардан соң, атамекеніне оралады. Қабіболла Сыдиықұлы өз зерттеулерінде ел арасында таралған осындай пікірлердің біразына өзіндік тұжырым жасап, нақты деректермен дәйектейді. Ең бастысы, Ақбөбек пен Қайыпқа қатысты жасаған экспедициялар мен зерттеулері арқылы нақты деректерге қол жеткізе отырып, дәлелдемелер арқылы осы тақарып төңірегіндегі материалдарды толықтырып, әдебиеттану ғылымының дамуына ерекше үлес қосты.

Ақбөбек пен Қайып – Маңғыстаудағы махаббат символына айналған қос ғашық. Өз дәуірінің қатаң ұстанымдарына бағынып, отбасы дәстүрінен аттай алмай, сүймесе де, әкешесі таңдап берген жігітке амалсыз тұрмысқа шыққан Ақбөбек арудың Қайыпқа деген махаббаты мен сағынышы жылдар бойы сары алтындай жүрегінің түбінде сақталып келді. Қайыптың аяулы махаббаты домбыраның ішегінен жыр боп төгіліп, жүрегін талай мұңға орады. Екеуінің махаббат ғұмыры әлі күнге дейін талайларды таңдандырып және тамсандырып келе жатыр. Ақбөбек пен Қайып хикаясы мен олардың ғұмырнамасы, әрқайсысының тұлғалық қасиеттері туралы зерттеу материалдары да қазіргі таңда жеткілікті. Сол арқылы Ақбөбек пен Қайыптың қаншалықты бір-біріне ессіз ғашық болғанын терең түсіне отырып, хикаяның зерттеу барысында өлке тарихын тану мәселелеріне де тоқталып өтуге негіз бар. Қос ғашықтың махаббат ғұмыры ғасырлар бойы ұмытылмай айтыла беретініні анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қорқытов Б. «Атырау ақын-жазушыларының кітапханасы» сериясының 21-кітабы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – 234 б.
2. Сыдиықов Қ. Еңбектері: Көптомдық. 4-том. Маңғыстау – музей. – Құраст. Ғ.Әнес пен Г.Омарова. – Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2021. – 320 б.

«КІТАБИ ТІЛ» ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ТАРИХЫ

Нұрғали Ж.

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 2-курс магистранты- Ақтау, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Нұрдаулетова Б.И., ф.ғ.д., профессор- Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инжиниринг университеті-Ақтау, Қазақстан*

Қазақ әдеби тілі тарихының бастау көзі мен тарихи дәуірлерге бөліну мәселесі сөз болғанда, «кітаби тіл» ұғымына тоқталмай өту мүмкін емес. Себебі, қазақтың жазба әдеби тілінің қалыптасуында «кітаби тіл» деп аталатын тілдік категория үлкен орын алады, ол қазақтың ғасырлар бойы қазақ халқының руханиятына қызмет етіп келген ауызша әдеби тіл мен ХІХ ғасырдың ІІ жартысында қалыптаса бастаған ұлттық жазба әдеби тілдің арасындағы алтын көпір болды. Дегенмен «кітаби тіл» терминінің қалыптасу тарихы, кітаби тілдің қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы орны, тілдік ерекшеліктері, өзімен тең дәрежеде қолданылатын өзге де тілдік категорияларға берілген ұғым-атаулардан (шағатай тілі, көне татар тілі, көне қазақ тілі, орта азиялық түркі әдеби тілі) айырмашылығы туралы түрлі көзқарастар бар.

Қазақ әдеби тілі ХІХ ғасырдың ІІ жартысында жаңа сатыға көтеріліп, «қазақтың ұлттық жазба әдеби тілі» дәрежесіне жетті. Бірақ академик Р.Сыздық айтқандай, қазақтың ұлттық жазба әдеби тілі тұтқиылдан пайда болған жоқ, оның алдында қазақтың жақсы дамыған сан ғасырлық ауызша әдеби тілі болды, сонымен қатар орта азиялық түркі әдеби тілі дәстүріне негізделген жазба әдеби тілі де болды [1, 17]. Қазақ әдеби тілін зерттеген ғалымдар Г.Мусабаев, І.Кеңесбаев, Т.Қордабаев, түркітанушы С.Малов орта ғасырлардағы Орта Азия түркілері қолданған жазба тілді қазақ халқының құрамына кірген ру-тайпалар да қолданғандығын, кейіннен ол бірнеше түркі ұлыстарына ортақ, араб-парсы элементтері молынан ұшырасатын «шағатай тілі» деп аталатын жазба әдеби тілге ұласқанын, кейіннен қазақ баспасөзі мен публицистикасы, қазақтың «кітаби ақындары» осы тілді қазақтың көркем тілімен араластырып пайдаланды деген пікірлерін білдірді [2; 3;4; 5]. Сөйтіп, ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ қоғамына қызмет ете бастаған жазба тіл шағатай тілінен бөлек «кітаби тіл» деп аталып, осы тілде жырлап, шығармалары баспа бетін көрген ақындар «кітаби ақындар» аталды.

«Кітаби тіл» терминін алғаш рет қолданған академик В.В. Радлов өзінің «Наречия тюркских племен живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи» атты еңбегінде қазақ халқының әдебиет туындыларын «халықтық сөздер» және «кітаби өлеңдер» деп екіге бөлді [6, 19]. Оның «кітаби өлеңдерді қазақтар жатқа айтпайды, кітаптан оқиды... Олардың сөз саптауында исламдық әдебиеттің немесе кітаби тілдің әсері анық байқалады...» айтқан пікірінде «кітаби тіл» дегені ортағасырлық түркі жазба тілі, ал «кітаби өлеңдер» деп отырғаны – сол тұста қазақ жеріне кең тарай бастаған шығыс әдебиетіндегі мазмұнына құрылған «қиссалар» деп аталған өлең кітаптар мен сол шығыс әдебиетінің аудармалары деп түсінілуі керек [7, 38].

Профессор Б.Әбілқасымов «кітаби тіл» термині В.В.Радловтың аталған кітабында орта азиялық түркі әдеби тілі терминінің баламасы ретінде, кейде орыстың «книжный язык» ұғымында қолданылған еді, кейіннен түркітанушы зерттеушілер Қазақ төңкерісіне дейін баспадан шыққан кітаптардың тілін, патша үкіметі кезеңіндегі жарлық т.б. ресми қағаздар тілін де «кітаби тіл» атауымен атай бастады дейді. Дегенмен, «кітаби тіл» терминін қолдануды, жалпы қазақтың ескі жазба әдеби тіліне атау беруде бірізділік жоқ.

Профессор Н.Т. Сауранбаев [8] ХІХ ғасырдың екінші жартысынан ХХ ғасырдың басына дейінгі қазақ жазба әдеби тілін «Орта Азия түріктердің тілі», яғни «шағатай тілі» деп аталатын тілмен аралас» дейді, ғалымның пайымдауынша, қазақтың сауатты ақындары шығармаларын осы тілде шығарған, бірақ қазақтың көркем әдеби тілін көбірек ендірген.

Профессор Б. Кенжебаев «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» атты еңбегінде сол дәуірде баспадан шыққан қазақ тілі кітаптарында араб, парсы, шағатай, татар, башқұрт, өзбек тілдерінің кірме сөздерімен аралас жазылғандықтан қарапайым қазақ халқы түсінбегендігін жазады. Яғни, ғалымның түсіндіруінше, бұл кітаптардың аты қазақша болғанымен, негізінен «түркі» тіліне негізделген еді дейді. [9, 9].

Кітаби тілдің қазақ әдеби тілі тарихындағы орны деген мәселеде XIX ғасырдың II жартысында қазақ әдебиетіне жеке жанр болып қалыптасқан «қиссалардың тілі» туралы мәселе тікелей қатысты. Өйткені шығыстық үлгіде шығарылып, ауызша, кейде басылып таратылған қиссалардың тілі аталған жазба кітаби тілдің қалыптасуына себеп болды. Қиссалар тілі дегенде міндетті түрде кітаби тіл термині қолданылады. Қиссалар немесе кітаби тіл туралы көзқарастар әртүрлі. Біршама ғалымдар қиссалардың тілі араб, парсы, шағатай, татар, башқұрт тілдерімен араласқан, қарапайым халыққа түсініксіз, қоспа тіл ретінде қараса (М. Балақаев, М. Томанов, Е. Жанпейісов), келесі ғалымдар тобының көзқарасы мүлде басқаша. Мәселен, ғалымдардың бұл пікіріне профессор Ғ. Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тілі» атты кітабында білдірген пікірі қайшы келеді. Оның айтуынша «...Орта Азия түркі халықтарында «шағатай» әдеби тілі деп аталатын кітаби тіл қолданылды. Бұл тіл қазақтың халық тілінен өзгеше болды. Соның өзінде халық тілінің негізі сақталады. «Кітаби тіл» қазақ халқы жақсы түсінетін, бұқараға кең тараған тіл болды... өйткені кітаби тілдің негізі көне түркі тілі – қазақ халқына жат тіл емес» [10, 14].

Академик Р. Сыздықова: «Қиссалардың «шағатайшылап» берілуіне бірнеше фактор әсер етті. Біріншісі – жаңа жазба дүниенің авторлары өз туындыларын бұрынғы оқылып келе жатқандардан (шағатайша әдеби үлгілерден) тіл жағынан алшақтамағаны, екіншіден, қиссалардың тақырыбы мен сюжеті шығыс әдебиетінен «түркі» тіліндегі ескерткіштерден алынды». Шағатай тілінде өте сауатты, көзі ашық, мұсылманша жақсы хат таныған қисса авторларының тіліне сол «түркінің» сөз саптауы мен тіл машығы оңай оралып тұруы да себеп болды. Үшіншіден, Ә. Құрышжановтың айтуына қарағанда, «кітаби тіл» діни уағыздамалардың жаны болды, діни қисса өлеңдерді халық санасына жеткізуді «кітаби тіл» өз мойнына алды» [1, 223], – деп жазады.

Профессор Б. Әбілқасымов қазақ әдебиетіндегі «кітаби тіл» терминін екі түрлі мағынада қолданылып жүргенін көрсетеді: біріншісі – шағатай немесе Орта Азиялық түркі әдеби тілінің (түркі) мағынасында; екіншісі – шағатай тілінің қазақ авторлары шығармасында қолданылған түрі [7, 40]. Бұл терминді кейбір авторлар XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ шығармаларының тілін көрсететін атау ретінде пайдаланып жүр.

Сондай-ақ, ғалым қиссалардың барлығы бірдей көне шағатай тілінде жазылмағанын, мазмұны жағынан шығыстық сюжетке құрылған, ерте замандардағы оқиғаларды баяндағанымен, тілі XIX ғасырдағы қазақтың көркем әдеби тілінде берілгендігін айтады. Қиссалардағы шағатай элементтерінің азды-көптігі авторына байланысты болды дейді [7, 36]. Мысалы, М. Жұмашұлы жырлаған «Қисса-и Салсал» дастанының редакция тарапынан түркі сөздері қазақ тіліндегі сөздердің жазылу нормасына сай түзетіліп берілсе [7, .294], А. Оразаев жырлаған «Бозжігіт» қиссасында өзге қазақ тілінде жырланған қиссаларға қарағанда, түркі әдеби тіл дәстүрі көбірек сақталды.

Шетел түркітанушылардың пікірінше, ортағасырлық түркі тілі ретінде санап отырған «шағатай тілі» XV ғасырдан XX ғасырдың басына дейін Орталық Азиядағы шығыс түркі халықтарының жазба және сөйлеу тілі болған. Көне түркі тілінен кейін қалыптасқан қараханид тілі барлық түркілердің ортақ жазба тіліне айналды. Қараханид мемлекеті ыдырағаннан кейін хорезм мен қыпшақ тілдері таралды. Әмір Темір билігі кезеңінен бастап түркі тайпалары шоғырланған аймақтарда дамыған мәдени-ғылыми ошақтарда кеңінен таралған ортағасырлық түркі жазба тілі, жан-жаққа шашырып кеткен түркі тілдерін біртұтас қалыпқа келтіріп, XX ғ. басына дейін қолданыста болған. Ортағасырлық түркі жазба тілі XV ғасырдан бастап Әмір Темір, Шайбани, Бабыр империясы мен Хиуа және Қоқан хандықтарында ресми мемлекеттік тіл ретінде қолданылған [10, 13].

Қысқасы, ортағасырлық түркі жазба тілі – Хорасан, Ферғана, Шығыс Түркістан аймақтарындағы әдеби тіл ғана емес, Үндістан, Қазан, Қырым және Осман империясымен ресми қарым-қатынас жасау мақсатында «лингва франка» қызметін атқарған. Ал Самарқанд, Бұхара, Герат, Хиуа, Қоқан, Қашқар сияқты ірі қалалары ортағасырлық түркі жазба тілін («шағатай тілі») дін, әдебиет, фольклор және тарих тілі ретінде қолданылған мәдени орталықтар болды [10, 13].

«Шағатай тілі» деген терминнің өзіндік мағынасы осы күнге дейін бір жүйеге келіп, дәл айқындала қойған жоқ. Алғашқы кездерде «шағатай әдебиеті» дегенге XI-XIX ғасырлардағы барлық түркі тілді әдебиеттерді түгел жатқызып келген болатын. Әбілғазы Баһадүр хан «Шежире-и Теракиме» шығармасының кіріспесінде Темір билігі кезеңінде араб және парсы сөздерімен аралас тілге «шағатай тілі» деген екен. Бұл атауды алғаш рет Х. Вамбери өзінің неміс тілінде жазылған «Саргатайские Sprachstudien» (Шағатай тілі зерттеулері, Лейпциг, 1867) атты еңбегінде қолданған [10, 14]. Осы еңбек Батыс Еуропа ғалымдарының арасында бұл терминнің кеңінен таралуына әсер еткен. Кейін Ж. Тюри, М. Хартманн, Я. Экманн сияқты түркітанушылар «шағатай» терминін қолдап, біраз еңбек қалдырды. Е.М. Кватремере, А. Пает де Куртеиль, Ю.Т. Зенкер сияқты француз ғалымдары «шығыс түркі тілі» деген сөз қолданып, «шағатай тілі» деген терминнің синонимі ретінде қарады [10, 13-14]. Дегенмен зерттеуде «ортағасырлық түркі жазба тілі» терминін қолданылатын болады.

XX ғасыр басында шыққан көркем әдебиет тілінде араб, парсы сөздері, диалектизмдер, терминдер, көне түркі және орыс тілдерінің, татар, өзбек тілдерінің элементтері кездеседі.

Зерттеушілер көне түркі тілінің қалдықтарын, араб, парсы сөздерін «кітаби» тілге жатқызады. Ә.Әбілқасымов: «Кітаби лексика дегенде жалпы халықтық тілдің сөздік қорынан бөлек тұрған сөздердің тобы бар екен деп ұғынбау керек... кітаби лексикаға жататын сөздер «Дала уалаяты» газетінде көбірек орын алған. Бірақ бұл ерекшеліктер барлық жылдарда, баулық мақалаларда сақталып отырмайды, яғни, мұнда біркелкілік, бірізділік жоқ. Сондықтан мұны ортаазиялық түркі әдеби тілі жазу дәстүрінің газет лексикасына тигізген әсері деп қана қарауымыз дұрыс сияқты» – дейді.

«Кітаби тіл» деп аталып жүрген жазба дәстүр ортағасырлық дәуірде жасалған үлгі. С.Исаев бұл дәстүрдің басты ерекшелігі ретінде көптеген түркі тілдеріне ортақ үлгілердің сақталуын жатқызады. Сондықтан сөйлеу тілінен шығып қалған көне тілдік элементтер әр кезеңдегі жазбалар тілінде қайта жаңғырып қолданылып отырады. Кітаби тілдің әдеби тілді дамытуда, байытуда қоықан белгілі үлесі бар. Өйткені кітаби тіл дәстүрі XV ғасырдан былайғы жерде қазақ халқының мәдени тұрмысының бір көрінісі болып табылатын әр түрлі жазбалар тілін құрау қызметін атқарумен бірге кейінгі кездегі әдеби тіліміздің қажетін өтеуге жарады, әдеби тілден тұрақты орын тепкен көптеген жаңа сөздердің, грамматикалық тұлғалар мен конструкциялардың жазба тіл арқылы келгендігі байқалады.

Кітаби тілде жарық көрген басылымдарды, сөздерді түсініксіз тілде жазылған араб тілді кітаптардан гөрі түсініп оқуға жеңіл болғандығын С.Мұқановтың, Ғ.Мұсабаевтің пікірлерінен де байқаймыз.

Сонымен араб, түркі, татар, өзбек тілдерінің лексикалық элементтері XX ғасыр басындағы ақын-жазушылардың шығармалар тілінде біршама кездеседі. Олар көбінесе саяси-қоғамдық, діни танымдарға байланысты сөздер. Дәуір талабы әдеби тілдің дамуына әсер етпей қоймайды. Кітаби лексиканың саны бірте-бірте азайып, әдеби тілде олардың орнына жалпыхалықтық ауызекі тілдің сөздері мен сөз тіркестері кеңінен қолданыла бастады.

Араб, парсы, көне шағатай тілінің элементтері кездесетін қазақтың көркем әдеби тілі «кітаби тіл» аталды. Ол қазақтың ауызша әдеби тілін кейінгі ұлттық жазба әдеби тілге жалғаған жартылай жазба әдеби тіл болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). Алматы: Арыс, 2004. – 288 б.
2. Мусабаев Г. Современный казахский язык. Алма-Ата, 1959. С 107-117
3. Кенесбаев С. Развитие казахского литературного языка в советское время// М.О.Ауэзову. Сб.статей к его 60-летию. Алма-Ата, 1959, С.57
4. Қордабаев Т. Тарихи синтаксис мәселелері. Алматы, 1965. – 8-16
5. Малов С.Е. К истории казахского языка // Известия АН СССР, № 3. 1941. – С 99
6. Радлов В.В. Наречия тюркских племен живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Часть III. Спб., 1870, с. 19
7. Әбілқасымов Б. XIX II ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. Алматы: Ғылым, 1982. – 224 б.
8. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тілінің совет дәуірінде дамуы және оның келелі мәселелері. – Қаз ССР ҒА Хабарлары. Лингвистикалық серия, 5-шығуы, 1948, № 77
9. Кенжебаев Б., Есназаров Ө. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1966. – 325 б.
10. Кайранбаева Н.Н. «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасының тілі. 8D02208 – Түркітану Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2022. – 164 б.

С.ҚОНДЫБАЙДЫҢ R-ПРИНЦИПІ ЖӘНЕ АР ПРАФОРМАСЫ

Ақбердыева Б.

*ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Маңғыстау филиалы,
Ақтау қ., Қазақстан*

Аурудың өзін тағдыр ретінде қабылдап, 36 жасында дүниеден озған, ғылымға тосын қырынан келіп, ғаламның тылсым құпия сырын білуге ұмтылған С.Қондыбайдың азаматтық тұлғасының өзі аңызға айналды. Ол «Киелі Қазақтың Мәңгі елі – реалды географияда емес, біздің санамыз бен түйсігімізде, яғни әрбір қазақтың ішінде орналасқан, әбден тұмшаланып, шаң басып, танылмай жатқан «ішкі елімізде. Мифология – осындай кеңістікті қайтадан танып білуге жол ашып беретін кілттердің ішіндегі негізгісі» дейді. Өткен заманның ұмыт болған қабаттарының бетін аршып алуға, естен шыққан Рухты, Киені, Ділді, Танымды еске түсіруге, түпсанамызда жатқан ұлттық архетиптерді оятуға мүмкіндік беретін әдіс те – осы мифология екендігін алға тартады. Серікбол Қондыбай адамзат тарихы мен мәдениетінде түркі халықтарының алатын орнын жоққа шығарып келген «үндіуропалық», «үндіарийлік» және «үндіирандық» теориялардың жалған деректерін түбірімен жоққа шығарған 16 кітаптың авторы. Оның ашқан жаңалықтары, сол баяғы мың жылдан астам уақыт бұрын Фараби сияқты кемеңгер бабамыз салған көне жолдың бүгінгі жалғасы, таза қазақ мүддесіне бағындырылған отандық ғылымның қайтадан жандануы, жаңғыруы болып саналады. Серікбол шығармаларының ұлы тағылымы да осында.«Арғықазақ мифологиясы» - С.Қондыбай шығармашылығының шыңы [1].

Себебі еліміз тәуелсіздігін алғанына ширек ғасыр толып, халқымыз басынан кешкен зұлматтарда жоғалтып алған, айырылып қала жаздаған ішкі дүниеміздегі «Мәңгі қазақты» тірілтуге, рухани жаңғыртуға бет алған мезетте - Серікболдың қазақтың ұлттық құндылықтар дүниесін құрайтын мифологиялық жадысын реконструкциялауға, қазақтың әлемдік мәдениет аренасында алатын үлес салмағын айқындауға бүкіл саналы өмірін сарқа арнаған бұл еңбегі қазіргі таңда үлкен сұранысқа ие болып отырғандығы жайдан жай болмаса керек.

Тіл адам санасының материализациялануы болса, онда сананың қоршаған әлемді тану сатыларының алғашқы нүктесі – мифтік ойлау өзінің субстанциясының да бастапқы «нүктесі» болуға тиіс. Сондықтан, тілдік таңбаның тұрпаттық жағынан оның мазмұндық жағына қарай бағытталған лингвистикалық зерттеуден гөрі, алғашқы нүктеден бері қарай, яғни, мифтік ойлаудан тілге, «көрілместің көресіндеріне» қарай зерттеу жүргізуді бастап бергендігі - Серікбол зерттеуінің жасампаздығы болып табылмақ.

Гуманитарлық ғылым салаларының барлығы да бастапқы ғылым – мифологияға арқа сүйеуі керек, олай болмайынша аталмыш салалардың жүйелі дамуы мүмкін емес» - дейді ол. Демек, мифология – адам мен табиғат туралы ғылымның қай-қайсысының да күрделі негіздерінің бірі.

Ғасыр басында адамзат қоғамы әлем, дүние, қоршаған орта туралы барлық мағлұмат лингвистикалық каналдар арқылы беріліп, сонда сақталатынына көзін жеткізді. Адам сөз дүниесінде өмір сүреді, орасан зор ақпараттарды адамзат сөз арқылы меңгеріп, сөз арқылы түсіне алады. Серікболдың зерттеу еңбектері мифологиялық сөздікті көзге елестетеді. Бір қарағанда түсініксіз, мағынасы күңгірттенген сөздер Серікболдың баянында кенеттен қайта жаңғырып, көкейіңе қонып шыға келеді.

Серікбол аршыған мыңдаған сондай сөздердің, мәндердің бірі – R-принципі және Ар праформасы.

Қазақ тіліндегі рет немесе ірет (ыр ет), ырық сөздері ыр түбірінен шыққан. Ыр прототүркілік мән, яғни суть, сущность дегенді берсе, ет (т, ат, ет, ұт, де, деу және т.б.) қозғалу, тірілу, сөйлеу деген қимыл-қозғалысты білдіретін етістіктің жалғануынан шыққан. ЫрЕТУ бастапқы ғалам заңын айту деген сөз дейді. Қазақ тіліндегі ежелгі батырлар туралы сөз жыр, йыр, ырда осымен байланысты. Осы прототүркілік ырет сөзі үндіеуропалық тілдерге ауысқан. Орыс тіліндегі ряд, порядок сөзі, сондайақ ежелгі үнді, ирандық рита сөздері, осыдан ритуал, қазіргі ағылшын тіліндегі арт өнер, ремесло сөздері осы түркілік реттің көшірмелері. АРТА ежелгі иран, авесталық сенімде ғаламдағы тәртіп-ретті анықтаушы, көрсетуші ұғым. Бұл сөздердің оңтүстік батыс азиялық күн тәңірі Рамен тікелей байланысты болуы кезінде Олжас Сүлейменовтің АЗИЯсында да айтылған болатын [2, 56].

Сонымен ЫРету немесе АРету ежелгі қазақтық түсініктегі бүкіл ғаламдағы, адамзат космосындағы, қоғам мен табиғаттағы мәңгі ереже, жөн-жосық, ырық-тағдыр.

Арет немесе АРТ праформасы – қазақ тілінде үш уақытты (арта, ерте, ертең, ертеде, ертерек), жасампаздықты (ерттеу мұнда жабайы тайды қолға үйретілген арғымаққа айналдыру, яғни тағы қоғамнан өркениетке өту) үйрету мәніндегі қозғалысты (мысалы, ерту, ертіп кету, артынан ерту - үлкеннің кішіні, кәрінің жасты артынан ертуі – үйретуі), сонымен бірге ерекшелік пен биіктікті білдіретін (арттық, арттыру, арту, артық, ардақ) жаңа ұғымдар туғызған. Сонымен ырық, ырым, ырас, ырыс, ар, ер, жар, жарату, төр, жыр, ыр, ор, өр, ұран, үрей, рет, ерік, ертегі тағы басқа сөздердің бір праформадан шыққандығын айтады. Осы жерде айта кететін жайт бұл түбірдің дейтүркілік екендігін тілімізде көп мағына туғыза алатындығымен дәлелдеп көрсетіп тұр.

Ар сөзіне ерекше мән беретін тіл қазақ тілі. Қазақ рухы үшін ең жоғары сөз де осы Ар сөзі. Қазақ тіршілік, өмір атаулыны үш деңгейде көре білген. Бірінші, қарабайыр, тоғышар тірлік, дүниемал жию, қарын тойғызу оны мал тірлік дейді. Екінші кәдімгі адами иманды тірлік. Оны жан өмір дейді. Үшінші, Ар тірлік. Ол арғы дүниедегі тірлік пе, әлде басқаша тірлік пе? Дәл анықтама беру қиынның қиыны. Бірақ ол қазақ үшін екеуінен де маңызды, биік тұр. Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы.

Армысың деген амандасу сұрағына адам бармын деп жауап беріп амандасады. Яғни Армысың ба деген сұрақты сен арсың ба деген сұрақ екенін білеміз, оған ия бармын, яғни арым бар деп жауап береді.

Енді осы сөзбен түбірлес Арыс адам атаулының таңдаулысы, адам арасындағы ең қадірлі пенде, ардақтысын, артығын арыс дейді, бүкіл қазақтың төл аталары болып табылатын үш мифтік кісінің аты Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс болуы да кездейсоқ емес.

Осындай модельде сегіз арыс адай, алты арыс арғын сияқты сипаттамалар жасалған. Осындай ең таңдаулы аң патшасы арыстан; арлан бөрінің таңдаулысы, ері, батыры; ардақ сыйлы, таңдаулы, қадірлі; артық белгілі мөлшерден көп, жоғары болу; ардагер, артықшылық сөздері де осы ретте.

Ар - жалпы дүние ғаламның, тіршіліктің жоғарғы мәні, яғни ар кеңістік, ар уақыт, ар қозғалыс. Ертедегі адам дүние тірлігін екі бөлікке бөлген бірі о дүние, екіншісі бұ дүние. О дүние Ар дүние арғы дүние, ал бұл дүние, болмыс, анықтаушы болған ар сөзінің алдына Б (бы, бі, біз яғни меннің көпшесі, мына, бұл, мынау, мен деген яғни мы, ым, мі, ім М принципі) жалғанып бар сөзіне айналған. Ардүние Бар дүние. Арғы дүние Барғы дүние, арғы-бергі екі дүние дегені осы дейді.

Арғықазақ арға болмыстан басқа, жоғары дүниені теліген. Оны о дүние деп түсінуге болады. О дүние ар болса, о дүниенің адамы өлген адам жаны арлық пенде, немесе арық пенде болған. Бүгінгі қазақ тілінде бұл сөздің мағынасы жүдеу, еті қашқан, құр сүлдесі қалған дегенді білдіреді. Еті не майы жоқ, қу сүйек. Ет пен май бұ дүниенікі болса, сүйек о дүниенікі. Арық сөзінің ежелгі мифтік мағынасы да осыған байланысты. Осы жерде ер арыса аруақ, ат арыса тулақ деген мақалды келтіре отырып, Серікболдың айтып отырған сөздерінің дәлелді екендігін тағы да атап өтуге болады.

Араб-парсынікі делінетін, бірақ түркінің төл сөзі болып табылатын аруақ сөзі де манағы праформадан шыққан.

Мифтік архетипті реконструкциялау сөздің, тілдің көмегінсіз іске аспайды, сондықтан, мифті қалпына келтіру әрекетіне тілді, байырғы сөзді қалпына келтіру әрекетін қосақтауға тура келеді. Осы екеуі - сөз бен миф – бір-біріне қосақтала, бірін-бірі жетектей жүріп, бір-бірінің жетіспес жерін толықтырады, бір-бірінің қателіктерін түзетеді, осылайша бір-біріне көмектесе жүріп, өздерін өздері қалпына келтіреді, жаңадан, қайтадан тудырады.

Мифтің дүниежүзілік тарихи құбылыс екендігін тану – мифтік бастапқы интуиция (Канттың терминологиясында «синтез первоначального целого») қайдан пайда болды, феноменологиялық жағынан алғаш пайда болғанда қандай мазмұнға ие болды деген мәселелерді анықтаумен қатар жүреді. Серікболда бұл Нұр немесе Құдайы құдірет, Абсолют, ал оның адамдарға, жер бетіне түсірілетін доктринасы Ілкі төр деп аталады [3].

Сөзімді қорыта келе, Серікболды тануда, танытуда алғашқылардың бірі болып өз пікірін білдірген, дүниеден озып кеткен қазақтың талантты жазушысы, өнертанушысы, ғалым-азамат Таласбек Әсемқұловтың: «Абырой заңында» Серікбол байырғы қазақ қоғамының ескі әскери дәстүрлерін, ескі салт-санасын қалыпқа келтіру арқылы ұлттық мінезді түзеуге болатынын айтады және ойларын жалаң ұран формасында бермеген, нақты шараларды, оны іске асырудың жолдарын да атап көрсеткен. Бүгінгі қазақтың генінде, санасының терең түкпірінде сақтаулы жатқан көне қазақ бейнесін қайтадан тірілтуді армандаған. Серікбол, әрине, арманына жете алмай кетті. Енді бұл міндет бүгінгі қазақ қоғамының алдыңғы қатарлы азаматтарының мойнында» деген болатын. Осыны тілге тиек ете отырып, Серікбол Қондыбай шығармашылығы арқылы бүгінгі қазақтың санасының терең түкпірінде сақтаулы жатқан МӘҢГІ ҚАЗАҚ бейнесін рухани жаңғырту біздің басты міндетіміз болуы тиіс дегім келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 4 томдық – Алматы: «Дайк-Пресс», 2004.
2. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 15-том. Таңдамалы мақалалары (1991-2005жж.). - Алматы: «Арыс» баспасы, 2010.- 444 бет.
3. Ақбердыева Б.Қ. Қазақ тіліндегі мифтік жүйе. -Алматы: «Арыс», 2005. -185 б.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ АРЕАЛОГИЯЛЫҚ ЖІКТЕЛІМ КЕЗЕҢДЕРІ (ОҒЫЗ ТІЛ ТОБЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ)

Маңғыбаева А.К.

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 2-курс магистранты- Ақтау, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Нұрдаулетова Б.И., ф.ғ.д., профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инжиниринг университеті- Ақтау, Қазақстан*

Тілдердің ареалды ортақтығы – әр түрлі лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың әсерінен бірдей құрылымдық белгілері бар екендігі анықталған (тарихи тұрғыдан) ареалогиялық белгілер. Түркі тілдерінің даму және қалыптасу тарихында көптеген рулық және ортағасырлық, сондай-ақ түркі тілдерінің ұлттық бірлестіктері болғандығы белгілі.

Түркі тілдеріндегі ареалогиялық ерекшеліктер ең алдымен, аталмыш түркі тілдерінің өзі сол кезеңде туысқан тілдер саналатын Алтай семьясының басқа топтарынан — моңғол тілінен, тунгус-маньчжур және кәріс-жапон тілдерінен алшақтағандығынан бастау алды.

Нағыз ареалды жіктелімнің екінші кезеңі, яғни Алтай семьясына жататын кейбір тілдерден бөліне бастағаннан кейінгі кезең, қазіргі түркітану ғылымында ғылыми тұрғыда түркі тілдерінің топтасуының алғышарты саналатын б.з. I-II ғасырларда екі үлкен ареалға бөліну болатын. Осының салдарынан көптайпалы Хунну одағы екіге бөлінді: батыс және шығыс хунну. Дегенмен бұл тілдердің тілдік ерекшеліктеріндегі нақты элементтер бізге дейін жетпеген.

Түркі тілдерінің ареалды бөлінуінің үшінші тарихи кезеңіндегі тілдік бөліністер қазірдің өзінде нақты географиялық іздер ретінде аталады. Тілдердің ареалды бөлінуінің осы кезеңіне мыналар жатады: бұлғар ареалдары, оғыз ареалдары, қыпшақ ареалдары, қарлұқ ареалдары, ұйғыр және қырғыз-қыпшақ ареалдары. Үшінші кезеңге сәйкес келетін бұл тілдік ареалдардың өзіндік құрылымдық деңгейлері, тілдік құбылыстары, географиялық орналасулары күні бүгінге дейін фактілі түрде нақты сақталып келеді.

Түркі тілдері ареалдарының пайда болуындағы төртінші тарихи кезең географиялық шекарасы Кеңес Одағы тұсында белгіленген мынадай реалды интеграциялық және дифференциациялық процестермен сипатталады:

- КСРО-ның батыс аудандары
- Кавказ
- Еділ бойы
- Сібір

Сонымен қатар кейбір шет елдердегі түркі тілдерінің ареалдары:

- Түркия
- Қытай Халық Республикасы
- Ирак
- Иран
- Ауғанстан [1].

Түркі тілдерінің соңғы, бесінші ареалды бөліну кезеңі КСРО халықтары ұлттық тілдерінің дамуымен сипатталады. Бұл халықтар, жоғарыда атап өткендей, Кеңес Одағының тиісті түркі республикалары мен автономиялық облыстары және кейбір шет өңірлердің халқы.

Түркі тілдерінің ішінде ареалдық жіктелімнің барлық кезеңінде географиялық шекарасы да, тілдік ерекшеліктері де еш өзгеріссіз тұрақты сақталып келген тарихи ареалдардың бірі – оғыз тіл тобы. Таралған аймақтары: Кіші Азия, Балқан түбегі, Оңтүстік Молдова, Әзірбайжан, Түрікменстан, Иранның солтүстік аймақтары, Ирак, Сирия және Ауғанстан. Негізгі тілдері: әзірбайжан, түрік, түркмен және гагауз.

Оғыз тіл тобының диапазоны жоғарыда аталған негізгі тілдерден басқа фонетика, лексика және грамматикалық ерекше белгілерімен сипатталатын негізгі оғыз тілдерінің диалектілік жүйелеріне кіретін немесе белгілі бір негізгі тілге қатынасы әлі анықталмаған көптеген окшауланған диалектілерді қамтиды. Бұл тілдер мен диалектілерде негізінен Сирия, Ирак, Иран және Ауғанстанда тұратын оғыз тектес әртүрлі этникалық топтар мен тайпалар сөйлейді. Мәселен, Солтүстік Иранның түркілік құрамын зерттеу нәтижесі көрсеткендей, осы аймақтың диалектілерінде йомуд, геклен, нохурлы, теке, ата және т.б. сияқты ірі түркмен тайпалары сөйлейді.

Сонымен қатар, бүгінде қарапапахтар немесе терекеме, қарақоюнлу, дюнбюль немесе шарыхчи, қашар, айрым, баят, афшар, қашқай, баиндир, игдир, имрели, халаджи және т.б. сынды өзіндік атаулары бар рулық бірлестіктерге кіретін окшауланған оғыз тайпалары мен этникалық топтары ерекше қызығушылық тудырып отыр. Аталған этникалық топтардың кейбіреулері Кеңес Одағының аумағында, негізінен Закавказьеде тұрады. Оларға Әзірбайжан аумағында тұратын қарақоюнлы, қашар, айрым, шахсевен, баят мен афшарлар, Арменияда тұратын қарапапах немесе терекемелер жатады. Осы аудандардың диалектілерін жүйелі түрде зерттеу тұралап қалған, тек бастапқы сатысында тұр десек те болады. Бұл бойынша қазіргі таңда Н.Н. Джанашия, В.В. Гудиашили, В.Т. Джангидзе және т.б. сынды грузин және армян диалектологтарының зерттеулері жарияланды.

1952 жылы Н.А. Баскаков Армян КСР-нің Калинин ауданында болған кезде осы өңірлерді мекендейтін терекеме немесе қарапапах деп аталатын Әзірбайжан диалектісінің ерекшеліктерімен танысып, оны былайша баяндайды:

«Қара-Иса, Эвлю, Ильмазлы, Союз-Булах, Сарай, Қызыл-Шафаг, Демирчиляр, Қара қала, Қызыл-Таш және т.б. диалектілер өте көп екен. Дегенмен, бәрінен де бұрын біздің назарымызды аударған ұлт атауы – "қарапапах" немесе "қарапах", мағынасы жағынан "қарақалпақ" этникалық атауына өте жақын болды» [2]. Бұл мәселе түрік зерттеушісі З. Валили ұсынған теорияға байланысты түркологияда үлкен қызығушылық тудырды. Аталмыш ұлттардың (қарапапах пен қарақалпақ) жалпы шығу тегі туралы теория негізге алынып, тілдік диахрониясы жан-жақты сараланды. Алайда, қарапапах тілінде жазылған мәтіндер мен диалектологиялық сөйлеу ерекшеліктері, сондай-ақ осы ұлт тілінде сақталған жалпы атаулар мен этнографиялық ерекшеліктер тілдік материал деп белгіленіп, нәтижесінде қарақалпақтар мен қарапапахтар этногенетикалық тұрғыдан бір-бірінен алыс деп танылып, олар оғыздар мен қыпшақтардың жалпы тайпалық бірлестіктерінен шыққан екі бөлек тіл деген қорытынды жасалды.

Ал «қарапапахтар» мен «терекемелер» ше? Түрік ғалымдарының пікірінше, Карса мен Ахиска аудандарында тұратын осы тайпаның отырықшы бөлігі "қарапапахтар" деп аталады. "Терекеме" атауы сол тайпаның көшпелілеріне тиесілі. Дәлірек айтсақ, "терекеме" – оған түріктер берген атау. Сондай-ақ ел ішінде бұл тайпаны әр түрлі атаушылық жиі кездеседі: безбаш, гагаван, чинчават. Терекеме немесе Карса аймағында тұратын қарапапахтардың құрамында "мурид" тобы бар, бірақ олар діни секта болып табылады. Айта кету керек, екінші реттік экстралингвистикалық факторлардың әсерінен оғыз ареалы кейінірек подареалдарға бөлінді: оғыз-түркмен — шығыс оғыз ареалдары, оғыз-селжұқ — оңтүстік оғыз ареалдары және оғыз-болгар – батыс оғыз ареалдары. Бұл подареалдар сәйкесінше ерекше белгілермен де сипатталады. Мәселен батыста және Балқанда – негізінен славян тілдерінің айтарлықтай әсерімен ерекшеленетін маргиналды тілдер; шығыста – Орта Иран дәуіріндегі Иран тілдерінің бірігуіне ұшыраған аралас оғыз-қыпшақ диалектілерінің болуы және оңтүстікте екі тілдің әсерінен болған өзгерістер: Кавказ-Иран, Кіші Азия-Грекия.

Оғыз тілдерінің таралуының аумақтық ұзақтығына қарамастан, олар көршілес аймақтардың — болгар, қыпшақ, қарлұқ, ұйғыр-оғыз және қырғыз-қыпшақ аймақтарының маргиналды аймақтары саналады. Түркі тілдерінің тарихи диалектологиясының кезекті міндеттерінің бірі осы тарихи ареалдардың нақты шекараларын зерттеу және анықтау

болып табылады, олар туралы мәліметтер бірқатар арнайы зерттеулерде келтірілген. Түркологтар еңбектерінде VI-VIII ғасырлардан бастап тарихи мәліметтер жинақтала бастаған. Бұл бағытта бірқатар зерттеулер жүргізілді, мысалы: И.А. Батманов, А.Н. Кононов және А.Ф. Габен.

XI-XII ғасырлардағы түркі тілдері мен диалектілерінің географиялық таралуы, сондай-ақ сипаты туралы салыстырмалы түрде дәлірек және шынайы мәліметтер Махмуд Қашғаридің "Диуани-лұғат-ат-Түрк" кітабында оғыз, қыпшақ, қарлұқ және аз дәрежеде басқа да түркі тілдері мен диалектілеріне (негізінен Орта Азия мен Шығыс Еуропаға) қатысты берілген. Ал болгар, оғыз, қыпшақ, қарлұқ, ұйғыр және қырғыз-қыпшақ тілдері мен диалектілерінің таралуы туралы толық сипаттама мен мәліметтер XVI-XIX ғасырлардағы түркологиялық зерттеу еңбектерінде ашыла көрсетілген. Осы уақытқа дейін болгар, оғыз, қыпшақ, қарлұқ, ұйғыр және қырғыз-қыпшақ тілдерінің барлық ерекшеліктері толық түсіндірілмеген, сондай-ақ олардың ареалдары дәл анықталмаған. Осының салдарынан тілдің әртүрлі деңгейлеріндегі белгілі бір құбылыстар мен фактілердің әртүрлі тарихи қалыптасқан тайпалық қауымдастықтарға қатынасы туралы негізсіз тұжырымдар жиі жасалған болатын.

Қорытындылай келе, қазіргі түркі тілдері мен диалектілері ғасырлар бойғы өзара байланыс пен араласудың нәтижесі болып табылады, сондықтан кейбіреулерінің жеке ерекшеліктері, мысалы, оғыз диалектілері қыпшақ немесе басқа тілдерде, ал қыпшақ элементтері оғыз немесе қарлұқ тілдерінде және т.б. көрініс табуы әбден мүмкін. Осыдан шығатын түйін: қандай да бір тілдің немесе диалектінің белгілі бір ареалға қатынасы жеке ерекшеліктермен емес, топтық белгілердің күрделі изоглосстарымен анықталуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вопросы алтайского языкознания : К 70-летию Проф. Н. А. Баскакова: Сб. — Горно-Алтайск, 1976. 49-б.
2. Н.А. Баскаков. Огузский ареал в истории консолидации тюркских языков // Советская Тюркология, № 1. Баку, 1987. 4-б.

КОНЦЕПТ ТЕРМИНІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫ

Нурланова А.Н.

*Қазақ тілі мен әдебиеті ББ 2-курс магистранты Қ.Жұбанов атындағы АӨУ
Ақтөбе, Қазақстан*

«Концепт» сөзінің мәнін сипаттау мәселесі қазіргі лингвистика ғылымы үшін өзекті болып қала береді. Концептілер жүйесі адамның шындықты түсінуін көрсететін дүниенің жалпы бейнесін құрайды. Адам заттар әлемінде емес, оның интеллектуалдық, рухани және әлеуметтік қажеттіліктері үшін жасаған концептілер әлемінде өмір сүреді. Концептінің проблемалық өрісін талдау және дүниенің тілдік бейнесін түсінуді ғылыми білімнің салыстырмалы түрде жас саласы – когнитивтік лингвистика жүзеге асырады.

«Концепт» және «мағына» әртүрлі ғылымдардың терминдері. «Мағына» термині логика мен философияда қолданылады, ал концепт математикалық логика, мәдениеттану термині қызметін атқарады [1; 12 б.]. Сондай-ақ, концепт қазіргі когнитивтік лингвистикадағы негізгі құбылыстардың бірі болып табылады. Қазіргі уақытта «концепт» термині көптеген гуманитарлық ғылымдарда кеңінен қолданылады.

Қазіргі уақытта «концепт» терминінің нақты және дәл анықтамасы жоқ, өйткені ол бірден когнитивтік ғылым, семантика және лингвомәдениеттану сынды бірнеше саланы қамтиды. Бұл термин лингвистикалық формасы жағынан мағынасы өзіне жақын «мағына» терминіне ұқсас. Негізгі міндеті – «ұғым» терминінің барлық аспектілерін қамтитын дәл және нақты анықтама беру.

Философия мен лингвистикадағы концепт – мазмұнға толы сөздің ұғымын, белгілі бір атаудың семантикалық мәні болып табылады. Ол сол атаудың өзінен және оның объективті мағынасынан ерекшеленеді. Концепт термині көп жағдайда ұғым және мағынамен сәйкестендіріледі.

Концепт – тіл ғылымындағы мотив сияқты дәстүрлі өрнекке ие тұрақты лингвистикалық немесе авторлық ой [2; 27 б.].

Концептінің құрылымдық сипатына қатысты көптеген көзқарастар бар. Мәселен, белгілі лингвист С.А.Аскольдов оны ойлау процесінде бір тектес заттардың белгісіз жиынтығын алмастыратын психикалық формация ретінде анықтайды [3; 24 б.]. С.А.Аскольдовтың пікірінше, концепт объектінің кейбір жақтарын немесе нақты әрекеттерді, мысалы, «әділеттілік» концептісі осы әділеттілік ұғымын алмастыра алады. Ғалым өз еңбектерінде когнитивтік ұғымдардың табиғаты туралы көп айтады.

З.Д.Попова, И.А.Стернин сияқты белгілі ғалымдар концептінің құрылымдық сипатына «танымдық әрекеттің нәтижесі болып табылатын, салыстырмалы түрде реттелген ішкі құрылымы бар адамның психикалық кодының негізгі бірлігі болып табылатын дискретті психикалық формация» деген анықтама береді.

«Концепт» пен «мағына» ұғымдарының тең еместігі туралы тіл ғылымы В.Н.Телиязов еңбектерінде атап өтеді [3; 42 б.]. Оның пайымдауынша, «мағына» терминінің «концепт» терминіне ауысуы жай ғана терминологиялық алмастыру емес: концепт әрқашанда нақты нәрсеге құрылған білім болып табылады, яғни ол объектінің маңызды белгілерін ғана емес, сонымен қатар берілген лингвистикалық қауымдастықтағылардың барлық мәні туралы білімге толы.

Б.С.Жұмағұлова: «Концепт ұғымнан анағұрлым кең, ол ұғымның мазмұнын қамтиды, сондай-ақ оның құрылымын “бастапқы формалар” (этимология), мазмұнның негізгі белгілері сығымдалған тарих, қазіргі заманғы ассоциациялық бағалаулар тағы басқа құрайды. Ұғым ғалам туралы ғылыми білімдерге сүйенеді, олар логикалық қатынастар жүйесіне орнығады. Концепт сөздің сөздіктегі мағынасынан бөлек, адамның эмоциялары мен сезімдеріне негізделген жеке тәрбиесіне сүйенеді”, - деп көрсетеді [4; 2 б.].

Концепт ұғымына мысал келтіретін болсақ, қазақ танымында ерекше орын алатын концептілік ұғымдардың бірі – «құт» сөзі. Қазақ дүниетанымында «құт» концепті қасиетті, киелі ұғыммен байланысты. Қазақтың өзіндік санасында отбасының бақыты мен бірлігі әйел затымен байланысты, сондықтан береке-бірлікте өмір сүріп жатқан көп балалы, бақытты жанұяларды «құт қонған отбасы» деп сипаттайды.

Тілдегі «құт» лексемасының орныққан мағыналарының бірі – береке, бақыт. Мәселен, шаңырақтың құты болып кірген жас келін алғаш рет үйге кіргенде, оған «қадамың құтты болсын!» деген тілектер айтылады. Сондай-ақ қазақтарда кез келген қуанышты оқиғаға орай «құтты болсын» деген сөзбен құттықтау әдетке айналған. Бұл қазақ тілегінің астарында кез келген жақсылық, береке, қуанышты оқиға Алла Тағаланың қалауымен орындалды және құтты болсын айту арқылы бұл береке ұзаққа созылады деген түсінік бар.

Сонымен қатар, қазақ дүниетанымындағы түр-түстік концептінің бірі – «қоңыр» концептісі. «Қоңыр» сөзінің когнитивтік белгілері – қазақ халқына тән жайлы мінезді, орта тұрмысты білдіреді [5; 39 б.]. Мәселен, біздің тілдік қолданысымызда «қоңыр тұрмыс», «қоңыр саз», «қоңыр салқын», «қоңыр қозы» сынды тіркестер жиі қолданылады. Осы когнитивтік белгілер «қоңыр» концептісінің құрылымдық мазмұнын құрайды.

Тағы бір қазақ халқының кең аяда қолданылатын концептілік ұғымының бірі – «бауыр» концептісі. «Бауыр» сөзінің мағыналық құрылымы – жақындық, туыстық, ет бауырың деген ұғымды береді. Адам ағзасында да бауырдың атқаратын қызметі маңызды. Сол секілді, әрбір адамға өзінің ет бауырына айналған туысының орны бөлек. Қазақ дүниетанымындағы «бауыр» концептісінің құрылымдық мағынасы да осыны білдіреді.

Қазақ тілінің фразеологиялық бірліктерін когнитивтік аспектіде зерттеуде «әйел» концептілік лексемасы тілдік фактор қызметін атқарады. Әйел сөзімен байланысты сан алуан фразеологиялық бірліктер күрделі мағына мен прагматикалық әсерге ие болып, әйел

бейнесімен семантикалық ассоциациялармен байланысты семантикалық категориялар парадигмасын құрайды [6; 22 б.]. Қазақ тілінің әйелге байланысты фразеологиялық бірліктер семантикасында халықтың мәдени өмірін, ойлау жүйесін, дүниетанымындағы ұлттық менталитетті бейнелеуімен ерекшеленеді. Қазақ тілінде әйелге байланысты танымдық мәдениеттің ақпараттық ерекшеліктерін ашатын концептуалды құрылымдар бар. Қазақтың салт-дәстүрінде әйелге тән жақсы қасиеттердің бірі – еріне ақылды жар болып, қиын шақта ақыл-кеңес беру. Қазақ даласының тарихында даналығымен барша халықтың құрметіне, құрметіне бөленген әйелдер аз емес. Ақылды әйелдер қиын-қыстау күндерде күйеуінің қасында болады, ақыл-кеңесі мен қамқорлығымен шабыттандырады, күш-қуат береді.

Осылайша, концепт сөз бен шындық арасында делдал қызметін атқарады. Концепт терминінің құрылымдық сипаты ассоциативті елестетулердің тұтас кешенін қамтыған кезде сөз мағынасының тұтас потенциалы болып табылады. Мағына – концептінің бір бөлігі, ол тар мазмұнды білдіреді. Дегенмен, мағына дегеніміз – сөз құрылымының ішкі мағынасы арқылы көрінетін санамыздағы заттар мен құбылыстардың бейнеленуінің туындысы. Когнитивтік лингвистиканың пәнін анықтау да, тіл семантикасын талдау әдістерін жасау да соған байланысты болғандықтан, концепт пен сөз мағынасының арақатынасын қайта қарастыру өте маңызды. Концепт – адамның когнитивтік санасының, мағына – тілдік сананың жемісі. Мағына (семема) концептіні құрайды, бірақ ол әрқашан концептінің семантикалық мазмұнының бір бөлігі ғана. Негізгі концептуалды белгілерді беретін де лексикалық мағынаның құрамдас бөліктері, бірақ толық сипатынада емес, тар шеңберде береді. Сөздің лексикалық мағынасына қатысты концепт көлемді. Концептінің құрылымы сөздің лексикалық мағынасына қарағанда әлдеқайда күрделі және көп қырлы.

Мағынаның когнитивтік белгілері концептінің мазмұнын құрайды. Сөз мағынасы, семемасы да танымдық сипатқа ие – ол концептінің мазмұнын құрайтын жеке танымдық белгілерді білдіретін және сөйлеуде көрсететін семалардан тұрады. Концептінің құрылымдық сипатының бүкіл мазмұнын түсіндіру үшін көптеген сөздердің мағынасын білдіретін көптеген лексикалық бірліктер қажет. Терминологиялық саралау мәселесін қарастырғанда концепт – концептсферасының бірлігі, мағына – тілдің семантикалық кеңістігінің бірлігі екенін ескеру қажет.

Сонымен, жоғарыда айтылғандардың барлығын қорытындылай келе, концепт терминінің құрылымдық сипаты – ең жоғары рухани құндылықтарға сілтеме жасайтын, тілдік өрнекке ие және этномәдени ерекшелігімен таңбаланған ұжымдық сананың бірлігін білдіреді. «Концепт» және «мағына» терминдері бірдей емес. Концепт – адамның когнитивтік санасының, мағына – тілдік сананың жемісі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аитова Н.Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: Оқу құралы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы АқМУ, 2006. – 161 бет.
 2. Әмірбекова А. Көркем мәтінге концептуалдық талдау жүргізу үлгілері //
 3. Кайдар А. Тысяча метких и образных выражений. Астана, 2003. С.121.
 4. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 2004.
 5. Р.Сыздық және қазақ тіл білімінің мәселелері: конф. мат. – Алматы: Арыс, 2004. – 224 б.
 6. Попова, З. Д. Когнитивная лингвистика / З. Д. Попова, И. А. Стернин. М.: АСТ; Восток-Запад, 2007. С. 91-110.
- <http://emirb.org/issn-1607-2782-respublikali-filimi-edistemelik-v2.html?page=29>

АУЫЗША СӨЙЛЕУ НОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ӨРІСІ

Куватбаева Ж.Б.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Нұрдаулетова Б.И., ф.ғ.д., профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, -Ақтау, Қазақстан

Ауызша тіл — дыбысталып айтылатын тіл және бұл жерде ой білдірудің құралдары мен фонетикалық жүйесі қолданылады; ауызша тіл сөйлеу үрдісінде пайда болады; ауызша тілге сөзді суырып салып, табан астында айту шеберлігі мен тілдік ерекшеліктері тән.

Ауызша тіл тыңдаушыны қажет етеді. Сөйлеуші мен тыңдаушы бірін-бірі естіп қана қоймайды, бірін-бірі көріп отырады, сондықтан да Ауызша тіл айтылған ойдың қалай қабылдануына тікелей тәуелді болады. Ауызша сөйлеу тілінің құрылымы сауатты түзілген болуы керек. Айтылған ойдың мағынасы қарапайым, әрі қысқа беріліп, көрермендердің тез, әрі оңай қабылдауларына мүмкіндік жасалуы тиіс. Алайда бұндай талаптар сақталмаған жағдайда тілдің ауытқулар пайда болады. Жалпы нормадан ауытқуды академик Р.Сыздық уәжді, уәжсіз деп бөледі. Уәждісі өз контекстінде қабылдауға болатын ауытқу болса, уәжсізін «ақтап алуға» келмейтін ауытқу деп түсіндіреді.

Жалпы мемлекеттік тіл дәрежесі қазақ әдеби тілінің бүгінгі қоғамға қызмет ету өрісін кеңейте түсті: бұл күнде қазақ тілі – ең алдымен, оқу - ағарту, тәрбие құралы, одан соң сан салада дамып, жоғары деңгейге көтерілген ұлттық көркем әдебиеттің тілі, мазмұны мен мақсаты түрлене түскен баспасөздің тілі, енді өрістей түскен ғылым тілі, республика қолданатын заңдар мен ресми іс қағаздары тілі, театрлар мен радионың тілі, кино мен теледидардың тілі. Сонымен қатар, әрине, қазіргі қазақ тілі – бүгінгі адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде өзара ұғынысатын ауызша сөйлеу тілі мен ауызекі сөйлесу тілі. Қысқасы, қазақ тілі – бұл күнде республикамыздағы 7-8 миллионға жуық, ал жалпы дүние жүзіндегі 10 миллионнан асатын қазақ халқының ана тілі [1].

Көптеген зерттеуші ғалымдар бүгінгі таңда жазба тілден гөрі ауызша сөздің қоғамдағы орны айрықша мәртебеге ие болып, әлеуметтік мәнділігі күшейе түсті дейді. Ауызша жеке адамдар арасында, әртүрлі топта, сахна өнерінде, аудио-аудиовизуалды ақпарат құралдарында, электронды байланыс жүйелерінде тілдік қарым-қатынастың негізгі құралы болып отыр.

Қазақ тіліндегі сөздер сингармонизм заңдылығына қарай жуан, жіңішке, еріндік, езулік түрінде үндесетіні белгілі. Тек үндестік заңы емес, сөздердің дұрыс айтылу заңдылықтары да белгілі бір нормаға сүйенеді. Сонымен, сөйлеу мәдениеті дегеніміз ауызша сөйлеудің жалпы тіл мәдениетіне қойылатын талаптармен қатар, өзіне тән нормаларды сақтауы болып табылады. Бұл нормаларға сөйлеу үстінде сөздерді дұрыс дыбыстау, сөздің сазын келтіріп айту тәртібі жатады [1].

Дұрыс дыбыстау мәселесін сөз еткенде, төл дыбыстарға баса назар аудармыз. Қазіргі қазақ тілінің ауызша сөйлеу нормаларының сақталмау құбылыстары жиі белең алып, бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Тілі білімінің басқа салаларына қарағанда ауызша сөйлеу нормасын кешенді зерттеуді қолға алу қажеттілігі туды, себебі постиндустриялы қоғамның даму сатысы жоғары болса, қазақ тілінің даму сатысының төмен екенін байқаймыз. Сондықтан ұлттық әдеби тіл әбден қалыптасып, барлық адамдарға, тіл қолданысының барлық саласында, сол ұлт мекендеген барлық өлкеге ортақ, бірдей болған күнде ғана сол тілде ауызша дұрыс сөйлеудің нормасы, оның ішінде орфоэпия тәртіптері баршаға түгел міндетті сипат алады.

Ал сол орфоэпия сөз сазына, айтылымға сүйенеді. Сөздерді дұрыс дыбыстау нормалары әдеби тілге тән бірізділік, жалпы халықтың сипат алады. Халық – сөйлеуші. Сөйлеушілер әртүрлі әлеуметтік ортада қалыптасады, жаһандану қоғамында өмір сүреді. Әртүрлі психикалық, экологиялық факторлар ықпал етеді. Соның салдарынан сөйлеушінің

жылдам сөйлеуі, тілінің мүкісі болуы мүмкін, белгілі бір аймақтық говрлар да сөз сазына айтарлықтай әсер етеді. Сондықтан ғалымдар тарапынан айтылым түрлері жинақталып, белгілі бір нормаларға келтіріліп, жүйелеу бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесіне айналған.

Қазіргі заманда өмірімізге дендеп сіңген ғаламтор жүйесі ауызша сөйлеу нормаларына ықпал етеді. Желі пайдаланушылардың тілді қолдану мәдениеті де сан қилы. Қазақ тілінің, ана тілінің сөз мәдениетін көтеру – ұлттық мүдде талаптарының бірі. Қазақ тіл мәдениетінің үлкен бір саласы – сөйлеу және жазу мәдениеті, оны жоғары деңгейге көтерудің басты заңдылығы – дұрыс айту және қатесіз жазу нормасы. Технологияның өркендеген заманында әлеуметтік желілердің тіл мәдениетін дамытудағы әсері қазақ тіл білімінде жан-жақты зерттелуі тиіс.

Елімізде кеңінен тараған ресми және бейресим ақпарат таратушы дереккөздерге «TikTok», «Instagram», «YouTube», «Facebook», «Twitter», «WhatsApp» т.б. онлайн-платформаларды жатқызамыз. Бұл желілерде әртүрлі жастағы және әртүрлі қызығушылықтары бар адамдардың синхроды немесе асинхронды түрде танысуға, түрлі сипаттағы қарым-қатынас құруға, жарнама таратуға мүмкіндік алады. Осы әлеуметтік желілерде ауызша сөйлеу мәдениеті қаншалықты қалыптасты? Әдеби тілдің ауызша сөйлеу нормаларының сақталмауы, сөзді бұзып қолдану кең өріс алғанын жиі айтып жүр.

Бүгінгі күні әлеуметтік желіде қазақ тілінде сөйлеушілердің қате қолданыстарын былайша көрсетуге болады. Олар төмендегідей:

А) синтаксистік қателер. Мысал: несібеңді көтеріп қойш, табысыңды арттырып қой, есікті жаба саласыздар ма.. Тоғызға омбес ғосасалсақ ше? ... т.б.

Ә) қыстырма сөздерді көп қолдану. Мысалы: анау ші, анау ше т.б.

Б) орфоэпиялық қателер. Мысал: айтыбатыр, жазыбатыр, келібатыр, барыбатыр, баратырмын, ояқ, бұяқ, аняқта, айтамайм, таксиде отсам, машинасына отпаған т.б.

В) орыс тілі мен қазақ тіліндегі сөздерді аралас құрылыммен сөйлеу.

Мысал: Дальше жасаймыз, именно осы, вапще ұялмайм, уже алдық, новый киім алдым, срочно үй сатамын, мына музыка кайф екен,счотқа ақшам жетпей тұр, посуда жуып берсек болады ма? ..Как будто мен оның жазғанын оқып қоятындай т.б.

Г) қарату сөздерінде туыстықты білдіретін атаулар: радной, мамка, мам, пап, бро,братан, махан,пахан, подружкам, подружкалармыз т.б.

Ғ) қаратпа шылауларды қолданып сөйлеу: еба,айтбайсың ба? Алш, еу! (әпкелш, е!)

Ж) Конфликтогенді сөздер: мәңкиіп, ілмиіп, сүмсік, сүксиген, мырындақ, мияулау т.б.

Мысалдар әлеуметтік дереккөздерден: «Instagram», «Facebook», «TikTok», «YouTube» т.б. желі қолданушыларының бейнежазбаларынан жазылып алынды.

Қорытындылай келе, қоғам мен тіл қатар дамитын құбылыс. Жаһандану дәуірі ауызын арандай ашып тұрған заманда, әлеуметтік желі тілінің мәдениеті сөз мәдениеті аясында қарастырылуға тиіс өзекті проблемалардың бірі. Бірінші кезекте көзге көрініп, құлаққа түрпідей тиіп тұрған нормадан ауытқулар қазір кері қайтарылмаса, сіңісіп, нормаға айналып кету қаупі бар. Әлеуметтік желі ақпараттың жылдам таратылу көзі ретінде тек сөз мәдениетінің ғана емес, жалпы ұлттық мәдениеттің виртуалды кеңістікте насихатталуына ықпал етеді. Сондықтан тіліміздің ішкі заңдылықтарын бұзып сөйлеу, нормаға сай емес етіп жазу тілімізге деген құрметсіздік болып табылады. Оның алдын алу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана, 2000. – 532 б.
2. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.

ҚАЗАҚ ТІЛ ЛЕКСИКА-ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРІНДЕ «МЕКТЕП» КОНЦЕПТІСІНІҢ БЕРІЛУІ

Аскарова А.,

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 1-курс магистранты,
Ақтөбе қ., Қазақстан*

Қазіргі тіл ғылымында адам дүниетанымының кілті, ғалам жайындағы адам санасындағы ақпараттарды түзетін, шындықты игеруші мен шындық арасындағы дәнекер болатын, сана қызметінің нәтижесі деп санайтын когнитивтік көзқарас белең алды. Бұл арқылы адамның тілінде этнос жайлы, оның тарихы, дүниетанымы, әлемді қабылдауы жатқанын аңғарамыз. Когнитивтік көзқарастардың негізінде таным теориясы жатыр. Таным теориясы мен танымның байланысы негізінде антропологиялық көзқарас қалыптасып, әлемдегі ең басты тұлға деп, негіз деп адамды тану саналады. Бұл өз кезегінде интеграциялық үрдісте тіл мен танымды, тіл мен мәдениетті, тіл мен халықты зерттеуді негіз еткен болатын. Тіл мен танымды бірге зерттеу негізінде қазақ халқының танымы жаңа көзқарастармен сараланып, ондағы ақпараттар талданған. Қазақ тіл білімінде «Қазақ әйелі», «байлық - кедейлік», «көз» концептілері зерттеліп, қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистиканың дамуына әсер етті. Қазақ тіл білімінде концепт жайлы көзқарастар мен пікірлер бар. Мәселен, А.Ислам концептіні тілде көрініс тапқан күрделі бірлік ретінде ұлттық дүниетанымының ықшамды, терең мағыналы құндылықтары [1, 15] деп анықтайды. Когнитивтік лингвистиканың негізгі тұжырымдары мына ғалымдар зерттеулерінде орнықты: В.Гумбольд, Дж.Лакофф, Л.Вайсебергер, Л.Витгенштейн, Э.Сепир, Э.Кассирер, Е.Кубрякова, Ю.Арпесян, Ю.Караулов, М.Минский, Д.Лихачев, қазақ тіл білімінде бұл бағытта еңбек жазған ғалымдар: А.Ислам, Э.Оразалиева, Ж.Манкеева, Б.Қасым, Ж.Исаева, С.Исакова, С.Кенжеғалиев, Ә.Шадыкенов және концептіні ұлттық константалар деп зерттеушілер М.Күштаева, Б.Ақбердиева. Қазіргі күні тіл білімі саласында үлкен жаңалықтар тілді антропологиялық негізде зерттеу екенін анық аңғарамыз. Тіл білімінің бұлайша жаңа арнада қарастырылуы адамның өмірдегі маңыздылығын айқындаса керек. Исламдағы жер бетіндегі барлық игіліктер адам үшін деген ұстанымды негізге алып қарасақ та, осы антропологиялық бағыттың маңыздылығын көреміз. Сондай-ақ, бұған дейін зерттеліп келген тіл білімі құбылыстары жаңа бағытта қарастырылып, мәні, мағынасы, санада қалай көрініс табатыны талданып, қарастырылып жатыр. Тілдің адам өмірінде коммуникативті қызметі ғана емес, одан да жоғары мағынаға ие екеніне көз жеткіземіз. Когнитологтардың айтуынша, концептіні анықтаудың мынадай реті барын айтады, яки концептілер бақыланған, қиялдан туған бейнелерді ұқсастырып, ұқсас дүниелердің ортақ белгілерін бір ортаға жинақтайтынын айтады, осы негізден когнитивтік моделі анықталатынын көреміз [2, 22]. Халық танымның көрінісі мен дүниетанымы «мектеп» концептісі арқылы анықталатынын да байқауға болады.

В.Гумбольд, халық тілі оның рухында әрі халықтың рухы оның тілі екенін, тіл халықтың басынан кешкен оқиғаларынан тұратынын айтады. Бұған дейінгі уақытта, халқымыз мектеп деп медресені таниды. Оқу халқымыз үшін үлкен маңызға ие болғанын «мектеп» концептісінен аңғаруымызға болады.

Зерттеуші Б.Қалиев таным теориясымен сөз мағынасының тікелей байланысты екенін, зат пен құбылысты анық біліп, танығанда сөздердің мағыналары айқын білінетінін, таным негізінен сөз мағынасымен байланысты екенін жеткізеді [3, 133].

Зерттеуші Ж.Манкеева болса, тілдің танымдық қырын зерделей келе, тілдің кумулятивті, мұрагерлік қызметі тілдің ішкі мазмұны мен формасын, халқымызға тән рухани қазынаны бойына сіңіріп, сақтағанынан деп таниды [4, 12].

Ислам дінінің енуімен оқу, мектеп, медресе ұғымдары тарады. Мектеп сөзінің өзі де араб-парсы тілінен енген. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде «мектеп» – оқушылар білім алатын орын деп анықталады [5]. Ислам сөздерінің сөздігінде мектеп – «мақтаб» екенін, араб елдеріндегі «құттаб» өзінің баламасы ретінде, құрандық мектеп мағынасын беретінін көреміз. Сонда мақтаб деп жазу жазатын жерді, бастауыш мектепті, кабинет, кеңсе деп анықталатынын байқаймыз [6]. Қазақ тіліндегі араб-парсы тілдерінің түсіндірмелі сөздігінде «мектеп» – «мақтаб» деп аталып, оқушылардың білім алатын оқу орны деп анықталатынын көреміз. Мынадай мысал келтіріледі: «Барлық руханиларға уәзипа берілуге, неке, талақ, мирас, мектеп, медресе, ғұшыр, зекет, фидия, туған балаларды жазу, өлген адамдарды жазу рухани басқармасына берілуге сөз берікті» [7, 98] деген сияқты мысалды көреміз.

Ислам діні халық арасына тарағаннан соң, медресе ашылып, қазақ балаларын молдаға оқытуға берген болатын. Он сегізінші ғасырға дейін қазақ арасында сауаттылар дін ісіне, араб жазуымен, Құранды білуімен анықталған. Ол уақыттарда азаматтық мектептер жоқ болды. Ресей патшалығындай «горнизондық» мектептер он сегізінші ғасыр аяғында ашыла бастаған. Мектеп сөзі XX ғасыр басында енгенін, оған дейін молдадан оқу, медреседе оқу, қазақ жерінде ашылған орыс-казак мектептері негізінде школда оқу, интернатта оқу деген нұсқалар болғанын көреміз. Солай, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ халқының өмірінде экономикалық-әлеуметтік өзгерістер орын алады. Әсіресе, мектептер ашылуынан көрінеді. Орынбор, Қазалы, Торғай, Перовск сынды қалаларда қазақ балаларына арнап мектептер ашыла бастайды. Сол ғасырда екі кластық уездік және бір кластық болыстық мектептер ашылып, 4000 мыңға жуық бала оқып шығады. Оқу-білім мектеп пен медреселерде, үкімет қолдауымен ашылған мектеп-школдарда жүргізілгенін, дін үстемдік еткенін, көп аса ауқатты отбасылардың балалары оқығанын көреміз. XIX ғасырдың соңғы жылдарында мұсылманша оқытатын мектептер азайып, үкімет оқу орындары көбейді. Осы кезеңде Ы.Алтынсариннің мектеп ашып, балаларға білім берудегі қызметі айрықша. Б.Кенжебаевтың дерегіне сүйенер болсақ, XIX ғасырдың 70-80 жылдары 70 кітап қана басылса, 1900-1917 жылдары 200 кітап басылып шыққанын айтады. «Өзіміздің түрік тілі менен һәр түрлі балаларымызға оқытуға лайықты мектеп кітаптарын жазып, келешек күніміз үшін зор дәулет хазірлеуге керек», «мектеп, медресе сал», «Аулнай школдарымызда не болмаса мұсылманша мектеп медреселерімізде оқығандардың ішінде өткір зеректерін кентдегі орыстың орта школдарында оқытайық» («Айқап» газеті). «С.Көбеев айтқандай, «Айқап» журналы қазақ тілін татар, парсы, араб тілдерінен тазартып, қазақтың сап күмістей таза, өзіндік тілін қалыптастыру, қазақ тілінде «жаңа әдіс» мектептерін ашу жөнінде елелулі мәселелер көтереді» [8].

Ы.Алтынсариннің «Сәтемір хан» әңгімесінде: «...талап іздемей, жұмыссыз ойнап жүргенім ақылсыздық екен деп ойынын тастап, қалаға барды. Қалада бір зор білімді, оқымысты молда бар екен, соған үй сыпыруға жалданып, ақысына оқу оқыпты-мыс. Ақырында сол Сәтемір асқан данышпан, айдай әлемге патша болған» [9, 68] деген үзіндіден оқу деп мектепте оқу екенін, оқу арқылы өз өмірін өзгерткенін көрсетеді. «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде: «Солай да болса, әлемге ақылы жеткен патша баланың талапты, зерек екенін аңғарып, оқуға бергізіп, ақырында сол бала бүкіл орыс жұртына даңқы шыққан Матвеев деген суретші болған» [10, 69], – деп оқуға бергізіп деп, мектепте оқыған соң, талабының жоғары болуынан дегеніне жеткенін көрсетеді. «Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттарын» қарайтын болсақ, мынадай жолдарды кезіктіреміз. «балам, алаң болмай ұстаздарыңның айтқанын орнына келтіріп, берген сабақтарын толық үйреніп, білуге тырыс».

А.Вежицкая концептті адамның дүние жайындағы мәдени түсініктері деп танитын болса, В.Телия біздің сол нысан жайында білетіндеріміздің барлық жиынтығы деп

анықтайды. Концептіні анықтаудың үш түрлі негізі бар. Сөздің кез келген мағынасында концептінің өмір сүреді деп анықтайтын лингвистикалық бағыт. Зерттелетін тілде сөйлейтін халық санасында концептінің тілдік бейнесін талдау арқылы анықталатын когнитивтік бағыт. Мәдениеттің ұйытқысы болып табылатын лингвомәдени бағыт деп анықталатынын көреміз [10]. Осы орайда, халық танымында «мектеп» концептісінің ақпараттық-ассоциативті өрісі былайша көрінеді:

- «Мектеп - оқу»
- «Мектеп - білім»
- «Мектеп - кітап»
- «Мектеп - тәрбие»
- «Мектеп – мұғалім»

Бірінші кезекте, оқу болатыны Абай лексиконында былайша кездеседі:

Баламды медресеге біл деп бердім,

Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім [11, 14], – деген жолдардан «медресе» «мектеп» ұғымында келгенін көреміз. Әрі «мектеп-оқу» ассоциативті өрісте анықталатынын көреміз.

Интернатта оқып жүр,
Талай қазақ баласы –
Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
тілмаш, адвокат

Болсам деген бәрінде ой [11, 16], – деп интернаттың «мектеп» екенін, ал мектепке оқу үшін бару керектігін аңғарамыз.

Оқытарсың молдаға оны,

Үйретерсің әрнені [11, 23], – деген жолдардан молдаға оқытуды, баланы оқуға бергенде ел танысын деп беретінін жеткізеді. Солай, «мектеп» концептісі тарихи кезеңдерде түрліше қалыптасып келіп, XIX ғасырдың аяғынан бастап қалыптасқанымен, оған дейін түрліше танылғанын көреміз.

Жазу жаздық,
Хат таныдық,
Болдық азат молдадан.

Шала оқудан,
Не жарыдық,

Қалғаннан соң құр надан? [11, 25], деген жолдардан қазақ арасында «молдадан оқу» шала оқу болғанын, тек Абайдың емес көптеген ақындардың зерттеуінен байқауға болады. «Өзің диуанасың, кімге пір боласың?» деген қазақ мақалының жөні осыған келеді. Бұрынғы заманда мектеп болмағанда, молдалар келіп күз бен қыста араб әріптерін танытып, құранға түсіретін. Нағыз өз ісінің шебері де бар, арасында дүмше молдалар да кезігіп отырады.

Кітапты молда теріс оқыр,

Дағарадай боп сәлдесі [11, 27], – деп осы жерде де молдалардың бәрі бірдей сауатты еместігін, сәлдесі ғана болмаса, молда екенін ажыратып болмайтынын, теріс оқып, балаларды шала сауатты ететінін айтады.

Ғылым таппай мақтанба [11, 28], – деу арқылы мектепте оқып, ғылым іздеп әлемнің сырын түсінуге болатынын жеткізеді. Бұл уақыттарда қазақ арасына орысша мектептер ашыла бастаған болатын.

Артық білім кітапта,

Ерінбей оқып көруге [11, 30], – деу арқылы артық білуге, тануға қадам мектепте жасалатынын меңзеп, әрі оқушылардың өздеріне айтылған ақыл сынды сезіледі.

Орта ғасырда өмір сүрген, әлемнің екінші ұстазы атанған Әл-Фарабидің айтуынша, «тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген. Білім қай жерде беріледі десек, ол – мектеп. Сонда «мектеп» концептісінде ассоциативті өрісінде тәрбиені де көреміз.

Ы.Алтынсарин де, А.Байтұрсынов та қазақ жерінде мектеп ашып, балалардың сауаттануын қолдаған, сол негізде жұмыстанған болатын. Олардың ұсынулары бойынша, «мектептің жаны – мұғалім». Түрлі әдіс-тәсілдерді жүзеге асырып, оқушыларды білім нәрімен сусындататын мұғалімдердің орны қашанда жоғары. М.Жұмабаев: «Алты алаштың басы қосылғанда, төрдегі орын - мұғалімдердікі» дегеніндей, «мектеп» концептісінде де мұғалімдердің маңыздылығын көреміз. «Мектеп» концептісінің ассоциативті өрісін сызба түрінде қарастыратын болсақ.



Сондай-ақ, «мектеп көрген» деген тіркес қолданылады. Мағынасы: жүйелі білім алған, оқыған, көзі ашық. «Менен басқа бұрыннан мектеп көрген балалар өзара «Өте қатаң молда» деп сөз қылысады» [12], – деп келтірілген тіркестің де оқу оқып, білім алғанын білдіріп, «мектеп» концептісінің ақпараттық-ассоциативті өрісін нақтылай түседі.

Қорыта айтқанда, «мектеп» концептісін анықтауда біз оның концептілік өрісіне халық танымындағы оқу-ағарту, білім, мұғалім, тәрбие түсініктері өзек болатынын айқындадық және оның концептілік мазмұндық құрылымы «медресе – интернат – мектеп» динамикасында өзгергенін, лингвомәдени ақпарат тасымалдағанын, маңыздылығын жоймағанын анықтадық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Филол.ғыл.докт.дисс.автореф – Алматы, 2004. – 47 бет
2. Байғұтова А. «Қазақ әйелі» концептісінң этномәдени сипаты. Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2008. – 31 бет
3. Қалиев Б. Қазіргі қазақ тілі: Фонетика. Лексикология. Алматы, 2004. – 152 бет
4. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: «Жібек жолы», 2008. – 356 бет
5. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. Құраст. Ш.Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 бет
6. Ислам энциклопедиясы. Бас редактор Р.Нұрғалиев. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, Бас редакциясы, 1995. – 306 бет
7. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірмелі сөздігі. – Алматы, 2017. – 658 бет
8. Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: «Жазушы», 1968. – 248 бет
9. Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық. Шығармалары. Алматы: «Атамұра», 2006. – 168 бет
10. Нұрдәулетова Б. Когнитивтік лингвистика. Оқулық. Алматы: Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011. – 312 бет
11. Абай. Өлеңдер, аудармалар, поэмалар. Алматы: «Атамұра», 2020. – 288 бет

АЙТЫС ӨНЕРІНДЕГІ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Орманова З.А., Есетова Н.Б

*М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің студенті
Қызылорда қ., Қазақстан*

Тіл – адамдардың өзара түсінісу, қатынас құралы, адамның рухани өмірінің, қоғам мен табиғат құбылыстарының бірден бір көрсеткіші қызметін атқарады. Ұлт пен адамның, ұлт пен қоғамның, табиғаттың арасындағы тікелей байланыс халықтың танымынан, білім жүйесінен көрінеді. Ал тіліміздегі теңеу құбылысы – осы танымның нәтижесі. Қазақ тіліндегі теңеулер ұлттық үрдістің күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан дәстүрден басталып, қалыптасып, кең тарауы арқылы бүгінге жеткен. Ғасырлар бойы қалыптасып, тіл қорының қабат-қабат қойнауларында сақталып, үнемі дамып, жаңаланып, толығып отыратын тілдік бірліктердің бірі – қазақ теңеулері. Ойымызды бейнелі, мәнерлі етіп, айқын жеткізуде өзінің бейнелілігін, экспрессивті-эмоционалды бояуымен көзге түсетін теңеулердің маңызы ерекше құнды. Теңеулердің қайсысын алсақ та, олардың мазмұнында халықтың тарихы, мәдениеті, оның өмір сүру салты, армандаған ой-қиялы жатыр. Тілімізде мыңдап саналатын теңеулер тақырыбы, мағынасы, құрамы мен құрылымы, көркемдік ерекшелігі жағынан сан алуан. Теңеудің басты ерекшелігі қандай затты, құбылысты болсын, я қандай затпен, құбылыспен болсын салыстырса да, айналып келіп, адамның іс-әрекетін, сын-сымбатын, қалып-күйін т.б. қасиеттерін сипаттауға бағышталады. Тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, келбетін ажарландыратын көркемдік құралдардың бірі – теңеу. Суреткер бұл жағдайда заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді. Сол арқылы көркем туындының эстетикалық әсері күшейе түседі. Образдың жасалу тәсілі әртүрлі болып келеді. Мұнда сан қилы көркемдік құралдар қолданылады. Соның ішінде теңеу арқылы образ жасауға, мінезін ашуға болады. Теңеу – әсірелеу, ажарлаудың бір түрі болғандықтан, ол тек сұлулық үшін ғана емес, айтар идеясымен сабақтасуы тиіс. Сонда ғана оның көркемдігі арта түспек.

Теңеу – адамның рухани дүниесінің аса қуатты көріністерінің бірі. Ең алдымен ол пәрменді ойлау формаларының қатарына жатады. Ойлаудың басқа түрлерінің барлығы да (ұғым, пайымдау, ой қорытындылары) тек теңеу арқылы ғана, теңеудің тікелей қатысуы нәтижесінде ғана жүзеге асады. Теңеу таным құралы болумен қатар, эстетикалық категориялардың бірі болып табылады. Олай болуы заңды да. Өйткені адамның көркем ойлауының, соған орай көркемдік танымының аса қуатты құралдарының бірі-айтыстарды теңеулерсіз көзге елестету мүмкін емес. Теңеу барлық халықтың фольклорында да, жазба әдебиетінде де кеңінен орын алып, әдеби персонаждардың портреттерін жасауда, табиғат көріністерін суреттеуде, кейіпкерлердің мінез-құлқын, іс-әрекеттерін сипаттауда, басқа да толып жатқан жағдаяттарды баяндауда ұтымды стильдік тәсіл ретінде мейлінше мол пайдаланылады. Ақын-жазушыны қинайтын «сөз аспабының» бір ұшығы осы теңеулерге келіп тіреліп жатқаны анық. Шығарманың идеялық мазмұнымен ұштасып, оның көркемдік өресімен ұласып жататын да осы-теңеулер.

Сонымен қатар тұрақты теңеулер мен еркін теңеулерді бір-бірінен бөліп алып, екеуін екі түрлі құбылыс деп қарастыруды қате пікір деп есептейміз. Өйткені тұрақты теңеулер еркін теңеулермен, шырайлық теңеулермен, күрделі теңеулермен біріге отырып, тілдің компаративтік жүйесін құрайды. Тұрақты теңеулердің де, еркін теңеулердің де білдіретін негізгі мағынасы-компаративтік мағына. Бұл екеуінің арасында ешқандай семантикалық айырмашылық болмайды. Мысалы, «Үндемеген үйдей пәледен құтылады» деген тұрақты теңеу мен «Ол үйдей тастан секіріп өтті» деген еркін теңеудің мағыналары бірдей.

Ал олардың өзгешеліктеріне келсек, тұрақты теңеулер – тілдің фразеологиялық жүйесіне кіретін «тілдік штамптар», ал еркін теңеулер-жеке ақын-жазушылардың шығармашылық зертханасында дүниеге келген жеке-авторлық сөз кестелері. «Теңеу басқа лингвистикалық категориялар мен единицалардан өзінің логикалық құрылымы, компаративтік семантикасы, стильдік функциясы және танымдық мүмкіндігі арқылы өзгешеленіп тұрады. Сонымен қатар теңеу тілдің барлық деңгейлерімен-фразеологиясымен де, сөз тудыру жүйесімен де, синтаксисімен де-тікелей қарым-қатынаста өмір сүреді».

Демек, теңеу тілдің барлық деңгейлерімен тығыз қарым-қатынаста өмір сүретін, өзінің компаративтік мағынасы мен компаративтік функциясын сол деңгейлердің көмегімен жүзеге асыратын көпдеңгейлі, күрделі тілдік құбылыс.

Теңеуді таным құралы ретінде философияда, стильдік әдіс ретінде әдебиеттану ғылымында, тілдің бейнелі конструкциясы ретінде тіл білімінде зерттейді.

Теңеу категориясы-бүкіл бейнелеу, көркемдеу тәсілдерінің ішіндегі ең бастысы, ең пәрмендісі. Бейнелеу тәсілдерінің барлығы да өз бастауын осы теңеулерден алады. Қазақ тілінде теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын ашып, оның жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, түрлерін жан-жақты қарастырып зерттеген - Т.Қоңыров. Ғалымның теңеуге берген анықтамасы: теңеу дегеніміз - ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы [20,7].

Теңеудің өзіне тән ерекшелігі - белгісіз нәрсені белгілі нәрсеге салыстыру арқылы көзге елестету. Шынында, теңейтін зат пен теңелетін заттың не себептен, не үшін теңелгенін тереңірек алып қарасақ, оның түпкі қазығы ақынның көздеген мақсатымен байланысты болып шығады. Теңеудің ішінде болымсыз теңеу дейтін болады. Бұнда бір затты екінші затқа теңегенде, болымсыз мағына шығарады, мысалы: Ол онша әдемі жігіт емес. Дегенмен бір көруге сиықсыз адам сықылды да емес. Денесі томардай жуан да емес. Тал шыбықтай жіңішке де емес т.б.

Мұхамеджан Тазабеков:

Мейірімінді көріп мен иілемін,
Меккеге жеті ай жүріп барған құлдай.
Иманды сөзім сіңсін жүрегіңе,
Әулиеге әуеден тамған нұрдай.
Көптің көңілін қалдырған жан емеспін,
Шөптің шөлін қандырған ақ жаңбырдай.
Салмақтап, салиқалы ой тастайын,
Сары майдан суырып алған қылдай.
Алладан жәрдем тілеп сөз бастайын,
Намаздан жаңылмаған нар Жамбылдай.

Бекарыс Шойбеков:

Байқасақ, қара өлеңге бәрі байдай,
Бізді әлде қандай ғып осы кешке
Сақтапты бүйендегі сары майдай.
Жадырап жас адамша сөйлейікші,
Маңырап қала бермей кәрі қойдай.
Жұртқа жөн сілтейтіндей ой айтайық,
Күн менен күліп шыққан жарық айдай.

Теңеу образы қызметін атқарған құс атаулары адам бойындағы әртүрлі қасиеттерді бейнелеп, адам басынан кешкен жағдайларды, көңіл-күйін таныту қызметін атқарған. Тілдегі таңбалар – ұлттың сөз қоймасы іспетті, себебі таңбаларда ұлттың өмірінен мәлімет беретін мол ақпарат жатады. Ұлттық атаулардың жасалуының бір жолы, ұғымды берудің

көркемдік тәсіліне теңеулерді жатқыздық. Себебі теңеулерде ұлт тілінің өзіне ғана тән ерекшелігін көрсететін белгілер барынша ашық әрі айқын көрініп тұрады.

Серік Қалиев:

Тұлпардай бір туатын ғасырдағы,
Атағын алты Алаштың асыр кәні.
Қыздай боп сәнденіп-ақ келіпсің ғой,
Бәркінді тас қадап ап басыңдағы.

Мәлс Қосымбаев:

Байқасаңыз, халайық,
Айтыс деген асқардай.
Асқарды қарап тұратын,
Бұл халықтың көңілі
Биіктегі аспандай.
Қошқарды қайдан шығардың,
Шабытыңды шашқандай?
Ендеше сенің сөздерің,
Суырып айта алмасаң,
Қотырдан өлген қошқардай

Оразалы Досбосынов:

Сары бидайын сапырған сары қымыздай,
Сұлыға зар болып тұр қырманы елдің.
Мемлекеттің бар малы жоқ боп жатыр,
Тоз-тоз боп тоқымындай сынған ердің.
Шаршаған жұрт көңілін құлазытпай,
Айтыспен көтергелі мұнда келдім.
Қызылшаны сүбедей сүйкеп отыр,
Қызыл еті таусылған қырдағы елдің.

Танып-білудің ең қарапайым формасы ұқсату, балау, салыстыру, теңеу нәтижесінде жүзеге асады. Профессор Т. Қоңыров “...теңеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымының ұлттық өзгешеліктері бас қосқан категориялардың бірі” – деген ой қорытады. Теңеу ең алдымен адам санасымен, ассоциациялық ойлау нәтижесімен тығыз байланысты. Әр ұлттың тілі мен діліндегі ұлттық ерекшелігі де осы теңеуден көрінеді. Әр ұлттың өз танымына жақын сөздерді қолдануы заңды да. Себебі тіл иесінің ой-өрісі мен танып-білу әлеміне байланысты әр тіл дүние-ғаламның үзкітерін өзінше жеткізіп, бейнелеп суреттейді және ол өз тіліндегі ғалам бейнесіне сай болады. Тіліміздегі теңеулер халықтың тұрмыс-тіршілігі, оның ойлау және танымдық қабілеті жөнінде бай мәлімет береді. Қазақ таным-түсінігінде төрт түлік мал мен кейбір аң-құстардың және жануарлардың киелі екені ертеден белгілі. Жалпы құспен қатысты теңеулерде мифтік мазмұн басым болып келеді және олар туралы таным-түсінік тілімізде молынан сақталған. Өмірдің әртүрлі жақтарын суреттеу үшін эпитет, теңеулер ақынға тіл құралының негізгісінің бірі боп саналады. Пушкин, Горький, Абай, Сәкен, Ілияс сықылды үлкен суретші, ірі ақындардың еңбектерінде эпитет, теңеулерін де көп кездестіреміз. Есте сақтайтын бір жайт –тай(-тей),-дай(-дей) сөзге жұрнақ ретінде жалғанса ғана теңеулік мағына береді. Ал көсемше етістік қызметін атқарып тұрғанда теңеулік мағына бермейді. Сондай-ақ, ақындар тіліндегі мақал-мәтелдердің көрінісі жоғары деңгейде. Мысалы, «дөкейлер ақындарға бұғау салды, жар астында екен ғой дұшпан деген» (Жау жоқ деме жар астында), «ақындар билікпенен сыйыспадық, мысық жолдас болмайды тышқанменен», «теңді теңге, тезекті қапқа салмай», (Тең теңімен, тезек қабымен), «бас кеспек болса-дағы тіл кеспек жоқ», (Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ).

Тәуелсіздік жылдарындағы ақындар айтысының басты ерекшеліктерінің бірі ұлт тілінің асыл-жауһарларын жарқырата көрсету болып табылады. Айтыс табиғатын жақсы түсінетін кез келген тыңдаушы, көрермен ең алдымен ақынның тіл шеберлігіне, сөз байлығына назар аударады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.3.Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
- 2.Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б.
- 3.Негимов С. Өлең өрімі. – Алматы: Ғылым, 1980 – 136 б.
- 4.Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 243 б.
- 5.Қазіргі айтыс 1, 2-кітап. Құраст.: Н. Айтұлы, С. Дүйсенғазин. – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2004.
- 6.М.Ғабұллин Қазақ халқының ауыз әдебиеті Алматы, «Санат» 1996ж.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДАҒЫ МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС

Ақбердыева Б.Қ.

*ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының
Маңғыстау филиалы-Ақтау қ., Қазақстан*

Адам өмірі түрлі қарым-қатынастардан тұрады. Қарым-қатынастар адамдар арасындағы сыйластық, достық, ауызбіршілік тәрізді мәселелерге құрылуы керек. Ал, шынайы достық қарым-қатынас тіл арқылы ғана жүзеге асады. Өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді оқыту барысында біздің алдымыздағы басты міндет - тілді үйретудің ең қолайлы амалдары мен ұстанымдарын таңдап алу. Өйткені мемлекеттік тілді үйрету үдерісін тиімді ұйымдастырудың бір өзегі осыған байланысты. Оқытудың қандай да болмасын амал-тәсілін ұтымды, нәтижелі пайдалану - әрбір оқытушының іскерлігіне байланысты. Біз де өз тәжірбиемізде осындай мақсаттарды алға қоя отырып, өзге ұлт өкілдерін оқытуда мемлекеттік тілді оқытудың әртүрлі жолдарын, амал тәсілдерін қолданамыз. Сондай жұмыс жасаудың бір түрі - мәтіндермен жұмыс жасау.

Әрбір тіл үйренуші үшін өздерінің қызметіне байланысты мәтіндермен жұмыс істеу - өте қызықты, әрі тиімді. Өйткені олар біріншіден, өздері де білмейтін жаңа сөздермен, жаңа баламалармен танысады, осы мәтіндер мемлекеттік тілді үйренеді сонымен қатар өз қызметінде қолданатын сөздерден азда болса мәлімет алады. Әсіресе, атқаратын қызметіне байланысты мәтіндерді оқытқан кезде, бұл жұмыстың тиімді жері - сөздікпен жұмыс, яғни тыңдаушы қызметкерлер әр салаға, атқарып отырған қызметіне байланысты термин сөздердің аудармаларымен танысады. мемлекеттік тіл сабақтарында қолданылатын мәтін ғылыми тұрғыдан сұрыпталған, өңделген болуы тиіс, ол тыңдаушының психофизиологиялық ерекшелігіне бейімделіп алынады.

Сабақта мәтіндермен жұмыс істеу барысында, сабаққа қажетті мәтінді таңдап алған соң, онымен жүргізілетін жұмыстар кезеңдерге бөлінеді: Мәтінмен жұмыстың алдындағы кезеңі, мәтінмен жұмыс кезеңі, мәтін соңындағы жұмыс кезеңі. Мәтінге дейінгі кезеңде мәтін алды жаттығулар беріліп, әртүрлі құрлымдық, тіркестерді меңгерту көзделеді. Мәтінмен жұмыс кезеңінде оқыған мәтінді түсіну, мазмұнын айту, сұраққа жауап беру, негізгі ойды анықтау жұмыстары жүргізіледі. Соңғы кезеңде, мәтінге түсініктеме беруді үйретуге бағытталған жұмыстар жүргізіледі. Мәтін соңындағы жұмыс кезеңінде мәтіндегі сөздер, сөз тіркестерімен жұмыс жүргізіледі, мәтінді грамматикалық тақырыппен байланыстыру мақсатында сөз тіркестерін талдауға көңіл бөлінеді. Мәтіндегі терминдерді есте сақтау мақсатында сол терминдер көмегімен, сөйлем құру жұмысы қарастырылады. Өзге тіл өкілдеріне мемлекеттік тілді үйретуде бірден-бір қажетті нәрсе мәтін десек, тыңдаушылар әр уақытта мәтінмен тығыз байланыста болады. Мәтінді меңгерту жолдары да түрліше болып келеді. Жаңа сөздермен сөз тіркестерін тақтаға жазып, есте сақтауын

қадағалау, пәрменді сөздермен жұмыс жүргізу, мәтіндегі тіл үйренушінің мамандығына байланысты терминдерді бірнеше рет қайталап айтқызу арқылы есте сақтау, сұрақ-жауап арқылы мәтіннің мазмұнын игерту.

Міне, осы сияқты кең ауқымды жұмыстың нәтижесінде тыңдаушылар тілді меңгеруге мүмкіндік алады.

Мемлекеттік тілді меңгерудің ең бастысы – тыңдау, сөйлеу, ойлау, оқу, жазу тіл үйренудің компоненттері дейтін болсақ, ал мәтінді игеру барысында осы тілдік қызметтің барлық түрі жан-жақты қамтылады.

Қазіргі таңдағы тіл саясатының басым бағыттарының бірі - мемлекеттік тілді дамыту мен оның қолданылу аясын кеңейту болса, оның кешенді тармағы - тәуелсіз мемлекетіміздің болашағына адал қызмет ететін мемлекеттік тілді жетік меңгерген кәсіби мамандар даярлау болып табылады. Мамандандырылған жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілді оқыту - тыңдаушылардың тілді болашақ кәсіптік қызмет бабында және жеке қарым-қатынасында қолдана алатындай іскерліктер мен дағдыларды игерту мақсатын көздейді. Осы орайда мемлекеттік тілдің қолданылу аясының кеңейіп, іс қағаздары, бұйрықтар, баянат, өзге де құжаттардың мемлекеттік тілде жүргізілуіне байланысты атқарылып жатқан кешенді іс-шаралардың оң нәтижелерін бүгінде іс жүзінде көруге болады.

Тіл үйренушілердің кәсіби сөйлеу тілін мәтіндер арқылы дамытуды жүзеге асыру нәтижесінде олардың мамандық бойынша білімдері толықтырылып, мәтінмен жұмыс істеу дағдылары жетілдіріледі. Мәтіндермен жұмыс барысында тыңдаушылар болашақ мамандықтары туралы қосымша мәліметтер мен атқарылатын іс-әрекеттеріне байланысты ақпаратпен қамтамасыз етіледі. Осы тұрғыда мәтін, оның кәсіби сөйлеу тілін дамытудағы алатын орнын қарастырайық. Әдіскер-ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, профессор Ф.Оразбаева өзінің «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі» атты зерттеу еңбегінде: «Мәтін - адамдар арасындағы тілдесімдік қатынастың жемісі. Адам өз ойын екінші біреуге жеткізген кезде қалай болса солай айтылған сөйлемдер тізбегін құрамайды. Керісінше, жинақталған пікірін, көзқарасын бір-бірімен ой жағынан да, қалпы тарапынан да бірлескен сөйлемдер жүйесімен, яғни мәтін арқылы жеткізеді, баяндайды... Адам тілдік қатынаста үлкенді-кішілі, ірілі-ұсақты мәтіндерді сөйлесім әрекетінің кез-келген кезеңінде ойдан құрап, қолдана береді» [1,28] - деп тұжырымдайды.

Тіл үйренушілердің кәсіби сөйлеу тілін мәтін арқылы дамыту жұмыстары сабақтардың бастапқы кезеңінен жүзеге асырылады. Тәжірибеміздегі кәсіби бағдарлы оқыту барысында ең алдымен, тыңдаушылардың кәсіби мамандықтары ескеріліп, сол мамандыққа қатысты сөздер, сөз тіркестері, негізгі ұғымдар мен терминдерге, олардың лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне баса назар аударылады. Мәтінде қамтылатын материалдар жүйесі мамандыққа қатысты оқытылатын арнайы пәндермен тығыз байланысты болып келеді. Бұл орайда құрылымы, мазмұны жағынан қарапайым мәтіндерді өз бетімен оқытуды жетілдіру, сұрақ қою, сұраққа жауап беру, жаңа тақырыптық лексикамен жұмыс істеу, яғни сөз, сөз тіркестерімен сөйлем құрау, талдау сияқты жаттығу түрлерімен қатар, мәтіннен қажетті ақпаратты тауып, қорытындылау, жинақтау көзделеді.

Іріктелген оқу материалдары кәсіби сөйлеу тілін дамытумен қатар, тіл үйренушілердің төмендегі дағдыларын да жетілдіреді. Атап айтқанда:

- мәтіндегі ойды, оқиғаны өз өмір тәжірибесімен ұштастыру;

- оқылған мәтінге өз көзқарасын білдіру; - мәтінге әлеуметтік, тарихи, адамгершілік, кәсіби маңыздылығы жөнінен баға беру.

Мәтіндер арқылы кәсіби лексиканы, терминдерді меңгерте отырып, тыңдаушылардың сөздік қорларын байыту нәтижесінде өз ойларын қазақ тілінде сауатты жеткізе білуге үйретуге болады. Тыңдаушыларға ұсынылатын сұрыпталып алынған аутентивті мәтіндер болашақ мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттырып, сабақ маңыздылығын арттырады сөзсіз. Мәтін таңдауда мәтіндегі ойдың нақты, дәл берілуі, тілінің түсінікті болуы - негізгі шарттардың бірі болып табылады. Күнделікті баспасөз

беттерінен, Интернет желісінен алынған мәтіндермен жүргізілетін жұмыс тыңдаушылардың анықтамалық әдебиет, сөздікпен жұмыс істеу, салыстыру, талдау жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Тіл үйрету сабақтарының бастапқы кезеңдерінде мәтіндердің берілу қағидаттары қарапайымнан күрделіге қарай алмасу заңдылықтарына негізделеді. Өз оқыту тәжірибеміздегі кәсіби бағдар барысында оқыту мәселелеріндегі мәтін таңдау ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, мұнда ең алдымен тіл үйренушінің кәсіби мамандығы ескеріле отырып, сол мамандыққа қатысты сөздер, сөз тіркестері, тұрақты тіркестер, негізгі ұғымдар мен терминдерге көңіл аударылып, олардың лексикалық-грамматикалық ерекшеліктеріне баса назар аударту жұмыстары жүргізіледі. Мәтінде қамтылатын материалдар жүйесі мамандыққа байланысты оқытылатын арнайы пәндермен тікелей ұштастыра алынады [2,45]. Себебі кез-келген мамандық иесі өзі таңдаған кәсібінің қыр-сырын жетік меңгеруге мүдделі және өз ойын кәсіби сөйлеу тілінде жеткізуге ұмтылуы оның мамандыққа деген сүйіспеншілігін арттыру мәселесіне келіп тіреледі. Оқыту барысында аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін бірінші кезекте тіл үйренушілерге кәсіби танымдық мазмұндағы құрылымы, мазмұны жағынан қарапайым мәтіндерді өз бетімен оқытуды жетілдіру, сұрақ қою, сұраққа жауап беру, жаңа тақырыптық лексикамен жұмыс істеу, яғни сөз тіркестері мен сөйлем құрау, талдау сияқты жаттығу түрлерін орындаумен бірге, мәтіннен қажетті нақты ақпаратты табу көзделеді.

Тілді оқытуда мәтіннің қатысым әрекетіндегі маңыздылығына сәйкес, оны іріктеп, таңдаудағы негізгі ұстанымдар төмендегідей жүйеленген:

- мәтін мазмұны толықтай аяқталып, белгілі бір логикалық жүйеге бағынуы;
- мәтін тақырыбы күнделікті өмір талабына сай, танымдық сапасы жоғары, тәрбиелік мәнінің зор болуы;
- мәтін мазмұны тіл үйренушілердің түсінісуіне қолайлы, даму деңгейлеріне сай болуы
- мәтінді іріктеп, таңдауда фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктердің ескерілуі;
- мәтіннің танымдық қызығушылықты арттыруы;
- мәтін мазмұнының нақты, қызықты болуы.

Осы талаптарды негізге ала отырып, мәтін тақырыбын таңдауда төмендегі үш бағытты ұстанамыз:

- тіл үйренушінің күнделікті өміріне байланысты болуы;
- қазақ халқының мәдениеті, дәстүрімен байланысты болуы;
- болашақ мамандығына байланысты болуы [3, 63].

Мәтіндерді қолданысқа түсуіне қарай ғылыми, ғылыми-көпшілік, көркем-әдеби, газеттік (көркемсөз) мәтіндер деп бөліп қарастыруға болады. Ғылыми-көпшілік мәтіндер мамандығы арнайы емес оқырмандарды ғылымның жетістіктерімен жеткілікті түрде хабардар етсе, газеттік мәтіндер (ақпарат, репортаж, комментарий, корреспонденция) идеялық-саяси ақпараттарды оқырмандарға жеткізеді. Ғылыми мәтіндер белгілі бір заттың, фактінің, құбылыстың заңдылығын суреттейтін мәтіндерді айтамыз. Ғылыми мәтіндерге мақала, очерк, реферат, рецензия, аннотация, ғылыми хабар, т.б жатқызуға болады.

Оқылған мәтіннен белгілі бір ақпаратты алу үшін оны түсініп оқудың маңызы зор. Оқудың түрлері: 1. Ізденімдік оқу - оқушының өзін қызықтыратын хабарды, фактіні, сілтемені мәтіннен іздеп тауып, пайдалана білуі. Кез келген ғылыми шығарманың кіріспесі және қорытындысы болатыны белгілі. Сондықтан ізденімдік оқуды меңгерту ғылыми шығарманың композициялық ерекшеліктеріне байланысты. 2. Танымдық оқу - тіл үйренушінің кез келген қызықты, танымдық мәні бар мақала, кітап, пікір, газет-журнал, т.б оқуы. Ерекшелігі: Арнайы ізденушілік, сол материалды зерттейін деген мақсат бола бермейді. Информацияны зерттеуден гөрі, жалпы өмірден хабардар болу үшін жүргізіледі.

3. Зерделік оқуда-оқушы берілген мәтінді, не материалды бастан аяғына дейін түсініп оқу керек.

Бүгінгі таңда өзге ұлт өкілдерін мемлекеттік тілде оқыту өзектілігін жоғалтқан жоқ. Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту мен нығайту өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді оқытудың мақсат, міндеттерімен үйлесіп отыр. Әр мәдениетті азамат өз отанын, өскен өлкесін, оның тарихын, мәдениетін, тілін білуге тиісті. Халықтың тарихын, мәдениетін, тілін, рухани байлығын білу – адамда халыққа деген құрмет сезімін оятады.

Қорыта айтқанда, оқытудың қазіргі уақыт талаптарына сай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, кәсіби бағыттағы мәтіндермен жүйелі жұмыс жүргізу арқылы тыңдаушылардың сөздік қорларын байытып, кәсіби сөйлеу тілдерін дамытуға болады. Мәтіндермен жұмыс барысында тыңдаушылардың өз бетінше ақпарат алып, онымен жұмыс істеу дағдылары дамытылып, мамандықтары бойынша білімдері толығы түсері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі.- Алматы, 2000.
2. Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. -Алматы: Ана тілі. 1996. -208 бет.
3. Қазақ тілінің практикалық курсы бағдарламасы.- Алматы. 2005.- 84 бет.

ПУТИ И СПОСОБЫ ОБРАЗОВАНИЯ ТЕРМИНОСИСТЕМЫ В РУССКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ

Бекдурдыева Ж. А.,

группа РЯЛ-19-2- г.Ақтау, Казахстан

Научный руководитель: Битикова А.И., магистр пед.наук, ст. преподаватель кафедры «Мировые языки»-г.Ақтау, Казахстан

В настоящее время трудно представить основу содержания словаря без различных терминологических систем. Когда мы смотрим на историю перевода, в научной работе, которая велась с прошлых веков по настоящее время, эксперты задумывались о лексических, грамматических, стилистических и многих других насущных проблемах опыта. Основная цель изучения терминов - заменить и перевести слова с русского языка на слова, которые точно соответствуют нашему родному языку. При этом нужно учитывать, что терминологическая система – это такая система знаков, содержание и связи которой замкнуты пределами одной отрасли знаний. Они образуют одно терминологическое поле. Системность терминологии рассматривается в работах таких исследователей, как А. А. Реформатский, А. М. Терпигорев, Н. А. Баскаков, Я. А. Климовицкий, Б. Ю. Городецкий, Т. Л. Канделаки, А. Д. Хаютин, Т. Р. Кияк, В. М. Лейчик, В. П. Даниленко, С. Д. Шелов и др.

Слово “термин” происходит от латинского слова “terminus”, что означает предел, граница. Термин — это слово или фраза, которая является четким и стабильным выражением определенной концепции, характерной для области науки, техники или профессии. Изменение терминов в лингвистике и появление новых русско-казахских терминов неразрывно связаны с развитием науки и техники. Лингвист Л.И. Бойно подчеркнул: “Под влиянием технического прогресса терминология меняется на основе двух взаимосвязанных законов, во-первых, с законами научно-технического прогресса, а во-вторых, с общими законами развития языка.” Это говорит о том, что развитие терминов тесно связано с развитием языка. Многие ученые сегодня проводят различные исследования по этой теме.

Основные нормативные требования к термину изначально были разработаны с Д. С. Лотте. Этими требованиями являются: структурность, неспецифичность, краткость, однозначность, ясность, простота, понятность, степень применимости и т.д. [1, 29].

В основном терминосистема казахского и русского языка имеет логическую и лингвистическую структуру. Для терминосистемы характерна краткость (сокращенный вариант термина) и однозначность (одно научное или техническое понятие)

По мере того, как наука лингвистика развивалась и расширяла сферу своих исследований, изучение терминов стало одним из ее наиболее важных и неотъемлемых компонентов. В наше время изучение терминов сформировало отдельную отрасль лингвистики - терминологию. Политические и социальные термины играют важную роль в лексиконе любого языка, включая английский, русский, казахский и они составляют значительную часть языкового лексикона. В процессе объединения языка и культуры, особенно в процессе перевода, человек неизбежно сталкивается с терминами. Среди языковых единиц термины имеют особое значение из-за их функций, таких как присвоение имен и различение объектов слов и фраз, а также принципов индивидуализации и идентификации. Очень многие ученые работали над терминами разных языков и их переводами. Русский и казахские языки сформировались и развивались не в день, а уже на протяжении многих веков. Некоторые термины были созданы с помощью великих поэтов и ученых. Стоит отметить работы известных до нас языковедов, которые работали над терминами и внесли большой вклад в развитие лингвистики. Всему известный как ученый М. Ю Ломоносов впервые составил много новых слов для явлений, который не были употреблены раньше. М. Ю Ломоносов придумал и писал термины простым и понятным языком. Большинство новых слов он придумал, когда переводил слова с немецкого языка. Он придумал слова как барометр, горизонт, атмосфера, насос, наблюдение, упругость, селитра, поршень, манометр, кислота, движение, чертеж, преломление. Также Ломоносов ввел фразеологизмы: гашеная известь, земная ось, полюс магнита, предложный падеж, преломление лучей, удельный вес и другие [2]

Ломоносов был очень талантливым, что смог ввести и придумать разные термины, кроме переведенных терминов. Переводчик и филолог Тредиakovский изобрел слово «арт», который переводится с английского языка на русский как искусство. Все термины, который вышли на свет с помощью известных ученых, помогают нам работать с материалами до сегодняшнего дня. Тредиakovский внес изменения в литературу, он внедрял слова «хорей» и «ямб», как видов тропа. Структура термина, по мнению Даниленко, включает в себя несколько лексических слоев:

- 1) нетерминологическую лексику;
- 2) общенаучную лексику;
- 3) терминологическую лексику.

Терминологическая лексика (специальные слова определенной терминологической системы) является наиболее значимой частью языка науки, если общенаучные термины выражают общие значения, которые не ограничиваются одной предметной областью.

Лексика научной и технической литературы отличается следующими признаками:

- употребляется большое количество специальных терминов;
- слова отбираются с большой тщательностью для максимально точной передачи мысли;
- большой удельный вес имеют служебные слова, слова, обеспечивающие логические связи между отдельными элементами высказывания, слова, выражающие отношение автора к высказыванию.

По мере того как наука лингвистика развивалась и расширяла сферу своих исследований, изучение терминов стало одним из ее наиболее важных и неотъемлемых компонентов. В наше время изучение терминов сформировало отдельную отрасль лингвистики - терминологию.

В казахском языкознании выделяются следующие способы образования терминов.

Во-первых, принятие словами казахского языка терминологических значений, т.е. семантический способ. Он продуктивен при: 1) терминологизации исконных слов литературного языка; 2) терминологизации диалектов; 3) переходе из одной терминологической системы в другую.

Во-вторых, способы словообразования, которые можно разделить на три группы:

а) морфологический или синтетический способ (с помощью аффиксов); например: үнді+лік (тональность), жарықты+лық (яркость), құй+ма (сток), араластыр+у (смешение), айыр+у (развязка), дірілдет+кіш (вибратор), жалғау+ыш (коммутатор), жап+қыш (заслонка), кеңейт+кіш (расширитель), тербелі+с (колебание), санау+ыш (счетчик), ұшқынбасқыш (искрогаситель).

б) синтаксический или аналитический (соединение слов, сложение); Словосложение (образование композиты) в казахском языке является продуктивным способом словообразования, в отличие от аффиксации, где сложные слова образуются путем сложения двух знаменательных слов и представляют лексически единое целое, выражающее одно понятие. Например, ашықхат, әділқазы, аспансерік, әуәсерік, беренсөз, ғұмырбаян, жолсерік, ғаламтор др.

в) способ аббревиации (сокращение). БҰҰ-Біріккен ұлттар ұйымы, ТМД - Тәуелсіз мемлекеттер достастығы және сондайақ мәлімдер), т.б. - тағы басқалар и др.

В-третьих, способ калькирования, являющееся одним из деятельных способов освоения казахским языком русских терминов. Например, трудовень – еңбеккүн, мировоззрение – көзқарас, дүниетаным; мотомеханизированный – мотомеханикаландырған, нефтехимический – мұнай-химия, телекоммуникация – телебайланыс формулировать – тұжырымдап айту, научно-исследовательская работа – ғылыми зерттеу жұмысы и др.

В-четвертых, заимствование из других языков готовых терминов. В качестве примера семантического способа образования термина можно рассмотреть слово жоба (жоспар): обозначавшее вид, цвет, фигуру предмета, сегодня оно передает терминологическое значение русского слова «проект». К примеру: «Орал қаласының бас жобасына сәйкес жасалған Достық-Дружба алаңына қазақ драма театры, Пушкин музейі мен ескерткіші, Абай және Тоқай ескерткішдері орналасқан» [3].

Семантические особенности русских терминов родства выделил А.И.Моисеев [4]. Для русского языка характерно префиксальное словообразование, в казахском же языке приставок нет, и поэтому они калькируются либо сохраняют русскую форму, которая встречается в немногих интернациональных терминах: интервокальдық, интернационалістік, интергралды (мат., интегральный). Иноязычный корень как первая часть сложного слова в русском языке сохраняется в казахском варианте неизменяемым: авиазавод – авиазауыт, авиаперевозка – авиатасымал, авиапочта – авиапошта, гражданская авиация – азаматтық авиация; автодвигатель – автоқозғалтқыш; автоматизировать – автоматтандыру; автотранспорт – автокөлік; биотоки – биотоктар; геополитика – геосаясат; геологоразведка – геологиялық барлау; фотодокумент – фотоқұжат, фотокопия – фотокөшірме; электродрель – электр бұрғы, электродвигатель – электр қозғалтқыш; электроплавка – электр арқылы балқыту, электр қуатымен балқыту. Вместе с терминологией развивалась и служебная функция и некоторые казахские термины включили в себя конкретность и логичность.

Х.К. Жубанов, занимавшийся непосредственно проблемами терминологии, считает, что: «Термином называется специфический вид определенных словесных обозначений, передающих определенные понятия, установленные на данном этапе развития науки и революционной практики, причем передаваемое термином терминологическое понятие может не совпадать со словарным значением, которое присуще данной словесной величине в обыденной жизни» [5, 149]. Он акцентировал внимание на недостатки в восприятии специфических особенностей терминологии. Х.К. Жубанов считает неправильным перевод таких терминов как коммунизм, филология, психология, геометрия. Он говорит, что под этими терминами понимаются не терминологическое, а словарное значение данных слов.

Здесь речь идет о том, что при переводе и калькировании с одного языка на другой, обязательно следует учитывать такое условие как наличие терминологического значения [6, 9].

Связь между казахским и русским языками были обусловлены с помощью лексических переходов с одного языка на другой, в связи с тем, что общение на начальном этапе происходило в основном в области быта, поэтому в казахский язык, в первую очередь, проникала бытовая лексика, связанная с появлением новых предметов: например, үтік (утюг), теледидар (телевизор) и т.д.

В потоке общения между людьми, в особенности в повседневной жизни, развивается и язык. Поэтому появились новые слова; имеющие несколько значений. Например, русское слово семья, понимается как жанұя, отбасы и со временем слово “отбасы”, имеющееся то же значение как семья стал использоваться в казахском языке как термин.

При переводе с русского языка на казахский язык некоторым терминам очень трудно найти аналоги. Например, «часть – бөлім», «отделение – бөлім», «раздел – бөлім» или «отделение – бөлімше», «подразделение – бөлімше» или же «правила – ереже» и «положение – ереже», «закрепление – бекіту» и «утверждение – бекіту», «договор – шарт», «условие – шарт» [6, 163].

В газете «Дала уалаяты» использовались термины и слова казахского происхождения из официально-деловой речи жарлық (распоряжение), қызмет (служба), шығын (расход), алым (подать), а также заимствованные слова, подвергшиеся фонетической трансформации.

Итак, сравнительное исследование способов образования терминов в русском и казахском языках показывает, что данная проблема должна рассматриваться в контексте общественно-социальных, культурно-моральных вопросов общества, что является актуальной проблемой в современном языкознании, требующей своего разрешения.

ЛИТЕРАТУРА

1. Лотте Д.С. Основы построения научно-технической терминологии. Вопросы теории и методики. М., 1961.– 160 с.
2. <https://naukatv-ru.turbopages.org/naukatv.ru/s/articles/498> 2
3. Газета «Орал өңірі», 2007, № 2.
4. Моисеев А.И. Термины родства в современном русском языке // Филологические науки. – 1963. - № 3. – С.120-132.
5. Жубанов К. О специфике слов-терминов // Государственной терминологической комиссии. 1935, No2; Жубанов К. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата. 1966. С. 273
6. Основы казахской терминологии / Ө. Айтбайұлы. – Алматы: Издательство «Абзал-Ай», 2014. –284 с.

ӘСКЕРИ ТЕРМИНДЕРДІҢ ОРЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Темирова Э.Ж.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті. Көптілді білім беру факультеті
«Қазақ тілі мен әдебиеті» 2-курс магистранты, -Атырау қ., Қазақстан*

Тіліміздегі сөздік қордың бір қабатын терминдер құраса, оның маңызды бөлігін әскери лексика алады. Қазіргі таңдағы әлемдегі мемлекетаралық жағдайлардың өзара шиеленісуі, қақтығыстардың пайда болуымен әскери лексика қатары толығы үстінде. Ғылым мен техниканың дамуына, қақтығыс жағдайының өршуіне байланысты әскери лексика қоры толығы үстінде болады.

Кез келген ұлттың мемлекет ретінде қалыптасып, өмір сүруі – өзін-өзі қорғауы және сыртқы жаулардан сақтануының кепілі. Адамзат тарихына қарап отырсақ, ұлт үшін ұлт

ретінде өмір сүрудің үлкен күреспен, қантөгіс майданмен келгенін байқауға болады. Сондықтан әскери сөздер – этномәдени мәнді сөздердің қатарын құрайтын ұлттық қазынамыз. Көнеден келе жатқан әскери сөздерді этимологиялық тұрғыдан зерттеу – өзекті мәселенің бірі. Өйткені, қазақ халқының орыс империясы қол астына кірмеген кезінде қолданылған ұлттық әскери терминдері болды. Ол қазақ халқының өз дәстүрінен туындаған, өзге тілге аударылмайтын мәнге ие болды. Кейіннен заман талабына сай, орыс патшалығының құрамына өткеннен кейін қазақ қарулары халық қолданысынан ығыса бастады. Оның себебі, қазақ даласына мылтық, зеңбірек сынды қарулардың келуімен байланысты.

Қазақ тіліндегі әскери лексиканың зерттелу тарихы тым тереңде, түркі дәуіріне барып тіреледі. Бұл ретте түркі жұртының қару-жарағы, әскери лексикасын көршілес халықтардың, кейіннен Ресей патшалығы тарапынан зерттелуі түркі халықтарын тану саясатымен тікелей байланысты болса керек. Түркі жеріне, қазақ даласына барған әр түрлі экспедициялардың түркі халқының қару-жарағына қызығушылық танытуы осы сөзіміздің дәлелі іспетті. Екінші бір айта кететін жайт – Ресей патшалығы тарапынан түркілердің қару-жарақтарын, әскери сөздерін зерттеу ісіне көптеген ғалымдардың да жұмылдырылып және ұзақ уақытқа созылуы – түркі халықтарын танудың қаншалық өзекті болғанын көрсетеді.

Көне дәуірдегі түркілердің қарулары туралы дереккөздердің бірі – көне дәуір жазба ескерткіштері. Көне және орта ғасырдағы көшпенділердің қаруды пайдалануы туралы еуропа саяхатшылары Плато Карпиний және Вилгелм Рубрук, Марко Поло еңбектерінде кездеседі [1, 362]. Сондай-ақ, ежелгі қытай жазбалары және Геродоттың да мұраларында түркі халықтарының әскери қару-жарақтары туралы мәліметтер бар [2].

М.Х.Дулати, Захир ад-дин Бабыр, Әбілғазы Баһадүр, Қ.Жалайыри, Қ.Халидұлы еңбектері қазақ хандығы дәуіріндегі қазақтың мәдени-тұрмыстық өмірі туралы мол дерек береді. Осы ретте қазақ халқының ұлттық болмыс, салтының құрамдас бөлігі – қарулар туралы берер ақпараты да өте көп.

Қазақ халқының алғашқы қару-жарақтары туралы этнографиялық зерттеулерді XVII-XIX ғғ. елімізде болған П.С.Паллас, В.Т.Аткинсон, И.Г.Георги, Дж.Кэстль, сондай-ақ, И.П.Фальк, В.В.Радлов, А.И.Левшин, С.Б.Броневский, П.С.Паллас, Б.Залесский және т.б. еңбектерінде кездеседі. Аталған ғалымдар жекелеген қарулардың түрлеріне ғана сипаттама берумен шектелген. XVIII-XIX ғ. Қазақстан жеріне келген И.Клапрот, Т.Аткинсон, Дж. Кэстля, А.Орловский, В.Верещагин, П.Кошарова, М.Знаменский сынды Ресей және Еуропа саяхатшыларының этнографиялық суреттері де қазақ қарулары туралы мәліметтерге бай. [3].

Әскери лексика туралы алғашқы тарихи ақпараттар көптеген этнографиялық зерттеулерде кездеседі. Көне түркі дәуіріндегі әскери лексикаға қатысты деректерді түркітанушы орыс ғалымдары В.В.Радлов, Г.Т.Мелиоранский, Л.З.Будагов, сондай-ақ, Б.Я.Владимиров, Н.К.Дмитриев, А.В.Гордлевскийлердің лексикологиялық және лексикографиялық еңбектерінен кездестіруге болады.

XVII-XIX ғғ. қазақ халқының қарулары алғаш рет 1969 жылы алғаш рет орыс ғалымы Г.Семенюктың еңбегінде қарастырылады. Алайда бұл еңбекте сол кезеңдегі қазақ қарулары туралы қысқаша ғана сипатта берілді [4]. Сондай-ақ, осы жылдары Санкт-Петербургтегі этнография-антропологиялық мұражайдағы қазақ қаруларының қоры бойынша ғылыми мақала жариялаған В.П.Курылевтің ғылыми мақаласының да маңызы зор болды. Ол қазақ қаруларының типологиялық тұрғыдан жіктеуге мән беріп, олардың жасалу технологиясы мен қолданылуына, тұрмыстағы символдық мәніне назар аударады [5].

Ал, түркі тіліндегі әскери лексиканың зерттелуі В.А.Гордлевский есімімен тікелей байланысты [6]. Ол түркі халықтарына ортақ әскери терминдермен қоса оғыз тайпаларына қатысты әскери сөздерді арнайы зерттейді. Әскери жорықтарды, соғыс тактикасы мен әскер құрамын терең зерттеу нысанына алады. Ол өзінің зерттеу нысанына алынған әскери

сөздерді еуропалық саяхатшылар еңбегі, халықтың ауыз әдебиеті мұралары мен жазба ескерткіштерден алған.

Қазақ қаруларын кешенді түрде зерттеген бірден-бір ғалым Ш.Ш.Уәлиханов. Ш.Уәлихановтың еңбегінде XVIII -XIX ғғ. суық атыс қарулары және оның түрлері, жасалу технологиясы, қолдану жағдайлары мен соған байланысты әдет-ғұрып, салттарға сипаттама берілген. Сондай-ақ, ол жинақтаған әр түрлі қарулардың суретін атап өтпеске болмайды

Қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлихановтың «Көне дәуірдегі қырғыз жұртының қару-жарағы және әскери жетістіктері», Ә.Қайдаровтың «Қазақ эпостарындағы қазақ батырларының қару-жарақтары мен жетістіктерін этнолингвистикалық талдау»

Қазақтың әскери өміріндегі мәселелерді көтерген соңғы уақыттардағы ғылыми зерттеулер халқымыздың әскери өмір тарихын зерделей отырып, қаруларға қатысты сұрақтарға жауап береді. Әсіресе, К.Аманжолова, А.Тасболатова, А.Қадырбаева, Т.Алланиязова, Ш.Картаева, А.Кушкумбаева, т.б. еңбектерін атап көрсетуге болады. Аталған еңбектерде әр дәуірде болған соғыстар кезінде қолданылған қаруларға тарихи сипаттама берілген. Қарулардың жасалу технологиясы және олардың безендірілуін ұлт қолөнерінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырған Ә.Марғұлан, Х.Арғынбаев, Т.Басенов, С.Қасиманов, Р.Шойбеков еңбектерінің тарихи мәні зор.

XX ғасырдың 50 жылдарынан бастап көне және ортағасыр кезеңіндегі Еуразия даласындағы көшпенділердің әскери ісі және қарулары туралы зерттеулер жарыққа шыға бастады. Атап айтқанда, орыс ғалымдары Е.Черненко, К.Смирнов, А.Хазановтардың еңбектерінде сақ, сармақ дәуірінде түркі тайпалары кезеңінде қолданылған қарулар археологиялық деректер негізінде зерттеу нысанына алынды. Сібірлік түркі халықтарының әскери өмірі мен қарулары туралы арнайы зерттеу жүргізген ғалымдар Ю.Худяков, А.Соловьевтар еді.

Қазақ тіліндегі әскери терминдер туралы алғаш зерттеу жасаған орыс ғалымы Л.Л.Нелюбиннің еңбегінің маңызы зор. Көптеген ғалымдар әскери термин атауларын ғылыми-техникалық терминге жатқызады. Ғалым С.И.Парпаров болса, әскери сөздер, терминдерді әскери өмір саласында белгілі бір зат атауын, іс-әрекет атауын білдіріп тұратын сөздер деп есептейді [8].

Көшпенділердің қарулары туралы жазылған еңбектердің ішіндегі орыс ғалымы М.Гореликаның зерттеуін ерекше атауға болады. Сақ, қимақ, қыпшақ секілді көне дәуірде қазақ жерін мекендеген түркі тайпаларының қарулары К.Акишев, М.Қадырбаева, Ю.Плотникова, Ф. Арсланова зерттеулерінде толығырақ зерттеледі. Қазақ қаруының пайда болу түпнегізін (генезис) және даму эволюциясын танып білуде бұл еңбектер құнды ақпарат бере алады.

Көшпенділер үшін қарудың культі – көне дәстүрлі діни сенім. Әсіресе, сақтарға қатысты қару культін С.Бессенова, Д.Раевский, А.Акишевтердің еңбектерінде зерттеу нысанына алынды. Діни танымдар және дәстүрлі қарулардың сабақтастығын өзара сабақтастығын зерттеген еңбектер жоқ. Дегенмен, А.Төлеубаева мен А.Ахметованың еңбектерінде қазақ өміріндегі ғұрып, салттарда қарудың тылсымдық мәнін, халықтың сенімі баяндалады.

Қазақ тіліндегі әскери лексиканың қалыптасып, даму тарихын зерттеуде ғалым Т.Байжановтың еңбегі зор. Ғалым «Қазақ тіліндегі әскери лексиканың тарихы» атты зерттеу еңбегінде әскери лексиканың даму тарихын дәуірлер бойынша жіктеп, дәуірге тән ерекшелігін атап көрсетеді. Оның тұлғалық сипаты мен мағыналық құрылымдық ерекшелігін талдайды. Ғалым тіліміздегі қытай тілінен енген әскери лексикаға назар аударады және оның қазақ тіліне ену себептеріне тоқталады. Сондай-ақ, әскери қару-жарақ, бұйрық, жарлықтар да зерттеу нысанынан тыс қалмайды [9].

Ал, ғалым Н.Б.Ветлов «әскери терминология Қарулы күштердің стратегиялық пайдаланылуы, соғыстың түрлері мен тектері, сонымен қатар, бірлестік, құрамалар мен бөлім, бөлімшелердің оларды техникалық және қару-жарақпен қамтамасыз етіп, оларды ұйымдастыруын білдіретін терминдердің жиынтығы», – деп есептейді [9].

Белгілі Ә.Қайдар да батырлар жырындағы батырлар қолданған қару-жарақтар мен жорыққа қолданған зат атауларын зерттеп, этимологиялық талдаулар жасайды. Айталық, ғалым батырлар жырындағы әскери лексиканы 5-ке бөліп қарастырады:

1) батырдың өзі қолданған жекелеген қару атаулары; 2) әскер-батырдың жеңісін көрсететін атаулар; 3) рух беретін үрмелі аспаптар; 4) жауынгерлік ту; 5) әскери жабдықтың қосалқы заттары [10].

Қазақ әдеби тіліндегі әскери атаулардың 15-19 ғғ. жыраулар поэзиясындағы қолданысы туралы Р.Сыздықтың этимологиялық зерттеулерін ерекше атап көрсетуге болады. Ғалым тіпті әдеби тіл тарихын негіздеуде тіпті батырлар жыры мен жыраулар поэзиясында, жыраулардың жалғасы Махамбеттің өлеңдерінде кездесетін қару-жарақ атауларының қолданыс ерекшелігін салыстыра зерттеген. Жыраулар поэзиясында сөз әсерлілігін арттыру мағынасында қару-жарақ атауларының ешбірі эпитетсіз қолданыс таппайтынын айтады. Мысалы, қозы жауырын оқ, қанды көбе, толғамалы ала балта, ақ балта, сары жүн оқ т.б. Жыраулар мұрасындағы мұндай тәсіл – сөз әсерлілігін арттыру ғана емес, ердің серігі болған қару-жарақ атауларының құндылығын аттыру, айырықша маңыз беру [11, 100].

Әскери терминдердің лексика-грамматикалық ерекшеліктерін айқындап берген ғалым Н.Шеңгелбаеваның «Қазақ тіліндегі әскери терминдердің сөзжасам жүйесі» атты диссертациялық еңбегінде әскери терминдердің классификациясы берілген [12].

Бұл еңбекте әскери терминдер атауыштық мәнді білдіретін мағынасымен құрылымы тұрғысынан тұрақты екендігі мысалдармен дәлелденіп беріледі.

Сондай-ақ, әскери терминдердің шығу тәркінін зерделеп, тарихи кезеңге бөлуде зор еңбек сіңірген ғалым С.Қондыбайдың есімін ерекше атауға болады. Ол жауынгер рухына арналған «Жауынгерлік рух» атты еңбегінде сонау түркі дәуіріндегі, Шыңғыс хан заманында қолданылған әскери терминдерге этимологиялық талдау жасады [13].

Байқап отырғанымыздай, қазақ тіліндегі әскери лексиканың қалыптасып, даму кезеңдерін 5 дәуірге бөліп қарастыруға болады: 1) V -XII ғғ. түркі дәуірі,

2) XV -XVIII ғғ. қазақ хандығы кезеңі; 3) XIX-XX ғғ. отаршылдық кезең;

4) XX ғ. кеңес өкіметі тұсындағы әскери лексика; 5) тәуелсіздік кезеңіндегі әскери лексиканың зерттелуі. Көрсетілген дәуірлердің ішінде мерзімі жағынан да, көлемі жағынан да зерттелу тұрғысынан алда тұрған – түркі дәуіріндегі әскери лексика.

Қазақ елінің өз елдігі үшін күрес XV ғасырдан басталады. Себебі, еліміздің түркі жұртынан бөлініп дербес мемлекет құруы осы кезеңге сай келеді.

XV - XVIII ғғ. арасында өмір сүрген қазақ хандығы кезеңіндегі әскери сөздері, яғни қолданған қару-жарағы түркі кезеңінде қолданылған қару-жарақтармен сәйкес келеді. Сол себепті де әскери лексикада ұқсастық мол. Ал, қазақ елі Ресей патшалығы құрамына өткеннен кейінгі кезеңде қару-жарақ атаулары жаңа сөздермен толықты. Дәлірек айтқанда, қазақтың сонау түркі дәуірінен келе жатқан қару-жарағы қолданыстан кетіп, орнына жаңа қару-жарақ атаулары келді, яғни тіліміздегі әскери лексиканың қорында сөз мағынасының кеңею және тарылу үрдісі жүрді. Міне, осы кезеңдегі әскери лексика 1941-1945 жылы болған Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі қолданылған әскери лексикамен сәйкес келеді десек те болады. Алайда, кеңес өкіметі тұсындағы әскер лексиканың зерттелуін түркі дәуіріндегі әскери лексиканың зерттелуі қарқын, деңгейімен салыстыруға келмейді.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылған соғыс болды. Бұл кезеңде қаншама әскери іс-амал жүргізіліп, қару-жарақ қолданылды. Десек те бұл тақырып әлі де өз зерттеуін тапты дей алмаймыз. Айталық, тек қана соғыс тақырыбына арнаған қазақтың белгілі батыры Б.Момышұлының «Москва үшін шайқас» романындағы әскери лексика, қару-жарақ атаулары ешқандай ғылыми зерттеу жұмыстарының зерттеу нысанына алына қоймаған. Әрине, соғыс қантөгіске әкеледі, қасіретті жағдайға ұшыратады. Ешқандай халық соғысты қаламайды. Дегенмен, ол – біздің ерлік рухымызды шыңдаған, сынақ алаңына айналдырған ұлт тарихының бір парақтары.

Ұлттың тарихын толыққанды танып, келер ұрпаққа ерлікті насихаттауда әскери лексиканы арнайы оқытудың, зерттеудің маңыздылығы зор. Қазақтың батырына серік болған қару – елді жеңіске жеткізуге ықпал еткен қуатты құрал екенін есте сақтауға тиіспіз. Осы ретте тіліміздегі әдеби шығармаларда қолданылған әскери лексика, қару-жарак атауларын тілтанымдық тұрғыдан зерттеудің қажеттілігі зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. П.Карпиний. Путешествие в Восточные страны П.Карпини и В.Рубрука. – Алматы, Ғылым, 1993 ж.
2. Геродот. История в девяти книгах. – Ленинград. Наука, 1972 г.
3. Парадное оружие. Парадные оружие и конское убранство 17-18 вв. – Москва. Изобразительное искусство, 1987 г.
4. Семенюк Г. Оружие, военная организация и военное искусство казахов в XVIII-XIX вв.
5. Курылев В.П. Оружие казахов // Материальная культура и хозяйство народов Кавказа, Средней Азии и Казахстана. Л., 1978. С. 4-22.
6. Гордлевский В.А. Избранные сочинения: в 2 т., 1960. – Т. 1. – 552 с.
7. Уәлиханов Ш.Шығармалар жинағы. 5-томдық. – Алматы. Ғылым, 1972 ж.
8. Парпаров Л.Ф., Артемова А.П., Азарх Л.С. Немецко-русский военный словарь / Под ред. Л.Ф. Парпарова. – М.: Воениздат, 1978. – 1192 с.
9. Байжанов Т. Қазақ тіліндегі әскери лексика. – Алматы, Жазушы. 1990 ж.
10. Қазақ эпостарындағы жауынгер батырлардың қару-жарақтары. – Алматы. Жазушы, 1990 ж.
11. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. Алматы: Санат, 1997 123 б.
12. Шеңгелбаева. Қазақ тіліндегі әскери терминдердің сөзжасам жүйесі. Фил. ғылым. канд. автореф. – Алматы, 2009 ж.
13. Жауынгерлік рух. Көп томдық шығармалар жинағы. 8-том. – Алматы. – Нұрлы әлем, 2006 ж.

ӘДЕБИ ТІЛ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мустахимов Д.

*білім алушы, М. Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі,
Қызылорда қ., Қазақстан*

Тіл – ұлт тағдыры. Бұл құндылықтың халық үшін орналасқан орны қаншалықты жоғары болса, соншалықты ел мәребесі көтерілмек. Әлемдік аренада болсын, өз шаңырағында болсын, тілге деген құрмет ел деңгейін көрсетеді. Өз тілімізде сөйлеп, «мен қазақпын» - деп айта білу, әлемге мақтанышпен жар салу – үлкен бақыт. Сол бақытты қадірлеу – біздің борышымыз. Сексен жылға жуық осы ұлтымыз бодандықта жүріп, басқа тілде шүлдірлеп, бөтен тілде ойлануға дағдыланды. «Балаға қай тілде тәрбие берсең, түбі сол ұлтқа қызмет етеді» - деген Мұстафа Шоқайдың сөзі бар екен. Осы сөздің дәлелі шығар, басқа тілде сөйлеп, басқа мемлекеттің идеологиясын пір тұтқан кездер де орын алды. Сол заманда-ақ, ұлт тағдырын ойлаған ұлтжанды тұлғалар осы мәселелерді қолға алды. Алаш қайраткерлері тілдің тұғырын нығайту мақсатында қазақ тілінде газет-журналдар шығарды. Ахмет Байтұрсынұлы тілден туындаған сауалдарға жауап тапты. «Қазақ» газетінің есімі де үлкен мән берді, ұлттың кім екенін ұмыттырмас үшін қазақтықты ұрандады. Міржақып Дулатұлы «Оян қазақ» - атты кітап жазыпты. Жүсіпбек Аймауытов психология саласы туралы еңбектер жазып, ең алғашқы психологиялық роман – «Ақбілекті» шығарды. Мағжан Жұмабаев «Педагогика» - атты еңбекті жазды. Осы еңбектердің бәрі қазақ тілінде шығарылды. Әрбір қазақ білім алып, өз тілінде тәрбиеленді. Осы ерліктің ең алғашқы қадамын тұлғаларымыз баспағанда, шымылдырық ашылмай қалар да еді. 1910 жылдан

бастап Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жаза бастады. Басқа да түркі тілдер қолданатын араб таңбаларын енгізді. Қазақ дыбысы жоқ таңбаларды әліппеден шығарып жібереді. Одан басқа «Тіл-құрал», «Оқу құралы», «Әдебиет танытқыш», т.б. еңбектерін жариялап, оқу-ағарту ісіне көп күшін жұмсаған екен. Осы тұлғалар басқа ұлттың әдебиеттегі еңбектері қазақ тіліне аударып, халыққа түсінікті ойды жеткізді. [1]

Тілін ұмытпаған халық тарихын да ұлықтап, келер ұрпаққа қилы заманның төңірегінде жүріп-ақ дәріптеген екен. Қаншама жылдардан кейін қазақ ұлты өз егемендігін алады. Әрине, мақтан тұтарлық жетістіктеріміз аз емес. Алайда болашаққа қарай білу біздің міндетіміз болып саналады. Енді қараңыз, тәуелсіз ел атанғанымызға отыз жылдан асты, ал ұлттық құндылықтардың қазіргі дәрежесі қай орында? Бабамыз аялап қорғаған тіліміз біз үшін қандай мәртебеде? Мәселелері бар, шешіліп жатқан жолы өте көп. Бірақ өкініштісі, әлі күнге дейін сөз қуалап жүрміз. Әлі күнге дейін әдеби тіл мен қазіргі қазақ тілінде кездесетін мәселелердің жауабын тауып, нүктесін қоя алмай келеміз. Мәселелерді шешуден бұрын ең алдымен қоғамға назар аударайық. Қоғам өз тілін құрметтей алады ма? Әрине, қоғамның көп мөлшері ана тілінде сөйлейді және бұл жақсы жетістік. Ұлттың тілі ұмытылмады. Алайда әлеуметтік желілерде болсын, құжаттарда, я болмаса сабақтағы тапсырмаларда орфографиялық қателіктер өте көп орын алады. Бұл халықтың басым көпшілігінің орфографияға мән бермейтіндігінде. Қазақша сөздердің кейбірінің қалай жазылатынын да білмейтін тұлғалар бар екен. Онымен қоса жастар арасында жаргон сөздер пайда болған, әрі бұл сөздер уақыт өткен сайын жаңарып отырады. Екі сөздің бірінде орысша сөз қосатын қазақ енді жаргонға көшіпті. Тіпті орысша сөйлей алмай, тілің бұрмаланып жатса оған күлетін қоғам табылады. Тіпті кейбір сатиралық қойылымдарда орысша сөйлеп қиналғанын көрсетіп, көрермендерді күлдіртетін де бар екен. Демек бұл дегеніміз, қазақ тілінің орыс тіліне қарағанда сый-сыяпатының аздығы. Мұндай деңгейге қалай жеттік және мұндай мәселеден қалай құтыламыз? Көптеген шешімдері бар:

1. Тәрбие. Әр қазақстандық ел болашағы үшін, мүддесі үшін өзіне есеп беріп, өзіне ант беріп, тек қазақ тілінде сөйлеуге дағдыланса, сол дағдысын өзінің қоғамына насихаттаса, қазақ тіліне деген құрмет арта түсер еді;

2. Контент мәселесі. Қазақ тілінде контенттер көбейсе, яғни әлеуметтік желіде болсын, медиа болсын, қазақ тілінде тұсауын кессе? Жаңа дүние ойлап тауып, халықты қазақ тіліндегі жобамен қызықтырса, соған көңіл бөлінсе қазақ халқы басқа тілдерге қызықпас еді;

3. Таптаурын. Қоғам өзегінде тәкаппарлыққа леп беріп тұрған таптаурындарды алып тастап, қазақ тілінде сөйлеуді мақтаныш етсек? Әрбір қазақ өз ұлтының ұлылығын танитын еді.

4. Ғылым. Әрбір қазақ ғылым-білімге қызығып, әр саланың сферасын танып, ілім алса? Ұлтына адал қызмет қылса, қазақ тілінің мәртебесі жоғарылар еді.

5. Тарих. Әр қазақ тарихи еңбектермен танысса, не үшін қазақ тілін көркейтіп, елге қызмет етуге борышты екенін түсінер еді. Кез келген жерде қазақтың тарихы мен тұлғаларының есімдерін танып, оларға құрмет көрсетсек, бізді басқалары да құрметтейді. [2]

Міне, осы ұсыныстарға мән беріп қарауымыз қажет. Алайда тіл мәселесі осымен біткен жоқ. Енді ғылыми көзқараста талқылап қарайық. Қазақстан лингвистика салаларындағы зерттеу барысында көптеген мәселелер алға шығып отыр. Оның бірден бір мәселесі – тұжырымның көп болуы. Біздің тілдегі қателіктер мен дұрыс жазудағы проблемаларда нақты жауап жоқ, тек болжам арқылы ғана қысқа қайыру. Бір ғалым дұрыс-бұрысын анықтаса, оны жоққа шығаратын екінші бір ғалым пайда болады. Бұл тек тіл емес, тарих саласында да орын алатын жайт. Бұның пайда болу себебі – зерттеу барысындағы көптеген теріс стратегиялардың қолданылуы. Ал теріс стратегиялар Лингвистика саласындағы орталық ұғым мәселелерінің шешілмей қалуына байланысты пайда болады. Осы себепті әдеби іл мен қазақ тілінің мәселелері толықтай шешілген жоқ. Әртүрлі

зертеуші тіл ұғымын әртүрлі түсінеді. Сондықтан өз тұжырымын алға шығарады. Басты проблема осында, біз мәселені ортақ шеше алмаймыз, себебі ортақ мәселені таба алмауымыз. Тағы бір мәселе – әдеби тіл мен қазіргі қазақ тілінің болашағы. Яғни, қазақ тіліндегі кейбір ережелер өзгертілуі мүмкін бе, себебі уақыт өте келе зерттеушілер жаңа заңдылықтар табуда. Қазіргі біздің қолданып жүрген кейбір сөздеріміз қолданылмауы керек болып өзгеруі ықтимал. Мысалға, «туылған» сөзі ырықсыз етістің жасалуы жолына байланысты мағынасын құртып алған, сол себепті «туған» деген сөзді ғана қолдану қажет, я болмаса «таң қалу» деген сөз жоқ, «таңғалу» ғана бар деген секілді. Алайда халық арасында осы сөздер әлі күнге дейін қолданыста. Сондықтан ауыз екі тілде бұл сөздердің жойылуы мүмкін емес. Мәселе осында, әлі күнге дейін қай сөздің бар, қай сөздің жоқтығын түсіне алмай келеміз. Осы секілді қазақ тіліне жаңа сөздіктер енгізілуі мүмкін. Яғни, арабизм сөздер секілді, орыс тілінен енген сөздер секілді, жаңа кірме сөздер сөздігімізді жаңартуы мүмкін. Алайда ол сөздер енгенімен, халық жақсы қабылдап, оны үнемі қолдануы өте қиын мәселе. Қоғам наразылығын тудыруы мүмкін. [3]

Біздің басты мақсатымыз не? Біздің мақсатымыз – қазақ халқын бүкіл әлемге текті ұлт ретінде танып, құндылықтарымызды болашаққа аманат ету. Ал тіл – құндылықтың ішіндегі ең маңыздысы, әрі тірегі. Сондықтан тілін құрметтеген ұлт өзін құрметтеген болып есептеледі. Осы орайда барлық сала бойынша алға шығып, өз тілімізді әлемдік аренадан көргіміз келсе, бүгіннен бастап әр қазаққа қазақша тәрбие беруге міндеттіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» (1998) Әбдуәли Қайдар
2. «Тіл тағылымы» (1922) Ахмет Байтұрсынұлы
3. «Тіл білімі терминдерінің сөздігі» Ғ. Қалиев

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Курбанбаева М. К.,

группа РЯЛ-19-2 - г.Ақтау., Казахстан

*Научный руководитель: Битикова А.И., магистр пед.наук, ст. преподаватель
кафедры «Мировые языки», -г.Ақтау., Казахстан*

Перевод – очень древняя человеческая деятельность. Его корни уходят в далекие времена, когда создавался праязык. И тогда возникла необходимость в людях, знавших несколько языков и способных выступать в роли посредников при общении представителей разных языковых общин.

В настоящее время научно-технический перевод является не только особым видом переводческой деятельности и специальной теории, которая исследует данный вид деятельности, но и также находится в статусе самостоятельной прикладной дисциплиной. В современном мире значительное место уделяется переводу научной литературы, научно-технических текстов, насыщенных узкоспециальной терминологией, технической лексикой. Поэтому не случайно XXI век называют «веком перевода».

Для определения особенностей перевода научно-технической литературы нужно рассмотреть понятие «научно-технического стиля».

Научно-технический стиль представляет собой информационное пространство функционирования научно-технических текстов, это глобальное информационно-функциональное поле, в котором действуют многочисленные научно-технические речевые жанры [1, 15-16].

Научно-техническая речь является одной из основных разновидностей научной речи вообще, как подстиль научного функционально-речевого стиля. Основной формой

функционирования данной речи является специальная научно-техническая литература. Другим основным подстилем считают научно-гуманитарную речь (М. П. Кульгав). Хотя набор стилевых черт в указанных двух разновидностях научного стиля в общем одинаков, отдельные стилевые черты в научно-гуманитарном изложении не выдерживаются с такой строгостью и последовательностью. Следствием этого может быть проникновение в научно-гуманитарную речь эмоциональных элементов, что может привести в отдельных случаях к известному сближению ее с публицистической речью [2, 56].

Научно-технический стиль используется в области исследований, теорий и доказательств, объяснения научных фактов, гипотез и имеет свои отличительные стилевые черты, тогда как технический стиль предназначен для текстов прикладного характера, необходимых для тех, кто будет использовать технические решения, воплощенные в приборы, станки, механизмы, устройства в процессе их монтажа, эксплуатации или обслуживания. Таким образом, одна из центральных задач данного исследования — это выявление основных признаков дифференциации научно-технического и технического стилей.

Все научно-технические тексты, согласно Б. Кедрову можно разделить на следующие большие группы

- философские науки (логика, диалектика);
- естественные, технические науки (физика, химия, биология, геология, медицина);
- социальные науки (история, археология, этнография, география);
- науки о базисе и надстройке (политическая экономика, государство и право, искусствоведение, языкознание, психология, педагогика) [3,37].

Особняком среди речевых жанров научно-технического стиля стоят такие речевые жанры, как патент, промышленная реклама, техническая инструкция.

К экстралингвистическим особенностям текстов научно-технической литературы можно отнести:

- отвлеченность и строгая логичность изложения;
- информативность;
- монологичный тип речи;
- объективность изложения материала (аргументация, мотивированность);
- ориентация на логическое восприятие (а не на чувственное) [1, 52].

Основными характеристиками научно-технических текстов являются:

- терминологичность:
 - общетехническая;
 - межотраслевая;
 - узкоспециальная;
- сокращения, которые при переводе должны расшифровываться и даваться в полном значении;
- употребление составных предлогов;
- употребление слов романского происхождения;
- наличие атрибутивных комплексов;
- развернутые синтаксические структуры [2, 44-45].

Основным признаком научно-технической литературы на любом языке является большая насыщенность текста специальными терминами и терминологическими словосочетаниями. Однако структура их в разных языках не одинакова. Эта особенность должна учитываться переводчиком. Дело в том, что научно-техническая терминология представляет собой наиболее подвижный пласт лексики. По мере расширения границы человеческих знаний, при появлении новых областей науки и техники, растет потребность в новых определениях и понятиях. Соответственно расширяется словарный состав, причем расширение идет, в основном, за счет новых терминов [4, 29].

Термины представляют собой область специальной лексики языка, формирующейся в результате научно-технического прогресса, следовательно, усиливающая литературность

языка. Иначе говоря, терминологическая лексика, развиваясь в непосредственной связи с литературным языком, является одним из основных показателей литературности языка. Она появляется для обозначения научной мысли и технического понятия, формируется вместе с их развитием. Термины должны быть конкретными, краткими, определенными, точными и однозначными. Однако сохранять все эти условия трудно. Для обозначения некоторых технических понятий используются части нескольких слов или словосочетания. Несмотря на это, необходимо соблюдать основные принципы процесса терминообразования.

Качество перевода – оценочный показатель сделанного перевода. Основными требованиями, которым должен удовлетворять хороший перевод, являются:

— Точность – все положения, трактуемые в оригинале, должны быть изложены в переводе.

— Сжатость – все положения оригинала должны быть изложены сжато и лаконично.

— Ясность – сжатость и лаконичность языка перевода не должны мешать изложению лексики, ее пониманию.

— Литературность – текст перевода должен удовлетворять общепринятым нормам литературного языка, без употребления синтаксических конструкций языка оригинала.

Использование двусмысленных трактовок, художественных средств выразительности и образности не допустимо. В этом и заключается основное отличие научно-технического перевода от художественного, где у переводчика есть большое пространство для маневра.

Если будем рассматривать хороший перевод научно-технической литературы с русского языка на казахский язык, то перевод должен соответствовать следующим требованиям:

- точная передача текста оригинала;

- строгая ясность изложения мысли при максимально сжатой и лаконичной форме, присущей стилю русской научно-технической литературы;

- полное соответствие перевода общепринятым нормам русского литературного языка;

- в русском языке смысловое нарастание идет от начала предложения к его концу.

Основными трудностями, с которыми переводчик сталкивается при переводе с русского языка на казахский язык, являются отсутствие четко систематизированной терминологической базы, а также нехватка грамотно составленных узкоспециализированных словарей. Порой переводчику приходится самому «изобретать» тот или иной термин, что часто приводит к замешательству при обратном переводе с казахского языка на русский язык.

В казахских словарях регулярно появляются новые термины и словосочетания. Более того, отечественные специалисты решили перевести на казахский язык заимствованные слова, в том числе и международные. Все это создает дополнительную путаницу и неразбериху в переводческих кругах. Не стоит торопиться с обвинениями в адрес переводчика, так как это не всегда его ошибка, а элементарное отсутствие четко закрепленных терминов. Также любой перевод нуждается в обязательном редактировании другим переводчиком или специалистом в данной области. Систематизация терминологии в будущем в казахском языке это большая задача для многих языковедов, переводчиков и экспертов в этой области.

Выполняя перевод с казахского языка, нужно учитывать, что казахский и русский языки различны между собой в значительной степени. При переводе казахского текста можно отметить отсутствие предлогов и наличие послелогов. Еще одно отличие - это отсутствие согласования прилагательного и существительного по падежу и числу.

В русских научных текстах иногда могут встречаться слова и выражения на латинском языке (*perpetuum mobile, terra incognita, a priori, et cetera*). Использование латинских фраз связано с тем, что в европейских странах довольно долго латинский язык

считался языком научного изложения. Использование его в современных текстах науки на русском языке является скорее данью традиции и не является обязательным [5, 45].

По Комиссарову, характерными особенностями научно-технического стиля являются его информативность (содержательность), логичность (строгая последовательность, четкая связь между основной идеей и деталями), точность и объективность и, вытекающие из этих особенностей ясность, и понятность. [6, 45]. Отдельные тексты, принадлежащие к данному стилю, могут обладать указанными чертами в большей или меньшей степени. Однако у всех таких текстов обнаруживается преимущественное использование языковых средств, которые способствуют удовлетворению потребностей данной сферы общения. Принято считать, что технической литературе свойственен нейтральный способ изложения материала, или нейтральный стиль. Автор научно-технической статьи стремится к тому, чтобы исключить возможность произвольного толкования существа трактуемого предмета, вследствие чего в научной литературе почти не встречаются такие выразительные средства, как метафоры, метонимии и другие стилистические фигуры, которые широко используются в художественных произведениях для придания речи живого, образного характера.

При переводе научно-технического текста наблюдается, что в них можно найти достаточное количество вариантных соответствий, выбор, одного из которых делается, исходя из контекстуального окружения. Например, многозначное русское слово «звено» в казахском языке имеет ряд вариантных соответствий: 1) «түйін, үзбе» (звено цепи – шынжырдың түйіні, шынжырдың үзбесі); 2) перен. (составная часть) «бөлім, буын» (звено дидактического процесса – дидактикалық процестің бөлігі, основное звено производства – өндірістің негізгі бөлімі, руководитель среднего звена – орта буын басшысы, слабое звено в этой цепи данного вопроса – бұл мәселе тізбегіндегі осал буын) «звено» – «үзбе», так как речь идет о звене в значении «составляющая системы управления»: «Автоматты басқару жүйесінің типтік үзбелері»; 3) «топ» (звено управления – басқару тобы, младшее звено – бүлдіршіндер тобы); 4) воен. «бөлім» (пулеметное звено – пулемет бөлімі); 5) авиац. «топ» (звено самолетов – ұшақтар тобы); 6) мед. «буын» (суставы ноют – буындар қақсайды).

Приведенные примеры говорят о том, как важен для технического перевода высокий уровень профессионализма, как важно изучать специальную литературу и качественные, постоянные обновляемые справочные материалы, чтобы точно переводить термины с русского языка на казахский язык. Пожалуй, самый главный критерий при переводе как с казахского языка на русский, так и с русского языка на казахский, это четкий и понятный перевод.

Активное использование перевода и переводной литературы – одно из обязательных составляющих научно-технического прогресса, который немислим без совместной работы ученых разных стран в инновационных проектах, свободного доступа к результатам исследований и двустороннему обмену знаниями, опытом и т.д.

ЛИТЕРАТУРА

1. Гак В.Г. Языковые преобразования. - М.: Школа Языки русской культуры, 1998. - 768 с.
2. Алимов В. В. Специальный перевод и лингвистическая интерференция. - М. 2003. - 134 с.
3. Швейцер А.Д. Теория перевода: Статус, проблемы, аспекты. Москва: Наука, 1989, 215 с.
4. Богатская Е. Ю., Невольникова С.В. Курс лекций по теории перевода. Ростов-на-Дону: Издательский центр ДГТУ, 2011.- 234 с.
5. Туманова А.Б. Русский язык. Научный стиль речи. - Алматы, 2010. – 153 с.
6. Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты): Учеб. для ин-тов и фак. иностр. яз. - М.: Высш. шк., 1990. - 253 с.

ТҮРКІ ТІЛІ МЕН ЖАЗУЫ ТУРАЛЫ

Бақтығұл Ж.

Филология мамандығының I курс студенті-Ақтау қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Спатаева С. - Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Қазақстан мен Орта Азия халықтары ежелден бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста әлеуметтік тұрмыс-тіршілігі, дәстүрлері бойынша ортақ болып келеді. Түркі халықтары о баста өрбігенімен, оның этникалық құрамы бір текті емес, әр түрлі ру-тайпалардан, тайпалар одағынан тұрған. Олардың тілдерінде де белгілі бір ерекшеліктер болған. Түркі халықтарының тарихына бір сәт көз жүгіртер болсақ, ежелгі сақ, ғұндар сияқты ертедегі түркілер тарих сахнасына зор күрес жүргізу арқылы шықты. Осы күрестердің арқасында олар айналасындағы жерлерді жаулап алған. Олар көптеген халықтарға сіңісіп, араласып жатты. Ежелгі түркілердің жерлерінің шығысы Қытай, батысы Италия, оңтүстігі Парсы, солтүстігі Сібір болды. Олар өмір кешкен жерлеріне өз ықпалын тигізіп отырған. Олардың мәдениетіне, тіліне, тұрмыс-салтына өздерінің әсерін тигізіп, әлемдік өркениетке үлкен үлес қосқан.

Түркі мәдениеті мен өркениеті өте бай болғанының дәлелін сол ұлы түркілердің қазіргі мұрагерлерінің мәдени тұрмыс-салтынан көруге болады. Бұл мәдениеттің негізі - мыңдаған жылдардан құралған ата- бабаларымыздың басынан өткізген тәжірибесі болды.

Мәдениеттің жоғарғы дамығандығының басты белгісі – жазу мен тіл.

Тіл арқылы біз сөйлеп қана қоймаймыз, тіл тарихын зерттей отырып, халықтың тарихын, тілін, тұрмыс-салтын анықтап білуге болады. Ал енді түркілердің тілі мен жазу тарихына шолу жасайық.

Шумерлерден кейін түркі тарих сахнасында сақтар пайда болады. Сақтар б.з.б VII ғасырдан бастап б.з.б II ғасырға дейін өмір сүрді. Бірақ, ғалымдар сақтарды иран тілдес деп есептейді. Олай еместігіне көптеген дәлелдер бар. Меніңше сақтар бір тілдес халық болмаған, олардың арасында түркі тілдес сақтар да болған. Мысалы: Эмударияның ескі аты Окс (түркіше өгіз-өзен), Есік қорғаннан табылған, сақ заманына жататын күміс табақшадағы жазудың өзі түркі тілінде жазылғаны белгілі болып отыр. Ассирия деректеріндегі ишқуз скифтер деп отырғанымыз, іш оғыз (түркі тайпасының бірі) сақтары екені анық. Мінеки, біздің ата- бабаларымыз бастауын б.з.б. IV мыңжылдықтан алады. Сол – кездің өзінде түркі тілі халықаралық қолданысқа түсіп, әдеби тілдердің біріне айналған еді. Осыншама ғасырлар бойы өмір сүрген түркілер, айналасындағы көрші елдерге ықпалын тигізіп отырған.

Ал түркілер жазуының тарихына көз салсақ, ең алғаш Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін Полтавадан кейін жер аударылған швед офицері И.Страленберг кездейсоқ жағдайда ашқан еді. Бірақ бұл жазба ескерткіштер 2 ғасыр өз зерттеушілерін күтті. Тек фин ғалымдарының «Бұл сібір жазулары финдер тарихына қатысы бар» деген болжамынан кейін зерттеле бастады. [1]

Орхон-Енисей жазулары Скандинавиядан табылған тастағы жазуларға ұқсас болғандықтан руна атанды. Ал Скандинавия халықтарының ішінен тек финдер ғана Азиядан шыққан, мүмкін, тас жазуларды солтүстікке апарған солар болар? Финдер алғашқы болып сібір руналарын зерттей бастады. Бұған Скандинавияның бүкіл палеографтары назар аударды. 1893 жылдың 15 желтоқсанында дат ғалымы В.Томсен алғашқы болып тас жазулардың кілтін тауып, жазуды оқыды. Жазу түркі тілінде жазылған болып шықты. Бірақ бұл хабар ғалымдарды қуанышқа бөлеген жоқ, олар түркі жазуына қызығушылық түсірмей теріс қарады. Түркілер жазуын күрделі ғылыми зерттеусіз иран (соғды) жазуынан тарады деген жалған пікір айтты. Бұл пікір бара-бара аксиомаға айналды. Сөйтіп ресми ғылымда көшпенділер «Мәңгілік Тағы» тұрпатында көрінді.

1970 жылы қазба жұмыстардың нәтижесінде Есік қорғанынан археологтар көптеген қазынаға тап болды. Қорғаннан табылған күміс тостағанда ойып жазылған Орхон - Енисей әріптеріне ұқсас 26 таңба болды. Қорған б.з.д V-VI ғасырға белгіленді. Жазуды алғашқы болып түркі тілінде оқыған О.О.Сүлейменов болды. Бірақ ғалымдар түркілердің сол кездерде өмір сүруі мүмкін еместігін айтып, наразылық білдірді. Оған қарамастан кейінгі ғалымдардың да есік жазуын түркі тілінде жазылған деп өз аудармаларын көрсетті. Ғалымдар түркілер жазуын тек б.з V-VIII ғасырға белгіледі. Бірақ көптеген қазба жұмыстарынан табылып жатқан жазба ескерткіштер бұл пікірдің негізсіз екенін көрсетеді. [2]

Түркі жазуының ерте формаларына Талас даласынан табылып отырған таяқшадағы жазулар жатады. Одан басқа Ферғана, Қой-Қырылған-Қала елді-мекенінен (IV-III) табылып отырған құмыралар мен күзелердегі шағын руникалық жазбалар.

Түркі жазуы Солтүстік Кавказдан Дунайға, Шығыс Еуропа далаларына да таралған. Бұл жазулар IV-V ғасырларда ғұндар мен бұлғарлар арқылы келген. Бірақ ғұн және бұлғар руналары толық зерттелмей, толық сыры ашылмаған. Бұл жазулар славян халықтарының жазуына әсерін тигізген. Бірақ бұл жазу славяндардың христиандана бастаған кезінде жойылып, грекше редакцияланды. Бірақ түркі алфавитінің әсері XII ғасырға дейін сақталды. Сондықтан да кириллицаның басқа еуропа алфавиттерінен айырмашылығы Орхон-Енисей жазуының жүйелеріне ұқсас, яғни « жуан- жіңішке» әріптерінің сингармоникалық тіліне сәйкес, ал мұндай жүйе славяндарға тән емес. Славистер тарихи кириллицада неге екі д (добро-дєрвь), екі з(зєло-земля), екі ызың (ша-ща) әріптері бар екенін ойламайды. Оның үстіне – жіңішкелер Орхон-Енисейдегідей жасалады. Мысалы: S зєло, 7, земля (төңкерілу, жіңішкелікті білдіретін тілік), Ш-ша, Щ-ща(жіңішкелік тілік).

Бұлғар жазу негізінде хазар жазуы да пайда болды. Ал хазар жазуы венгр жазуына ықпал етті. Дон, Кубан, Дунай, Солтүстік Кавказ, Румыния, Еділ-Кама аймақтарынан табылған руна тектес жазулардың түркі тілдес бұлғар, сувар, хазар тайпаларының тілінде жазылғанына күмән жоқ. [3]

Егер түркі жазуын арамей жазуымен салыстырсаңыз, шынында да ұқсастықты байқайсыз, бірақ - ассириялық кезеңіндегі алфавитімен сәйкес келеді (VII ғасыр). Екі-үш ғасырдың өткеннің өзінде арамей алфавитінің өзгергендігі соншалықты түркі жазуымен салыстыруға келмейді. Мүмкін, түркі оғыздар арамейлермен кездескенде шығар.

Б.з.д VII ғасырдың ассириялық хроникаларында мынадай дерек бар. Онда Каспий маңы жағасынан Темір Қақпа (Дербент) арқылы өтіп, Мидияны бағындырып, Ассирияны жаулап алып, оны 28 жыл бойы басқарған өздерін ишкуз деп атаған көшпенділер туралы айтылады.

О.О.Сүлейменов өзінің «Саз кітапша» атты поэмасында ишкуз сөзін ич огуз, ішкіуз атауымен байланыстырып этимологиясын береді. Оғыздардың «Деде Қоркут» атты дастанында оғыздар екі үлкен тайпаға бөлінетін жайында айтылады. Олар ич-огуз (ішкі тайпа) және таш-огуз(сыртқы тайпа, бөтендер). Иш-огуз сөзінде «о» әрпі Семиттер тілінің заңдылығына байланысты түсіп қалады. Мысалы: арабтар оғуз сөзін гуз деп айтады. Сонымен, атақты ишкуздар б.з.д VII ғасырда өмір сүрген иш оғыз немесе ішкі уз атты түркі тайпасы екен. Бұл сөзге әйгілі скиф атауы да жақын. Геродоттың еңбегінде "EKUO" (скиз, скис) жазылған. Әзербайжанның жас ғалымы Гасанов ишкуз және скиф этнонимін оғыз атауымен салыстырып, үш сөздің төркіні оғыз сөзінен бастау алатын көрсетті. Гасанов EKUO (скиз) деп оқудың орнына латынша оқу тәсілімен EKUO (скуз) оқыды. Жас ғалым қателік жіберген еді, себебі грекше U-и мағынасын береді, ал латынша U-у әрпінің мағынасын береді еді, бірақ бұл қателік ұлы жаңалықтың ашылуына алып келді. О.О.Сүлейменов (U) әрпінің генезисімен айналысып, кезінде (U) әрпінің грекше де «у» мағынасын білдіргенін, бірақ грек алфавитінің б.з.д V ғасырында ауысқанында (U) әрпі «и» мағынасын бергендігі жөнінде толық дәлелдеп берді. Сонымен "EKUO" (skuth> skyth> skyf) болған. Міне, скиө< ишкуз болды. Бұл мәселе сколоттарға да тән. Сонда SKOLOT<ISKI-Olot

(ішкі ұлт, олот, улут, улт). Гректерде ызың дауыссыздар болмайды, сондықтан олар «ш» әрпінің орнына «с» әрпіні қолданған және «і» әрпі түсіп қалған.

Сонымен, түркілер өз алфавитін б.з.д мыңжылдықтың ортасында Ассирио-Вавилон иероглифтік жазу базасында толықтырып жасаған.

Түркі руникалық алфавиті:

1. Орхон-Енисей.
2. Талас.
3. Хазар.
- 4 Бұлғар.
5. Қыпшақ
6. Ассириялық кезең (Есік, Ертіс, Сырдария және т.б.) бөлуге болады.

Осы қалдықтарды жинап, бүкіл түркі жазуларын қосып жандандыру біздің басты борыштарымыздың бірі. Сонда ғана біз көпжылдық еңбегіміз жемісті болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. О.О. Сулейменов "Язык письма" 1998.
2. И.Тасмаганбетов "Байырғы түркі өркениеті: жазба ескеркіштері" 2000.
3. А.С.Аманжолов "История и теория древнетюркского письменности" 2000.

СӨЗДЕРДІ БІРГЕ НЕМЕСЕ БӨЛЕК ТҮЛҒАЛАНДЫРУДАҒЫ ҚАЙШЫЛЫҚТАР

Тугелбаева Д.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 2-курс магистранты- Ақтау, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Нұрдаулетова Б.И., ф.ғ.д., профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, -Ақтау, Қазақстан

Қазақ жазуы үнемі өзгеріп, емлесі жаңару, толығы үстінде. Соған қарамастан қазіргі қазақ орфографиясының төл тіліміздің табиғатына қайшы түсер кереғар тұстары да аз емес. Осының өзі жазу емлесінің ғасырлар бойғы жазу дәстүрінің, жазу тәжірибесінің, дағдысының негізінде қалыптасатын өте күрделі құрылым екенін көрсетеді. Енді қазақ орфографиясындағы қайшылықты құбылыстар қандай себептер мен алғышарттардан туындайды? Қазақ жазу емлесіндегі қайшылықтардың пайда болуы, алдымен, кірме сөздердің тілімізге еніп, айтыла, жазыла бастауымен байланысты. Сонымен қатар, әлі күнге дейін өзекті болып келе жатқан сөздердің бірге немесе бөлек жазылуындағы қайшылықтар.

Сөздердің бірге не бөлек жазылуы туралы мәселе, күрделі сөздердің біріккен сөз және тіркескен құрама сөз түрлерін бір бірінен ажырату мәселесінен туындайды. Себебі: біріккен сөз деп қабылданса – бірге, тіркескен құрама сөз деп есептелінсе бөлек жазылады. Сондықтан да болар күрделі /құрама/ сөздердің жазылу емлесінің /бірге, бөлек, дефис арқылы/ қалыптасу тарихы, алдымен, күрделі сөз түрлерін ажырату критерийлерін анықтауға ұмтылудан бастау алғаны мәлім. А.Байтұрсынұлы күрделі сөздердің үндесу заңына сәйкес келгенін- бірге, келмейтіндерін бөлек таңбалайды. Қ.Жұбанов біріккен сөзді «кіріккен сөз» терминімен алып, кіріккен сөз болудың негізгі белгілеріне талдау жасайды. Кіріккен сөз болудың бірінші шарты мағыналық тұтастығы: бір-ақ нәрсені атап, бір сөздің орнына жүреді. Бірақ бұл шарт барлық сөздерге бірдей өлшеуіш бола алмайды. Олай болатын себебі: «қарақұс деген бір сөз бе, екі сөз бе? Бір сөз дейін десең, қара дегеннің де өз мағынасы бар. Бірақ екеуі қосылып келіп, бұл арада бір нәрсенің аты болып тұр. Ал, бұларды бір дейін десең, дәл осылар сияқты болып жасалған өгіз арба, темір қасық т.б. бір сөз болуы керек сияқты. Олай болғанда анықтауыш сөз бен анықталушы сөздің екеуі қосылып бір сөз болып санала беру керек сияқты. Міне, жалғыз мағынаға сүйенгенде айырып алу қиын болатыны осыдан ... – дей келіп, кіріккен сөз болудың екінші шартына синтаксистік тұтастықты көрсетеді, яғни жеке сөздердің әрқайсысы сөйлемде өз алдына бір-бір мүше болмай, бәрі жиналып, сөйлемнің бір-ақ мүшесі болу керек» үшінші шарт

морфологиялық тұтастық, яғни сөз тұлғасының әдемі қалпынан өзгеріп, бірыңғай қалыпқа түсуі, мысалы, қолғап, ашудас, белбеу сөздері тәрізділер. Төртінші шарт фонетикалық тұтастық, яғни кірігуші сөздердің алдыңғысы екпіннен айырылып, қалған жалғыз екпін соңғысында ғана болады. Қ. Жұбанов төртінші шартты ең негізгі деп көрсетеді: «Кіріккен сөзбен кірікпеген сөз тіркесінің қайсысы екенін айыруға ең қолайлы, әрі сенімді жол – ол екпініне қарау». Мысалы: қарға қара құс десек, мұндағы қара құс кірікпеген тіркес екені анық. Өйткені қара сөзінде екпін бар, әрі ол екпін соңындағы құс сөзінің екпінінен анағұрлым басым. Ал, бүркіт – «қарақұс тұқымынан» десек, мұндағы қарақұс кіріккен сөз екені анық. Өйткені, мұнда қара деген бөлшекте түк екпін жоқ, қара мен құстың екеуіне ортақ жалғыз-ақ екпін бар, о да қара сөзінде емес, құс сөзінде. Бірнеше сөздер қосылып, бір ғана екпінге- ең соңғысының екпініне бағынып, кейде бәрінің не біреуінің бұрынғы мағынасы өзгеріп, сондықтан, бәрі жиналып, бір-ақ нәрсенің аты болып, бір-ақ мағына беретін, сөйлемде бір-ақ мүше болып, бір-ақ сөздің орнына жүретін болса, осыны кіріккен сөз дейміз. [1, 244 б.]. Қ. Жұбанов көрсеткен сөздерді біріктіріп жазудың 4 факторы /семантикалық, морфологиялық, синтетикалық, фонетикалық/ күрделі сөздердің іргесін ажыратуға арналған кейінгі еңбектерде түрліше қырынан сипатталады. М. Балақаев «біріккен сөздердің пайда болу заңдылығы» сөздердің семантикалық единица болу тұтастығына қарап танылады, - деп көрсетіп, бірігуге бейім сөздерді мүмкіндігінше біріктіріп жазуды қолдайды: 1. Біріктіріп жазу жинақылықтың нышаны. 2. Біріккен сөздерді біріктіріп жазу – тілдің сөз байлығын дамытудың да қамы. 3. Біріккен сөздерді жұртқа біріктіріп жазып оқыту арқылы солардың тұтастығын танытамыз, бір сөз ретінде дұрыс жазып жылдам оқуға тиісті жағдай жасаймыз» - дейді. [2,59 б.]. Р.Сыздықованың «Қазақ тілінің анықтағышы» кітабында бөлек жазылатын сөздер бұдан гөрі кеңірек беріледі:

- Біріккен сөздердің бірқатары түбірін сақтап, енді бір шамасы өзгерген қалпында жазылады: алабұға, алақоржын,кәсіподақ, өнертану, бүрсігүні, қарағаш, апару т.б. Ал біріккен сөз болатын сөздерге төмендегідей атаулар жатады:

-Жалқы есімдер / топономикалық атаулар, кісі аттары

- Ғылым мен техниканың әртүрлі саласындағы терминдік мәнге ие болған күрделі атаулар.

- Флора мен фауна дүниесінің терминдік атаулары болып келетін күрделі сөздерді біріктіріп жазу үшін төмендегідей талаптар қойылады:

1. ақ, қара, көк, сары т.б түсті білдіретін сын есімдер дербестігінен айырылған сөздермен бірігіп белгілі бір жан-жануар, құс, өсімдік атауын білдіреді: алақоржын, ақиық, аққу, көкқұтан т.б.

2. Бірінші сыңары түсті білдіретін сын есімдер екінші сыңары құс, ағаш, балық, құрт,шөп, гүл, торғай, жидек, жеміс сияқты аң-құс, өсімдіктің жалпы атауы болатын сөздер бірге жазылады. Қараторғай, сарышөп, қызылжидек т.б.

3. Бірінші сыңары есім сөз, екінші сыңары шөп, өсімдік, тауық, құрт сияқты жалпы атаулар: әтіргүл, бояушөп, барқытгүл т.б.

4. Екі сыңары да дербестігінен айырылған есім сөздер.

5. Бірінші сыңары мал, аң атаулары екінші сыңары лексикалық мағынасынан айырылған сөздер / балықкөз, түйеқара, қоянсүйек т.б./ немесе бірінші сыңары мал не аңның жалпы атауы, екінші сыңары шөп, жапырақ, тікен, жеміс, тамыр т.б. тәрізді сөздерден тұратын, ботаникалық терминдер / бақаоты, қояншөп, түйетікен, қазоты т.б./

3. Әралуан құрал – жабдық, қару – жарақ, машина, аппарат, бұйым, үй мүлкі атаулары, мамандық, кәсіп иелерінің аттары.

4. Аралық, тану, сынақ, нала, ақы, еш, кей, қай, әлде сөздерімен келетін күрделі сөздер.

5. Фото, авиа, агро, теле, мото, стерео сияқты кірме сөздермен келетін қазақ тіліндегі сөздер. Осы берілген талаптарға қарай бірге және бөлек жазылатын сөздердің белгілі бір жүйеге бағынған емлесі бар. Дегенмен, қазақ тіліндегі күрделі сөздердің барлығын бірдей осы жүйеге түсіру қиын. Жасалу уәжі бірдей сөздердің бір тобы бөлек жазылатын

сөздердің, екінші тобы бірге жазылатын сөздердің қатарын құрайтын жағдайлар да ұшырасады. [3, 42 б.]. Н.Уәлиев, А.Алдашеваның «Қазақ орфографиясындағы қиындықтар» кітабында күрделі сөздердің арасынан бірге жазылатындарын ажыратудың бірден-бір критерийі ретінде:

1) оның сыңарларының семантикалық өзгерісі алынады. Яғни құрамындағы сөздер дербес тұрғандағы мағынасынан ажырайды, олардың мағыналарының контаминациялануы /лат. Contaminatio- араласу/ нәтижесінде тың мағына пайда болады. Мәселен, жаужұмыр, сайгүлік, қызойнақ, бірқазан /құс/, кәріқыз /өс/, түйесіңір /өс/, шашақбас /өс/ т.б. сөздерінің әрқайсысының жеке компоненттерінің дербес мағынасының тұтас сөздің беретін ұғымына мүлде қатысы жоқ.

2) Кейде бүтіннің бөлшегі болатын сөз сыңарлары біріге келіп тұтас зат, құбылыс атауы болады. Мысалы: қосаяқ, бізқұйрық, қаратамақ, қарабауыр т.б. Осындағы аяқ, құйрық, тамақ, бауыр сөздері «бүтіннің бөлшегін» білдіреді. Егер күрделі сөз құрамындағы сыңар сөздер өздерінің мағыналық дербестігін біршама сақтап қалатындай болса, ондай күрделі атаулар бөлек-бөлек таңбалаынады. Мәселен, әулиеағаш-бірге, алма ағаш бөлек жазылады. Себебі: әулие және ағаш сөздері мағыналары бір біріне қабыспайтын мүлде әр басқа сөздер. Дербес мағыналарынан ажырап жаңа мәнге ие болған. Ал алма ағаш сөзінде алма да, ағаш та өз дербестігінен толық айырылмаған.

3) Кейде 3 сыңардан тұратын күрделі атаулардың алдыңғы екі сыңарын –бірге, соңғысын бөлек жазуға тура келеді. Мысалы: қызыққұйрық торғай, сарала қаз, саржақ су бүркіті, ақбас жусан, қарабауыр қасқалдақ т.б. Себебі алдыңғы екі сыңарының мағынасы кейінгі сыңарына қарағанда идиоматизацияланғанын байқау қиын емес.

4) Күрделі сөздердің біріккен сөз ретінде танылуына олардың семантикасынан өзге грамматикалану факторы да әсер етеді. Бұл орайда етістік формалары, сын есім, зат есім жасайтын арнайы тұлғалар мен көптік жалғауының мағына ұластырғыш қызметі айтарлықтай рөл атқарады [4, 63 б.].

Лексема	Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011 ж.	Орфографиялық сөздік, 2007 ж.	Орфографиялық сөздік, 2013 ж.	Терминологиялық сөздік, 2014 ж.
Ақ орда/ақорда	бөлек	бөлек	бірге	бөлек
Алғы сөз/алғысөз	бөлек	бөлек	бөлек	бірге
Бас сүйек/бассүйек	бөлек	бөлек	бөлек	бірге
Жел диірмен/желдиірмен	бірге	бірге	бірге	бөлек
Қара топырақ/қаратопырақ	бірге	бөлек	бірге	бөлек
Қысқа мерзімді/қысқамерзімді	бөлек	бөлек	бірге	бөлек

Кестеде көрсетілген мысалдарға қарасақ, терминологиялық сөздік пен орфографиялық сөздікте сөздер бір-бірімен үйлесім таппай кереғар жүргенін байқаймыз. Соңғы шыққан орфографиялық сөздікте де біршама өзгерістер барын көруге болады. 2013 жылы шыққан сөздікке қарасақ, көп сөздердің бірге тұлғаланып келе жатқанын байқаймыз. Алайда, әлі де орфографиялық сөздігімізде бірге немесе бөлек тұлғалануға қатысты кереғар сөздер бар.

Сөзтізбедегі ағаштарак сөзі тарактың ағаштан жасалғанын, теміршар сөзі шардың темірден жасалғанын, тегін білдіреді. Олардың жез құман, теміркүрек, темір қазық, қалайы қасық, күмістеңге сияқты тіркестерден қандай айырмашылығы бар? Олар да заттың неден

жасалғанын білдіріп тұр ғой. Сөздікке сүйеніп, дұрыс жазғысы келген оқушы қай кезде бірге, қай кезде бөлек жазу керек екенін қалай ажыратуы керек? Сөздікте ағашаяқ (ыдыс), ағашаяқ (протез) бірге жазылғанмен, ағаш балға; ағаш ине; ағаш кереует; ағаш оқ; ағаш соқа; ағаш тостаған; ағаш төсек; ағаш тұғыр; ағаш тырма; ағаш үзеңгі; ағаш үй; ағаш шелек (көне), т.с.с. бөлек жазылған. Ағашаяқ(ыдыс) бірге жазылғанда ағаш тостаған; ағаш шелек не себепті бөлек жазылады? Бәрі де ағаштан жасалған ыдысты білдіреді ғой. Не себепті екі түрлі жазылуы керек? Ал шайқасық, асқасық, балқасық, беторамал, қолорамал сияқты сөздер заттың неге, кімге арналғанын білдіріп тұр. Кейде балқасық дегеннің орнына кішкене қасық, ас қасық дегеннің орнына үлкен қасық деп те жатады. Осыдан-ақ анықтауыштық қатынас анық көрініп тұр емес пе? Ендеше, бұл сөздердің бәріне арнайы ескертудің қажеті қанша? Бұл орайда академик Р.Сыздықтың төмендегі тұжырымдары басшылыққа алынуы керек: «Екі зат есім қатар айтылып, бір ғана затты атап, алдыңғысы соңғысының тегін (неден жасалғанын), неге арналғанын, немен жұмыс істейтінін және өзгелерінен ажыратылатын белгілерін білдірсе, олар бір-бірінен бөлек жазылады. Мысалы: ағаш шот (ағаштан жасалған шот), ат қора (атқа арналған қора), жел диірмен (желмен жұмыс істейтін диірмен), жол азық (жолда жеуге арналған азық), май шам (маймен жанатын шам), шай қасық (шай ішкенде жұмсалатын қасық), кір сабын (кір жууға арналған сабын), ат арба (ат жегілген арба), сары май (сары түсті май), бет орамал (бет сүртуге арналған орамал), т.б.» [3, 37 б.].

Адамата сөзін кейде Адам-ата деп оқулықтарда көріп жатамыз, ал сөздікте «Адамата». Сонымен қоса, айғай-шу, айқай-шу. Осы секілді сөздердің де дұрыс емлесін бекітуіміз керек. Әйтпесе, оқушы түгіл, мұғалім де ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін түсіне алмай дал болады.

Тіл мамандарының арасында «тілдің жаны емледе» деген қанатты сөз бар. Солай емлемізді бір жөнге салмасақ, тіліміздің дамуы қиын. Р. Сыздық ұсынған «Қазақ тілінің анықтағышындағы» бірге, бөлек жазу принциптерін ұстанып, сөздікке дұрыс емлемен жаңартып енгізу керек. Барлығы дерлік сол сөздікке бағынып, ережелерді сақтауы керек. Сол кезде ол емлелер тілімізге сіңісіп, қатқан заң ретінде қалады. Сөздердің бірге жазылуын құптаймын, бүгінде жазылған мәтіндердің көптігінен, мәтінді оқуға кететін уақыттың үлкендігінен оқудың түрлері шыға бастады. Біреу хабар алайын деп оқиды, біреу керегін іздеп оқиды, біреу сүзіп оқиды, біреу жүргізіп, ара-тұра тоқтап оқиды, біреу сынап, тексере оқиды, біреу сырғытып оқиды, т.т. Яғни бәрінде уақыт үнемдеу үшін жүргізіп оқу бар. Бұл көздің бір шалғанына қамтылатын таңбаның санына байланысты болады. Қазақ грамматологиясында бұл ұғым көзшалым деп аталып жүр. Сонда 1 көзшалымға бос аралықтары бар 4-5 сөз қамтылады. Көп қамтып оқу үшін бір ұғымды білдіретін сөздерді бірге жазу қажеттігі шығады. Сонымен, бірге жазу үдерісінің күшеюі оқуды автоматтандыру мен жазуды үнемдеумен байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, «Ғылым», 1998. -244 б.
2. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері, А., 2008. 59 б.
3. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы 42 б.
4. Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. Алматы, «Балауса», 2000. -63 б.
5. Орфографиялық сөздік, 2007 ж.
6. Орфографиялық сөздік. 2013 ж.
7. Терминологиялық сөздік, 2014 ж.
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011 ж.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫН САЛЫСТЫРУ

Уристенбекова Г.К., Джумасаева Ж.А.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан

Қазақ тіліндегі қос тағанды мақал-мәтелдер құрмалас сөйлем тұлғасында келеді. Яғни синтаксистік құрылымы жағынан мақалдың әр тағаны бір жай сөйлем болып, қос таған бірігіп келіп, құрмалас сөйлем құрайды. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді құрмалас сөйлемнің көп кездесетін түрі – салаласа құрмаласқан сөйлемдер. Оның себебі мақалда белгілі бір қасиет немесе жағдай басқа бір жайттарман салыстырыла, теңестіріле айтылады. Мұндай сөйлемдер ешбір дәнекерсіз екі жай сөйлемнің қатар айтылуына байланысты, яғни мағына жағынан параллелизм принципі бойынша жасалып отырады. Қазіргі әдеби тілімізде жалғаулықсыз салалас құрмалас түрлері де бар. Мақал-мәтелдер көбінесе салаластың осы түрінде жасалады. Бұл мақал-мәтелдердің ықшамдылығына, жинақы, ырғақ пен ұйқасқа бейімделе айтылуынан да болса керек.

Мақал-мәтелдердегі салалас құрмаластардың құрылымдық ерекшеліктерін де бір құрамды және көп құрамды негізде талдауға болады. Мысалы:

а) бір құрамды+бір құрамды. Екі компоненті де бірдей структуралық схемада келген бір құрамды сөйлемнен жасалады. Мысалы: Тіліңмен жүгірме, біліммен жүгір; Тауықты тойындыра алмайсың, қызды киіндіре алмайсың;

ә) көп құрамды+көп құрамды. Мысалы: Көп қорқытады, терең батырады; Тау тауға кездеспейді, адам адамға кездеседі; Көз көруге тоймайды, құлақ естуге тоймайды.

Мақал-мәтелдер синтаксисінде кездесетін құрмалас сөйлемнің келесі түрі сабақтас құрмалас сөйлемдер. Сабақтас құрмаластар салаластарға қарағанда өте аз ұшырасады. Мақалдарда кездесетін сабақтас сөйлемнің негізгі түрі – шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем. Шартты бағыныңқылы сөйлемдердің өнімді грамматикалық көрсеткіші – етістіктің шартты рай тұлғасы. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер де, негізінен шартты райдың -са/се аффикстері арқылы жасалады. Мысалы: Қойшы көп болса, қой арам өлер; Бейнетің қатты болса, татқаның тәтті болар; Құлан құдыққа құласа, құлағында құрбақа ойнар.

Мақал-мәтелдерде кездесетін сабақтас сөйлемдердің басым көпшілігі шартты рай арқылы құрмаласатын сабақтастар. Мысалы: Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар.

Мақал-мәтелдердегі сабақтас сөйлемдердің бағыныңқы сыңарларының баяндауышы әр алуан тұлғада келеді. Солардың ең бастысы -са тұлғалы етістік. Сонымен бірге қарсылықты сабақтастың келуі де өте сирек құбылыс, мұндай мақалдар қазақ тілінде бірен-саран ғана. Мысалы: Атсыз үй болса да, ассыз үй болмайды. Мақал-мәтел сөздерде сирек те болса, есімше арқылы құрмаласатын сабақтас сөйлемдер бар. Әдеби тілімізде есімшенің жай сөйлемдерді бір-бірімен сабақтастыра құрмаластыруы өте актив функцияда жұмсалатыны белгілі [1, б. 66].

Сонымен қатар бағыныңқы компонент баяндауышы жатыс септігіндегі есімшеден болған сабақтастар да кездеседі, бұл сипаттағы екі компонент мезгілдік қатынаста тұрады. Мысалы: Ешкіні тәңір атарда, Қойшының таяғына душар болады. Кейбір мақал-мәтелдерде екі сабақтас сөйлемдер өзара құрмаласып та келе береді. Бұл да мақал-мәтелдердің өзіндік бір ерекшелігі деуге болады. Мысалы: Жиен ел болар-малы болса, Желке ас болар-майы болса.

Келесі тоқталатынымыз құрмалас сөйлемдердің соңғы түрі – аралас құрмалас сөйлемдердің мақал-мәтелдердегі сипаты. Аралас құрмалас сөйлемдердің мақалдарда келуі өте сирек құбылыс, бұл түсінікті де, себебі аралас құрмалас құрамында компоненттер санының көп болуы. Ең кемінде үш компонент болуы - аралас құрмаластың табиғи заңдылығы. Ал мұндай көлемділікті мақал-мәтел табиғаты көтермейді. Дегенмен, сирек те болса аралас құрмаластар мақал сөздерде ұшырасады және де мұндай құрмаластың бір сыңары жалаң бір мүшеден ғана болады. Мысалы: Ой түбінде алтын бар, ойлай берсең, табарсың, Сөйлессең дауласпа, Даулассаң да жауласпа. Мақал-мәтелдердегі аралас

құрамалар да тіліміздегі басқа сөйлемдердегідей, салалас пен сабақтас сөйлемдердің қосындысы іспетті.

Шетелдердің ірі тілші-ғалымдары ықшамдалу принципі мәселесін тілдің эволюциялық дамуымен тығыз байланысты қарастырады. Олар: Г.Пауль, Ф.де Соссюр, О.Есперсен, П.Пасси, Г.Спенсер, Э.Сепир, Ж.Вандриес, Л. Блюмфильд, А. Мартине, Э.Бурсье, Ф.Кайнц т.б.

Негізінен сөздердің ықшамдалу процесі тілдің эволюциялық даму, қалыптасу барысында күрделіден оңайға қарай ұмтылу әрекетінен пайда болады. Ықшамдалу заңдылығының ауызекі тілге тән екендігін ескерсек, егер бұндай ықшамдалған тұлғалар жиі қолданылатын болса, бірте-бірте әдеби нормаға ене бастайды. Сонымен, ықшамдалу заңдылығына ұшырайтын тілдік бірліктер, біріншіден, жоғары жиіліктегі көп қолданылатын тілдік бірліктер, екіншіден, алдымен ауызекі сөйлеу тілінде пайда болып, кейіннен қолданыс нәтижесінде біртіндеп тілдік нормаға ене бастайды [2, б.85].

Қай тілдің болмасын қазіргі құрылысының қалыптасуында ықшамдалу заңдылығының ізі анық көрініп тұратын жағдайлармен бірге, аңғарылмайтын жағдайлар да бары анық. Өйткені тілге көне замандардан бері қарай әсер етіп, түрлі өзгерістер енгізген бұл заңдылықтың әсерінен болған өзгерістердің қазір бәрін толық дәлелдеп беруі мүмкін емес құбылыстар да өте мол. Әрине, тілдегі болған өзгерістердің бәрін ықшамдалу заңдылығының әсері деуге болмайтыны түсінікті.

Мақал-мәтел құрамында кейбір сөздер грамматикалық категориядан басқа грамматикалық категорияға ауысуына байланысты өздерінің синтаксистік функциясын өзгертіп отырады. Сонымен қатар мақал-мәтел құрамында кейбір сөйлем мүшелері тіпті айтылмай түсіп қалады да, олардың мағынасын жанында тұрған сөздер ұғындырады. Мұндайды тіл білімінде эллипсистік құбылыс деп айтады. Бұл мақал-мәтел құрамындағы сөйлем мүшелерінің бірі болмаса бірін түсіріп айту риторикалық қызмет атқарады. Ол сөздер контекспен тығыз байланысты болғандықтан ғана түсінікті бола алады.

Қазақ мақал-мәтелдеріне ұшырайтын ықшамдалу құбылысы екі түрлі тәсіл арқылы жасалады.

1. Сөздердің субстантивтену тәсілі;
2. Мақал-мәтелдердің құрамына кейбір сөздердің айтылмауы;

Мақал-мәтелдердің құрамында кейбір сөздердің субстантивтенуіне байланысты бір сөз өзінің грамматикалық қызметін ауыстырады. Заттың сапасын түсіндіретін кейбір сөз таптарына жататын (атап айтқанда, сын есім, есімше, сан есім т.б.) сөздер, айтылатын ұғымды ойды қысқа, ықшамды етіп айқын түсіндіру керек болған кезде зат есімдік мағынаға ие болып, яғни зат есімнің қызметіне ауысады.

Субстантивтенген сөздер мақал-мәтел құрамында жиі ұшырасуымен қатар олардың жұмсалыуында да біраз ерекшеліктерінің барлығы байқалады. Кейде субстантивтенген сөздер синтаксистік қызметі жағынан анықтауыштың да функциясын атқаруы мүмкін. Ондай жағдайда зат есімнен болған сөйлем мүшесі түсіп қалады да, анықтап тұрған сөз соның мағынасын толық меңгеріп, тиісті морфологиялық тұлғада тұрып анықтауыш қызметін атқара алады. Арзанның сорпасы татымас дегендегі «арзанның» деген сөз табы жағынан сын есім болса, синтаксистік қызметі жағынан «сорпасы» деген сөзге анықтауыш болып тұр. Бірақ, арзанның-деген сөз «арзан малды», «арзан етті» деген сөз тізбектерінің орнына жұмсалады [3, б.42].

а) Мақал-мәтел құрамында келетін кейбір жеке сөздің өзі ғана субстантивтенуі мүмкін. Мұндай жағдайда ол сөзге ешбір сөйлем мүшесі қатысты болмайды.

б) Бірнеше есім сөздер өзара тіркесуі арқылы немесе есім-етістік тұлғалы сөздер есімше формалы сөзге тіркесуі арқылы күрделі субстантивтенген сөздер жасай алады.

в) Субстантивтенген сөздің алдында анықтайтын сөз тұруы да мүмкін. Мұндай жағдайда, субстантивтенген сөз есім сөздерден жасалып отырады.

г) Субстантивтенген сөз изафеттік тіркесте келсе, онда оның екінші сыңары, яғни анықталатын сөздері; сын есім, сан есім, есімше, есімдік сөздерден болса, ол сөздер әрқашан субстантивтенеді.

Субстантивтенген сөздерді синтаксистік қызметіне қарай мынадай тұрғыдан қарастыруға болады.

1. Субстантивтеліп бастауыш болатын сөздер. Мұндай қызметті мақал-мәтел ішінде көбіне сын есім мен есімше тұлғалы сөздер атқарады. Мақал-мәтел құрамында бастауыш болатын зат есімнен болған сөз түсіп қалады да оның функциясын сол сөздің алдында тұрған сөз атқаратын болады. Қазақ мақал-мәтелдерінде субстантивтеніп бастауыш қызметін атқаратын сөздер жиі ұшырасады.

2. Субстантивтенген сөз толықтауыш қызметін атқарады. Мұндай сөздер тура жанама толықтауыштардың орнын басады. Жақсымен сөйлессең, ашыларсың; Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен-дегендегі субстантивтенген сөздерге септік жалғаулары (іліктен басқасы) жалғанып, толықтауыш қызметін атқарып тұр.

3. Ілік септігімен тәуелдік жалғауының тіркесі арқылы жасалған сөздердің алғашқы сыңары субстантивтеніп тұрып та анықтауыш қызметін атқара алады: Көзі жоқ, құлағы саудың ақылы толады, Құлағы жоқ, көзі саудың ақылы солады.

Мұндағы анықтауыш қызметін атқарып тұрған субстантивтенген сөздер формальды жағынан анықтауыш қызметін атқарғаны болмаса шын мәнінде бұрын айтқанымыздай мұндай изафеттік құрылыста келетін сөздердің анықтайтын қанаты мен анықтамайтын қанаты бірігіп бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады.

Мақал-мәтел құрамынан кейбір сөйлем мүшелерінің түсіп қалуы, көбіне, олардың мағыналық жағына байланысты болады. Мақал-мәтел құрамында айтылмай түсіп қалатын сөздердің мағынасы басқа компоненттердің семантикалық табиғатына байланысты айқындалып отырады. Сондықтан, кейбір сөздердің айтылмай түсіп қалуы мақал-мәтелдің ықшам жасалуына себепші болады [4, б.29].

Бастауыш болатын сөздер мақал-мәтел құрамында әрқашан бола бермей кейде олар жасырын, түсіп қалып та айтылады. Мақал-мәтел құрамында бастауыш мынадай жағдайда айтылмай, түсіп қалады.

а) Салаласа құрмаласқан сөйлемді мақал-мәтелдердің әрбір қанатында бір сөз қайталанып келіп баяндауыш қызметін атқарады. Осындай бір сөйлемде бірнеше қайталанып келетін баяндауыштар салалас сөйлемді мақалдың алғашқы қанатында айтылмай, соңғысында тұрып та жасала береді. Асыл тастан (шығады), Ақыл тастан шығады.

ә) Мақал-мәтелдерде кейде етістіктен болған дара баяндауыш түсіп қалады. Бұл құбылыс бір немесе екі қанатты мақал-мәтелде кездесе береді. Мыңнан тұлпар шығады, жүзден жүйрік шығады деген мысалдарда айтылмай түсіп қалып тұрған баяндауыштардың мағынасын контекстегі басқа сөздердің жалпы ұғымы арқылы түсінуге болады.

б) Ой екпіні мақал-мәтел құрамындағы ең соңғы есім сөзге де түседі де, ол есім сөз өзінен соң келетін етістіктен болған баяндауышты қажет етпей, баяндауыштың мағынасын өзінің морфологиялық тұлғасы арқылы білдіреді. Мысалы: Ақыл жастан шығады, асыл тастан шығады дегеннің баяндауышын түсіріп айтуға себепші болып тұрған, сол сөздің алдындағы шығыс септігінде тұрған есім сөз. Әдетте, шығыс септігінде тұрған есім сөз өзінен соң келетін етістік сөздің мағынасын толық бере алады. Сондықтан Мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік дегендегі тастан, жастан, мыңнан, жүзден деген шығыс септігінде тұрған сөздер істің, қимылдың, бағытын білдіру мақсатында айтылып тұрғандықтан, оларға ой екпіні түсіп, олардан соң келетін етістіктен болған баяндауышты айтқызбай тұр.

Сондай-ақ мақал-мәтел құрамында барыс, жатыс септік жалғаулары жалғанған есім сөздерден соң келетін етістік сөз көп жағдайда айтылмақ түсіп қалады. Өйткені барыс, жатыс септік жалғауларында тұрған сөздер мезгіл, бағыт білдіру сияқты сипат қабылдайды.

б) Тұрлаулы мүшелер айтылмай, тек тұрлаусыз мүшелер арқылы құралатын мақал-мәтелдер де ұшырайды. Бастауыш пен баяндауыштың бірдей түсіп қалып айтылуы, әсіресе,

мақал-мәтелге тән сипат. Бірақ бастауышы мен баяндауышы жоқ, яғни тұрлаусыз мүшесіз сөйлемдер синтаксистік жағынан да ерекше көрінеді.

в) Ілік септігінде тұрған жіктеу есімдігі айтылмай түсіп қалады. Оның мағынасы изафеттік құбылыста тұрған тәуелдік жалғауы жалғанған сөз білдіреді. Бұл жалпы тілдерге тән заңдылық. Сондықтан анықтауыш қызметін атқаратын мұндай сөздердің түсіп қалу тәсілін тек мақал-мәтелге ғана тән қасиет деуге болмайды. Бірақ бұл құбылыс мақал-мәтел құрамында жиі ұшырайды. Сонымен ықшамдалу яғни эллипсис дәл мағынасында сөйлегенде немесе жазғанда түсінуге нұқсан келтірмейтін сөздерді тастап кету деген мағынаны білдіреді [1, б.78].

Екі жолды мақал-мәтелдердің бір жолын түсіріп айтуға байланысты пайда болған инварианттар: Атадан ұл туса игі еді, Ата жолын қуса игі еді - Атадан ұл туса игі деген. Мына Тәкежан, Ысқақ, Шұбарға алғысымды айтамын. (М.Әуезов. «Абай жолы»); Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, Қанаты бүтін сұңқар жоқ - Тұяғы бүтін тұлпар жоқ деген. Кемшіліксіз пенде бар ма бұл жалғанда (М.Мағауин. «Қияндағы қыстау»); Елу жылда ел жаңа, Жүз жылда қазан - Елу жылда ел жаңа деген. Бүгінгі өмірді кешегімізбен салыстыруға бола ма? (М.Байғұтов «Шахмат»).

Қосалқы компоненттермен кеңейтілген инварианттар. Өшкен жанбайды, Өткен оралмайды - Өшкен жанбайды, жанса – басқа от, өткен оралмайды, оралса – басқа сәт; Құл жиылып бас болмас, Құм жиылып тас болмас – Құл жиылып бас болар, біріктіретін құдайы болса, құм жиылып тас болар, кіріктіретін ылайы болса; Жиен ел болмас, Желке ас болмас – Жиен неге ел болмасын, малды болса, Желке неге ас болмасын, майлы болса. Бірнеше мақал-мәтелдің тоғысуынан, жымдаса қабысуынан туған инварианттар: Сақалын сатқан кәріден, Еңбегін сатқан бала артық. Күріш арқасында күрмек су ішер – Масыл болып, сақалымды сатып, күріш арасына шыққан күрмек секілді болмайын; Қара арғымақ қартайса, Қарға адым жер мұң болар. Баба бүркіт барлап ұшар, Бала бүркіт парлап ұшар – Қара арғымақ қартайып, қарға адым жер мұң болған екен десем, баба бүркіттей барлап ұшып жүрген тәрізін бар ғой.

Мұндай стильдік инварианттардың бұдан басқа да түрлері болуы ықтимал. Олардың жасалуында белгілі бір шаблон, траферет немесе заңдылық жоқ. Солай бола тұрса да, дәстүрлі тұрақтылыққа ие, әбден қалыптасқан мақал-мәтелдердің өзгеріп, инварианттық жағдайда қолдануында өзіне тән ерекшеліктің байқалатынын көреміз. Мақал-мәтелдің барлық жағдайда басын қосып, оның номинативтік қалпын сақтауға негіз, дәнекер болып отырған мағына-мазмұн тұтастығы, логикалық тұжырыммен қабысып келетіні баршаға мәлім, таныс, етене образ, өмір ситуациясы, ортақ тәжірибе.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сатенова С.Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік табиғаты. А.1997
2. Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. Алматы, 2015
3. Шәкенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. Алматы, 1991.
4. Сәдуақасов Ж. Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдер. Алматы, 1996.

4-СЕКЦИЯ. ПӘНДІ ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ШЕБЕРЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ

Мұхиддинова Г.Ә.,

Қазақ тілі пәні оқытушысы, Филология магистрі, М.Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледжі-Қызылорда қ., Қазақстан

«Мұғалім көп әдісті қолдана отырып, оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде пайдаланған дұрыс», - деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамту, оны оқушыға жеткізу, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеру, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Ал оның негізі колледждегі әдістеме пәндері мен тәжірибе жинақтау түрлерінде қамтылатыны сөзсіз. Еліміздің ертеңі жас ұрпақ болғандықтан, оларға терең де сапалы білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін құрастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Сабақ - мұғалімнің шығармашылық еңбегінің нәтижесі. Оның өз мәнінде өтуі ұстаздың біліміне, ұйымдастыру қабілетіне, шеберлігіне байланысты. Мемлекетімізде болып жатқан өзгерістерден білім беру саласы шет қала алмайды. Сондықтан қазіргі уақытта оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері қарастырылып, енгізілуде. Білім беру үрдісінде мұғалімнің оқушыны дұрыс бағалауға көңіл бөлгені дұрыс. Баға – оқушының білімін көрсететін нәтиже. Мұғалім жаңа форматта құрылған сабақ тақырыбына байланысты критерийлер бойынша немесе бағалаудың әр түрлі тәсілдерін қолдануға болады. Қазіргі заман ағымына сай болашақ ұрпаққа саналы тәрбие, терең білім беру еліміздің басты мәселесі болып табылады. Сабағының жемісті болуы үшін үнемі ізденіс үстінде болып, жаңа бағдарламаны меңгере отырып қолдану әр оқытушының, машықтанушының парызы. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты — білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

5-9 сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) пайдалану болып табылады. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі.

Бұл бағдарламада коммуникативтік төрт дағдыға баса назар аударылады. Осыған дейін оқылым мен жазылымға аса мән беріліп келсе, жаңа білім беру мазмұнында ең бірінші тыңдалым және айтылымға мән берілуінің қоғамдық қажеттіліктен туындағандығын тәжірибе барысы дәлелдеді. Себебі, тыңдалым дағдысының 6 жастағы балада емес үлкендер тарапында да жетіспейтіні жалған емес. Тыңдалым болмаған жағдайда қалған үш дағдының өз нәтижесін бермейтіндігі айдан анық жағдай. Сондықтан қазіргі күні оқу процесінде «ең бірінші тыңдаймыз» деп оқушылардың тыңдалымға дағдылануына баса назар аударып отыру, оқушыда өз бетімен тыңдауға назар аудару дағдысын қалыптастыру қажет. Күнделікті сабақ басталмас бұрын бүгінгі сабақтың мақсатын

таныстыру оқушыда өз алдына мақсат қоя білуге, сабақ соңында бүгінге мақсатқа қол жеткізгендіктеріне қайта шолу жасау арқылы өз нәтижесіне саралау жасауға мүмкіндік беру бұл да жаңа білім беру мазмұнының жаңа бір қыры деп айта аламын. Әр пәнде үш тілділік саясатының жүзеге асуы және барлық пәнге тән ортақ тақырыптың болуы, сабақтың кіріктіріле өткізуге негізделуі оқушының белгілі бір тақырыпты жан-жақты қырынан зерттеуіне, өз бетімен тұжырым жасауына ықпал етеді.

Ата-ана үшін де бұл бағдарлама бір жағынан қорқыныш тудырса, екінші жағынан қызығушылық та тудырып отыр. Ата-аналар мәжілістерінде әр оқушының қалыптастырушы бағалау нәтижесіне есеп беру арқылы таныстырудың өзі ата-ана мен мұғалімдердің арасында ынтымақтаса жұмыс жасауға ықпал ететіндігін көрсетуде. Кері байланыс парақшасынан алған мәліметтерін, жазған ұсыныстарына қарай отырып, ата-ананың бағдарлама мақсатын түсінгендігін байқауға болады. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалды бағалау жүйесіне көшті.

Критериалды бағалау - оқушының оқу жетістігін бағалау. Бұл бүгінгі оқыту жүйесінде өзекті талаптардың бірі болып отыр. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығы мен өлшенеді. Баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериалды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдер де пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылым мен айналысуына ықыласын туғызады. Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты: Мектепте оқыту сапасын жоғарылату; мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру. Критериалды бағалаудың міндеттері: Сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға; Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті; Жеке оқушының даму жетістігін бақылауға; Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға; Әр түрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізуге; Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға; Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге

Критериалды бағалаудың маңызы: Мұғалімдер үшін: Сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға; Өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға; Сабақ берудің сапасын арттыруға; Оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр тұлғаға арналған ауқымын жоспарлауға; Бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалануға; Оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізуге. Оқушылар үшін: Танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әртүрлі әдістерін пайдалануға; Табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге; Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсуге; Сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге. Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі: Мұғалімге оқушының оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді; Оқушыларға оқу үдерісі барысында туындаған қиындықтарды түсінуге, бағалауға мүмкіндік береді; Ата-аналар оқушының оқу жетістіктер бойынша объективті дәлелдемелермен қамтамасыз етіледі.

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Студенттердің бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын күдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Біз осы мақсатта 01140600 - «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы 4S01140601 – «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» біліктілігі бойынша даярланып жатқан мамандық студенттері мен машықтанушыларына қазақ тілін оқыту әдістемесі, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәндері және байқау практикасына, дипломалды практикаға дайындық тәжірибе жинақтауларында критериалды бағалаудың түрлері, интербелсенді әдістің түрлері,

рефлексия мен кері байланыстың айырмашылығы, кері байланыс жасау кезінде және сабақ барысында қолданатын әдіс-тәсілдер, блум таксономиясы, танымдық деңгейлері, қысқа мерзімді жоспар жасау – осылардың барлығын меңгертіп жүрміз.

«Білімдіден не пайда, білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда, қайырымы қайтпаса» деген екен А.Байтұрсынов. Сондықтан үнемі кәсіби біліктілігін артып, жаңашылдыққа ұмтылған педагог қана шығармашылықпен, зор қуатпен еңбектенеді. Себебі, әлем таныған елде рухани бай және интеллектуалды тұлғалар мекендеу қажет. «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу», - деген Әл-Фарабидің сөзіне жүгінетін болсақ, ел ертеңі білімді ұрпақпен ғана өлшенбек.

Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын болашақ білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы — заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Сондықтан да біздер, педагогтер осы жолда шығармашылығымызды шыңдай береміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014 ж.
2. «Білім технологиялары» № 3, 2016 ж.
3. «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру» 2017ж
4. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015
5. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы Астана 2016
6. Мұғалімге арналған нұсқаулық (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖӘНЕ ОНЫ БАҒАЛАУДЫҢ ӨЛШЕМДЕРІ

Қирабаева А.

Жаңаөзен қаласы № 3 жалпы орта білім беретін мектебі, Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, akirabaeva@list.ru-Жаңаөзен қ., Қазақстан

Оқушылардың көркем-бейнелі ойлауын дамыту қажеттілігін түсіну үшін қоршаған шындықты білу процесінде оның орны мен маңыздылығын, жеке тұлғаның қалыптасуына әсерін анықтау қажет. Көркем-бейнелік жүйе - бұл кез-келген көркем шығарма: музыкалық, әдеби-поэтикалық, бейнелеу, хореографиялық, театрлық, көркем шығармашылық заңдарына сәйкес жасалған образдар жүйесі. Өнердің негізі – өнер туындылары. Өнер туындыларының негізінде көркем образ ұғымы жатыр. Сурет – бұл тұтас объектінің нақты бейнесі, объективті-практикалық, сенсорлық-перцептивті, психикалық белсенділік нәтижесінде санада пайда болатын құбылыс, адамның санасында қоршаған әлемнің объектілері мен құбылыстарын бейнелеудің нәтижесі мен идеалды формасы. Көркем образ жасау кез келген өнер туындысының басты міндеті. Көркем образ – өнердегі шындықты игерудің тәсілі мен формасы, көркем шығармашылықтың жалпы категориясы. Көркемдік бейнені қалыптастыру процесті танымның даму бағытымен сәйкес келеді: жалпылау арқылы сенсорлық-нақты қабылдаудан объектілер мен құбылыстардың мәнін түсінуге дейін. Көркем образ бейнелі ойлау процесінің нәтижесінде ғана қалыптасуы мүмкін, ал көркем образдың тікелей пайда болуы көркем-бейнелі дизайнды белгілі бір сезілетін

формада (материалда) жүреді. Көркем-бейнелі ойлау – эмоционалды-сезімдік, логикалық және интуитивті компоненттердің өзара байланысындағы көркемдік таным процесін көрсетеді. Көркем-образдық ойлаудың өнімі - бұл адамның көркемдік образ үшін маңызды шындықты құбылыстарда бөліп көрсету, жалпылау, ақыл-ой бейнесін жасау және оны бейнелеу өнері (кескіндеме, графика, мүсін және т.б.) тіліне аудару қабілетін көрсететін көркем сурет.

Балалардың бейнелеу өнерін оқытуда, қазіргі педагогикалық тәжірибеде екі негізгі әдістемелік тәсілмен жүзеге асырылатын тенденцияларды бөліп көрсетуге болады:

- оқушылардың кәсіби құзыреттілігі мен белгілі бір күш-жігерін талап ететін, бірақ әрдайым бірден көрнекі (әсерлі) нәтиже бере бермейтін, практикамен бірнеше рет тексерілген реалистік оқыту әдістеріне негізделген жүйе;

- тез, көрінетін сәттілік сезімін беретін, ойластырылмаған технологияларды қолдану, онда оқушылардың көркемдік және шығармашылық қабілеттерін одан әрі оқыту мен дамытуды құру мүмкін емес. Көркем-бейнелі ойлауды дамытуға бағытталған бейнелеу іс-әрекетін оқыту әдістері туралы мыналарды айтуға болады:

Оқу-танымдық және шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру әдістері: көрнекі бейнені кезең-кезеңмен қалыптастыру әдісі, қиял бейнесін психикалық модельдеу әдісі, материалды блоктақырыптық ұсыну әдісі, анықтамалық схемалар әдісі, жаттығу әдісі, көркемдік қабылдау әдісі, өзіндік оқу жұмысының әдісі. Көрнекі бейнені кезең-кезеңмен қалыптастыру әдісі - балалардағы кескін үшін толыққанды ақыл-ой бейнесін қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады, танымдық процестің операциялық тізбегінің әр кезеңінде мұғалімнің мақсатты жұмысын болжайды, бұл сезім бейнелерін, қабылдау бейнелерін, есте сақтау және бейнелеу бейнелерін, қиял бейнелерін қалыптастыруға ықпал етеді. Көркемдік қабылдау әдісі [1]– оқушыларда "суретшінің көзқарасын" қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады, яғни айналадағы шындық пен өнер туындыларын қабылдаудағы эстетикалық көзқарас, әдемі көру, заттар мен құбылыстарды байқау және тану, үйлесімді, маңызды, сипаттаманы бөліп көрсету, қабылдау процесін жандандыруға және жас оқушылардың көркемдік бейнелі ойлауын дамытуға ықпал етеді. Оқушылардың бейнелеу іс-әрекетін оқытудағы өзіндік жұмыстың маңызды түрітақырыптық, сәндік композицияларда және табиғаттан сурет салуда көркем образ жасау.

Оқу-танымдық және шығармашылық қызметті ынталандыру және қалыптастыру әдістері: эмоционалды ынталандыру әдісі, танымдық қызығушылықты дамыту әдісі, оқудағы жауапкершілікті қалыптастыру әдісі, өзара әрекеттесу және ынтымақтастық әдісі, шығармашылық қабілеттерін дамыту әдісі [2]. Көрнекі іс-әрекетті игерудің тиімділігі бастауыш сынып оқушыларының осы қызмет түріне деген ынтасының болуына байланысты. Көрнекі іс-әрекетке оң көзқарас, танымдық қызығушылық пен қажеттілікті қалыптастыру оқытудың тиімділігі мен сапалы нәтижелерін арттыруға ықпал етеді. Эмоционалды ынталандыру әдісі арқылы келесі мүмкіндіктер жүзеге асырылады: - бейнелеу өнері сабағында мұғалім мен оқушылар арасындағы жағымды эмоциялардың, эмпатияның пайда болуына ықпал ететін ерекше эмоционалды көңіл-күй, достық атмосфера, ынта мен қанағат сезімін қалыптастыру, бұл өз кезегінде жемісті шығармашылық процеске ықпал етеді; - оқушының жеке ерекшеліктеріне байланысты іс-әрекеттің мазмұны мен оны жүзеге асырудағы көмек сипатын анықтауға сараланған тәсілге негізделген бейнелеу іс-әрекетінде сәттілік жағдайын құру; - жеке оқушының немесе ұжымның іс-әрекетінің нәтижелеріне қоғамдық оң баға беру, кіші мектеп жастағы оқушылармен жұмыс жасауда қолдау көрсету қажет, өйткені олар мұғалімнің пікірі мен бағалауына ерекше сезімтал;

- белгіленген нормаларға қайшы келетін әрекеттер мен іс-қимылдарды айыптауды білдіру, айыптау баланың мінез-құлқын түзетеді, қанағаттанбау, ыңғайсыздық сезімін тудырады, мінез-құлық пен оқуға деген көзқарасты өзгерту қажеттілігін тудырады; - оқушыларды бейнелеу іс-әрекетінде жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін жарысқа тарту, салауатты бақталастықтың дамуына, өз іс-әрекетінде үздік нәтижелерге қол жеткізуге деген

ұмтылысқа ықпал етеді, шығармашылық белсенділіктің, бастаманың дамуын ынталандырады; - оқу-шығармашылық қызметті ұйымдастырудың ойын формаларын қолдану әсіресе бастауыш сынып оқушыларын оқытуда өзекті. Танымдық қызығушылықты қалыптастыру әдісі - көркемдік бейнелеу әдістерін, мұғалімнің сөйлеу мәнерлілігін, балалардағы эмоционалды-адамгершілік жағдайлар мен эмоционалды тәжірибелерді құру арқылы жүзеге асырылады. Оқуда жауапкершілікті қалыптастыру әдісі - оқушыларға оқытудың әлеуметтік және жеке маңыздылығын, ғылым мен өнердің қоғамдағы рөлінің маңыздылығын түсіндіру арқылы жүзеге асырылады.

Өзара әрекеттесу және ынтымақтастық әдісі - «сурет салу пәнінің мұғалімі - психолог - ата-ана - оқушы» жүйесінде өзара әрекеттесуі мен ынтымақтастығын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады, жеке тұлғаның қажеттіліктері мен жеке мүдделерін зерттеуге және қанағаттандыруға бағытталған білім беру тұжырымдамасын мектеп тәжірибесіне енгізудің қажетті шарты болып табылады.

Оқытудың дидактикалық құралдары және бейнелі ойлауды дамыту. Оқыту құралдары деп оқу процесінің әртүрлі материалдары мен құралдарын түсіну керек, соның арқасында қызметті ұтымды ұйымдастырумен оңтайлы уақытта оқу процесінің тиімді нәтижесіне қол жеткізіледі. Көрнекіліктің белгілі бір құралдарын қолдану арқылы біз жоғарыда қарастырған бейнелеу өнері сабақтарында қолдану мазмұны мен ерекшеліктері, көрнекілік принципі жүзеге асырылады. Абстрактіліктің көрнекілік түрлері әдетте келесідей бөлінеді: - табиғи (объективті шындық объектілері); - эксперименттік (тәжірибелер, эксперименттер); - көлемді (макеттер, модельдер, фигуралар); - бейнелеу (суреттер, репродукциялар, фотосуреттер, суреттер, плакаттар, тақтадағы педагогикалық сурет); - дыбыстық (музыкалық аспаптар, аудиотехника); - дыбыстық-бейнелеу (кино және бейнетехника); - символикалық және графикалық (карталар, схемалар, кестелер, графиктер, формулалар); - ішкі (мұғалімнің сөзімен құрылған суреттер).

Бейнелеу өнері сабақтарында оқушылардың көркем-бейнелі ойлауының дамуына ықпал ететін дидактикалық оқыту құралдарына мыналар жатады: - оқулықтар, оқу құралдары, оқушыларға арналған жұмыс дәптерлері; - дидактикалық материалдар (жеке тапсырмалар, жаттығулар, тест материалдары, компьютерлік оқу бағдарламалары); - көрнекілік құралдары (заттар, қолданыстағы макеттер, схемалар, суреттер, сызбалар, динамикалық кестелер, репродукциялар, фото және т.б.), - оқытудың техникалық құралдары (бейне және аудио аппаратура, проекторлар және т.б.); - мәдениет жетістіктері немесе өнер туындылары (кескіндеме, суреттер, мүсін, музыка, әдебиет). Оқытудың тиімділігі өзара әрекеттесу деңгейіне және оқу процесінде материалдық және идеалды оқу құралдарын қолдануға байланысты.

Балалардың көркем-бейнелі ойлауын дамыту шарттары. Бастауыш сынып оқушыларының суреттерінде экспрессивті бейнені жасау келесі шарттарды сақтай отырып қол жеткізіледі: - бастауыш мектепке арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды әзірлеу кезінде оқушығармашылық тапсырмалардың күрделенуі; - оқушылардың бейнелеу өнері бойынша теориялық ұғымдарды дәйекті және үдемелі күрделендіруге бағыттау; - танымдық қасиеті бар бейнелеу өнері сабақтарында практикалық дағдыларды игеру: көрнекі қабылдауды, бейнелі көріністерді, қиялды дамыту; - түрлі көркем материалдар мен құралдарды игеру; - оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуға, ынтымақтасуға, оқушылардың өз қызметінің нәтижесіне (өніміне) саналы және белсенді қатынасын қамтамасыз етуге бағытталған әдістемелік тәсілдер қолдану; - оқытудың бастапқы кезеңінде экспрессивті материалды қолдану, ойын әдістерін қолдану және т.б. арқылы оқушылардың эмоционалды-сезімтал саласына әсер ету. Біз бастауыш сынып оқушыларының көркем-бейнелі ойлауының дамуының бес деңгейін анықтадық, олар жалпы білім беретін мектепте қабылданған оқушылардың іс-әрекетін бағалаудың бес балдық жүйесімен байланысты. Сыни деңгей - бастауыш сынып оқушыларының көркем-бейнелі ойлауының төмен деңгейі, бейнелеу әрекеті нәтижесінің жиі болмауынан немесе қанағаттанарлықсыз орындалуынан, жұмыстың жүйелі түрде аяқталмауынан көрінеді.

(бөлінген уақыт мөлшеріне қарамастан); оқу курсына қарамастан, мектепке дейінгі кезеңге тән көптеген суреттерді сақтау баланың психикалық дамуындағы проблемаларды көрсетуі мүмкін, оны шешу үшін мектеп психологымен, ата-аналармен және сынып жетекшісімен жүйелі бақылау және өзара әрекеттесу қажет. Бастапқы, қол жеткізілген және нормативтік деңгейлерді салыстыру жүргізілген оқытудың сапасын, бастауыш сынып оқушыларының көркем-бейнелі ойлауын дамыту бойынша әзірленген және сынақтан өткізілген әдістемелік жүйенің тиімділігін және экспериментке қатысатын бастауыш сынып оқушыларының оқыту дәрежесін көрсетеді. Нормативтік деңгейге сәйкес бастауыш сынып оқушыларының оқу деңгейі оң бағалар саны - 75%-дан төмен емес, орташа - 50%-дан төмен емес, төмен - 25%-дан төмен болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кіші мектеп жастағы оқушы: танымдық қабілеттерінің дамуы: Мұғалімге арналған нұсқаулық / И.В. Дубровина, А.А. Андреева, т.б. - М.: Білім, 2003. - 208 б.

2. Волков Б.С. Бастауыш сынып оқушысының психологиясы: оқулық. 3-ші басылым. - М.: Педагогикалық қоғам, 2002. - 128 б.

ХОРДЫҢ БОЛАШАҚ ДИРИЖЕРІН ДАЙЫНДАУ ПРОЦЕССИНДЕГІ ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Куздыбаева С.А., Айдарбек Г.А.,

дирижерлеу пән оқытушылары, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, -Қызылорда қ., Қазақстан

Оқытудың негізгі үрдісі-сабақ. Оны есте қалдыру, оқушы санасына терең сіңіру әрбір мұғалімнің өзіндік шеберлігін қажет етеді. Сондықтан пән мұғалімі қазіргі оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін, жетістіктерін инновациялық технологияларын пайдалана отырып сабақтың сапасын, ғылымилығын арттырып, оқушының өзіндік ойлау қабілетін дамытып, шығармашылыққа бағыттау. Оларды жүзеге асыру қазіргі технологияларды тиімді пайдалану болып табылады. Сабақта инновациялық технологияларды қолдану, оқушыларды сол өтіліп жатқан шығармаларға тереңірірек үңілуі, белсенді болуға итермелеу.

Хор дирижерін даярлаудың басты міндеті - оқушылардың бұлшықет еркіндігін қалыптастыру ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі қамтамасыз ететін, өз кәсібіне құштар, өзін-өзі жетілдіретін, өзін-өзі шығармашылықпен жүзеге асыруға ұмтылатын тұлғаны тәрбиелеу - кәсіби шеберліктің синтезі және шығармашылық бірегейлігі. Дирижерлық қабілетін дамыту үшін ойын элементтерін пайдалану оқытудың жаңашыл әдіс-тәсіліне жатады. Ұстаз еңбегінің күрделілігі әрбір оқушының жүрегіне жол табуда, әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту үшін жағдай жасау. Ең бастысы: мұғалім білім алушының өзін тұлға ретінде сезінуге көмектесуі керек, өмірді әлемді тануға деген қажеттілікті білу керек, әрбір іс-әрекеті үшін өзінің жолдастарының жауапкершілікті, адамгершілікті қадір-қасиетті сезінуге тәрбиелеу. Қазіргі таңда жемісті еңбегімізбен шығармашылық ізденісіміз арқылы ғана жаңару жолына шыға аламыз.

Қазақ халқының мәдени өсу тарихына көз жіберсек, не бір тар жол, тайғақ кешуін басынан өткергенін байқаймыз. Сөйте тұра мұң-қайғысын, қасіреті мен қуанышын әнмен, өлеңмен жырлап отырғаны баршамызға мәлім.

Сан ғасырлық тарихы бар халық музыкасының терең бір арнасы- ән өнері. Әннің қоғамдық –әлеуметтік сипаты, тәрбиелік мәні елдің санасынан бір сәт тысқары қалған емес. Кең далада желдей есіп, ауыздан-ауызға тарап келген ән мен күй халықтың жан дүниесінің ең асыл мұраттарын дәріптеп, таратып отырды. Ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген ата-баба сұлу ән, асыл сөздің кестесімен сәби жүрегіне әсер етіп тербеп, ой- санасын игі адамгершілікке жетеледі. Сондықтан, кең байтақ ата жұртта буыннан-буынға жалғасып, ұят

–аят, әдеп- көрген, мейірім- шапағат салтанат құрып, дәстүрге айналған. Ең кереметі хор шығармаларында халық ойының тереңдігі, шексіз қиялы кеңінен көрсетілген. Мысалы: Япурай, Заман-ай т.б шығармаларды көрініс тапқаны белгілі.

Қазақ халқында алғаш қазақ хор капелласы ұйымдастырылып, оған көп жылдардан бері А.Н.Молодов жетекшілік етті. А.Н.Молодов жолдасы Г.Ахметовамен бірлесіп, қазақтың халық әндері мен қазақ композиторларының шығармашылығын хорға лайықтап өңдеп жинақтады. Қазақ капелласының репертуары өте бай, орындаушылық шеберлігі жоғары атақты коллектив болып саналады. Хор жанрының халық арасына кеңінен таралып, көпшілікпен орындалатын лайықты шығармаларды уағыздау, халықты өнерге тәрбиелеу мақсатында дамып келеді. Хор ұжымының шығарманы орындауын жүргізу хор жетекшісіне яғни дирижерға миндеттелді. Дирижер шығармалардың мазмұнына сай, шығармада көрсетілген музыкалық әсемдіктерді көрсетіп, халыққа жеткізе көркемдеп орындату.

Хордың болашақ дирижерін дайындау процессіндегі қазіргі педагогикалық технологиялардың бірі инновациялық технологияларды кеңінен қолдану. Осы мақсаттарды жүзеге асыруда компьютерлік-музыкалық «Finale» ноталық редакторын музыка пәндерін оқыту жұмыстарында тиімді пайдалану музыкалық білім беру ісінің жаңа әдістемеліктерін қолдану мүмкіндіктерін тұғызады.

Бұл бағдарламаны қолдану музыка өнерінің әлемдік үздік үлгілерімен жұмыс жүргізу арқылы оқытушылардың және студенттердің кәсіптік деңгейлерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

«Finale» ноталық редакторының мүмкіндіктері мен оны игеру тиімділіктері:

1. Музыкалық шығарманың партитурасымен тікелей жұмыс жүргізу.
2. Музыкалық шығармалармен танысу арқылы жұмыс редакторын кеңейту.
3. Хор жанырларымен танысу, әртүрлі хор партитураларымен жұмыс жүргізу арқылы кәсіби шеберлігін кеңейту.
4. Студенттің өзіндік жұмыстары кезінде өз репертуарларын кеңейтіп,

шығармашылық жұмыстарын (музыкалық жанырларды гармонизациялау, хор және оркестір партитураларын жасау, жеке әндер мен хор шығармаларын әрлендіру) мүмкіндіктерін молайту.

Кәсіби маман даярлауда «Finale» ноталық редакторы музыкант педагогтардың териялық білімі музыкалық компьютерлік технология негізінде іскелік және білімдік деңгейін кеңейтеді.

Қазіргі білім беру саласында озық технологияларды қолданбайынша жан- жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Білім беру технологияларының басты мақсаты білім беру сапасын арттыру, білім алушылардың, білік дағдаларын қалыптастыру болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оразбаева Ф.Ш., Аяпова Т.Т. «Қазақ тілі» Алматы, 2007ж.
2. Абуова К. «Хор жүргізу» Алматы, 1993ж.з
3. Безбородова Л.А. «Дирижирование» Москва, 1993ж.
4. Шамина Л. «Работа с самодеятельным хорovým коллективом» Москва, 1988ж.
5. Салманов Р. «Музыкалық компьютерлік технология «Finale» ноталық редакторымен жұмыс» Қызылорда, 2011ж.

ФИЗИКА САБАҒЫНДА САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Мұсатаева Б.И.

жоғары санатты физика пәні оқытушысы, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, -Қызылорда қ., Қазақстан

Ұзақ жылдар бойы білім беруде үш негізгі құрал қолданылып келді: кітап -ақпарат көзі ретінде, дәптер – оқушының өзіндік жұмысы үшін және тақта – мұғалімнің немесе оқушының сөз сөйлеуін көрнекі қолдау, барлық сыныпқа ақпарат беру құралы ретінде. Ал, қазір сандық технологиялар әлемінде, осы дәптер мен кітапты дербес компьютерлер, қарапайым тақтаны интерактивті тақталар ауыстырып жатыр десек қателеспейміз. Компьютерлерді барынша пайдалану автоматтандыруға, сонымен қатар мұғалімдер қолданатын күрделі процедураны жеңілдетуге мүмкіндік берді.

Физиканы оқыту, пәнінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты сандық білім беру ресурс тарын қолдану үшін қолайлы сала болып табылады. Сандық білім беру ресурстары (СББР) - бұл білім беру мақсатында қолданылатын және сандық, электрондық, "компьютерлік" формада ұсынылған ақпараттық-мазмұнды объектілер, оқушы мен педагог тікелей білім беру қызметінде пайдаланатын білім беру үдерісі жүргізілетін орта элементі.

Заманауи сандық білім беру ресурстарына келесі талаптар қойылады:

✓ Білім және ғылым министрлігінің нормативтік актілеріне, оқулықтың мазмұнына сәйкес келуі;

✓ оқытудың заманауи формаларына бағдарлау, яғни интерактивті және мультимедиялық түрде болуын қамтамасыз етуі;

✓ оқушылардың жас ерекшеліктері мен мәдени тәжірибедегі тиісті айырмашылықтарды ескере отырып, оқытуды деңгейлеп саралау және дараландыру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуі;

✓ берілген пән шеңберінде оқушының білім, білік және дағдысын қалыптастыруға негізделген, өмірлік мәселелерді шешу тәжірибесіне оқушыны бағдарлайтын оқу іс-әрекетінің түрлерін ұсынуы;

✓ жеке және топтық жұмысты пайдалануды қамтамасыз етуі;

✓ модульдік құрылымды болжайтын оқуды жоспарлау нұсқаларын қамтиды;

Сандық білім беру ресурстары желілік және желілік емес болып жіктеледі. Желілік білім беру ресурстары - бұл білім алушылардың қандай кеңістікте орналасуына және уақытына қарамастан, интернет ортасын басым пайдалану арқылы оқытуға арналған дидактикалық, бағдарламалық және техникалық кешен.

Физика сабақтары қызықты, ал оқыту нәтижелі болу үшін тиісті бағдарламаны және көрнекілікті дұрыс таңдау жеткілікті болса, Bilimland.kz интерактивті кешені оқушыларға пәнді түсінуге жақсы көмектеседі.

Bilimland.kz –тегі интерактивті физика курсының артықшылықтары:

✓ Курс материалдары мемлекеттік және еуропалық стандарттарға сай негізделіп жасалған.

✓ физика заңдары мен ұғымдарын барынша түсінікті етіп беруге барлық жағдай жасалған;



✓ мұғалімге сабақты қызықты өткізуге көмектесетін өте ыңғайлы құрал;

✓ оқушыларға өз білімін жетілдіруге, жеке дайындалуға мүмкіндік береді.

Кешен сабақтары пәнді үйренуге көмектесетін үшөлшемді модельде дайындалған интерактивті жаттығулардан, презентациялардан құралған.

Сонымен бірге, физикадан виртуальды тәжірибелер мен демонстрациялар жасауда жоғары танымдық құндылыққа ие, өте қызықты PhET жобасын қолданған тиімді. PhET - Колорадо университетінде әзірленген жоба. Жобаға физика саласындағы әр түрлі

құбылыстарды көрсететін көптеген үлкен виртуалды зертханалар, физика, биология, химия, математика, жер туралы ғылымдар кіреді.



Мұнда “PhET” виртуалды симуляторында студенттер компьютер көмегімен берілген физикалық аспаптарды қолданып, «Өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғау», «Бойль-Мариотт заңын тәжірибелік тексеру» зертханалық жұмыстарын жасауда. Зертханалық жұмыстарды жасау үшін студенттерге физикалық аспаптармен жұмыс жасаудың қысқаша нұсқаулығы мен компьютерде жеке орындауға арналған тапсырмалар таратылады. Оқушылар электр тізбегін жалғап болған соң дәптерлеріне схемасын сызып, тізбек бойынша есептеулер жүргізеді. Физика сабағында “PhET” бағдарламасын қолданудың артықшылығы - компьютерде студенттер әуелі қарапайым тізбек құрастырып үйренеді де, кейін күрделі тізбектерді тәжірибе жүзінде стол бетіне құрастыруға да машықтанады.

Интернетте физикалық бағыттағы сайттар көп. Сол сайттардың ішінде оқушылар, мұғалімдер және барлық білім алушылар үшін физиканы үйренушілерге арналған оқу сайты мен қызықты материалдар жеткілікті. Физика туралы танымал сайттар – «Классная физика», астрофизикалық портал-көптеген есептер, әртүрлі деңгейдегі физика бойынша тесттер, кейбір есептерді шешу мысалдары бар «физикалық портал», college.ru "ашық физика" жобасы үшін "Физикон" компаниясы әзірлеген модельдер", «Физика барлығы үшін».

Желілік емес СББР - бұл Интернет желісіне қосылу қажет емес СББР. Физика - ауқымы өте кең және қызықты ғылымдардың бірі. Қазіргі уақытта физиканы зерттеуге арналған компьютерлік бағдарламаларды сабақта пайдалану түріне байланысты төмендегідей жіктеуге болады:

- ✓ оқыту бағдарламалары;
- ✓ демонстрациялық бағдарламалар;
- ✓ компьютерлік модельдер;
- ✓ компьютерлік зертханалар;
- ✓ зертханалық жұмыстар;
- ✓ бақылау бағдарламалары;
- ✓ компьютерлік дидактикалық материалдар.

Желілік емес СББР мысалдарына келсек, ХХІ ғасырдың басында алмалы-салмалы тасымалдаушыларда шығарылған физикалық бағыттағы бағдарламалар белсенді дамыды. Соның бірі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен, Әл-Фараби атындағы ҚҰУ механика кафедрасы сауаттандыру мультимедиялық орталығы ұсынған Физика электрондық оқулығын сабақта жиі пайдаланамын.

Бұл сауаттандырудың мультимедиялық бағдарламасының мазмұны Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі бекіткен орта мектептерге арналған типтік оқу бағдарламасымен толық сәйкес келеді. Бүкіл материалдар модульдерге бөлінген. Ол модульдердің мазмұны физиканың "Молекула-кинетикалық теориясы негіздері", "Термодинамика негіздері", "Электр өрісі", "Тұрақты ток заңдары", "Магнит өрісі" және "Әр түрлі орталардағы электр тогы" т.б. тарауларына сәйкес келеді.

Әрбір модуль қысқаша теориялық кіріспеден, суреттерден, анимациялық және интерактивті мультимедиялық материалдардан, есеп шығару үлгілері мен өз бетінше шығаруға арналған есептерден, зертханалық және бақылау жұмыстарынан тұрады. Анимациялық және интерактивті мультимедиялық материалдар сәйкес құбылыстың мәнін түсіндіретін қосымша мәтінмен және аудиотүсінікпен толықтырылған. Интерактивті мультимедиялық материалдар қарастырып отырған үрдістің параметрлерін қалауымызша таңдап алуға болады. Бұл, оқушыларға осы бағдарламаны игеру барысында тек енжар бақылаушы болып қана қалмай, сонымен қатар қарастырып отырған құбылысты белсенді игеруіне мүмкіндік береді. Қандай модульдің материалдарын оқып үйреніп жатқанына қарамастан, кез-келген қажетті анықтамалық материалдарды, тарихи мағлұматтарды қарап көруге және басқа модульдің есептері мен бақылау жұмысын орындауға, қажет болған жағдайда басқа модульге өтуге мүмкіндігі бар.

Сабақта компьютерлік тестілер мен диагностикалық кешендерді қолдану қысқа уақыт ішінде оқушылардан оқылатын материалды меңгеру деңгейінің объективті көрінісін алуға және оны дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді. Бұл ретте нақты оқушы үшін тапсырманың қиындық деңгейін таңдау мүмкіндігі бар. Жұмыс формаларының әртүрлілігі есебінен мотивация мен танымдық белсенділігі жоғарылайды, мақсатқа жақындай түседі. Оқушылардың сабақты қалай меңгергенін тексеру үшін, мейлі ол үй жұмысы болсын не болмаса білімді бекіту кезеңі болсын, интерактивті тақтада электронды түрдегі Learning apps, Kahoot, Quizis, Quizmaker, Quizlet, Plichers бағдарламаларының мүмкіндіктерін қолдану қысқа уақыт ішінде оқушылардан оқылатын материалды меңгеру деңгейінің объективті көрінісін алуға және оны дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, СББР-ды пайдалану кезінде көрнекіліктің жоғары деңгейіне қол жеткізіледі, қажет болған жағдайда тақырып бойынша теориялық немесе анықтамалық материалдарға тікелей жүгіну мүмкіндігі іске асырылады, зертханалық жұмыстар көп жағдайда дыбыстық безендірумен сүйемелденеді, мұғалім жұмыстардың орындалу барысы мен оқушының материалды меңгеру деңгейі туралы объективті көрініс алады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, заманауи сандық білім беру ресурстарын пайдалану - мұғалімнің сабағын жандандыруға, оқушының оқылатын пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпалы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар, –Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 32 б.

2. Тевс Д.П., Подковырова В.Н., Апольских Е.И. Использование современных информационных и коммуникационных технологий в учебном процессе.- Барнаул: БГПУ, 2006.-11с.

3. Исаева В.А. О концептуальной модели системы анализа качества информационно-образовательной среды (ИОС) системы открытого образования// Материалы X симпозиума «Квалиметрия в образовании: методология и практика». –М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2002.- С.173-183.

4. Конюхова Е.Т., Конюхова Т.В. Инновационные технологии и проблема успешности будущего специалиста// Философия образования. 2009.-№2 (27).- С.42-46.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ

Жарылгасова П.Е., Исембай А.,

*Педагогика кафедрасының аға оқытушысы,- Ақтау қ., Қазақстан
«Педагогика және психология» тобының 3-курс студенті, Ш. Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инжиниринг университеті, -Ақтау қ., Қазақстан*

XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, талантты адамын қалыптастыру бағытындағы білім беру ісі бүгінгі күн талабы. Қазақстанның дамуына білім мен ғылымның әсер етуі үшін дүниежүзілік кеңістігіне ену, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алуға, оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Осы тұрғыдан алғанда бүгінгі таңда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр.

Жүсіпбек аймауытов: “Сабақ беру үйреншікті жәй ғана шеберлік емес, ол-жаңадан жаңаны табатын өнер” деген екен. Сондықтан қазіргі педагогика жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу-оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. Осы жолда педагогикалық технология оқыту мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. Оқытудың жаңа технологиясы іс-әрекеттің жоспарланған нәтижесіне жетудің шартты тәсілі ретінде қарастырылатын жаңа әдістердің жиынтығынан тұрады. Оның дәстүрлі оқыту технологиясынан ерекшелігі мынада:

Оқушының интеллектуалды дамуы аз уақыт ішінде қабылдау дәрежесінің жоғары мөлшеріне жетуіне бағытталғандығы;

Оқушы мен мұғалімнің белсенділігінің сайма-сай болуы;

Мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасында жауапкершіліктің міндеттілігі.

Оқытудың дамыту функциясы оқушы тұлғасын жетілдіруге бағытталған арнайы дайындалған кейбір оқыту технологиясында, әдістемелік жүйелері мен әдістерде жүзеге асырылады. Оларға бүгінгі өркендеп келе жатқан жаңа сипаттағы жаңа технологияларды жатқызуға болады. Олар: “Дамыта оқыту технологиясы”, “Модульдік оқыту технологиясы”, “Биоинформатика және синергетика технологиясы”, “Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы ” т.б.

Жобалап оқыту технологиясы

Бүгінгі күнде педагогикалық технология мәселесі теориялық және ғылыми қолданбалы бағыт тұрғысынан зерттеу арқауы болып отыр. Теориялық тұрғыдан алып қарағанда, педагогикалық технология педагогиканың категориясы ретінде қарастырылады, оның мәні, құрылымы айқындалады; педагогикалық іс-әрекеттің әр түрлі саласындағы(дидактика, тәрбие, білім беруді басқару) педагогикалық технологияның ғылыми негіздері оқып үйреніледі; педагогикалық технологияны жобалаудың әдіснамасы мен теориясы зерттеледі, педагогикалық технология теориясының негіздері ашып көрсетіледі (1).

Оқу әрекетінің тиімділігін арттыру үшін оқушыны білім алу процесіндегі белсенді әрекет ететін субъектіге айналдыру керек деген идеялар көтерілгелі көп болды. Осындай идеялардан туындаған технологиялардың бірі – жобалап оқыту технологиясы.

Жобалап оқыту технологиясының негізін салушы Карл Фрей өзінің “Жобалау әдісі” атты кітабында (Бельц қаласы, Германия, 1977 ж.) жобалау әдісі туралы былай түсіндіреді:

Оқушылардан болсын немесе оқытушы тарапынан болсын практикалық маңызы бар бір жоба (проект) ұсынылуы тиіс.

Жобаға қатысушылар оқыту түрі, міндеттерді атқару туралы өзара келіседі. Оқушылар алған білімдерін танымдық және практикалық міндеттерді шешуге пайдаланады. Жеткіліксіз білімді әртүрлі ақпарат көздерінен өз бетінше оқып үйренеді.

Оқушылар ұжымда жұмыс істеп үйренеді. Зерттеу біліктерін (проблеманы анықтау, ақпарат жинау, бақылау, тәжірибе жүргізу, талдау, жорамал жасау, қорытындылау) меңгереді. Оқушылардың жүйелі ойлауы дамиды.

Жобаны зерттеуді кластан тыс сабақтарда өткізген тиімді болады. Жобалау әдісі – оқушылардың зерттеу жұмыстары әдісі болып табылады.

Жобаны орындау мынадай кезеңдерден тұрады:

I – кезең. Жобалық тапсырманы, тақырыбын құрастыру. Жобаның тақырыбын жіктеп бөліп, оларды оқушылар арасында бөлу

II – кезең. Шығармашылық топтар құру, топтағы оқушылар өзара үйлесімді жұмыс істеуі үшін олармен ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу

III – кезең. Зерттеу жұмысына материалдар дайындау. Жауап берілуі тиіс сұрақтарды тұжырымдау, командаларға тапсырмалар, қажетті әдебиеттерді таңдау.

IV – кезең. Оқушылардың жобаны орындауы. Мұғалім оқушылар жұмысын үйлестіреді, кеңес береді, олардың іс-әрекетін көтермелеп отырады. Оқушылар іздеу, тану жұмыстарын орындайды.

V – кезең. Нәтижелерді шығару, нәтижелерге нақтылы жағдайға сәйкес ішінара түзетулер жасау.

VI – кезең. Жұмыстар қортындысымен жұртшылықты таныстыру (презентация). Мұғалім экспертизалық жұмысты ұйымдастырады. Мысалы эксперт ретінде жоғары сынып оқушыларын немесе ата-аналарды шақыруға болады.

VII – кезең. Орындалған жұмысты талдау, бағалау (рефлексия). Мұғалім балалардың іс-әрекетін педагогикалық тұрғыда бағалайды, балалардың ынтасын ескереді.

Бұл технологияда жобаға оқушылардың қызығушылығын туғызу басты қиындық болып табылады. Сондықтан жобаның маңызын түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек болады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы (Ф.Я.Вассерман)

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л. Стил, Куртис С Мередит, Чарльз Темпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С. Выготский теорияларын басшылыққа алады.

Мақсаты — барлық жастағы оқушыларға кез-келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету.

“Сын тұрғысынан ойлау” ұғымын белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Сын тұрғысынан ойлау — сынау емес, шындалған ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Жас балалардың да бұл жұмыстың дұрыс ұйымдастырылған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетеді. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен тұрады.

1. Қызығушылықты ояту кезеңі-үйрену процесі бұрынғы білетін жаңа білімді ұйымдастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы

ойды қозғау, ояту, ми қыртысына тітіркендіргіш арқылы (ойды қозғау) әсер ету жүзеге асырылады. Қызығушылықты ояту кезеңінің мақсаты — үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені үйрену енжарлықтан көрі белсенділіктен талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды, яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте ойлауға қадам басуға бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат оны байырғы біліммен ұштастырады.

2. Мағынаны тану кезеңі(түсіне білу) — бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауға көмектесетін оқыту стратегиялары бар.

3. Ой толғаныс кезеңі – күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарау, баға беру, назардан тыс қалып жатады. Одан көрі, үйге тапсырма беру, оны түсіндіру, баға қою сияқты шараларға уақыт жіберіп алады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасында бұл сабақтағы аса қажетті мәнді, маңызды әрекет болып табылады. Дәл осы кезеңде үйренуші не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Белсенді түрде өз білім үйрену жолына қайта қарап, өзгерістер енгізеді, яғни нағыз білім шыңына көтеріледі, үлкен әлемге енеді. Сол білім арқылы өзінің өзгергенін сезінеді, өзгеше сенім, тәрбиелік, даналыққа бастау алады. Толғануды тиімді етуге лайықталған “Бес жолды өлең”, “Венн диаграмасы”, “Еркін жазу”, “Семантикалық карта” сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады, олар оқушылардың бір-бірімен ой алмастыруын түйістіруін қамтамасыз етеді. Әр оқушы өз шығармашылығын көрсете алады.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасындағы мұғалімнің ролі ол үйрену процесінде оқушыларға серік болып бірге жұмыс жасап, оларға сеніммен қарап өз ойын, ақылын көрсете сөйлеуге қолдау көрсетіп отырады. Бүкіл қайнаған істің ортасында білім (Үйрену) ісін ұйымдастырушы деуге болады.

Оқу-тәрбие үрдісінде қазіргі кезеңде қолданылып жүрген оқытудың жаңа технологияларының теориялық негіздері ашылып, оларды пайдаланудың жолдары көрсетілді. Жаңа педагогикалық технологиялардың түрлерімен, міндеттерімен, мақсаттарымен таныстырып, олардың мән-мағынасын ашып, олармен пайдалана білуге үйретеді.

Сондай-ақ оқу құралы жаңаша ойлауына, ізденіске түрткі болып, олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасайды. Жаңа педагогикалық технологиялар әлі түбегейлі зерттеуді қажет ететіндіктен, жалғасы болуға тиісті. Демек, қазіргі уақытта біліктілікті арттыру үрдісіне пәнішілік тар шеңбердегі әдістемелік көмек деп қарап, онда репродуктивті амал әрекетпен шектелу ағаттық болар еді. Білім көтеру – адамның жан жүйесін, ішкі құрылымдарын жаңа деңгейге көтеретін психологиялық үрдіс. Ол тыңдаушының тұлға ретінде дамуына әсер етіп, болмысының өзгеруіне әкелуі, ақырында сол адамның қоғамдық тәжірибеге үлес қосумен аяқталуы тиіс. Бұл орайда біз біліктілікті арттыру жүйесінде жоғарыда тоқталып кеткен дамытушы орта жасауды шығармашылаққа қол жеткізудің шарттарының бірі деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Суртаева Н. Н. Педагогика. педагогические технологии. Учебное пособие для СПО. М.: Юрайт, 2019. 250 с.
2. Бабаев С.Б. Жалпы педагогика [Мәтін]: оқулық / Бабаев С.Б., Ж.К. Оңалбаев; пікір жазғ.: Қ. Ералин, І.Сманов.- Алматы: NURPRESS, 2013.- 228 б.
3. Педагогика.С.В.Рослякова,Т.Г.Пташко,Н.А.Соколова.уч.-М.:Юрайт.2022-219 с.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИСКУРСЫҢ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Дәуренбек А.А.

білім алушы, Ақтөбе қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Садирова К.Қ. - ф.ғ.д., профессор Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

Білім беру кез келген заманауи қоғамда маңызды орынға ие екені сөзсіз. Бұл ең алдымен, қоғамның саналы, білімді, көзі ашық мүшелерінің қажеттілігінен туындайды. Бұл жерде қарым-қатынастың тәрбие процесіндегі рөлін ерекше атап өткен жөн. Кез келген білім беру немесе тәрбие беру үрдісі коммуникациясыз жүргізілуі мүмкін емес. Ал білім берудегі педагогикалық дискурстың маңызы орасан зор, бұл білімнің әлеуметтік институт ретінде педагогикалық дискурсқа дәл қызмет ететіндігімен тығыз байланысты.

Педагогикалық дискурстың мақсаты – қоғамның жаңа мүшесіне дүниенің құрылымын, мінез-құлық нормалары мен ережелерін түсіндіру, қоғамның жаңа мүшесінің қызметін құндылықтармен таныстыру тұрғысынан ұйымдастыру және оқушыдан күтілетін мінез-құлық түрлері, ақпаратты түсінуі мен игеруін тексеру, нәтижені бағалау [1, 304].

Педагогикалық дискурс туралы айтқанда, осы лингвистикалық құбылысқа қатысушыларға егжей-тегжейлі тоқталмасқа болмайды.

Педагогикалық дискурста адресант ретінде білім институтының өкілдері әрекет етеді. Адресант коммуникативті мақсаттар жүзеге асырылатын белгілі бір жанрлар жиынтығын иеленетін білім беру саласындағы сарапшылардың иерархиялық ұйымдасқан тобы болып табылатын дискурсивті сарапшылық қоғамның мүшесі ретінде әрекет етеді. Адресант негізінен құзыреттілікпен, нәзік психологтың қасиеттерімен, адресатпен жақынырақ танысуға, онымен байланыс орнатуға және адресатқа қажетті ақпаратты жеткізуге ұмтылуымен сипатталады.

Педагогикалық дискурстың ерекшелігі адресант барлық дерлік жағдайларда тек бір индивид болуы мүмкін. Белгілі бір дәрежеде педагогикалық дискурстағы адресантты өз сөзінің «иесі» деп айта аламыз. Бұл маман белгілі бір аудиторияға өзінің барлық назарып аударып, жан-жақты жұмыс жасай алатын, өзінің нақты айтар ойы бар адам. Басқаша айтқанда, өз ісінің кәсіби маманы.

Педагогикалық дискурс стратегиялары әлеуметтенудің типтік жағдайындағы сөйлеу әрекеттерінің ниеттерінің тізбегі болып табылады. Оларды нақтылау, жаңа материалды түсіндіру, жұмыс нәтижелерін бағалау, осы дискурстың негізгі қатысушылары – оқытушылар мен студенттердің іс-әрекетін бақылау, өзара әрекеттесу және ұйымдастыру ретінде сипаттауға болады.

Педагогикалық дискурстың коммуникативті стратегияларының айтарлықтай маңызды репертуарында мыналарды бөліп көрсетуге болады:

1) Түсіндіру. Түсіндіру стратегиясының мақсаты – жаңа ақпаратты немесе объективті шындықты іздеу емес, жинақталған білімді беру. Бұл стратегия педагогикалық дискурсты ғылыми дискурсқа жақындатады. Студенттің көзқарасы бойынша педагогикалық дискурстың мақсаттары ғылыми коммуникацияның мақсаттарына жақын, бірақ педагогикалық дискурстың ғылыми коммуникациядан айырмашылығы - мұнда ақпараттың ғылыми нақтылығына қарағанда, адресаттың білім деңгейіне сәйкестігі маңызды екендігінде. Бұл сөзімізге мысал ретінде Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романынан алынған төмендегі мәнмәтінді көрсете аламыз:

«Сібір» дегенді естігенде Тұрар елең ете қалды. Әдеттегі сабыры кетіп, орнынан қозғалақтай берді.

— Мынау Байкал көлі. Мына аймақ — Қиыр Шығыс. Мына жатқан бөлшек — Сахалин аралы.

— Иван Владимирович! — деп Тұрар орнынан қолын көтере түрегелді.

— Иә, Қырғызбаев. Не айтпақсың?

— Иван Владимирович, айтыңызшы. Сахалинге дейін неше шақырым?

Мұғалім тосылып қалды. Сәлден соң:

— Шамамен, бес-алты мың шығар. Айтпақшы, өлшеп көруге болады. Әлгі линейка қайда?

Өз үстелінің тұсында ілулі тұрған отыз сантиметрлік линейканы алып тұрып, картаның астындағы жазуға қарады.

— Кәне, өлшеп көрейік. Мерке мұнда делік. Так. Алпыс бес сантиметріміз болады жеті мың бес жүз шақырым. Оһо, көрдің бе біздің империямыз қандай байтақ.

— Иван Владимирович, — деді Тұрар тағы да қолын көтеріп. — Жаяу адам Сахалинге қанша күнде жетер еді?

Мұғалім Тұрарға тағы да үнсіз қарап, біраз ойланып тұрды. Содан соң:

— Несі бар, есептеп көрейік, — деді. — Шамамен, кісі күніне елу шақырым ала алар. Елу де елу — жүз. Бұл екі күн. Так, так... Шамамен, жүз елу — жүз алпыс күн керек, бауырым. Ал арада ит мұрны өтпес тайға жатқанын, өткел бермес өзендер, теңіз барын есептесек, бұдан да көбірек күндер керек шығар. Немене, Қырғызбаев, саяхат жасайын деп пе едің?

— Жоқ, әшейін, — деді бала біртүрлі мұңайып. Әлдеқандай үміті ақталмағандай, әлдекім алдап кеткендей, нәресте жүзін мұң шалып өткендей болды [2].

2) Бағалау. Бұл педагогикалық дискурс стратегиясы бағалау стереотиптерімен сипатталады. Бағалау стратегиясының негізгі ерекшелігі – бағалау шкаласының болуы. Бұл шкаладағы жолақтар білім деңгейін мүмкіндігінше дұрыс анықтау үшін бұрыннан анықталған принциптерге сәйкес орналастырылған. Бұл стратегия мұғалімнің қоғам өкілі ретіндегі маңыздылығын білдіреді, ол оның оқушының жетістіктерін бағалау өкілеттігімен анықталады.

Анфиса Михайловна тақтаға шақырып сұрай бастады. Әуелі Балабекова деп, Жанарды атады. Жанар сабаққа дайындалмай келуші ме еді.

Буря мглою небо кроет,

Вихри снежные крутя, —

деп бастады да, сыдыртып, тоқталмай айтып шықты.

— Жарайсың, Балабекова, отыр [3].

«Менің атым – Қожа» романынан келтірілген бұл мәнмәтіннен оқытушының оқушы жетістігін «Жарайсың!» мадақтау сөзі арқылы бағалап тұрғанын көреміз. Ал «Қызыл жебе» романынан алынған төмендегі мәнмәтінде адресант адресат жетістігін «бестік» бағалау шкаласы арқылы бағалайды. Осы берілген мәнмәтіндер арқылы педагогикалық дискурстың бағалау стратегиясы бағалау стереотиптерімен сипатталатынын анық айта аламыз:

— Кәне, Айбаров, тақтаға енді сен шыға ғой. Атың кім, сенің?

— Атамырза.

— Ал кәне, Атамырза. Қырғызбаевтың қалай жазғанын көрдің ғой. Тамаша. Оған мен «бес» деген баға қойдым. Мә, қолыңа шүберек ал. Қырғызбаевтың жазғанын өшір [2].

3) Бақылау. Бақылау стратегиясын «кері байланыс» ретінде анықтауға болады. Ол оқушының жаңа білімді игеруге дайындығын тексеруде көрінеді. Мұғалім материалды оқушының қаншалықты меңгергенін бақылайды. Кері байланыс - адресатпен байланыста болуды білдіреді. Кері байланыстың арқасында мұғалім оқушымен бірлескен іс-әрекетті жобалайды.

— «Қайталау — білімнің анасы», — деген бар. Әрі десе мектепте сабақ жүйелі түрде жүреді. Кәне, тақтаға шықшы.

Тұрар тақтаға шыққанда бүкіл сынып тына қалды. «Не болар екен?» — деген сұрақ бәрінің көзінде жазулы тұрған сияқты. Тақта алдында тұрған баланың тұрқына, тұла бойына қарағанда басы үлкендеу сияқты. Шекелігі шығыңқы. Көзінің алақ-жұлағы жоқ, бек сабырлы. Оның бет-әлпетінде сәбиге тән мүше тек ерні ғана еді. Қалыңдау келген үлбіреген еріннен нәрестелік табы кетпеген.

— Бор ал, — деді мұғалім. — Жаз. Жоғарыдағы әріптерді қайталап жаз.

Бала оң қолын көтеріп, «А» деген әріпті әдемілеп, мұғалімдікінен айнытпай сызып шықты [2].

Мәнмәтіннен көріп тұрғанымыздай, оқытушы оқушы әрекетіне бақылау стратегиясын жүргізу арқылы оның жаңа білімді игеруге дайындығын тексеруден өткізуде. Сонымен қатар, бақылау стратегиясында адресант адресаттың материалды қаншалықты меңгергенін бақылауда ұстайды. Оқушымен кері байланыс жасайды:

Класс алдағы мемлекеттік емтиханға дайындалып жатқан кез еді. Тарих пәнінің мұғалімі шәкірттерін тағы бір пысықтап, дайындықтарын байқап тұрған.

Сонымен, ұлы француз революциясының көсемдері кімдер? — деп сұрады бетін әжім басқан, бурыл шашын желкесіне түйген, қап-қара көздерін әлдебір мұң кіреукелеген кішкентай әйел Элеонора Давидовна. — Кәне, кім айтады?

Екі-үш бала қол көтерді.

— Аз, аз, — деді мұғалім класты күстаналап. — Ал Рысқұлов, кәне, сен айта қойшы.

Ескендір Рысқұлов партаның қақпағын қайырып, орнынан түрегеліп, құдды әкесінің шашындай қайратты, қалың қара шашын қолымен қайырып қойып, жауап берді:

— Ұлы француз революциясының көсемдері: Марат, Дантон, Робеспьер.

— Дұрыс, — деді мұғалім.

— Тағы не айтасың, Ескендір? — деді, Элеонора Давидовна шәкіртінің соңғы сөзін тыңдап тұрғандай қайғылы үнмен.

— Тағы айтарым: бұл үш көсем бірін-бірі жалмап қойды, — деді Ескендір Рысқұлов. — Дантон мен Робеспьер Маратты құлатты. Келесі кезекте Робеспьер Дантонды өлтірді. Ақыр соңында Робеспьердің өз басы гильотинаға түсті. Бұлар осылай бірін-бірі жайратып жатқанда, кішкентай генерал Наполеон Бонапарт шыға келді.

— Жарайды, отыр, — деді мұғалім баланың жауабын асығыс тоқтатып. Неге сескенгені белгісіз [4].

4) Үлес қосу. Жарнамалық стратегияның мақсаты – адресаттың қателіктерін қолдау және түзету және оның әрі қарай өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасау. Жарнамалық және бақылау стратегияларының арасында көптеген ұқсастықтарды табуға болады, бірақ түбегейлі айырмашылық мынада: бақылау стратегиясы істің жағдайын объективті анықтауға бағытталған, ал жарнамалық стратегия тұлғаның қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

Қарт мұғалима Жақыпбекке ойлы көзімен біраз қарап отырды да, өз сөзін жаңа арнаға сала бастады.

— Сіздің талабыңыз орынды-ақ. Ал, мен кластағы қатеңізді ойласам да, таба алмай отырмын, Бәрі де заңды, орынды тәрізді. Әр жазушы сияқты, әр педагогтің де сабақ беруде өз стилі болады. Стилиңізден де пәлендей оғаш тұрған түрпілік көрмеймін... Менің шамалауымша, сіздің қатеңіз мынау ғой деймін... Ал, мұның өзі көбіміздің басымызда бар қателік. Біз балаға бала деп қараймыз да, артынан өзіміз соның зардабын тартамыз. Рас, бала — сөз жоқ, бала. Оның өз бойына тән жақсылы-жаманды қасиеті бар. Бұл даусыз. Бірақ, «мен үлкенмін, ақылдымын, сен кішісің — ақылсызсың» деген ұғыммен өзің тым биікке қойып, көпті көргендікке салыппын, шәкірттерді өнермен алам, ақылгөй сөзіме еліктіріп, өз соңымнан ертемін деп үміттену алдамыш ой, ағат ниет екенін аңғара бермейміз. Сіз балалар салған жерден маған еріп кетпеді, шешіліп сөйлеспеді, бұл менің мұғалімдік өнерімнің аздығы деп өзіңізге кінә артасыз. Ал, мен: бұл өнерсіздігіңізден туған сәтсіздік емес, балалар жөніндегі теріс ұғымыңыздан туған қате дер едім... Егер сіз өзіңіз айтқандай шебер мұғалім болсаңыз, балаларды келмей жатып соңыңыздан ертіп әкеткен болар едім деп ойлайсыз ба? Жоқ қателесесіз!..

Міне, міне, сіз маған үлкен ой салдыңыз. Айтқандарыңыз, ұсақ, елеусіз деген нәрселерден елеулі іс туатынына көзімді, көп жаңа ойларға мегзегенін көрмейсіз бе. Көп, көп, рақмет, — деп Жақыпбек қатты риза болғандығын білдірді [5,40-41].

5) Ұйымдастыру. Ұйымдастыру стратегиясы педагогикалық әңгімеге қатысушылардың бірлескен іс-әрекетінен тұрады. Бұл жерде оқу іс-әрекетін де, сыныптан тыс жұмысты да ұйымдастыру туралы айтуға болады.

Бұдан былай біреуді келемеждеп сөйлеудің қандай екенін білуі үшін, Жантас мұрынға сырт еткізіп бірді шерттім де, жүгіре жөнелдім. Сол бойда екпіндеген қалпыммен мұғалімдер бөлмесіне алқынып кіріп бардым. Майқанова бірдеңе жазып, жалғыз отыр екен, маған басын көтеріп алып, таңырқаған кейіппен қарады:

— Не болды? Не болды, Қадыров?

— Лагерьге жолдама беріңізші маған.

— Саған бұл жолы жолдама берілмейді. Екінші кезекте барасың.

— Неге?

— Неге болушы еді: барлық оқушыға бірден жетіспейді. Ал екіншіден, ең әуелі, біз лагерьге үлгілі, тәртіпті оқушыларды жібереміз.

— Жантас немене... менен артық болғаны ма?

Майқанова екі бүйірінен біреу қысып қалғандай еңсесін кілт көтеріп алды:

— Сен немене? Мені тергегелі тұрсың ба?

Майқанованың көкшіл көзі шатынай бастады. Оның бір ашуланса, шапылдап, жуық арада толас бермейтінін білем.

— Бермесеңіз, қойыңыз, — дедім де, жалт бұрылып, есікті бар күшіммен тарс жауып, жөнеле бердім. Осындай әділетсіздікке қаның қалай тана қайнамайды. Жантас біреуді біреуге атыстырып, от тастап жүретін қу, сабақ үстінде сыбырлап-сыпсындағыш, өзі тақтаға шыққанда көрінгенге құлақ түргіш Жантас үлгілі оқушы болғаны да, мен үлгісіз болғаным. Менің сабақ үлгеруім одан көш ілгері екені, екпінділігім ешқандай есеп емес [3,16-17].

Қорытындылай келе, педагогикалық дискурс жанрлары жоғарыда аталған стратегиялармен тікелей байланысты екенін айта кеткен жөн. Мысалы, педагогикалық дискурс жанрларының бірі – түсіндіру стратегиясының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатынының анықтамасы бола алады. Білім беру анықтамаларының ғылыми анықтамалардан айырмашылығы бар, өйткені оқу интерпретациясын түсіну үшін ақпараттың толықтығының белгісі (яғни, құбылыстың объективті сипаттамасы) сияқты ақпараттың жеткіліктілігінің белгісі де (яғни, оқушының бекітілген біліміне сүйену) маңызды рөл атқарады.

Педагогикалық дискурс үлкен аудиторияны қамтиды және жалпы қоғамның этникалық құндылықтарын және белгілі бір әлеуметтік топтың құндылықтарын көрсетеді. Педагогикалық дискурс институционалдық дискурс ретінде қарым-қатынастың барлық қатысушыларын, мақсатын, құндылықтарын, нормаларын, жанрларын және стратегияларын қамтиды,- деп қорытынды жасауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Карасик В. И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. — Волгоград: Перемена, 2002.—304 с.
2. Мұртаза Ш. «Қызыл жебе» II кітап <https://kitap.kz/book/qyzyl-zhebe-ii-kitap>
3. Соқпақбаев Б. «Менің атым – Қожа».- Алматы: Елорда,1999.- 468 б.
4. Мұртаза Ш. «Қызыл жебе» V кітап <https://kitap.kz/book/qyzyl-zhebe-v-kitap>
5. Иманжанов М. «Алғашқы айлар».- Алматы: Атамұра,2003.- 216 б.

СТУДЕНТТЕРДІҢ МУЗЫКАЛЫҚ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жайназарова С. И.

*М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжнің оқытушысы,
Қызылорда қ., Қазақстан*

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарда оқушыларды тәрбиелеу жөнінде теориялық және практикалық негіздерді зерделеу қажет. Бұл мақсатқа жету жолында сауаттылық пен үлкен тәжірибе, жастардың рухани мәдениетін дамытудағы рухани-мәдени құндылық ретінде халық шығармашылығын зерттеу және эстетикалық тәрбиенің тиімділігін арттыру керек.

Өскелең ұрпақты оқыту және тәрбиелеу процессінде халықтың ұлттық, мәдени, тарихи, әлеуметтік-экономикалық жағдайын терең зерттеу керек. Әсіресе, дәл қазір әлемде болып жатқан өзгерістерді ескере отыру қажет. Бұл ретте ұлттық мектептің басты мақсаты - жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген зиялы тұлғаны тәрбиелеу [1;21].

С. Ұзақбаева, Ш. Б. Кульманова, Б.Р. Сүлейменова, М. Оразалиева, Э. Ш. Қозыбаев, Р. К. Дүйсенбинова, К. А. Ибраева, Н.А.Гончарова және тағы басқа Қазақстан ғалымдары өз зерттеулерінде оқушыларды тәрбиелеуде (музыкалық, эстетикалық, адамгершілік тәрбие) қазақ халық музыкасы мен дәстүрлі көркем мәдениетін жетілдіру мақсаттарын қарастырып, олардың педагогикалық әлеуетін арттырды.[2; 5].

Дегенмен, педагогикалық әдебиетті қарастыратын болсақ, музыканың рөлін зерттейтін ғылыми-педагогикалық ізденістер және оның музыкалық-эстетикалық мәдениетті қалыптастыруға деген үлесі, педагогикалық жағдайлар (әдістер, формалар, тәсілдер, т.б) кәсіби-техникалық білімде әлі де толықтай анықталмағанын көретін боламыз.

Басқа сөзбен айтқанда, колледж студенттерін қазақ халқының ұлттық құндылықтарына және жалпы адамзаттың мәдени мұрасының сабақтастығына сәйкес тәрбиелеу және оқыту қажет. Оларға музыкалық-эстетикалық мәдениетті қалыптастыру үшін жан-жақты мүмкіндік беру керек [3;100].

Музыкалық-эстетикалық тәрбие бойынша қазіргі заман кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінің даму тенденцияларында негізгі компоненттер, көрсеткіштер мен критерийлер болып мотивациялық (жеке, яғни музыка арқылы эстетикалық құндылықтарды білуге жеке қызығушылық), мазмұнды-танымдық (эстетикалық құндылықтарды жеке игеру) компоненттер табылады. Одан бөлек, нақты білім және оқу процесінің қисыны мен құрылымын дұрыс пайдалану маңызды, мысал ретінде бағалау әрекеттерін айтуға болады (адамның эстетикалық құндылықтарының нақты көрінісі).

Бұл компоненттер, критерийлер, көрсеткіштер халық музыкасы арқылы музыкалық-эстетикалық мәдениеттің қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Олар: жоғары, орташа, жеткілікті және төмен.

Жоғары деңгей: сабақтарда және сабақтан тыс уақытта оқылған музыкалық шығармаларды толық білу, оларды жанрлық белгілері бойынша ажырата алу, олардың эстетикалық мағынасын түсіну; музыкалық шығармаларды терең эмоционалды сезіммен қабылдау, оларды тыңдау, орындау кезінде ерекше эстетикалық ләззат алу, ән айтуға, аспаптарда музыка орындауға белсенділік таныту; эмоционалды әсерлерді тиімді жеткізе алу, музыканы тыңдау және орындау дағдылары, оларды эстетикалық бағалау қабілеті жақсы дамыған.

Орта деңгей: сабақта және сабақтан тыс уақытта үйренген музыкалық шығармаларды толық емес және жеткіліксіз білу, олардың жанрлық ерекшеліктерін талдауда қателіктер жіберу, олардың музыкалық және эстетикалық маңыздылығына ерекше назар аудармау; музыкалық шығармаларды кейде эмоционалды түрде қабылдау, музыканы тыңдау кезінде эстетикалық ләззат алмау, ән айтуға, аспаптарда музыка ойнауға

қызығушылығы жиі көрінбеуі, талаптары, қажеттіліктері төмен, музыкадан эмоционалды әсерлерді жеткізуде тиімсіз болу, тыңдаудың жеткіліксіздігі, орындаушылық қабілеттер, оларды тек мұғалімнің көмегімен эстетикалық тұрғыдан бағалауға болады.

Төмен деңгей: аудиторияда және аудиториядан тыс игерілген музыкалық шығармалардың көпшілігін білмеу, олардың жанрлық ерекшеліктерін талдай және ажырата алмау, олардың эстетикалық мағынасын түсінбеу; эмоционалды музыкалық шығармаларды қабылдамау, эстетикалық ләззат алмау, ән айтуға, аспаптарда музыка ойнауға қызығушылық танытпау, эмоционалды тәжірибені жеткізе алмау, музыканы тыңдау, орындау дағдылары жоқ, оларды эстетикалық тұрғыдан бағалай алмау.

Анықтаушы эксперимент М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің студенттері арасында өткізілді.

Зерттеу жұмысының айқындаушы кезеңінің мақсаты студенттердің музыкалық-эстетикалық тәрбие туралы түсініктерін, бағдарларын анықтау болды. Ол үшін сауалнама, сұхбат жүргізілді, музыкалық-эстетикалық тәрбие бойынша білім деңгейі анықталып, талданды.

Сауалнама нәтижелері талдау кезінде студенттердің эстетиканың мәні, эстетика, музыкалық-эстетикалық мәдениет туралы субъективті көзқарастары мен білімдерін көрсетті. Студенттердің эстетика туралы білімінің қанағаттанарлық деңгейіне қарамастан, біз эстетикалық сезім, эстетикалық мағына, эстетикалық идеал, эстетикалық талғам, эстетикалық ләззат, сондай-ақ шынайы эстетикалық құндылықтар терең емес екенін анықтадық.

Анықтау кезеңі жүйелі мақсатты жұмысты жүргізу қажеттілігін анықтады және қалыптастырушы эксперименттің мақсатын анықтауға мүмкіндік берді. Қалыптастырушы эксперименттің мақсаты-музыка арқылы студенттердің музыкалық-эстетикалық мәдениетін дамыту, тәуелсіз музыкалық-эстетикалық іс-әрекеттің қажетті білімі мен дағдыларын қалыптастыру.

Негізгі міндеттері: аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыс негізінде студенттердің музыкалық-эстетикалық мәдениетін қалыптастыру; педагогикада қалыптасқан студенттерді эстетикалық тәрбиелеуге және ұлттық сезімдерді дамытуға арнайы оқыту; оқу бағдарламасын әзірлеу және сынақтан өткізу, оқу-тәрбие процесінде студенттердің теориялық білімі мен музыкалық-эстетикалық қызметін бекіту. Осы міндеттерді шешуді біз "Халық музыкасы арқылы музыкалық-эстетикалық тәрбие негіздері" оқыту бағдарламасы арқылы жүзеге асырдық.

Оқу бағдарламасының мақсаты - халық музыкалық шығармашылығы арқылы колледж студенттерінің музыкалық-эстетикалық мәдениетін қалыптастыру. Оқыту бағдарламасын игеру барысында мынадай міндеттерді шешуге ерекше назар аударылды: студенттердің халық музыкалық шығармашылығына деген қызығушылығы мен оң көзқарасын қалыптастыру; студенттердің музыкалық-эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы халық музыкалық шығармашылығының мәні мен рөлін ашу.

Бағдарламаны сынақтан өткізу кезінде студенттермен жұмыс істеудің мынадай нысандары мен әдістері пайдаланылды: этнопедагогика, музыкалық этнографиялық әдебиет бойынша бастапқы дереккөздермен жұмыс, шығармашылық жұмыстарды орындау, педагогикалық жағдайларды модельдеу, білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру, сондай-ақ тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру.

Эксперименттік топтың студенттерімен арнайы сабақтар және аудиториядан тыс жұмыстар жүргізілді. Ол сабақтар біздің зерттеу болжамдарымыздың мүмкіндіктерін анықтады, ал бақылау топтарында халық музыкасы арқылы музыкалық-эстетикалық мәдениетті қалыптастырудың мәнін анықтау үшін сабақтар өткізілді. Біз қолданған әдістер тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың нәтижелері эксперименттік топ студенттеріне музыкалық-эстетикалық мәдениеттің қалыптасу деңгейін арттыруға мүмкіндік беретіндігін көрсетті. Студенттердің эстетикалық тәрбиесін қалыптастыру деңгейлері анықталды. Кестеде студенттерде қалыптасқан музыкалық-эстетикалық мәдениеттің идеялары,

компоненттері, қалыптасу деңгейлері (эксперименттің соңында) болашақ мұғалімдердегі музыкалық-эстетикалық мәдениетінің қалыптасу деңгейі эксперименттік топ пен бақылау топтары арасында айтарлықтай ерекшеленеді.

Қалыптастырушы эксперименттің қорытынды нәтижелері болашақ мамандардың музыкалық-эстетикалық мәдениетін қалыптастыру қанағаттанарлық екенін көрсетті. Бірінші кезеңде музыкалық-эстетикалық мәдениетті қалыптастыру жүйесіндегі эстетикалық тәрбиенің өзіндік ерекшелігімен байланысты теориялық білім қалыптасады. Екінші кезеңде қазақ музыкалық педагогикасында қалыптасқан эстетикалық тәрбиенің тиімділігі тексерілді.

Констатацияланған экспериментте "эстетика дегеніміз не?" сұраққа біз нақты жауап алсақ, ал "эстетикалық идеялардың мәні неде?" деген сауалға студенттерден нақты жауап ала алмадық.

Ал қалыптастырушы эксперимент сұрақтарының жауаптары бақылау экспериментінің жауаптарынан көп болды. Мысалы, сауалнамаға қатысқан студенттердің 45 пайызы халық музыкасының эмоционалды-сезімтал сипатын атап өтті. Аталған жетістіктермен қатар, педагогикалық практикалық қызметте студенттердің эстетикалық сезімдерінің болуы, олар алған білімнің жоғары дәрежесі мен жан-жақтылығын көрсетті. Эксперименттік және бақылау топтары студенттерінің сауалнама нәтижелері олардың музыкалық-эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу мәселесін түбегейлі игеруі үшін қажетті білім көлемі терең және толық емес екенін көрсетті.


Егер анықтаушы экспериментте студенттердің 30 пайызы өздерінің тәрбиелік құндылықтарын күнделікті өмірде қолданатынын айтқан болса, констатацияланған экспериментте 45 пайызы "жоғары", 36,7 пайызы "орташа" деп жауап берді; 18,3 пайызы бұл сұраққа жауап бермеді және бұл деректер біздің бақылауларымыз бойынша шындыққа сәйкес келеді.

Эксперименттік топтың студенттерімен арнайы сабақтар мен аудиториядан тыс жұмыстар жүргізілді. Олар біздің зерттеуді болжау мүмкіндіктерін анықтады, ал бақылау топтарында музыка арқылы музыкалық-эстетикалық мәдениетті қалыптастырудың мәнін анықтау үшін сабақтар өткізілді. Біз қолданған әдістер тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың нәтижелері әр уақытта эксперименттік топ студенттерінде музыкалық-эстетикалық мәдениеттің қалыптасу деңгейін арттыруға мүмкіндік беретіндігінің жоғары нәтижелілігін көрсетті. Студенттердің эстетикалық тәрбиесін қалыптастыру деңгейлері анықталды.

Денгейлер Топтар	Жоғары		Орташа		Төмен	
	экс перимент алдында	экс периментт ен кейін	экс перимент алдында	экс периментт ен кейін	экс перимент алдында	экс периментт ен кейін
Эксперименталды топ	31, 4%	38,5 %	48,4 %	48,3 %	20, 2%	13 ,2%
Қорытынды топ	31, 6%	31,3 %	47,9 %	48,1 %	20, 5%	20 ,6%

1-кесте: колледж студенттерінің музыкалық-эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың салыстырмалы нәтижесі

Кестеде студенттерде музыкалық-эстетикалық мәдениеттің идеялары, компоненттері, қалыптасу деңгейлері (эксперименттің соңында) көрсетілген. Болашақ мұғалімдердегі музыкалық-эстетикалық мәдениеттің қалыптасу деңгейі эксперименттік топ пен бақылау топтары арасында айтарлықтай ерекшеленеді.



Сурет 1 – колледж студенттерінің музыкалық-эстетикалық мәдениеттің қалыптасуының салыстырмалы нәтижесі.

Осылайша, тәжірибелік-эксперименттік зерттеудің нәтижелері болашақ мұғалімдердің музыкалық-эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың, педагогикалық жағдайларының тиімділігін және осы негізде жасалған жұмыс әдістерінің пайдалы екенін дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Таубалдиева Ж. Музыкаға оқыту әдістемесінің музыкалық іс-әрекет түрлері: оқу құралы / Ж. Ш. Таубалдиева. - Алматы : New Book, 2021.
2. Свахина В.В. Развитие музыкально-эстетической культуры учащихся в условиях адаптивной школы: на примере Казахстана. Автореферат диссертации на соискание кандидата педагогических наук.- Барнаул, 2013
3. Баландина, Г. А. Формирование музыкально-эстетической культуры детей младшего школьного возраста в системе дополнительного образования/ Г.А.Баландина // Новые развивающие технологии педагогической практики: коллективная монография. - 2016. - С. 97-108

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ТИІМДІЛІГІ

Калмуратов Ж.С.

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасының 2-курс магистранты,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, -Ақтөбе қ., Қазақстан*

Қазіргі кезеңде білім беру саласында және еліміздің рухани өмірінде елеулі өзгерістер болып, жаңалықтар еніп жатыр. Бүгінгі жас ұрпақтың рухани кеңістігін қалыптастырудың алғышарты мектепте жасалатыны мәлім. Хакім Абайдың «...Тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа

нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де-ақымақтық», - деп отырғаны тегін емес. Бүгінгі ақпарат ғасыры теңдесі жоқ білімді, іскерлікті, озық ойды, ұлт алдындағы жауапкершілікті талап етеді. ХХІ ғасырдың жан-жақты зерделі, зейінді, дарынды, талантты, ұлтжанды тұлғасын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Білім мен ғылымның Қазақстан дамуына оңтайлы әсер етуі үшін дүниежүзілік кеңістікке ену, білім беруді одан әрі демократияландыру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Осы тұрғыдан алғанда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр. Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, инновациялық технологияларды қазіргі уақытта әрбір пәннің ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы [1].

Қазіргі білім беру жағдайында электронды құрал-жабдықтарға негізделген ақпараттық-қатынастық технологияларды (АҚТ), сандық білім қорының біртұтас жиынтығын, интербелсенді тақта мен ғаламторжелісі сияқты т.б. мүмкіндіктерді пайдаланбай, солардың көмегіне сүйенбей сабақ жүргізу мүмкін емес. Сол себептен АҚТ-ны бүгінгі заманның орасан зор жетістігі ретінде қазақ тілі пәнінің сабақтарында да тиімді пайдалану – маңызды да өзекті ресурс болып табылады. Бұл технология елімізде соңғы онжылдықта кең қолданыс тауып, өркен жаюда. Еліміздің барлық деңгейлік білім ошақтарына еніп жатқан ақпараттық және техникалық прогресс ұстаз-педагогтардан қарапайым емле мен айтылым (орфография мен орфоэфия) ереже-қағидаларынан бастап қазақ тілі пәнінің барлық мәселелерін сапалы оқыту үшін жаңа технологияларды мейлінше меңгеруді талап етеді.

Электронды құрылғыларға негізделген оқытудың ақпараттық-қатынастық жаңа әдіс-тәсілдері мен тиімді жолдарының біраз жылдық іс-тәжірибесі нәтижелерін зерттеп-зерделесек, еліміздің оқу орындарындағы қазақ тілі пәнін оқытуда қолданылып жүрген мынадай басым бағыттарды анықтауға болады:

- оқытуды даралау және саралау;
- оқытудың түрлі бағдарламаларында қиындық келтіретін тұстарды нақтылау;
- әрбір тақырып бойынша қорытынды жасау, шығармашылық-зерттеушілік жұмыстың түрін таңдау;
- зерделенетін материалдың қолжетімділігін, білімгерлердің ғаламтор қорларын еркін пайдалана алуын қамтамасыз ету;
- ақпараттың кез келген түрімен өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын, тиімді сандық білім ресурстарын жинақтау ептілігін (машығын) дамыту;
- ақпараттық интербелсенді технологияларды қолданып, шығармашылық-зерттеушілік жұмыс орындауда оқушылардың (студенттердің) таным белсенділігін арттыру[2].

Пәндердің әдістемесін қолдануды жоспарлау мынаған келіп тіреледі, яғни әр оқушының өз кезеңі барысында мұғалім оған қажетті әрбір жаңа педагогикалық технологиялар мен әдістемелерді міндетті түрде пайдалануы қажет. Бұл үшін мына төмендегі түсініктерді ескерген жөн:

- оқушылардың жас ерекшеліктері мен білім деңгейлерін ескеру;
- әдістеме мен технологияның сабақтастығы;
- оқушының өз бетінше іс-әрекет жасау тәсілдерін меңгеруіне мұғалім тарапынан көмек беруді біртіндеп азайту;
- параллель сыныптардағы сынып топтарының ерекшеліктерін ескеру;
- мұғалімдердің ықыласы мен шеберлік деңгейінің, болуы т.б [3].

Қазіргі уақытта қазақ тіл пәнінің ұстаздары отандық білім беру бағдарламаларында нақтыланған оқыту технологияларын көбісін басшылыққа алып, оларды барынша кеңінен қолданып жүр. Сабақта пайдаланатын электронды сандық жүйе білім беру бағыттары бойынша сан алуан интербелсенді кестелерді, сұлбаларды, қызықты мультимедиялық

сабақтарды, жазбаша бақылау сұрақтары мен тест тапсырмаларын қамтиды. Алайда аталған ресурстарды бір пәннің, атап айтқанда қазақ тілі пәнінің барлық сабағында бірдей қолдану мүмкіндігінің шектеулі екені баршаға аян. Сондықтан да кейбір файлдарды бізге ыңғайлы офис бағдарламаларына көшіру қиындығын да атап өткен жөн. Себебі филолог-ұстаздар қаншалықты жоғары деңгейде компьютер тілін меңгердім дегенімен, арнайы дайындықтан өткен ақпараттану (информатика) пәнінің мамандарындай жұмыс істей алмайды. Мәселен, интербелсенді тақталар үшін неғұрлым тиімдісі – SMART Note book-типтегілері.

SMART Note book-типтегі файл мұғалім-оқытушыларға сабаққа қажетті қосымша материалдарды ойластыра отырып, көрнекі құралдарды дайындауға, оларды ұсыну қалпын өзгертуге, интербелсенді тапсырмалар енгізуге мол мүмкіндік береді. Бұнымен қатар интербелсенді тапсырмаларды әр оқушы, егер электронды құрал-жабдықтарды, соның ішінде компьютер тілін жақсы біліп, бағдарлама әзірлеуді және ақпараттандыруды жеткілікті мөлшерде меңгерген болса, мұғалім-оқытушы нұсқауы бойынша өз бетімен дайындай алады немесе аталған ресурстардың Flesh-файлдарын, оқыту дискілерін қолдана алады.

Интербелсенді тақтаны пайдаланып сабақ жүргізу берілетін білімнің сапасын ғана арттырып қоймай, оқушының (студенттің) әр сабаққа деген қызығушылығын тудырып, олардың жалпы уақытын үнемдейді, ынта-ықыласын (мотивациясын) жақсартады, әрбір оқушыны ұжымдық жұмысқа тартуға көмектеседі, жеке қабілетін жетілдіреді және олардың шығармашылық, зерттеушілік дағдыларын дамытады. Осы мүмкіндіктерді ескерген білікті ұстаз әрқашан ақпараттық-қатынастық технологияны дұрыс таңдап, белгілі бір сабағы үшін нақты педагогикалық мақсат-міндетті орындаудың оңтайлы әдісін таба біледі.

- Осындай технологияның оқу үдерісіндегі практикалық маңыздылығымен қатар жанама мынадай тиімді жақтары бар екенін де атап өткен жөн:
 - қоғамдық-элеуметтік қарым-қатынас үдерісі табысты өтеді;
 - оқушылар немесе студенттер өз ой-пікірлерін қысылмай, емін-еркін жеткізіп айта алады;
 - берілген білімге, ақпарат-мәліметке қатысты қойылған сұрақтарға өз ойымен батыл жауап береді;
 - білім беру-білім алу үдерісі көтеріңкі көңіл-күй жағдайында іске асырылады.

Жалпы білім берудің мақсаты – терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру. Интерактивті тақтаның керемет мүмкіндіктері оқушыларды таң қалдырады, шабыттандырады. Көптеген мектептерде интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін білмегендіктен, тек слайд көрнекіліктер көрсетумен ғана шектеліп жүрген мұғалімдер бар. Алайда интерактивті тақтаның қолдану мүмкіншіліктері өте көп. Мысалы, ActiveBoard электрондық тақтасы: материалды қызу талқылауға ерекше бөліп көрсетуге, нақтылауға, қосымша ақпарат қосуға, электрондық маркер арқылы түсін және сызықтың қалыңдығын өзгертуге; сөздер мен сөйлемдердің бір-бірімен байланысын көрсете отырып, тақырыпты немесе сөйлемді толықтай аударуға; электрондық оқулықтарды экран бетіне шығарып көрсетуге болады. ActiveBoard тақтасының дайын бағдарламасын қолдану маңызды [4].

Қазіргі таңда АКТ-ны сабақ үрдісінде қолданудың маңызы ерекше. Сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқушыға үйретуге тиісті ақпараттармен білім қорын жүйелі түрде көрсете алуға мүмкіндік туады.

Мектеп оқушыларын оқытуда мультимедиа технологияларын пайдалану психологиялық және педагогикалық тұрғысынан маңызды бірнеше мәселелерді туындатады. Мұндай аспектілердің бірі мұғалімдер мен оқушылардың мультимедиалық

ресурстар мен компьютерлік техникамен қарым-қатынасының психологиялық қырларын анықтауда болып табылады.

Ақыл-ой іс-әрекетінен басқа ағымдағы компоненттерінен оқушыларды оқыту үдерісінде мультимедиа-ресурстарын пайдаланудың келесідей психологиялық артықшылықтарын ерекшелеуге болады:

1. Визуализация. Графикалық ақпаратпен жұмыс, сонымен қатар белгілік материалдармен жұмыс көрнекілік ойлау ресурстарын мобилизациялауға мүмкіндік береді;
2. Ойдың сурет немесе схема түрінде материалдануын жылдамдатады;
3. Жағдайдың түрленген шаблондарымен компьютерден алынған нәтижелерді жылдамдату және арттыру;
4. Компьютер арқылы орындалатын іздеу әрекетін жүзеге асыру мүмкіндіктерін кеңейтеді;
5. Күрделі іс-әрекеттің аралық кезеңіне (компьютердің жадын қолдана отырып) қайта оралу мүмкіндігін береді;
6. Бір немесе бірнеше объектіні бірнеше көзқарас тұрғысынан бір кезеңде қарастыру, объектіні түрлендірудің бірнеше нұсқасын салыстыру мүмкіндігі.

Компьютер және мультимедиа ресурстардың пайда болуымен оқушылар мен мұғалімдер арасында жаңа қарым-қатынас түрі туындайды. Бұл ойды ашып қарастыра отырып, О. К. Тихомиров былай деп жазады: «ақыл-ой іс-әрекетінің өзгерісіндегі маңызды фактор ЭЕМ желісін жасау болып табылады... Бұл даму жағдайын адаммен ЭЕМ-нің дербес өзара әрекетінен адамдар тобы мен ЭЕМ тобымен өзара әрекетіне көшу ретінде сипаттауға болады, сондай-ақ адамдар арасындағы қарым-қатынас ЭЕМ-мен әрекетті басқарады. «Топтық симбиоз»... туындайды. Бұл жаңа жүйе жұмысының тиімділігінің жоғары деңгейде артуы, қарапайым «ішкіжүйенің» санын арттырудан көбеймейді, сонымен қатар есепті шешуге қажетті мәліметтермен алмасуды тездетуде, ойлау деңгейі әртүрлі адамдар жұмысының гармониялық үйлесімділігін арттыруда».

«Адам-компьютер-мультимедиа-ресурс» жүйесіндегі оқушы іс-әрекетінде, жеке ақыл-ой әрекетінде басқа ойлау стилі қалыптасады. Бұл факт бақыланады. Мысалы, соңғы жылдары анықтаманы, дәлелдеуді және т.б. оның мағынасын түсінбей айтатын және бұдан ешқандай кемшілігі бар екендігін сезінбейтін оқушылар саны артты. Есепті детальды түрде бөлшектеп қарастырудан оқушы босайды да, яғни есепті шешу алгоритмі тек қана компьютерге «белгілі», мұндай жағдайда оқушы есептің шешу тәсілін іздеу үдерісінде кездесетін көптеген шығармашылық кезеңдерден өтпейді, бұдан шығармашылық іс-әрекетінің тәжірибесінің маңызды компоненттерін меңгермейді.

Сондықтан жалпы орта білім беруде қазіргі ақпараттық технологияларды және мультимедиа-ресурстарын пайдалана отырып, адам мен компьютердің интербелсенді өзара әрекетінің «шығармашылық» деңгейі адамның интеллектуалдық деңгейі мен мазмұнымен анықталады. Бұдан адам мен мультимедиа-ресурстарды біріктіретін өзара әрекеттің негізінде тұлғалық білім жүйесі жататындығын білдіреді [5].

Қорыта айтқанда АҚТ отандық білім беру жүйесінің сапалық деңгейінің артуына зор ықпал етеді. Сол себептен отандық білім беру әдіснамасын электрондық-ақпараттық технологиялар мен құрал-жабдықтар арқылы жаңартып, халықаралық стандарт дәрежесіне көтеріп, білімгерлерді әлемдік бәсекеге қабілетті маман етіп даярлау мақсатында тың да нақты қадамдар жасалуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазанбаева А.З. Оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялардың тиімділігі. – Алматы, 2019;
2. Исхан Б.Ж. Жаңа технологиялардың қазақ тілі пәнін оқытудағы маңызы. – Алматы, 2019;
3. Жантурсева М.Ж. Қазіргі заманауи жаңа педагогикалық технологиялар. – Шымкент, 2021;

4. Демеукулова А.С. Шет тілі сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолданудың тиімділігі. – Алматы, 2019;
5. Е.Ы. Бидайбеков, В.В. Гриншкун, Г.Б. Камалова, Д.Н. Исабаева, Б.Ғ. Бостанов. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері. – Алматы, 2014.

ШЕТ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМУДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ПАЙДАЛАНУ

Нигметова А.Г.,

«№ 28 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ мұғалімі, -Ақтау қ., Қазақстан

Шет тілі сабақтары бұл мәселені шешуге арналған. Шет тілі жалпы білім беретін пән ретінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ете алады және ықпал етуі керек. Шетел тілін оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін білім беру, тәрбиелеу және дамыту әлеуеті, олар білім берудің практикалық мақсатын жүзеге асыру барысында ғана дами алады. Басқаша айтқанда, егер оқушы шет тілінде коммуникативті және танымдық қызметпен айналысса (тыңдайды, оқиды, оқиды, жазуды қолданады), ол өзінің білім көкжиегін кеңейтеді, сыни ойлау, есте сақтау, эмоциялар мен сезімдерді дамытады; егер қарым-қатынас процесінде шет тілінде адам туралы әлеуметтік-мәдени қасиеттер қалыптасса: дүниетаным, моральдық құндылықтар және сенімдер, мінез белгілері. Біріншіден, шет тілі пән ретінде әлемге кең "терезе" болып табылады, бұл өмірдің, ғылымның, өнердің әртүрлі салаларында білім алудың құралы, Жалпы білім алу үшін не қажет, бұл әр түрлі салаларда жұмыс істеуге көмектесетін құрал және қоғамдық өмір.

Шет тілі сабақтарында студенттер көптеген білім мен идеяларды тереңдетеді және кеңейтеді. Ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мынадай міндеттерін атауға болады: - Оқушының бойына тілдерге деген қызығушылығын, оны үйренуге құштарлығын сіңіру;

- жеке тұлғаның заман талабына сай өмірге икемделуіне бағыттау және оның басқа елдің тілін, мәдениетін, тарихын және әдет-ғұрпын танып білуіне ықпал ету;

- Оқушының сезімтал, шығармашыл, әлеуметтік, танымдық және тілдік қабілеттерінің дамуына жағдай жасай отырып, оның жалпы дамуына едәуір үлес қосу;

- бастауыш сынып оқушыларын шетелдік құрдастар әлемімен, әндермен, тақпақтармен, оқулық және ертегі кейіпкерлерімен таныстыра отырып, тілді тез меңгеруге және өздерін еркін сезінуге көмек тигізу.

- оқушылардың алған теориялық білімін практикалық жұмыспен ұштастыра білуді меңгерту, оларды ұлттық үрдіске тәрбиелеу, баланың білім деңгейін саралап, шығармашылық жұмысқа тарту; оқушының жұмысына бақылау жасау, баға беру, әр оқушыға жеке әдіс амал қолдану.

Оқыту барысында тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу дағдылары біртіндеп дамиды. Тыңдауға үйрету мүмкіндігінше барлық сабақтарда жүреді, оқушы мұғалімнің, достарының айтқанын тыңдап түсіне алады. Сөйлеу көбіне жұптық, топтық жұмыстар кезінде іске асады.

Бағдарлама бойынша 1 сыныпта ауызша кіріспе курсы жүреді, оған ең негізгі деген тақырыптар таңдалып алынды. Мысалы: Жанұя, түр-түс, 1-10 дейінгі сан, жануарлар, ауа-райы, спорт, дене мүшелері ең жиі кезігетін етістіктер, модалды етістік, «болу» «бар болу» етістіктерін қолдану. Ал 2 сыныптың бірінші жарты жылдығында өткен сынып материалдарын қайталау болып табылса, екінші жарты жылдықта әріптерді танып, жазуға үйренеді, сөздік қорын кеңейтеді. Келесі сыныптарда тақырып ауқымы кеңіп, грамматикалық материалдар қосылып білім аумағы кеңейе береді.

Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың қызығушылығын ояту - басты мәселе. Шетел тілін меңгеруде көп қиыншылықтар кездеседі. Бұл қиыншылықтарды жеңу үшін пәнге деген ынтасын әуестігін арттыру керек.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;
4. Техникалық құралдарды тиімді қолдану;

Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету. Ағылшын тілін үйрету барысында музыканың ықпалы зор. Ән тілілік қарым-қатынас құралы ретінде жаңа сөздер мен сөз тіркестері құралып оқушының сөздік қорының көбеюіне ықпал етеді. Ән, өлең тыңдау кезінде таныс лексика оқушы есінде тез жатталады. Шет тілінде ән айтып үйрену барысында оқушы дыбыстарды дұрыс атап үйренеді, сөйлемге дұрыс екпін қояды. Әнмен жұмыс барысында оқушының көңіл күйі көтеріліп, тілге деген қызығушылығы арта түседі. Сабақ барысындағы әндер мұқият жас ерекшелігі ескеріліп тандап алынуы керек. Сонымен қатар электронды оқулықтардың пайдасы өте зор. Сабақта электронды оқулықтарды пайдалану арқылы оқушының шығармашылық қабілетін арттыруға, ізденісін ұлғайтуға, танымдық көзқарасын қалыптастыруға, өзіндік жұмыстарды тез орындауға машықтануына негіз қаланады.

Электрондық оқулықта тәжірибелер мен басты кейіпкерлердің өмірі, анықтамалық сөздік, әр тарау бойынша тестік сұрақтар бар. Бұл мәлімет оқушылардың өзіндік ізденісін тудырады және осы бағытта жұмыс істеуге дағдыландырады.

Қазіргі заманғы жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейінде пәнаралық байланыстарды тереңдетуге мүмкіндік туады. Бұл оқушының ақпаратты, қоғам жағдайында ойлау қабілетін арттыра түседі. Осындай бағыттағы білім оқушыларды Отанға деген сүйіспеншілікке, достық пен ынтымаққа баулиды.

Оқушыларының оқу-танымдық құзыреттіліктерін қалыптастыра отырып, танымдық іс-әрекет белсенділіктерін арттыру үшін, көрнекі құралдар, техникалық құралдарды жиі пайдалану қажет.

Мұнда оқушыда кез-келген ақпаратты алғаннан кейін немесе мәтінді алғаннан кейін сол мәліметке қатысты өзіндік көзқарас туындайды. Яғни, адамның ішкі жан дүниесінде сезімдік, эмоционалдык із қалдырады, сол себепті мұғалім берілетін ақпараттарға жағымды қатынас туындатып, білімнің негізін қалайды. Бастауыш сынып барлық білімнің қалануының негізі. Бастауыш сынып оқушыларына нені үйретсең соны санасына сіңіретін нағыз қабылдау жасында болғандықтан, мейлі қандай тіл болмасын өте тез игеріп алуға болады. 3 тұғырлы тілді алға ұстаған қазіргі кезде біздің мектебімізде ағылшын тілі бірінші және үшінші сыныптан бастап өтуді негіз етіп отыр. Балдырғандарымыз тіл жағындағы қадамын нық басса, алдағы болашақта нұрлы жолға қадам тастауына негіз қаланады еді. Бастауыш сынып оқушыларының тілі толық дамып жетілмегендіктен әрине, ағылшын тілі басында қиынырақ сезлігенімен, соңына келе біртіндеп қалыптасып, жаттық әрі әдемі ағылшын тілін сөйлеуіне болады. Бастауыш сынып оқушылары ауыр сабақ жүгін алып жүре алмайтындықтан біз балаларды ағылшын тілінен жалқпауы үшін көбінесе жаңаша үйретіу тәсілдерімен тәрбиелеуіміз қажет. Елдің болашағы келешек ұрпақтың қолында, яғни олар мұратты, мөралды, тәртіпті болумен қатар мықты білім иесі болуы тиіс. Бұнымен қоса дүниенің қай бұрышында болмасын өзін алып шығатын қабілетке ие болулары керек емес пе?

Заманауи сабақты жоспарлағанда мұғалім бұл сабаққа әр оқушы белсенді түрде қатысатындай, өзін шығармашылықпен ашатындай етіп құруды ойлайды. Шетел тілін меңгеру – оқылатын материалды есте сақтау, қайта жаңғырту және қолданудың күрделі көп қырлы процесі. Заманауи технологиялар бұл процесті байытуға, оқушылардың шығармашылық қабілетін ашуға, ынтасын арттыруға және нәтижеге жетуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда көптеген пәндерді, соның ішінде шет тілін меңгеруде қолданылатын сыни тұрғыдан ойлау технологиясын бөліп көрсетуге болады. Бүгінгі таңда әртүрлі ғылыми

зерттеулерде «сыни тұрғыдан ойлау» терминінің анықтамасын табуға болады. Дж.А.Браус және Д.Вуд оны не нәрсеге сену және не істеу керектігін шешуге бағытталған ақылға қонымды рефлексиялық ойлау ретінде анықтайды. Сыншылар өз «Менін» түсінуге және жүзеге асыруға, объективті, логикалық болуға, басқа көзқарастарды түсінуге тырысады. Сыни тұрғыдан ойлау - бұл парасаттылықты іздеу және өз теріс пікірлерінен бас тарту. Д.Галперн өзінің «Сын тұрғысынан ойлау психологиясы» атты еңбегінде сын тұрғысынан ойлауды бағытталған ойлау деп анықтайды, ол тепе-теңдікпен, логикалықпен және мақсаттылықпен ерекшеленеді, ол осындай когнитивті дағдылар мен стратегияларды қолдану арқылы ерекшеленеді қалаған нәтиже. Сыни тұрғыдан ойлаудың анықтамаларында олардан ойлаудың бағалау және рефлексиялық қасиеттерін көрсететін ұқсас мағынаны көруге болады. Бұл ашық ойлау, догмаларды қабылдамай, өмірдің жеке тәжірибесіне жаңа ақпаратты таңу арқылы дамиды. Оның шығармашылық ойлаудан айырмашылығы осында. Сыни тұрғыдан ойлау шығармашылық ойлауды дамытудың бастапқы нүктесі болып табылады, олар синтезде, өзара байланысты дамиды.

Қортындылай келе әртүрлі көзқарастармен және әртүрлі ғалымдардың пікірінше, жақсы дамыған сыни ойлау табысты оқудың, оқу материалын меңгерудің және күнделікті өмірде алынған ақпаратты оңтайлы пайдаланудың құрамдас бөлігі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мектептегі шет тілі, 2006 ж. № 2
2. Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері. 2008 ж. № 5
3. Қазақстан мектептерінде ағылшын тілін үйрету журналы. – Алматы: 2019, № 5

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІ

Қуанышбекова А.

«ORDA» жоғары колледжі білім алушы, - Қызылорда қ., Қазақстан

*Ғылыми жетекшісі: Асанова Д.К., педагогика және психология пәнінің оқытушысы
Қызылорда қ., Қазақстан*

Білім беру саласындағы психологиялық қызметтің мақсаты барлық білім беру үдерісіне қатысушылардың психикалық және психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту, білім алушының тұлғалық дамуын сүйемелдеуді психикасы сау дәрежеге жетілдіру құралы ретінде қарастыру болып табылады.

Психикалық денсаулық бәрінен бұрын, жеке дара психикалық үдерістер мен механизмдерге қатысты. Психологиялық денсаулық тұтас бір тұлғаға қатысты және жоғары адами болмыс көріністерімен тығыз байланыста болады да, психикалық дамудың өзіндік психологиялық аспектісін бөліп көрсетеді. Психологиялық денсаулық тұлғаны өзіндік жетілдіре түседі.

Педагог-психолог білім алушының жас шамасына сәйкес айналасындағы адамдармен өзара әрекет контекстінде және қоршаған ортаның мәдени, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық нақтылығы жағдайында өзіндік түсіну, өзін қабылдау және өзіндік даму қасиеттерімен қаруландыруы керек. Сонымен, педагог-психолог қызметінің басты мақсаты – білім алушының психологиялық денсаулығын дамыту мен сақтауға жағдай туғызу.

Ол дегеніңіз - оқыту үдерісінің барлық кезеңдерінде баланың толыққанды психикалық дамуын негізге алатын психикалық денсаулықты көздейді.

Осыған байланысты, психологиялық қызметтің негізгі міндеттерінің аясы әлдеқалай кени түседі. Толыққанды психикалық дамытуды қамтамасыз ететін жағдай туғызу білім алушының ішкі әлеміне, оның сезімі мен толқуларына, бейімі мен қызығуларына, қабілеті мен біліміне, оның өзіне, құрбы-құрдастарына, ересектерге, қоршаған ортаға, отбасылық

және қоғамдық жағдайларға, жалпы өмірге қарым-қатынасына көңіл бөлумен толықтырылады.

Дамытуға бағыттылық білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің мынадай негізгі міндеттерін белгілейді:

- Білім алушымен жұмыста әр жастың даму резервтерін жүзеге асыру;
- Білім алушылардың жеке дара ерекшеліктерін, олардың қызығулары, қабілеттері, сезімі, қарым-қатынасын, қызығушылықтарын, өмірлік жоспарларын дамыту;
- Білім алушылардың қалыпты дамуы үшін ересектер және құрбыларымен онтайлы қарым-қатынас жасау негізі ретінде жайлы психологиялық ахуал қалыптастыру;
- Білім алушыларға, олардың ата-аналарына, мұғалімдерге уақытында психологиялық көмек және қолдау көрсету.
- Білім беру саласындағы психологиялық қызмет негізгі үш бағыттан тұратын тұтастай жүйе ретінде қарастырылады:

Ғылыми бағыт – заманауи мектеп жағдайында психологиялық білімді кәсіби қолдану құралдарын, әдіс-тәсілдерін дайындау мақсатында бала тұлғасының психикалық даму және қалыптасу заңдылықтарын зерттейді.

Қолданбалы бағыт – оқу бағдарламаларының, дидактикалық және әдістемелік материалдардың психологиялық негіздемесін, мұғалімдерге психологиялық қолдау көрсету стратегиясын құруды кірістіре отырып, білім беру мен тәрбие үдерісінің психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етілуін іске асырады.

Практикалық бағыт – білім беру ұйымында психологтың тікелей жұмысын қамтамасыз ететін нақты міндеттер кешенін шешу мақсатында, атап айтар болсақ:

- білім алушыға қатысы;
- мұғалімге қатысы ;
- білім беру және тәрбиелеу кеңістігі ұйымы ретінде мектепке қатысы бойынша жүзеге асырылады.

Бұл міндеттер педагог-психологқа жаңа білім беру ортасын жобалауға қатысу үшін, білім алушылармен жұмыс жасайтын түрлі мамандар үшін қарым-қатынас аймағын құру, мұғалімдерге, ата-аналарға, әкімшілікке тұлғааралық қарым-қатынас, баланың дамуы, жаңа жобалар құру, мектептегі оқу-тәрбие үдерісін методологиялық қамтамасыз ету және басты мәселелерді бөліп алуда кеңес беру мүмкіндіктерін қарастырады.

Айта кету керек, психологиялық қызметтің қолданбалы және практикалық аспектісінің дамуы ғылыми тұрғыдан дамуына тәуелді. Бұл тұжырымдаманың негізі болып тұлға - сана мен мінез-құлықтың қоғамдық негізінде меңгерген адам өмірі үдерісінде қалыптасатын тұтастай психологиялық құрылым дейтін психологияда қарастырылатын қағида болып табылады.

Білім алушы тұлғасының психикалық дамуы және қалыптасуы тек ересектермен қарым-қатынаста ғана болуы мүмкін және онтогенездің осы кезеңіндегі басым болып табылатын іс-әрекет саласында көрініс береді. Бұл тұжырымдама белгілі бір жағдайларда барлық дені сау білім алушының даму қабілетіне ие деп бағамдайды.

Білім беру ұйымдарындағы білім мен іс-әрекеттің түрлі саласында әр білім алушы қабілетін дамыта білгенде ғана мәнге ие болады.

Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет іс-әрекетіндегі жаңа технологиялар практикалық педагогтар мен психологтардың ағымдағы іс-тәжірибесін талдау барысында алынған түрлі саладағы психологиялық білімінің соңғы жетістіктерін зерттеу негізінде құрылған.

Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі күрделі психологиялық білім, оның негізі кәсіби қызмет жүйесін қамтитын іс-әрекеттік-рөлдік (білімдер, іскерліктер мен дағдылар) және тұлғалық (кәсіби маңызды сапа) сипаттама ретінде қарастырылады.

Кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін психолог білім беру мекемелеріндегі әлеуметтік-психологиялық жағдай туралы жеткілікті білімдердерді меңгеруі, өзінің кәсіби жетілуін және тұтастай психологиялық қызметтің даму келешегін анықтай білуі міндетті.

Білім беру мекемелерінен тыс және әр түрлі құрылымдар ішінде өзара іс-қимылдың оңтайлы стратегияларын таңдау және оны жүзеге асыра білу маңызды.

Білім беру жүйесіндегі психолог, педагогтар мен оқушылар үшін психологиялық білім тасмалдаушы ғана емес. Мінсіз адам бейнесіне сәйкестік тұрғысынан, психологиялық әдістемелер мен технологиялар көмегімен өмірдегі оң нәтижелерге қол жеткізгені бағаланады. Психолог - бұл, ең алдымен білікті маман, сондықтан оған белгілі бір талаптар қойылады. Өйткені, психолог адамдармен олардың психологиялық жағдайымен және ішкі әлемімен жұмыс істейді.

Психолог тұлғасына қойылатын талаптар

- Адамдардың жеке мінез көріністеріне тәуелді болмай, барлық адамдарға деген бірдей көзқарас;
- Жанындағы адамдардың эмоционалдық жағдайын сезіне білуі;
- Жанын жарақаттап алмай, клиентке ақпаратты жеткізудегі қабілеттілік, кәсіби такт.
- Жағымсыз жағдаяттан немесе тығырықтан шығу үшін тақырыпты тез өзгерту қабілеттілігі, қандай да бір мәселе бойынша әр түрлі көзқарастарды қарастыруы;
- Эмоционалдық шыдамдылық және ұстамдылық, клиенттің психикалық жағдайына (қандай болмасын) дұрыс қарай білу, мазасыздануды басу, қалыпты жағдайды қалыптастыра алуы;
- Жалпы мәдениеттілікті, мінез - құлық ережелерін, әдепті сақтау;
- Қайырымды, мейірімді, достық атмосферасын құра білуі, клиенттің өзін еркін ұстауына жағдай жасай алуы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27 шілде 2007 жыл №319-III
3. Психологтарға арналған мерзімді басылымдар

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ БАЛА ҚАБІЛЕТІН ШЫҢДАУДАҒЫ ЗОР ЫҚПАЛЫ

Кенжалиева Г.А.

*№ 7 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі, педагог-шебер
Қызылорда қ., Қазақстан*

Дидактик ғалымдар арнайы зерттеулер нәтижесінде оқушылардың танымдық белсенділігі олардың игеретін білімінің сапасына тікелей әсер ететінін анықтап отыр. Мысалы, өздігінен оқу немесе дәріс тыңдау барысында ақпаратты ұзақ уақыт есте сақтаудың көрсеткіші 10 пайыздан аспаса, әртүрлі танымдық ойындар мен белсенді оқыту әдістерін пайдалану барысында ол көрсеткіш 90 пайызға дейін жетеді екен. Естігенің естен шықса, көрген қалар көңілінде, бір нәрсені жасап, ұқсап, ұмытылмас өмірінде деген шығыс даналығының астарында терең мағына жатқандығын байқатады. Ал орыс ғалымы Л.Фридрихтің айтуынша, бала білім игеру барысында төрт түрлі позицияда болады екен: тыңдау арқылы дайын білімді алу, өздігінен жаңалық ашу, түрлі әсерді сезіну, бұйым немесе өнім жасау. Соңғы үшеуі шын мәнінде өнімді оқуға жағдай жасайды. Сондықтан сабақты жоспарлау мен ұйымдастыруда оның өнімділігін арттыратын оқытудың белсенді әдіс-формалары мен танымдық ойындары тиімді пайдаланудың маңызы зор.


Әдебиет- көркемөнердің бір саласы, қоғам өміріндегі жетістікке жеткізудің жолын сызатын, халық басындағы болмысты, өмір сабағын, адамгершілік қасиетін, эстетикалық

сәнін тәрбиелейтін басты құрал. Сол әдебиетті жасаушы, өмір тіршілігінің көріністерін образбен көрсететін сөз зергері – ақын-жазушылар. Олар – өз дәуірінің айнасы. Әдебиет әр адамның Отанына, халқына деген құмарлығын, сүйіспеншілігін, адамгершілік қасиетін тәрбиелейтін жанашыры.

Ұлт ұстазы, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынов шығармашылығымен кең көлемде танысып, әдеби шығармалар оқуға деген құштарлығын ояту барысында біршама әдіс- тәсілді қолдануға болады. Осындай әдістердің біреуі «Кластер» деп аталады.

1. Кластер

«Кластер» сөзін қазақ тіліне аударғанда, жүзімнің шоқтары деп атайды. Кластер идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кесте болып табылады. Негізгі тақырып тақтаның не дәптердің ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді, оқушылар оларды бір-біріне сызықтармен қосады. Бұл әдіс оқушылардың жеке орындауына да, топпен орындауына да тиімді жұмыс болып табылады. [1, 115б.]



2. Талқылау кестесі

Талқылау кестесі 2-3 шығарманы салыстыра отырып, талдауға арналған. Мұнда көркем туындының тақырыбы, бас кейіпкердің мінез-құлқы, автордың идеясы, одан оқушының түйген ойы басты назарға алынады.

Шығарманың аты, авторы	Ахмет Байтұрсынов «Егіннің бастары» өлеңі	«Аққу, шортан һәм шаян» өлеңі
Тақырыбы	Тәкаппар, өркөкірек болудан сақтандыру.	Ауызбіршілік, ынтымақты уағыздайды.
Автордың ойы (идеясы)	Жамандықты болдырмау, қарапайым болуға шақыру.	Бірлік ойлап, кез келген істе ұйымшылдық көрсету. Ынтымақсыз істің алға бармайтыны туралы айтқан.
Сенің түйінің	Мақтаншақ, біреуді менсінбей сөйлеу- жаман қасиет. Өлеңді оқып, мінезге бай болу керектігін ұғындым.	Өлеңнің мағынасы терең. Бірлік, ынтымақта болып, бір-бірінің айтқанын тыңдау қажет.

3. Өзім үшін жазу

«Өзім үшін жазу» кестесінде автордың идеясы, шығарма мазмұнын, оқушының жүрек қылын шерткен үзіндісін жазады. Бұл кестені толтыру арқылы шығарма мазмұнын баяндап қана қоймай, өзіне ұнаған шығарма бөлігін жаттау арқылы сөздік қорын дамытады.

Өлеңнің тақырыбы	« Қартайған арыстан» мысал өлеңі.
Мазмұны, айтар ойы	Біреуге қиянат жасамау, біреуге кіріптар болмау.
Сені толқытқан өлең шумағы	Аталған бірдей емес осы аңдар, Ішінде жақсы, жаман осалы бар. Арыстан, Жылқы, Өгіз, Есекке ұқсас, Ойласақ, табылмай ма неше адамдар?

4.Айналымды бекет

Бұл әдіс оқушылар өзгелердің идеясына сүйеніп, мәселені толығымен қамтуын көздейді, сондай- ақ олардың белсенді болып, жылдам қозғалуын талап етеді. Түрлі түсті қағаз, қаламдар қолданылады. Әуелі өздері жазады, ауысып, бір-бірінің жұмысын толықтырады. «А.Байтұрсыновтың шығармашылығы» деген тақырыпты сыныптың оқушыларын 4 топқа бөлу арқылы орындаймыз. Олар: ақын, филолог, аудармашы, публицист. Бірінші айналымда барлығы өз жұмыстарын орындайды, екінші айналымда орын ауысып, толықтырады. Үшінші және төртінші айналымда да дәл солай. Әр бекеттің спикері өз постерлерін қорғайды.

5.Фрейер моделі

Белгілі бір сөзге анықтама беру және оның антонимін, синонимдік қатарын толықтыру үшін, сонымен бірге оның мағынасы, көпшілікке түсінікті болу үшін сөйлем құрауды іске асыратын әдіс.

Анықтама Жаудан елді адам_000ӨhӨҚ	қорғайтын	Синонимдер Ержүрек, жүрек жұтқан, батыл
Антонимдер Қорқақ, су жүрек	Батыр	Сөйлем Біз қазақ батырларының ерлігін есте сақтап, әрқашан құрметтейміз.

6.Сөзжұмбақ құрастыру

СӨЗЖҰМБАҚ «Әнші-сазгерлер»[2,3.]

Әнші-ақындардың әндерінен сұрақ берілген. Жауабы дұрыс шешілгенде, ерекше торкөзден Ақансерінің әнінің атын оқуға болады.

Сұрақтары:

1. Иманжүсіптің әні.
2. Біржанның әні.
3. Жаяу Мұсаның әні.
4. Ақанның әні.
5. Мәдидің әні.
6. Исаның атақты әні.
7. Ақанның әні.
8. Мұқиттың әні.
9. Жарылғапбердінің әні

1							
		2					
	3						

		4					
5							
6							
7							
8							
9							

Жауабы:

1. Сарыбел.
2. Адамсақ.
3. Ләйлім.
4. Ақтоқты.
5. Қаракесек.
6. Желдірме.
7. Перизат.
8. Алуаш.
9. Шама.

Ерекше тор көздегі әннің аты «Балқадидша»

7. Поэзиялық шығарманы сатылай кешенді талдау

А. Байтұрсынов «Ақын ініме» өлеңі

1. Авторы. А. Байтұрсынов - қазақтың тұңғыш тіл білімі негізін қалаушы ғалым, публицист, аудармашы, мысалшы, саясаткер.

2. Тақырыбы. Тақырып - бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл өлеңнің тақырыбы – атқамінер шонжарлардың мінез-құлқы.

3. Жанр түрі. Поэзия (өлең). Өлең дегеніміз- белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырылып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4. Идеясы – атқамінер шонжарлардың мінез-құлқын әшкерелеу. Халқына пайдасы тиетін, адал қызмет ететін адам болып қалыптасуға үндейді. Идея дегеніміз – автор тақырып арқылы өмір шындығын суреттегенде оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өзінің арман-мақсатын, қиялын білдіреді.

5. Шумақ - аяқталған синтаксистік біртұтас ой, 8 шумақты.

6. Тармақ - өлеңнің әр жолы, 30 тармақты.

7. Бунақ - белгілі дауыс ырғағымен бөлінуі. 3 бунақты.

8. Буын саны – дауысты дыбысқа байланысты. 11 буынды

9. Ұйқас түрі - қара өлең ұйқасы (а-а-б-а). Ұйқас – өлең мазмұнымен тамырлас келіп, оған ерекше саз, әуен беретін өлең тармақтарындағы сөздер үндестігі.

10. Әдеби – теориялық ұғымдар.

10.1. Құбылту – сөздерді тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп ойды өзгертіп айту.

Теңеу: доңыздай, балдай, Аплатондай

Эпитет: ақылға жарлы, сүйікті милләт

Дөрекі сөздер: қақыр, лапыр, пақыр, айғырсып.

Ирония: кекесін, келемеждеу.

Сүйікті милләтіңе болам десең,

Нашардың көбірек же хақын, інім,

Сыйласын десең жұртың қадір тұтып,

Айғырсып момындарға ақыр, інім,
Білімді ел ішінде болам десең,
Шешенсіп, нақты сөйлеп, лапыр, інім,
Қолыңнан мұның бірі келмес болса,
Кісімсіп ең болмаса қақыр, інім,
Сөзіңді тыңдатайын десең жұртқа,
Ет асып табақ-табақ шақыр, інім.

10.2. Айшықтау.

Арнау - жазушының көбіне-көп ақынның өзіне не өзгеге, кейде тіпті жалпы жұртқа арнайы тіл қатуы, көпшілікке қайырыла сөйлеуі, олармен іштей кеңесуі. Бұл өлең жарлай арнауға құрылған. Өлең Міржақып Дулатұлына арналған.

11. Түсіндірме сөздік.

Милләт - араб сөзі, халық, ұлт. Аплатон, Платон- ертедегі грек оқымыстысы, правосы-құқығы.

12. Тәрбиелік мәні.

Өлең адамгершілікке үндеп, адал еңбек, қызмет істеуге шақырады. Жаман әдеттерден, жамандардан бойды аулақ ұстауға шақырады.

8. «Оқуға құштар мектеп» немесе «Оқуға құштар сынып» жобасы аясында конференциялар, әдеби кештер немесе сынып сағаттары өткізіліп, ақынның өмірбаянымен, шығармаларымен танысып келеді.

Жаңа көзқарасты, жаңашылдықты талап ететін кезең «Мен айтып берсем, шәкірт түсінеді» деген ұстанымды құптамайды. Мектеп оқушыларының танымдық әлеуетін кеңейтіп, сыни ойлау қабілетін арттыруда, сонымен бірге туындаған мәселелерді шеше білетін шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеуде, бұл мақсатқа қол жеткізу көп ізденіс пен шығармашылықты талап етеді. Ақынның өмірбаяны, өлеңдері, мысал өлеңдері қамтылған түрлі іс-шаралар баланың кітап оқуға деген құштарлығын арттырып, кітапханамен байланыс жасауына көп мүмкіндік береді.

Ахмет шығармалары ұлттық - мәдени мұраның жасампаздығымен, өміршеңдігімен терең байланысты. Халқы барда, ақын есімі жаңғырып, жаңара бермек! Шығармалары ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып, жарқырай бермек!

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Серикова Ботакөз. Қазақ тілі мен әдебиетін заманауи оқыту: теория мен тәжірибе –Шымкент: Нұрлы бейне, 2017. -115 б.

2.Кенжалиева Гүлжанат. Сөзжұмбақтар –Қызылорда:Қанағаты, 2013. -3б.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА БІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

Бүркітбаева Г.,

№17 Жалпы Білім беру орта мектебі мұғалімі-Ақтау қ., Қазақстан

Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болып бірігіп қолға алатын маңызы күшті, жауапкершілігі мықты аса ауыр міндет. Бүгінгі оқудың сапасын қалай арттырамыз дегенде бірінші кезекте сабақ үрдісін жаңалау, жетілдіру, жаңашыл ойлайтын саналы тұлғаны қалыптастыру керектігін алға тартамыз.

Қазірде ғаламдық жаңалықтармен қоса қабат еніп жатқан білімдегі өзгерістердің баланың сана сезіміне лайықталып, тиімді білім алуын қадағалауымыз қажет. Білім арудың қиындығын, білім алушыдан көп еңбек пен ізденістің қажеттілігін ұлылар сөзі де растайды. «Білім еске сақтау арқылы емес, өз ойының күш салуымен алынғанда ғана білім»(Л.Н.Толстой), «Егер біздің балаларымыз шын мәніндегі білімді адам болғысы келсе, олар өз беттерімен шұғылданду арқылы білім алуға талпынуы тиіс» (Н.Г.Чернышевский) [1].

Бүгінгі таңдағы білім беру жүйесінің жаңаша формациясында оқушылардың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымын қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін дамытуға ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру маңызды мәселе. ҚР «Білім туралы Заңында»: «Білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі-оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Осы орайда білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің жаңа үрдістерін енгізіп, қазақстандық білім беру жүйесінің сапалы көрсеткіштерге жетуімен басымдық танытады. Жаңартылған білім бағдарламасы бойынша оқу бағдарламасының сөйлеу әрекетінің төрт түрін, жазылым, айтылым, тыңдалым, оқылымды негізге алуы мол тәжірибені қажет етеді. Қазақ тілі сабағында мұғалімнің шеберлігін арттыра отырып, оқушылармен білімді функционалды және шығармашылық негізде қолдану арқылы жаңартылған білім бағдарламасындағы күтілетін нәтижеге қол жеткізуге болады.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы оқушы мен мұғалімнің сыни тұрғыдан ойлай отырып, қабілет дағдыларын дамытуын, топпен, жеке жұмыс жасай білуін, бағалаудың критериалдық жүйесінің енгізілуімен айқындалады. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың ойлау, логикалық қабілетін дамытып, ғылыми жұмыспен шұғылдануына, коммуникативті қарым-қатынасқа түсуіне, функционалды сауаттылығын арттыруына жол ашылады [2].

Қазақ тілі сабағында оқушылардың ізденімпаздығын, танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық әлеуетін арттыруына жол ашуымыз керек. Осы бағытта қазақ тілі сабағында жүргізілетін топтық, жеке жұмыстардың маңызы, оны оқушыларға ұйымдастыру ғана емес, олардың жеке тұлға болып қалыптасуына жол ашатындай форматта ұсынудың маңыздылығы шығады. Жалпы тіл сабағына ынтасын арттыру үшін қоғамдағы жаңа өзгерістер және оның тез тарауы мен даму жылдамдығы білім беруге қойылатын талаптарды да түбегейлі өзгертіп, қоғам қажеттілігін қанағаттандыру бағытында мынадай мақсат-міндеттерді қойып отыр:

- қазақ тілінен білім сапасын арттыру;
- әлемдік білім беру кеңістігіне ену;
- оқушылардың қазақ тілі сабағында интернет жүйесін қолданыуы;
- электронды оқулықтармен жұмыс жасау.

Осы мақсат-міндеттерді жүзеге асыруда төмендегідей талаптар орындалуы тиіс. Біріншіден, мультимедиялық мүмкіндіктерді пайдалану, анимациялық, слайд шоулар жасап үйрену, екіншіден, мұғалім өз ойын, көзқарасын, өз кезегіндегі материалдық ұсынылым, әртүрлі аудиторияларға бір ғана оқу мәліметін ұсынуға мүмкіндік алады.

Қазақ тілінен кесте, кроссворд құрастыру үшін дербес компьютерді қолдану арқылы грамматикалық және оқу материалдарын өңдей алады. Жаңартылған оқу бағдарламасы негізінде интерактивті оқыту әдісінің басты мақсаты- сыни ойлауын қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс арқылы әрекет арқылы оқыту жүйесі негізге алынса, қазақ тілі сабақтарында оқу үдерісіне терең ойлану, өз идеясын айту, талқыға салу, ақпаратты қабылдап, жеткізе білу, пікірталастарда өз ойын жеткізіп, пікірін дәлелдеп шығуды мақсат етеді. Бұл мақсатқа бірлескен топтық, жұптық, ұжымдық жұмыстары арқылы, рөлдік ойындармен, тренинг, интервью, перзентация, сауалнама әрекеттері арқылы орындалады. Қорыта айтқанда, қоғамның сұранысына лайықты технологияларды, әдіс-тәсілдерді меңгерген мұғалім білім беру мазмұны бойынша, ой-өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты тұлғаны қалыптастыра алады [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Тәрбие хрестоматиясы. Құрастырғандар: С.Қалиев, Ш.Майғаранова., Г.Нысанбаева. Алматы, 2001.-331 б.

2. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық.-Астана, 2017.

3. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИСКУРСТЫҢ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Дәуренбек А.А.,

білім алушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті-Ақтөбе қ., Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: Садирова К.К., *ф.ғ.д., профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті-Ақтөбе қ., Қазақстан*

Білім беру кез келген заманауи қоғамда маңызды орынға ие екені сөзсіз. Бұл ең алдымен, қоғамның саналы, білімді, көзі ашық мүшелерінің қажеттілігінен туындайды. Бұл жерде қарым-қатынастың тәрбие процесіндегі рөлін ерекше атап өткен жөн. Кез келген білім беру немесе тәрбие беру үрдісі коммуникациясыз жүргізілуі мүмкін емес. Ал білім берудегі педагогикалық дискурстың маңызы орасан зор, бұл білімнің әлеуметтік институт ретінде педагогикалық дискурсқа дәл қызмет ететіндігімен тығыз байланысты.

Педагогикалық дискурстың мақсаты – қоғамның жаңа мүшесіне дүниенің құрылымын, мінез-құлық нормалары мен ережелерін түсіндіру, қоғамның жаңа мүшесінің қызметін құндылықтармен таныстыру тұрғысынан ұйымдастыру және оқушыдан күтілетін мінез-құлық түрлері, ақпаратты түсінуі мен игеруін тексеру, нәтижені бағалау [1, 304].

Педагогикалық дискурс туралы айтқанда, осы лингвистикалық құбылысқа қатысушыларға егжей-тегжейлі тоқталмасқа болмайды.

Педагогикалық дискурста адресант ретінде білім институтының өкілдері әрекет етеді. Адресант коммуникативті мақсаттар жүзеге асырылатын белгілі бір жанрлар жиынтығын иеленетін білім беру саласындағы сарапшылардың иерархиялық ұйымдасқан тобы болып табылатын дискурсивті сарапшылық қоғамның мүшесі ретінде әрекет етеді. Адресант негізінен құзыреттілікпен, нәзік психологтың қасиеттерімен, адресатпен жақынырақ танысуға, онымен байланыс орнатуға және адресатқа қажетті ақпаратты жеткізуге ұмтылуымен сипатталады.

Педагогикалық дискурстың ерекшелігі адресант барлық дерлік жағдайларда тек бір индивид болуы мүмкін. Белгілі бір дәрежеде педагогикалық дискурстағы адресантты өз сөзінің «иесі» деп айта аламыз. Бұл маман белгілі бір аудиторияға өзінің барлық назарып аударып, жан-жақты жұмыс жасай алатын, өзінің нақты айтар ойы бар адам. Басқаша айтқанда, өз ісінің кәсіби маманы.

Педагогикалық дискурс стратегиялары әлеуметтенудің типтік жағдайындағы сөйлеу әрекеттерінің ниеттерінің тізбегі болып табылады. Оларды нақтылау, жаңа материалды түсіндіру, жұмыс нәтижелерін бағалау, осы дискурстың негізгі қатысушылары – оқытушылар мен студенттердің іс-әрекетін бақылау, өзара әрекеттесу және ұйымдастыру ретінде сипаттауға болады.

Педагогикалық дискурстың коммуникативті стратегияларының айтарлықтай маңызды репертуарында мыналарды бөліп көрсетуге болады:

1) Түсіндіру. Түсіндіру стратегиясының мақсаты – жаңа ақпаратты немесе объективті шындықты іздеу емес, жинақталған білімді беру. Бұл стратегия педагогикалық дискурсты ғылыми дискурсқа жақындатады. Студенттің көзқарасы бойынша педагогикалық дискурстың мақсаттары ғылыми коммуникацияның мақсаттарына жақын, бірақ педагогикалық дискурстың ғылыми коммуникациядан айырмашылығы - мұнда ақпараттың ғылыми нақтылығына қарағанда, адресаттың білім деңгейіне сәйкестігі маңызды екендігінде. Бұл сөзімізге мысал ретінде Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романынан алынған төмендегі мәнмәтінді көрсете аламыз:

«Сібір» дегенді естігенде Тұрар елең ете қалды. Әдеттегі сабыры кетіп, орнынан қозғалақтай берді.

— Мынау Байкал көлі. Мына аймақ — Қиыр Шығыс. Мына жатқан бөлшек — Сахалин аралы.

— Иван Владимирович! — деп Тұрар орнынан қолын көтере түрегелді.

— Иә, Қырғызбаев. Не айтпақсың?

— Иван Владимирович, айтыңызшы. Сахалинге дейін неше шақырым?

Мұғалім тосылып қалды. Сәлден соң:

— Шамамен, бес-алты мың шығар. Айтпақшы, өлшеп көруге болады. Әлгі линейка қайда?

Өз үстелінің тұсында ілулі тұрған отыз сантиметрлік линейканы алып тұрып, картаның астындағы жазуға қарады.

— Кәне, өлшеп көрейік. Мерке мұнда делік. Так. Алпыс бес сантиметріміз болады жеті мың бес жүз шақырым. Оһо, көрдің бе біздің империямыз қандай байтақ.

— Иван Владимирович, — деді Тұрар тағы да қолын көтеріп. — Жаяу адам Сахалинге қанша күнде жетер еді?

Мұғалім Тұрарға тағы да үнсіз қарап, біраз ойланып тұрды. Содан соң:

— Несі бар, есептеп көрейік, — деді. — Шамамен, кісі күніне елу шақырым ала алар. Елу де елу — жүз. Бұл екі күн. Так, так... Шамамен, жүз елу — жүз алпыс күн керек, бауырым. Ал арада ит мұрны өтпес тайға жатқанын, өткел бермес өзендер, теңіз барын есептесек, бұдан да көбірек күндер керек шығар. Немене, Қырғызбаев, саяхат жасайын деп пе едің?

— Жоқ, әшейін, — деді бала біртүрлі мұңайып. Әлдеқандай үміті ақталмағандай, әлдекім алдап кеткендей, нәресте жүзін мұң шалып өткендей болды [2].

2) Бағалау. Бұл педагогикалық дискурс стратегиясы бағалау стереотиптерімен сипатталады. Бағалау стратегиясының негізгі ерекшелігі – бағалау шкаласының болуы. Бұл шкаладағы жолақтар білім деңгейін мүмкіндігінше дұрыс анықтау үшін бұрыннан анықталған принциптерге сәйкес орналастырылған. Бұл стратегия мұғалімнің қоғам өкілі ретіндегі маңыздылығын білдіреді, ол оның оқушының жетістіктерін бағалау өкілеттігімен анықталады.

Анфиса Михайловна тақтаға шақырып сұрай бастады. Әуелі Балабекова деп, Жанарды атады. Жанар сабаққа дайындалмай келуші ме еді.

Буря мглою небо кроет,

Вихри снежные крутя, —

деп бастады да, сыдыртып, тоқталмай айтып шықты.

— Жарайсың, Балабекова, отыр [3].

«Менің атым – Қожа» романынан келтірілген бұл мәнмәтіннен оқытушының оқушы жетістігін «Жарайсың!» мадақтау сөзі арқылы бағалап тұрғанын көреміз. Ал «Қызыл жебе» романынан алынған төмендегі мәнмәтінде адресант адресат жетістігін «бестік» бағалау шкаласы арқылы бағалайды. Осы берілген мәнмәтіндер арқылы педагогикалық дискурстың бағалау стратегиясы бағалау стереотиптерімен сипатталатынын анық айта аламыз:

— Кәне, Айбаров, тақтаға енді сен шыға ғой. Атың кім, сенің?

— Атамырза.

— Ал кәне, Атамырза. Қырғызбаевтың қалай жазғанын көрдің ғой. Тамаша. Оған мен «бес» деген баға қойдым. Мә, қолыңа шүберек ал. Қырғызбаевтың жазғанын өшір [2].

3) Бақылау. Бақылау стратегиясын «кері байланыс» ретінде анықтауға болады. Ол оқушының жаңа білімді игеруге дайындығын тексеруде көрінеді. Мұғалім материалды оқушының қаншалықты меңгергенін бақылайды. Кері байланыс - адресатпен байланыста болуды білдіреді. Кері байланыстың арқасында мұғалім оқушымен бірлескен іс-әрекетті жобалайды.

— «Қайталау — білімнің анасы», — деген бар. Әрі десе мектепте сабақ жүйелі түрде жүреді. Кәне, тақтаға шықшы.

Тұрар тақтаға шыққанда бүкіл сынып тына қалды. «Не болар екен?» — деген сұрақ бәрінің көзінде жазулы тұрған сияқты. Тақта алдында тұрған баланың тұрқына, тұла бойына қарағанда басы үлкендеу сияқты. Шекелігі шығыңқы. Көзінің алақ-жұлағы жоқ, бек сабырлы. Оның бет-әлпетінде сәбиге тән мүше тек ерні ғана еді. Қалындау келген үлбіреген еріннен нәрестелік табы кетпеген.

— Бор ал, — деді мұғалім. — Жаз. Жоғарыдағы әріптерді қайталап жаз.

Бала оң қолын көтеріп, «А» деген әріпті әдемілеп, мұғалімдікінен айнытпай сызып шықты [2].

Мәнмәтіннен көріп тұрғанымыздай, оқытушы оқушы әрекетіне бақылау стратегиясын жүргізу арқылы оның жаңа білімді игеруге дайындығын тексеруден өткізуде. Сонымен қатар, бақылау стратегиясында адресант адресаттың материалды қаншалықты меңгергенін бақылауда ұстайды. Оқушымен кері байланыс жасайды:

Класс алдағы мемлекеттік емтиханға дайындалып жатқан кез еді. Тарих пәнінің мұғалімі шәкірттерін тағы бір пысықтап, дайындықтарын байқап тұрған.

Сонымен, ұлы француз революциясының көсемдері кімдер? — деп сұрады бетін әжім басқан, бурыл шашын желкесіне түйген, қап-қара көздерін әлдебір мұң кіреукелеген кішкентай әйел Элеонора Давидовна. — Кәне, кім айтады?

Екі-үш бала қол көтерді.

— Аз, аз, — деді мұғалім класты күстаналап. — Ал Рысқұлов, кәне, сен айта қойшы.

Ескендір Рысқұлов партаның қақпағын қайырып, орнынан түрегеліп, құдды әкесінің шашындай қайратты, қалың қара шашын қолымен қайырып қойып, жауап берді:

— Ұлы француз революциясының көсемдері: Марат, Дантон, Робеспьер.

— Дұрыс, — деді мұғалім.

— Тағы не айтасың, Ескендір? — деді, Элеонора Давидовна шәкіртінің соңғы сөзін тыңдап тұрғандай қайғылы үнмен.

— Тағы айтарым: бұл үш көсем бірін-бірі жалмап қойды, — деді Ескендір Рысқұлов. — Дантон мен Робеспьер Маратты құлатты. Келесі кезекте Робеспьер Дантонды өлтірді. Ақыр соңында Робеспьердің өз басы гильотинаға түсті. Бұлар осылай бірін-бірі жайратып жатқанда, кішкентай генерал Наполеон Бонапарт шыға келді.

— Жарайды, отыр, — деді мұғалім баланың жауабын асығыс тоқтатып. Неге сескенгені белгісіз [4].

4) Үлес қосу. Жарнамалық стратегияның мақсаты – адресаттың қателіктерін қолдау және түзету және оның әрі қарай өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасау. Жарнамалық және бақылау стратегияларының арасында көптеген ұқсастықтарды табуға болады, бірақ түбегейлі айырмашылық мынада: бақылау стратегиясы істің жағдайын объективті анықтауға бағытталған, ал жарнамалық стратегия тұлғаның қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

Қарт мұғалима Жақыпбекке ойлы көзімен біраз қарап отырды да, өз сөзін жаңа арнаға сала бастады.

— Сіздің талабыңыз орынды-ақ. Ал, мен кластағы қатеңізді ойласам да, таба алмай отырмын, Бәрі де заңды, орынды тәрізді. Әр жазушы сияқты, әр педагогтің де сабақ беруде өз стилі болады. Стилиңізден де пәлендей оғаш тұрған түрпілік көрмеймін... Менің шамалауымша, сіздің қатеңіз мынау ғой деймін... Ал, мұның өзі көбіміздің басымызда бар қателік. Біз балаға бала деп қараймыз да, артынан өзіміз соның зардабын тартамыз. Рас, бала — сөз жоқ, бала. Оның өз бойына тән жақсылы-жаманды қасиеті бар. Бұл даусыз. Бірақ, «мен үлкенмін, ақылдымын, сен кішісің — ақылсызсың» деген ұғыммен өзің тым биікке қойып, көпті көргендікке салыпшын, шәкірттерді өнермен алам, ақылғөй сөзіме еліктіріп, өз соңымнан ертемін деп үміттену алдамыш ой, ағат ниет екенін аңғара бермейміз. Сіз балалар салған жерден маған еріп кетпеді, шешіліп сөйлеспеді, бұл менің мұғалімдік өнерімнің аздығы деп өзіңізге кінә артасыз. Ал, мен: бұл өнерсіздігіңізден туған сәтсіздік емес, балалар жөніндегі теріс ұғымыңыздан туған қате дер едім... Егер сіз өзіңіз

айтқандай шебер мұғалім болсаңыз, балаларды келмей жатып соңыңыздан ертіп әкеткен болар едім деп ойлайсыз ба? Жоқ қателесесіз!..

Міне, міне, сіз маған үлкен ой салдыңыз. Айтқандарыңыз, ұсақ, елеусіз деген нәрселерден елеулі іс туатынына көзімді, көп жаңа ойларға мегзегенін көрмейсіз бе. Көп, көп, рақмет, — деп Жақыпбек қатты риза болғандығын білдірді [5,40-41].

5) Ұйымдастыру. Ұйымдастыру стратегиясы педагогикалық әңгімеге қатысушылардың бірлескен іс-әрекетінен тұрады. Бұл жерде оқу іс-әрекетін де, сыныптан тыс жұмысты да ұйымдастыру туралы айтуға болады.

Бұдан былай біреуді келемеждеп сөйлеудің қандай екенін білуі үшін, Жантасты мұрынға сырт еткізіп бірді шерттім де, жүгіре жөнелдім. Сол бойда екпіндеген қалпыммен мұғалімдер бөлмесіне алқынып кіріп бардым. Майқанова бірдеңе жазып, жалғыз отыр екен, маған басын көтеріп алып, таңырқаған кейіппен қарады:

— Не болды? Не болды, Қадыров?

— Лагерге жолдама беріңізші маған.

— Саған бұл жолы жолдама берілмейді. Екінші кезекте барасың.

— Неге?

— Неге болушы еді: барлық оқушыға бірден жетіспейді. Ал екіншіден, ең әуелі, біз лагерге үлгілі, тәртіпті оқушыларды жібереміз.

— Жантас немене... менен артық болғаны ма?

Майқанова екі бүйірінен біреу қысып қалғандай еңсесін кілт көтеріп алды:

— Сен немене? Мені тергегелі тұрсың ба?

Майқанованың көкшіл көзі шатынай бастады. Оның бір ашуланса, шапылдап, жуық арада толас бермейтінін білем.

— Бермесеніз, қойыңыз, — дедім де, жалт бұрылып, есікті бар күшіммен тарс жауып, жөнеле бердім. Осындай әділетсіздікке қаның қалай тана қайнамайды. Жантас біреуді біреуге атыстырып, от тастап жүретін қу, сабақ үстінде сыбырлап-сыпсындағыш, өзі тақтаға шыққанда көрінгенге құлақ түргіш Жантас үлгілі оқушы болғаны да, мен үлгісіз болғаным. Менің сабақ үлгеруім одан көш ілгері екені, екпінділігім ешқандай есеп емес [3,16-17].

Қорытындылай келе, педагогикалық дискурс жанрлары жоғарыда аталған стратегиялармен тікелей байланысты екенін айта кеткен жөн. Мысалы, педагогикалық дискурс жанрларының бірі – түсіндіру стратегиясының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатынының анықтамасы бола алады. Білім беру анықтамаларының ғылыми анықтамалардан айырмашылығы бар, өйткені оқу интерпретациясын түсіну үшін ақпараттың толықтығының белгісі (яғни, құбылыстың объективті сипаттамасы) сияқты ақпараттың жеткіліктілігінің белгісі де (яғни, оқушының бекітілген біліміне сүйену) маңызды рөл атқарады.

Педагогикалық дискурс үлкен аудиторияны қамтиды және жалпы қоғамның этникалық құндылықтарын және белгілі бір әлеуметтік топтың құндылықтарын көрсетеді. Педагогикалық дискурс институционалдық дискурс ретінде қарым-қатынастың барлық қатысушыларын, мақсатын, құндылықтарын, нормаларын, жанрларын және стратегияларын қамтиды,- деп қорытынды жасауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Карасик В. И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. — Волгоград: Перемена, 2002.—304 с.
2. Мұртаза Ш. «Қызыл жебе» II кітап <https://kitap.kz/book/qyzyl-zhebe-ii-kitap>
3. Соқпақбаев Б. «Менің атым – Қожа».- Алматы: Елорда,1999.- 468 б.
4. Мұртаза Ш. «Қызыл жебе» V кітап <https://kitap.kz/book/qyzyl-zhebe-v-kitap>
5. Иманжанов М. «Алғашқы айлар».- Алматы: Атамұра,2003.- 216 б.

БАЙТҰРСЫНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДА БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жусупова Г.А.,

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы, Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі, -Қызылорда қ., Қазақстан

Ахмет Байтұрсынов оқу-ағарту ісін өзінің азаматтық міндеті мен өмірінің мақсаты деп санаған. Білім-ғылымнан кенже қалған мал бағып марғау жатқан қазақ халқын сол қараңғылықтан алып шығуды күрес жолының мақсаты етіп қояды. «Ахмет Байтұрсынов-ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға», -деп Ә.Кекілбаев атап көрсеткендей, ғалымның артына қалдырған мұрасын расында да ешкіммен салыстыруға болмайды. «Жаңа жазу . Жаңа әліппе. Тұңғыш емле. Тұңғыш фонетика. Тұңғыш грамматика. Тұңғыш синтаксис. Тұңғыш терминалогия мен әдістеме. Тілашарлар. Тіл танытқыштар. Тіл жұмсалар». Ол ашқан «Қазақ» газеті мен қазақ мектептері, Қазақ мұғалімдер курсы, ол жасаған қазақ терминдері қоры, осылай санай берсек, ұлы ағартушының қазақ мәдениетіне, Қазақстан ғылымы мен оқу –ағарту ісіне қосқан іргелі үлесі үшін ұшан теңіз.

Ғалымның педагогикалық көзқарастарын ғылыми-педагогикалық тұрғыда зерттеу жұмыстары А.Қыдыршаевтың «А.Байтұрсыновтың әдістемелік мұралары» атта ғылыми-зерттеу жұмысында қарастырылған. Мұнда қазақ тілінің әдістемесіне ғалымның қосқан үлесінің, тіл білімін дамытуға орнының ерекше екендігі талданған. Сонымен қатар, Р.Б.Үсембаеваның «А.Байтұрсынов мұралары арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу» атта ғылыми-зерттеу еңбегінде ғалымның еңбектеріне ғылыми талдау жасалып және оны бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде пайдаланудың жолдары қарастырылған. Ал, А.Байтұрсыновтың педагогикалық-психологиялық мұраларының тәлімдік мүмкіндіктері Қ.Жарықбаев пен С.Қалиевтің «Қазақтың тәлім-тәрбиесі» және «Қазақтың педагогикалық ой-пікірлер Антологиясы» атты еңбектерінде жақсы ашылып көрсетілген. Дегенмен, А.Байтұрсыновтың педагогикалық мұрасы, оның ішінде жалпы орта білім беретін мектептерге білім мен тәрбие беру, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мәселелері әлі де болса жан-жақты ғылыми – педагогикалық тұрғыда зерттелген жоқ деп айта алмаймыз. Ал, ол кеңінен зерттелуі және қазақ педагогикасы тарихынан заңды орын алуы тиіс.

А.Байтұрсыновтың педагогикалық-ағартушылық ғылыми еңбектерін зерттеп педагогикалық колледждер мен жалпы орта білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланудың ғылыми-әдістемелік кешенін жасау, оны теориялық және практикалық тұрғыда негіздеп, жан-жақты дамыған шығармашыл тұлға қалыптастырудың маңызы мен мәні аса зор. Егер, А.Байтұрсыновтың педагогикалық мұраларындағы құндылықтарды іріктеп, тәлімдік мүмкіндіктерін айқындай отырып жасалған әдістемелік ұсыныстар іске асса, онда рухани құндылықтарды бағалай білетін, ұлттық және патриоттық санасы жоғары жеке тұлға қалыптастыруға игі ықпал еткен болар едік. Ал, А.Байтұрсыновтың «Тіл жұмсар» атты әдістемелік еңбегінде: «Бала білімді тәжірибейе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі — оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімінің ұзақ жолын қысқарту үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай өту үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белілеген мақсатқа қарай түзеп отыру үшін керек», - дейді.

Колледжде жалпы білім қазақ тілі бағдарламасына сәйкес 1-курстар үшін қазақ тілі пәнінен:

1. Орфография. Тіл және алаш идеясы

2. Алаш идеясы, қозғалысы, ұраны. Жаңа атаулар, ықшамдалған және төлтума сөздер емлесі

3. Алаш арыстары тіл туралы, тілдің адам өміріндегі орны. Кірме сөздер емлесі. Ахмет Байтұрсынұлы кім? Бұдан сөздер емлесі тақырыптары берілген. Сабақ уақытының ұзақтығы мен колледжде білім беру ерекшеліктерін ескере отырып, білім беруде Блум таксономиясы арқылы ұйымдастырылады.

Ахмет Байтұрсыновқа арналған тақырыптарға чек парағы жасалып, өлеңдердің тақырыптық-идеялық мазмұны, тәрбиелік мазмұны қоса талқыланып отырады. Төменде жалпы білім қазақ тілі пәнінен А.Байтұрсыновқа арналған чек парағының нұсқасын ұсынып отырмын.

Жинақтау кезеңі

Quizizz бағдарламасы арқылы тест тапсырмаларын орындау

<https://quizizz.com/join/quiz/637926c7e3b3fc001d4a1393/start?studentShare=true>

Бағалау кезеңі

Жеке жұмыс

А.Байтұрсынұлы туралы дәйектер келтіріп, дәлелді ессе жазыңыздар

<https://learningapps.org/display?v=p8t17zc2c22>

Ахметтің педагогикалық мұраларын

Қолдану кезеңі

Жұптық жұмыс

Оқулықпен жұмыс

Есте сақта!

Бұдан сөздер емлесі

Тізімнің лексикалық жүйесінде бұдан сөздердің саны соңғы жылдары күрт көбейді. Олар негізінен, бірге жазылады: агрооперксін, аудиокітап, автошеру, бейнетаспа, бейнефильм, биоотын, бортсерік, еслобайсе, еслошабандоз, дендробак, зоодүкен, геосаясаткер, геофизик, геологология т.б.

Тапсырма.

«Есте сақта» айдарында берілген мысалдардың мағынасын түсіндірме сөздік немесе терминдер сөздігінен табыңдар.

<https://learningapps.org/display?v=ps8wj0wc22>

Талдау кезеңі

Берілген сілтеме бойынша Learning app бағдарламасы арқылы топ бойынша тапсырмалар орындаймыз.

1-топ

2-топ

Топтық жұмыс

<https://learningapps.org/display?v=p8t17zc2c22>

<https://learningapps.org/display?v=ps8wj0wc22>

зерттеген сайын ешкімге ұқсамайтын дара тұлға екенін көреміз. «Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы — кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі оқу үйрететін орындар сайлы болу керек екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі — білім жарысы», - дейді. Мұнда автордың мақсаты дұрыс оқулық шығару, оқу-ағарту ісіне халықты қатыстыру, кәсіби шебер мамандарды саралау. «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек» атты мақаласында үкіметтің қазақ арасындағы оқу жұмыстарын ұйымдастыруы мардымсыз, себебі қаржыландыру жағы жеткіліксіз, оқу қазақтың өзі үшін керек. Сондықтан, ел болып жұмыла кірісу керек» — дейді. Ахаңның артында қалдырған мұрасы бұлақтың көзі тәрізді. Сондықтан ұлттың рухани ұстазының ұлы мұрасын ұлықтап, ұрпақ тәрбиесіне тиімді ұсына берейік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынұлы А. Әліб-би” (Жаңа Құрал).- Қызылорда: ҚазМемБас, 1926.-376.
2. Ыбыраймов К. А.Байтұрсынұлының Оқу құралы. Қазақша Әлифба. еңбегіндегі фонологиялық және әдістемелік мәселелер// Ахметтану тағылымдары.- Алматы: Ғылым, 1998.- 178б.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Кенже Г.

«Бастауышта оқыту педагогикасы және әдістемесі» 4-курс студенті
Ақтау қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: *Нұрова Қ.С., Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және
инжиниринг университеті, -Ақтау қ., Қазақстан*

Қазақстан қоғамында болып жатқан әлеуметтік – экономикалық, саяси өзгерістер, күннен - күнге үдеп келе жатқан интеграциялық үрдістер, еңбек нарығындағы бәсекелестіктің артуы жоғары оқу орнын бітіретін мамандарға қойылатын талаптарды күшейтуде. Сондықтан да жоғары оқу орындарында уақыт талабына сай білім мен ғылымды игерген, сауатты да салауатты, шығармашыл, кәсіби құзыретті, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдана алатын мамандар дайындау қажеттілігі артауда.

Осыған орай, ЖОО оқу-тәрбие процесінде АКТ-ды қолдану қарқынды жүруде. Осыған байланысты білім беру жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендірудің объективті және субъективті жағдайлары бар екенін көреміз. Объективті себептер қатарына білімге қойылып отырған жоғары талаптар, жаңа технологияларды қолданудың өзектілігі, жалпы білім жүйесінің модернизациялануы жатады. Ал, субъективті себепке қазіргі білім алушылардың да, оқытушылардың да өзгешелігі жатады. Олар – прагматистер, яғни, тез нәтижеге жетуді мақсат етеді.

Педагогикалық ғылымда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында В.П. Тихомиров, М.П. Лапчик т.б. ғалымдар қарастырса, отандық ғалымдардан Е.БІ. Бидайбеков Ж.А. Қараев электронды-педагогикалық оқулықтар мен жүйелерді жасауда Г.К. Нұрғалиева, С.С. Құнанбаева т.б. ғалымдарымыз зерттесе, оқу процесіне жаңа ақпараттық технологияларды комплекстеуді интеграциялау арқылы енгізу мәселесімен Д.М. Джусубалиева, Б.Б.Баймұханов т.б. ғалымдар зерделеп өзіндік тұжырымдама жасады[2,3, 4,5]. Жалпы «Ақпараттық технология» термині ғылымда ХХ ғ.-дың 40-50 жылдары пайда болып, Америкада ХХ ғ.-дың басында дидактиктер «оқуға арналған медиа» (instructional media), «оқыту машиналары» (teaching machines), «оқытуды автоматты түрде басқару» (programmed instruction) сияқты ұғымдармен байланыстырылған.

Ақпараттық технология ақпараттық мәдениеттен тығыз байланысты. Ақпараттық мәдениет – кез келген ақпарат көзін – анықтамаларды, сөздіктерді, энциклопедияларды, теледидар бағдарламаларын, т.с.с. дұрыс пайдалана білу, ақпараттық мәдениет – әңгімелесе білу, теледидар, хабарды (ғаламторды) талғамды түрде қарау, алынған мәліметті ой елегінен өткізіп, талдай білу және өзгелердің еркіндігіне әсер ететін жағдайларда өз еркіндігіңді шектей білу деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық – коммуникациялық технология - электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, ғаламторда жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық технологиялар – ақпаратты пайдалану үрдісін жеңілдетуге арналған әдістер мен бағдарламалық-техникалық құралдар жиынтығы, ақпаратты алу, түрлендіру, жіберу, сақтау және пайдалану әдістері мен құралдары. Сондай-ақ, ақпараттық технологиялар деп микропроцессорлық және есептеуіш техниканың, сондай-ақ, ақпаратты жинау, жасау, қорға жинақтау, сақтау, талдау және жіберу жұмыстарын қамтамасыз ететін ақпарат алмасудың заманауи құралдары мен жүйелері негізінде қызмет ететін бағдарламалық-құрылғылық құралдар мен қондырғыларды айтамыз. Бұл ретте осы мәселемен айналысқан шетелдік ғалымдардың зерттеу жұмыстарын талданды. Білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа

ақпараттық технологиясын Е.И.Машбиц, И.В.Роберт, Б.С.Гершунский, Н.В.Чекалева оқу үдерісінде пайдалану мәселелеріне т.б. өз еңбектерін арнаған [7,8].

Ақпараттық технологияларды қолдану кезінде: студенттер компьютермен қатысқан сабақтарға көбірек қызығып, олармен жұмыс істегенде өздерін ыңғайлы сезінеді;- студенттер арасындағы, студенттер мен компьютер арасындағы қатынастың сипаты өзгереді;

-топтың ауызбірлігі артып, өзін-өзі және басқаларды сыйлаумен қатар, сыншыл көзқарас, өзінің және басқалардың мүмкіндіктерін, сондай-ақ компьютердің де мүмкіндіктерін дұрыс бағалай алу қабілеті артады;- компьютерлік желіде (мысалы, ғаламторда) жұмыс істегенде, аса маңызды әлеуметтік дағдылар қалыптасады: әдептілік, жауапкершілік, басқа адамдардың ұстанымын ескере отырып, өз мінез-құлқына ие болу – қарым-қатынастың гуманистік түрткілері және т.б.Мультимедиа технологияларының сан алуан түрлерін кешенді түрде қолдану, жетекші-педагогтан бастап қарапайым студентке дейін, барлық қолданушылардың өзара қарым-қатынасының дамуына ықпал етеді, ол студентке өзін-өзі таныстыруға бар күш-жігерін салып, өз қабілетін жандандыруға мүмкіндік береді, ол оқытушының қолдау көрсетуі арқылы өз мүмкіндіктерін, өз адамгершілігі мен құндылығын танып, өзін-өзі өзгертеді.

Ақпараттық технологияларды олардың қызметі бойынша жіктеуге болады. А.В. Дворецкая ақпараттық технологиялардың мынадай түрлерін бөліп қарастырады: тұсаукесер, жаттықтыратын ойындар мен дамытатын бағдарламалар, дидактикалық материалдар, бағдарламалар-жаттықтыру құрылғысы, виртуалды тәжірибе жүйелері, электронды оқулықтар, электронды энциклопедиялар[9].

АТК-ның көмегімен пайдаланушыға ақпаратты жеткізіп қана қоймай, оны алуға да болады. Ақпараттық технологиялар кез келген жерде және кез келген уақытта оқытуға мүмкіндік береді, бұл оларды білім беру өрісіндегі оқу материалдарын оқытудың аса қуатты құралына айналдырады. АКТ-ның өзіне тән ерекшеліктері ЖОО-да білім беру мақсаттарын жүзеге асырудағы оның орнын бағалауға мүмкіндік береді. Біріншіден, АКТ материалды оқып- білудің мазмұны мен әдістемесін толықтырады, ол студенттің сезімдік тәжірибесін байытып, жүйлендіру мүмкіндігін арттырады. Әсіресе, шынайы оқу жағдайында материалды қабылдау мүмкін емес немесе қиындық тудыратын кездерде.

Екіншіден, АКТ оқуда қиындықтарға кезігетін студенттерді де, озат студенттерді де жеке-дара оқыту үрдісі үшін жағдай жасайды.

Үшіншіден, баспа оқулықтарына қарағанда көрнекілік деңгейі айтарлықтай жоғары. Өйткені жоғары деңгейдегі бұл көрнекілік анимация, дыбыс, видеоүзінділер көмегімен орындалады.

Бұған қоса, АКТ арқасында мұғалімнің жағымды зияткерлік оқыту ортасын жасауға мүмкіндігі пайда болады, бұл үлгерімі жақсы студенттер үшін аса қажет.

АКТ бірнеше дидактикалық қызметті атқарады: білім беру; дамытушылық; тәрбиелік.

АКТ- мен жұмыс істеу барысында студент материалды толық меңгереді, теориялық және эмпирикалық ойлауы біркелкі дамиды, білім- білік дағдысы, қызығушылығы, танымдық белсенділігі артады, ал оқытушы студенттердің зейінін өзіне тарту жетістігіне ие болады. Оларды ойландыра, толғандыра отырып, зейінін оқу үрдісіне тарту әрекеттері оқытушының тиімді құралы болып табылады. Білімді игеру дегеніміз – оны ұғу, есте сақтау, қолдана білу. Білімді игеру – алғашқы оқу материалын меңгеретін, білімді бекітетін, бақылау және оқу жұмыстарының нәтижесін бағалайтын, сондай- ақ, дидактикалық міндеттерді шешетін күрделі жүйе. Жүйелей келе, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, біріншіден, білім сапасының артуына, екіншіден, оқытушы мен студенттің үздіксіз ізденіс арқылы дамуына ықпалы зор екендігімен түйіндеймін.

АКТ-ның мүмкіндіктерін қолданудың студентке берер мынандай тиімділіктері аңғарылды:

- түрлі ақпараттық, бейнелік, дыбыстық анықтамалар арқылы білімін жан- жақты жетілдіреді, дамытады;
- өз бетінше сарамандық тапсырмаларды орындайды;
- тақырыптан қалып кеткен немесе дұрыс түсінбеген тақырыпты қосымша қайталауға мүмкіндік беріледі;
- пәнге қызығушылығы, үздіксіз ізденісі артады;
- ойлау, есте сақтау, пікірсайыстық қабілеті дамиды;
- өз ойын сызба, сурет, кескіндеме, кесте, графиктік модельдер түрінде жеткізеді;
- түрлі бейнелік, сілтемелік, нұсқаулық тапсырмаларды орындайды;
- түрлі деңгейдегі тест тапсырмаларын орындап, өзінің алған білімін тексереді.

Студенттер ғаламтор желісімен түрлі олимпиадаларға, жарыстарға қатыса алады. Сонымен қатар, тест жұмыстарымен түрлі ойындар арқылы өтетін қызықты жаттығулар жасауға мүмкіндіктері болады.

Соңғы он жылдықта адамзаттың жеткен жетістіктерінің бірі, оқыту үрдісіне елеулі әсерін тигізген халықаралық желі – ғаламтор. Ғаламторды оқу мақсатында қолдану әдістемесінің жаңа бағыты болып саналады. Қазіргі таңда білімді дамыту – студенттің ақпараттық потенттік деңгейін дамыту деген сөз. Әлемдік ақпараттық қоғамға ену үшін студент ақпараттық мәдениетті, компьютерлік экранды білу қажет, яғни ғаламтормен тығыз байланыста болу керек.

Ғаламтор – әлемде болып жатқан соңғы жаңалықтар жайлы мәлімет алудың тез және ең оңай жолы. Ғаламтордың көмегімен аудиторияны жаңалықтар өзегімен қамтамасыз етіп, студенттерді тәжірибелі журналистерге айналдыруға болады. Қазіргі таңда көптеген газеттердің жеке WEB парақшалары бар. Сонымен қатар, WEB газеттер түрлі бөлімдерге бөлінеді: жаңалықтар (мәдениет және өнер, сауда, экономика, т.б.), спорт, жарнама, ауа райы жаңалықтары[9]. Студенттерді екі - екіден немесе үш - үштен бөліп, мақаланы зерттеуге тапсырма беруге болады. Бұл әдіс бүкіл аудиторияның қызығушылығын арттырып, сабаққа белсенді түрде қатысып отыруына үлкен ықпалын тигізеді. Дарынды студенттер күрделі мақаламен жұмыс жасай алады, ал үлгерімі төмен студенттер ауа райымен, мәдениетпен байланысты мақаламен жұмыс жасауға болады.

Студенттер белгілі бір оқиғаға байланысты өзінің жеке тұжырымдамаларын жасауға болады. Мақалаларды зерттеудегі мәдениаралық біліктілікті дамыту арқылы студенттер мәселені терең меңгереді, өз ойын жеткізе алады және сараптама жасап үйренеді. Жұмыс жасалғаннан кейін, әрбір студент жұмысын талқылау мақсатында дөңгелек үстел немесе телеконференция өткізу қажет. Студенттер өздеріне қажетті ақпаратты табуды, оны оқып, ішінен ең маңыздысын табуды және өз қажеттілігіне жұмсауды үйренуі шарт. Және студенттердің бойында өзіндік білім алуды, бүгінгі күн талабына сай ізденуді, ақпараттық ағымда жол табу және өзін - өзі дамытуды әрі қарай жетілдіру қажет.

Қорыта айтқанда, білім беру процесінде АКТ –ны жаңа заман талабына сай түрлерінен саналатын мультимедиалық энциклопедия, қашықтықтан оқыту, электрондық оқулықтар мен түрлі дыбыстық таспа материалдары бүгінгі таңда студенттердің қай пәнді болмасын тез әрі терең, шығармашылықпен игеруіне мейлінше қолайлы жағдай тудырып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Лапчик М.П. Методика преподавания информатики Академия. - 2009. - с.294
3. Бидайбеков Е.Б. Развитие методической системы обучения информатике специалистов совмещенных с информатикой профилей в университетах Республики Казахстан: автореф. ... докт.пед.наук:13.00.02. – М., 1998. – с.34
4. Машбиц Е.И. Психолого-педагогические проблемы компьютеризации обучения. - М.: Педагогика, 1998. - с.192

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ПӘНІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Кумисбаева М.Б., Мирзакониров Б.К.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы, -Қызылорда қ., Қазақстан

XXI ғасыр жоғары ақпараттық технологияның дамыған ғасыры. Бұл білім беруді жаңғыртудың жаңа шарттарын талап етеді. Сондықтан да колледжде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану объективті және табиғи процесс болып табылады.

Білім беру кеңістігінде болып жатқан интеграциялық үрдістер педагогикалық процестің түбегейлі өзгеруіне ықпал етті. Бұл өзгерістер білім беру мазмұнын, оқытудың технологияларын қолданудың жаңа жүйесін құрды.

Оқу процесінде АКТ-ны қолдану – оқу мотивациясын арттырудың бір тәсілі. АКТ оқушының ғана емес, мұғалімнің де шығармашылық тұлғасын дамытуға ықпал етеді, адамның негізгі қажеттіліктерін, яғни қарым-қатынас, білім беру, өзін-өзі жүзеге асыруға көмектеседі.

Ғ.К. Нұрғалиеваның пікірі бойынша, «Педагогикалық технология мұғалім аз күш жұмсап, ең жақсы нәтижелерге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталады».

Қазақстандық ғалым С.М.Кеңесбеков «Білім беруді ақпараттандыру білім беру саласының теориясы мен практикасына ақпараттық -коммуникациялық технологияны жан-жақты пайдалану және оқыту мен тәрбиеде оның психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктерін қолдану үрдісі» -деп айтқан болатын.

Ақпараттық технологияларды дене тәрбиесі пәнінде қолдану оқушылардың төмендегі мүмкіндіктерін ашады:

- Коммуникациялық қабілеттерін дамыту;
- Ақпарат көздерімен жұмыс жасау;
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Оқу үдерісіне белсене қатысу;
- Оқу мотивациясын арттыру;
- Ақпараттық қоғам жетістіктеріне жақындау.

Әлемдік білім беру саласында соңғы жылдары ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану аясы кеңейді. Білім алу мүмкіндіктері артты: қашықтан білім алу, виртуальды кеңістіктегі әртүрлі тренингтер, онлайн-курстар, электрондық оқулықтар, бейнедәрістер, мобильді оқу, электрондық және цифрлық білім алу ресурстары, оқытудың әртүрлі платформалары т.б.

Дене тәрбиесі колледж бағдарламасында маңызды іргелі пән болып табылады. Пәннің мақсаты оқушының денсаулығын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды үйретеді. Дене тәрбиесі тек колледждегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы маңызды пәндердің бірі болып табылады. Мұғалім дене тәрбиесі пәнінде ақпараттық технологияларды қолдана отырып, оқушылардың шығармашылығын дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отансүйгіштікке дайындауға қызмет етеді. Колледж бағдарламасында дене тәрбиесі негізгі үш бағытқа бөлінеді. Атап айтсақ, жалпы дене дайындығы, кәсіптік-қолданбалы дайындық,

спорттық дайындық. Дене тәрбиесі пәнінде жаңа технологияларды пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді, спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады. Сондықтан да мұғалім жаңа инновациялық технологияларды тиімді қолдануы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты, спортқа бейім оқушылармен белсене жұмыс жасауды, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдайлар туғызуды, еңбектенуді үйретеді.

Дене тәрбиесі пәнінде ақпараттық технологияларды қолдану арқылы студенттердің әртүрлі дағдыларын дамытуға болады. Себебі, дене тәрбиесі интеграциялық пән ретінде, салауатты өмір салтын қалыптастыру, валеология, анатомия, медицина сияқты пәндердің негізін үйретеді. Дене шынықтыру сабағында қимыл-қозғалысты ғана дамытып қоймай, «Кластер», «Ми шабуылы» сияқты белсенді әдістерді сабақ үрдісінде қолдану арқылы оқушылардың логикалық ойлау дағдысын дамытады. Сонымен қатар әртүрлі тақырыпқа арнап, оқушыларға жоба жазуға болады. Мысалы, «Студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыру», «Дене шынықтыру сабағында ұлттық ойындарды қолдану», «Дені сау қоғам құру» т.б.

Дене тәрбиесі сабағында жиі қолданылатын технологиялардың бірі - ойын технологиясы. Студенттердің ептілік дағдысын қалыптастыру барысында ұлттық ойындарды қолданудың маңызы зор. Ұлттық ойындар негізінде студенттердің этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастыруға болады. Ұлттық ойындар арқылы жарыс ұйымдастыру білім алушылардың шапшаңдығын, бәсекелестігін дамытуға көмектеседі. Бала ойын арқылы ойлап, ойын арқылы қиялдайды. Көңіл аударарлық ойынның бір түрі – асық ойыны. Бұл ойынды тек асығы бар студенттер ғана ойнайды. Асық ойнаушылардың саны 4-8 балаға дейін жетеді. Бұл ойынның түпкі мақсаты – асық ұтып алу. Асық ойынының түрлері өте көп. Олар – алшы, омпы, хан, құмар, көтеріспек.

Асық ойыны өте қарапайым болып көрінгенмен, ол баланы жастайынан салауатты өмір салтына жетелейді. Адамның ойлау жүйелерінің жетілуінен бастап, бұлшық еттерінің жетілуіне, тыныс алу мүшелерінің реттелуіне, өз дене мүшелерін меңгеруге, соның нәтижесінде қырағылық пен мергендікке баулиды. Асық ойынын мектептегі дене тәрбиесі сабағында үйретіп алып, сыныптар арасында жарыс түрінде өткізуге болады. Қазақтың ұлттық ойындарының көпшілігі ойлауды қажет ететін ойындарға жатады. Олар негізінен логикалық ойлау мен математикалық, философиялық ойлануды дамытуға негізделген. Мысалы, тоғыз құмалақ ойыны.

Қорыта айтқанда, дене тәрбиесі сабағында студенттердің салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру әртүрлі ақпараттық технологиялардың негізінде жүзеге асады. Соның бірі - онлайн сабақтары. Қашықтан оқыту технологиясы негізінде дене тәрбиесі пәнінен әртүрлі жазба жұмыстарын платформаға орналастыруға болады. Жазба жұмыстарына реферат, баяндама, эссе, жоба, мақала т.б жатады. Болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін дайындауда да ақпараттық технологияның маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абилова Л.К. Оқу үдерісінде АКТ-ны қолдану арқылы білім мазмұнын жетілдіру // www.zkoipk.kz/kz/2016smart5/2445-conf.html
2. Глушков В.М. Компьютеризация в сфере образования: проблемы и перспективы. – М., 1987.
3. Нургалиева Г.К. Ценностное ориентирование личности в условиях информатизации образования. – Алматы, 2004.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР - БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ.

Башарова Г.Е.

*М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледж оқытушысы,
Қызылорда қ., Қазақстан*

Қазіргі кезеңде білім алушылардың білім, білік, дағдыларды игерудің күрделі процесі мұғалімге жоғары талаптар қойып отыр. Өйткені "құзыретті мұғалім – ынталы оқушы" болып ынтымақтастықта жұмыс жасағанда ғана жақсы нәтиже алуға болады.

Әр мұғалім өз алдына оқудың оң әсерін қамтамасыз ету және оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатын қояды. Осы мақсатқа жету үшін тиімді әдістер мен инновациялық технологияларды қолдану қажет. Білім берудегі инновациялық үдеріс білім алушылардың зерттеу және жобалау қызметімен тығыз байланыста болады.

Тарихты оқытудағы инновациялық технологиялар

- жіктеу қабілетін;
- пайымдаулар, қорытындылар жасай білу;
- байқау білігі мен дағдыларын;
- қолда бар ақпаратпен жұмыс істеу білігі мен дағдыларын, оны табу және саралауды;

- эксперимент дағдыларын;

- танымдық қабілеттер мен қажеттіліктерін;

- шығармашылық дизайн және зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Инновациялық технологияларға жобалау қызметі жатады. Ол дәстүрлі жүйенің қалыптасқан әдістерін және оқытудың жаңа тәсілдерін тарих сабақтарында қолдануға болатын анықтамалық жазбалар жүйесін біріктіруге өте жақсы мүмкіндік береді. Бұл жүйе зерттелетін материалды түсіну және ой елегінен өткізу деңгейін арттырады, білімді жүйелеуге ықпал етеді. Сондай-ақ, тірек жазбаларды қолдану оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқаруды, өзіндік жұмыс, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамытуды қамтиды.

Тарихты оқытудағы инновациялық технологияларға ақпараттық-коммуникациялық технологиялар да жатады. Мұғалім презентациялар мен мультимедиялық сабақтарды қолдана алады. Бұл жағдайда оқушылар тірек конспектілерін дербес құрастырып, оларды презентация түрінде ұсына алады, бұл сонымен бірге жобалық қызметтің элементі болады.

Тарих сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану оқушыларға тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын, өнімді іс-әрекет қабілетін, психикалық дамудың жалпы деңгейін дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылар себеп-салдарлық және хронологиялық байланыстарды жақсы меңгереді. Сабақты ұйымдастырудың әртүрлі формалары мен әдістері оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, олардың тарихи санасын қалыптастырады. Мен өз жұмысымда инновациялық технологияларды түрлі бағыттарда пайдаланамын. Мысалы тарих сабақтарында жобалау әдісін пайдалану оқушылардың нақты өмірлік жағдаяттарда белсенді әрекет ету қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу тақырыптары оқушылардың түсінуіне ыңғайлы болуы керек. Зерттеу жұмысы барысында студент мәселені шешуге тырысады, гипотеза ұсынады, сұрақтар қояды, қорытынды жасайды. Жобалау оқушыға нақтылықты үйретеді, мақсатқа жету мен өздігінен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады. Ал, сабақтан тыс кезде, мысалы дөңгелек үстел, диспут, ғылыми –тәжірибелік конференция сияқты іс-шараларда жобалармен жұмыс жасау оқушылардың тақырыпты тереңірек меңгеруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, өз ойларын ашық айтуға, өз ойын сенімді түрде жеткізе білуге, көпшілік алдында сөйлей білуге үйренеді. Жобалау әдісі әр түрлі технологиялар элементтерімен, соның ішінде түрлі тапсырмаларды орындауға, оқушылардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретін кейс-технологиямен де жақсы үйлеседі.

Мысалы, Қазақстан тарихы сабағында кейс-технологияны пайдалану арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыра отырып, олардың өзара бірлесіп жұмыс жасауына, бірін-бірі тыңдап үйренуіне, түрлі ресурстармен жылдам жұмыс жасауына дағдыларын қалыптастыруға болады.

Кейс технологиямен оқыту барысында алдымен жеке жоспар құрылады, әрбір білім алушы кейс алады, онда қажетті әдебиеттер, мультимедиялық бейнефильм, жұмыс дәптері, тапсырмалар жинағы болады. Оған оқу материалына қатысты нұсқаулық, өзін-өзі тексеруге арналған бақылау сұрақтары, тесттер, шығармашылық және практикалық тапсырмалар жинақталады.

Оқыту үрдісіндегі КТ құрылымы:

1. Оқиға. Білім алушыларға белгілі бір оқиға беріледі.
 - Ол проблемалық болуы мүмкін;
 - Шешімнің альтернативті жағы болуы керек;
 - Кейс жан-жақты болады, онда таблица, диаграмма, символдар, суреттер, карталар, әдебиеттер, іскерлік ойындар т.б. беріледі.

2. Кейстегі ақпаратты іріктеу. (Оқушылардың өздігінен ақпарат іздеуі). Білім алушылар өздігінен ақпарат іздейді, оны талдайды, сараптайды. Бұл жерде оқу- ақпараттық құзыреттілік қалыптасады

3. Материалды толық игерген кезде оқушының көқарасы анықталады.

Берілген мәселені топта талқылау, оның шешімін қарастыру оқушылардың нәтижені салыстыруына, өз көзқарастарын ортаға салуына мүмкіндік береді. Бұл жерде әлеуметтік құзыреттілік қалыптасады.

Кейс-технологияны пайдалану арқылы мен төмендегі мақсаттарға жетуді көздеймін:

1. «Тарихи оқиғаға ену». Оқушылар сол кезеңдегі оқиғаға қатысушылардың көңіл күйін басынан өткізуі керек.

2. Оқушылардың кез-келген оқиғаның бірнеше шешімі бар екеніне көзін жеткізуі.

3. Оқушылардың коммуникативті құзыреттілігін дамыту.

Кейс-технология арқылы оқушылардың:

- Оқу-ақпараттық құзыреттілігін,
- Коммуникативті (әлеуметтік) құзыреттілігін қалыптастыруға болады.

Құзыреттіліктерді қалыптастырудағы кейс-технологияның ролі

Оқу-ақпараттық (зияткерлік) құзыреттілік	Әлеуметтік құзыреттілік
<ul style="list-style-type: none"> • Сараптау және сын тұрғысынан ойлау әдістерін игеру • Мәтінмен жұмыс істеуді үйрену • Авторлық өнім шығару • Шешім қабылдау, жаңа жағдайда әрекет ете алу, мәселені шешу тәжірибесінің қалыптасуы • Мәліметтер жинақтау әдістерін игеру 	<ul style="list-style-type: none"> • Өздігінен және топпен жұмыс істеу дағдысының дамуы • Коммуникативті дағдыларды игеру • Түсіндіре алу дағдысының қалыптасуы • Ұжымдық шешім қабылдау және белсенді әрекет ету арқылы интерактивті біліктерінің қалыптасуы

Мен өз сабақтарымда кейс-технологияның ситуациялық жағдаяттар, ситуациялық рольдік ойындар, жобалау, проблемалық-пікіралмасу, дискуссия әдістерін қолданамын.

Тақырыбы: Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары.

«Бумын мен Күлтегін заманында туған «Мәңгі ел» идеясы ешқашан өзінің жасампаз күшін жоймайды. Ол қазақ мемлекетінің іргетасын қалауға да септігін тигізді».

1. Осы пікірмен келісесіздер ме немесе қарсы пікір білдіресіздер ме?

2. Оқушылар екі топқа бөлінеді, жұмыстың өн бойында басқарып отыратын топтың көшбасшысын сайлайды.

3. Қазақ хандығының құрылуы - YouTube
 - Қазақ хандығының құрылуы жөнінде деректермен танысып, не себепті Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр хандығынан бөлініп кеткендігін анықтау;
 - Қазақ хандығының құрылуы жайлы деректерді салыстыру;
 - Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымының ерекшеліктерін табу.
4. Топпен жұмыс
 - Жошы ұлысы мен Қазақ хандығының мемлекеттік құрылысын салыстырыңдар. Қандай ұқсастығы мен айырмашылығы бар?
 - Берілген мәтінді пайдаланып, Қазақ хандығының мемлекетті басқару ерекшелігі жайлы кесте толтыру

Әрбір кезеңде топтар нәтижелерімен бөлісіп, оны талдайды, пікірталас жүргізеді.
5. Тарихи деректермен жұмыс.

Тарихи деректерді оқып, сұрақтарға жауап беру

Б.Аяған, Х.Әбжанов, М.Исин. «Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы» .

 - Әбілхайыр ханнан бөлініп келген халықты қабылдап, өз жеріне орналастырудағы Моғолстан ханы Есенбұғаның саясаты қандай болды?
 - Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы не?
6. Эссе жазу
 - «Қазақ хандығын құрудағы Керей мен Жәнібек хандардың ролі»

Қорытынды «Рефлексия»

 - Сабақтың басында берілген сұраққа жауап беру және қорытындысын айту.
 - Сабақтың қорытындысы шығарылады.
 - Қандай жаңа және маңызды деректермен таныстыңдар?

«Синквейн» әдісі:

 - 1 зат есім- тақырып
 - 2 сын есім – тақырыпты ашу
 - 3 етістік , мазмұнға сәйкес
 - Сөз, тақырыпты ашатын
 - 5 Зат есім, сабақтан алған әсерді білдіретін
7. Қосымша тапсырма ретінде «Қазақ елі: кеше және бүгін» тақырыбында жоба немесе презентация қорғауға беріледі.

Қорыта келе, Қазақстан тарихы сабағында кейс технологияны пайдалану арқылы оқушыларды жағдаятты талдауға, рольдік ойындар ойнауға, өз ойларын ортаға салып, пікірталасуға, іскерлік ойындар арқылы шешім қабылдауға үйрету арқылы олардың коммуникативті құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік зор екенін айта аламын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Апатова Н.В. Информационные технологии в школьном образовании.– М.: изд-во РАО, 1994 г.
2. Громов Г.Р. Очерки информационной технологии.– М., 1993г.
3. Эффективное образование, от компетентности учителя к компетенции ученика через аспекты современных инновационных технологий. Методическая разработка. С-Петербург, 2014г.
4. Информатизация общего среднего образования: Научно-методическое пособие / под ред. Д.Ш.Матроса.– М.: Педагогическое общество России, 2004г.
5. "Использование мультимедийных технологий на уроках истории и обществознания" [электронный ресурс]. -2019 г.
6. Быкова Е. А. «Использование икт на уроке. –М.: 2004г
7. Аяған Б., Х.Әбжанов., М.Исин – Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. Алматы, 2011ж.

ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСІ

Кулманова Ж.А.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің физика пәнінің оқытушысы, -Қызылорда қ., Қазақстан

Білім беру тек қана оқытумен ғана шектелмей, оны керісінше, әлеуметтік адаптация процесіне бейімдеу қажет.

Осыған орай оқушылардың алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даналықты білдіретін құзыреттерді қалыптастыруда жаратылыстану бағытындағы пәндер – басым бағыттардың бірі болып табылады. Ой-өрісі кең тұлғаны қалыптастыруда жаратылыстану пәндерінің орны ерекше.

Жаратылыстану ғылымдарының ішінде өзгелерінен гөрі тезірек дамып, күнделікті өмірде кеңінен қолданыс тапқаны – физика. Сондықтан да болар, бүгінгі жетекші рөл атқаратын ғылымдардың біріне айналып отыр. Физиканың ғылыми маңызынан бөлек, оның күнделікті тұрмыста жан-жақты орын ала бастаған салалары баршамызға мәлім. Сол себепті физика пәнінен алған білімін тұрмыста кездесетін жағдаяттардың шешімін табуға қолданса, бұл сол оқушының функционалдық сауаттылығы болып табылады.

Сабақ барысында мұғалім оқушыларға проблемалық сұрақ қойып, оның шешімін табуға шақырады. Проблемалық оқыту әдісі дамыта оқыту бағытына сәйкес, оқушылардың шығармашылық және өздігінен танып білу қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. Проблемалық оқыту сабақты ерекше ұйымдастыру негізінде іске асырылады. Мұғалім проблемалық жағдай жасап, оқушыларды ол проблеманың шешімін бірлесіп іздестіруге тарта алады. Ал оқушылар тапсырманы мұғаліммен бірге талдап, шешімін табады. Және бірге шешімнің дұрыс бұрыстығын тексереді. Осылайша субъект-объект-субъект ретінде кішігірім пікірталас болады. Тіпті пікірлер қарама-қайшы немесе сан алуан болған күннің өзінде, оқушылар дұрыс шешімге жету жолында терең ой қорытып, бірнеше жауаптарды салыстыра алады.

Сонымен қатар сабақ үдерісінде төмендегідей әдістерді қолдануға болады:

«Болжау» оқушыға өтілетін материалға байланысты әртүрлі болжамдар келтіре отырып, оларды өздігінен ізденуге үйрету. Мысалы, электромагниттік индукция құбылысын өтер алдында Эрстед тәжірибесін көрсетіп, электр тогының айналасында магнит өрісі болатынын дәлелдеп, енді керісінше магнит өрісін электр тогына айналдыруға бола ма? - деген болжам арқылы электромагниттік индукция құбылысын түсіндіруге болады.

«Анықталмағандық» оқушыларға тапсырма бергенде бірнеше шешімі болатын, шамаларды өздері табатындай тапсырмалар ұсыну. Мысалы, геометриялық оптикада жарықтың шағылу құбылысын өткен кезде «Суретті бір жағы ақшылданған әйнекпен жапсақ сурет көріне ме?» Оқушылар тәжірибе жасау кезінде оны өздері табады, әрі неге олай болатынын талдау арқылы жарықтың толық шағылу құбылысымен танысады.

«Пікір таластыру» оқушыларға қандай да бір идеяның дұрыс емес екенін дәлелдеуді үйрету. Мысалы, мәңгі қозғалтқыштардың ұсынылған жобаларының дұрыс емес екенін дәлелдеуді ұсыну

«Тұжырым жаса»

Берілген сандар, суреттер, кестелер, сызбалар, диаграммаларды талдап, тұжырым жасалады. Бұл ақпараттарды талдау дұрыс тұжырымға жету кезінде логикалық ойлануға, заңдылықтардың мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Оқу үдерісінде пайда болған проблемалық жағдай оқушылардың белсенділігін арттырады, білім алуға қызығушылығын тудырады.

Ұлы ғалым Эйнштейннің өзі оқыған гимназиясында үздік оқығандардың қатарында болмаған. Ол математика мен латын тілін жақсы білгенімен ұстаздарымен үнемі сөз таластыратын болған. Жас Эйнштейн ұстаздардың оқушыларға авторитарлық қарым-

қатынасына үнемі қарсы шығатын. Оның ойынша, материалды механикалық түрде жаттау – білім алу және шығармашылық ойлауға зиян тигізеді. Эйнштейн бала кезден –ақ осылай ойлаған екен.[7]

Атақты адамдарымыздың мысалында біз баланың ойлау еркіндігін шектемей, жан-жақты ойлауына, шығармашылық қасиетін дамуына мүмкіндік беруіміз қажет. Әрбір адам ерекше, ешкімге ұқсамайтын тұлға.

XXI ғасыр - қатаң бәсеке ғасыры. Бұл ғасыр – марғаулықты көтермейтін ғасыр. Демек, әлемдік бәсекелестіктің жылдам дамуына ілесе алатындай білімді де тапқыр, дара тұлғаның тағдыры біздің қолымызға аманат ретінде тапсырылып отырғаны анық. Бүгінгі мектептің басты міндеті - өзіндік ой- көзқарасын ашық айта алатын, өмірге бейім тұлға қалыптастыру болса, оған мұғалімнің шәкіртіне деген сүйіспеншілігі, оны тұлға ретінде бағалауы баланың адамдық қасиеттерінің дамуына басты кепіл болуды көздейді. Ойын еркін айтатын, сын тұрғысынан ойлануға бейім, интеллект қабілеті дамыған, қоғамдық өмірде өз орнын табатын жеке тұлғаны қалыптастыру мектеп мұғалімдері үшін үлкен жауапты іс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б.Акитай «Физиканы оқыту теориясы мен әдістемелік негіздері»
2. С.Серикбаева «Физиканы оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері»
3. З.Жанабаев, Н.Ильясов, «Физиканы оқыту теориясы мен әдістемесі»

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ТАЛДАУ ТҮРЛЕРІ

Асылбекқызы Р.

№43 Ж.Махамбетов атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, -Қызылорда қ., Қазақстан

Оқушыларға әдебиеттің құдіретін, мәңгілік жаңарып, жасарып отыратын үрдіс екенін айтып, түсіндіре отырып, сол әдебиетті қалыптастырушы ақын – жазушылар туралы, олардың көркем шығармалары жайында әңгімелеуіміз қажет. Қ.Бітібаева: «Мектептегі барлық пәндердің ішінен баланың жан-жүрегі, ой дүниесіне бойлай еніп, оның рухани өрісін болжай алатын бірден-бір пән әдебиет пәні сияқты. Әдебиет пәні нағыз достықтың, ынтымақтастықтың пәні» деп баға берген. Мектепте әдебиетті оқытуда алға қойған мақсат-оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын пайдалана отырып, оқушының қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту, адамгершілікке тәрбиелеу, өз пікірін қалыптастыру болып табылады. Қазақ әдебиеті сабағында оқушының білім –білік дағдыларын меңгертумен қатар, көбіне оқушыны шығармашылық жұмыстарға баулу, ойын еркін жеткізе білу, тіл байлығын дамытуға басты назар аудару керек. Сабақ барысында көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру», - деген болатын әдебиет зерттеуші – ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев. Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек. Бұл – онай үрдіс емес. Қабылдау – оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние. Қандай жақсы көркем шығарма болмасын оқушы қабылдау үшін әрекет жасамаса, автордың жан күйзелісін, шалқар шабытын бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алмаса бәрі бос сөз. Оқушыдағы осы сезімді ояту – мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты дүние. Мұғалім әдебиетті оқыту барысында тиімді әдіс – тәсілдерді қолдану қажет. Әдебиет сабағындағы ең басты жұмыстардың біріне оқушылардың көркем шығарманы қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл бітім – болмысымен түсіне білулері жатады. Сабақ барысында мұғалім оқушының көркем шығарманы қабылдау белсенділігін, сезімін дамытудың жолдарын қарастыруы керек. Оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып зияткерлік, көркемдік,

сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беруге, , биік талғамды қалыптастыруға, әдеби мұраны және онда бейнеленген құбылысты эстетикалық қабылдауына қажетті білім және біліммен қаруландыруы ,логикалық ойын, ауызекі және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру қажет. Әдебиет - өнер, әдебиет - ұлттық қазына, асыл мұра. Әдебиет – ұлттық танымның қайнар көзі. Мектепте әдебиетті оқытудың мән-маңызы көркем туындыны оқыту, талдау, оқырмандық пікір қалыптастырумен байланысты. Көркем шығарманы оқып, талдау барысында шығарманы талдаудың түрлеріне жете мән беру керек. Талдау дегеніміз - жеке қасиет ерекшеліктерді арнайы қарастырып, танып білу арқылы бүтінді айқын сезінуге себін тигізетін, соған қызмет ететін тәсіл. Әдетте шығарманың ерекшеліктері, ірілі-ұсақты бөлшектері, олардың өз алдына оқшау сипат-белгілері көбірек көзге түседі, оларды байқау жеңілрек болады. Көркем мәтінді талдау шығармашылық жұмыстарды талап етеді. Көркем мәтінді оқыту мен талдауда оқушының мәтін мазмұнын меңгеруіне көңіл бөлу керек. Көркем шығарманы оқығанда, оқушылардың ол туралы өзіндік әсері, пікірі туындайды. Оқушылардың зейіні, есте сақтау, қабілеті, көркем шығарманы талдау жүйесі, ең алдымен алдымен көркем туындыда жазылған, баяндалған оқиғалардың тарихи негізіне назар аудартады. Мұғалімнің түсіндірме әңгімелерінен кейін, мәтінді мәнерлеп оқып, мазмұнымен танысу, мәтінді бөлшектерге бөліп, ат қою, әр бөліміне жоспар құру, құрылған жоспар бойынша тірек сөздерді қолданып мазмұндату, шығарманың басталуы, шығарма ішіндегі оқиғалардың байланысы, оқиғаның шарықтау шегі, шешімі айқындалады. Әр шығармадағы адам тағдыры жеке кейіпкерлер арқылы пайымдалып, іс-қимылы, мінезі, қылығы, әрекеті айқындала түседі.

Қ.Бітібаева шығарманы талдауда:

1. Оқушының туындыны қабылдауы, әсері, эмоциясын тану,
2. Эстетикалық талғамын қалыптастыруға сеп болу,
3. Таным қабілеті, ойлау белсенділігі мен дербестігін ұштау,
4. Ең бастысы – көркем туынды бойынша талдау жасау, пікір айту

жолдарын меңгерту тақырыбы, авторлық идея, образдар жүйесі, сюжеттік-композициялық ерекшелігі, көркемдік-эстетикалық жағын кешенді түрде қарастыру қажеттігін көрсетеді. Қазіргі әдістемеде талдау жасаудың 4 түрі:

браз бойынша, тақырыптық, тұтас, автор ізімен ұсынылып жүр. Оқушының танымдық-шығармашылық қабілетін, ойлау белсенділігін дамытатын, өз жоба-жорамалын ұсыну, салыстыру негізінде дұрыс шешім табуға жетелейтін әдістің бірі – проблемалық талдау. Ол көркем туынды негізіндегі проблеманы дәл танып, ізденіске, әдеби айтыс-тартысқа жетелейтін сұрақтар әзірлеуді қажет етеді. Көркем шығарманы талдаудың тиімділігі неде? Талдау жасай отырып оқушы шығармада көтерілген мәселені шешу үшін мәселені зерттейді, ізденеді, белгілі бір сұрақтар төңірегінде ізденеді. Оқыған шығарманы талдай отырып, қабылдайды. Өз пікірін еркін білдіруге төселеді. Басқа көркем шығармалармен салыстырып, өзіндік бағасын береді, жүйелі түрде жұмыс жасауды меңгереді. Шығарма кейіпкерін сипаттап, танытатын, айқындап, даралап беретін негізгі элементтер: портрет, іс-қимыл әрекеті, тілдік көрінісі, көркемдік детальдар, суреттеме, кейіпкерлер диалогы, жанама сипаттамалар, кейіпкердің өзара қарым-қатынасы, қақтығысы, күресі. Кейіпкерді талдап, тану барысында оқушы көркем шығармадағы кейіпкердің жүйесін нақтылайды, өзара байланысын, жазушының әр кейіпкерге қандай сипаттама бергенін, портретін, кейіпкерлердің диалогтары арқылы олардың мінезін ерекшелеп айқындап, негізгі орталық тұлғаны анықтайды. Қабылдау қасиеттеріне қарай мұғалім мәтінді тұтастай емес, ең негізгі басты мәселелерін ғана мазмұндатып, оны меңгеруді одан әрі жалғастырғаны тиімді болады. Көркем мәтінді қандай талдау түрінде жүргізсе де, басты ұстаным оқушылардың қызметін дұрыс ұйымдастыра білу, әрі оқушылардың дербес орындайтын тапсырмалары тұтас құрылымның бір бөлігі ретінде талдануы шарт. Көркем шығарманы талдау жұмысында кластер түзу, кубизм әдісі, қос жазбалы күнделік, методологиялық карта, жады картасы сияқты жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Өз мәнінде жүргізілген талдау оқушылардың белсенді әрекетін, терең тынымы мен

талғамын қалыптастыруға оңтайлы жағдай туғызады. Қ.Бітібаева «Әдебиет – адамтану құралы» болса, әдебиет пәні – «адам тәрбиелеу құралы» деген пікірін әдебиет пәніне берілген сипаттама деп қарауға болады. Әдебиет – адамтану пәні, сонымен қатар, әдебиет – жан-жақты да терең ойлауға үйрететін пән. Әдебиет пәні оқушының ақыл ойын, шығармашылық қабілетін ғана жетілдіріп қоймай, жан –жақты дағдыларын шыңдап, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін мектептегі жалғыз пән. Әдебиет пәні өнер пәні ретінде шығармашылыққа баулудың мол мүмкіндігін тудыра алатын қасиетімен ерекшеленеді. Әр оқушының табиғатында өзіндік қалыптасқан шығармашылық көзі болады. Әдебиет пәні арқылы оқушының шығармашылық мүмкіндігіне жол ашудың толып жатқан жолдары мен тәсілдері бар. Көркем әдебиеттің өзіндік ерекшелігін таныту үшін мұғалім әдебиеттанушы ғалым, зерттеуші болуға міндетті. Онсыз көркем әдебиеттің табиғатын өзі де тани алмайды, шәкірттерін де шығарманың сырына терең меңгерте алмайды. Әдебиет сабағының мақсатқа сай,сапалы өтуі мұғалімнің жан-жақты білімді болуы, көркемдік талғамы, шығармашылық ізденісіне байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бітібаева, Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту: ХІХ ғасырдың ІІ жартысы, ХХ ғасыр: Оқу құралы, бағдарлама: Х,ХІ сыныптар.- Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы ҚР білім акад. Респ. баспа кабинеті, 2000.- 274 б.
2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл.

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ БАҒЫТТАЛҒАН ШЕТ ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АКТ-НЫ ҚОЛДАНУ

Бердіхожа А.Е.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, -Қызылорда қ., Қазақстан

Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгеру – бүгінгі күннің заман талабы. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, рухани азаматтылық, адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Ұстаз үшін ең негізгі мақсат – әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы – заман талабына сай ақпаратты технологияларды қолдану.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп Елбасымыз атап өткендей, білім алушыларға білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісіне қолдану мен оның тиімділігін арттырудың маңызы аса зор. Себебі ақпараттық технология ғана жаңа педагогикалық технологиялардың мүмкіндіктерін іске асыра алады.

Ақпараттық технологияны пайдаланып оқыту төмендегідей мақсатты көздейді:

- Білім алушылардың ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру;
- коммуникативтік қабілеттерін, ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- шетел тілін үйренуге деген мотивацияларын арттыру;
- шетел тілдік құзіреттіліктерін дамыту;
- алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдануға үйрету.

Мемлекетіміздің тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етудің негізгі жолы білім беру жүйесін жоспарлы түрде құру болып табылады. Кез-келген жоғары оқу орнындағы әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқыту жоғары білімнің маңызды ерекшеліктерін құрайды. Қазіргі бәсекелестік заманындағы шарттарда әлеуметтік-гуманитарлық білім берудің де маңызы зор. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқыту біздің рухани мәдениет әлеміне енгізеді және мәдени ұстанымдардың тоқтаусыз өзгерістері орын

алған өмірде сенімді болуға, қоғамдық өмірдегі құбылыстарды бағалау қабілеттілігі, қисынсыз әрі ырықсыз түйсікпен басқарылатын тобыр бөлшегі болмауға септігін тигізеді. Өмірлік жағдайлар негізінде қалыптасатын рухани құндылықтар адамзат өмірінде елеулі орынға ие. Сондықтан да қоғамдық және адамзат өмірінде философиялық, тарихи, саясаттану, құқықтық, психологиялық, әлеуметтану, педагогикалық білімдерді игеру маңызды болып саналады. Осыған орай әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы білім алушылардың кәсіби бағытталған шетел тілдік құзыреттілігін қалыптастыру өте маңызды.

Әлеуметтік - гуманитарлық бағыттағы білім алушыларға шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты – білім алушылардың мәдениетаралық және коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру. Осыған орай, оқыту үдерісін интенсификациялайтын және оқытудың ұйымдастырушылық деңгейін құра алатын инновациялық технологиялар мен оқыту әдістерін әзірлеу және енгізу арқылы болашақ әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы білім алушылардың кәсіби бағытталған шетел тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Шет тілін еркін меңгеру, тіпті шектеулі дәрежеде сөйлей білу – қыр-сыры көп аспектілердің бірі десек, ал қажырлы оқудың нәтижесі – коммуникативтік құзыреттілік. Коммуникативтік құзыреттіліктің мынандай компоненттерін дамытуға аса мән берген жөн:

1. Сөйлеу құзыреттілігі – білім алушылардың сөйлей алуы (диалогтық және монологтық сөйлеу), оқу және жазу. Шетел тілін оқытуда қойылған мақсатқа жету үшін оқытудың әр түрлі құралдарын пайдалану көзделген. Әр оқу құралын тиімді пайдалану оқытушыға байланысты. Соған орай ол қажетті нәтижеге қол жеткізе алады. Сөйлеу құзыреттілігін дамыту үшін төмендегідей оқу құралдарын пайдалану қажет:

- оқулық – оқытудың ең басты және негізгі құралы, ол оқытудың барлық әрекетін қамтитын оқу материалдарынан тұрады;

- оқуға арналған кітап – ол әр білім алушының қолында болуы тиіс. Әр түрлі тақырыптардағы мәтіндерді оқу практикалық, тәрбиелік, білімділік, дамытушылық мақсаттарды жүзеге асырады;

- оқу құралы – жеке және өзіндік жұмысқа, практикалық сабаққа, ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған. Мұндай оқу құралдарын түгелдей немесе жартылай сол оқу орындарының мұғалімдері өздері жасап шығаруы мүмкін;

- аудио- және видеожазбалар – шетел тілін оқытуда маңызды рөл атқарады. Ол тіл үйренушілерге нақты шетел тілінде сөйлеуді, яғни шетел тілінде сөйлеушінің сөйлеу мәнерін тыңдауға мүмкіндік береді, ол тіл үйренушілердің сөздерді дұрыс айту сапасын арттырады, тыңдау қабілетін дамытады;

- компьютерлік бағдарлама, интернет жүйесі – білім алушылардың функционалды компьютерлік сауаттылығын қамтамасыз етеді. Өз бетінше және қашықтықтан білім алуына мүмкіндік береді. Білім алушылардың ең осал тұстары, жазбаша коммуникативтік икемділіктерін дамытады.

2. Тілдік құзыреттілік – сөйлеудің айтылу, лексикалық, грамматикалық жақтарын меңгеруді қамтиды, графика мен орфография. Тілдік құзыреттілікті дамытудың негізгі оқыту құралдары: жұмыс дәптері – үйде өздік жұмысты орындау үшін қажет, ағылшын тілінің графикасы мен орфографиясын меңгеруге, лексикалық, грамматикалық материалдарды әр сабақта тапсырмаларды орындау кезінде игеруге мүмкіндік береді, яғни өзін-өзі тексеруге, түзетуге, бағалауға үйренеді:

- таблицалар, схемалар, үлестірмелі материалдар, түрлі-түсті суреттер – мүмкіндігінше сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін меңгерудегі қабілеттілігін дамыту мен қалыптастыру процесінде белсенді болуы мен даралануына мүмкіндік береді және де тіл үйренушілердің тілдік және сөйлеу бірліктерінің жинақталу процесін дамытады;

- оқулық;

- аудиоматериалдар;

- компьютерлік бағдарлама, интернет.

3. Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік – оқып жатқан тілде сөйлейтін елдер туралы әлеуметтік-мәдени білімін жинақтауға (мінез-құлық, әдеп) және оны қарым-қатынаста қолдана білуге, сондай-ақ өз елін және оның мәдениетін өзгелерге жеткізе білуге үйрену. Тіл үйренушінің өзге ортада әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін келесідей құралдар арқылы дамытуға болады:

- таспаға жазылған мәтіндер (нақты шетелдік азаматтардың оқыған мәтіндер жазбасы);

- видеоматериалдар – сол елдің мәдениетін беруші беделді құрал;
- виртуалды кеңістік – білім алушылардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін дамытудың тиімді құралы. Бұл виртуалды кеңістік интернет, басқа да компьютерлік технологиялармен бірге қолданылады. Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті дамытудың ең тиімді құралы, әрине, сол тілде сөйлейтін елдерде болып қайту. Ондай елдерге барып қайтқан оқытушылар білім алушылар үшін «көрнекті құрал» тәріздес, себебі, олардың сол ел туралы көрген-білгендері көп.

4. Компенсаторлық құзыреттілік – ақпаратты алуда және беруге тілдік құралдардың жетіспеу жағдайында қиындықтан шыға білу. Бұл құзыреттілік келесідей құралдар арқылы дамытылады: оқулық; интернет; сол тілде сөйлейтін елде болып қайту.

5. Оқу-танымдық құзыреттілік — жалпы және арнайы оқу, тілді өз бетінше үйренудің әдіс-тәсілдері, соның ішінде жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану. Оқу-танымдық құзыреттілікті дамытуға жататын құралдар:

- әртүрлі сөздіктер (ағылшынша-орысша-қазақша, қазақша-орысша-ағылшынша, түсіндірме). Білім алушыларға жаттығуларды орындауда көп көмегі тиеді, білуге құмарлығын, тілге қызығушылығын арттырады;

- оқулық;
- оқуға арналған кітаптар;
- оқу құралдары;
- компьютерлік бағдарламалар, интернет.

Жоғарыда айтылған педагогикалық және прагматикалық аспектілердің бәрі ескеріле отырып, шетел тілін оқытудың ең маңызды екі мақсаты негізделеді:

1. когнитивті коммуникативтік мақсат,
2. когнитивті дамытушы мақсат.

Когнитивті коммуникативтік мақсат - ең алдымен білім алушыларға аутенттік мәтіндерді оқыту арқылы беріледі және оған коммуникативтік іскерліктердің барлық түрлерін (оқу, тыңдау, сөйлеу, жазу) біріктіре оқыту арқылы шетелдік аутенттік мәтіндерді оқудағы өзгерістерді оқып-үйрену жатады. Негізгі ерекшеліктерді игере отырып, білім алушы практикада, өмірлік жағдайда пайдалануға мүмкіндік алады. Екінші мақсат – когнитивті дамытушы – ол бірінші мақсатпен тікелей байланысты және аутенттік мәтіндерді оқыту процесінде қалыптасады.

Шет тілін оқытудағы когнитивті дамытушы мақсат білім алушылардың интеллектуалдық, эмоционалдық және танымдық қасиеттерімен бірге ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамытуда тілдік формаларға мән бере отырып, лингвистикалық қызығушылыққа қол жеткізеді, демек, басты мақсатымыз когнитивті коммуникативтік мақсатқа алып келеді. Бұл мақсаттарға жету үшін көптеген түрлі тапсырмалар орындалуы тиіс. Менің педагогикалық тәжірибемде негізгі мақсат ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, білім алушылардың шетел тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталады. Осы мақсатқа жету үшін бірқатар міндеттер алға қойылды:

1. Осы мәселе бойынша педагогикалық тәжірибені зерттеу.

2. Білім алушылардың «Ағылшын тілі» пәніне деген қызығушылығын арттыруға ықпал ету.

3. «Ағылшын тілі» пәні бойынша мультимедиялық, интерактивті және модельдеу техникалық құралдарының көмегімен оқу үдерісінің тиімділігін арттыру.

4. Білім алушының кәсіби шетел тілдік құзыреттілігін тиімді дамытуға бағытталған заманауи АКТ әдістерін педагогикалық тәжірибемде қолдану..

Бүгінгі таңда мұғалім тек АКТ саласындағы дағдыларды меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге осы технологияларды өзінің тікелей қызметінде кәсіби түрде еркін қолдана білуге міндетті.

Педагогикалық тәжірибемде АКТ мүмкіндіктері мен артықшылықтарын білім беруде, оқытуда, ақпараттық іздестіру жұмыстарында, дидактикалық материалдарды, оқу-ойын іс-әрекет түрлерін пайдалануда, оқу тапсырмаларының орындалуын бақылауда еркін пайдаланамын.

Skype сияқты АКТ құралдары – технология, дыбыстау және бейне түсіру, интерактивті тапсырмалар, компьютерлік құралдарды пайдалана отырып шығармашылық үй тапсырмаларын орындау арқылы оқу үдерісінің тиімділігін арттыра алдым.

Skype - технологиясы сөйлеу әрекетін дамыту тұрғысынан жақсы нәтиже беріп қана қоймай, белгілі бір тақырыптарды оқуға деген ынтасын арттырады.

Шетел тілі сабағында бейнежазбаны қолданудың өзі жаңалық емес. Ол сабақты қызықты етіп өткізуге мүмкіндік береді, күрделі тақырыптар мен ұғымдарды меңгеруге бағыттайды, эмоционалды фонды арттырады. Шетел тілін оқытуда анимациялық бейне фильмдер білім алушылардың сөйлеу белсенділігін дамытуға көмектеседі. Бейнефильмдерді пайдалану сабақтағы белгілі бір жағдайларды имитациялауға, іскерлік ойындар ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл әдістер білім алушыларға белгілі бір контексте, белгілі бір құрылымның жұмыс істеуін көрсетеді. Осылайша, ойын түрінде бір уақытта екі маңызды принцип жүзеге асырылады: ситуациялық принцип және функционалдылық принцип. Бұл ауызша монологтық және диалогтік сөйлеу дағдыларын тиімді қалыптастыруға және білім алушының кәсіби шетел тілдік құзыреттілігін дамытуға, жаңа сөздік қорын молайтуға, коммуникативті дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Бейне тапсырмалары үшін арнайы ресурстар бар, бірақ дайын әзірлемелер менің белгілі бір сабаққа қойылатын талаптарыма сай бола бермейді. Сондықтан көбінесе өзімнің жетекшілігіммен әр түрлі топтағы білім алушылардың арнайы түсірген бейнероликтерін пайдаланамын. Осылайша, білім алушылар қосымша білім беру іс-шараларына тартылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар - ақпаратты білім алушы бір мезгілде бірнеше сезім мүшелерімен қатар қабылдайтындай етіп көрсетеді, яғни көру және есту арқылы, оның белсенді әрекеттерге қатысып, оқу материалын меңгеру үлесі 75% құрауы мүмкін.

Шетел тілі сабағында АКТ құралдарын қолдану арқылы интерактивті тапсырмалар орындаудың төмендегідей маңызды ерекшеліктері бар:

1. Экранда имитацияланған жағдайлар мен процестерді интерактивті басқару.
2. Кері байланыс орнату.
3. Оқыту процесін даралау және саралау.
4. Ақпараттың эмоционалдылығы мен экспрессивтілігі.
5. Ағымдағы және қорытынды бақылауды жүзеге асыру.
6. Компьютерлік визуализация және білім алушыларға үлкен экранда көрнекі түрде көрсету мүмкіндігі.

Көбінесе өз тәжірибемде дидактикалық интерактивті ойындар мен интерактивті тесттерді қолданамын. Дидактикалық интерактивті ойындарды пайдалану - АКТ құралдарының мүмкіндіктерінің тиімділігін растайды және жаңалық, көрнекілік, коммуникативті белсенділік және пәнаралық байланыстардың дидактикалық принциптерін жүзеге асыруда табысты екенін көрсетеді. Интерактивті ойын білім алушылардың теориялық алған білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік береді.. Ойын ойнау арқылы сабақ материалы ассимиляцияға қолжетімді болады. Мен осындай бірнеше ойындарды әзірлеп шығардым, мысалы, интерактивті ойындар – «I say what I see», «Expressing thoughts in other words», «Buffet» және «Promotional video».

Сабақта қолданатын интерактивті тапсырмаларға түрлі қолданбалы бағдарламаларда әзірленген тесттер кіреді. Компьютерлік тесттердің артықшылығы - олар Интернеттің жұмыс істеуін талап етпейді және тестілеудің соңында бағдарлама бірден бағасын қояды.

АКТ-ны пайдалана отырып, шығармашылық үй тапсырмасы – менің білім алушыларым орындаған үй тапсырмасының бір түрі - виртуалды тур құру және жұмыс нәтижесін Power Point, Prezi.com немесе photoreach.com сервисінде жасалған презентация түрінде көрсету және графикалық редакторларды пайдаланып ашық хаттар жасау. Жасалған жұмыстың шығармашылық тұсаукесері шетел тілінің коммуникативтік құзыреттілігін дамыту деңгейін арттырудың тамаша мүмкіндігі болып табылады. АКТ-ны қолдану арқылы үй тапсырмасы өз бетінше жұмыс жасауға мотивация тудыруға, ойлаудың шығармашылық қабілетін арттыруға, пәндік және метапәндік дағдыларды дамытуға, ой-өрістерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, АКТ-ны пайдалана отырып, менің әдістемелік қоржыным дидактикалық құралдармен толықтырылды.

Қорыта келе, АКТ-ны меңгеру оқытушының оқу –тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектесе, білім алушының шығармашылық қабілетін, сыни ойлауын дамытады және оқудың қандай сатысында тұрғанын көріп, қай бағытта даму керек екендігін біледі, әрі қарай өзін жетілдіре алады, тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым дағдылары дамиды. Осы орайда Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру үйреншікті жәй ғана емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер», -деп тұжырым жасайды. Сондықтан оқытушы өз пәніне психологиялық тұрғыдан қарап, әрбір сабағын әдістемелік шеберлікпен өткізуі керек. Бұл әрбір ұстазды жаңаша жұмыс істеуге, жаңа ізденістерге жетелейді.

М.ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ ТОЛҒАМДАРЫНЫҢ МӘНІ

Дастанбаева Ә.,

*Ғылыми жетекшісі: Молдабаева К.Р., педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, -Қызылорда қ.,
Қазақстан*

«Ел боламын десең, бесігінді түзе» деп атам қазақ айтқандай, бүгінгі жастар елдің болашағы екеніне бәріміз кәміл сенімдіміз. Олай болатын болса, біз бүгінгі жастардың бойынан Қандай қасиеттерді көргіміз келеді? Біз іздеген қасиеттер қазіргі жастардың бойында бар ма?-деген мазмұнда әңгіме өрбіткіміз келеді.

Жастар қоғамымыздың жүрек дүрсілі, өзегі. Есігінен енді аттап отырған жаңа ғасырда ұлтымыздың өсуі де, өшуі де осы жастарға тікелей байланысты. Ел алдындағы басты мұрат – тәуелсіздік алып келген ұлттық құндылықтарды өскелең ұрпаққа насихаттау болмақ. Ел болашағы – өскелең ұрпақты елінің көркеюіне үлес қосар азаматы етіп, ұлт болашағын тәрбиелеудегі Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңінің қосар үлесі зор.

Дәлірек айтсақ, руханият таразысынан алар салмағын екшелеп, көңіл көзінен өткізсек, мейлінше жіті зерделеп қарасақ, бүгінгі күнмен сабақтастырылған.

Мағжан Жұмабаевтың ұлттық тәрбие беру туралы ой-пікірлері оның «Педагогика», «Бастауыш мектептегі ана тілі», «Бастауыш мектептегі ана тілін оқыту жөні», «Сауатты бол» атты еңбектері мен поэтикалық шығармаларында баяндалған.

Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегі - қазақ топырағында тұңғыш жарық көрген ұлттық педагогика оқулығы. Ол - мектеп мұғалімдері мен педагогикалық оқу орындарының тыңдаушыларын оқушыларға ұлттық тәрбие беруге даярлау мақсатында жазылған. Ол оқулықты «Алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын - мұғалімдікі», - деп, ұстаздарға арнаған. Ол өзінің осы «Педагогикасын» 17 ірі бөлімнен құрып, оның өзін бірнеше шағын бөлімдерге бөле отырып, ұқыпты түрде талдау жасап, түсініктеме береді. М.Жұмабаев тәрбиені дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, құлық тәрбиесі деп

төртке бөледі. «Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егер де ол ыстық, суық, аштық, жалаңаштық сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын күштерді елемейтін мықты, берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы», - дейді. «Балам адам болсын дейтін ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын», - дей отырып, оларды ұлттық тәрбиенің құрамдас бөліктері деп санайды [2].

Мағжан халықтық педагогиканы жалпы педагогиканың ең негізі етіп қояды. Бала тәрбиесінде ұлттық педагогиканың, ұлттық тәрбиенің алатын орны ерекше екендігін мысалдар арқылы дәлелдейді. Ұлттық тәрбиенің құнды жақтарын пайымдап ашып отырады. Осыған орай педагог М.Жұмабаев «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп», - деп жазады. Осылайша ол қазақ педагогикасының тарихында тұңғыш рет «ұлт тәрбиесі», «әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс» деген ұғымдарды педагогика ғылымына ендірі. Мағжан педагогтар, тәрбиешілер халықтық педагогиканы қолдана отырып, түрлі кезеңдегі педагог ғалымдардың ойларымен жақсы таныс болуы керектігін айтады.

Мағжан өзінің оқулығында тіл мәселесіне ерекше тоқталып, оның тәрбиелік және саяси мәндерін ашып көрсеткен: «Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті... Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түнде тынық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі - бәрі көрініп тұр. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік тілінің келешек тарихында қазақ ұлты қадірлі орын алмақшы. Келешектің осылай болуына иманымыз берік» [2].

Педагог бала тәрбиесіндегі, әсіресе қыз баланы тәрбиелеуде әйелдің, ананың рөлінің зор екендігін айтады. Өйткені бала анаға жақын тұрады. Шешесі үйде баланың көзінше не істесе, қалай қимылдап, қалай сөз сөйлесе, ертең ұшқанда баласы, әсіресе, қыз бала, соны істейді. Көбіне қыз бала тәрбиесі анаға байланысты. Сол себептен ананың - әйелдің балаларының көзінше өте әдепті, мәдениетті болуын қалайды.

Мағжан өз халқының патриоты ретінде оны халқының, ұрпағының болашағы үнемі толғандырып, тәрбиенің басты міндеттерінің бірі бала бойында ұлттық сезімдерді ерте қалыптастыру, оларды халықтың рухани мәдениетімен, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен кеңінен қаруландыру қажет деп санайды.

Баланың мінез-құлқы, табиғатқа қатынасы айналадағы басқа адамдармен қатынасқа түсу арқылы қалыптасатын болғандықтан, Мағжан баланың отбасындағы қатынасқа түсетін адамдардан, олардың мінез-құлқынан үлгі алатындығын және бала үшін бұл әсердің өте маңыздылығын көрсетеді. Сондықтан баланың айналасындағы адамдардың мінез-құлқының дұрыс, жағымды болуына айрықша мән береді: «...баланың ізгі құлықты болуы үшін оның маңайындағы адамдар, ата-ана, туған-туыстары өздері құлықты болуы тиісті. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген қазақ мақалымен қорытындылайды.

Мағжан баланы отбасында жас күнінен тәртіпке үйретудің қажеттілігіне баса назар аударады. «Баланы құбылмайтын, ұсақтықпен қажытпайтындай еркіне жіберу оны ерлікке, батылдыққа үйретсе, темір тәртіпке бағындыру, оны шыдамдылыққа, табандылыққа үйретеді», - дейді.

Мағжан педагогикасындағы негізгі категориялардың бірі – баланың өзін-өзі тәрбиелеуі. Қандай тәрбие, тәрбиешінің, басқаның әсері мен үлгісі болмасын, сайып келгенде, адам өзін-өзі тәрбиелейді, адам тәрбие ісіне араласқанда ғана оның ықпалы күшті болады. Сондықтан отбасының міндеті – баланы өзін-өзі тәрбиелеуге дайындау, яғни өз

тіршілігі мен іс-қимылына сын көзбен қарауға, өз мінез-құлқына бақылау жасауға, оны үнемі жетілдіруге үйрету деп санайды. Адамның өзін-өзі бақылауы, әрдайым өзіне-өзі есеп беруі оның өз қатесін көруіне, оны жоюына итермелейтін болады. Ол: «Адамның өзін-өзі тексеруі – оның дұрыс жолға түсуінің бірінші шарты, қатесін білген адам өзін тексермесе, ілгері баса алмайды», - деп теориялық дұрыс, практикалық өте маңызды тұжырым жасайды[3].

Адам өмірін мәнді және мазмұнды етуде эстетикалық талғамның қалыптасуы үлкен орын алады. Мағжанның пікірінше, сұлулық сезімдері адамның табиғат берген қабілеті мен мүмкіндіктерін жан-жақты дамытуға жол ашады. Мағжан эстетикалық тәрбиенің тарауларын жан-жақты талдай отырып, бала жаратылыс, табиғат сұлулықтарымен бірге өнерден барынша мол ләззат алып өсуі қажет деп қорытындылайды. Ол сонымен бірге жоғарыда айтылғандай адамдар арасындағы қатынасты да сұлулыққа негіздеп құруға ерекше мән береді. Бұл шынында қазақ тұрмысы үшін жаңалық емес, бірақ жоғалтқанмыз да бар. Қазақтарда үлкен мен кіші, жеңге мен қайны, қайын сіңлі, аға мен іні арасындағы қатынас бірін-бірі сыйлауға, құрметтеуге негізделіп құрылып, басқалар үлгі алатындай, таңырқап таңдай қағатын дәрежеде болатын. Бірақ сол 20-шы жылдардың өзінде де біздің бұл қатынасымызды босаңдата бастағанымызды сезген Мағжан: «Қазақ! Жұртқа күлкі болмайын десең, бұл мінездеріңді таста, балаңды сұлу, сымбатты қылып өсір» деген өте маңызды өсиет қалдырады.

«Педагогика» оқулығындағы «Жалпы педагогика» бөлімінде дене және жан тәрбиесі жайында сөз болады [2].

Мағжан балаға жан тәрбиесін беру үшін ата-анаға психология, логика, этика, ал дене тәрбиесін беру үшін анатомия, физиология, гигиена және гимнастика ғылымдарын меңгеру қажет екендігін оқу құралында жан-жақты баяндаған. Автордың пікірінше, әке-шеше баласының жаны туралы дұрыс түсінігі болуы үшін психология ғылымын меңгергені абзал. Психология – баланың қимылынан, көзінің тітіркенішті заттар мен амалдарға ілесуінің, жанының жайын, жан тұрмысын, жан көріністерін, жан күштерін, ақылын, қайратын, көңіл қуатын мөлшерлейтін пән.

Екінші бір жан нысанасын бақылау пәні – логика. Логика – дұрыс сөйлеу, сөздерді сөйлем тәртібіне ауызша дәлдеп құрастыру, ойын дөп айта білу секілді нышандарын бағдарлайтын пән.

Этика – баланың ішкі құлқын емеуріннен тануға мүмкіндік беретін пән.

Мағжанның пікірінше, бала тәрбиесіндегі екінші мәнде тұратын нысан – дене тәлімі. Жанның құралы – дене. Денені тәрбиелейтін пәндер:

- Анатомия. Баланың жас ерекшелігіне байланысты денесінің өсіп-өнуін, құрылысын, жаратылысын бақылайтын нысан.

- Физиология. Баланың денесінде болатын көріністерді, қанның жүруін, дем алу, тыныстау секілді күйін байқайтын пән.

- Гигиена. Дененің саулығын сақтау үшін қойылатын талаптарды жүзеге асыратын пән.

- Гимнастика. Баланың денесінің саулығын ширату үшін белгілі талаппен, бағдарламамен жасалатын дене қозғалысын жүзеге асыратын пән.

Жан мен дене тәрбиесі қатарынан, кей тұста жан тәрбиесі денеден озық кеткен жағдайда баланың рухы биік болады.

Дене тәрбиесінің компоненттеріне тоқталып өтейік. М.Жұмабаевтың пікірінше, дене тәрбиесі жайлы теориялық тұжырым былай болып келеді: жаңа туған балада жанның нышанынан тәннің белгісі басым. Баланың жаны рахатта болуы үшін тәннің дұрыс дамуына әке-шешенің сауатты түрде еңбек сіңіруі көзделеді.

Бала тәрбиесінің бөлме мәселесінен кейінгісі – тамағы. Ең бастысы, ананың сүтімен қоректендіру басым рөлде болуы керек. Ананың сүтінде баланың денесіне қажет заттардың бәрі бар.

Балаға емізiк емізуден аулақ болған жөн. Себебі баланың ішіне жел толып, мазасыздық басталады. Қазақ баласының көбінесе ауру болуы талғамай тамақ беруден. Сондықтан баланы тамақтандыру мәселесіне қатысты дәрігерлік кеңесті басшылыққа алып, рационын ескерген абзал. Жаңа туған баланы 2-3 сағатта, бір түнде 3-4 сағатта бір, күннен-түнге емізу санын әдейі азайта түсу баланың режиммен тамақтану дағдысын қалыптастырады.

Баланы шомылдыру. Шомылу – кірден тазару. Үш айға шейін судың ыстықтығы 29°, жыл аяғына дейін 28°, екінші жылда 27°, мұнан соңғы жылдары 26°, 25° болып төмендей береді. Әуелі тәулікте 2 рет, ай жарымға шейін 1 рет, алты айға шейін күн ара, екі жастан асқан соң жұмасына 1 рет шомылдыру керек. Үйдің жылылығы 17-18°-тан сәл жоғарырақ болуы қажет. Қазақ әйелінің баланы тұзды суға шомылдыруын М.Жұмабаев қолдаған. Баланың денесін маймен сылау дұрыс емес. Себебі баланың тері клеткасын бекітіп, тез жетіліп өсуіне кедергі жасайды. Баланы «өс, өс, өс!» - деп, аяқ-қолын созып, денесінің құрысын жазу бүгінгі физкультура, гимнастика, аутагендік жаттығуға әзірлік жасауға талпыныс демекпіз.

Баланың киімі. Киім дененің жылуын сыртқа, сырттың суығын денеге жібермейтін болсын. Баланың нәзік денесіне қолайлы пішіліп тігілуі көзделеді. Денесіне шақ киім ыңғайлы. Биік өкшелі туфли кигізуге және беліне белбеу салуға болмайды. Баланы бөлеу және бесік. «Қазақтың этностық тұрмысын ескерсек, бесіктен безуге болмайды», - дейді М.Жұмабаев. Бұл ойымызды М.Жұмабаевтың өз дәйегімен бекіте түсейік: «Қазақ бесігі – аса ұсталықпен жасалған нәрсе. Жөргегі, тартпалары, астындағы тесігі, шүмегі, түбегімен бала таза, жинақы жатуына көп себепші. Бірақ әңгіме мұнда осы бесікке баланы қалай бөлеу керектігінде болып тұр. Тартпаны біреу қылсақ, біреу қылғанда баланың мойнынан аяғына жететіндей қылу дұрыс. Енді тарпа демей, жабу делік. Баланы жөргегіне орап, төсегіне салып, әлгі жабуды жаппай жауып, бесіктің екінші жағынан алып келіп, тағы 6-7 баумен байласақ, мұнда қысу деген болмас еді» [2]. Мағжанның пікірінше, баланы тербетіп ұйықтатуға болмайды. Ұйқысына кедергі келтірмеуді ойлаған жөн. Баланы серуенге шығару да үлкен өнер.

Қорыта келгенде, баланың дене тәрбиесінің алғашқы кезеңі – анасының рухани жан әлемі екенін түсіну. Баланың іштегі қалпын оң ұстанымға бағыттау, алғашқы танымның негізі ананың ішкі болмысына мән беру секілді іс-әрекеттерге сауаттылықпен қарағанда бала өмірге дұрыс келеді. Сонымен, М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты оқу құралында балаға дене және жан тәрбиелерін беруді теориялық жағынан тұжырымдап, отбасында тәрбиені олардың жас ерекшеліктерін ескеріп жүргізуді негіздегенін көруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі: Оқу құралы. - Алматы: Санат, 1995 - 352 б.
2. Жұмабаев М. Таңдамалы шығармалары. - Алматы: Ғылым, 1992
3. Бөлеев Қ. Қазақ этнопедагогикасы – ұлттық тәрбие берудің негізі. - Алматы: Нұрлы әлем, 2008- 160 б.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Нұрова Қ.С.,

*Педагогика ғылымдарының магистрі «Педагогика» кафедрасының оқытушысы
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, -Ақтау қ.,
Қазақстан*

XX ғасырдың басында Ж.Аймауытов: «Сабақ беру –үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» - деген екен. Солай демекші, қазіргі кезде педагогика

ғылымында жаңа ұғымдар көп-ақ. Солардың бірі-«инновация» ұғымы. Оны жете түсініп, инновациялық әдіс-тәсілдерді мектептерде оқу үрдісінде енгізу-оқушының саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты болып табылады. Инновация дегеніміз-жаңа жағдайдағы жаңалық болып табылатын, нақты мақсаттың нәтижелі жүзеге асуын қамтамасыз ететін идеялар, жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс. Демек инновация –құрал және үрдіс ретінде әлдебір жаңалықты енгізу деген сөз. Қазір бұл сөз "жаңа, өзгеру, жаңашылдық" деген мағынаны білдіреді және дәл қазіргі жаңа заманға да "жаңа, жаңаша өзгерудің" мазмұны терең және анық екендігі белгілі [1]. Бұл әдістеменің негізінде үйренушінің дербес қабілеті, белсенділігін қалыптастыру, оқыту материалдарын өзінше пайдалану арқылы танымдық белсенділігін арттыру алға шығады. Мұның ерекшеліктері негізінен мыналар:

- үйренушінің белсенділік іс-әрекетін дамыту;
- оқыту мен үйретудің өзара үйлесімділігін қалыптастыру;
- мұнда үйренушінің дербес қабілетін дамытуға тікелей көмек беру;
- үйренушінің танымдық үрдіске белсенді қатысуын анықтау мүмкіндігі;
- көрнекі құралдардың көбірек пайдалану арқылы сезіміне, қабылдау эмоциясына

әсер ету.

Заманауи жоғары технологияларды пайдалана отырып ғана, біз ұстаздар сапалы білім беруге, тәрбиелеуге қол жеткізе аламыз. Қазіргі уақытта қолданыста жүрген 25-ке жуық оқыту технологиялары, 40-қа жуық сабақтардың түрлері бар. Бұл технологиялар өз ресурстарын таныстыруға айналды. Бүгінгі таңда әлем жаңа тың серпілістер үстінде. Қазіргі кезде мектептің оқу үрдісінде 50-ден астам педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені анық. Бұл технологиялардың бәрін бір сабақта қолдану мүмкін емес. Сол себепті, мектептегі әрбір пәнді оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы оқушының білім жетістіктерін арттыруға болады. Мұнда оқушының әрекеті-технологияны қабылдауы, ынтасы, құштарлығына көңіл бөлінуі тиіс. Мектептердің оқу үрдісіне жаңа технологияны енгізу арқылы білім сапасын жақсартып, дамыта оқытуды жүзеге асыртып, сабақ қарқыны жеделдетіліп, жеке тұлғамен жеке жұмыс жасай отырып, саралап оқытуға мүмкіндік туады. Жаңа технология оқушының өзіндік жеке жұмыс атқаруына және ең бастысы оқушының білім жетістіктерін жақсартуға ықпалын тигізеді.

Оқыту барысында инновациялық әдістерді қолдану және оның негізгі бағыттары. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп Елбасы атап көрсеткендей, инновациялық әдіс-тәсілдер жаңа білім берудің бірден – бір шарты. Жалпы білім беретін мектептерге инновациялық әдістерді қолдануды ұсынар едім.

-Білім беру үрдісінде жаңа технологияларды мүмкіндігінше қолдану;

-Оқушылардың резервтік мүмкіндіктерін диагностикалау; Пәннің түсіндірілуі мен ақпараттың жеткізілуінің жоғары сапасын қамтамасыз ету;

оқу – тәрбие үрдісін компьютеризациялау және технологияландыру. Мұғалімнің өзіне қойған талаптары жекеше бағытталған білімнен қалыптасып. Білім беру жүйесіндегі инновациялар – бұл мұғалімдердің классикалық оқыту-тәрбиелеу-дамыту педагогикалық ұстанымдарын сақтай отырып, уақытпен бірлесе жұмыс істеу шеберліктері. Бірақ, бұл даярлық бірден,бір уақытта туындай алмайды, ол мектептегі мұғалімдердің мыңдаған сабақ өткізулерінен жинақталады. Сондықтан қазіргі замандағы инновациялық замандағы сабақтың үлгісі деп, мұғалімдердің жинақталған мол әдістемелік тәжірибиесінің интеграциясындағы, ақпараттық – коммуникациялық технологиялар саласындағы әлемдік және отандық жетістіктердің трансфертін қамтамасыз ететін сабақты айтуға болады. Инновациялар мектептен, мұғалімдердің педагогикалық қызыметінен бастау алады. Қазақстан Республикасының « Білім туралы » Заңында: « Білім беру жүйесінің бастыміндеті – ұлттық құндылықтар, жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шынға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім берудегі ақпараттандыру, халықаралық желіге шығу»- делінген.

Мұғалімдердің міндеті - баланың жеке басын қалыптастыру процесінде білім, білік, дағды жинақтауға бағытталған дәстүрлі оқытуды өзгерту. Оқу процесінде оқушының танымдық және шығармашылық қызметін жүзеге асыру үшін білім беру сапасын арттыруға, оқу уақытын тиімді пайдалануға және үй тапсырмасына бөлінетін уақытты азайту арқылы оқушылардың репродуктивті белсенділігінің үлесін төмендетуге мүмкіндік беретін заманауи білім беру технологиялары қолданылады. Заманауи білім беру технологиялары даралауға, оқу процесінің қашықтығы мен өзгермелілігіне, білім деңгейі мен жасына қарамастан оқушылардың академиялық ұтқырлығына бағытталған. Мектепте оқу-тәрбие үрдісінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың кең спектрі ұсынылған.

Қазіргі таңдағы ең тиімді жаңа технологиялар:

- Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар
- Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы
- Жоба технологиясы
- Дамыта оқыту технологиясы
- Денсаулық сақтау технологиялары
- Проблемалық оқыту технологиясы
- Ойын технологиялары

Педагогикалық технологияның тиімді тұстары:

- Оқушы өз бетінше жұмыс жасауға мүмкіндік алады, соған үйренеді;
- Оқушының жеке қабілеті анықталады;
- Іштей бір - бірінен қалмауға тырысып, талпынады;
- Тапсырмалық күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау, орындау қабілеті артады.
- Өзін - өзі тексеруге дағдыланады.
- Мұғалім жекелеген оқушыларға көмектесуге мүмкіндік алады.
- Орындау қабілетіне қарай бағаланады.

Мен өз практикада проблемалық оқыту технологияларын, жобалық жұмыстарды, ойындарды, топтық технологияларды, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, белсенділік әдісін Л.Г.Петерсоннің әдісін жиі қолданамын. Оқушылар үшін ақпараттық технологияларды қолдану арқылы сабақ өткізу қызықты болады. Нәтижесінде білімді тиімді игеру пайда болады; сабақта анықтық деңгейі жақсарады. Әрине, бұған басқа әдістермен қол жеткізуге де болады (плакаттар, карталар, кестелер, жазу), бірақ компьютерлік технологиялар көрнекіліктің анағұрлым жоғары деңгейін жасайды. Сыныптағы және сабақтан кейін оқушылардың көкжиегін кеңейту үшін жаңа ақпарат алу және интернет ресурстарынан алынған материалдардың көмегімен өзім жасаған презентацияларды қолданамын. Балалар слайдтарды қуана-қуана көреді, көргендерін талқылауға белсенді қатысады.

Ойын технологиясы. Ойын - бұл өмірдегі керемет құбылыстардың бірі. Қазіргі педагогикада ойын, дидактикалық ойын тақырып тұжырымдамасын, тіпті тақырыптың бөлігін, сонымен қатар жалпы технологияның элементін игеру үшін тәуелсіз технология ретінде қолданылады. Ойын - баланы әлеуметтендірудің ең күшті құралы, өмірдегі әртүрлі жағдайларды модельдеуге, одан шығудың жолын іздеуге мүмкіндік береді. Ойын адам ретінде өзін-өзі тану саласы ретінде өте маңызды.

Quizizz- бұл мұғалімдер ойын түрінде әртүрлі викториналар мен сауалнамалар жасай алатын, сонымен қатар интерактивті сабақтар жүргізе алатын платформа. Бұл платформада сабақты әртүрлі форматта өткізсе болады. М ысалы топқа бөліп немесе жеке жұмыстарда ойнатса, оқушыларды бақылап кімнің сабаққа атсалыса қатысып отырғанын, кімнің сабаққа жақсы дайындықпен келгенін көруге болады. Оқушыларға бұл форматта өткен сабақтарға қызығушылықтарын туғызды.

Платформа Wordwall (<https://wordwall.net/ru/myactivities>)- оқу тапсырмаларын жасауға арналған көпфункционалды құрал болып табылады. Қарапайымдығы ондағы дайын үлгілер (шаблондар) интерактивті тақтада ойнатылады. Бұл платформа оқушылардың назарын өзіне аударта алды. Себебі көпфункционалды топпен немесе жеке

түрде тапсырмалар орындатып сабақты қызықты форматта өткіздім. Барлық балалар осындай ойын түрінде өткен сабақтарға атсалыса қатысып, қызығушылықтары артты.

Инновациялық технологияларды кеңінен енгізу мектеп оқушыларының білім сапасын, танымдық белсенділігі мен оқу мотивациясын жақсартуға жағдай жасайды. Қазіргі білім беру технологияларын қолдану нәтижесінде: - Мен сабақ берген сыныптар бойынша білімнің тұрақты сапасы (55-65%), инновациялық технологияларды қолданғаннан кейін сыныпта оқушылардың 70-80% сабаққа деген қызығушылығы артты. - Оқушылардың мотивациялық сферасын диагностикалау нәтижелері оқу-танымдық мотивтердің тар көзқарастарға қарағанда басым екенін көрсетеді. Осылайша, мен тиімді қолданған осы технологиялар - баланың жеке басын Жалпы қазіргі ғылым мен техниканың ғарыштап дамып келе жатқан заманында инновациялық әдістерді яғни жаңа технологияларды оқу-тәрбие процесінде қолдану өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білім деңгейін жаңа өмір жағдайына сай дәрежеге жеткізу үшін өте маңызды және қажетті болып отыр.

Күнделікті сабаққа инновациялық әдістерді пайдалану айтарлықтай нәтиже беріп келеді. Заман ағымына сай инновациялық әдістерді пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тындаумен қатар, түсінбей қалған сәттерін қайталап көрге немесе тыңдауға, алған мағлұматтарды нақтылауға мүмкіндік береді. Оқушылар өздері де алынған ақпараттарды көшіріп алып онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады. Мұның барлығы білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқушылардың жүйелі ойлауларына, құндылық бағдарламалардың қалыптасуын туғызады. Ендеше оқушылардың дүние танымын кеңейтудің, олардың белсенділік қабілетімен біліктерін жетілдірудің қоғамдық мәні зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Білім әлемі. 30. 10. 2004. - № 5. – Б. 21-26.
2. Войткевич Н.Н. Как создать ситуацию выбора. Химия в школе. - 2007. № 6. С. 24-26.
3. Бессонова Е.А. Сравнительный анализ педагогических условий образовательного выбора в школах Европы: Дисс канд.пед.наук. - СПб., -2005. – 95 с.
4. Третьякова Т.П. – Гимназия «Классическая», г. Тольятти, 2000. – 23 б.

МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ «КӨКСЕРЕК» ПОВЕСІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Мендибаева М.Б., Тютөбаева Ж.У.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушылары, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі- Қызылорда қ., Қазақстан

Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігімен ықпалдаса дамуы әлемдегі бәсекеге қабілетті елдердің қатарына кіру қажеттілігінен туындайды. Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады деп атап өтілуі білім берудің жаңа ғасырдағы мемлекеттік сұраныс екендігін айқындай түсіп, бүгінгі жас ұрпақтың білімді де білікті азамат болып тәрбиеленуін талап етеді.

Бүгінде еліміз білім беру мекемелерінен тәуелсіз мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы өр талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр. Ұстаз алдындағы мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптастуына ықпал ету. Тұлғаны жан-жақты жетілдіруде таным баспалдақтарына жетелер дағды – машықтарды қалыптастыруға жол ашатын оқыту мен тәрбие технологиясын жете білу, меңгеру, біліктілігін арттыру, әлемдік даму үрдісіне қатысар тұлға даярлау.

Тұңғыш Президентіміз өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана».[1] Осы жолдардан ұққанымыздай Әуезов шығармаларының құндылығы күн өткен сайын артуда.

Өзім ұстаздық қызмет атқаратын М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі де жан жақты дамыған, бәсекеге қабілетті педагог даярлайтын іргелі оқу орны. «Негізгі білім беру» мамандығы бойынша «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» біліктілігінде жүргізілетін «Қазақ әдебиеті» пәнінде М.О.Әуезов шығармалары міндетті түрде оқытылады.

«Қазақ әдебиеті» білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, креативті тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелейді. Әдебиет – жан дүниені, көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы ақыл иесі адамды жетелеп алатын дүние.

Мектепте М.Әуезов шығармашылығын оқытуды тұтастай қарастырып, іргелі еңбек жазған Қ.Бітібаева «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» атты оқу құралында: «Әдебиет пәні жас жеткіншектерге жай ғана білім беріп қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді. Әдебиет пәнінің әр сабағын адам бойындағы асқақ арман, берік сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді ең мөлдір сезімдер мен кісілік қасиеттер туралы сырласу сабағы десек болады. .. Бұл пән жас қауымды мақсатты өмір сүруге үндейді, оны туған анасын сүйуден Отанын сүйуге, бүкіл адамзатты сүйуге дейін жетелейді». [2]

Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орнын аяқтап, мектеп табалдырығын аттаған жас маман теориялық және практикалық біліммен толық қаруланғанымен, әлі де болса тәжірибесі аз болары сөзсіз. Сондықтан колледж қабырғасында жүрген уақытында М.Әуезов шығармаларын жетік меңгеруі тиіс. Мектеп бағдарламасына сай 5-11 сынып аралығында автордың М.Әуезов «Біржан сал Абай ауылында», «Көксерек» т.б. шығармаларына сабақ жоспарын құрастырып, сабақ кезеңдерінде тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап, оқушылармен қарым-қатынас жасай білу – ұстаздың құзыры.

«Көксерек» повесі бойынша жұмыстарға тоқталсақ. Шығарманың тақырыбын оның идеясынан бөліп қарауға болмайды. Жазушының шындық болмыстан таңдап, толғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының түйінін тақырып дер едік.

Жазушы шығармашылық процестің алғашқы кезеңінде өмірдің әр алуан құбылыстарын зерттейді, тексереді. Әрине, бұл құбылыстардың ішінде ірісі де, ұсағы да, маңыздысы да, маңызсызы да, күрделісі де, кездейсоғы да – бәрі де бар. Осының бәрі - болашақ шығарманың материалы. Бірақ жазушыны өмірде болатын кез - келген құбылыс жаппай қызықтыра бермейді. Ол өз мақсатына керек құбылысқа ғана қызығады. Болашақ көркем шығармаға негіз болатын да сол - суреткер қызыққан құбылыс.

Қандай шығарма болсын, белгілі пікірді - идеяны үндейді. Идеясыз көркем шығарма болмайды. Тақырып, оқиға және оның құрылысы, шығармада катысушылардың араларындағы тартыс, оларды суреттеу әдістері - түптеп келгенде, жазушының сол шығармадағы айтайын деген идеясына бағынады. «Көксерек» әңгімесінде жазушы қасқырдың мінез-құлқы, өзіне тән табиғи қасиеттерін тақырып етіп алып, айналаны қоршаған табиғаттың өз заңы, өзіндік ерекшелігі бар, оны адамдардың түсіне білуі қажет деген ойды білдіреді. Сөйтіп бұл шығармада Мұхтар Әуезов табиғат пен адам арасындағы байланысты, түсіністікті негізгі идея етіп көрсетеді.

М.О.Әуезов "Көксерекі" - реалистік әдебиет дәстүрі тудырған мотивтерді шеберлік палитрасындағы сан алуан бояулар мүмкіндігін өз мұратына орай өнерпаздықпен шақырту арқылы жазылған жаңа тынысты шығарма. Автор шағын көлемге мол мағына сыйдырған.

Негізгі тапсырмалар қатарына төмендегілерді орындатуға болады.

1.«Көксерек» әңгімесінің тақырыбын, идеясын ашатын мақал- мәтелдерді жаз.Мақал-мәтелдердегі көркемдегіш сөздердің астын сыз, түрін анықта. (теңеу, кейіптеу, метафора).

2.Мына сөздердің мағынасын қалай түсінесің? «Көксеректе қазірде бұрын ешқашан білінбеген долылық бар еді. Туғаннан бері барлық көресі осыдан-екі аяқтыдан дегендей жығылып, домалап жатқан балаға тап берді».

3. Көксеректің қасқырға тән қасиетін неден көруге болады ? Қасқырға тән деп қандай қасиеттерді айта алар едің? (әңгіме бойынша)

4. Шығарманың сюжетіне сүйене отырып, баяндау реттілігін анықтаңыздар.

1. Оқиғаның басталуы:

2. Оқиғаның дамуы:

3. Оқиғаның байланысы:

4. Оқиғаның шиеленісі:

5. Оқиғаның шарықтау шегі:

6. Оқиғаның шешімі:

5. Өз ойыңызды жазыңыз.

Егер адамдар Көксеректі ауылына әкелмей, апанында тірі қалдырса, оқиға қалай болар еді? Көз алдыңызға елестетіңіз. [3]

Сонымен қатар, сыныпты топтарға бөліп, сабақ өту әдісі . Бірлескен топтық жұмыс – қазіргі оқыту үдерісінде нәтижеге бағытталған білім сапасын қамтамасыз етудің тиімді жолы. Топтық жұмыс барысында студенттердің қарым-қатынас дағдылары дамиды.

Топтағы бірлескен жұмыстың мақсаты		
Әлеуметтік	Эмоционалдық	Танымдық
Тәжірибе, идеялармен алмасу	Топтық жекелеген мүшелерінің білімі мен тәжірибесіне сүйену	Жұмыстың баламалы амалы туралы идеялар табу, пікір алмасу
Мәселені бірлесіп шешудің амалын табу	Күрделі тапсырмаларды орындау үшін қолайлы орта қалыптастыру	Маңызды дағдылар, идеялар, түсінікті дамыту

Осы топқа бөле отырып, Қ.Бітібаеваның ұсынған әдістеріне негізделген тапсырмаларды қарастыруға болады.

«Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша:

I топ: Абайдың қалыптасу, жетілу, кезеңдерін эпопеядағы оқиғаларды жинақтай отырып, әр бөлімге тоқтала отырып, кесте үлгісінде көрсет. Абайдың сөйлеу тілінен мысал келтіріп, оның образды ашудағы рөліне тоқталыңыз.

II топ: Эпопеядан Абай туралы жылы лебіздерді топта. Ол лебіздер Абайдың қандай іс-әрекетіне байланысты айтылған?

III топ. Абайдың эпопея бойынша демократтық, гуманистік көзқарастарын дәлелде. [4]

Колледжде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына қарасты «Ә.Қоңыратбаев атындағы қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі» кабинеті жоспарына сәйкес «М.Әуезов шығармаларының тілі және көркемдік ерекшелігі», «Әңгімелерінің негізгі тақырыптары, кейіпкерлер әлемі», «READx», прозаларын жатқа айтудан байқаулар, дөңгелек үстелдер, пікірсайыстар жүйелі түрде жүргізіліп тұрады. Студенттер «READx» бағдарламасы бойынша автордың оқыған шығармаларын талқылап, өз болжамдарын айтып, ой бөліседі. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің әдебиетші ғалымдарымен де кездесулер ұйымдастырылып, жазушы туындылары, «Абай жолы» роман-эпопеясы кеңінен талданып тұрады. Барлық топ «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша «Шығармашылық дәптер»

жүргізіледі. Осы дәптерді студенттер өздері оқыған ақын-жазушылардың шығармаларына композициялық талдау жасауда, кейіпкерлеріне мінездеме беруде тиімді падаланады.

Қазіргі таңдағы білім алуудағы басты мақсат: жастардың өз елінің нағыз патриоты бола отырып, өз елінің дамып, әлемдік аренада өз орнын айқындайтындай мемлекетке айналуына септігін, жаңа технология меңгерген, қоғамға адал қызмет ететін тұлға болып қалыптасу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы, 2017жыл.
2. Қ.Бітібаева «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары». – Алматы.
3. С.Ч.Тұрсынғалиева, Г.Р.Бәкенова Қазақ әдебиеті: Әдістемелік құрал. – Астана: «Арман-ПВ», 2013.
4. Қ.Бітібаева Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997.
5. Қ.М.Байтанасова, С.Ш.Айтуғанова Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Оқу құралы.- Астана: Фолиант, 2008.

СОЗДАНИЕ СИТУАЦИИ УСПЕХА НА УРОКЕ РУССКОГО ЯЗЫКА В ШКОЛЕ

Жаулыбаева А.Б.,

группа РЯЛ-19-2- г.Ақтау, Казахстан

Научный руководитель: Битикова А.И., *магистр пед. наук, ст. преподаватель кафедры «Мировые языки», Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова, г. Ақтау, Казахстан*

Модернизация процесса обучения неуклонно ведет каждого педагога к пониманию того, что необходимо искать такие педагогические технологии, которые бы смогли заинтересовать учащихся, мотивированно изучать предмет.

Что необходимо для того, чтобы наши учащиеся самостоятельно могли открывать новые знания, оценивать свой труд и, в конечном итоге, показывать высокие результаты по предмету?

Учитель должен создать источник внутренних сил учащихся, рождающий энергию для преодоления трудностей, желания учиться, создать такие условия, в которых ребенок испытывал бы уверенность в себе и внутреннее удовлетворение; он должен помнить, что ребенку необходимо помогать добиваться успеха в учебной деятельности. А для этого нужно – создавать ситуации успеха.

Тема, связанная с созданием ситуации успеха, интересует многих учителей. Педагоги понимают, что обучение и воспитание будут способствовать развитию учащегося в том случае, если у него возникнет интерес к учению.

Ситуация успеха (с педагогической точки зрения) - это такое целенаправленное, организованное сочетание условий, при которых создается возможность достичь значительных результатов в деятельности как отдельно взятой личности, так и коллектива в целом. Теоретический анализ указанной проблемы, передовой педагогический опыт убеждают, что наиболее конструктивным решением является создание таких психолого-педагогических условий в обучении, в которых обучаемый может занять активную личностную позицию, в наиболее полной мере выразить себя как субъект учебной деятельности.

Одна из составляющих ситуации успеха – создание у ребёнка мотивации, т.е. желания учиться. И поэтому на уроках русского языка можно использовать ряд упражнений и педагогических приёмов, позволяющих формировать и развивать мотивацию.

Создание ситуации успеха на уроке - методы, позволяющие активизировать учебный процесс, побудить обучаемого к творческому участию в нем. Учитель приучает во время

опроса отвечать, начиная словами: “Я знаю, что...” Я уверен в том, что..., Я думаю, что..., По – моему мнению, ..., По-моему..., Ответ на этот вопрос содержится в ситуации когда растёт на глазах уверенность учеников в своей лингвистической компетенции[1., с. 39].

Создание ситуации успеха на уроке является одним из технологий активного метода обучения.

А. Вербицкий интерпретирует сущность этого понятия следующим образом: активное обучение знаменует собой переход от преимущественно регламентирующих, алгоритмизированных, программированных форм и методов организации дидактического процесса к развивающим, проблемным, исследовательским, поисковым, обеспечивающим рождение познавательных мотивов и интересов, условий для творчества в обучении [2., с. 21].

М. Новик выделяет следующие отличительные особенности активного обучения [3., с 28]:

- принудительная активизация мышления, когда обучаемый вынужден быть активным;
- достаточно длительное время вовлечения обучаемых в учебный процесс, поскольку их активность должна быть не кратковременной и эпизодической, а в значительной степени устойчивой и длительной (т.е. в течение всего занятия);
- самостоятельная творческая выработка решений, повышенная степень мотивации и эмоциональности обучаемых.

Активные методы обучение в форме различных игр, таких как «Улыбнемся друг другу», «Поздоровайся локтями», «Дружеское рукопожатие», «Поздороваемся глазами», «Галерея портретов» используются на уроке для создания ситуации успеха с целью задать нужный ритм, обеспечить рабочий настрой и хорошую атмосферу в классе.

Для создания на уроке ситуации успеха наиболее эффективным методом является проблемная ситуация. Учитель ставит перед учащимися вопрос, а они самостоятельно изучают предложенную тему. Отбирают необходимый материал и представляют его в интересной форме. Можно использовать следующие задания:

«Кто прав?» - Можно разбить класс на группы и поставить перед каждой группой определенную задачу, решать которую учащиеся будут самостоятельно. Используя учебники, энциклопедии и т.д. Например, причастие – это самостоятельная часть речи или форма глагола?

«Спешим на помощь» учитель просит учащихся оказать помощь в объяснении какой-либо темы или решении какого-нибудь вопроса.

Как пример возьмем метод в форме игры «Поздоровайся локтями». По правилам игры предлагаем всем рассчитаться на «один, два, три, четыре» и сделать следующее:

- каждый из участников, школьников «номер первый» складывает руки за головой, так чтобы локти были направлены в разные стороны;
- каждый из участников, школьников «номер второй» упирается руками в бедра так, чтобы локти также были направлены вправо и влево;
- каждый из участников, школьников «номер третий» кладет левую руку на левое бедро, правую руку - на правое колено, при этом руки согнуты, локти отведены в стороны;
- каждый из участников, школьников «номер четвертый» держит сложенные крест-накрест руки на груди (локти смотрят в стороны).

Эта веселая и смешная игра ломает старые, привычные стереотипы и помогает налаживать контакт между учениками. Такая игра позволяет учителю весело начать урок, размяться перед более сложными упражнениями.

Самым важным для учителя-педагога считается включение в урок по созданию ситуации успеха, таких методов как «Список покупок», «Дерево ожиданий», «Лицензия на приобретение знаний», «Поляна снежинок», «Разноцветные листы». Они позволяют учителю лучше понять класс и всех учеников, материалы, которые получили, можно использовать для подхода каждому ученику. Проведение таких методов происходит

раздачей вырезанных из бумаги снежинок, яблок, лимонов, разноцветных листьев и предлагает попробовать более четко определить, что они ожидают и хотят получить, отчего опасаются в сегодняшнем уроке, записав и прикрепив на определенную поляну дерево и т.д. После их выполнения можно рассмотреть были ли достигнуты данные цели, пожелания, опасения и в конце подводятся итоги.

Созданию ситуации успеха способствует использование педагогом в учебно-воспитательном процессе групповой работы под названием «Корзина идей».

Проведение метода:

- Учитель задаёт вопрос о том, что известно по теме.
- Каждый ученик постарается вспомнить и записать в тетради все, что знает по теме, это является индивидуальной работой учащихся.
- Ученики обмениваются информацией в парах или группах.
- Каждая группа должны назвать одно сведение или факт, но нельзя повторять ранее сказанного.
- Все данные сведения кратко записываются учениками в «корзине идей», даже если они ошибочны [4., с. 44].

В конце все ошибки исправляются по мере освоения новой информации.

Во многом учителя для обучения новой темы используют такие активные методы как «Инфо-угадайка», «Кластер», «Мозговой штурм», с целью предоставить учащимся основные направления для дальнейшей индивидуальной работы. По теме, которая была записана на доске, ученики будут выделять ключевые моменты и записывать их в секторы. Некоторые ученики не могут правильно составить кластер. Чтобы составить кластер не нужно списывать, просто надо записывать ключевые и основные моменты, термины. По этому кластеру ученики будут объяснять новую тему или материал. Например, для составления кластера по теме русского языка «Имя прилагательное» для 3 класса: имя прилагательное берём в кружочек, подносим стрелочки и к каждому из них записываем – часть речи, признак предмета, вопросы (какой? какая? какое? какие?), изменение по родам, числам и падежам, синтаксическую функцию в предложении.

В старших классах действуют другие механизмы создания ситуации успеха. Многие ребята нацелены на получение основательных знаний, хороших оценок. Они знают, что только упорный труд будет по достоинству оценён. Учитывая возрастную особенность, можно использовать разноуровневые и групповые задания, помогающие самостоятельному изучению темы. Учащиеся получают раздаточный материал. На нем один из пунктов правила, затем предложения с подробным анализом этого языкового явления и, наконец, упражнения «Проверь себя» с ключами. Аналогичная работа проводится по следующему пункту правила. Задача учителя координировать действия учащихся и помогать отстающим. В конце урока многие получают хорошие отметки.

Большое подспорье для современного учителя – интернет. Желание старшеклассников работать с компьютером можно использовать во благо. Например, привлекая интернет-ресурсы, ребята легко выполняют задания, где выбирают верное объяснение лексического значения слова.

А создавая собственную презентацию, ученик не только систематизирует знания по лингвистической теме или по творчеству писателя, но и поднимает свой авторитет среди товарищей, ведь он создал наглядный иллюстративный материал. Излишне говорить о том, что такая работа всегда гарантированно оценивается отличной оценкой, а значит налицо ситуация успеха.

Таким образом, уроки русского языка с использованием создания ситуации успеха на уроке станут интересными не только для учеников, но и для учителей. Ведь данная работа обладает рядом преимуществ перед традиционными методами обучения; что в основе лежит развитие познавательных навыков учащихся, умений самостоятельно конструировать свои знания, ориентироваться в информационном пространстве, развитие критического и творческого мышления

ЛИТЕРАТУРА

1. Подгаецкая И.М. Воспитание у учащихся интереса к изучению русского языка. М., «Просвещение», 1985. – 115 с.
2. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход - М.: "Высшая школа", 1991. - 207 с.
3. Активные методы обучения: рекомендации по разработке и применению / Под ред.: М.М. Новик, Е.В. Зарукина, Н.А. Логинова - СПб.: СПбГИЭУ, 2010. – 259 с.
4. Такие разные уроки... Путешествие в Соединённые Штаты Языкознания (повторительно-обобщающий урок по материалу 5 класса). Ж. «Русский язык в школе», 1996, №1, с.43.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ТӘРБИЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Оспанова Г.Е.

*Е.С.Бозғұлов атындағы 249 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазақстан*

Бүгінгі қоғамдағы басты шарттардың бірі ретінде балаға берілетін тағылымды тәрбиені атап өтсек қателеспейміз. Жаһандану заманында, баланың қоршаған ортасы техника әлеміне айналған ғасырда рухани құндылық тәрбиесі басты орынға шығып отыр. Болашақ жас ұрпақты кітап оқу арқылы адамгершілікке, кішіпейілділікке, мейірбандыққа баулу өзекті мәселенің біріне айналды.

«Тағылым» деген сөздің мағынасы кең, ауқымды, тереңірек. Оған бүкіл тәрбие мәселелері кіреді. Оның сыртында, поэзия тағылымы, ақын-жазушылар тағылымы, билер мен шешен сөздер, қанатты сөздер мен нақыл сөздер тағылымы, мақал-мәтелдер тағылымы, батырлар тағылымы, қоғам қайраткерлерінің тағылымы, ескерткіштер тағылымы, қажет десек, Ыбырай, Абай, Мұхтар, Ғабит, Бауыржан, Мұқағали, Махамбет, Қадір және т.б. тағылымдарын атауымызға болады. Осының ішінде Ыбырай шығармаларына тоқталайық.

Ыбырай Алтынсарин өзінің саналы ғұмырын балаға саналы тәрбие мен сапалы білім беруге арнаған бірден бір ғұлама. Педагогтік, ағартушылық мақсатына орай ол төл әңгімелерінде, тәрбиелік мәні зор тақырыптарды көтерді. Қазақ балаларын ең алдымен адал еңбекке баулып, өнер іздеуге, талабын шыңдауға шақырады. Ата-ана мен бала қарым-қатынасы немесе ізгілік, үлкенді құрметтеу жайы, адал достықты ардақтап, жамандық пен надандықты әшкерелеу, жалқаулықты сынау Ы.Алтынсариннің әңгімелері мен аударламаларындағы өзекті мәселелер болды [1].

Ағартушының «Бай баласы мен жарлы баласы» деген әңгімесінде екі түрлі тәлім-тәрбие көрініс табады. Басты кейіпкерлері Асан мен Үсеннің тұрмыс-тіршілігін суреттей отырып, олардың іс-әрекеттеріне баға береді. Ойнап жүріп, елден адасып, қиындыққа тап болған балалар тағдырдың тартуын әр түрлі қабылдайды. Бай баласы Асан өмірден баз кешіп, сары уайымға салынып, аһ ұрса, жарлы баласы Үсен байсалдылық танытып, саналы, сабырлы түрде әрекет жасай бастайды. Жарлы баласының тапқырлығы, төзімділігі арқасында екеуі аман-есен ауылына оралады. Екі қарсы мінезді суреттей отырып, автор қоғамда балаға тәрбие беруде кететін кемшін тұстарды нақты көрсете білді. Асан арқылы ол жалқау, қорқақ, ойсыз, қыңыр мінезді бай баласын танытса, Үсен бейнесінен еңбексүйгіш, тапқыр, ақылды, іске икемді, сабырлы асыл мінездерді байқауға болады. Баланы жастайынан еңбекке баулыған ата-ана баласының болашақтағы өміріне алаңдамауына болады. «Еңбектің наны тәтті» дегендей, Үсен басына қара бұлт төнгенде Асан тәрізді шыдамсыздық танытпай, ақылмен шешіп, жолын табады. Сондықтан, бай баласы бол, жарлы баласы бол бірақ өмір сынақтарына қарсы тұра алатындай батыл жүректі болу керек деген тұжырым жасайды.

Еңбек тақырыбымен қатар адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеуге байланысты да әңгімелері жетерлік. «Бақша ағаштары», «Мейірімді бала», «Асыл шөп», «Жаман жолдас», «Әке мен бала», «Шеше мен бала» тәрізді шығармаларын жас ұрпаққа оқытып, тәлім-тәрбие беруге болады. Шығармаларында әке деген құрметті атты да жоғары дәріптейді. «Бақша ағаштары» әңгімесі де әке мен баласының арасындағы сұхбаттасудан өрбиді. Күнделікті көріп жүрген қарапайым ағаш бұтағының өсуі арқылы тәрбиенің қыр-сырын ашады. Бір ағаш қисық өссе, келесі ағаш түзу болып өседі. Оның бәрі бағбанның күтім жасауына байланысты екендігі айтылады. Ал бала бағбаны ата-ана екені баршамызға аян. Сондықтан баланың қисық ағаштай қыңыр да сүйкімсіз болуы да, түзу, әдемі, сырт бейнесі жан дүниесімен үйлесім тапқан азамат болуы да отбасында көрген тәрбиеге байланысты екендігін керемет айта білген. Оны әңгімедегі әкесінің мына сөздерінен аңғаруымызға болады: «Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен де өзіңе ғибрат алсаң болады, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің» [1].

Келесі бір ғибратқа толы шығармаларының бірі – «Таза бұлақ». Әңгіменің негізгі арқауына айналған тазалық, имандылық, адалдық тақырыбы үш жолаушының бұлақ басындағы диалогтарында көрініс табады. «Әй, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол» деген жазуына әр жолаушы түрлі пікір білдіреді. Саудагер өз тұрғысынан баға беріп: «Бұл жазылған ақыл сөз екен, бұлақ тоқтамай тынбай ағып, алыс жерлерге барады, бара-бара кеңейіп, үлкейеді, бөтен бұлақтар құйып, сөйте бара үлкен өзен болады. Нәтижесінде: сен де, адам, тынбай қызмет қыл, еш уақытта жалқауланба, сөйтсең мұратыңа жетесің» десе, екінші жолаушы мүсәпір молда: «Бұлақтан қай кезде болса да кез келген жан жанына рахат тауып, шөлін қандыра алады және ол үшін ешкімнен ақы сұрамайды. Сондықтан бұдан шығатын қорытынды біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе» десе, үшінші жолаушы көркем әдемі жігіт: «Егер бұл бұлақ суы бір орында тынып тұрса, лайланса, бұған ешкім ынтық болмас еді. Тынбай ағып тазаланғаны үшін де қадірлі. Жазудың мағынасы: көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақтасаң, жаның да осы бұлақ тәрізді айқын, мөлдір болары сөзсіз» деп ойын білдіреді.

Бұл шығарманың негізгі түйіні – адамның жаны рухани дүниесі бұлақ тәрізді таза болса, адамдарға деген пейілі де таза болады.

«Жаман жолдас» әңгімесінің де қазіргі таңда өзектілігі артып отыр. Аюға кездескен екі жолдастың бірі әлсіз, аурушаң болса, екіншісі дені сау, мықты жас жігіт өз әлдеріне қарай әрекет жасайды. Аурушаң бала қашуға әл-дәрмені жетпей жерде өлген кісі бейнесінде жата қалса, екіншісі ағашқа өрмелеп шығып, өз жанын ғана құйттеп кетеді. Сөйткен аю да жатқан балаға тимей өз жөнімен кетеді. Ағаштан түскен бала таңданысын жасыра алмай, аюдың не дегенін, қалай аман қалғандығын сұрағанда, «Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма» - дейді. Әңгіменің басты идеясы – қиындықта тастап қаша жөнелетін жандардан бойды аулақ ұстау. Бір рет сатқындық жасаған адам, келесі жағдайларда да өзін дәл солай ұстау мүмкіндігі баяндалады.

Ағартушының тек прозалық шығармалары емес, өлеңдері де тәрбиелік ұғымдарға толы. Келесі өлең жолдары соның дәлелі іспеттес.

Мал дәулеттің байлығы,
Бір жұтасаң жоқ болар,
Оқымыстың байлығы,
Күннен-күнге көп болар,
Еш жұтамақ жоқ болар, - десе,
келесі «Балғожа бидің баласына жазған хаты» өлеңінде:
Атаңды сағындым деп асығарсың,
Сабаққа көңіл берсең басыларсың.

Ата-ананды өнер білсең асырарсың,
Надан боп, білмей қалсаң аһ ұрарсың.
Міне, осы өлең шумақтары арқылы баланың ойына ой салып, бойына жақсылық дарытуға болатындығы айқын. Ал,
Араз бол, кедей болсаң ұрлықпенен,
Кете бар кесе басың шындықпенен!
Қорек тап бейнеттен де тәңірің жәрдем,
Телмірме бір адамға мұндықпенен, - деген өлең жолдары арқылы ұрлықтан аулақ болып, тек адал жолмен жүріп, еңбекпен тапқан нанның тәтті екендігін ұғындыруға болады.

Ыбырай шығармаларының тілі жатық, оқыған адамға түсінікті, айтар тағылымы мол дүниелер екені даусыз. Шығармаларды жас ұрпаққа дәріптеу М. Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінде де өз дәрежесінде жүргізілуде. «Жас толқын» жас ақындар клубының және «Ә. Қоңыратбаев атындағы қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі» кабинетінің жұмыс жоспарына сай жүйелі жұмыстар жасалады. Әр оқытушы өз сабағының тәрбиелік мақсатына сай Ыбырай шығармаларының тағылымды тәрбиелік мәселелерін қарастырып отырады. Қадыр Мырза Әли ағамыз «Адам болып оңай туғанмен, Адам болып қалуың қиын» деп өтсе, Ыбырай ағамыз да «Бәріміз бір адамның баласымыз, Жігіттер, бір-біріңе қарасаңыз» деп мына өмірде баланың ең алдымен Адам болып қалыптасуына зор ықпал жасауымыз қажет екендігін байқаймыз. Ыбырай еңбек сүймей, жалқау болып өскен адамдар қулық-сұмдықпен күн көруді өзіне мақсат ететінін, ал мұның өзі барып тұрған жаман қасиет екендігін, олай болса үлкендер балаларды кішкентайынан еңбекке баулу қажеттігін естерінен шығармауынан ескертеді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей, жасөспірімдердің басында кездесетін түрлі жаман мінездерді семьядағы тәрбиемен терең астастырады [3].

Оқырмандарының басым көпшілігі жас буын болғандықтан, шығармаларын көбінесе әке мен баланың, шеше мен баланың, достардың арасындағы шағын әңгімелерге құра отырып, соңында адамгершілік, мейірімділік, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, байсалдық, өжеттік, адалдық жөнінде тәрбиелік тағылымы мол түйіндер жасайды.

Ыбырайдың өзі айтқандай, «Бағың өскенше тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң өзің ғана тілейсің» дегендей, бала жүрегіне нұр құюшы ата-ана мен ұстаздың рөлі айқындала түскендей.

Қанатын кеңге жайған, тамырын тереңге жіберген Тәуелсіз мемлекетіміздің білім шаңырақтарында жас ұрпақты тәрбиелеуде жан-жақты қолданыстағы Ыбырай еңбектері бүгінгі таңда өз құндылығын жоймақ емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. С.Мақпырұлы, Т.Сыздықов Қазақ әдебиеті. I бөлім: Оқулық. Астана: Фолиант, 2007. – 192 б.
2. Ы.Алтынсарин Кел, балалар, оқылық. Өлең, әңгімелер мен мқал, жұмбақтар. – Алматы: «Атамұра», 2006. – 168 б.
3. М.Жармұхамедов Ыбырай Алтынсарин тағлымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.

ПӘНАРАЛЫҚ (БИОЛОГИЯ, ХИМИЯ, ФИЗИКА) БАЙЛАНЫС АРҚЫЛЫ ПРОБЛЕМ АЛЫҚ ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

С.Ж. Ахметова, З.Ермекбайқызы, Ешпанова Р.А.

*биология пәні оқытушысы, физика пәні оқытушысы, химия пәні оқытушысы,
М.Мәметова атындағы Қызылорда жоғары педагогикалық колледжі
Қызылорда қ., Қазақстан*

Қазіргі жағдайда білім беру ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды процестерінен, ғылымның, техниканың, өндірістің және саясаттың дамуындағы кіріктірілу функцияларының күшеюінен тыс қала алмайды. Біздің қоғам үздіксіз даму үстінде және білім беру жүйесі арқылы адамға (демек, білім сапасына) үйренуге (яғни үнемі өзін-өзі білім алуға, әрекеттердің жаңа түрлерін дамытуға), зияткерлік және физикалық дамуға (себебі технологияға қол жеткізу тек зияткерлік дамыған адамдар үшін қолжетімді), ойлау қабілеті мен шығармашылық әрекет етуге жаңа талаптар қояды. Осы сапалардың көпшілігін оқу үрдісіне кіріктірілген курстарды, кіріктірілген сабақтарды енгізу, компьютерлік технологияларды, мұғалімдердің әлемді тез ұмытылатын, шынайы өмірде қолданылмайтын бөлшектелген шағын ақпарат пен түсініктер ретінде емес, біртұтас әлем ретінде көруге үйретуге ұмтылысын қолдану арқылы дамытуға болады.

Осы ретте оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру үдерісінде пәндерді кіріктіру мәселесіне тағы да үлкен көңіл бөлініп, «кіріктіру» («интеграция») термині айтарлықтай танымал болды. Кіріктіру (интеграция) (лат.) бөліктерді қалпына келтіру, толықтыру, бүтінге біріктіру (integer – бүтін) мағынасын береді, және де бұл жай механикалық байланысты емес, өзара ену, өзара әрекеттесу, өзара көзқарасты білдіреді. Кіріктіру – бұл ғылымдардың жақындасу және байланысу үрдісі. Ұлы дидактик Ян Амос Каменский «Өзара байланыста тұрғанның бәрі сондай байланыста оқытылуы керек» деп баса айтқан. И.Г.Песталоцци де оқу пәндерінің өзара байланысының көптүрлігін аша көрсетіп, бір пәнді екінші пәннен бөле қарамаудың қажеттігін айтқан.

Кіріктіру білім алушылардың оқуы және білімді меңгеру үрдісінде маңызды рөл атқарады. Оқытудың бірсарындылығы замануи білім берудің мәселесі болып табылады. Оқу бағдарламасына қандай да бір жаңалық енгізу қиын. Оқу бағдарламасы нақты оқу жетістіктеріне жетуге көмектеседі, бірақ көптеген білім алушылар әртүрлі пәндер бойынша білімдерін ортақ бір бейнеге біріктіре алмайды. Ал кіріктіру білім алушылардың ой-өрісін кеңейтуге, білімдерін жалпылауға, жаңа шешімдерді іздеуге оң әсер етіп, бізді қоршаған әлемге басқа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Кіріктіру біздің әлемде бәрі бір-бірімен байланысты екенін көрсетеді.

Кіріктіру білім алушыларға тиімдірек және орынды әсер ету мақсатында педагогикалық ұжым мен жекелеген мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал ететін жаңа педагогикалық шешімдерді белсенді іздеу бағыттарының бірі ретінде түсініледі [1].

Білім беру жүйесіне қатысты «кіріктіру» ұғымын білім беру мақсаты (білім алушылардың қоршаған дүниеге тұтас көзқарасын құру) және оқыту құралы (пәндік білімдердің жақындасуының ортақ тұғырнамасын табу) ретінде қарастыруға болады [2]. Осылайша, оқу пәндері арасындағы кіріктірілу пәндік жүйені жоққа шығармайды. Ол оны жетілдірудің, кемшіліктерді жоюдың мүмкін жолы болып табылады және пәндер арасындағы өзара байланыс пен өзара тәуелділікті сапалы жаңа деңгейде тереңдетуге бағытталған.

Пәндерді кіріктіру үрдісін ұйымдастырудың негізгі формасы екі немесе үш, тіпті одан да көп педагогтар жүргізе алатын кіріктірілген сабақ болып табылады. Психологиялық-педагогикалық көзқарас тұрғысынан кіріктірілген сабақ оқу материалын табысты меңгерудің шарты болып табылатын білім алушылардың танымдық әрекетін белсендіруге мүмкіндік береді. Кіріктіру кіріктірілетін оқу пәндеріне сәйкес ғылымдардың

туыстығы, зерттеу нысандарының сәйкестігі немесе жақындығы сияқты бірқатар шарттарда мүмкін балатындығын ұмытпау керек. Кіріктіру арқасында білім алушылардың санасында әлемнің жан-жақты және белсенді бейнесі қалыптасады, олар өздерінің білімдерін тәжірибеде белсене қолдана бастайды, өйткені білімнің қолданбалы сипаты білініп, пән жан-жақты ашылады.

Пәнаралық кіріктірілу әртүрлі пәндердің мазмұнды оқу материалын (білімді) біріктіруді көздейді. Пәндерді кіріктіру кезінде әртүрлі пәндердің білім, білік, дағдылары қолданылады. Мысалы, физика мен химия, химия мен биология және т.б. Кейде білім алушының бір пәнді табысы меңгеруі басқа пән бойынша белгілі бір білім мен дағдының болуына байланысты. Бірақ серіктестік нақты көрсетілмесе де, мұғалім өз пәнінің мазмұндық жоспарына қатаң баға бере отырып, өз пәнін «оқшауланған» оқытудың кемшіліктерін мен жеткіліксіздігіне көз жеткізе алады. Өйткені, дүниенің біртұтас екенін, оның сансыз ішкі байланыстармен біте қайнасып жатқанын, сондықтан, бір маңызды мәселені қозғау көптеген басқа мәселелерді қозғамай мүмкін еместігін барған сайын анық түсінеміз. Мұндай жағдайларда салыстыру, сәйкестендіру қажет, ал бұл кіріктіруге негіз болып болады.

Кіріктірілген сабақ мұғалімнен қосымша дайындықты, үлкен эрудицияны, жоғары кәсібилікті талап етеді. Кіріктірілу оқу материалының ерекше үйлесімі ғана емес. Ең алдымен - оқу іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілі. Интеграция сабақты ынтымақтастық бағытына бағыттауға мүмкіндік береді, мұнда пікірлер қарама-қайшы болуы мүмкін, бірақ кез келген пікір онымен келіспесе де, құрметтеледі. Шындығында, кірігу барысында, әр білім алушының қабілетін дамыта отырып, білім мен тәрбие арасындағы шекараны өшіреміз.

Биологиядан кіріктірілген сабақтарды өткізуде ең тиімді технологиялар – ынтымақтастық педагогикасы, топтық технологиялар, проблемалық оқыту, ойын технологиялары, компьютерлік технологиялар.

Биология жалпы білім пәні ретінде пәнаралық байланысты дамытуға, оқыту үрдісін химия, физика, жағрафия, ағылшын тілі, т.б сабақтармен кіріктірілген түрде өткізуге кең мүмкіндіктер береді. Ал интерактивті тақтаны қолдану, интернеттің білім беру ресурстарының көптүрлілігі кіріктірілген сабақтардың тиімділігін арттырады.

Биологияны оқытуда пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру әдістемесі ең алдымен проблемалық жағдаяттарды құру мен шешуде, проблемалық мәселелерді талқылауда, танымдық мәселелерді шешуде жатыр. Осылайша «Жылдам және баяу жиырылатын бұлшықет талшықтарының ортақ қасиеттерін, орналасуы мен құрылысы» сабағында оқушылар «Неліктен бұлшық ет жұмысы нәтижесінде адам денесі қызады және көп мөлшерде жылу бөледі?» деген проблемалық сұрақты шеше алады. Мұғалім зерттеу нәтижесінде анықталған фактіні келтіреді: жұмыс істейтін бұлшықеттен ағып жатқан веноздық қанның температурасы бұлшықетке түсетін артериялық қанның температурасынан жоғары. Ол студенттерді экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар туралы химиядан және энергияның бір түрінің екінші түрге айналуы туралы физикадан алған білімдерін пайдалана отырып, осы фактіні түсіндіруге шақырады. Өсімдіктер мен жануарларды оқығанда оқушылар жасушалардың органикалық заттарының тотығуы нәтижесінде тыныс алу кезінде жылу бөлінетінін білді. Олар жұмыс кезінде тотығу реакциялары бұлшық ет талшықтарында да жүреді, олар экзотермиялық болып табылады және жылу бөлінуімен бірге жүреді. Мұғалім қосымша сұрақ қояды: «Неліктен бұлшық еттердің жұмысы кезінде тұқымдардың тыныс алуына қарағанда жылу әлдеқайда көп бөлінеді?» Физика курсына тоқтала отырып, оқушылар жұмыс істейтін бұлшықеттердің механикалық энергиясының жылу энергиясына түрленуі туралы айтады. Механикалық энергия химиялық байланыстағы энергиядан, бұлшықет талшықтарындағы нәруыздар мен көмірсулардың ыдырауы және тотығуы кезінде химиялық байланыстар үзілгенде бөлінеді. Осы кезде қан плазмасы қызады. Қан түзілген ыдырау өнімдерін – көмірқышқыл газын, суды және басқаларды алып кетеді. Дененің бетінен тер түрінде буланатын су өзімен бірге

артық жылуды алып кетеді (оқушылар булану және оның дене температурасын қалыпты ұстаудағы рөлі туралы дүниетануды, төменгі сыныптарда биологияны, физиканы оқытудан біледі).

«Адам гемоглобині мен миоглобинінің құрылысы мен қызметі» сабағында оқушыларды пәнаралық сипаттағы проблемалық мәселелерді шешуді ұйымдастыруға болады. Мысалы: «Қан плазмасында шамамен 80% су болатыны белгілі болса, қанға суды шприцпен енгізуге болады ма?» Бұл сұраққа жауап беру үшін картоп таяқшаларымен тәжірибені көрсетуге болады. Бірдей өлшемдегі үш картоп текшесін дистилденген суда, 0,9% натрий хлориді ерітіндісінде, 10% натрий хлориді ерітіндісінде орналастырады. Біраз уақыттан кейін олар бірінші және үшінші ыдыстарда текшелердің өлшемдері өзгергенін, ал екіншісінде - ешқандай өзгерістер болмағанын атап өтеді. Тұз ерітінділерінің концентрациясы туралы химия және сұйықтықтардың диффузиясы туралы физикадағы білімдеріне сүйене отырып, оқушылар судың тұздардың жоғары концентрациясына қарай қозғалысы туралы дұрыс қорытынды жасайды: бірінші жағдайда, картоп жасушаларына жылжитыны, себебі олардың цитоплазмасында тұз концентрациясы дистилденген суға қарағанда жоғары және картоптың текшесі ісінеді; үшінші жағдайда - картоп жасушаларынан тұзды ерітіндіге бағытталуы және картоп текшесі суды беруіне байланысты бүріседі; екінші жағдайда тұз концентрациясы жасушалар цитоплазмасында және қоршаған ортада бірдей болып, судың қозғалысы болмайды, картоптың текшесі өзгермейді. Осы эксперимент нәтижелеріне ұқсастық негізінде оқушылар қанға суды енгізуге болмайтынын түсіндіреді. Бұл эритроциттердің оларға судың түсуіне байланысты жойылуына әкеледі [3].

Жоғарыдағы тақырыптар бойынша сабақты өткізу бірнеше пәндерді біріктіруге мүмкіндік береді, осылайша оқушыларда әлемнің біртұтас бейнесін қалыптасады.

Айналадағы әлемді оқытылатын әртүрлі пәндер (физика, биология, химия) призмасы арқылы көретін оқушылар үшін олардың арасындағы байланыстарды ашуға, пәннің ішінен басқа пәнді көре білуге үйрету және өз бетінше қорытынды жасауға үйрету маңызды болып табылады.

Кіріктірілген сабақ екі немесе одан да көп пәндерді бірдей біріктіретіндіктен, сабақты сәтті ұйымдастыру басқа мұғалімдердің көмегін қажет етеді. Сондықтан сабақты бір немесе бірнеше мұғалім өткізуі мүмкін.

Кіріктірілген сабақтар оқушыларға және олардың жаңа нәрселерді біліп тануға деген ұмтылысына жағымды әсер етеді, өйткені бұл сабақтарды бір немесе бірнеше пәндер бойынша өткізу барысында оқушылар әрқашан басқа пәндермен байланыс таба алады, бұл олардың танымдық қызығушылығын тудырады. Демек, кіріктірілген сабақтар оқушылардың мотивациясын дамытуға ықпал етеді.

Кез келген мұғалімнің кіріктіруді кеңейту мен тереңдетудегі белсенді жұмысы – оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің, олардың шығармашылық ақыл-ой операцияларына қабілеттерін қалыптастырудың міндеттерін жан-жақты шешудің маңызды жолдарының бірі. Кіріктірілген сабақтар жаңашылдығымен, пән бағдарламасына баламалы идеялар мен стандартты емес тәсілдерді енгізу мүмкіндігімен жас мұғалімдерді баурап алады. Олар ғылымдарды оқшау оқытудың барлық кемшіліктерін іс жүзінде білетін тәжірибелі ұстаздарды да шабыттандырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Максимов Г. К. К дискуссии об интеграции школьных предметов. // Педагогика. – 1996.
2. Данилюк А.Я. Теория интеграции образования. Изд-во РГПУ, 2000
3. Ильченко В.Р., Перекрестки физики, химии и биологии. Москва «Просвещение» 1986.

ЖОБАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ АРҚЫЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІН ЦИФРЛАНДЫРУ

Темирова С.Д.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Маңғыстау облысы бойынша филиалы, -Ақтау қ., Қазақстан

Қазіргі уақытта жобалық менеджмент жүйесі Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметіне белсенді енгізілуде. Әдіснамалық бөлім үлгілік регламентті және жобалық басқару қағидаларын әзірлеу мен бекітуден тұрады. Жобаларды басқару жүйесінің ұйымдастырушылық бөлігі мемлекеттік органдардың жобалық офисінің жұмысымен, ал ақпараттық қамтамасыз ету бірыңғай ақпараттық жүйенің жұмысымен анықталады.

«Қазақстан-2025» стратегиясы бойынша мемлекеттік органдардың ішінде, бірінші кезекте, ірі өзгерістерді талап ететін жобаларды әзірлеу мен іске асыру сияқты салаларда пайдалану үшін жобалау тәсілдерін тарату бойынша жұмыстар жүргізілетін болады. Ең қазіргі заманғы, мысалы, цифрлық технологияларға байланысты тақырыптар бойынша бағдарламалар мен жобалар әзірлеу үшін Agile сияқты қазіргі заманғы тәсілдер қолданылатын болады [1].

Мемлекет басшысының алға қойған міндеттерін тиімді шешу үшін Қазақстанның Үкіметі дәстүрлі басқару тетіктерімен қатар берілген бағыт бойынша өзгерістер мен тәуекелдерді басқарудың арнайы құралы – жобалық басқару жүйесін енгізді. Халықаралық тәжірибені талдау негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметінде жобалық басқару моделі әзірленді.

Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 мамырдағы № 358 қаулысымен бекітілді. Үкіметте жобалық басқарудың негізгі мақсаты экономиканың өсу қарқынын жеделдету үшін қосымша шараларды іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады. Жобалық басқару департаменті мемлекеттік органдарға жобалық басқаруды енгізу бойынша үйлестірушілік және әдіснамалық қолдау көрсетеді [2].

Жобалық басқару технологиялары жергілікті атқарушы органдар да енгізілуде. Қазақстанда өңірлік деңгейдегі аумақты дамыту бағдарламасын іске асыру офистері құрылды. Өңірді дамыту бағдарламасы аумақты дамыту бағдарламасын және өңірді дамытуға бағытталған басқа да жобалар тобы, жобалар мен шаралар жиынтығын қамтиды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес мемлекеттік органның жобалық офисі дегеніміз жобалық қызметтің барлық қатысушыларымен жобалық қызметтің өзара әрекеті мен үйлесімділігін қамтамасыз ететін матрицалық басқару құрылымы қағидаттары негізінде мүдделі жақтардың қатысуымен мемлекеттік органмен құрылатын ұйымдық құрылым. Жергілікті басқару жүйесінде құрылған аумақты дамыту бағдарламасын жүзеге асыру офистері негізгі 5 базалық бағытта жұмыс жасайды:

1. Адам капиталы;
2. Инфрақұрылымды дамыту;
3. Кәсіпкерлік және индустрия;
4. Агроөнеркәсіптік кешен;
5. Мемлекеттік сектор, мемлекеттік қызмет көрсету, қауіпсіздік және цифрландыру.

Жобалық офистерінің жоба командасы жобалық менеджмент технологияларымен, атап айтқанда, идеяны бастамашылдық ету, оны жоспарлау, жүзеге асыру және бақылау, аяқтау процестерімен толық танысты. Жобалық менеджменттің негізгі мазмұны – жоба идеясы туындағаннан бастап нәтиже алғанға дейінгі процесс бақылауда болатын, шекті ресурстар жағдайында ерекше нәтиже алуға бағытталған процесс [3].

- Мемлекеттік органдарда жобалық басқарудың негізгі мақсаттары болып табылады:

- қазіргі заманғы технологияларға негізделген жаңа ұйымдық мәдениет пен сервистік үлгі енгізу;
- жобалық басқарудың құралдары, әдістері, жақсы тәжірибесі мен стандарттары

негізінде мемлекеттік секторда жобалық басқаруға бірыңғай біріздендірілген тәсілді қамтамасыз ету;

- мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізу дәрежесіне уақытылы басқарушылық шешімдер қабылдау үшін жедел онлайн-мониторинг және жағдаяттық талдау жүргізу;
- республикалық және жергілікті бюджет есебінен, сонымен қатар мемлекеттік жеке меншік әріптестік есебінен қаржыландырылатын жобаларға бастамашылдық ету және іске асыру процестерінің азаматтар үшін ашықтығы мен мөлдірлігі;
- орнықты даму бағытында мақсаттарға қол жеткізу.

Мемлекеттік секторға жобалық менеджмент қағидаларын енгізу түрлі басқару деңгейіндегі мемлекеттік қызметшілерге экономика мен қоғамның дамуының өзекті міндеттерін неғұрлым тиімді шешуге мүмкіндік береді. Жобаларды басқару мемлекеттік басқару жүйесінің құрамы, түрлі мемлекеттік бағдарламалар, жоспарлар мен жобаларды табысты жүзеге асырудың әмбебап кілті болып табылады.

«Цифрландыру жарнама болып қана қалмау керек. Жобаларды таңдауда оның тиімділігіне, қаншалықты ол жобаның өңірге қажетті екеніне көңіл бөлу маңызды

Мемлекеттік басқару жүйесіне жобалық басқару қағидаттарын енгізу бюджеттік жоспарлауды жақсартуға, бюджет құралдарын пайдалану тиімділігін арттыруға, сонымен қатар мемлекеттік инвестициялық жобаларды сапалы жүзеге асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Цифрлы трансформация арқылы мемлекеттік басқаруды жетілдіріп, тиімділігін арттыру, сенімді деректер негізінде шешімдер қабылдау, сондай-ақ цифрлы инфрақұрылымды тиімді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етіп, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді технологиялық өнімдердің есебінен жақсарту. Осындай өр мақсатты орындау үшін Үкімет «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» Ұлттық жобасын қолға алды.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусиннің пікіріне сүйенсек, Ұлттық жоба 10 бағыттан, 26 тапсырмадан, 44 көрсеткіштен және 211 іс-шарадан тұрады. Оларды іске асыру 2025 жылға дейін жоспарланған [4].

«Ұлттық жоба екі блокқа бөлінген. Біріншісі – цифрлы трансформация. Нақты айтсақ, қызметтерді 5 минуттың ішінде көрсету, IT саласын дамыту, халық үніне құлақ асатын және тиімді мемлекет құру, қолайлы өмір сүруге арналған цифрлы құралдарды қолдану, технологиялық және инновациялық бизнесті дамыту, сол секілді сапалы интернет пен ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыттарынан тұрады. Екіншісі – ғылым. Яғни ғылымның кадрлық әлеуетін нығайту. Бұл дегеніміз, ғылыми экожүйенің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, еліміздің дамуындағы ғылымның үлесін ұлғайту, ғылым-өндіріс-бизнес тізбегінің сәтті жүзеге асырылуын қамтамасыз ету және ғылымдағы әкімшілік үдерістерді жетілдіруді білдіреді.

Естуші және тиімді мемлекет тұжырымдамасын іске асыру мақсатында мемлекеттік сектор ішіндегі процестерді онтайландыруға, мемлекеттік органдармен байланыс үшін халықты құралдармен қамтамасыз етуге, мемлекеттік құрылымдардың жұмысын күрделендіретін құжат айналымын төмендетуге бағытталған бірқатар жобаны іске асыру бойынша жұмыс жалғасын табады.

«Естуші және тиімді мемлекет» үшінші бағыты бойынша азаматтармен тікелей диалог орнату үшін «Е-петиция», «Е-өтініш» және тағы басқа тетіктерді құру маңызды, кез келген азамат бұған смартфон арқылы өз бағасын бере алатын болады. Мемлекеттік аппарат ішіндегі процестерді күрделендіретін құжат айналымын 50%-ға төмендету көзделген. Тиімділікті арттыру үшін процестерді, мысалы, жобалық басқару бойынша мемлекеттік

құрылымдар арасында артық хат алмасуды қажет етпейтін заманауи проджект-менеджмент құралдарында жүзеге асырады. [5].

Қорытындылай келе, цифрландыру процесі жаңа деңгейге көшуге дайын болуды, жаңаша ойлауды, жаңа тәсілдерді, жаңа технологиялық өзгерістерді талап етеді. Ол үшін, цифрландыруды аймақтарда жүзеге асыратын цифрлық технологиялар басқармаларына жаңаша көзқарас, яғни оның құрылымына, функцияларында, мамандармен қамтамасыз етілуінде өзгерістер қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары, «Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидалары» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 мамырдағы №358 қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000358>
2. Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 мамырдағы № 358 қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000358>
3. «Ұлттық жобалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 наурыздағы № 188 қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000188>
4. «Егемен Қазақстан» газеті <https://egemen.kz/article/294826-digital-tsifrlly-orkendeudinh-dgoly>

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ІЗГІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ

Базарбаева А.

Ғылыми жетекшісі: Молдабаева К.Р., педагогика ғылымдарының магистрі, М.Мәметова атындағы жоғары колледж оқытушысы-Қызылорда қ., Қазақстан

Бастауыш сынып оқушыларын халық педагогикасы дәстүрлері арқылы ізгілікке баулудағы мұғалімнің басты міндетінің бірі – халықтық тәрбие құралдарын үнемі сабақта және сабақтан тыс тәрбие сағаттарында қолданып отыру. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарыққа шыққаны баршамызға мәлім. Оның басты идеясы – біртұтас ұлт қалыптастыру және қоғамдық сананы өзгерту. «Елбасының соңғы мақаласы Қазақстанда үлкен бір рухани сілкініс туғызды. Аталмыш құжат тәуелсіздікті жаңартқандай болып, қаншама рухани сұрақтарға жауап алды. Президентіміздің атап өткен басты қағидасы – Қазақстан мәдениетін әлемге таныту. Елбасы жастарға жомарт, кең көңілді, мәдениетті, бостандық сүйгіш, адал азамат болуға шақырады. Сондықтан үлкендер бұрынғы салт-сананы іріктеп, жаңа заманға лайықты келтіруі керек. Батыс мәдениетіне еліктемей, өз мәдениетімізді, тілімізді, дінімізді жоғалтпауды ұмытпайық. Сонда Қазақстан халқы өзінің жинап-терген байлықтарын одан сайын молайтып, келешекте дамыған ұлт болады». Елбасының мақалада ХХІ ғасырдағы ұлттық сана туралы толғамдары халықтың ел болып заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірге қадам басуға жетелейді. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Мен Елбасының осы сөздерін толық қолдай отырып, рухани мәдениеттің дамуы

үшін тағылымды ұлттық тәрбиенің қайнарынан сусындап, биік адами құндылықтардың кемелдену барысында әрбір маман иесі кәсіби қызметін жоғары деңгейде жүзеге асыруы қажеттілігін түсінемін. Ел Президенті аталмыш тұғырнамасында білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр. «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі», – деген Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз береді. Осы бағдарда ол бабалар ұлағатымен астасып жатқан зерделі ойы мен парасатты пайымын білдіреді:

Ұмыт болуға айналған бұрынғы ата-баба салты қайта жаңғыртылып, оны мектептерде оқытудың көптеген кешенді бағдарламалары жасалып, оқу құралдары да шығарылған. Еліміз бойынша мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруді іске асыруды көздеген көптеген жалпы білім беру (қазақ мектептері) мекемелері бірнеше авторлық бағдарламалармен жұмыс істеуде. Атап айтқанда: М.Құрсабаевтың «Атамекен», З.Ахметованың «Кәусар бұлақ», Ә.Садуақасовтың «Дәстүр», А.Райымбергенов, айымбергеновалардың «Мұрагер», М.Х.Балтабаев, У.Ж.Серікболовалардың «Елім-ай» эксперименттік бағдарламалары өз нәтижелерін беруде.

М.Құрсабаевтың «Атамекен» бағдарламасы І–ХІ сыныптарға арналған. «Атамекен» – Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үдерісіне қазақ халқының өзіндік ұлттық айшық ерекшеліктерін, халық педагогикасының тәлім-тәрбиелік ұстанымдарын қосалқы енгізуді көздейтін ғылыми-педагогикалық және әдістемелік бағдарлама. Автордың «Қазақ-наме» кітабындағы мәліметіне қарағанда, аталмыш бағдарламамен еліміздің екі жүзге жуық мектептері жұмыс жасаған, оның ішінде Қызылорда облысы мектептерінің тоқсан пайыздан астамы бағдарламамен қамтылған. Бағдарламаның негізгі мақсаттары мен міндеттерінде былай делінген:

«Өз Отаны мен туған жеріне пайда келтіретін, Елінің гүлденуі мен өркендеуіне үлес қосатын, білімді, парасатты, жан-жақты дамыған, өз мемлекетінің Рәміздері мен Ата Заңын, Президентін, ҚР Заңдары мен халықтар достығын құрметтейтін, өз халқының тарихы мен мәдениетін, тілін дінін, ділін салт-дәстүрлерін қастерлейтін, бойында патриоттық сезімі бар тұлғаларды тәрбиелеу ісіне ғылыми әдістемелік тұтқа болу. Қазақстан Үкіметінің білім мен тәрбие саласындағы күрделі іс-шараларына ұйтқы болу, қолдау көрсету.

ҚР Білім тәрбие саясатына байланысты құжаттар мен бағдарламалардың жүзеге асуына жәрдем беру».

Атамекен бағдарламасында 1-4 сыныптар арасында жүргізілетін шығармашылық бірлестік «Балдырғандар ата-баба елінде» деп аталады.

Бірлестік өздерінің талап тілектеріне орай бағыттарын белгілейді. Олар белгілі бір мерзімдер бойынша бірлестіктерге тапсырылып, шығармашылық жұмыстар жүргізеді. Төменгі сыныптарда көбіне-көп бірлестікті бастауыш сынып мұғалімі сабақтан тыс тәрбие шаралары ретінде өткізіп жүр. Мәселен, бағдарламаның бірінші «Салт-дәстүр» бағытын алар болсақ, мұндағы бесікке салу, тұсау кесу, дәстүрлерімен балалар мектептің алғашқы жылынан бастап таныс бола бастайды. Себебі ол дәстүрлер бірде - мектеп оқулықтарынан орын алған болса, енді бірде сол дәстүрлер тәрбиелік іс-шаралардың арқауына айналып жатады. Ал тоқым қағар, бата-тілек, сәлем салты - екінші сыныптың оқулықтарында берілген. Яғни, бастауыш сынып мұғалімі сыныптың әр жылғы тәрбие бағдарламасын жасағанда балалардың түсінік танымына сай материалдарды іріктеп тауып, сонымен қатар оқулықта берілген материалды кірістіруге ат салысады.

Сынып жоғарылаған сайын балалардың түсінік танымы да ұлғая түседі, олар көптеген танымдық материалдарды меңгереді. Балалар қоғам және отбасы ғұрыптарымен танысады. Халықтық діни мейрам-жоралар, Жаңа заман дәстүрлері, «Ата салты» іс-шараларын өткізуге болады. Мұнан басқа, «Атамекен» бағдарламасында Қазақстан территориясында тұратын қазақ халқынан өзге де халықтардың көп ғасырлық тарихы бар салт-дәстүрлері және әдет-ғұрыптармен кеңінен танысады. Мұғалім балаларға өз өмір

тәжірибесінен өзге халықтардың дәстүрі туралы қызықты әңгімелерді сабақ үстінде айтып береді.

Бағдарламаның (5-бағыт) «Сөнбес жұлдыздар» бағытында – мұғалімдер мен оқушылар қазақтың және өзге халықтардың біртуар перзенттері хандар мен батырлар, билер, жыраулар, көрнекті қоғам, саяси, өнер және мәдениет, халық ағарту қайраткерлерінің өмірлері мен қызметтерін терең оқып, танысады. Бұл бағытта балалар қазақтың үш биі Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің есімдерімен танысып, танымдық материалдарда берілген үш бидің суреттерін көріп танитын болады. Сынып жетекшісі тәрбие сағаттарында қазақ билерінің сөзін келтіріп, образдарын сомдайды. Халқымыздың біртуар перзенттері батырлар, хандар өмірлерінен берілген үзінділер арқылы, олардың ел, халық алдында жасаған ұмытылмас үлгі істерінен тәлім алады. Хандар, батырлар жайлы ел аузындағы әңгімелер оқушыларды отансүйгіштікке, елжандылыққа баулитын тәрбиенің таптырмас құралы.

Бастауыш сынып оқушылары «Толғау» бағытында халық ауыз әдебиетінің айтыс, терме, күй, ертегі, аңыздар, эпостық жырлар тәрізді түрлерімен танысып, ондағы кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз іс-әрекеттерін талдайды. Осы аталып отырған ауыз әдебиеті жанрларының барлығы дерлік мектеп оқулықтарында қамтылған. Үшінші және төртінші сыныптың «Әдебиеттік оқу», «Музыка» пәндерінде айтыс жанры, терме, күй, эпостық жырлар берілген болса – «Қазақ тілі», «Дүниетану» «Өзін-өзі тану» пәндерінен ертегі, аңыз, ауыз әдебиетінің ұсақ жанрлары жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаштарды көптеп кездестіреміз. Біз оларды жәй кезіктіріп қана қоймаймыз, олардың бала тәрбиесіндегі танымдық мәні мен тәрбиелік рөлін сабақ үстінде не сыныптан тыс жұмыстарда аша түсеміз.

«Атамекен» бағдарламасы балалардың таным түсінігімен үндесіп жатыр. «Домбыра дастан» бағытындағы қазақтың домбыра, шертер, қобыз, сазсырнай сыбызғы, шаңқобыз секілді аспаптарымен танысу мектептің «Музыка» оқулықтарында да түгелге жуық қамтылған.

«Наурыз» бағытында – мұғалімдер тәрбиешілер және оқушылар Наурыз айының жыл басы екенін қуанышпен тойлайды. Мектепте наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар ұйымдастырылады. Наурыз тойы кезінде әр сыныпта сынып жетекшісі ата-аналардың көмегімен «Қазақы дастархан» жайылады. «Наурыз көже» дайындалып, балалар көжеден дәм татады. Қазақтың құрт, бауырсақ, қазы-қарта, жал-жая қымыз, шұбат, айран ірімшік, жент, майсөк секілді дәстүрлі ұлттық тағам түрлерімен, сондай-ақ үлкендердің дәстүрлі киім (тақия, бөрік, кимешек, тымақ, қамзол, шапан т.б) үлгілерімен танысады. Той кезінде адамдардың бір-бірімен ынтымақтаса қауышып, төс қағыстыра амандасқан, жылы лебіз білдірген қазақы дәстүрлерін көріп, балалар маз-мейрам болады.

Той ойын-сауықсыз өтпеген. Наурыз тойында қазақтың алтыбақан ойынын өткізу үшін алдын-ала алтыбақан құрылады. Шайқалта тепкен алтыбақан мықты болуы үшін, арқандарды мықтап байлайды. Балалар қарама-қарсы тұрып, алтыбақан тепкен ойыншылардың ойынын тамашалайды. Алтыбақан тепкен екі ойнаушының бастауымен жерде тұрған ойыншылар әуенге қосылып ән салады, балалар да қосылады.

«Ою-өрнек», «Бейнелер сыры» бағытында – оқушылар қазақтың киізге (текемет), кілемге, жүк аяққа, сандыққа, аяққапқа, туырлыққа, басқұрға т.б. салынған қазақтың «Қошқар мүйіз», «Қаз мойын», «Өмір жолы», «Түйе мойын» және де қайталанбас зергерлік айшықтар сырымен танысады. Негізінен ою-өрнекті оқыту бастауыш сыныптың бейнелеу өнері мен еңбек сабақтарында да қамтылған. Ұлттық ою-өрнек нақыштарынан баланың бойында өз халқына деген сүйіспеншілік қалыптасып, асқақ сезімге бөленеді

«Ардагер» бағытында – балалар Желтоқсан оқиғасы құрбандары Қ.Рысқұлбеков, Л.Асанова өмірімен танысады. Бастауыш сыныптың Әдебиеттік оқу, Музыка оқулықтарында Қ.Рысқұлбеков пен Л.Асанова жайлы мәліметтер берілген. Пән мұғалімі сабақты өту кезінде «Желтоқсан оқиғасы» жайлы аздаған мағлұматтар бере отырып, егемендікке ұмтылған қазақ халқының алғашқы қарлығаштары Қайрат, Ләззаттың ерлік

істерін баяндайды. Отаршылдық саясатқа қарсы демократиялық қозғалысқа үн қосып, жүрегі елім деп соққан қазақ халқының өрімдей жастары желтоқсан оқиғасының құрбаны болды.

«Елім-ай» - эксперименттік бағдарламасының төртінші тоқсаны «Елім-ай» деп аталған. Қазақ халқының басынан кешкен қиын-қыстау кезде шыққан осы бір ән қазақ тарихының куәсіне айналған. Ән жоңғар қалмақтарының қазақ жерін жаулауға кірген «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» жылдары туса керек. Әннің мәтіні мен айтылу әуені күрделі, сарыны қайғылы, сондықтан баланың жас ерекшелігі, түсінігі, түйсіну қабілеттері ескеріле отырып, жеңіл баяндалады. Мұғалім қазақ халқының басында болған тарихқа қысқаша шолу жасайды. Бүгінгі өмір жарқын болашақ жайлы әңгіме айтады.

Осы аттары аталып отырған «Атамекен», «Елім-ай» бағдарламаларынан басқа Ә.Садуақасовтың «Дәстүр» тұжырымдамасы мен З.Ахметованың «Кәусар бұлақ» бағдарламаларында халықтық педагогика дәстүрлері кеңінен орын алған. Тәрбиенің негізгі бағыты халық педагогикасы дәстүрлері арқылы жаңа толқын жеткіншектерді ізгілікке тәрбиелеу. Сондай-ақ бұл жұмыс күнделікті оқу-тәрбие үдерісінің өзегіне айналған.

- халық педагогикасы дәстүрлері – бастауыш сынып оқушыларының оқу-тәрбие үдерісінде танымдық материалдар қызметін атқарады;

- бастауыш сынып оқушыларының оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық ойындар балалардың шығармашылық әрекетін ұйымдастыру құралы;

- халық педагогикасы дәстүрлері бастауыш мектеп мұғалімінің ұлттық танымды қалыптастырудың мақсатты құралы ретінде пайдаланылып, жаңа буынның ізгілендіру ісіне өз үлесін қосуда;

- Қорыта айтқанда, халық педагогикасы дәстүрлерін оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану – оқушылардың ұлттық танымын қалыптастырып, олардың өз Отанына, жеріне, ұлтына, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттырары сөзсіз. Сондықтан халықтық педагогика дәстүрлерін әрбір сабақта жас ұрпақ бойына егіп, онымен таныстырып, үйретіп отыру алдыңғы буын ата-аналар мен, мектеп мұғалімдерінің борышты міндеті.

Халық педагогикасы дәстүрлері бастауыш сынып оқушыларын ізгілікке бастайтын бүгінгі күннің тәрбие нысаны.

Қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларының халық педагогикасы дәстүрлері арқылы ізгілік бастауының когнитивті компоненті бойынша қазақ ұлтына тән адамгершілік сапалары, жағымсыз қасиеттер туралы білімі, халық педагогикасы дәстүрлерінің мән-мағынасын ұғынуы, ұлтының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы білімін айқындау үшін оқушыларға арнайы бақылау сұрақтары мен тестер, сауалнамалар, тапсырмалар берілуде. Алынған нәтижелерді талдау барысы бастауыш сынып оқушылары бойында халықтық дәстүрлер арқылы қалыптасқан ізгілік бастауының когнитивтік компонентінің қалыптасуын анықтауға мүмкіндік берері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының алпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат.-Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017 жыл

2. Нұрсұлтан Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы, 26 сәуір 2017 ж.

САБАҚ ҮДЕРІСІНДЕ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Ысқақова А.Н.

*Оқытушы, М. Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі,
Қызылорда қ., Қазақстан*

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында, терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Жаңа технологиялардың ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі оқушылардың дамуына да жаңа технология элементтерін пайдалану өз әсерін тигізуде.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз-сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз — ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Оқушы — ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Мұғалім — әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі.

Бұл модульді алған себебім: оқушыларды оқу мен жазуда сыни тұрғыдан ойланып, мәселенің шешімін табуға, өз пікірін жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру болатын.

Сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту- күрделі міндет, сондықтан когнитивті психологияның негізгі түсініктері мен тұжырымдамаларына көңіл аудару қажет.

Оқушының ойлау қабілетін байытуға игі ықпал ететін жанаша оқытудың бір түрі – оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы

Мұғалімнің міндеті – баланың өзіне деген сенімін арттыру, өзін тұлға ретінде сезінетіндей мүмкіндік ашу. Өзін тұлға ретінде сезінген бала әрқашан өмірде өз жолын таба алады. Білім берудің сапасын жақсарту, баланың өзі ізденіп дәлелдеуін дамыту мақсатында сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулін өз сабақтарыма қолданамын. Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Мұғалім оқыту мен тәрбиелеу ісін ұйымдастырушы ғана емес, балаға серік, дос, сырлас, кеңесші қызметін де атқарады. Нәтижесінде жеке тұлғаның өзіндік пікірі, қоршаған ортасына құрметпен қарау көзқарасы қалыптасып, таным, қабілеті ашылады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамытудың әдістері мен тәсілдері төмендегі түрлерге бөлінеді:

1. Ұйымдастырушы-авангард – қысқаша сұхбаттасу немесе дәріс, олардың фотосуреттермен немесе суреттермен безендірілгені дұрыс, бұл жерде мұғалім тақырыпқа қысқаша шолу жасайды, негізгі терминдерді анықтайды және сабақта топтың немен айналысатынын түсіндіреді. Ұйымдастырушы-авангардтың мақсаты балалардың бұрын аталған тақырып бойынша алған білімдерін еске түсіруден және осы алған білімдерін қайта құрылымдау немесе оларды жаңа біліммен толықтырудан тұрады.

2. Назар аударатын сұрақтар – сабақта балалар білетіндер мен олардың осы сабақта өтетіндері арасында байланыс орнатушы сұрақтардан бастау керек. Сұрақтар ауқымды мәселелер немесе шешу немесе табу керек үлкен құпия немесе маңызды мәселелер көрініс тапқан анекдоттар формасында қойылады. Назар аударатын сұрақтар қорытудың барынша жоғары деңгейінде қойылғанда барынша тиімді жұмыс істейді.

3. Ойланыңыздар. Жұпқа бөлініңіздер. Пікір алмасыңыздар – мұғалім "ашық" сұрақты ұсынатын ұжымдық процесс. Оған жеке жауап беруге екі минут беріледі. Осыдан кейін балалар бір-біріне бұрылып, серіктестерімен өз жауаптарын бөліседі. Осыдан кейін мұғалім екі немесе үш жұпқа өз жауаптарын бүкіл топпен бөлісуді ұсынады, ал осыдан кейін олар жаңа материалмен жұмысқа көшеді. Әр бала белсенді, оның материалды ойлауға және оны жолдастарымен талқылауға деген ынтасы бар.

4. Болжалдар серігі – тақырыптың маңызды аспектілерін айқындайтын қысқаша жауаптары (дұрыс немесе бұрыс) бар сұрақтар. Балалар оқу қызметінің басты бөлігі басталғаннан бұрын жеке немесе жұппен жауап береді. Сабақ соңында олар өздерінің көзқарасы мен шешім қабылдау тәсілінің өзгергендігін тексеру үшін олар осы сұрақтарға қайтып оралады.

5. Жұптасқан ми шабуылы – балалар білетін немесе сабақтың тақырыбы бойынша білеміз деп ойлайтын фактілер тізімін құрастыру. Екі минуттық жеке жұмыстан кейін олар бір-біріне бұрылып, өздерінің тізімін біріктіреді.

Сыни ойлауды қалыптастыру үшін суреттерді қолдану әдістемесі пайдалы болып табылады. Сыни ойлау кез келген міндеттерді шешу кезінде қисынды тұжырым жасауға әкелетін негізгі «сүзгі» болып табылады. Сыни ойлауды дамытуға ерте жастан кірісу қажет. Бүгінгі күні балалар үлкен көлемде білім алуды меңгерулері қажет және барлық «айналадағы» ілімдер оның басында ретсіз шатыса бастайды. Ойлаудың бұл түрін дамыту үшін, тапсырмаларды ойын түрінде қолдану керек. Балаға дұрысты бұрыстан ажырату қызықты болуы тиіс. Мысалы сіз оған ертегі айтып бересіз, бірақ егер ол ертегінің дұрыс айтылмаған жерін байқаса, олай болмайтыны туралы айту керектігін алдын ала ескертіп қоясыз. Осындай еркін және көңілді тәсілдің көмегіменсіз оны мүмкін нәрсені мүмкін емес нәрседен ажырата білуге және оны сыни ұғынуға итермелейсіз. Сыни ойлауды қалыптастыру үшін суреттерді қолдану әдістемесі пайдалы болып табылады. Мысалға, суретте өмірде жоқ жануар бейнеленген, сондықтан «Суретші нені шатастырды?» деген сұрақ қою керек.

Ойлаудың бұл түрін арнайы әдістеме арқылы дамыту, балаға ол бірінші сыныпқа барған кезінде баяу оқуға және оқығанын түсінуге, сондай-ақ математиканың алғашқы әліпбиін түсінуге бейімдеу.

Бастапқы кезеңде бұл жұмыс балалар үшін байқаусыз болуы және ойын немесе сұхбат түрінде өтуі тиіс. Мысалы, шөп неге дымқыл, кім мияулайды және т. б. Егер бала өз жауабын толықтыратын болса, яғни ол ойынмен толық қамтылды.

«Сын тұрғысынан ойлау» стратегияларын жаңа сабақты өз бетінше меңгерту үшін қолданған тиімді. Сабақты өз бетінше меңгеру үшін мағынаны тану кезінде түртіп алу әдісін пайдаланамын. Бұл әдісті мәтінмен жұмыс жүргізгенде қолданамын. Оқушы ең алдымен тақырыпты өзі оқиды, таныс мәліметтерді белгілейді, өзі білмеген мәліметтерді табады да кестені толтырады, білмегенін мұғалімнен сұрайды, нені білгісі келетінін айтады. Мысалы, «Негізгі және туынды етістік» тақырыбындағы сабағымда «етістік туралы не білемін?», «негізгі және туынды етістік туралы не білгім келеді?», «негізгі және туынды етістік туралы не үйрендім?» деген сұрақтарға жауап беріп, кестені толтырды. Өздерінің ойларын ашық жеткізді және әрбір оқушы негізгі және туынды етістік туралы бір нәрсе үйреніп кетті.

Қорыта келе, сыни тұрғысынан ойлау технологиясын пайдаланудың сабақ сапасына әсері өте мол. Сабақта жаңа технология элементтерін тиімді пайдалану оқушылардың танымдық әрекеттерін, белсенділігін дамытып, оларды шығармашылыққа жетелейді. Баланың логикалық ойлау қабілеті дамып, сабақтың сапасын артады. Ізденушілігін арттырып, өз ісіне сенімін нығайтады. Сабаққа қызығушылығын арттырып, белсенділігі күшейеді. Оқушылар сабаққа зор ынтамен қатысады, сабақ та сапалы өтеді. Егер де жаңа технология элементтерін сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді. Ең бастысы оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу, әрекет ету, мақсатқа жету оқушының өзі арқылы іске асады.

МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАМЕН ӨЗ БЕТІНШЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Нарымбетова Ш.И.

қосымша аспап фортепиано пәнінің оқытушысы, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, -Қызылорда қ., Қазақстан

Музыканттың (орындаушының, студенттің, ансамбль мүшесінің) оқу және кәсіби қызметі музыкалық шығармалармен күнделікті дерлік өзіндік танысуды қамтиды. Музыканттың жұмысындағы көптеген мәселелерді шешуді күшейтуге мүмкіндік беретін музыкалық әдебиетті өз бетінше зерттеудің танымал формалары ол- "парақтан" ойнау және шығармаларды эскиздік зерттеу.

Әр жылдардағы ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде парақтан оқу дағдыларын дамыту мәселелері кеңінен қамтылды. Парақтан еркін оқи білудің өзектілігі студенттер үшін де, музыка әуесқойлары үшін де айқын: " мамандығына және қызмет түріне қарамастан әрбір кәсіби музыкант парақтан сауатты оқуды (ең бастысы!) міндетті түрде білу тиіс", -деп пианизм теоретигі Г.М. Цыпин талап етеді [1. с.87].

Біріншіден, парақтан оқу музыкалық әдебиеттің кең спектрімен еркін танысуға ең қолайлы мүмкіндіктер ашады: фортепиано, опера-симфониялық, камералық және т.б., аранжировкаларда және келісімдерде ұсынылған. Қарастырылып отырған қызмет түрі музыкалық ойлауды қарқынды дамытады, қабылдауын, ішкі құлаққаптардың ойға түсіру қасиетін пайда болуын белсендіреді.

Музыканттың қимыл-техникалық әлеуетін арттыруына парақтан үнемі оқу айтарлықтай әсер етеді. Парақтан ойнаудың сапалы шеберлігі кез - келген музыкант үшін тағы бір маңызды мәнге ие-бұл ең аз уақытта ең көп ақпаратты игеру мүмкіндігі. Музыкалық шығармалармен тәуелсіз танысу қабілеті стихиялық оқуды тұрақты, жүйелі және мақсатты процеске айналдырған жағдайда дамиды.

Орындау іс-әрекетінің басқа түрлеріндегідей, парақтан ойнау кезінде ерік, есту, зейін, есте сақтау, қиялдың шоғырлануы қажет, бұл өз кезегінде есту, көру және моториканың өзара әрекеттесуін талап етеді. Алайда, парақтан оқу орындаушылықтың басқа түрлерінен түбегейлі айырмашылықтарға ие. Ең бастысы- музыкалық мәтінмен тез танысу процесінің психологиялық ерекшелігі.

Бұл, біріншіден, нотаны оқу кезінде ақпаратты қабылдау және өңдеу уақытының шектелуіне, екіншіден, қолданыстағы ойын дағдыларын қолданудың жаңа жағдайларының пайда болуына байланысты. Қатты дамыған динамикалық стереотип негізінде жүзеге асырылатын егжей-тегжейлі зерттелген жұмысты орындаудан айырмашылығы, парақтан оқудың психикалық процесі талдау мен синтезді жедел ақыл-ой өңдеуді қажет ететін үнемі өзгеріп тұратын қозу саласында жүреді.

Мәтіннің музыкалық фактурасының барлық компоненттерін зерттеуі мен талдауы тиянақты, мұқият және біртіндеп жүзеге асырылатындығы шектеулі уақыт жағдайында жылдам «бір сәтте» жасалуы қажет: мәтіннің "сигналдарын" жедел қабылдау, оларды түсіндіру және ассоциативті-рефлекторлық қатарға аудару, жылдам қимыл реакциясы, саусақтардың қою жағдайын автоматты түрде таңдау, қажетті пернелерді табу және т.б.

Сонымен қатар, " оқитын" музыкант одан әрі әуезді және гармоникалық дамуды қабылдауы керек, сонымен қатар мәтіннің келесі тактикаларын үнемі қарап отыруы керек ("көзін алға жүгіртіп"). Тағы бір айырмашылық- парақтан оқу мазмұны мен функцияларын ажырату және жұмысты талдау. Оқушылар көбінесе музыканы парақтан оқу мен жаңа мәтінді талдау

Бұл айырмашылық айқын, және айырмашылық түбегейлі принципті. Музыкалық шығарманы тұтас, жалпыланған, бірақ көп жағдайда ол туралы алдын-ала түсінік алу үшін оқиды. Талдау ісі басқаша. Бұл ноталық мәтінді дәлді егжей-тегжейлі зерттеу, оны ұқыпты және өте мұқият талдау.

Бірінші жағдайда олар шығарманы "нақты қарқынмен", немесе, кем дегенде, оған жақындайды ойнауға тырысады. Екінші жағдайда, міндетті шарт- баяу қарқын, онда бәрін үлкейткіш әйнек арқылы көргендей байқауға, анықтауға, болады" [1, с. 80-81]. "Шығарманы парақтан оқу - бұл музыканың эмоционалды- бейнелі мағынасын тез түсіну және эскиздік түрде жеткізу, ноталық жазбаны ойнатудың біршама шамасымен", - деп жазады К. А. Цатурян [3, с. 130].

Парақтан оқудың негізгі критерий ретінде шығарманың эмоционалды- мәндік бейнесін түсіну алға қойылады. Парақтан орындау күрделі құрылымға ие және іс-әрекеттің өзара байланысты екі кезеңін қамтиды: музыкалық мәтінді көзбен оқу (дайындық кезеңі) және ойынның өзі. К. А. Цатурян бұл кезеңдерді "кұралсыз оқу (іштен-есту оқу)" және "аспаппен оқу (оқу-ойын)" деп атайды [3]. Музыканы білікті оқу дағдыларын кез-келген жаста және жеке тұлғаның музыкалық дамуының кез-келген "кезеңінде" дамытуға болады және қажет.

Алайда, музыканттар мен педагогтер үшін, жоғарыда айтылғандай, аса қажетті саласындағы осы парақтан оқу процесінің дағдыларын неғұрлым тиімді нәтижеге жеткізу үшін музыкалық білім беру барлық сатыларында сапалы түрде ұйымдастыру керек.

Ең алдымен, музыканы оқудың жеке сабақтарын ұтымды ұйымдастыру қажет: арнайы бөлінген уақытта үнемі жаттығу. Парақтан ноталарды оқу тұтастай алғанда оқу процесінің тиімділігіне тікелей әсер етеді: өту мерзімін қысқарту есебінен оқытылатын материалдың көлемі ұлғаяды, пәнаралық байланыстар нығаяды, білім алушылардың музыкалық ой-өрісі кеңейеді, олардың зияткерлік қабілеттері дамиды, орындаушылыққа тұрақты қызығушылықты қалыптастыру ынталандырылады.

Жұмыстың эскиздік формасы шығарманы парақтан оқу мен оны мұқият кезең-кезеңмен игеру арасында шартты түрде аралық орын алады. Шығарманы эскиздік дамуы жұмыс әдісі ретінде кәсіби музыканттар өзіндік музыкалық іс-әрекеттерінде қолданылады. Тиісінше, эскиздік музыканың мазмұны мен функцияларын қарастырған кезде оның жеке тұлғаның дербестігін дамытудағы рөліне және эскиздік жұмысты өз бетімен кәсіби орындаушылық немесе оқу-музыкалық іс-әрекетте қолдану мүмкіндігіне баса назар аудару қажет.

Музыкалық материалды эскиздік игеру әдістерін меңгеру, сондай-ақ музыканы парақтан сапалы оқи білу, біріншіден, музыкантқа практикада музыкалық материалды едәуір көлемде қолдануға мүмкіндік береді, ноталық мәтінді тез қамту қабілетін дамыту процесін күшейтеді; екінші жағынан, музыкалық тәжірибенің жинақталу қарқынын тездетеді. Л.В. Осипова репертуарды эскиздік зерттеуге арналған жұмысында: "Аспаппен ойнап материалды тез эскизді игеру балаларды жаппай музыкалық және эстетикалық тәрбиелеу бойынша маманның іс-әрекетінде басты орындардың бірін алады, бұл іс жүзінде орындаушылықтан кем түспейді", - деп атап өтті.

Эскиздік сипаттағы туындыны игеру процесінің шекаралары өте кең: шамалдаған эскизден бастап эскизді орындау толықтығы талап етілмейді негізгі сипаттамаларда өңдеуге дейін. Шығармамен жұмыс жасаудың осы формасындағы басты мақсат-орындаушылық эскизді жасау. Бұл жағдайда материалды игеру жоғары деңгейге жеткізілмейді.

Эскиздік жұмыстың соңғы кезеңі- музыкант шығарманың бейнелі - поэтикалық жоспарын қамтитын, ол туралы көркем сенімді, бұрмаланбаған көрінісін алатын және осы ойды аспапта сенімді түрде жүзеге асыра алатын кезең. Эскиздік зерттеудің негізгі талабы- бөлшектерді өңдеуге емес, шығарманың дыбыстық бейнесін толық қамтуға және іске асыруға барынша назар аудару. Жоғарыда айтылғандай, бірқатар белгілерге сәйкес эскизді үйрену парақтан музыканы оқуға айтарлықтай жақындайды. Екі қызметтің шеңбер аясында музыкант әртүрлі музыкалық құбылыстардың едәуір көп санын игереді және оны уақытыл және тез жасайды, музыкалық тәжірибені қарқынды жинақтайды.

Сонымен қатар репертуарды эскиздік игеру мен парақтан оқудың арасында белгілі бір айырмашылық бар. Парақтан ойнаған кезде жаңа музыкамен бір рет ғана, эпизодтық

танысудан қарағанда, эскиздік жұмыс шығарманы едәуір байыпты зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда музыкант шығарманың көркемдік келбетімен дара, еркін танысумен шектелмейді; оны бірнеше рет, белгілі бір уақыт аралығында ойнап қайталап отырып, ол шығарманың интонациялық-композициялық ерекшеліктерін, эмоционалды-бейнелі мағынасын тереңірек түсінеді. Эскиздік жұмыс әдістемесі көркемдік ойды ашуға да, оны орындауға да бағытталған.

Оның негізгі міндеттерінің бірі - есту орындаушылық гипотезасын қалыптастыру. Орындау эскизін жасау әдістері әртүрлі. Оларға теориялық талдаудың әртүрлі түрлері, сынақ нұсқалары, баяу ойнау, аспапсыз жұмыс істеу әдістері (ақыл-ойды оқу) және т.б. жатады. Фортепианолық шығарманың эскиздік зерттеудің жалпы алгоритмі негізінен парақтан оқу әдісімен сәйкес келеді. Қалай болғанда да, бұл процестің құрамдары (көрнекі қабылдау-мәтінді қарау, оның теориялық талдауы; ойында ойнату және музыканы тікелей ойнату) эскиздік жұмыстың қажетті компоненттері болып табылады.

Сонымен қатар, шығарманы эскиздік зерттеу көркемдік және шығармашылық процестің жалпы заңдылықтарына бағынады: музыкант орындаушылық жоспардың қалыптасуынан оны тереңдететін және нақтылайтын аналитикалық кезеңге өтуі керек. Репертуарды эскиздік зерттеуде оның мазмұнын түсіну әдісі ретінде жұмысты талдаудың рөлі артады. Шығармаларды эскизді үйрену көптеген музыкалық әдебиетпен танысуға үлкен мүмкіндіктер ашады.

Репертуарды эскиздік игерудің жақтаушылары ұзақ уақыт бойы жұмыстың бұл түрін үйренушілермен күнделікті сабақтардың маңызды бөлімі деп санайтын көптеген танымал музыкант-орындаушылар мен мұғалімдер болды.

Өткеннің фортепиано педагогикасы шеберлерінің тәжірибесін талдай отырып, Г.М.. Цыпин былай деп жазады: "Дәл осы жерде, "көп" және "әр түрлі" тілдесу мүмкіндігінде музыкалық оқытудың көрнекті шеберлерінің сабақтарының эскиздік формасына назар аударудың себебі жатыр, оқушы игерілген шығармалар тізімін мүмкіндігінше кеңейтуге тырысуы керек, мүмкіндігінше көп музыкалық үлгілерді танып, байқап көруі керек, өйткені оның басты міндеті - кең музыкалық өріске ие болу" [5, с.350].

Жоғарыда айтылғандай, эскиздік жұмыс кезінде оқушы белгілі бір музыкалық ақпаратты қысқа мерзімде игеру қажеттілігіне тап болады. Шығармамен жұмыс уақытының шектеулі болғандығына байланысты музыкалық материалдың игеріп өту қарқыны жеделдетіледі. Осылайша сабақтың эскиздік формасы оқу-көркемдік іс-әрекет барысында белгілі және игерілетін нәрсенің айтарлықтай "сандық өсуіне" әкеледі. Репертуармен жұмыс жасаудың эскиздік нысаны тұлғаның жалпы музыкалық дамуына қатысты үлкен әлеуетті мүмкіндіктерге ие. Оның барысында оқушылардың музыкалық ойлауын қалыптастыру, олардың есту қабілетін, қиялын, музыкаға эмоционалды жауаптылығын дамыту мәселелері сәтті шешілуі мүмкін. Ерекше эмоционалды көтерілістің арқасында жаңа шығармалармен танысу кезіндегі жұмыста оң көзқарас сақталады және жеке тұлғаның музыкалық дамуының маңызды сипаттамалары болып табылатын іс-әрекеттерге ынталандыру күшейеді.

Сонымен бірге, эскизді зерттеу оқушының пианисттік техникасымен қимылдау-моторикасын жетілдіруге ықпал етеді: көп бағытты репертуармен жұмыс жасай отырып, оқушы әр түрлі көркемдік міндеттерге сәйкес үйренген ойын әдістерін қолдану, пианисттік дағдыларды тез бейімдеу және өзгерту қажеттілігіне тап болады.

Сонымен, парақтан ноталық мәтінді оқу және шығармаларды игерудің эскиздік әдістемесі музыканттың күнделікті іс-әрекетінің әмбебап түрлері болып табылады. Қысқа мерзімде әр түрлі материалдардың едәуір мөлшерін зерттеу мүмкіндігінің арқасында олар музыканттың музыкалық қызметін тиімделенуіне және қарқындалуға қатысты өзіндік жұмысының ажырамас нысандары болып табылады. Сонымен қатар эскиздік жұмыс және музыканы парақтан оқу оқушылардың орындау тәуелсіздігін дамытудың тиімді құралы болып табылады. "Эскиздегі" шығармаларды орындау музыкалық тәжірибеде пианистің ойнаудағы ерекше ойлау ниеттері сыналған өзіндік "эксперименттік полигон" бола алады.

Қорыта келгенде, қарастырылып отырған жұмыс формаларының әлеуетті ресурстары тұлғаның жалпы музыкалық қалыптасуына - оның музыкалық-есту, көркемдік-интеллектуалдық, эмоционалды және моторикалық-техникалық жетілуіне қатысты үлкен.

Пайдаланған әдебиет:

1. Цыпин Г.М. Музыкалық-орындаушылық өнер: Теория және практика. - СПб., 2001. – 150 с.
2. Осипова Л.В. Фортепиано сыныбындағы оқу жұмысының нысаны ретінде репертуарды эскиздік зерттеу: Оқу құралы. - Екатеринбург, 2002. – 185 с.
3. Цатурян К.А. Парақтан оқу / Фортепианода ойнауды оқытудың теориясы мен әдістемесі: оқу құралы / Жалпы. ред. А.Г. Каузовой, А.И. Николаевой. - М., 2001. – 320 с.
4. Кременштейн Б.Л. Арнайы фортепиано сыныбында оқушының дербестігін тәрбиелеу. - Изд. 2-е. - М, 2003. – 210 с.
5. Цыпин Г.М. Музыкалық шығармаларды парақтан және эскиздік оқудан музыканы оқу әлеуетін дамыту / Музыкалық қызмет психологиясы: Оқу құралы / Д.К.Кирнарская, Н.И.Киященко, К.В.Тарасова и др. / Ред.: Г.М. Цыпина. - М., 2003. – 336 с. УДК 781.378

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ КОЛЛЕДЖ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Мансурова М.А.,

оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, Қызылорда қ., Қазақстан

Қазіргі қоғам жоғары интеллектуалды және коммуникативтік қабілетке ие, нарықтық бәсекеде басқаруға бейім, қойылған мақсатқа топтың қызығушылығы мен мүмкіндігін ескере отырып, әр түрлі жолмен жетуге қабілетті азаматтарға мұқтаж. Қоғамға ізгілікті жолмен жағдайды сезінуге қабілетті, қарым - қатынасқа бейім, жалпылай айтқанда қойылған мақсатқа жетуде бастамашыл ұйымдастырушы студенттер дайындауға тырысуда, дегенмен заманауи жастар қиын мәселелердің шешімін табуда өзіне жауапкершілік алып, бастама жасауда белсенділік көрсете алмай жатады, сондықтан білім беру ісі жас ұрпақтың біліктілігін қалыптастырып қана қоймай, олардың бойында жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүруге, қызмет жасаудағы тұлғалық қабілеттерді дамыту шараларын да іске асыруды ойластыруы қажет.

Осы міндеттерді шешуде кәсіби білім беру ұйымы болашақ маманның кәсіби қызметінің алдындағы шешім қабылдағыш, жауапты, белсенді, бастамашыл болуын қамтамасыз ететін, студенттердің көшбасшылық қабілетін инновациялық тәрбие технологиялары арқылы дамытатын баспалдағына айналуы тиіс. Ондағы мақсат: кәсіби білім негізінде жаңаша жобалау арқылы көшбасшылық қабілетін дамыту және бірлескен мақсат жетістігіне қол жеткізу үшін қажетті қасиеттер қалыптастырудың жолдарын таныту.

Студенттерде көшбасшылықты дамытудың негізі- оқытушының көшбасшылығынан бастау алады.

Қазіргі кезде қоғамдағы дамудың жаңа кезеңі – ақпараттық кезең, яғни барлық ақпараттық-коммуникативтік технологиялар инженер-педагог қызметкерлердің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналуында. «Оқу-әдістемелік жұмыстың инновациялық бағыттары» жобасы бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуда және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдануда негізгі мәнге ие екенін ұғындыру. Алға қойған басты міндет – білім алушының оқу-танымдық әрекетін жандандыру, оқытушының кәсіби қызметін жаңғырту арқылы алға қойған мақсатқа толықтай қол жеткізу.

Қазіргі өзгермелі қоғам әлеуметтік танымы мол, белсенді, сауатты, еңбекқор, алғыр, өзіне жауапкершілік ала алатын, сенімді, білімді азаматтарға, тіпті кез келген адам үшін де көшбасшы болуды талап етеді.

Көшбасшы — (ағылшынша leader — жетекші) — қоғамға, ұйымға немесе топқа ықпал етуге қабілетті тұлға. Халықтың немесе белгілі бір әлеуметтік топтың мақсат – мүддесін толық сезініп, қорғай білетін, бойына саяси қайраткерге лайықты қасиеттерді жия білген адам. Басшы, жетекші. Топта, ұжымда әдетте жетекшілік міндетін өзіне алатын бір адам болады. Әлеуметтік психологияда мұндай адамды «көшбасшы» деп атайды.

Топтық іс-әрекет негізінде формалды емес көшбасшы қызметтері екіге ерекшеленген: біріншіден, олар қалыпты топтық мінез – құлық эталонын орнатады, мысалы: достық, жауапкершілік, өзара түсіністік, өнімділік, немесе топтың негативті әрекеті, агрессия, оңашалану.

Екіншіден, формалды емес көшбасшы норма, дәстүр, мақсаттарды орнатып топтық мінез – құлық эталонына мәжбүрлейтін әр топ мүшесі үшін мотивациялық мінез – құлық танытады.

Бұл екі негізгі қызметтен өзге формалды емес көшбасшы төмендегідей қызметтерді атқарады: топтық мінез- құлық координаторы, әрбір тұлға мінез – құлық реттеушісі, әрекет және құралдарды жоспарлаушы, арбитр, эксперт, үлгі. Аталған қызметтерді орындау үшін өзге топ мүшелерімен көшбасшыда қабылдаудың ерекше шарттарын құру қажет.

Көшбасшы әртүрлі болады, бірақ оған қарамастан олардың ортақ сипаттамалары мен қасиеттері бар.

Л.И. Уманский пікірінше ұйымдастырушы (көшбасшы) тұлғасының жеке сапаларына: құзыреттілік, белсенділік, бастамашылдық, табандылық, қарым – қатынасқа тез түсушілік, өзіне деген ұстамдылық, байқампаздық жатады. Формалды емес көшбасшының маңызды жеке қасиеттері төмендегідей болып табылады: оптимизм, коммуникативтілік, мақсаттылық, тактикалық, зейін қоюшылық, тұтастылық, өз-өзіне сенімділік, биязылық, объективті өзіндік бағалауға мүмкіндік. Осылайша, ұжым көшбасшы – бұл белгілі бір администрациялық күш көрсетпестен өз соңынан өзгелерді ерте алатын адам. Ол өзгелерді өзіне жақтас ете білетін және өз бастамаларының қатысушысы ете алатын адам. Осының нәтижесінде адамдар өз интеллектуалды – психологиялық әлеуетін пайдаланып ұжымдық интеллектуалды іс-әрекетке қатысады. Осы тұрғыда ұжым мүшелерінің дербес интеллектуалды – психологиялық мүмкіндіктерінің катализаторы еді. Көшбасшы – топта орталы, назарда болатын, әрқашан бастамашыл, белсенділік пен табандалақ қабілетімен ерекшеленетін адам.

Жоғарыда келтірілгенге сүйене отырып, табысқа жету және сәтсіздіктен қашу уәждері студенттердің көшбасшылық әлеуетін дамытудағы қозғаушы күш деп айта аламыз. Барлық ескерілген зерттеулерде жетістік уәждемесінің екі нәтижесі бар деуге болады: табысқа қол жеткізу немесе сәтсіздікке ұшырау. Осылайша, жетістікке бағдарланған мінез-құлық әрбір адамда табысқа қол жеткізу мен сәтсіздіктен қашу уәждері болатынын болжайды. Басқаша айтқанда, барлық адамдар табысқа қол жеткізуге мүдделі болу және сәтсіздіктен үрейлену қабілетіне ие. Дегенмен, әрбір жеке адамда жетістікке жету уәжі немесе сәтсіздіктен қашу уәжін басшылыққа алудың үстемдікті үрдісі болады. Жалпы жетістік уәжі қызметті өнімді орындаумен, ал сәтсіздіктен қашу үрейлену мен қорғаныстық мінез-құлықпен байланысты.

Студенттердің көшбасшылық әлеуеттерінің маңызды танылуы болып олардың мінез-құлықтарының анықтаушылығы, реттілігі (мақсат, уәж, тәсілдердің келісімділігі), сондай-ақ, топтың басқа мүшелерімен оңтайлы өзара әрекеттестік болып табылады. Белгілі бір сатыда бұл әлеуетті көшбасшы тобының жастардың жалпы көпшілігінің ішінен бөлініп шығу критерийі болуы мүмкін.

Студенттерде көшбасшылық әлеует дамуы тұлғаның құндылықты-мәнділікті бағдарына негізделетін көшбасшы болу қажеттілігінің қалыптасуынан басталады. Тиісінше, бұған психологиялық білім мазмұнын жобалау бағытталуы қажет. Зияткерлік қана емес, қоғамдық қызметте де табысқа қол жеткізуге нұсқама көшбасшылық функцияларды орындауға ынтаны дамытады. Беделге ие болу, жолдастар тарапынан

жауапты шешім қабылдау құқығын мойындауы – бұл өзін-өзі бағалауды өсіретін, тұлғалық құндылықты қалыптастыратын өмірдегі елеулі табыс болып саналады.

Психологиялық білім беру әлеуетті көшбасшының өзін-өзі тәрбиелеуге ынтасының артуына көмектесу қажет. Бұл үдерісте оларға маңызды болатын жеке бастың ұйымдасушылығы, өзіндік тәртіп, эмоционалды-жігерлік әулеттің нығаюы мен дамуы, өзін-өзі реттеу мен өзін-өзі бақылау сияқты қасиеттердің дамуы, сондай-ақ, демотивация факторларын (төмендетілген өзіндік баға, жеке құндылықтардың шайылуы, өмірлік мәнді бағдарлардың бұзылуы, қалдырылған өзін-өзі дамыту, өзін-өзі шектеу) жою орын алады. Кез-келген әрекеттің өзін-өзі реттеуінің міндетті компоненттері болып мінез-құлықтың өзін-өзі реттеу үдерісінің оны жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде өзегі ретінде көрініс табатын және мінез-құлықтың қол жеткізілген әсерін түсініп қабылдауға елеулі ықпал ететін ерік-жігер мен өзіндік баға болып табылатын ескеру қажет.

Субъектінің көшбасшылық әлеуетінің ашылуы ұжым құрылуы үдерісімен тығыз байланысты. Топ пен оның көшбасшысының құндылықты- бағдарлық біртұтастығы көшбасшы ұстанатын, оның рухани-адамгершілікті және болмыстық бағытталуын білдіретін құндылықтары, өмірлік мәндерін топтың басқа мүшелері қуаттайтын жағдайда пайда болады. Мысалы, табысқа бағдарланған көшбасшы тек өзі ғана өсіп, дамып, арнайы және базалық, өзекті құзіреттіліктерге ие болуына болмайды, өз курстастарын да оқуға ынталандыруы қажет.

Субъект таңдап алған қызметтің социомәдени моделіне, үстемдік ететін дүниетанымына, құндылықты-мәндік бағдарлардың қолданыстағы координаттар жүйесіне байланысты А.Г.Асмолов тұлға дамуының екі стратегиясын бөліп көрсетеді: пайдалылық мәдениеті парадигмасында және құндылық мәдениеті парадигмасы .

Ең жағымды нұсқа болып көшбасшылық әлеуетті дамыту стратегиясының құндылық мәдениеті парадигмасы болып табылады, өйткені, субъектінің жеке басы мәніне сүйене отырып, ол көшбасшының маңызды қасиеттерінің тұрақты (конъюктурадан тыс) дамуын қамтамасыз етуге қабілетті: табысқа бағытталу, ерік-жігер, жауапкершілік, толеранттылық. Құндылық – тұлғаның өзіндік құндылығын білдіретін ықпалдастық қасиет, «оның өзіндік сана-сезімі мен өзін-өзі бақылауының негізі, адамның үлгілік бейнесі, индивидтің өзінің алдында тұлға ретінде жауапкершілігі». Тұлғаның құндылығы – қалыптасуы дәрежесін, субъектінің тұлғалық дамуының анықтаушылары болып табылатын басқа қасиеттерінің дамуын көрсететін психологиялық жаңа туынды.

Көшбасшылық – топтағы тұлғааралық қарым-қатынас жүйесінде үстемдік ету мен бағыну, ықпал ету мен еру қатынастары. Фрэнк Карделлдің пікірі бойынша «біз барлығымыз қалай болғанда да көшбасшы болып табыламыз – отбасында, ұжымда, мектепте, жұмыс орнында және әлемде». Көшбасшылықтың көптеген нұсқалары бар, олардың әрқайсысы белгілі бір қажеттіліктерге сәйкес келеді (жеке, кәсіби, әлеуметтік салаларда). Өзімізде көшбасшыны іздеу мен табу толық жауапкершілікті талап етеді дейді Ф.Кардэлл. «Бұл біз өтуіміз керек жол, біз дайындалусыз керек бастама және онда барлық болмысымызбен қатысуымыз қажет».

Студенттік жас субъектінің барлық құндылықты бағдар жүйесінің түрленуімен, оның кәсібиленуіне байланысты ынталануы, арнайы қабілеттердің қарқынды қалыптасуымен сипатталады. Өзін қызмет субъектісі мен белгілі бір қоғамдық құндылықтарды тасығыш, әлеуметтік пайдалы тұлға ретінде сезіну, мінез-құлықтың сана-сезімнің уәждерінің күшеюі бұл кезеңді бастама, шығармашылық қабілеттердің дамуы, оның ішінде табысқа жету қажеттілігі, жеке басының тиімділігін арттыру үшін ең сензитивті етеді. Сондықтан, студенттік көшбасшылық әлеуеттерді анықтау мен мақсатты дамыту басқарушылық элитаның қалыптасуының тиімді шарасы болуы мүмкін.

Қорытындылай келе, білім алушылардың кәсіби өсуіне, көшбасшылығын дамытуына әсер етуді ауқамы жаңаруда. Сондықтан кездесетін қиындықтарға қарамастан білім беру сапасын арттыру, баланы жеке тұлға ретінде алып қарап, көшбасшы ретінде тәрбиелеу – мұғалімдер қауымының міндеті.

қазіргі оқу үрдісінде әртүрлі әдіс – тәсілдер кеңінен қолданып жүр. Сабақты әртүрлі әдіс – тәсілдерді қолданып, білім алушылардың білімге, оқып – үйренуге құштарлығын арттыратыны анық. Ұстаз қандай әдіс – тәсіл қолданса да, мақсаты біреу – ол оқушыларға тиянақты да сапалы білім беру. «Алдына ұлы мақсат қойсаң, ұлылыққа жетесің» деп данышпан ақындарымыз айтпақшы, барлығымыз бірге күш жұмсап, ел ертеңіне сеніммен қарасақ қана алдымызда тұрған көптеген қиыншылықтардан қиналмай өтеміз деген ойдамын. Әлемдік білім беру кеңестігінің талаптарына сай болатын, ең алдымен ұлттық жаңа әдістемелердің бүр жаруына, оның өркендеп, тереңге тамыр жайып жас өскіннің алып бәйтеректей қатайып, нығайтуына нық сенемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Руководство и лидерство: сб. науч. тр. ред. Б.Д. Парыгин. - Л., 1973.
2. Чернышев А.С., Лунев Ю.А., Лобков Ю.Л., Сарычев С.В. Психологическая школа молодых лидеров. – М., 2005.- 275 с.
3. Жарықбаев Қ.Ж. Психология негіздері: оқулық. - 6-бас. өнд., толық. – Алматы: ЭВЕРО, 2005. – 464 б.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ

Ділдәбекқызы Д.,

педагогика пәнінің оқытушысы, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, -Қызылорда қ., Қазақстан

**Білу ғана аз, сол білгеніңді істе қолдана білу керек
И.Гете**

Қазіргі білім берудің жаңашыл бағытының өзгеруі, қоғамға жоғары білімді, рухани-адамгершілігі мол, өздігінен шешім қабылдай алатын, ынтымақтастыққа қабілетгі, бейімділігі мен жауапкершілік сезімі биік адам қажет. Бұған жету үшін басқаруды дамытуға бағытталған жаңа модел болуы шарт. Педагогикалық менеджмент адамдардың өзін-өзі дамыту, еркіндік және шығармашылығын дамыту болып табылады. Менеджмент ұғымы — бұл адамдардың ынтымақтастығы, адамдардың қарым-қатынас әдісі. Осы жерде өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі дамыту үрдісі ретінде педагогикалық менеджменттің ықпалын көруге болады. Ол үшін педагогикалық менеджменттің колледж негізінде болжау ұстанымдарын атауға болады.

- ✚ Адамды сыйлау және оған сенімділікпен қарау;
- ✚ Адамдарға тұлға ретінде қарау қағидасы;
- ✚ Ынтымақтастық әрекеті немесе басқарудан қарым-қатынасқа көшу;
- ✚ Үздіксіз кәсіптік білімін көтеру. Мұғалімге ықпал жасау қағидасы;
- ✚ Мұғалім жұмысын бағалау қағидасы.

Бұл қағидалар педагогикалық менеджментте бірқатар нақты талаптар қояды. Олар мына төмендегілер:

- ✓ адамның жеке басының беделін құрметтеу, адамның құқы мен мүмкіндіктерін мойындау;
- ✓ адамға сену, оның өзін-өзі тануы және мүмкіндіктерін ашып көрсету үшін жағдай жасау;
- ✓ өзара құрмет негізінде сенім ауанын қалыптастыру;
- ✓ бастамашылдықты, шығармашылық бейімділікті, ұжымда өз орнын таба білуді қалыптастыру;
- ✓ жетістікті, колледждің ісіне әркімнің қосқан жеке үлесін мадақтау;
- ✓ Адамға құрмет және сенім - басқарудағы ізгіліктің ең жоғары көрінісі.

Инновация — жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс деген ұғымды білдіреді. Инновация құрал және процесс ретінде әлдебір жаңалықты ендіру деген сөз. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнын, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді. Жаңа енгізілген немесе инновация адамның кәсіптік қызметінің бәріне де тән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанасына айналды. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми әдістердің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Бұл процесс стихиялы дамымайтындықтан ол басқаруды қажет етеді. Тұтас педагогикалық процестің инновациялық стратегиясында жаңашылдық процестерді тікелей алға апарушылар ретінде колледж директоры, әдіскерлер мен оқытушылардың рөлі арта түсуде. Оқыту процесінің көптүрлілігіне қарамастан - дидактикалық, компьютерлік, проблемалық, модульдық және басқа — жетекші педагогикалық қызметті іске асыру мұғалімнің еншісінде қалып отыр. Оқу-тәрбие процесіне қазіргі заманғы технологиялардың енгізілуіне байланысты әдіскерлер мен оқытушылар кеңесшінің, ақылшының және тәрбиешінің қызметін одан әрі игеруде. Оқытушының кәсіптік қызметі арнаулы, пәндік білімдермен ғана шектелмей, педагогика мен психологияның, оқыту мен тәрбие технологиясы салаларының қазіргі заманғы білімдерін де қамтитын болғандықтан оқытушыдан арнайы психологиялық - педагогикалық дайындық талап етіледі. Осы негізде педагогикалық инновацияны қабылдау, бағалау және іске асыруға дайындық қалыптасады. Білім берудегі инновациялық процестердің мәнін педагогиканың маңызды екі проблемасы құрайды. Олар — озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және тарату проблемасы және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетістігін практикаға енгізу проблемасы. Соған сәйкес инноватика пәні, инновациялық процесстердің мазмұны мен механизмі осы кезге дейін бір-бірінен оқшау қарастырылып келген өзара тығыз байланысты екі процестің тұтастығы тұрғысынан қарастырылуы тиіс, яғни инновациялық процестің нәтижесі теория мен практиканың тоғысуында пайда болатын теориялық және практикалық жаңалықтарды қолдану болуға тиіс. Бұның барлығы педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізе түседі. Өйткені, мұғалім жаңа педагогикалық технологияның, теория мен концепцияның авторы, талдап жасаушысы, зерттеушісі, тұтынушысы және насихатшысы қызметін атқарады. Осы процесті басқару мұғалімнің өз қызметінде әріптестерінің тәжірибесі немесе ғылымындағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс тандап, бағалау және қолдануын қамтамасыз етеді. Ал педагогикалық қызметте инновациялық бағыттылықты қазіргі заманғы білім беру, қоғамдық және мәдени даму жағдайында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығының қажеттілігі бірқатар жағдайлармен айқындалады.

Біріншіден, қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар білім беру жүйесін, әдістемесі мен түрлі типтегі оқу орындарының оқу тәрбие процестерін ұйымдастырудың технологиясын түбірінен жаңартуды талап етуде. Педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануға негізделген мұғалім мен тәрбиеші қызметінің инновациялық бағыттылығы білім беру саясатын жаңартудың құралына айналуда.

Екіншіден, білім беру мазмұнын ізгілендірудің күшеюі, пәндерінің көлемі мен құрамының үнемі өзгеріске ұшырауы, жаңа оқу пәндерінің енгізілуі жаңа ұжымдық формалар мен оқыту технологиясын үздіксіз іздестіруді талап етуде.

Осы жағдайда мұғалімдер арасында педагогикалық білімнің рөлі мен беделі арта түсіп отыр. Оқытушылардың кәсіби құзыреттіліктерін, шығармашылық ізденісін жетілдіруде нәтижеге бағытталған білім берудің инновациялық түрлерін ұйымдастыру, жаңғырту, әдістемелік сүйемелдеу мақсатын көздеген колледждің әдістемелік қызметінің оны ерекше болды. Оқытушылардың әдістемелік жұмысын сайыс, айлық, әдістемелік марафондар түрінде өткізу дәстүрге айналды. Іс-шаралар аясында жаңашыл-мұғалімдермен, әр жылғы түлектермен кездесу, шеберлер-класын өткізу, семинарлар, конференциялар, әдістемелік сағаттар, педоқулар, ОӘК отырысы, олимпиадалар мен

сайыстар, сыныптан тыс іс-шаралар жоспарланады. Нәтижесінде оқытушылардың үнемі ізденіп, білім қоры мен өзінің іс- тәжірибесін тарату, өзгенің жаңалығын үйрену, кәсіби тұрғыда жаңа сатыға қадам басып, білім жүйесіне енген жаңалықтың қыр –сырын зерттеу, жаңартылған білім беру бағдарламаларын оқу процесіне енгізу арқылы оқытушылардың педагогикалық шеберлігін жетілдіру, тәжірибе алмасу мақсатында әдістемелік марафон жұмыс жоспары жасалды. Жоспарға сәйкес мерзімімен «Оқытушы шеберлігі – педагогикалық процестің жемісі» тақырыбы аясында «Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны» шеберлік сыныбы, «Оқу процесінде цифрлық білім ресурстарын тиімді пайдалану» әдістемелік калейдоскоп, «Информатиканы оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолдану» панорамалық сабақтар, «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланудың тиімділігі» әдістемелік диалог, «Оқыту процесінде цифрлық білім беру ресурстарын қолдану: әдістері мен тиімділігі» педагогикалық вернисаж, «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің цифрлық білім ресурстарының мүмкіндіктері» әдістемелік көпір, «Электронды сандық кітапхана: заманауи қызмет жүйесі» библиофреш, облыстық деңгейде «Ұлы дала мұрасы-цифрлық өркениет жағдайында» тақырыбында әдістемелік семинар өткізілді. Еліміздегі короновирустық инфекцияның таралуына байланысты «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» мен «Колледждегі оқу процесін қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша ұйымдастырудың қағидаларына» сәйкес жаңа оқу жылына даярлық кезеңіндегі оқу процесін ұйымдастырудың, оқу-әдістемелік жұмыстардың, оқу-өндірістік тәжірибені ұйымдастырудың, ақпараттандыру және оқытушылар мен студенттердің цифрлық сауаттылығын арттырудың іс шаралар жоспары әзірленді. Әдістемелік жұмыс бағыттарының бірі- қашықтықтан білім беруді оқу-әдістемелік сүйемелдеу. Әдістемелік сүйемелдеудің міндеттері:

- Жаңа білім беру бағдарламалары шеңберіндегі барлық модульдер мен пәндер бойынша оқу бағдарламаларын;
- оқу-әдістемелік кешендерді және қашықтан оқыту үшін электронды оқу-әдістемелік кешендерді жетілдіру;
- оқу-тәрбие процесінде цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдану;
- оқытушылардың бейнесабақтар қорын толықтыру;

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруда әдістемелік сүйемелдеу мақсатында ақпараттық вебинарлар, оқыту семинарлары, шеберлік сыныптары жоспарлы түрде ұйымдастырылып отырды. Солардың бірі «Информатика» және «Ақпараттық жүйе» пәндік циклдық бірлестік оқытушыларының «Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудағы виртуалдық өзара іс-қимыл» тақырыбындағы марафон аясында ұйымдастырылған:

- I Spring Free Cam-экранның бейнежазуға арналған бағдарлама;
- TESTMOZ-қалыптастырушы бағалауды ұйымдастырудың қарапайым құралы;
- oCam-бейне түсіруге арналған бағдарлама;
- Jamboard-онлайн тақта;
- «Live Worksheets-интерактивті жұмыс беттерін жасауға арналған веб-сервис»;
- «A powersoft com-экранның жазуға арналған онлайн веб-интерфейс»;
- «Learning apps» жаратылыстану пәндерін оқытуға арналған бағдарлама;
- «Plickers» бағдарламасын бастауыш сыныптарда қолдану

атты ақпараттық вебинарлары оқыту жұмысын сапалы ұйымдастырып, нәтижеге жету бағытындағы маңызды әдістемелік жұмыстар болды.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ, ал сол елдің болашағы болатын білімді ұрпақтың қалыптасуында білім сапасы жоғары, кәсіби және әдістемелік жұмыста шебер, шығармашыл мұғалімнің алатын орны ерекше әрі маңызды екендігін түсінген педагог өмір бойы ізденуін, оқуын тоқтатпайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Білім берудегі менеджмент. Оқулық / К.Д.Бузаубакова. - Тараз: 2020ж.
2. Педагогический менеджмент. Симонов В.П. М.,2004
3. Менеджмент негіздері. Жакенова Б.Қ., Тәмпішева Қ.Б., Мақсатова Л.М. Астана-

2007

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН БІРЛЕСЕ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМ ЭТНОНИМДЕРІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРУ

Демесінова Г.М.

*Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің аға оқытушысы,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 2-курс докторанты,
филология магистрі,-Ақтөбе қ., Қазақстан*

XXI ғасыр – бәсеке ғасыры, бұл бәсеке енжарлықты, керітартпалықты көтермейді. Сондықтан да еліміздің білім берудегі ұлттық жүйесі өте қарқынды өзгерістер сатысында тұр. Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат – ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан дарынды тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқушылардың белсенділігін арттыру, ізденімпаздыққа үйрету және білімді өз бетінше алуы мен қолдана білетін дарын иесін тәрбиелеу керек. Баланың белгілі бір іс-әрекетке белсенділігі жас кезінен байқалады. «Дарындылық» термині «дарын» сөзінен шыққан, адамның ерекше қолайлы ішкі алғы шарты дегенді білдіреді. Дарындылық білім беру, тәрбиелеу жұмысының әсерінен ғана емес, балалардың өз күштерін жүзеге асыру кезінде ғана дамиды.

Қазіргі кезде зерттеу ісі бүгінгі заман адамының өмір сүру тәсіліне енген кәсіби шеберлігін танытуда өзіндік көзқарасына сәйкес қызмет болып табылады. Бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті – баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін үйрету. Әр оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыру үшін оның қабілетін түрлі әрекетке көсілдіру үшін зерттеуге дайындау қажет. Дарынды бала – бұл болашақта жаңа технология шығарушы, әділ саясаткер, рухы биік адам, бұл – ұлттық құндылық. Дарынды баланы анықтау, оқыту, тәрбиелеу, дамыту – қазіргі уақытта білім беру жүйесіндегі қолға алынып отырған өзекті мәселе. Осы мақсатта білікті ұстаз ретінде көп жылғы педагогикалық-әдістемелік тәжірибемді пайдалана отырып, өзім қызмет ететін Қазақ-Орыс Халықаралық университетінде ағылшын тілі пәнінен дарынды білім алушылармен арнайы тәжірибелік жұмыстар жүргізіп келемін, шәкірттерімнің ағылшын тіліне, аударма жасауға, тіл үйренуге деген қызығушылығы мен ұмтылысы, талабына қарап, нәтижесіз емес екеніне сенемін.

Қазіргі Қазақстандық қоғам көпұлттық, көптілділік және көпмәдениеттілік жағдайда. Сондықтан осы қоғамға бейімделген көп тілді меңгерген мәдениетті тұлға қалыптастыру заман талабы. Қазіргі таңда өркениетті ел ретінде көптеген шет елдермен қарым-қатынасымыз күннен-күнге нығайып, беделіміз артып келеді. Бұл ағылшын тілін оқытуды жақсартуды, оны терең меңгертуді талап етеді. Ал, оқытуды жақсарту дегеніміз, біздіңше, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қоймай, дарынды оқушыларды анықтап, тілді терең меңгерту. Бүгінгі күннің талабы, ағылшын тілі оқытушысының алдына қойған мақсаты тіл үйренушілерді шет тілінде сөйлету болғандықтан, оқытушы шет тіліне үйретудің түрлі әдістерін сұрыптай келе, оның ішіндегі ең тиімдісін өз сабағында қолдануды басты міндет деп біледі. Ағылшын тілі пәні оқытушылары қазіргі кезде ағылшын тілін оқыту сапасын жақсарту мақсатында тіл үйрету саласында әлемдік озық тәжірибелерды, жаңа технологиялар мен әдістерді барынша қолдануда. Ағылшын тілі оқытушысы ретінде менде өз тәжірибемде ағылшын тіліне аударма жасауда соны жаңалықтарды қолданамын, оқушыларыма үйретуге тырысамын.

Соның бірі, мақаламызда талданатын қазақ халқына ғана тән салт-дәстүр, жоралғы, ұлттық тағам, киім атаулары, тұрмыстық бұйымдар мен танымдық ерекшелігіне байланысты атауларды ағылшын тіліне аудару, өзге елге қазақтың бітім-болмысын, рухани мәдениетін, салт-дәстүрін этнолингвистикалық тұрғыдан ағылшын тілінде танытып, ұғындыру, насихаттау.

Біздің заманымыздан бұрынғы дәуірлер шежіресіндегі қазақтың ұлттық киімдері бүгінгі таңда тек мұражайларда сонымен бірге мұрағаттар мен тарихи әдебиеттерде сақталған. Қазақ қыздарының ұлттық киімін баршын, торғын, шәйі, қырмызы сияқты жұмсақ, нәзік маталарды пайдалана отырып, бүрмелі етек, бүрмелі жең қылып және кең көлбендете тіккен. Бұлай тігілетіндігі қыз балалар мен әйел адамдардың нәзіктігі мен әдептілігі үстіндегі киімінен көрініп тұрсын деген ниеттен. Ал, етек-жеңі кең болатыны – қазақтың дархандығын, үрімді-бұтақты екендігін, мейірім мен қонақжайлығын, даладай кең пейілділігін білдіреді. Басқа ұлттық киімдерді былай қойғанда қазақ халқы ежелден шапанды, камзолды, тақия мен бөрікті айрықша киелі киім ретінде санаған.

Халқымыз ерте заманнан бері ұлттық киімді кімнің болса соның иығына жауып, қалай болса солай сыйға тартпаған және де ел басқарған хандар мен сұлтандар қазақы қалыптың, ұлтымыздың айрықша белгісіндей болған шапанды әсте иықтарынан тастамаған.

Қазақ әйелдерінің дағдылы аяқ киімі кебісі-мәсі, ауқатты отбасы әйелдерінің салтанатқа киетін оюланған кестелі етігі, көк сауыр былғарыдан тігіліп, оюлап, күміс құйма қақтырған кебістер болды. Қазақтың киім-кешек үлгілерінде кейбір жергілікті рутайпалық сәндер де болды. Мысалы, керей тымақ, найман тымақ, албан бөрік, қызай қалпақ т.б.

Қоршаған орта мен климат жағдайлары, кәсібі, шаруашылық негіздері мен жалпы тұрмыстық ахуал, халықтың әдет-ғұрпы мен табиғи талғамы қазақтың ұлттық киім үлгілеріне ықпал еткен. Ақын Абай Құнанбаев «Ескілік киімі» өлеңінде ұлттық киім туралы былай дейді:

Ойланып, ойға кеттім жүз жылғы өткен,

Тон қабаттап кигенім шидем шекпен.

Жиде, дамбал ақ саннан жарғақ шалбар,

Жырым балақ матамен әдіптелген.

Мықшима аяғымда былғары етік

Киіз байпақ тондырмас ызғар етіп.

Үлкен кісе белімде жез салдырған

Шақпағым, дәндекуім жарқ-жұрқ етіп.

Күләпәрә басымда пұшпақ тымақ,

Ішкі буын өткізген тесік құлақ.

Тобылғыдан кесіп ап, жіппен қадап

Артын белге қыстырған бар құрысқақ.

Шидем шекпен. Тысы қолдан тоқылған қоңыр түсті түйе жүнінен және қоңыр түсті матадан тігілген ер адамның сырт киімі. Тік жағалы, кең етегі жіңішке сұр түсті матамен әдіптелген.

Shidem shekpen. Hometown fabric from camel's wool, silk, velvet, quilting.

Шалбар. Ақшыл сары түсті түйе жүнінен тоқылған матадан тігілген, қоңыр сәтенмен астарласқан.

Man's trousers. Middle of the XX c. Wool, sateen, wooly fabrics.

Қазақ еркектері киім сыртынан кісе, оқшантай, дәндекулер асылған құймалы былғары белбеу буынды. Бұл белбеулерде былғары, яки ағаштан жасалған қын мен пышак және шақпақ асулы тұрды. Ал қалың матадан тігілген бас киім башлық яғни күләпәрә деп аталды. Қазақтардың қысқы киімдері көбінесе әр түрлі теріден, жазғы киімдері пұлдан тігіледі. Өйткені қысқы киім жылулықты, ал жазғы киім сұлулықты талап етеді. Еркектер ақ пұлдан кең жейде, дамбал, оның сыртынан бешпент, камзол, онан соң түрлі үлгілі шапан

киеді. Қысқы киімі қойдың немесе түйенің жүнінен тоқылып, қалың матамен тыстап, кең тігілетін күпі, аң терілерінен құрастырылып, сыртын пұлмен тысталған ішік, күпі немесе тон сыртынан киілетін кең шидем шекпен.

Қасқыр ішік. Kaskyr ishik. Man's wolf skin coat.

Сенсең тоң. Sensen ton. Man's fur coat. Tanned sheepskin, colour threads, embroidery.

Күпі. Kupi. Man's fur coat. Silk, camel's wool, cotton fabric, fox pads' fur.

Шапан. Man's shapan. Velvet, silk, galloon, gold thread.

Бешпент. Man's beshmet. The beginning of the XIX c. Sateen.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» атты көлемді поэмасында қазақтың салт-дәстүрімен қоса қазақтың ұлттық киімдеріне де қысқаша өлең жолдарында айтылып кеткен.

Мамыр жылқы бағады күндіз барып,

Тымақ киіп, қолына құрық алып.

Қалқаман Мамырменен малда жүріп,

Біраз сөз сөйлесіпті, кез боп қалып.

Тымақ ағылшынша «Тумак» деп аударылады. Жалпы В.Плотников 1859-1862 жж тымақтың 15 түрін жазған. Олардың бізге жеткен кейбір түрлері мынадай: жаба салма тымақ, қайырма тымақ, шошақ төбе тымақ, жекей тымақ т.б.

Сахналық бешпент. Тысы күрең, қызыл түсті мақпалдан, астары ашық қоңыр жібектен салынған әйелдің сырт киімі. Белінен сәл ғана қынап тігілген. Жағасы тік, тірсек жеңді болады.

Stage beshmet. Velour, silk, beaver lamb, silk, cord. Қазақтың сахналық бешпентін – ҚазКСР халық артисі Ш.Жиенқұлова киген. Қазақ арасында аса шебер зергерлер болды. Олар алтын-күміспен, алуан түрлі асыл тастармен ер, жүген, үзеңгі сияқты ер-тұрмандарын безеп, сырға, білезік, алқа, шолпы, белбеу, сәнді сәукеле жағаларын жасаған.

Сәукеле – конусқа ұқсас пішінді, тәжісі қызыл мауытымен, мильғы қара барқытпен тысталған. Тәжінің жоғарғы бөлігінің алдыңғы бетіне төртқұлақ пішінді құйма шытыралар қондырылған. Оның үстіне маржан және перуза тастар орнатылады. Saukele. Woman's wedding headdress. The beginning of the XX c. Cloth velvet, fringe, eagle - owl's feathers, metal, braid, corals, turquoise, otter's fur.

Ұлттық киімдердің түрлеріндегі ерекшесі – бас киімдер. Жас қыздың басына ақ-қара орамал тартпайды. Ақ – жаулықтың, қара – қайғының белгісі. XIX мен XX ғасырдың бас кезінде қазақтың ұлттық киімдеріне зерттеу жүргізген И.В Захарова мен Р.Р Ходжаева ер адамдардың бас киімдерін 6 топқа бөлген

1) Дөңгелек, жеңіл, өзін сырып, кестелеп матадан тіккен және қалпақ, тымақ астынан киетін кішігірім бас киім – тақия.

2) Матадан тігілген, кішкентай, етегі терімен көмкерілген бас киім – төбетей.

3) Киізден жасалған бас киім – қалпақ.

4) Қалың матадан тігілген – башлық.

5) Тері қапталған, жылы бас киім – бөрік.

6) Аң терісінен жасалып, суықта киетін бас киім – тымақ.

Мұрақ – барқыттан жасалған салтанатты бас киім. Мұны Баймұхамед Айшуақов киген. Арнайы сұлтан-билерге арналып тігіледі. Murak. Ceremonial man's headdress, beginning of the XXC, Velvet, gold thread, felt and card. Kalpak. felt hat with fields. Beginning of the XXC. Felt, sateen.

Көйлек. XX ғасырдың басы. Жібек, барқыт, оқа сияқты маталар қолданылады. Қоңыр түсті жібектен кебенекше ойып пішіледі. Woman's dress. selk, braid.

Etik. (foots) are subdivided into the following groups: biik orshe (high heeled), zharna konysh (with double wide top), tiremeli (lined with metal heeltaps), koksaur (from high - quality saur leather), saptama (winter footwear with hightop), zhumsak taban (on soft sole), ushkil tumsyk (with pointed toe) shonkaima (with stanting heel), zhibek etik (silk foots), etc. Traditionally, the footwear with identically formed sole (left and right foot did with no difference).

Masi – soft footwear with light top without heels. Masi are light, practical and comfortable, they are sewn from soft lamb's, shagreen leather. There are mainly intended for women and old people.

Жалпы айтқанда, қазақтың ұлттық киімдері ағылшын тіліне қалай оқылады сол бойынша жазылады. Нақты аудармасын табу қиын, өйткені, қазақ тілінде қолданылатын, әрі түсінікті болатын сөздер, ежелден айтылып келе жатқан қазақтың тіліне жатық сөздер ағылшын тілінде жоқ. Егер де ұлттық киімді сипаттайтын болсақ ортақ сөздерді қолданамыз. Мысалы, асыл тастарды, металл, көйлектерді, бас киімдерді, етіктер мен шалбарларды айтамыз да аталуын сол қалпы өзгертпейміз. Аудармада киімнің қалай, неден жасалатындығын, өлшемін, қай мезгілде киетінін, қандай мән-мағынада екенін білу шарт. Қазіргі кезеңде қазақтың ұлттық киіміне әлем елдері өз қызығушылықтарын білдіруде, сол себепті де қазақтың ата-бабамыздан келе жатқан салт-дәстүріміз бен рухани мәдениетімізді төл ұлттық киімдеріміз арқылы таныту маңызды. Қазақстандық танымал киім дизайнерлері Айда Кауменова, Құралай Нұрқаділова, киіз өнімдері арқылы ұлттық киімдерімізді насихаттап жүрген Ая Бапани, ұлттық киім элементтері мен заманауи стильді астастырған Динара Абдуллина т.б. қазақтың ұлттық киімдеріне жаңаша сипат беруде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Колкер Я.М. Практическая методика обучения иностранного языка. - М.: Академия, 2014, - 264 б.
2. А. Құнанбаев Шығармаларының екі томдық толық жинағы А: Жазушы 1995 – 355 б.
3. Омарқұлова С.А. Дарынды баламен жүргізілетін жұмыстардың әдістері мен түрлерін жетілдіру // Мектептегі технология, 2019. №5, 3-4 б.
4. Тоқтарбаева Р. Дарынды оқушыларды ғылыми жұмысқа баулу // Тәрбие туралы, 2010. №6, 7-9 б.
5. Жақыпов Ж.А. Аударматануды аңдату. Астана, Аударма баспасы, 2020 ж., 350 б.

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

КІРІСПЕ СӨЗ	
Ахметов Б.	4
ШАПАҒАТЫ МОЛ АКАДЕМИК	
Жүсіп Қ.	5
ТАЛАЙДЫ ТАҢДАНДЫРҒАН ТАЛАНТ	
Тілепов Ж.	9
АБАЙТАНУ: ӨЛЕҢ МЕН ӨНЕРДЕГІ РУХ ЖӘНЕ З.ҚАБДОЛОВ	
ТОЛҒАМДАРЫ	
Бисенғали З.	13
АКАДЕМИК З.ҚАБДОЛОВТЫҢ КӨРКЕМ СӨЗІНІҢ	
ЛИНГВОСИНЕРГИЯСЫ	
Манкеева Ж.	24
ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ ҚАРАҚАЛПАҚ ХАЛҚЫНА БЫҚПАЛЫ	
Смамутова Ш.	27
ZEYNOLLA KABDOLOV'UNNĀZIMNĪKMET ÇEVİRİLERİ	
Лютфие Гювенш.	28
ІРІ ҒАЛЫМ ІЗДЕРІ	
Қамарова Н.	32
1-СЕКЦИЯ. ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ ТАҒЫЛЫМЫ	
<hr/>	
ТАБАНЫ ЖАЛПАҚ ТАРЛАНБОЗ	
Негимов С.	37
БІР МАҚАЛАНЫҢ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫ (Ө. Кекілбаевтың «Дүние ғапыл» жыр жинағына алғысөз)	
Әнес Ғ.	39
ҰМЫТЫЛМАС ДӘРИСТЕР	
Жақып Б.	42
ӘҢГІМЕ - ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ	
Аяпова Г.	45
З.ҚАБДОЛОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ	
Көптілеу Д, Тютөбаева Ж.	49
ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ТАЛАНТТЫ ҰСТАЗ	
Смайлова А.	50
ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ ТАҒЫЛЫМЫ	
Нұрхан Д, Махамбетәлиева Р.	52
<u>2-СЕКЦИЯ. ҚАЗІРГІ ӘДЕБИ ПРОЦЕСС, ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ</u> <u>ФОЛЬКЛОРТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ</u>	
<hr/>	
ЖАНАТ ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ	
КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР	
Латипова И.К., Қамарова Н.С.	54
Х.ЕРҒАЛИЕВТИҢ «КҰРМАНҒАЗЫ» ДАСТАНЫНДАҒЫ ҚҰРМАНҒАЗЫ	
БЕЙНЕСІ	
Бисекешова Р., Каримсакова Б.	56
ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА – КӨСЕМСӨЗ ШЕБЕРІ	
Туралы И., Қамарова Н.С.	59
А.БАҚТЫГЕРЕЕВА ӨЛЕҢДЕРІНІҢ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН	
ТАЛДАУ	
Нурова А.Ж., Айтбаева А.Е.	61

АРХЕТИП – КӨРКЕМ БЕЙНЕ БАСТАУЫ	
Кемалова С.М., Қамарова Н.С.	63
СЫР СҮЛЕЙІ С.БЕКШЕНТАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАММЕН ЗАМАН ЖӘНЕ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯ	
Оралова Г.С., Тарғанова Н.А.	67
НАНЫМ-СЕНІМНІҢ ҒҰРЫП ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ ЭВОЛЮЦИЯСЫ	
Нагашыбаева М.Е.	70
АҢЫЗ ӘНГІМЕЛЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ, ҒИБРАТТЫҚ МӘНІ	
Оразбекқызы М., Оралова Г.С.	72
Ф.ОҢҒАРСЫНОВА «САЙРАҒАН ЖЕТІСУДЫҢ БҰЛБҰЛЫМЫН» ПОЭМАСЫНДАҒЫ АҚЫН САРА БЕЙНЕСІ	
Рымбаева А., Каримсақова Б.А.	76
ӨТЕГЕН АҚЫННЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ	
Жаксылықова М.	79
ЗАР ЗАМАН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АҚЫРЗАМАНДЫҚ МОТИВТЕР	
Бүркітбаева А.	82
Х.СҮЙІНШӘЛИЕВТІҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	
Қайрат А.	86
АҚШАГҰЛ РАМАЗАНОВА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АРНАУ ӨЛЕҢДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
Каджанова А., Қамарова Н.С.	88
ӘСЕТ ӘНІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ	
Далубай А., Каримсақова Б.А.	92
Б.МҰҚАЙ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ӨЗІНДІК МАҢЫЗЫ	
Толегова Ж.	96
ҚАДЫР ӘЛЕМІ – МЕЙІРІМДІЛІК ӘЛЕМІ	
Қасен А.Ә., Сәдуақас Н.Ә.	98
ПОЭМА ЖАНРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ СИПАТЫ	
Медетбаева Н., Қамарова Н.С.	101
ЖЫР ДҮЛДҮЛДЕРІНДЕГІ «МЕННІҢ» КӨРІНІСІ	
Мұрат А., Бүркітбаева А.С.	106
Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙ-ТОЛҒАМДАР	
Сауяева В.С., Айтбаева А.Е.	109
ҚАБИБОЛЛА СЫДИЫҚҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ «АҚБӨБЕК-ҚАЙЫП» ТАҒДЫРЫ ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР	
Сәрсенқызы А., Қамарова Н.С.	112
<u>3-СЕКЦИЯ. ӘДЕБИ ТІЛ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ</u>	
<u>«КІТАБИ ТІЛ» ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ТАРИХЫ</u>	
Нұрғали Ж., Нұрдаулетова Б.И.	115
С.ҚОНДЫБАЙДЫҢ R-ПРИНЦИПІ ЖӘНЕ АР ПРАФОРМАСЫ	
Ақбердыева Б.	118
ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ АРЕАЛОГИЯЛЫҚ ЖІКТЕЛІМ КЕЗЕҢДЕРІ (ОҒЫЗ ТІЛ ТОБЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ)	
Маңғыбаева А.К., Нұрдаулетова Б.И.	121
КОНЦЕПТ ТЕРМИНІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫ	
Нурланова А.	123
АУЫЗША СӨЙЛЕУ НОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ӨРІСІ	
Куватбаева Ж., Нұрдаулетова Б.	126

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛЕКСИКА-ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРІНДЕ «МЕКТЕП» КОНЦЕПТІСІНІҢ БЕРІЛУІ	
Аскарова А.	128
АЙТЫС ӨНЕРІНДЕГІ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ	
Орманова З.А., Есетова Н.Б.	132
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДАҒЫ МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС	
Ақбердыева Б.	135
ПУТИ И СПОСОБЫ ОБРАЗОВАНИЯ ТЕРМИНОСИСТЕМЫ В РУССКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ	
Бекдурдыева Ж., Битикова А.	138
ӘСКЕРИ ТЕРМИНДЕРДІҢ ОРЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ	
Темирова Э.	141
ӘДЕБИ ТІЛ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
Мустахимов Д.	145
ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ	
Курбанбаева М., Битикова А.	147
ТҮРКІ ТІЛІ МЕН ЖАЗУЫ ТУРАЛЫ	
Бақтығұл Ж., Спатаева С.	151
СӨЗДЕРДІ БІРГЕ НЕМЕСЕ БӨЛЕК ТҮЛҒАЛАНДЫРУДАҒЫ ҚАЙШЫЛЫҚТАР	
Тугелбаева Д., Нұрдаулетова Б.И.	153
МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫН САЛЫСТЫРУ	
Уристенбекова Г., Джумасаева Ж.	157
<u>4-СЕКЦИЯ. ПӘНДІ ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ</u>	
ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ШЕБЕРЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ	
Мұхиддинова Г.Ә.	162
ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ ЖӘНЕ ОНЫ БАҒАЛАУДЫҢ ӨЛШЕМДЕРІ	
Қирабаева А.	163
ХОРДЫҢ БОЛАШАҚ ДИРИЖЕРІН ДАЙЫНДАУ ПРОЦЕССИНДЕГІ ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР	
Куздыбаева С., Айдарбек Г.	166
ФИЗИКА САБАҒЫНДА САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ	
Мұсатаева Б.И.	168
ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ	
Жарылгасова П., Исембай А.	171
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИСКУРСЫҢ СТРАТЕГИЯЛАРЫ	
Дәуренбек А., Садирова К.	174
СТУДЕНТТЕРДІҢ МУЗЫКАЛЫҚ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	
Жайназарова С	178
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ТИІМДІЛІГІ	
Калмуратов Ж.	181

ШЕТ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМУДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ПАЙДАЛАНУ	
Нигметова А.	185
БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ- ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІ	
Қуанышбекова А., Асанова Д.	187
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ БАЛА ҚАБІЛЕТІН ШЫҢДАУДАҒЫ ЗОР БЫҚПАЛЫ	
Кенжалиева Г.	189
ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА БІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІ	
Бүркітбаева Г.	193
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИСКУРСЫҢ СТРАТЕГИЯЛАРЫ	
Дәуренбек А., Садирова К.	195
БАЙТҰРСЫНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДА БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
Жусупова Г.	199
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ	
Кенже Г., Нұрова Қ.	201
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ПӘНІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	
Кумисбаева М., Мирзаконьров Б.	204
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР – БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ	
Башарова Г.	206
ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСІ	
Кулманова Ж.	209
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ТАЛДАУ ТҮРЛЕРІ	
Асылбекқызы Р.	210
ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ БАҒЫТТАЛҒАН ШЕТ ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АКТ-НЫ ҚОЛДАНУ	
Бердіхожа А.	212
М.ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ ТОЛҒАМДАРЫНЫҢ МӘНІ	
Дастанбаева Ә., Молдабаева К.	216
ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ	
Нұрова Қ.	219
МҰХТАР ӘУЕЗОВТЫҢ «КӨКСЕРЕК» ПОВЕСІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІГІ	
Мендибаева М., Тютөбаева Ж.	222
СОЗДАНИЕ СИТУАЦИИ УСПЕХА НА УРОКЕ РУССКОГО ЯЗЫКА В ШКОЛЕ	
Жаулыбаева А, Битикова А.	225
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ТӘРБИЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ	
Оспанова Г.	228
ПӘНАРАЛЫҚ (БИОЛОГИЯ, ХИМИЯ, ФИЗИКА) БАЙЛАНЫС АРҚЫЛЫ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ	
Ахметова С, Ермекбайқызы З., Ешпанова Р.	231

ЖОБАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ АРҚЫЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІН ЦИФРЛАНДЫРУ	
Темирова С.	234
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ІЗГІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ	
Базарбаева А, Молдабаева К.	236
САБАҚ ҮДЕРІСІНДЕ СЫНИ ТҮРҒЫДАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ	
Ысқақова А.	240
МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАМЕН ӨЗ БЕТІНШЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ	
Нарымбетова Ш.	242
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ КОЛЛЕДЖ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ	
Мансурова М.	245
БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ	
Ділдәбекқызы Д	248
ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН БІРЛЕСЕ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМ ЭТНОНИМДЕРІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРУ	
Демесінова Г.	251